



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ

ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ
ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТАБИҒИ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ



2019 жылыға арналған Қоршаған
ортаның жай-күйі туралы және
Қазақстан Республикасының
табиғи ресурстарын пайдалану
туралы ұлттық баяндама



Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 166-1 бабына сәйкес Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндама Қазақстан Республикасының аумағындағы нақты экологиялық жағдайлар және оны жақсарту бойынша қолданылатын шаралар туралы халықты жыл сайын ақпараттандыру мақсатында жасалады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе		9	
1 Бөлім Атмосфералық ауа		10	
	1.1	Тұрақты көздерден атмосфералық ауаға ластауыш заттардың шығарындылары	11
	1.2	Елді мекендердегі атмосфералық ауаның сапасы	15
	1.3	Озонды бұзатын заттарды тұтыну	28
2 Бөлім Климаттың өзгеруі		31	
	2.1	Ауа температурасы	32
	2.2	Атмосфералық жауын-шашын	38
	2.3	Парниктік газдар шығарындылары	43
	2.4	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар	52
3 Бөлім Су ресурстары		66	
	3.1	Беткі су ресурстары	67
		3.1.1 Беткі сулардың сапасы	68
		3.1.2 Қазақстан Республикасының трансшекаралық өзендері суларының сапалық жағдайы	81
	3.2	Жер асты сулары	87
	3.3	Су ресурстарын қорғау және пайдалану	88
		3.3.1 Тұщы суды алу	88
		3.3.2 Суды тұтыну	91
		3.3.3 Судың жоғалуы	94
		3.3.4 Тұщы суды қайталама пайдалану	94
		3.3.5 Шаруашылық-ауыз суға белгіленген судың сапасы	95
		3.3.6 Гидротехникалық жабдықтар және олардың жағдайы	97
4 Бөлім Биоәртүрлілік		98	
	4.1	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	99
	4.2	Ормандар мен өзге де орманмен көмкерілген жерлер	101
	4.3	Құрып кету қаупі төнген және қорғалатын жануарлар түрлері	102
	4.4	Балық шаруашылығы	108
	4.5	Өсімдіктер дүниесі	109
5 Бөлім Жер ресурстары		112	
	5.1	Жер қорының құрылымы	113
		5.1.1 Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	118
		5.1.2 Орман қорының жерлері	121
		5.1.3 Су қорының жерлері	124
	5.2	Ауыл шаруашылығының алқаптары	127
	5.3	Жердің тозуы	137
	5.4	Жердің ластануы	138
	5.5	Жерлердің бүлінуі және оларды қалпына келтіру	141
6 Бөлім Ауыл шаруашылығы		143	
	6.1	Өсімдік шаруашылығы	144
		6.1.1 Минералды және органикалық тыңайтқыштарды тұтыну	146

	6.1.2	Пестицидтерді енгізу	149
	6.2	Мал шаруашылығы	150
	6.2.1	Ветеринарлық жағдай	151
7 Бөлім	Энергетика		153
8 Бөлім	Көлік		161
9 Бөлім	Қалдықтар		172
10 Бөлім	Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру		188
	10.1	Қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғаудың мемлекеттік басқару құрылымы	189
	10.1.1	Басқа салалық министрліктермен байланыс және олардың қоршаған ортамен байланысты негізгі функциялары	190
	10.1.2	Заңнамалық және реттеуші негіздемелер	190
	10.2	Экологиялық инфрақұрылымның бағыты мен дамуын анықтайтын ҚР негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттары	195
	10.3	Бюджетке түсетін түсімдер және табиғат қорғау іс-шараларына арналған шығындар жөніндегі мәліметтер	198
	10.4	Мемлекеттік экологиялық сараптама және экологиялық рұқсат беру	203
	10.5	Мемлекеттік бақылау	210
	10.6	Мониторинг	220
	10.6.1	Қоршаған орта жай-күйінің мониторингі	221
	10.6.2	Жер асты суларының мониторингі	222
	10.6.3	Радициялық ахуал мониторингі	224
	10.6.4	«Байқоңыр» зымыран-ғарыш кешені қызметінің әсеріне ұшыраған аумақтардың мониторингі	232
	10.6.5	Ғарыштық мониторингі	237
	10.7	Халықаралық ынтымақтастық	242
	10.8	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық білім беру және ғылым зерттеулер	247
	10.9	Жұртшылықтың шешімдер қабылдауға және экологиялық ақпарат беруге қатысуы	253
	10.10	Қазақстанның климат өзгеруі саласындағы мемлекеттік саясаты	261
	10.11	Тұрақты даму мақсаттары	263
11 Бөлім	Аймақтардағы экологиялық жағдай		270
	11.1	Ақмола облысы	271
	11.1.1	Атмосфералық ауа	271
	11.1.2	Су ресурстары	274
	11.1.3	Жер ресурстары	276
	11.1.4	Жер қойнауы	278
	11.1.5	Биоәртүрлілік	279
	11.1.6	Радиациялық жағдай	283
	11.1.7	Қалдықтар	284
	11.1.8	Жаңартылатын энергия көздері	286
	11.1.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	287

	11.2	Ақтөбе облысы	288
		11.2.1 Атмосфералық ауа	288
		11.2.2 Су ресурстары	292
		11.2.3 Жер ресурстары	294
		11.2.4 Жер қойнауы	295
		11.2.5 Биоәртүрлілік	296
		11.2.6 Радиациялық жағдай	297
		11.2.7 Қалдықтар	298
		11.2.8 Жаңартылатын энергия көздері	299
		11.2.9 Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	299
	11.3	Алматы облысы	301
		11.3.1 Атмосфералық ауа	301
		11.3.2 Су ресурстары	304
		11.3.3 Жер ресурстары	306
		11.3.4 Жер қойнауы	308
		11.3.5 Биоәртүрлілік	309
		11.3.6 Радиациялық жағдай	310
		11.3.7 Қалдықтар	312
		11.3.8 Жаңартылатын энергия көздері	314
		11.3.9 Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	314
	11.4	Атырау облысы	316
		11.4.1 Атмосфералық ауа	316
		11.4.2 Су ресурстары	320
		11.4.3 Жер ресурстары	322
		11.4.4 Жер қойнауы	324
		11.4.5 Биоәртүрлілік	325
		11.4.6 Радиациялық жағдай	326
		11.4.7 Қалдықтар	326
		11.4.8 Жаңартылатын энергия көздері	328
		11.4.9 Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	328
	11.5	Батыс Қазақстан облысы	329
		11.5.1 Атмосфералық ауа	329
		11.5.2 Су ресурстары	331
		11.5.3 Жер ресурстары	334
		11.5.4 Жер қойнауы	336
		11.5.5 Биоәртүрлілік	336
		11.5.6 Радиациялық жағдай	337
		11.5.7 Қалдықтар	338
		11.5.8 Жаңартылатын энергия көздері	339
		11.5.9 Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	339
	11.6	Жамбыл облысы	340
		11.6.1 Атмосфералық ауа	340
		11.6.2 Су ресурстары	342
		11.6.3 Жер ресурстары	344

		11.6.4	Жер қойнауы	346
		11.6.5	Биоәртүрлілік	348
		11.6.6	Радиациялық жағдай	349
		11.6.7	Қалдықтар	349
		11.6.8	Жаңартылатын энергия көздері	351
		11.6.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	351
	11.7		Қарағанды облысы	353
		11.7.1	Атмосфералық ауа	353
		11.7.2	Су ресурстары	357
		11.7.3	Жер ресурстары	360
		11.7.4	Жер қойнауы	362
		11.7.5	Биоәртүрлілік	362
		11.7.6	Радиациялық жағдай	365
		11.7.7	Қалдықтар	366
		11.7.8	Жаңартылатын энергия көздері	367
		11.7.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	368
	11.8		Қостанай облысы	370
		11.8.1	Атмосфералық ауа	370
		11.8.2	Су ресурстары	374
		11.8.3	Жер ресурстары	378
		11.8.4	Жер қойнауы	380
		11.8.5	Биоәртүрлілік	381
		11.8.6	Радиациялық жағдай	384
		11.8.7	Қалдықтар	384
		11.8.8	Жаңартылатын энергия көздері	387
		11.8.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	387
	11.9		Қызылорда облысы	389
		11.9.1	Атмосфералық ауа	389
		11.9.2	Су ресурстары	392
		11.9.3	Жер ресурстары	395
		11.9.4	Жер қойнауы	396
		11.9.5	Биоәртүрлілік	398
		11.9.6	Радиациялық жағдай	399
		11.9.7	Қалдықтар	400
		11.9.8	Жаңартылатын энергия көздері	401
		11.9.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	401
	11.10		Маңғыстау облысы	402
		11.10.1	Атмосфералық ауа	402
		11.10.2	Су ресурстары	405
		11.10.3	Жер ресурстары	408
		11.10.4	Жер қойнауы	410
		11.10.5	Биоәртүрлілік	410
		11.10.6	Радиациялық жағдай	412
		11.10.7	Қалдықтар	413

		11.10.8	Жаңартылатын энергия көздері	413
		11.10.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	413
	11.11		Павлодар облысы	414
		11.11.1	Атмосфералық ауа	414
		11.11.2	Су ресурстары	418
		11.11.3	Жер ресурстары	420
		11.11.4	Жер қойнауы	422
		11.11.5	Биоәртүрлілік	423
		11.11.6	Радиациялық жағдай	426
		11.11.7	Қалдықтар	428
		11.11.8	Жаңартылатын энергия көздері	429
		11.11.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	429
	11.12		Солтүстік Қазақстан облысы	431
		11.12.1	Атмосфералық ауа	431
		11.12.2	Су ресурстары	433
		11.12.3	Жер ресурстары	434
		11.12.4	Жер қойнауы	436
		11.12.5	Биоәртүрлілік	437
		11.12.6	Радиациялық жағдай	440
		11.12.7	Қалдықтар	441
		11.12.8	Жаңартылатын энергия көздері	442
		11.12.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	443
	11.13		Түркістан облысы	444
		11.13.1	Атмосфералық ауа	444
		11.13.2	Су ресурстары	446
		11.13.3	Жер ресурстары	448
		11.13.4	Жер қойнауы	451
		11.13.5	Биоәртүрлілік	452
		11.13.6	Радиациялық жағдай	453
		11.13.7	Қалдықтар	456
		11.13.8	Жаңартылатын энергия көздері	456
		11.13.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	457
	11.14		Шығыс Қазақстан облысы	459
		11.14.1	Атмосфералық ауа	459
		11.14.2	Су ресурстары	462
		11.14.3	Жер ресурстары	465
		11.14.4	Жер қойнауы	468
		11.14.5	Биоәртүрлілік	469
		11.14.6	Радиациялық жағдай	471
		11.14.7	Қалдықтар	472
		11.14.8	Жаңартылатын энергия көздері	472
		11.14.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	473
	11.15		Нұр-Сұлтан қаласы	475
		11.15.1	Атмосфералық ауа	475

		11.15.2	Су ресурстары	481
		11.15.3	Жер ресурстары	484
		11.15.4	Жер қойнауы	485
		11.15.5	Биоәртүрлілік	486
		11.15.6	Радиациялық жағдай	489
		11.15.7	Қалдықтар	489
		11.15.8	Жаңартылатын энергия көздері	493
		11.15.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	493
	11.16		Алматы қаласы	494
		11.16.1	Атмосфералық ауа	494
		11.16.2	Су ресурстары	496
		11.16.3	Жер ресурстары	497
		11.16.4	Биоәртүрлілік	498
		11.16.5	Радиациялық жағдай	502
		11.16.6	Қалдықтар	502
		11.16.7	Жаңартылатын энергия көздері	503
		11.16.8	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	503
	11.17		Шымкент қаласы	504
		11.17.1	Атмосфералық ауа	504
		11.17.2	Су ресурстары	508
		11.17.3	Жер ресурстары	509
		11.17.4	Жер қойнауы	510
		11.17.5	Биоәртүрлілік	510
		11.17.6	Радиациялық жағдай	511
		11.17.7	Қалдықтар	511
		11.17.8	Жаңартылатын энергия көздері	512
		11.17.9	Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері	512
12 Бөлім Экологиялық мәселелер				513
Қорытынды				557
Қысқартулар тізімі				559

КІРІСПЕ

2007 жылғы 9 қаңтардағы ҚР Экологиялық кодексінің 166-1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндамасы (Ұлттық баяндама) жыл сайын республика аумағындағы нақты экологиялық жағдай және оны жақсарту бойынша қолданылатын шаралар туралы халықты ақпараттандыру мақсатында әзірленеді.

Ұлттық баяндама негізгі қоғамдық маңызы бар экологиялық мәселелерді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қоса алғанда, аймақтардағы және тұтастай республикадағы экологиялық жағдай, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаға антропогендік әсері туралы кешенді ақпаратты ұсынады.

Ұлттық баяндамада қоршаған ортаның жай-күйі мен елдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің өзара байланысы ұсынылған, ал сапалық және сандық сипаттамалар өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда экожүйелердің жай-күйіне антропогендік факторлардың әсер ету салдарын бағалауға мүмкіндік береді.

Ұлттық баяндамада қамтылған мәліметтер орталық және жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдар ұсынған ресми материалдарға, атап айтқанда: Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисі, ҚР-дағы БҰҰ Даму бағдарламасы, Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ), Қазақстандағы Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамы (GIZ), ҚБСА, сондай-ақ мемлекеттік статистика деректеріне негізделді.

Көрсеткіштерді таңдау БҰҰ ЕЭК және ЭЫДҰ беделді халықаралық ұйымдарының ұсынымдарына сәйкес айқындалған.

Ұлттық баяндамада келтірілген мемлекеттік органдар мен географиялық атаулар 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 қарашадағы №673 қаулысымен бекітілген Ұлттық баяндама Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен (ҚР ЭГТРМ) әзірленді.

Ұлттық баяндамаға материалдарды жинау, жүйелеу және қорыту Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен («ҚОҚ АТО» РМК) орындалды.

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Ұлттық баяндаманы әзірлеуге көмек көрсеткені үшін келесі сарапшыларға алғыс білдіреді: Садвакасов Д.Б., Айдарханов А.О., Бенсман В.А., Беркінбаев Г.Д., Яковлева Н.А., Огарь Н.П., Могилюк С.В.

Ұлттық баяндаманы одан әрі жетілдіру бойынша пікірлер мен ұсыныстарды «ҚОҚ АТО» РМК-ға жолдау керек: Нұр-сұлтан қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 11/1 үй, nd-19@mail.ru

Ұлттық баяндаманың электрондық нұсқасы ҚР ЭГТРМ <http://ecogeo.gov.kz/ru> сайтында орналастырылған.



1-Бөлім

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА



1-БӨЛІМ. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластауыш заттардың шығарындылары атмосфералық ауаның сапасына және қоршаған ортаға қысымға әсер етеді. Ауаның ластануының жоғарылауы адам денсаулығына және экожүйелердің тұрақтылығына теріс әсер етеді.

Атмосфералық ауаға ластауыш заттардың шығарындылары туралы деректерді қалыптастыру бойынша жауапты мемлекеттік орган ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті болып табылады. Ақпарат 2-ТП ауа (жылдық) нысаны бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың қорытындылары бойынша қалыптастырылады.

Көрсеткіш ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының м.а. 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №223 бұйрығымен бекітілген «Қоршаған орта статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесіне» сәйкес қалыптастырылады.

1.1. СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨЗДЕРДЕН АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЛАСТАУЫШ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

Қазақстан халқының едәуір бөлігі зиянды өндірістік факторлардың тікелей әсер ету аймағында өмір сүреді, олардың негізгілері атмосфералық ауаға ластауыш заттардың шығарындылары болып табылады.

2019 жылы тұрақты көздерден атмосфералық ауаға ластауыш заттардың шығарындылары 2483,1 мың тоннаны құрады және олардың деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда 1,5%-ға ұлғайды. 2015 жылдан бастап Қазақстанда шығарындылардың көбеюі байқалады.

Ластауыш заттардың негізгі көлемі Павлодар (721,5 мың тонна), Қарағанды (641,3 мың тонна), Атырау (164,5 мың тонна), Ақтөбе (136,6 мың тонна) және Шығыс Қазақстан (128,8 мың тонна) облыстарының аумақтарында қалыптасты. Бұл осы аймақтардағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың үлкен шоғырлануына байланысты. 1.1-кестеде стационарлық көздерден атмосфераға ластауыш заттардың шығарындылары бойынша деректер берілген.

1.1 - кесте

2014-2019 жылдардағы стационарлық көздерден атмосфераға ластауыш заттардың шығарындылары (мың тонна)

Әкімшілік бірлік	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан Республикасы	2256,7	2180,0	2271,6	2357,8	2446,7	2483,1
Қарағанды облысы	603,6	596,4	593,0	598,7	587,5	641,3
Павлодар облысы	610,2	552,9	542,7	609,8	709,3	721,5
Атырау облысы	109,1	110,7	167,1	177,0	172,3	164,5
Ақтөбе облысы	121,8	134,3	155,6	169,5	158,1	136,6
Шығыс Қазақстан облысы	129,6	127,1	128,7	129,3	130,7	128,8
Қостанай облысы	103,8	91,6	98,7	114,8	124	130,5
Ақмола облысы	84,6	85,6	94,5	86,9	84,5	76,7
Солтүстік Қазақстан облысы	72,0	74,9	77,7	76,4	75,5	74,7
Оңтүстік Қазақстан	59,9	69,0	72,0	-	-	-
Түркістан* облысы	59,9	69,0	72,0	68,2	30,1	33,5
Маңғыстау облысы	-	-	-	62,6	65,5	64,5

Жамбыл облысы	38,2	41,9	52,4	51,9	52,1	55,8
Алматы облысы	51,6	55,0	50,3	43,4	50,2	48,1
Батыс Қазақстан облысы	44,7	42,4	42,5	41,5	48,2	41,2
Қызылорда облысы	30,8	30,1	30,1	27,5	26,0	24,4
Нұр-Сұлтан қ.	65,1	56,3	61,7	59,2	56,4	65,1
Алматы қ.	43,5	39,1	38,8	41,2	43,0	46,1
Шымкент қ.	-	-	-	-	33,4	29,8

* 2017 жылға дейін Түркістан облысындағы шығарындылар жөніндегі деректер Шымкент қаласын ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облысындағы шығарындылар жөніндегі деректерді қамтиды.

2019 жылы республиканың кәсіпорындары мен жеке кәсіпкерлері барлық стационарлық ластану көздерінен шығатын ластауыш заттардың жалпы санының 93,2%-ын ұстады және залалсыздандырды.

Атмосфералық ауаға шығарылған ластауыш заттардың жалпы көлемінің 79,6%-ын газ тәрізді және сұйық заттар, 20,4%-ын қатты заттар құрады.

Қазақстан Республикасының атмосфералық ауасын ластайтын негізгі заттар қатты заттар (шаң мен күл), күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, ҰОҚ, аммиак, күкірт сутегі болып табылады.

1.2-кесте

2013-2019 жылдардағы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға ластауыш заттардың шығарындылары

Атауы	Өлшем Бірлік	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Қатты заттар	мың тонна	551,2	494,2	466,0	460,6	475,7	508,0	507,7
Газтәріздес және сұйық заттар	мың тонна	1731,5	1762,5	1714,0	1811,0	1882,1	1938,7	1975,4
Күкірт диоксиды	мың тонна	729,2	729,1	710,6	767,5	786,4	838,3	885,7
Көміртегі тотығы	мың тонна	457,9	478,8	451,2	473,0	491,9	476,9	487,9
Азот тотықтары	мың тонна	250,2	256,5	243,4	246,6	264,7	272,2	313,9
Құрамында 35-40 кальций тотығы бар көмір күлі%	мың тонна	18,6	14,4	8,6	8,6	14,2	13,47	9,02
Күйе	мың тонна	8,6	8,9	7,3	8,0	8,7	7,6	6,9
ҰОҚ	мың тонна	92,0	114,4	105,1	100,4	87,2	91,7	158,7
Аммиак	мың тонна	2,0	2,2	2,3	2,5	2,6	2,5	2,5
Көмірсутектер (ҰОҚ-сыз)	мың тонна	96,1	62,0	66,1	63,0	45,2	35,3	128,5
Толуол	тонна	1 761,4	2 075,9	2 174,1	1 941,7	2 354,9	2 339,6	2 178,5

Қорғасын	тонна	572,4	699,4	636,3	224,5	254,8	241,5	390,0
Мыс	тонна	165,9	162,6	254,5	217,7	-		366,2
Мыс оксиді	тонна	-	-	-	-	32,9	32,3	-
Нафталин	тонна	51,6	54,9	54,5	56,2	58,7	61,2	61,0
Бенз(а)пирен	тонна	35,2	23,2	49,6	22,8	24,7	27,9	57,8
Мышьяк	тонна	121,8	87,7	40,5	13,4	7,9	41,6	13,8
Кадмий	тонна	1,3	1,2	1,2	1,3	6,5	0,9	0,8
Дихлорэтан	тонна	0,047	0,100	1,2	1,2	1,125	1,1	3,3
Сынап	тонна	0,2	0,2	0,2	0,5	0,3	0,18	0,19

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

2019 жылы республиканың әуе бассейніне қорғасын және оның қосылыстары 390 тонна, марганец және оның қосылыстары 200,6 тонна, мыс оксиді – 366,2 тонна, күкірт қышқылы – 430,4 тонна, мышьяк – 13,8 тонна, хлор – 49,6 тонна, сынап – 186 килограмм сияқты ерекше ластауыш заттар келіп түсті. Осы заттардың нақты шығарындылары белгіленген шекті жол берілетін шығарындылар (ШЖШ) көлемінен аспады. 1.2-кестеде стационарлық көздерден атмосфералық ауаға ластауыш заттар шығарындыларының саны бойынша деректер берілген.

1.3, 1.4 және 1.5-кестелерде аудан бірлігіне және ЖІӨ-ге халықтың жан басына шаққандағы ластауыш заттардың шығарындылары бойынша деректер ұсынылған.

1.3-кесте

2013-2019 жылдардағы негізгі ластауыш заттардың жан басына шаққандағы шығарындылары

Атауы	Бірлік	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Мемлекет халқы (орташа жылдық саны)	млн адам	17,0	17,3	17,5	17,8	18,0	18,3	18,5
Қатты заттар	кг / адам	32,4	28,6	26,6	25,9	26,4	27,8	27,4
Газтәріздес және сұйық заттар	кг / адам	101,6	101,9	97,7	101,8	104,3	106,1	106,7
Күкірт диоксиды	кг / адам	42,6	42,2	40,5	43,1	43,6	45,9	47,8
Көміртегі тотығы	кг / адам	26,8	27,7	25,7	26,6	27,3	26,1	26,4
Азот тотықтары	кг / адам	14,6	14,8	13,9	13,9	14,7	14,9	17,0
ҰОҚ	кг / адам	5,4	6,6	6,0	5,6	4,8	5,0	8,6
Көмірсутектер (ҰОҚ-сыз)	кг / адам	5,6	3,6	3,8	3,5	2,5	1,9	6,9
Аммиак	кг / адам	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

2013-2019 жылдардағы аудан бірлігіне негізгі ластауыш заттардың шығарындылары

Атауы	Бірлік	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Ел ауданы	1 000 км ²	2 724,9	2 724,9	2 724,9	2 724,9	2 724,9	2 724,9	2 724,9
Қатты заттар	т/км ²	0,202	0,181	0,171	0,169	0,175	0,186	0,186
Газтәріздес және сұйық заттар	т/км ²	0,6	0,6	0,6	0,7	0,7	0,7	0,7
Күкірт диоксиды	т/км ²	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
Көміртегі тотығы	т/км ²	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2
Азот тотықтары	т/км ²	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
ҰОҚ	т/км ²	0,03	0,04	0,04	0,04	0,03	0,03	0,06
Көмірсутектер (ҰОҚ-сыз)	т/км ²	0,035	0,023	0,024	0,023	0,017	0,013	0,047
Аммиак	т/км ²	0,001	0,001	0,001	0,001	0,001	0,001	0,001

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

2013-2019 жылдардағы ЖІӨ бірлігіне негізгі ластауыш заттардың шығарындылары

Атауы	Бірлік	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
2017 жылғы тұрақты бағадағы ЖІӨ (СМП)	млрд халықар. доллар	404,1	421,1	426,1	430,8	448,5	466,9	487,9
Қатты заттар	кг/1 000 доллар	1,364	1,174	1,094	1,069	1,061	1,088	1,041
Газтәріздес және сұйық заттар	кг/1 000 долларов	4,3	4,2	4,0	4,2	4,2	4,2	4,0
Күкірт диоксиды	кг/1 000 доллар	1,8	1,7	1,7	1,8	1,8	1,8	1,8
Көміртегі тотығы	кг/1 000 доллар	1,1	1,1	1,1	1,1	1,1	1,0	1,0
Азот тотықтары	кг/1 000 доллар	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6
ҰОҚ	кг/1 000 доллар	0,23	0,27	0,25	0,23	0,19	0,20	0,33
Көмірсутектер (ҰОҚ-сыз)	кг/1 000 доллар	0,238	0,147	0,155	0,146	0,101	0,076	0,263
Аммиак	кг/1 000 доллар	0,005	0,005	0,005	0,006	0,006	0,005	0,005
2017 жылғы тұрақты бағадағы ЖІӨ (СМП)	млрд халықар. доллар	404,1	421,1	426,1	430,8	448,5	466,9	487,9

Көзі: ҚР Статистика комитеті.


1.2. ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕГІ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫ

Елді мекендердегі атмосфералық ауа сапасының мемлекеттік мониторингін Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» РМК және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті (санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық жөніндегі уәкілетті орган) жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің деректері бойынша 2019 жылы атмосфералық ауаға ұйымдастырылған шығарындылары бар 1651 объект қызметтің бақылауында болған. 2019 жылы нормативтік көлемдегі санитарлық-қорғаныс аймақтарының (СҚА) болу пайызы - 1581 немесе 95,8% (2018 ж. - 2109 немесе 94,2%) ұлғайды (1.1-сурет).

1.1 - сурет

Атмосфералық ауаға ұйымдастырылған шығарындылары бар объектілерде санитарлық-қорғаныс аймағының болуы




Көзі: ҚР ДМ Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті.

Ұлттық сараптама орталығы зертханасының деректері бойынша 2019 жылы елді мекендердің атмосфералық ауасының көрсеткіштері нашарлаған. Егер 2018 жылы зерттелген атмосфералық ауа сынамаларының 2,8%-ы гигиеналық нормативтерге сәйкес келмесе, 2019 жылы - 3,3% (зерттелген 352049 сынаманың 11598-і ШЖК-дан жоғары).

Зерттелген сынамаларда ластауыш заттардың ШЖК орташа республикалық көрсеткіштен жоғары болу көрсеткіші Қарағанды облысында (5%) және Алматы (25,6%), Нұр-Сұлтан (4,9%) қалаларында байқалды.

Қазақстан Республикасы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау республиканың 45 елді мекенінің 140 бақылау бекетінде жүргізілді, оның ішінде 56 стационарлық бекетте: Ақтау (2), Ақтөбе (3), Алматы (5), Нұр-Сұлтан (4), Атырау (2), Балқаш (3), Жезқазған (2), Қарағанды (4), Көкшетау (1), Қостанай (2), Қызылорда (1), Риддер (2), Павлодар (2), Петропавл (2), Семей (2), Талдықорған (1), Тараз (4), Теміртау (3), Өскемен (5), Шымкент (4), Екібастұз (1), Глубокое кенті (1) және 84 автоматты бақылау бекетінде: Нұр-Сұлтан (6), ЩБКА (Щучье-Бурабай курорт аймағы) (2), «Бурабай» КФМС («Бурабай» табиғи ортаның кешенді фондық мониторингі станциясы») (2), Көкшетау (1), Атбасар (1), Степногор (1), Алматы (11), Талдықорған (1), Ақтөбе (3), Атырау (3), Құлсары (1), Өскемен (2), Риддер (1), Семей (2), Глубокое кенті (1), Алтай (1), Тараз (1), Жаңатас (1), Қаратау (1), Шу (1), Қордай (1), Орал (3), Ақсай (2), Январцево кенті (1), Қарағанды (3), Балқаш (1), Жезқазған (1),

1.2 - сурет
Қазақстан Республикасының аумағында атмосфералық ауаның жай-күгін бақылау пункттерінің орналасу схемасы



Көзі: «Қазгидромет» РМҚ-ның 2019 жылғы бюллетені.

Теміртау (1), Саран (1), Қостанай (2), Рудный (2), Қарабалық кенті (1), Қызылорда (2), Ақай кенті (1), Төретам кенті (1), Ақтау (2), Жаңаөзен (2), Бейнеу кенті (1), Павлодар (5), Ақсу (1), Екібастұз (1), Петропавл (2), Шымкент (2), Кентау (1), Түркістан (1).

Стационарлық бекеттерде және жылжымалы зертханалардың көмегімен атмосфералық ауаның ластану жай-күйін бақылау бойынша 1.3-суретте көрсетілген көрсеткіштерде анықталады.

1.3 – сурет

«Қазгидромет» РМК стационарлық бекеттерінде және жылжымалы зертханалардың көмегімен анықталатын көрсеткіштер

қалқыма заттар (шаң)	PM-2,5 қалқыма заттар	PM-10 қалқыма заттар	күкірт диоксиді	ерітін сульфаттар	көміртегі диоксиді
көміртек оксиді	азот диоксиді	азот оксиді	озон (жер беті)	күкіртсутегі	фенол
фторлы сутегі	хлор	сутегі хлориді	көмірсутектер	аммиак	күкірт қышқылы
формальдегид	метан	көмірсутектер жиынтығы	мышық қосылысы n/o	кадмий	қорғасын
хром	мыс	бензол	этилбензол	бенз(а)пирен	бериллий
марганец	кобальт	мырыш	никель	гамма-фон	сынап

Көзі: «Қазгидромет» РМК 2019 жылғы бюллетені.

Ауаның ластану жағдайы стационарлық бақылау бекеттерінде іріктелген ауа сынамаларын талдау және өңдеу нәтижелері бойынша бағаланды.

РД 52.04.667-2005 «Мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыру үшін қалалардағы атмосфераның ластану жағдайы туралы құжаттар» стандартына сәйкес индекс және ең көп қайталану көрсеткіштері бойынша ҚР аумағында атмосфералық ауаның ластану жай-күйіне бағалау жүргізілді.

Атмосфералық ауаның ластану көрсеткіштері

Атмосфералық ауаның қоспалармен ластану дәрежесі олардың концентрациясын ШЖК-мен ($\text{мг}/\text{м}^3$, $\text{мкг}/\text{м}^3$) салыстыру арқылы бағаланады.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейін бағалау үшін бір айда ауа сапасының үш көрсеткіші пайдаланылады:

- стандартты индекс (СИ) - қалада ең көп өлшенген кез келген ластауыш заттың ШЖК-ға бөлінген ең жоғары бір реттік шоғырлануы;
- ең көп қайталанғыштық (ЕКК), %, ШЖК арту-қала ауасындағы кез келген ластауыш заттың ШЖК артуының ең көп қайталанғыштығы;
- атмосфераның ластану индексі (АЛИ) – атмосфераның ластану көрсеткіші, оны есептеу үшін ШЖК-ға бөлінген және күкірт диоксидінің зияндылығына келтірілген әртүрлі ластауыш заттар концентрациясының орташа мәндері пайдаланылады.

«Қазгидромет» РМК АЛИ РД 52.04.667-2005 сәйкес есептеледі. Оны есептеу үшін ШЖК-ға бөлінген және күкірт диоксидінің зияндылығына келтірілген әртүрлі ластауыш заттар концентрациясының орташа мәндері пайдаланылады.

Ластауыш заттардың n ескерілетін кешенді АЛИ (I (n)) мынадай формула бойынша есепте-

леді:

$$I(n) = \sum_{i=1}^n I_i = \sum_{i=1}^n q_{\text{сп}i} / \text{ПДК}_{\text{с.с.}} C_i^{C_i}$$

Бұл жерде: $q_{\text{сп}i}$ - i -ші ластану заттың орташа жылдық концентрациясы, $\text{ПДК}_{\text{с.с.}}$ - i оның орташа тәуліктік шекті жол берілетін концентрациясы, C_i - күкірт диоксидінің зияндылық деңгейіне i ластану затының зияндылық деңгейіне алып келетін C_i өлшемсіз коэффициент.

C_i мәні ластану зат қауіптілігінің 1, 2, 3 және 4-кластары үшін тиісінше 1,5; 1,3; 1,0 және 0,85-ке тең.

$I(n)$ мәндерін әртүрлі қалалар үшін немесе бір қаладағы әртүрлі уақыт аралықтарында салыстыру үшін оларды бірдей мөлшерде (m) ластану заттар үшін есептеу керек. Ол үшін АЛИ - $I(m)$ есептеуге ерекше тәсіл көзделеді. Жеке қоспалар үшін I_i ішінара мәндерге сәйкес алдымен вариациялық қатар жасалады, онда $I_1 > I_2 > \dots > I_n$.

Бұдан әрі ластану заттардың берілген және бірдей мөлшері үшін $I(m)$ есептеледі. Атмосфераның ластануын бақылау деректерін талдаудан қала атмосферасында ластанудың жоғары деңгейін құруға негізгі үлес қосатын 4-5 қоспалар бар, сондықтан m 5-ке тең деп қабылданады.

Жылына кейбір қоспалар (күкіртсутегі және т.б.) өте жоғары СИ және ЕКҚ болуы мүмкін. Бірақ олар үшін АЛИ анықталмайды, өйткені $\text{ПДК}_{\text{с.с.}}$ жоқ. Мұндай ластану заттар қала атмосферасында үлкен концентрацияда болған кезде СИ және ЕКҚ көрсеткіштері пайдаланылады.

Атмосфераның ластану дәрежесі СИ, ЕКҚ және АЛИ көрсеткіштерінің үш стандартты градациясымен сипатталады. Егер АЛИ СИ және ЕКҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану дәрежесі АЛИ бойынша бағаланады. Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін үш көрсеткіш бойынша бағалау 1.6-кестеде көрсетілген.

1.6-кесте

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Дәреже		Атмосфераның ластану көрсеткіштері	Жыл бойына баға
градация	ластанған атмосфералар		
I	Төмен	СИ ЕКҚ, % АЛИ	0-1 0 0-4
II	Жоғарылаған	СИ ЕКҚ, % АЛИ	2-4 1-19 5-6
III	Жоғары	СИ ЕКҚ, % АЛИ	5-10 20-49 7-13
IV	Өте жоғары	СИ ЕКҚ, % АЛИ	> 10 > 50 ≥ 14

Көзі: «Қазгидромет» РМК 2019 жылғы ақпараттық бюллетені.

АЛИ_5 ластану заттардың орташа жылдық концентрациясының мәндері бойынша есептеледі, АЛИ_5 бағалауында барлық анықталғандардың тек 5 ластанушы есепке алынады, қалған ластану заттар да атмосфералық ауаның ластануына үлес қосатынына қарамастан: АЛИ_5 есептеуіне күкірт сутегі сияқты қауіпті ластану заттар қатыспайды (себебі 2015 жылғы 28 ақпандағы «Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауаға гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» №168 СанҚЖН-де күкірт сутегі үшін $\text{ПДК}_{\text{с.с.}}$ белгіленбеген), РМ-

2,5 және РМ-10 қалқыма заттары (2015 жылғы 28 ақпандағы №168 СанҚжН осы көрсеткіштер үшін қауіптілік класы анықталмаған).

Атмосфералық ауаның ластануын жалпы бағалау

«Қазгидромет» РМК-ның 2019 жылғы бақылау деректері бойынша ластанудың жоғары деңгейіне (АЛИ – 7-13): Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған, Алматы, Шымкент қалалары жатады.

Ластанудың жоғары деңгейіне (АЛИ – 5-6): Атбасар, Ақтау, Құлсары, Семей, Тараз, Қаратау, Шу, Түркістан, Кентау қалалары және Қордай кенті жатады.

Ластанудың төмен деңгейіне (АЛИ – 0-4): Көкшетау, Степногор, Талдықорған, Қостанай, Рудный, Жаңаөзен, Петропавл, Жанатас, Орал, Ақсай, Қызылорда, Екібастұз, Алтай, Ақсу, Павлодар, Саран, Риддер қалалары сипатталады. Глубокое, «Бурабай» КФМС, Щучье-Бурабай курорттық аймағы, Ақай, Төретам, Қарабалық, Бейнеу, Январцево (1.4-сурет, 1.7-кесте).

1.7-кесте

Атмосфераның ластану деңгейі және ҚР елді мекендерінің АЛИ мәні

№	Ластану деңгейі	Елді мекен	АЛИ мәні
1	Жоғары	Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған, Алматы, Шымкент қалалары	7,0-13,0
2	Жоғарылаған	Атбасар, Ақтау, Құлсары, Семей, Тараз, Қаратау, Шу, Түркістан, Кентау қалалары және Қордай кенті	5,0-6,0
3	Төмен	Көкшетау, Степногор, Талдықорған, Қостанай, Рудный, Жаңаөзен, Петропавл, Жанатас, Орал, Ақсай, Қызылорда, Екібастұз, Алтай, Ақсу, Павлодар, Саран, Риддер қалалары. Глубокое, «Бурабай» КФМС, Щучье-Бурабай курорттық аймағы, Ақай, Төретам, Қарабалық, Бейнеу, Январцево.	0,0-4,0

Көзі: «Қазгидромет» РМК.


Елді мекендердегі атмосфералық ауаның азот диоксиді, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, формальдегид, күкірт сутегі, қалқыма заттар, фенол, аммиак сияқты ластауыштармен ластануының жоғары деңгейі:

1) автожолдардың қалалық көлікпен толығына, бензинді және дизель отынының көпқұрамды шығарылуына;

2) өнеркәсіптік кәсіпорындардан эмиссиялардың шашырауы, өнеркәсіп өнімдерін жағу кезіндегі өндірістік үдерістердің нәтижесі ауаның ластануының жоғары деңгейіне себепші болатын зиянды заттардың барлық тізбесі болып табылады;

3) елді мекендердің атмосфералық кеңістігінің төмен желдетумен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы елді мекендерінің ластану деңгейі
(2018-2019 жылдардағы АЛИ)



«Қазгидромет» РМК деректері бойынша 2019 жылы атмосфералық ауаның жоғары ластануының (ЖЛ) 897 және экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) 60 жағдайы тіркелді (1.8 - кесте, 1.5-сурет, 1.6-сурет).

2017-2019 жылдары Қазақстан қалаларында ЖЛ және ЭЖЛ жағдайларының саны

Қала	2017		2018		2019	
	ЖЛ	ЭЖЛ	ЖЛ	ЭЖЛ	ЖЛ	ЭЖЛ
Ақтау	-	-	5	-	9	-
Ақтөбе	141	3	7	-	7	-
Нұр-Сұлтан	-	-	2	-	4	-
Атырау	357	75	1102	177	758	60
Балқаш	13	1	8	-	-	-
Жезқазған	-	-	7	-	-	-


Қарағанды	45	-	113	-	56	-
Теміртау	3	-	2	-	61	-
Өскемен	419	18	1530	64	2	-
Жетіқара	1	-	-	-	-	-
Петропавл	11	-	-	-	-	-

Жоғары ластану (ЖЛ) - максималды бір реттік шекті жол берілетін концентрациядан 10 және одан да көп есе асатын бір немесе бірнеше заттардың болуы.

Экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) - осы деңгейді 2 тәуліктен артық сақтаған кезде максималды бір реттік шекті жол берілетін концентрациядан 20-29 есе; осы деңгейді 8 сағат және одан артық сақтаған кезде 30-49 есе; біржолғы анықтаған кезде 50 және одан көп есе асатын бір немесе бірнеше заттардың болуы.

1.5-сурет


2017-2019 жылдардағы Қазақстан қалаларында ЖЛ жағдайларының саны



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

1.6-сурет

2017-2019 жылдардағы Қазақстан қалаларында ЭЖЛ жағдайларының саны



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2017-2018 жылдары ЖЛ және ЭЖЛ жағдайларының ең көп саны Атырау және Өскемен қалаларында тіркелді. Бұл ретте 2019 жылы Өскемен қаласында олардың саны ең төменгі деңгейге дейін төмендеді (ЖЛ 2 жағдайы), ал Атырау қаласында ЖЛ және ЭЖЛ саны да төмендеді, алайда Қазақстан бойынша 2019 жылғы ең жоғары көрсеткіштер болып табылады.

2017 жылғы 15 қыркүйектегі №65 н/қ бірлескен бұйрығына сәйкес (бұрын 21.02.2012 ж. №47-ө) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті мен Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазгидромет» РМК арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы», «Қазгидромет» РМК тиісті шаралар қабылдау үшін Экологиялық реттеу комитетіне және оның аумақтық бөлімшелеріне қоршаған ортаның ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары туралы жедел деректерді ұсынады (1.9-кесте).

Елді мекендердегі атмосфералық ауаның сапасы туралы біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

Атмосфералық ауаның жоғары ластану және экстремалды жоғары ластануы

№	Қала атауы	Қоспа	ЖЛ жатқайтарының саны	ЭЖЛ жатқайтарының саны	ШЖК арту еселігі	Ластанудың ықтимал көздері және шешу жолдары
1.	Ақтөбе	Күкіртсутегі Күкірт диоксиді	6 1	-	12,3 - 20,8 10,0	<p>Ақтөбе облысы</p> <p>Автоматты бекеттердің деректері бойынша Ақтөбе облысында күкірт сутегі бойынша ЖЛ 6 жағдайы және күкірт диоксиді бойынша ЖЛ 1 жағдайы тіркелген.</p> <p>Ақтөбе облысының экология департаменті деректері бойынша, қалалық кәріз жүйесі, кәріздік сорғы станциялары (КСС); Кирпичный кентінің төгу станциясы; кәріздік сөндіргіш құдықтар; кәріздік тазарту құрылыстары (КТҚ); «Ақбұлақ» АҚ тұнба аландары күкіртсутегіні және жағымсыз иістерді бөлудің негізгі көзі болып табылады.</p> <p>Ағынды суларды тазарту кезінде пайда болатын ашытылған (тұнба) тұнба арнайы жабдықталған тұнба алаңында уақытша жиналады. Қаргалардың жалпы саны – 56, оның ішінде 38 толтырылған, лай қалдықтарының жинақталған көлемі-85 мың м³. Аталған факті бойынша Департамент «Ақбұлақ» АҚ өкілдерімен бірлесіп учаскені (қаланың солтүстік-батыс бөлігі) тексеруді ұйымдастырды.</p> <p>Экология департаменті «Ақбұлақ» АҚ мен қала әкімдігі жасаған ауа сапасына кері әсерін тигізбеу жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылайды.</p> <p>2017 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде ластану көздерін оқшаулау бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізілді, олардың негізгілері: 3 төгу станцияларын салу және пайдалануға беру; КТҚ «Сулы тосқауыл» жабдығы сатып алынды және орнатылды; ИВКАЗ препаратын су бұру жүйесінде қолдану болып табылады.</p>

2.	Атырау	Күкіртсутегі Күкірт диоксиді	758 –	57 3	0,088-132,125 130,0-178,0	<p>Атырау облысы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің деректері бойынша Атырау қаласының атмосфералық ауасының күкіртсутегімен жоғары және экстремалды жоғары ластануының негізгі себебі кәріз-тазарту құрылыстары жоқ және ағынды сулар «Гухлая балка» булану аландарына тиісті тазартусыз ағызылатын сол жағалау бөлігіндегі «Гухлая балка» булану алқаптары болып табылады. Оған қала өндірістерінен және Атырау мұнай өңдеу зауытынан өнеркәсіптік ағындар жіберіледі, жинақтауыштағы ағындар буланған кезде қаланың ауа бассейні ластанады. «Гухлая балка» булану өрістеріне арналған санитарлық-қорғау аймағы орнатылмаған.</p> <p>«NCOS B.V.» компаниясы орнатқан «Булау» және «Вест ойл» автоматты ауа мониторингі станциялары күн сайын нақты белгіленген уақыт режимінде күкіртсутегінің жоғары мәндерін жазып отырады.</p> <p>Атырау қ. ЖЛ және ЭЖЛ проблемаларын шешу үшін Атырау облысы Құрылыс басқармасының тапсырысы бойынша Атырау қаласының сол жағалау бөлігінде «Павлодар өзен порты» АҚ мердігерлік ұйымы биологиялық тазартумен кәріздік тазарту құрылыстарын салу бойынша жұмыстар жүргізуде. Құрылыстың аяқталу мерзімі-2019 жыл. Бұдан басқа, «Құрылысэкспертпроект» ЖШС Атырау қаласының оң жағалау бөлігі үшін кәріздік тазарту құрылыстарын қайта жаңарту жобасы бойынша жұмыстарды аяқтауда.</p> <p>Атырау облысы әкімдігінің деректері бойынша 2018 жылы қоршаған ортаның сапасын біртіндеп жақсарту үшін 013 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша мамандандырылған экологиялық зертхана сатып алынды.</p>
3.	Қарағанды	PM-2,5 қалқыма заттар PM-10 қалқыма заттар	55 1	- -	10,07 – 19,77 10,089	<p>Қарағанды облысы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің деректері бойынша, Қарағанды қаласында тіркелген қалқыма заттардың 56</p>

4.	Теміртау	Азот диоксиді Күкірт диоксиді Күкіртсутегі PM-2,5 қалқыма зағтар	53 1 6 1	- - - -		<p>10,035-11,11 10,0 10,125-13,775 16,8</p> <p>жағдайдың себебі жақын орналасқан төмен көздер (пешпен жылытылатын жеке сектор) болып табылады.</p> <p>2017-2018 жылдардағыдай ағымдағы жылы PM 2,5 бойынша ЖЛ жағдайлары тек жылыту маусымының басталуымен, яғни пештерді жашпай жағу кезінде тіркеледі және оның аяқталуымен тоқтатылады, бұл желдің төмен жылдамдығы кезінде PM 2,5 қоспасының жоғары ластануының себебі болып табылады. Бұдан басқа, ЖЛ жағдайлары тек түнгі және таңертеңгі уақытта тіркеледі.</p> <p>Теміртау қаласында 61 ЖЛ жағдайы тіркелді. Аталған факті бойынша Экология департаментімен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Теміртау электр-металлургия комбинаты» АҚ, «Bassel Group LLS» ЖШС қатысты 4 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижелері бойынша күкірт диоксиді, азот диоксиді және күкірт сутегі бойынша асып кету анықталған жоқ, бұзушылықтар анықталған жоқ.</p>
5.	Ақтау	PM10 қалқыма зағтар	9	-		<p>Маңғыстау облысы</p> <p>«Қазгидромет» РМК апараты бойынша, Ақтау қаласында қалқыма зағтар бойынша ЖЛ 9 жағдайы тіркелген. 112 нөмірі бойынша тұрғындардың ұялы телефондарына қатты желдің болатындығы туралы хабарлама жіберілді.</p> <p>«Қазгидромет» РМК Маңғыстау облысы филиалының деректері бойынша зағтардың шекті жол берлетін концентрациясының артуы түнгі сағат 02:40 – 3:00-де болды. Деректер қаланың 31 шағын ауданында орналасқан автоматты станциядан келіп түсті.</p> <p>Дискретті тәсілмен қолмен сынама алу бойынша 2 автоматты бекеттен және 2 бекеттен алынған деректер:</p> <p>Ақтау қаласы бойынша шаңның артуы тек 1 автоматты бекетте тіркелген, себебі бекет қаланың жаңа құрылыс ауданында орналасқан және іріктеу күні желдің жылдамдығы 15-20 м/с құрады.</p> <p>Зертханалық-аналитикалық бақылау бөлімінің мамандарымен Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаға талдау жүргізілді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша атмосфералық ауадағы зиянды зағтар шекті рұқсат етілген концентрациядан аспайтыны анықталды. 2019 жылы жағдай тұрақты, барлық оқиғалар Департаменттің бақылауында.</p> <p>2018 жылғы 26 сәуірдегі Маңғыстау облысы әкімінің төрағалығымен</p>

					<p>өткен Үйлестіру кеңесінде Экология департаменті Ақтау қаласының бас жоспарында шаңнан қорғау мақсатында қаланың айналасында жасыл белдеу құруды ескеруді ұсынды.</p> <p>Облыста атмосфералық ауа сапасының жай-күйін жақсарту үшін елді мекендердегі жасыл алқаптар алаңын ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Облыс аумағында жалпы ауданы 45 га болатын 18 саябақ бар, 2019 жылы 31613 ағаш, 4340 бұта, 1965 м² гүлзарлар отырғызылды.</p>	
6.	Нұр-Сұлтан	Фторлы сутегі	4	-	10,4 – 19,7	<p>Нұр-Сұлтан қаласында Экология департаментінің зертханалық-аналитикалық бақылау бөлімінің қызметкерлері Көктал шағын ауданына және «Шапағат» базары ауданына барды. Көрсетілген нүктелерде атмосфералық ауада көміртегі оксиді (CO), күкірт диоксиді (SO₂) және азот оксиді (NO) бойынша ластауыш заттар анықталған жоқ.</p> <p>Алайда Ш.Уәлиханов пен Бөгенбай батыр көшелерінің қиылысында және Н.Тілендиев пен Ұлытау көшелерінің қиылысында құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сутегі фторидінің жоғары ластануының ықтимал себебі электр доғалы дәнекерлеу және құрамында фторлы қосылыстар бар электродтармен болатын балқыту процестері болып табылады.</p>
7.	Өскемен	Күкіртсутегі	2	-	11,7 – 23,1	<p>Шығыс Қазақстан облысы «Қазгидромет» РМҚ ЖЛ 2 жағдайы тіркелді. Департамент атмосфералық ауада «ГАНК-4» меншікті газ анализаторымен күкірт сутегіне қосымша өлшеулер жүргізді.</p> <p>Күкіртсутегінің жоғары концентрациясы негізінен қоныстану аймағында, көп қабатты тұрғын үйге жақын жерде және балалар әлеуметтік медициналық мекемесінің аумағында, шығарындылар көздерінен едәуір қашықтықта белгіленеді. Қалған 6 станцияда, оның ішінде ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтарында, күкірт сутегі мүлдем тіркелмейді.</p> <p>ЗАББ мамандары ЖЛ фактілері бойынша ірі кәсіпорындардың СҚА шекарасында атмосфералық ауаның мониторингін жүзеге асырады: 2017 жылы – 29 тексеру, 2018 жылы – 68 тексеру, 2019 жылы – 30 тексеру. «Қазгидромет» РМҚ филиалының деректерін талдау қаланың</p>

								атмосфералық ауасындағы қоспалардың негізгі жинақталуы қолайсыз метеожағдайлар кезеңінде және жылдың суық мезгілінде болатындығын көрсетеді. Қазіргі уақытта атмосфералық ауаны ластау көздерін (ШЖК _{о.т.} , ШЖК _{м.р.} , ЖЛ және ЭЖЛ көрсеткіштері бойынша) ластанудың нақты көзін анықтау және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шараларды қолдану үшін желдің бағытын ескере отырып, АЛИ және ЛББ салынған картаны құру арқылы анықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.
897 ЖЛ және 60 ЭЖЛ								
Барлығы 7 елді мекен								

1.3. ОЗОНДЫ БҰЗАТЫН ЗАТТАРДЫ ТҰТЫНУ

Озон қабатын қатты бұзатын қосылыстарға хлорфторкөміртекттер (ХФК), көміртект тетрахлориді, метилхлороформалар, галондар, гидрохлорфторкөміртекттер (ГФК), гидробромфторкөміртекттер (ГБФК) және метилбромид жатады. Олар еріткіштер, хладагенттер, көбіктенетін және майсыздандыратын заттар, аэрозольдердегі ығыстырғыштар, өрт сөндіргіштер (галондар) және ауылшаруашылық пестицидтерінің (метилбромид) бөлігі ретінде қолданылады.

Озонды бұзатын заттарды тұтынуды реттеу лимиттерді (квоталарды) белгілеуді қоса алғанда, олардың импортынан бастап және ОБЗ-ны пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында ОБЗ бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсаттармен аяқталатын ҚР қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Қазақстан Республикасында озонды бұзатын заттар саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу Экологиялық кодекспен жүзеге асырылады.

ҚР Экологиялық кодексінің 313-бабына сәйкес озонды бұзатын заттарды тұтынуды мемлекеттік реттеу мақсатында озонды бұзатын заттарды шығарудың және тұтынудың жол берілетін шекті лимиттері (квоталары) белгіленеді.

Озонды бұзатын заттарды тұтыну лимиттерін (квоталарын) Қазақстан Республикасының Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі халықаралық шарттарына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

ҚР Энергетика министрінің 2016 жылғы 4 ақпандағы «2016 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде озонды бұзатын заттарды тұтыну лимиттерін (квоталарын) бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жылына 71 тонна мөлшерінде лимиттер белгіленген. 1.10-кестеде озонды бұзатын заттарды тұтыну жөніндегі деректер берілген.

1.10-кесте

Қосымшаға сәйкес озонды бұзатын заттарды нысан бойынша тұтыну, ОБҚ тонна

Заттар	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
ГХФК	83,32	24,8	12,11	4,96	6,822	7,15	0,28
Бромхлорметан	2,3	0	-	0	0	-	-
Метилбромиді	19	6	0	0	0	-	-
Барлығы:	104,62	30,8	12,11	4,96	6,822	7,15	0,28

Көзі: Озон хатшылығының <https://ozone.unep.org/countries/profile/kaz> сайты.

Озонды бұзатын заттарды және олардың өнімдерінің құрамында болуын транзиттеуді қоспағанда, оларды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың озонды бұзатын заттарды жеке пайдалануы үшін (коммерциялық емес мақсаттарда) өткізуіне тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде озонды бұзатын заттар мен олардан тұратын өнімдерді өткізу және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімді және осы келісімге Қырғыз Республикасының қосылуы туралы хаттаманы (Қазақстан Республикасының 25.12.2018 ж. №201-VI заңымен) ратификациялады.

Озонды бұзатын заттарды реттеу мәселелері бойынша

Қазақстан Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясының, озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасының және Кигали қабатын (соңғысын) қоспағанда, оның түзетулерінің Тарабы болып табылады.

2016 жылғы 12-14 қазан аралығында Кигали қаласында (Руанда) Монреаль хаттамасы тараптарының XXVIII-отырысы өтті. Отырыс барысында гидрофторкөміртекттерді (ГФК) тұтыну және өндіру бойынша жаңа түзетудің (Кигали түзетуі) мәтіні қабылданды.

Кигали түзетуінің мақсаты – Жердің озон қабатын сақтауға және ғасырдың соңына дейін жаһандық температураның 0,5° С өсуіне ықпал ететін ГФК өндірісі мен тұтынуын біртіндеп азайту.

2020 жылғы 5 ақпандағы жағдай бойынша түзетуді 93 ел ратификациялады, оның ішінде Австралия, Бельгия, Нидерланд, Люксембург, Ирландия, Канада, Мексика, Норвегия, Германия, Франция, Біріккен Корольдіктер, Швеция, Латвия, Литва, КХДР және т. б.

Түзету 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Монреаль хаттамасының кемінде 70 тарабы түзетуді ратификациялаған жағдайда 2033 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін ҚҚМ саудасын реттеу туралы ережелер ерекшелік болып табылады.

Кигали түзетуі Париж климаттық келісімінде белгіленген мақсатқа жетуге айтарлықтай үлес қосады – осы ғасырдың аяғына дейін жаһандық температураның 2°С-қа дейін өсуіне жол бермеу. Қолда бар бағалаулар бойынша Кигали түзетуіндерінде қарастырылған әрекетсіздік, қазіргі уақыттағы ГФК тұтынуды әртүрлі көздерден ГФК шығарындыларының өсуі, бұл температураның 0,5 °С өсуіне алып келуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Кигали түзетуін ратификациялау мерзімі – 2021 жыл.

Төменде Қазақстан бойынша 2011-2013 жылдардағы өндіріс және тұтыну деңгейінен базалық желіге қатысты ГФК кезеңділікпен қысқартудың кестесі келтірілген.

2011-2013 жылдары өндіріс және тұтыну деңгейінің базалық желісі ГФК (100%) + ГФХК (25%).

1.11 - кесте

2011-2013 жылдары өндіріс және тұтыну деңгейінен базалық желіге қатысты Қазақстан үшін ГФК кезеңділікпен қысқарту

Жылдар	Қазақстан үшін ГФК қысқарту кезеңдері
2020	5%
2025	35%
2029	70%
2034	80%
2036 және әрі қарай	85%

Монреаль хаттамасы аясында Қазақстан Жердің озон қабатын қорғау саласында келесі халықаралық міндеттемелерді орындайды:

- Монреаль хаттамасының 7-бабына сәйкес озон қабатын бұзатын заттардың экспорты мен импорты туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

- озонды бұзатын заттарды қысқарту кестесін (ОБЗ) орындауда қол жеткізілген прогресс туралы ақпарат береді;

- озон қабатының жай-күйі және ғылыми зерттеулер туралы ақпарат береді;

- Монреаль хаттамасын орындау жөніндегі Хатшылықтың 29/14 шешіміне сәйкес гидрохлорфторкөміртекті тұтынуды кезеңділікпен қысқарту жөніндегі іс-қимыл жоспарын Монреаль хаттамасынан аспайтын деңгейге дейін сақтайды:

1) 2016-2019 жылдары - 7,5 тонна ОБҚ;

2) 2020 жылы – 6,0 тонна ОБҚ;

3) 2021 жылы – 3,95 тонна ОБҚ;

4) 2022-2024 жылдары - 0,5 тонна ОБҚ.

2020 және 2030 жылдар аралығындағы кезеңде тоңазытқыш және климаттық жабдықтарға қызмет көрсету үшін тұтынуды қоспағанда, 2025 жылғы 1 қаңтарға қарай – 0 тонна ОБҚ.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 2018 жылдан бастап ЮНИДО-ЖЭФ-пен бірлесіп «Украинада, Беларусьте, Қазақстанда және Арменияда ОБЗ және ЖҚОЛ кәдеге жаратуды келісілген басқарудың аймақтық демонстрациялық жобасын» іске асыруда, оның негізгі мақсаты ОБЗ және ЖҚОЛ бар ескірген пестицидтерді экологиялық қауіпсіз жоюды ұйымдастыру болып табылады.

Сондай-ақ, ГЭҚ-тың «РӨБ-сыз және жаһандық жылыну әлеуеті төмен энергиялық тиімді

технологияларды ілгерілету арқылы ҚР-да ГФК-ны кезеңділікпен қысқарту» жобалық құжатын мақұлдау жоспарлануда.

ҚР Экологиялық кодексінің жаңа редакциясында ОБЗ және олардың құрамында бар өнімдерді ЕАЭО-ға кіретін елдерге/елдерден әкелуді және әкетуді реттеу, сондай-ақ ОБЗ тұтынудың мемлекеттік кадастрын жетілдіру жөніндегі нормалар көзделеді.



2-Бөлім

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ



2-БӨЛІМ. КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

Мұхиттардан айтарлықтай алыс қашықтықта орналасуы Қазақстан климатының жауын-шашын тапшылығымен анықталатын шұғыл континенталды сипатын түзеді. Қазақстанның жазық аумағында солтүстіктен оңтүстікке қарай төрт табиғи зона өзгерісі байқалады: орманды далалы, далалы, шөлейтті және шөлді. Жауын-шашынның жылдық мөлшері сәйкесінше солтүстігінде 350 мм-ден, оңтүстігінде 150 мм-ге дейін төмендейді. Тау бөктері мен таулы аудандарда жылына 500-ден 1000 мм-ге дейін жауын-шашын түседі.

Жазық аумақта қаңтар айының орташа температурасы солтүстікте минус 17°C-дан оңтүстікте минус 1 °C-ға дейін көтеріледі. Солтүстікте қыс мезгілі ұзақ және суық болып, кейбір жылдары республиканың солтүстік аймақтарында аяз минус 52°C дейін жетті, бірақ плюс 5°C-ға дейінгі жылымықта бақылануы мүмкін. Оңтүстік аймақтарда абсолютті минималды температура 30, тіпті 40 градусқа дейін түсуі мүмкін. Шілдедегі орташа температура солтүстікте 19 °C-дан, оңтүстікте 28 °C-ға дейін көтеріледі. Шілде айында жер бетіне жақын ауа қабатының абсолютті максималды температурасы солтүстікте 40-42 °C, ал оңтүстікте 47-49 °C (Қызылқұм шөлі) құрайды. Тәуліктік температура айырмашылығы 20-30 °C дейін жетуі мүмкін.

Климаттың өзгеруін бағалау үшін Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым 1961 жылдан 1990 жылға дейінгі кезеңді қазіргі температура көрсеткіштерімен салыстыру үшін базалық кезең ретінде пайдалануды ұсынады. Бұл кезең КӨЖҮТ соңғы үш бағалау есебінде (ОД 3, ОД 4 және ОД 5) қолданылды.

Бұл есептерде аномалиялар белгілі бір жылдағы бақыланатын шаманың нормадан ауытқуы ретінде есептеледі, норма деп 1961-1990 ж. кезеңіндегі көпжылдық орташа мәні ретінде түсініледі. Қазақстан аумағындағы аномалияның орташа мәні 119 станцияның аномалия деректерін орташалау есебімен анықталды. Аномалиялардың тенденциясы мен қайталанушылығын бағалау үшін 1941 жылдан 2019 жылға дейінгі кезең пайдаланылды, аномалиялардың дәрежелері (рангі) 1941 жылдан бастап аномалия мәндерінің төмендеу реті бойынша анықталады.

2.1. АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ


Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның [<https://public.wmo.int/ru/media>] деректері бойынша, 2019 жылы жаһандық орташа жылдық температура өнеркәсіпке дейінгі кезеңнің 1850-1900 жж. мәндерінен 1,1 °C жоғары болды. Осылайша, 2019 жыл бақылау тарихындағы ең жылы жылдардың ішінде екінші орында болды. Соңғы бес жыл бақылау тарихындағы ең жылы болды, ал соңғы өткен онжылдық 2010-2019 ж. – барлық бақылау тарихында ең жылы болды. 1980 жылдардан бастап, кейінгі әрбір онжылдық 1850 жылдан алдыңғы онжылдыққа қарағанда жылы болды.

Төмен таулы және орта таулы аймақтарда шөгетін топырақтарда СНЖЕ нормалары мен талаптарын сақтамай тұрғын үйлер мен басқа да объектілердің қарқынды және ретсіз құрылысы байқалады, су құбыры желілері төселеді, еңістерді кесу жұмыстары және мұның барлығы көшкін мен опырылу қауіпі ескермей жүргізіледі.

Республика аумағында шөгү қауіпі бар 385 учаске (Алматы облысы - 194, Алматы қаласы - 144, Түркістан облысы - 27, Шымкент қаласы - 11, ШҚО - 9), олардың ықпал ету аймағына

(адамдар саны демалушылар мен туристер есебінен артуы мүмкін) 800-ден астам объект және 9 мыңнан астам халық. 2.22-суретте Қазақстандағы шөгу қаупі бар учаскелердің саны бойынша деректер берілген.

2.22-сурет

Қазақстандағы шөгу қаупі бар учаскелер




Табиғи өрттер

2019 жылы мемлекеттік орман қоры аумағында 628 өрт, өткен жылмен салыстырғанда олардың 75,4%-ға өсуі тіркелді (2018 ж. - 358). Өрттен келтірілген материалдық шығын өткен жылмен салыстырғанда 2,6 есеге артты (2018 ж. - 209, 619 млн теңге, 2019 ж. - 563,509 млн теңге). Бұл ретте өртенген орман алаңы 2,2 есеге төмендеді және 73,515 мың га құрады (2018 ж. - 162,611 мың га) (2.23-сурет).

2.23-сурет

2018-2019 жылдардағы орман қоры аумағындағы өрттердің саны



Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің (бұдан әрі – ОШЖДҚ) қарамағындағы мемлекеттік орман қоры аумағында материалдық шығыны 417416,0 мың теңгені құрайтын 20,4 мың га ауданда 347 өрт оқиғасы болды.

Жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы ормандарда материалдық шығыны 146 млн 94 мың теңгені құрайтын 53 мың га ауданда 281 өрт оқиғасы болды.


Жамбыл облысын 2,6 есеге және Түркістан облысын қоспағанда 37,5%-ға, өрт санының өсуі барлық облыстарда тіркелді.

2019 жылы орман өрттерінің ең көп саны Павлодар облысында республика аумағында болған орман өрттерінің жалпы санынан 179 оқиға немесе 28,5%, Шығыс Қазақстан облысында - 144 немесе 23% және Қостанай облысында - 96 немесе 15%.

2019 жылы халықтың оттан сақтанбау, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу себебінен 273 өрт болды, бұл республика бойынша жалпы санның 45%-ын (Ақтөбе-25, Қызылорда-7, Ақмола-49, Атырау-7, Солтүстік Қазақстан-20, Батыс Қазақстан - 7 және Қарағанды-56) құрайды (2.24-сурет).

2.24-сурет

Ақтөбе, Қызылорда, Ақмола, Атырау, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында 2019 жылы абайсызда болған өрттер саны



Қабылданған ұйымдастыру шаралары, сондай-ақ қолайлы ауа-райы жағдайлары (2018 жылмен салыстырғанда температуралық фонның төмендеуі) 2019 жылы өртенген ауданның 89 мың га қысқаруына немесе 2,2 есеге төмендеуіне ықпал етті.

Төмендеу үш аймақ есебінен болды: Түркістан облысы - 62,5 есе (2018 ж. - 3,9 мың га, 2019 ж. - 63 га), Жамбыл облысы - 3,5 есе (2018 ж. - 146,4 мың га, 2019 ж. - 40,9 мың га) және Шығыс Қазақстан облысы - 43,3%-ға (2018 ж. - 353 га, 2019 ж. - 200 га) ұлғайды.

2019 жылы температуралық фонның төмендеуіне қарамастан, республика бойынша табиғи өрттердің ұлғаюының негізгі себептерінің бірі жауын-шашын тапшылығынан және өткен жылмен салыстырғанда ауа райының +5-10°C-қа орташа тәуліктік температураның жоғарылауынан көрініс тапқан жағдайлары болды.

Сондай-ақ табиғи құбылыстар ықпал етті, 628 орман өртінің 310-ы (50%) найзағай разрядтарынан (найзағайдан) пайда болды.

Мысалы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай және Павлодар облыстарында табиғи өрттердің 90%-ы құрғақ найзағай разрядтарының ықпал етуінен болды.

Еліміздің дала алқаптарында 72 өрт орын алып, өрт салдары 24,8 мың га ауданды құрады. Өткен жылмен салыстырғанда дала өрттерінің саны 41%-ға артып, материалдық шығын 4,7 есені және 17,444 млн теңгені құрады, бұл ретте өртенген дала алқаптары 13%-ға төмендеді.

Өрттің едәуір өсуі Ақтөбе - 3 есеге (2018 ж. - 5, 2019ж. - 15), Қарағанды - 2,5 есеге (2018ж. - 2, 2019ж. - 5), Шығыс Қазақстан - 83%-ға (2018ж. - 18, 2019ж. - 23) және Жамбыл - 40%-ға (2018ж. - 5, 2019ж. - 7) облыстарына келеді.

Қалған аймақтарда өрт санының біршама азайды, Қостанай облысында 6 есеге (2018ж. - 6, 2019ж. - 0), Түркістан - 3 есеге (2018ж. - 3, 2019ж. - 1), Батыс Қазақстан (2018ж. - 4, 2019ж. - 0) және Қызылорда (2018ж. - 1, 2019ж. - 0) 100%-ға айтарлықтай төмендегені байқалады.

Өрт өткен алқаптардың айтарлықтай өсуі тіркелді, Қарағанды облысында - 7,7 есе (2018 ж. - 1 050 га, 2019 ж. - 8 132 га) және Атырау облысында - 80%-ға (2018ж. - 1 мың га, 2019 ж. - 1 800 га).

Ақтөбе облысында дала өрттерінен материалдық шығыны - 1 112 есе (2018 ж. - 5 мың тг,

2019 ж. – 5, 567 млн тт), Жамбыл облысында - 10,7 есе (2018 ж. – 330 мың тт, 2019 ж. – 3,560 млн тт) және Шығыс Қазақстан облысында - 3,4 есе (2018ж. - 2,425 млн тт, 2019ж. – 8,317 млн тт), Түркістан облысын қоспағанда - 100% (2018ж. - 300 мың тт, 2019ж. – 0 тт) өсті.

Табиғи өрттерге ерекше назар аудару қажет, еңбек және демалыс орындарында отпен жұмыс істеу кезінде өрт қауіпсіздігі шараларын бұзу, антропогендік, табиғи, гидрометеорологиялық себептер болып табылады.

Орман және дала өрттерін бақылау құралдарының бірі жерді қашықтықтан зондтау болып табылады.

Орман және дала өрттерінің алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде республика аумағында 2019 жылғы өрт қаупі бар аймақтарда орталық және жергілікті атқарушы органдар бірқатар алдын алу шараларын қабылдады.

Табиғи өрттерді сөндіруге әрекет ету үшін жалпы саны 30 мыңнан астам адам мен 6 мың бірлік техника күштері мен құралдары бар аймақаралық топ түзетілді.

2019 жылы өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау мақсатында 456 мобильді топ өрт қауіпті кезінде орман және дала алқаптарында 6 мыңнан астам рейд жүргізді, олардың нәтижелері бойынша 832 адам анықталып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 4,6 млн теңгеден астам сомаға айыппұл салынды.

2018 жылы өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру мақсатында 325 өрт қауіпті кезеңде орман және дала алқаптарына 2 мыңнан астам рейд жүргізілді, 199 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 2,5 млн теңгеден астам сомаға айыппұл салынды.

Шекаралық орман-дала аумақтарында өзара іс-қимылды пысықтау үшін 2019 жылы Ресей ТЖМ бөлімшелерімен (Астрахан, Челябин, Омбы, Орынбор, Волгоград, Түмен және Қорған облыстары) 6 тактикалық оқу-жаттығу өткізілді.

Оқу-жаттығу барысында мемлекеттік шекараны өрттен құтқару бөлімшелерінің кесіп өтуінің оңайлатылған тәртібі мәселелері пысықталды, тартылатын күштер мен құралдардың тізімі нақтыланды, өрт туралы ақпарат алмасу жүзеге асырылды.

Азаматтық қорғаудың барлық жүйесін қолдана отырып, 335 облыстық өрт-тактикалық оқу-жаттығулар мен орман-дала алқаптарында сабақтар өткізілді.

Мемлекеттік өртке қарсы қызметі жоқ 1,5 млн адам халқы бар республиканың 1 012 елді мекенінде жергілікті атқарушы органдармен жарақтарында шамамен 8 мың бірлік техникасы бар 319 өрт сөндіру бекеттерінің, 39 мыңнан астам ерікті саны бар 3 697 ерікті өртке қарсы құралымдарын құрылды.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен өрт қаупі бар кезең ішінде (Қазавиаорманқорғау, соның ішінде «Қазавиақұтқару» тікұшақтарында) 8,8 млн га алаңда (Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан («Көкшетау» МҰТП), Қостанай және Павлодар облыстарында) орман қорын тұрақты авиациялық патрульдеуді жүзеге асырды, ұшу 9 мыңнан астам сағатты құрады.

Жоспарланған қаржы қаражаты шеңберінде (ЭГТРМ, ИИДМ, ЭМ және әкімдіктер) орманды-дала алқаптарда ұзындығы 281 мың км минералдандырылған жолақтарды орнату және оларға күтім жүргізуді қамтамасыз етуге, өртке қарсы тақырыпта 6 мыңнан астам баннерлер мен ақпараттық қалқандар орнатылды.

3 777 елді мекендегі аумақты құрғақ өсімдіктерден және жанған қоқыстан тазарту бойынша жұмыстар жүргізілді, 22 891 км минералдандырылған жолақтар құрылды.

Жергілікті атқарушы органдарға өрт қауіпті кезеңге елді мекендердің дайын болмауы туралы 514 ескерту берілді.

Халықтың азаматтық жауапкершілігін және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында ІІМ аумақтық бөлімшелері БАҚ-та 7 мыңға жуық сөз сөйлеу ұйымдастырылды және жарияланды, 18 мыңнан астам нұсқаулық пен жиындар, 1 847 дөңгелек үстел (жалпы саны 108 мыңнан астам ауыл шаруашылығы өндірушілерімен, шаруа қожалықтарының өкілдерімен және орман алқаптарына жақын тұратын елді мекендер тұрғындарымен) өткізді.

Қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстар


«Қазгидромет» РМК деректері бойынша 2019 жылы Қазақстан Республикасы аумағында 83 табиғи метеорологиялық құбылыстар байқалған (2.25 а-сурет).

Апатты метеорологиялық құбылыстардың пайда болуының ең жоғары белсенділігі 2019 жылғы қаңтар-мамыр аралығында байқалды (2.25 б-сурет).

Қазақстанда қатты жел, топан су (су басу және су тасқыны), аномалды суық, аномалды ыстық, құрғақшылық, нөсерлі жауын-шашын, боран, көктайғақ, бұршақ, шаңды дауылдар жиі төтенше жағдайларды туындататын болады.

2.25-сурет

2019 жылы апатты метеорологиялық құбылыстардың жалпы саны (а) және 2019 жылы метеорологиялық құбылыстарды айлар бойынша бөлу (б)




1990 жылдан бері ең көп апатты құбылыстар 2003 жылы байқалды – барлығы 218 құбылыс, оның ішінде 109 – қатты жаңбыр, 37 – күшті жел және 35 қатты қар жағдайлары (2.25 а-сурет).

Соңғы онжылдықта (2000-2009 ж. өткен онжылдығымен салыстырғанда) бұршақ (38%-ға), қатты қар жауу (29%-ға), қатты боран (4%-ға) салдарынан болған төтенше жағдайлар саны артты. Қатты желдің (17%-ға), тұмандардың (13% - ға) саны бірқалыпты қысқарды (2.26-сурет).

2.26-сурет

2000-2009 ж. және 2010-2019 ж. кезеңдерінде Қазақстан аумағында әртүрлі табиғи метеорологиялық жағдайлардың санын салыстыру




2019 жылы қатты желдің және күшті жаңбырдың қайталануы жоғары болды; олардың саны барлық экстремалды метеорологиялық құбылыстардың 62%-ын құрады (2.27-сурет). 2019 жылы Алматы облысында-таулы және тау бөктеріндегі сел қаупі бар аудандарда күшті жаңбыр көп

болды (22 жағдайдың 19-ы). Алматы облысында (31 жағдайдың 9-ы, оның ішінде 7 жағдай оңтүстік-шығыс жел жылдамдығы 34-44 м/с және ұзақтығы 11-34 сағат Жалаңашкөл МС-да байқалды) және Солтүстік Қазақстан облысында күшті желдің ең көп жағдайы (8 жағдай) байқалды (2.10-кесте).

2019 жылдың желтоқсанында Қазақстанның басым аумағында тұман байқалды (көрінуі 50 м болатын 14 жағдай). Желдің орташа жылдамдығы 15-22 м/с болатын күшті боран Ақтөбе және Ақмола облыстарында байқалды (4 және 6 сәйкесінше жағдай).

2.27-сурет

2019 жылы апатты метеорологиялық құбылыстарды түрлері бойынша бөлу



2019 жылы тіркелген экстремалды метеорологиялық құбылыстардың саны бойынша (2.10-кесте) бірінші орынды Алматы облысы (Қазақстандағы экстремалды метеорологиялық құбылыстардың барлық жағдайларының шамамен 43%-ын), содан кейін Солтүстік Қазақстан (шамамен 14%-ын) және Ақмола (шамамен 9%-ын) облыстары алады.

2.10-кесте

2019 жылы апатты метеорологиялық құбылыстарды облыстар бойынша бөлу

Облыс	Құбылыстар						Барлығы
	Қатты жел	Күшті боран	Қалың тұман	Күшті жаңбыр	Қалың қар	Күрделі шөгінді	
Қазақстан	31	10	15	22	4	1	83
Алматы	9	1	3	19	2	1	35
Ақмола	3	3	1				7
Ақтөбе		4	1				5
Атырау				1			1
Шығыс Қазақстан	1		2		1		4
Жамбыл	4						4
Батыс Қазақстан		1					1
Қарағанды	1		1	1			3
Қостанай		1					1

Қызылорда	4						4
Маңғыстау							
Павлодар	1		1				2
Солтүстік Қазақстан	8		3				11
Түркістан			3	1	1		5

Құрғақшылық және аңызақ жел. Атмосфералық құрғақшылық Ақтөбе облысының Хромтау және Мәртүк аудандарында, сондай-ақ Алматы облысының Талдықорған МС маңайында байқалған. Қостанай облысының Наурызым, Қамысты, Қостанай, Жангелді және Денисов аудандарында және Ақмола облысының Қорғалжын ауданында. Батыс Қазақстан облысының Тасқалы, Байтерек, Теректі, Бөрлі, Сырым және Шыңғырлау аудандарында вегетациялық кезең бойы құрғақ және ыстық ауа-райы атмосфералық құрғақшылықты қалыптастырды. Аңызақ жел Жамбыл облысының Сарысу ауданында және Қостанай облысының Әуликөл ауданында байқалды.

Гидрометеорологиялық құбылыстардың мониторингі және болжауы

«Қазгидромет» РМК қызметі үнемі бақылауға, гидрометеорологиялық құбылыстарды уақтылы және сапалы болжауға және гидрометеорологиялық өнімдерді тұтынушыларға жеткізуге бағытталған.

2019 жылы «Қазгидромет» РМК 328 метеостанцияда (оның 72-сі автоматты), 11 метеостанцияда және 9 аэрологиялық станцияларда жүйелі метеорологиялық бақылаулар жүргізді.

«Қазгидромет» РМК агрометеорологиялық желісі 203 бақылау бекетінде, оның ішінде 115 метеостанцияда, 72 ауылшаруашылық станциясында және 16 автоматты бекетте бақылау жүргізеді. Вегетация кезеңінде дақылдар мен жайылымдық өсімдіктердің өсуі мен дамуы, топырақтың ылғалдылығы, қыста – қар жамылғысының биіктігі, топырақтың қатуы, күздік дақылдардың егістік алқаптарының тереңдігіндегі температура және т.б. бақылау жүргізеді.

«Қазгидромет» РМК гидрологиялық желісіне 310 бақылау пункті кіреді, оның ішінде 264 өзен бекеті, 36 көл посты, онда беткі сулардың мониторингі, атап айтқанда судың шығыны мен су деңгейі, ағынның орташа жылдамдығы, судың ағыны және басқалары сияқты гидрологиялық сипаттамалары анықталады. 2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша «Қазгидромет» РМК су бетінің булануын бақылауға арналған 47 бақылау пункті бар.

Каспий теңізінің Қазақстандық жағалауының гидрологиялық мониторингі 6 теңіз бекеті мен 4 гидрометеорологиялық станциядағы бақылауға негізделген. Қыс мезгілінде Каспий теңізіндегі мұз жағдайына мониторинг жүргізіледі, олардың деректері апта сайынғы шолу түрінде шығарылады. Мұзды кезең аяқталғаннан кейін, әр теңіз гидрометеорологиялық станциясының шұғыл бақылауына сүйене отырып, жыл сайын «Каспий теңізінің режимі туралы жыл сайынғы мәліметтер, Қазақстандық жағалау» жарияланатын Каспий теңізінің мұз режимінің негізгі сипаттамаларының жиынтық кестелері жасалады.

Метеорологиялық, агрометеорологиялық және гидрологиялық бақылаулар талдауы «Қазгидромет» РМК сайтында (www.kazhydromet.kz) түрлі шолулар, бюллетеньдер, болжамдар түрінде жарияланады.

«Қазгидромет» РМК қауіпті және апатты гидрометеорологиялық құбылыстардың болжамын, ауа-райы болжамын үш және жеті және он күндікке, сондай-ақ бір ай мен маусымға арналған консультативтік ауа-райы болжамын жасайды. 2019 жыл ішінде қауіпті табиғи (гидрометеорологиялық) құбылыстар туралы 1223-тен астам дауыл ескерту жарияланды және тұтынушыларға жеткізілді, оның 99%-ы негізделген. 2019 жылы ауа-райының қысқа мерзімді болжамдарының дәлдігі алдыңғы 2018 жыл деңгейінде сақталды және 96%-ды құрады (2.11-кесте).

2015-2019 жылдардағы ауа райы болжамдарының орташа негізділігі және қауіпті құбылыстар (ҚҚ), табиғи гидрометеорологиялық құбылыстар (ТГҚ) және ауа райының шұғыл өзгеруі (АШӨ) туралы дауылды ескертулер туралы деректер

Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	Көрсеткіш мәні				
		2015	2016	2017	2018	2019
Синоптикалық						
Қауіпті және табиғи гидрометеорологиялық құбылыстар мен ауа райының күрт өзгеруі туралы дауылды ескертулердің негізділігі	%	95-97	90-95	98-99	96-99	99
Тәуліктік ауа райы болжамдарының негізділігі	%	96	96	96	96	96



3-Бөлім

СУ РЕСУРСТАРЫ

3-БӨЛІМ. СУ РЕСУРСТАРЫ

3.1. БЕТКІ СУ РЕСУРСТАРЫ

Республика аумағында 39 мыңға жуық өзен мен уақытша су ағындары бар, олардың 7 мыңнан астамының ұзындығы 10 км-ден асады. Қазақстан өзендерінің басым көпшілігі Каспий және Арал теңіздерінің, Балқаш көлінің, Алакөл және Теңіз көлдерінің ішкі тұйық бассейндеріне жатады. Тек Ертіс өзені Солтүстік Мұзды мұхит бассейніне жатады.

ҚР Су заңнамасына сәйкес ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріне мыналар жатады: Каспий теңізі, Балқаш көлі, Зайсан көлі, Алакөл көлінің жүйесі, Ертіс өзені.

Қазақстанда бірнеше мыңдаған көл бар. Олардың басым бөлігі солтүстікте шоғырланған, ең ірілері (Балқаш, Зайсан, Алакөл) шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарда орналасқан. Көптеген көлдерде судың минералдануының жоғары болуы оларды шаруашылық мақсатта пайдалануға кедергі келтіреді.

Су шаруашылығы-әкімшілік аудандастырудың негізіне республиканың негізгі өзен су шаруашылығы бассейндеріне гидрографиялық бөлінуі жатады. Республика аумағында сегіз өзен су шаруашылығы бассейні бөлінген: Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл, Жайық-Каспий, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай және Шу-Талас.

3.1-суретте су шаруашылығы бассейндерінің картасы ұсынылған.

3.1-сурет

Қазақстан Республикасының Су шаруашылық бассейндерінің сызбасы



Көзі: ҚР ЭГТРМ Су ресурстары комитеті.

Беткі суларды зерттеудің қазіргі деңгейінде Қазақстанның барлық өзендерінің өзен ағысының иеліктегі су ресурстары жылына 100 км³ шамасымен бағаланады, оның ішінде 54 км³ республика аумағында және 46 км³ – іргелес елдерде қалыптасады (Қытай - 21,2 км³; Өзбекстан - 14,6 км³; Қырғыз Республикасы - 3,1 км³; Ресей - 7,5 км³).

Жер асты суларының барланған қоры жылына шамамен 15 км³ құрайды.

Жалпы ел бойынша соңғы 5 жылда экономиканың барлық салаларында жыл сайынғы су тұтыну көлемі орта есеппен 24 км³ құрайды, 85%-ы беткі сулар есебінен.

Республиканың жекелеген аймақтары бойынша беткі және жер асты суларының ресурстарымен қамтамасыз етілу жағдайы айтарлықтай ерекшеленеді.

Ертіс өзенінің бассейні, Балқаш-Алакөл бассейні беткі және жер асты суларымен де өзен ресурстарымен қамтамасыз етілген. Нұра-Сарысу, Есіл, Тобыл-Торғай бассейндері жер асты сулары бойынша тапшы болып табылады. Есіл, Жайық-Каспий, Арал-Сырдария, Тобыл-Торғай және Нұра-Сарысу бассейндерінің едәуір аумақтары қазірдің өзінде беткі және жер асты суларының тапшылығын сезінуде.

3.1.1. БЕТКІ СУЛАРДЫҢ САПАСЫ

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша беткі суларының сапасын бақылау 141 су объектісіне: 91 өзенге, 15 су сақтағышына, 31 көлге, 3 арнаға, 1 теңізге бөлінген 412 гидрохимиялық тұстамада жүргізілді.

2019 жылдың қаңтар айынан бастап «Қазгидромет» РМК жаңа нормативтік құжатты – «Су объектілеріндегі су сапасын классификацияның бірыңғай жүйесін» (Бірыңғай классификация) қолдануға көшті.

Бірыңғай классификация бойынша ҚР су объектілері суының сапасы келесідей бағаланады:

- **1 класс** – 11 өзен, 1 су сақтағышы: Қара Ертіс, Ертіс (Павлодар облысы), Усолка, Шілік, Баянкөл, Қарқара, Түрген, Тентек, Үржар, Бөген, Ақсу өзендері (Түркістан облысы), Өскемен су сақтағышы;

- **2 класс** – 8 өзен, 3 су сақтағышы: Үлбі, Красноярка, Текес, Шарын, Темірлік, Жаманты, Ырғайты, Қатынсу өзендері, Бұқтырма, Қапшағай, Вячеслав су сақтағыштары;

- **3 класс** - 11 өзен, 2 су сақтағышы: Брекса, Глубочанка, Емел, Деркөл, Сілеті, Іле, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Есік, Қаскелең өзендері, Бартоғай, Күрті су сақтағыштары;

> **3 класс** (судың сапасы нормаланбайды) - 5 өзен, 1 көл, 2 су сақтағышы: Қорғас, Лепсі, Ақсу (Алматы облысы), Қаратал, Шу өзендері, Үлкен Алматы көлі, Самарқан, Кеңгір су сақтағыштары;

- **4 класс** - 30 өзен, 6 көл, 2 су сақтағышы және 3 арна: Ертіс (ШҚО), Бұқтырма, Аягөз, Тихая, Жайық (БҚО), Шаған, Елек (Ақтөбе облысы), Қарғалы, Қосестек, Ақтасты, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Ембі (Ақтөбе облысы), Сарыөзен, Темір, Ор, Ырғыз, Үй, Қараторғай, Есіл, Беттібұлақ, Нұра, Көкпекті, Егінсу, Сарықау, Келес, Бадам, Арыс, Қатты-Бөген Сырдария өзендері, Шалқар (Ақтөбе облысы), Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Көкай көлдері, Жоғарғы Тобыл, Сергеевское су сақтағыштары, Көшім, Нұра-Есіл, Қ. Сәтпаев арнасы, Арал теңізі;

- **5 класс** - 3 өзен, 2 көл, 3 су сақтағышы: Оба, Айет, Тоғызак өзендері, Сасықкөл, Жалаңашкөл көлдері, Аманкелді, Қаратомар, Шардара су сақтағыштары;

> **5 класс** (судың сапасы нормаланбайды) - 28 өзен, 22 көл, 2 су сақтағышы, 1 теңіз – Жайық (Атырау облысы), Шаронова, Қиғаш, Ембі (Атырау облысы), Шыңғырлау, Қараөзен, Елек (БҚО), Ойыл, Тобыл, Обаған, Желқуар, Сарыбұлақ, Ақбұлақ, Жабай, Қылшықты, Шағалалы, Ақсу (Ақмола облысы), Қара Кеңгір, Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Талғар, Талас, Асса, Берікқара, Ақсу (Жамбыл облысы), Қарабалта, Тоқташ өзендері, Марқакөл, Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр, Шалқар (БҚО), Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Щучье, Сұлукөл, Қарасу, Жөкей, Майбалық, Текекөл, Қатаркөл, Лебяжье, Билікөл, Балқаш, Теңіз, Алакөл көлдері, Шортанды, Тасөткел су сақтағыштары, Каспий теңізі.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК ([https:// kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019](https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019)) сайтында орналасқан.

Су объектілері жай-күйінің санитарлық-эпидемиологиялық мониторингі

2019 жылы Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің аумақтық органдарының бақылауында 1-санаттағы 174 ашық су қоймасы және 2 санаттағы 548 ашық су қоймасы болды.

1-санаттағы ашық су қоймаларынан микробиологиялық көрсеткіштерге 1994 су сынама-сы зерттелді, оның ішінде 80 немесе 4%-ы санитарлық талаптарға сәйкес келмеді (2018 ж. - 5,7%). Республикалық орташа көрсеткіштің артуы Атырау (6,9%), Шығыс Қазақстан (16,6%) және Түркістан (3,1%) облыстарында байқалады.

Санитарлық-химиялық көрсеткіштерге судың 1902 сынама-сы зерттелді, оның 248-і немесе 13%-ы санитарлық талаптарға сәйкес келмеді (2018 ж. - 7,3%). Батыс Қазақстан (174/104-59,7%), Атырау (832/99-12%), Шығыс Қазақстан (36/10-27,7%), Түркістан (131/16-12,2%) облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында (9/7-77,7%) орташа республикалық көрсеткіштен жоғары.

2 санаттағы ашық су қоймаларынан микробиологиялық көрсеткіштерге 5895 су сынамасы зерттелді (2018 ж. - 5553), оның ішінде 419 сынама немесе 7,1%-ы (2018 ж. - 432/7,7%) санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмеді. Орташа республикалық көрсеткіштің артуы Батыс Қазақстан (22%), Қызылорда (8,3%), Ақмола (10,1%), Алматы (4%), Шығыс Қазақстан (8,2%) облыстарының және Алматы (25,7%) және Шымкент (25,6%) қалаларының су қоймаларында байқалады.

Санитарлық-химиялық көрсеткіштерге 3671 су сынамасы зерттелді, оның ішінде 492 сынама немесе 13,4%-ы санитарлық талаптарға сәйкес келмейді. Республикалық көрсеткіштен жоғары Батыс Қазақстан облысында - 24,9%, Қызылорда облысында - 98,8%, Ақмола облысында - 18,9%, Атырау облысында - 81,4%, Қостанай облысында - 7,5%, Ақтөбе облысында - 6,7%, Шымкент қаласында - 20,5% және Нұр-Сұлтанда - 100%.

2019 жылғы Қазақстан Республикасының беткі сулардың жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары туралы мәліметтер


Беткі сулардың 61 су объектісінде ЖЛ 661 жағдайы және ЭЖЛ 19 жағдайы тіркелді: Сарыбұлақ өзені (Нұр-Сұлтан қ.) – ЖЛ 123 жағдайы және ЭЖЛ 2 жағдайы, Ақбұлақ өзені (Нұр-Сұлтан қ.) – ЖЛ 44 жағдайы және ЭЖЛ 2 жағдайы, Есіл өзені (Нұр-Сұлтан қ. және Ақмола облысы) – ЖЛ 15 жағдайы, Нұра-Есіл арнасы (Нұр-Сұлтан қ. және Ақмола облысы) – ЖЛ 6 жағдайы, Щучье көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 18 жағдайы, Жабай өзені (Ақмола облысы) – ЖЛ 9 жағдайы, Ақсу өзені (Ақмола облысы) – ЖЛ 1 жағдайы, Кіші Шабақты көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 38 жағдайы, Майбалық көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 10 жағдайы, Жүкей көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 2 жағдайы, Беттібұлақ өзені (Ақмола облысы) – ЖЛ 4 жағдайы, Қопа көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 6 жағдайы, Зеренді көлі (Ақмола облысы) – 12 жағдай ЖЛ, Бурабай көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 13 жағдайы, Үлкен Шабақты көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 68 жағдайы, Қарасу көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 10 жағдайы, Сұлуқөл көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 7 жағдайы, Қатаркөл көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 10 жағдайы, Текекөл көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 9 жағдайы, Лебяжье көлі (Ақмола облысы) – ЖЛ 4 жағдайы, Қылшықты өзені (Ақмола облысы) – ЖЛ 4 жағдайы, Шағалалы өзені (Ақмола облысы) – ЖЛ 5 жағдайы, Ойыл өзені (Ақтөбе облысы) – ЖЛ 7 жағдай ЖЛ, Елек өзені (БҚО және Ақтөбе облысы) – 25 жағдай ЖЛ, Жайық өзені (БҚО) – 1 жағдай ЖЛ, Деркөл өзені (БҚО) – ЖЛ 2 жағдайы, Көшім арнасы (БҚО) – ЖЛ 1 жағдайы, Қараөзен өзені (БҚО) – ЖЛ 2 жағдайы, Шыңғырлау өзені (БҚО) – ЖЛ 1 жағдайы, Шалқар көлі (БҚО) – ЖЛ 2 жағдайы, Брекса өзені (ШҚО) – ЖЛ 2 жағдайы, Красноярка өзені (ШҚО) – ЖЛ 2 жағдайы, Глубокочанка өзені (ШҚО) – ЖЛ 12 жағдайы, Үлбі өзені (ШҚО) – ЖЛ 8 жағдайы, Тихая өзені (ШҚО) – ЖЛ 10 жағдайы, Қара Кеңгір өзені (Қарағанды облысы) – ЭЖЛ 9 жағдайы және ЖЛ 42 жағдайы, Қара Кеңгір су сақтағышы (Қарағанды облысы) – ЖЛ 1 жағдайы, Соқыр өзені (Қарағанды облысы) – ЖЛ 19 жағдайы, Шерубайнұра өзені (Қарағанды облысы) – ЖЛ 18 жағдайы, Сарысу өзені (Қарағанды облысы) – ЖЛ 1 жағдайы, Тобыл өзені (Қостанай облысы) – ЭЖЛ 1 жағдайы және ЖЛ 33 жағдайы, Обаған өзені (Қостанай облысы) – ЭЖЛ 1 жағдайы және ЖЛ 14 жағдайы, Айет өзені (Қостанай облысы) – ЖЛ 3 жағдайы, Қараторғай өзені (Қостанай облысы) – ЖЛ 3 жағдайы, Қаратомар су сақтағышы (Қостанай облысы) – ЖЛ 1 жағдайы, Желқуар өзені (Қостанай облысы) – ЖЛ 4 жағдайы, Тоғызқас өзені (Қостанай облысы) – ЖЛ 2 жағдайы, Жоғарғы Тобыл су сақтағышы (Қостанай облысы) – 1 ЖЛ жағдайы, Билікөл көлі (Жамбыл облысы) – ЖЛ 2 жағдайы, Берікқара өзені (Жамбыл облысы) – ЖЛ 1 жағдайы, Ақсу өзені (Жамбыл облысы) – ЖЛ 1 жағдайы, Қарабалта өзені (Жамбыл облысы) – ЖЛ 2 жағдайы, Тоқташ өзені (Жамбыл облысы) – ЖЛ 2 жағдайы, Шу өзені (Жамбыл облысы) – ЖЛ 2 жағдайы, Талас өзені (Жамбыл облысы) – ЖЛ 2 жағдайы, Сарықау өзені (Жамбыл облысы) – ЖЛ 2 жағдайы, Қорғас өзені (Алматы қаласы) – ЖЛ 6 жағдайы, Талғар өзені (Алматы облысы) – ЖЛ 1 жағдайы, Тоқпан көлі (Қызылорда облысы) – ЭЖЛ 4 жағдайы және ЖЛ 2 жағдайы Сырдария өзені (Түркістан облысы) – ЖЛ 1 жағдайы (3.1-кесте).

«Қазгидромет» РМК Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен 2018 жылғы 25 мамырдағы № 449-ө бірлескен бұйрығымен бекітілген тәртіпке сәйкес өзара іс-қимыл жасайды.

Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Түркістан облыстарының 15 су объектісінің беткі суларында белгіленген нормадан асып кетудің 265 жағдайы тіркелді.

2018 жылға қарағанда 2019 жылы су объектілерінде ЖЛ оқиғаларының саны артты. ЖЛ және ЭЖЛ жағдайларының динамикасы 3.2-суретте көрсетілген.

2017-2019 жылдардағы жоғары ластану және экстремалды жоғары ластану жағдайларының динамикасы




Көзі: «Қазгидромет» РМК.

3.2-суретте көрсетілгендей, 2019 жылы су объектілерінде ЖЛ жағдайларының саны 206-ға артты, ал ЭЖЛ жағдайларының саны 11-ге азайды.

3.3 және 3.4-суреттерде 2019 жылы су көздері мен облыстар бойынша беткі сулардың ЖЛ және ЭЖЛ туралы ақпарат көрсетілген.


ЖЛ жағдайларының ең көп саны Ақмола, Қостанай және Қарағанды облыстарында тіркелген.

2018-2019 жылдардағы су көздерінің жоғары ластану жағдайлары



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2019 жылғы облыстар бойынша беткі сулардың жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Беткі сулардың жоғары ластану және экстремалды-жоғары ластану жағдайлары туралы мәліметтер

Су объектісінің ағауы, облысы, бақылау бекеті, тұстама	ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлар саны	Ластауыш зағтардың атауы	ҚР ЭГТІРМ ЭРБК деректері бойынша қабылданған шаралар
Ақбұлақ өзені Нұр-Сұлтан қ.	44 ЖЛ, 2 ЭЖЛ	Ерітілген оттегі Күкіртсутегі Фторидтер Кальций Магний Хлоридтер Минералдану	Аудан аумағын тексеру барысында Ш.Құдайбердіұлы көшесіндегі көпірден жоғары Ақбұлақ өзенінің бойында құбыр салынған бөгет салынып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Шектен шығу себептерін анықтау үшін Департамент Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасарына, Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасына, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Төтенше жағдайлар департаментіне және Ақмола орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясына хаттар жіберді. Инспекциялық тексеру барысында «Clean City NC» ЖШС хат жолданды. Сондай-ақ, «Астана су арнасы» МКК (объектілер бойынша: Есіл өзеніне ағызудың «Г» КТҚ нүктесі және Қарабидайық жинақтаушы көліне ағызуды) және «Астана Таза-лық» ЖШС-ға қағысты нөсер суларын тазарту құрылыстарының кешендері бойынша жоспардан тыс тексеру ашылды.
Сарыбұлақ өзені, Нұр-Сұлтан қ.	123 ЖЛ, 2 ЭЖЛ	Ерітілген оттегі Аммоний-иондар Хлоридтер Магний Кальций Минералдану ОХТ	Ақмола облысында 17 су объектісі бар (Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Жүкей, Текекөл, Қарасу, Қатаркөл, Теңіз, Зеренді, Бурабай, Сұлукөл, Шучье, Лебязье, Майбалық, Қылшықты, Шағалалы, Жабай, Есіл); Қарағанды облысында - 2 (Теңіз көлі, Сарысу өз.); Қостанай облысында - 5 өзен (Желкуар, Тобыл, Аят, Тоғызак, Қарагорғай өзендері) табиғи сипатқа ие. ЖЛ және ЭЖЛ әрбір фактісі бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізілді, ластану анықталған жоқ.
Нұра-Есіл арнасы, Ақмола облысы	6 ЖЛ	Минералдану Фторидтер Хлоридтер Сульфаттар Магний	
Есіл өзені, Ақмола облысы	15 ЖЛ	Минералдану Фторидтер Хлоридтер Сульфаттар Магний Марганец ⁽²⁺⁾ ОХТ	

Шучье көлі, Ақмола облысы	18 ЖЛ	Фторидтер Марганец ОХТ
Кіші Шабакты көлі, Ақмола облысы	38 ЖЛ	Фторидтер Магний ОХТ
Үлкен Шабакты көлі, Ақмола облысы	68 ЖЛ	Фторидтер Магний ОХТ
Бетгібұлақ өзені, Ақмола облысы	4 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾ ОХТ
Жүкей көлі, Ақмола облысы	2 ЖЛ	Магний Сульфаттар
Жабай өзені, Ақмола облысы	9 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾ ОХТ
Ақсу өзені, Ақмола облысы	1 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾
Зеренді көлі, Ақмола облысы	12 ЖЛ	Фторидтер ОХТ
Бурабай көлі, Ақмола облысы	13 ЖЛ	Фторидтер ОХТ
Текекөл көлі, Ақмола облысы	9 ЖЛ	Фторидтер ОХТ
Қарасу көлі, Ақмола облысы	10 ЖЛ	Жалпы темір ОХТ
Сұлукөл көлі, Ақмола облысы	7 ЖЛ	Жалпы темір Фторидтер
Қатаркөл көлі, Ақмола облысы	10 ЖЛ	Фторидтер ОХТ
Лебязье көлі, Ақмола облысы	4 ЖЛ	Жалпы темір ОХТ
Қылшықты өзені, Ақмола облысы	4 ЖЛ	Марганец ОХТ

Майбалық көлі, Ақмола облысы	10 ЖЛ	Аммоний – иондар Тұзды аммоний Сульфаттар Магний Фторидтер Хлоридтер ОХТ	Ақтөбе облысындағы БПК ластануы және Елек өзенінің беткі және жер асты суларының хроммен ластануы тарихи болып табылады. Елек өзенінің хроммен жоғары ластану фактісі 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап тіркеледі. Департамент мамандары сынамаларды қайта іріктеуді ұйымдастырды. Талдау нәтижелері бойынша хром ⁽⁶⁺⁾ концентрациясы 14 ШЖК құрады. Іріктеу барысында Елек өзеніне ағынды суларды заңсыз ағызу фактілері тіркелген жоқ. Қосымша ластану ошағы жоқ. БҚО бойынша экология департаменті Қоғамдық денсаулық сақтау департаментімен, «Қазгидромет» РМК БҚО бойынша филиалымен бірлесіп, Жайық өзенімен Атырау облысының шекарасына дейін тексеру бастамасын көтерді. Жайық өзенінен 3 жерден, оның ішінде Атырау облысының Индер ауданымен шекарадағы Шабдаржап кенті ауданынан алынған су сынамаларынан алынған сынамалар зиянды заттардың жоқтығын көрсетті.
Шағалалы өзені, Ақмола облысы	5 ЖЛ	Жалпы темір Марганец ОХТ	Көшім арнасы мен Қараөзен өзенінде хлоридтер бойынша ШЖК арту фактілері тіркелді.
Ойыл өзені, Ақтөбе облысы	7 ЖЛ	Хлоридтер Қорғасын Фенолдар Минералдану	ШЖК асып кетуі жыл сайын наурыз, қараша айларында байқалады. Хлоридтердің суға түсуі атмосфералық су айналымына, жауын-шашынға және жер асты ағындарына ықпал етеді. Шалқар көлінде су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай классификациясына сәйкес 4495,06 мг/дм ³ (ШЖК=350,0 мг/дм ³) хлоридтер концентрациясының жоғары ластануы байқалады.
Елек өзені, Ақтөбе облысы	25 ЖЛ	Хром ⁽⁶⁺⁾	
Жайық өзені, Батыс-Қазақстан облысы	1 ЖЛ	Ерітілген оттегі	
Деркөл өзені, Батыс-Қазақстан облысы	2 ЖЛ	Хлоридтер	
Қошым арнасы, Батыс Қазақстан облысы	1 ЖЛ	Хлоридтер	
Қараөзен өзені, Батыс Қазақстан облысы	2 ЖЛ	Хлоридтер	
Шалқар өзені, Батыс Қазақстан облысы	2 ЖЛ	Хлоридтер	

			<p>Бекітілген жоспар-кестеге сәйкес, зертханалық-талдау бақылау бөлімінің сынақ зертханасымен жыл сайын мониторинг жүргізіледі. Мониторинг деректері бойынша Шалқар көлінде 2019 жылы хлоридтердің орташа концентрациясы = 4743,9 мг/дм³ ШЖК=350,0 мг/дм³). Мұның себептері Шолақ Аңқаты мен Есен Аңқаты өзендерінен ағатын сулардың болмауы және көлдегі тұздың ұлғаюына әкеп соқтыруы мүмкін су айналымы деңгейінің төмендеуі болып табылады. Көл жер бедерінің төменгі бөлігінде орналасқан, су жинау алаңынан еріген және жаңбыр сулары оған құяды.</p>
Брекса өзені, Шығыс Қазақстан облысы	2 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾ Аммоний иондар	Шығыс Қазақстан облысында беткі су объектілерінде ЖЛ 34 жағдайы тіркелді.
Красноярка өзені, Шығыс Қазақстан облысы	2 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾	Брекса, Тихая, Үлбі өзендерінің ластануы мемлекет меншігіндегі жыныс үйінділерінен тарихи ластанумен, сондай-ақ «Казцинк» ЖШС төгінділерімен байланысты.
Глубочанка өзені, Шығыс Қазақстан облысы	12 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾ Кадмий Аммоний иондар	2019 жылы Экология департаменті ЖЛ тіркелген жағдайлары бойынша «Казцинк» РТКБ ЖШС және «Востокицветмет» ЖШС қызметіне жоспардан тыс тақырыптық тексерулер жүргізді.
Үлбі өзені, Шығыс Қазақстан облысы	8 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾ Жалпы темір	«Казцинк» ЖШС Риддер тау-кен байыту кешеніне (РТКБ) жүргізілген сынақ нәтижелері бойынша тұзды аммоний, нитриттер, мырыш және марганец иондары бойынша төгінділерде ластауыш заттардың рұқсағ етілген шекті шоғырлану нормативтерінен асып кетуі белгіленді, осылайша «Казцинк» РТКБ ЖШС қоршаған ортаға нормативтен тыс эмиссиялар жүргізді.
Тихая өзені, Шығыс Қазақстан облысы	10 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾ Аммоний иондар	«Востокицветмет» ЖШС Красноярка және Глубочанка өзендерінде ЖЛ фактісі бойынша жүргізілген жоспардан тыс тексеруге қатысты Красноярка өзеніне тазартылған шахта суларын ағызуда хлоридтер, сульфаттар, аммоний, нитраттар, нитриттер, мұнай өнімдері, мыс, марганец, мырыш және магний бойынша лаостауыш заттардың ШЖК артуы анықталды. Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұсынымдар мен нұсқаулар берілді.

«Востокцветмет» ЖШС Артемьев өндірістік кешенін тексеру барысында иондар: сульфаттар, темір, марганец, кальций және магний бойынша ағзуда заттардың ШЖК артуы анықталды. Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұсынымдар мен нұсқаулар берілді.

Тексеру нәтижелері бойынша «Востокцветмет» ЕӨК ББФ ЖШС қатысты №1 шығарылым арқылы «Востокцветмет» ЕӨК ББФ ЖШС тазарту құрылыстарынан ағынды сулармен келіп түсетін қалқыма заттар, нитраттар, натриттер, марганец, мырыш, кальций және магний бойынша ластауыш заттардың жол берілетін шекті ағзуларының нормативтерінен асып кетуі анықталды, осылайша «Востокцветмет» ЖШС қоршаған ортаға нормативтен тыс эмиссиялар шығарды.

Тексеру нәтижелері бойынша «Востокцветмет» ЕӨКББФ ЖШС қатысты №2 шығарылым арқылы Қазақстан Республикасының Экологиялық заңнамасын сақтау бойынша «Востокцветмет» ЖШС Ертіс шахтасының тазарту құрылыстарынан ағынды сулармен түсетін сульфаттар, нитраттар, нитриттер, марганец, кальций, мырыш, мыс, мұнайөнімдері, аммоний, хлорид және магний ластауыш заттардың ШЖА нормативтерінен асып кетуі анықталды».

ШҚО бойынша экология департаменті тарихи ластанулардың беткі суларға әсері мәселесі бойынша ШҚО Табиғи ресурстар басқармасына, ШҚО әкімдігіне Шығыс Қазақстан облысының талап етілмеген тарихи қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін оқшаулау бойынша техникалық іс-шараларды орындау және мониторинг бойынша бағдарламаны әзірлеуге бюджет қаражатын бөлу туралы бірнеше рет жүгінген болатын.

Сонымен қатар, Департамент ҚР АШМ Су ресурстары комитетіне Шығыс Қазақстан облысының талап етілмеген тарихи қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін бейтараптандыру бойынша техникалық іс-шараларды орындау және мониторинг бойынша бағдарламаны әзірлеу туралы хаг жолдады.

Сондай-ақ, Департамент ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне Шығыс Қазақстан облысының Глубоко ауданындағы мемлекет теңгерімдегі «Капитальная»

Қара Кеңгір өзені, Қарағанды облысы	43 ЖЛ, 9 ЭЖЛ	Мұнай өнімдері Аммоний-иондар Нитрит ион Ерітілген оттегі Жалпы фосфор Темір Магний Кальций Минералдану БПК ₅	шахтасын жою бойынша жұмыстар жүргізу жолымен техногендік ластанудың алдын алу бойынша шаралар қабылдау туралы хат жолдады. Қарағанды облысы бойынша 81 ЖЛ және 9 ЭЖЛ фактісі тіркелді. «Қарағанды Су» ЖШС Соқыр өзеніне тазартылған ағынды суларды ағызуды жүзеге асырады. Сынамаларды іріктеумен 11 тексеру жүзеге асырылды. Аналитикалық бақылау деректері бойынша нормаланбаған ингредиенттердің - хлоридтер мен ОХТ болуы тіркелді. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ҚД «Саран» шахтасы Соқыр өзеніне өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды ағызуды жүзеге асырады. Жоспардан тыс тексерулер жүргізу кезінде тұзды аммоний (1,25 ШЖА) бойынша эмиссиялар нормативінің асып кетуі тіркелді. «Капиталстрой» ЖШС Соқыр өзеніне ағынды суларды ағызуды жүзеге асырады. Аналитикалық бақылау деректері бойынша: - 18.01.2019 ж. тазарту құрылыстарынан шығарда аммоний азоты бойынша ШЖА нормативтерінің 3,5 есеге артуы тіркелді, нитриттер бойынша асып кету тіркелген жоқ. - 05.02.2019 ж. тұзды аммоний (42,9 ШЖА) бойынша асып кету тіркелді. - 27.02.2019 ж. өзенге ағызуда тұзды аммоний бойынша ШЖА нормативтерінің 43,3 есеге артуы тіркелді. - 03.06.2019 ж. төгіндіде нормаланбаған ингредиент-ОХТ бар екені анықталды. - 02.09.19 ж. - аммоний тұзы бойынша 8,8 есеге асу. - 03.10.19 ж. - аммоний тұзы бойынша 11 есеге асу. - 05.11.19 ж. - аммоний тұзы бойынша 9,2 есеге асу. - 27.12.19 ж. - аммоний тұзы бойынша 8,9 есеге асып кетті. «ПТВС» АҚ Қара Кеңгір өзеніне ағызуды жүзеге асырады. Жоспардан тыс 10 тексеру жүргізілді. 19.03.2019 ж. жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде БПК бойынша ШЖА нормативі 1,2 есеге артты: - 22.05.2019 ж. БПТ бойынша ШЖБТ нормативтерінен 3 есеге асып кетуі анықталды.
Соқыр өзені, Қарағанды облысы	19 ЖЛ	Аммоний иондар Хлоридтер ОХТ	
Шерубайнұра өзені, Қарағанды облысы	18 ЖЛ	Аммоний-иондар Хлоридтер ОХТ	
Сарысу өзені, Қарағанды облысы	1 ЖЛ	Ерітілген оттегі	

			<p>- 02.07.19 ж. - ОБТ бойынша 1,7 есе, сульфаттар бойынша - 1,6 есеге, хлоридтер бойынша-1,3 есеге, мұнай өнімдері бойынша-1,2 есеге артық.</p> <p>- 27.11.19 ж. - ОБТ бойынша 1,3 есеге артық, жалпы темір және фосфаттар нормаланбайды.</p> <p>Тобыл, Желкуар және т.б. өзендерінің беткі сулардағы ЖЛ және ЭЖЛ осы су қоймаларының қалыптасқан табиғи фонына байланысты.</p> <p>Талдау нәтижелері бойынша Аяет, Қараторғай, Шортанды өзендері, Қаратомар және Жоғарғы Тобыл су сақтағыштары бойынша жоғары ластану фактілері расталмады және бір реттік сипатқа ие болды.</p>
Тобыл өзені, Қостанай облысы	33 ЖЛ, 1 ЭЖЛ	Ерітілген оттегі Аммоний-иондар Мырыш ⁽²⁺⁾ Марганец ⁽²⁺⁾ Темір Кальций Магний Сульфаттар Хлоридтер Минералдану ОХТ ОБТ ₅	
Обаған өзені, Қостанай облысы	14 ЖЛ, 1 ЭЖЛ	Ерітілген оттегі Хлоридтер Сульфаттар Кальций Магний Минералдану ОХТ	
Аяет өзені, Қостанай облысы	3 ЖЛ	Хлоридтер ОХТ	
Қараторғай өзені, Қостанай облысы	3 ЖЛ	Хлоридтер ОХТ	
Қаратомар су сақтағышы, Қостанай облысы	1 ЖЛ	ОХТ	
Желкуар өзені, Қостанай облысы	4 ЖЛ	Хлоридтер	
Тоғызқак өзені, Қостанай облысы	2 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾ Магний	

Шортанды өзені, Қостанай обл.	2 ЖЛ	Хлоридтер	Жамбыл облысының Билікөл көлі лас су қоймасы болып табылады. Көлдің ластану себебі гидрогеологиялық және тарихи болып табылады.
Жоғарғы Тобыл су сақтағышы, Қостанай облысы	1 ЖЛ	Мырыш ⁽²⁺⁾	
Билікөл көлі, Жамбыл облысы	2 ЖЛ	Темір ⁽³⁺⁾	
Берікқара өзені, Жамбыл облысы	1 ЖЛ	Темір ⁽³⁺⁾	
Ақсу өзені, Жамбыл облысы	1 ЖЛ	Темір ⁽³⁺⁾	
Қарабалта өзені, Жамбыл обл.	2 ЖЛ	Темір ⁽³⁺⁾	
Тоқташ өзені, Жамбыл облысы	2 ЖЛ	Темір ⁽³⁺⁾	
Шу өзені, Жамбыл облысы	2 ЖЛ	Темір ⁽³⁺⁾ ОХТ	
Сарықау өзені, Жамбыл облысы	2 ЖЛ	Темір ⁽³⁺⁾ ОХТ	
Талас өзені, Жамбыл облысы	2 ЖЛ	ОХТ	
Қорғас өзені, Алматы облысы	6 ЖЛ	Марганец Темір Қалқыма заттар	
Талғар өзені, Алматы облысы	1 ЖЛ	Қалқыма заттар	

Жалпы темір және темір⁽³⁺⁾ бойынша нормалардың аздап артуы антропогендік емес, Алматы облысының барлық өзендері үшін табиғи фактор болып табылатынын атап өткен жөн. Су объектілеріндегі темірдің ең жоғары концентрациясы қыста және жазда судың тоқырауына байланысты байқалады, көктемде және күзде су массаларының араласуына байланысты бұл элементтің деңгейі айтарлықтай төмендейді. Өзендегі қалқыма заттар құрамының артуы ауаның жоғары температурасымен, мұздықтардың белсенді еруімен және таулы жерлерде жауын-шашынның көптігімен байланысты. Бұл құбылыс уақытша, табиғи.

Талғар өзені бойынша. 2019 жылғы 22 тамызда «Қазгидромет» РМК-дан қалқыма заттар бойынша Талғар өзенінде жоғары ластану жағдайлары туралы хабарлама алынды. Осы сынамаларды іріктеу кезінде Алматы облысының таулы өзендерінде сел қаупі бар құбылыстар байқалды, бұл ауа температурасының жоғары болуымен, мұздықтардың белсенді еруімен және таулы жерлердегі жауын-шашынмен байланысты. Осыған байланысты таулы жерлердегі өзендерде су шығынының артуы және, тиісінше, қалқыма заттар құрамының артуы байқалды. Бұл құбылыс уақытша, табиғи.

Тоқпан көлі, Қызылорда облысы	2 ЖЛ, 4 ЭЖЛ	Ерітілген оттегі	06.09.2019 жылы 6 қыркүйекте «Қазгидромет» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалы (№29-05-25/1069 шығыс хат) Қызылорда облысының Арал ауданындағы, Қамыстыбас кентіндегі, Тоқпан көлінің жанындағы су объектілерінде беткі сулардың жоғары ластану жағдайлары туралы жедел мәліметтерді ұсынды. Жоғарыда көрсетілген ақпарат бойынша және бірлескен қаулыға сәйкес департамент және «Қазгидромет» РМК мамандары оқиға орнына шығып, су, атмосфералық ауа және топырақ сынамаларын алды. Суды талдау нәтижелері бойынша құрғақ қалдық, сульфат, мыс нормативтерінің асып кетуі және ерітілген оттегінің жетіспеушілігі анықталды.
Сырдария өзені, Түркістан облысы	1 ЖЛ	Кальций	Зертханалық зерттеулерге сәйкес, кальцийдің асып кетуі анықталған жоқ, нақты концентрациясы -122 мг/л құрады. Екі зертхананың сынақ нәтижелерінің айырмашылығына байланысты 26.12.2019 ж.Сырдария өзенінің су сынамаларын бірлесіп қайта іріктеу және кальций иондары бойынша қатар сынау жүргізілді (ҚР ЭМ ЭРБК және «Қазгидромет» РМК 25.05.2018 ж. № 449-Ө бірлескен бұйрығы). Сынақ нәтижелері: - ТҚ бойынша ЭД РМК ЛАББ - кальцийдің нақты концентрациясы-120 мг/л құрады; - «Қазгидромет» РМК филиалының ТОЛМ зертханасы ТҚ бойынша кальций - нақты концентрациясы-120 мг/л құрады. Су объектілеріндегі су сапасының бірыңғай классификациясына сәйкес Сырдария өзенінің беткі суларындағы кальций иондары бойынша асып кету анықталған жоқ.
Барлығы: 19 с/о ЖЛ 661 және ЭЖЛ жағдайы			

ЖЛ және ЭЖЛ (су объектілері, гидрологиялық тұтамалар, фазалар, ықтимал ластану көздері) бойынша біршама толық ақпарат «Аймақтардың экологиялық проблемалары» 11-бөлімінде және «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/oktsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

3.1.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕРІ СУЛАРЫНЫҢ САПАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

2019 жылға Қазақстан Республикасының трансшекаралық өзендері суларының сапалық жағдайы

«Қазгидромет» РМК 31 трансшекаралық өзенде 35 гидрохимиялық тұстама бойынша беткі сулардың ластану мониторингі жүргізілді:

Ертіс – Боран, Прииртышское ауылы, Есіл-Долматово ауылы, Тобыл – Милютинка ауылы және Аққарға кенті, Әйет – Варваринка ауылы, Тоғыззақ – Тоғыззақ станциясы, Обаған – Ақсуат ауылы, Үй – Үй ауылы, Жайық – Январцево ауылы, Үлкен Қобда – Қобда кенті, Шаған – Чувашинский к. (Каменный к.), Қараөзен – Жалпақтал ауылы, Сарыөзен – Бостандық ауылы, Елек – Целинный және Шілік ауылдары, Ор өзендері – Бөгетсай ауылы, Шаронова саласы – Ганюшкино ауылы, Қиғаш тармағы – Котяевка ауылы, Іле – Добын сағасы, Текес – Текес ауылы, Қорғас – Баскүнше және Ынталы ауылы, Емел – Қызылту, Қарқара ауылдары – тау бөктері, Баянкөл – Баянкөл ауылы, Сырдария – Көкбұлақ ауылы, Шу – Благовещенское ауылы, Талас – Жасөрген ауылы, Асса – Маймақ т/ж ст, Ақсу – Ақсу ауылы, Тоқташ – Жауғаш батыр кенті, Қарабалта – Қырғызстанмен шекарада, Сарықау – Қырғызстанмен шекарада, Желқуар өзені – Чайковский кентінде, Келес – Келес өзені сағасында.

Қазақстан Республикасының су объектілері суының сапасын бағалаудың негізгі нормативтік құжаты «Су объектілеріндегі судың сапасын классификациялаудың бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі – Бірыңғай классификация) болып табылады.

Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы

Ертіс – Прииртышское ауылы, Есіл – Долматово ауылы, Тобыл – Милютинка ауылы, Тобыл – Аққарға кенті, Желқуар – Чайковский кенті, Әйет – Варваринка ауылы, Тоғыззақ – Тоғыззақ станциясы, Обаған – Ақсуат ауылы, Үй – Үй ауылы, Жайық – Январцево ауылы, Шаған – Каменный ауылы, Қараөзен (Үлкен Өзен) – Жалпақтал ауылы, Сарыөзен (Кіші өзен) – Бостандық ауылы, Елек – Целинный және Шілік ауылдары, Үлкен Қобда – Қобда кенті, Ор – Бөгетсай ауылы, Шаронова ағысы – Ганюшкино ауылы, Қиғаш тармағы – Котяевка ауылы.

Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы трансшекаралық өзендері суының сапасы келесідей бағаланады:

1 класс – Ертіс өзені;

4 класс – Есіл, Үй, Шаған, Сарыөзен, Елек (Целинный кенті), Ор, Үлкен Қобда өзендері;

5 класс – Тобыл (Милютинка ауылы), Әйет, Жайық;

су сапасы нормаланбайды (>5 класс): Тобыл өзені (Аққарға кенті), Тоғыззақ, Обаған, Желқуар, Елек (Шелек ауылы), Қараөзен, Шаронова, Қиғаш.

Қазақстан Республикасы – Өзбекстан Республикасы

Бірыңғай классификация бойынша 2019 жылғы су объектілері суының сапасы келесідей бағаланады:

4 класс – Сырдария өзені;

5 класс – Келес өзені.

Қазақстан Республикасы – Қырғызстан Республикасы

Шу өзені – Благовещенское а., Талас – Жасөрген а., Асса – Маймақ т/ж ст., Ақсу – Ақсу ауылы, Тоқташ – Жауғаш батыр к., Қарабалта – Қырғызстанмен шекарада, Сарықау – Қырғызстанмен шекарада, Қарқара – таудан шығар жердегі өзендердің ластану индексі.

Бірыңғай классификация бойынша 2019 жылғы су объектілері суының сапасы келесідей бағаланады:

1 класс – Қарқара өзені;

4 класс – Шу, Сарықау өзендері;

судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): Талас, Асса, Ақсу, Тоқташ, Қарабалта өзендері.

Қазақстан Республикасы – Қытай Халық Республикасы

Қара Ертіс өзені – Боран ауылы, Іле – Добын сағасы, Текес – Текес ауылы, Қорғас – Баскүнше және Ынталы ауылы, Емель – Қызылту ауылы, Баянкөл – Баянкөл ауылы.

Бірыңғай классификация бойынша 2019 жылғы су объектілері суының сапасы келесідей бағаланады:

1 класс-Қара Ертіс, Баянкөл өзендері;
 2 класс - Текес өзені;
 3 класс - Қорғас өзені (Басқұнше ауылы), Емел;
 нормаланбайды (>3-сынып): Іле, Қорғас өзендері (Бінталы ауылы).

2019 жылға Қоршаған орта компоненттерінің радионуклидтері мен макро-микроэлементтерін талдау нәтижелері


2019 жылдың көктемінде және күзінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Ядролық физика институты» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің РМК «Қазгидромет» РМК-мен қоршаған орта объектілерінен іріктелген сынамаларына радионуклидтер мен элементтерді талдау әдістерімен зертханалық-талдау жұмыстарын жүргізді.

3.5-суретте 2019 жылдың көктемі мен күзінде Қазақстанның барлық бақыланатын трансшекаралық өзендерінің суларындағы U-238 және U-234 уран изотоптарының шоғырлану мәндері көрсетілген.

Бұл радионуклидтер концентрациясының ең үлкен шамалары Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өзендеріне сәйкес: Шу, Емел, Сырдария өзендері және әсіресе, Қарабалта өзені. Дегенмен, олардың радиациялық белгісі бойынша құрамы тірі организмдер мен қоршаған орта үшін қауіп төндірмейтінін атап өту қажет, себебі 2019 жылдың көктемінде (499 мБк/л) және күзінде (888 мБк/л) U-234 радионуклид концентрациясының ең жоғары мәндері судағы осы радионуклид үшін (2,8 Бк/л) ҚР санитарлық нормативінен (тиісінше 0,178 және 0,317) өте аз үлесті құрайды. Сонымен қатар осы өзендердің бассейндерінде орналасқан мамандандырылған кәсіпорындар (Қара-Балта, Ак-Тюз, Востокредмет және т.б.) өндірген радиоактивті қалдықтардың едәуір мөлшерін ескере отырып, олардың суларының радионуклидтік және элементтік құрамын тұрақты бақылау қажет.

3.5-сурет

2019 жылдың көктемінде (үстіңгі) және күзінде (астыңғы) Қазақстан трансшекаралық өзен бассейндерінен іріктелген су сынамаларының радиохимиялық талдау нәтижелері




Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2019 жылдың көктемі мен жазында алынған су сынамаларын ИБП - МС және НАТ әдістерімен макроэлементті талдау нәтижелері көптеген өзендердің өзінде зерттелген элементтер өздерінің табиғи таралуына сәйкес кездеседі. Сонымен қатар U (49,9 мкг/л дейін), Mo (35,1 мкг/л дейін), Sr (4821 мкг/л дейін) және Ba (91,3 мкг/л) көптеп Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өзендерінде кездеседі: Емел, Шу, Қарабалта, Сырдария өзендері (3.6, 3.7-суреттер).

3.6-сурет


2019 жылдың көктеміндегі Қазақстан трансшекаралық өзен суларында U, Mo, Sr, Ba кездесу (ИБП - МС деректері, 23-ші экспедиция)



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

3.7-сурет

2019 жылдың күзіндегі Қазақстан трансшекаралық өзен суларында U, Mo, Sr, Ba кездесу (ИБП - МС деректері, 24-экспедиция)



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында судағы уран (химиялық элемент ретінде) үшін ШЖК мәні келтірілмеген. Сонымен қатар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдарының (ДДҰ) ұсынымдарына сәйкес химиялық қауіптілігі бойынша уран 1-класқа жатады және ауыз судағы оның құрамы үшін ШЖК= 30 мкг/л мәні белгіленген. Осы нормативті назарға ала отырып, Қарабалық өз. (49,9 мкг/л) суындағы уранның мөлшері ШЖК=30 мкг/л мәнінен 1,66 есе артық екенін атап өткен жөн.

ҚР Санитарлық ережелеріне сәйкес қауіптіліктің 1-ші және 2-ші кластағы заттары жиынтықтың қасиетіне ие, яғни қауіпті кластағы бірнеше заттар болған жағдайда ластанудың жиынтық көрсеткіші - зияндылықтың лимиттеуші көрсеткіші есептеледі:

$$K_{\text{злк}} = \sum_{i=1}^n C_i / \text{ШЖК}_i$$

1 және 2 қауіптілік класына жататын элементтер концентрациясы болған жағдайда олардың судағы ШЖК мәні 1,0-ден аспауы қажет. Барлық зерттелген көздерде көктемде және күзде іріктеп алынған су үшін $K_{\text{злк}}$ мәндері есептелген. Бұл ретте 2-ші қауіптілік класы элементтерінің шектеулі тізімі назарға алынды: Ag, Al, As, Sr, Mo, Ba, Pb, Sb, Li, B, V. Нәтижелер 3.2 және 3.3-кестелерде келтірілген.

3.2-кесте

Қазақстан Республикасының нормативтеріне сәйкес Қазақстан трансшекаралық өзендері суындағы $K_{\text{злк}}$ шамасы (ИБП - МС деректері, 23-ші экспедиция)

Сынама коды	Al C/ ШЖК	As C/ ШЖК	B C/ ШЖК	Ba C/ ШЖК	Li C/ ШЖК	Mo C/ ШЖК	Pb C/ ШЖК	Sb C/ ШЖК	Sr C/ ШЖК	(ҚР) $K_{\text{злк}}$
CH-WD-25	0,072	0,042	0,298	0,550	0,944	0,004	0,179	0,012	0,095	2,20
UR-WD-25	0,035	0,037	0,166	0,546	0,318	0,005	0,184	0,089	0,077	1,46
IK-WD-25	0,044	0,072	0,398	0,648	0,979	0,006	0,202	0,010	0,101	2,46
EK-WD-25		0,029	0,321	0,479	0,808	0,006	0,021		0,124	1,79
TO-WD-25		0,036	0,364	0,427	1,453	0,010		0,022	0,104	2,42
AY-WD-25		0,026	0,200	0,392	0,325	0,006	0,003	0,030	0,086	1,07
PR-WD-25	0,058	0,029	0,070	0,278	0,120	0,007	0,008		0,030	0,60
IR-WD-25	0,074	0,019	0,082	0,176	0,116	0,011	0,004		0,028	0,51
EM-WD-25		0,067	0,486	0,400	0,321	0,056	0,013	0,017	0,122	1,48
IL-WD-25	0,118	0,037	0,094	0,534	0,167	0,012	0,011		0,049	1,02
TK-WD-25	0,079	0,022	0,081	0,689	0,275	0,010	0,018		0,088	1,26
SH-WD-25	0,057	0,039	0,270	0,828	0,282	0,018	0,003		0,107	1,60
KB-WD-25	0,820	0,074	0,415	0,664	1,085	0,096	0,013		0,397	3,56
TA-WD-25	0,074	0,013	0,146	0,913	0,217	0,012	0,003		0,099	1,48
SD-WD-25		0,035	0,368	0,580	0,853	0,038			0,356	2,23
ШЖК, мкг/л	500	50	500	100	30	250	30	50	7000	

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Қазақстан Республикасының нормативтеріне сәйкес Қазақстан трансшекаралық өзендері суындағы $K_{злк}$ шамасы (ИБП - МС деректері, 24-ші экспедиция)

Сынама коды	Al, C/ ШЖК	As, C/ ШЖК	B, C/ ШЖК	Ba, C/ ШЖК	Li, C/ ШЖК	Mo, C/ ШЖК	Pb, C/ ШЖК	Sb, C/ ШЖК	Sr, C/ ШЖК	(ҚР) $K_{злк}$
CH-WD-26	0,04	0,08	0,43	1,08	1,24	0,01	0,05	0,04	0,12	3,09
UR-WD-26	0,02	0,07	0,35	0,6	0,84	0,01	0,05		0,11	2,04
IK-WD-26	0,03	0,04	0,51	0,52	1,39	0,01			0,17	2,67
EK-WD-26	0,04	0,03	0,56	0,51	0,91	0,01			0,11	2,17
TO-WD-26	0,03	0,12	0,39	0,44	1,14	0,01		0,04	0,11	2,28
Биоәртүрлілікті сақтау үшін ғалымдар биотехнология әдістерін кеңінен қолданады. Тұқымдық банклар жасалады, криоконсервация қолданылады, *in vitro* жасушалар, тіндер мен мүшелер коллекциясы жасалады, микроклоналды көбею қолданылады. Барлық осы әдістер аseptикалық жағдайда жүзеге асырылады, бұл материалды инфекциялар мен аурулардан емдеуге мүмкіндік береді. «Биоәртүрлілікті сақтау үшін өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің жасушалары мен тіндерінің *in vitro* коллекциясын жасау» жобасын орындау шеңберінде өсімдіктердің сирек кездесетін, жойылып бара жатқан, эндемикалық түрлерінің: Қарқаралы бөріқарақатының, Іле бөріқарақатының, Сиверс алмасының және Недзвецкий алмасының экспланттарын сақтаудың микроклоналды көбею хаттамалары және *in vitro* әзірленді.

ҰБО ғалымдары қалаларды көгалдандыру үшін пайдалану мақсатында теректерді (*Populus*), Болле терегін (*Populus bolleana* L.) және Недзвецкий алмасын микроклоналды көбейту технологиясын әзірлеу және енгізу бойынша жұмыстар жүргізді. 2019 жылы ҰБО қызметкерлерімен «Астана-Зеленстрой» АҚ, «Астана орманы» ЖШС, «Жасыл Аймақ» РМК орман тәлімбағы, Маңғышлақ эксперименталды ботаникалық бағы, «Jardin» тәлімбағы,

«Атырау орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ-не 2,6 млн теңге сомасында 3718 көшет отырғызылды.

Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты биоәртүрлілікті сақтау саласында зерттеулер жүргізуде. «Жаңғақ және орман жаңғағының биоәртүрлілігін зерттеу және сақтау және олардың генетикалық ресурстарын Қазақстанда жаңғақ шаруашылығын дамыту үшін ұтымды пайдалану» жобасы шеңберінде алғаш рет флуоресценттік белгілері бар SSR-маркерлерді пайдалану негізінде жаңғақ және орман жаңғағы (*Corylus avellana* L., *Juglans regia* L.) қазақстандық популяцияларының генетикалық әртүрлілігіне бағалау жүргізілді. Қазақстанда алғаш рет жаңғақтардың перспективті сорттары мен жабайы өсетін түрлерінің *in vitro* коллекциясы және 121 үлгіден тұратын бастапқы ДНҚ-банкі құрылды. Микро-клондық көбеюдің биотехнологиялық регламенті әзірленді және жаңғақ пен орман жаңғағының сорттары мен жабайы өсетін түрлерінің гермоплазмасын криоконсервациялау регламенттері оңтайландырылды.

«Қазақстанның жабайы өсетін флорасының молекулярлық-генетикалық және ботаникалық құжаттамасы жөніндегі ақпараттық жүйе» жобасы бойынша Қазақстан флорасының эндемикалық, сирек кездесетін, жойылып бара жатқан және шаруашылыққа пайдалы түрлерінің ботаникалық сипаттамасы (ботаникалық паспорттары және таралуы жөніндегі деректер) бойынша деректер базасын құру жалғастырылды. Орталық Қазақстаннан 75 түрі, 28 тұқымдас өкілдері және Батыс Қазақстаннан 33 тұқымдасының 70 түрі бойынша ақпарат толықтырылды.

Қазақстан флорасының эндемиялық, сирек кездесетін және пайдалы түрлерінің генетикалық әртүрлілігі бойынша деректер базасын құру, ДНҚ-баркодтау маркерлерін – ITS және *matK* пайдалану негізінде түрлердің генетикалық паспорттарын құжаттау жалғастырылды. Қазақстан өсімдіктерінің эндемикалық, сирек кездесетін, жойылып бара жатқан және шаруашылыққа пайдалы түрлерінің 60 нуклеотидінің халықаралық дерекқорына (NCBI) сақтауға берілген.



5-Бөлім

ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

5 - БӨЛІМ. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

5.1. ЖЕР ҚОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығының ортасында екі құрлықтың түйіскен жерінде орналасқан, оның аумағы 272,5 млн га құрайды. Республика аумағының бір бөлігі Еуропада, негізгі бөлігі – Азияда орналасқан. Жер алаңы бойынша Қазақстан әлемдегі ең ірі мемлекеттердің ондығына кіреді, ал жермен қамтамасыз ету деңгейі бойынша жан басына шаққанда Австралия мен Канададан кейін әлемде үшінші орынды алады.

Шектес мемлекеттермен Қазақстан Республикасының құрлықтағы мемлекеттік шекарасының ұзақтығы 13 383 км құрайды, оның ішінде Ресей Федерациясымен - 7 548 км, Өзбекстан Республикасымен - 2 351 км, Қытай Халық Республикасымен - 1 783 км, Қырғыз Республикасымен - 1 242 км, Түрікменстан Республикасымен - 459 км.


Нәтижесінде Қазақстан Республикасы пайдаланатын жер қоры 262860,6 мың га құрайды. 2019 жылы басқа мемлекеттердің жер пайдаланушылары пайдаланатын жер көлемі Ақтөбе және Қарағанды облыстарындағы жалға алынған жерлердің бір бөлігін Ресей Федерациясына қайтару есебінен 352,4 мың га азайды. Шекті жер пайдалану ауданы өзгерген жоқ.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңына сәйкес Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық жүйесінің құрылымына әкімшілік-аумақтық бірліктер кіреді: ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс.

Облыстар бойынша жер қорын бөлу және оларда әкімшілік-аумақтық бірліктердің болуы 5.1-суретте келтірілген.

5.1-сурет

Облыстар бойынша 2019 жылғы жер көлемі



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Оларға бекітілген жерлердің ауданы бойынша ең ірі аймақтар Қарағанды (42,8 млн га), Ақтөбе (30,1 млн га) және Шығыс Қазақстан (28,3 млн га) облыстары болып табылады, оларда республика аумағының 37,1% шоғырланған. Бекітілген жерлердің көлемі аз аймақтар Солтүстік Қазақстан (9,8 млн га), Түркістан (11,7 млн га) және Атырау (11,9 млн га) облыстары болып табылады.

2019 жылғы 1 қарашасына жер балансының деректері бойынша Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына 14 облыс, республикалық маңызы бар 3 қала, 163 әкімшілік аудан,

облыстық, аудандық және кенттік маңызы бар 192 қала, 6 358 ауылдық елді мекен және 2 327 ауылдық (селолық) округ кіреді (5.1-кесте).

5.1-кесте

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктері
(2020 жылғы 1 қаңтарға)

Облыстардың атауы	Әкімшілік-аумақтық бірліктер саны			
	аудандар (қалалардағы аудандарсыз)	қалалар мен кенттер	ауылдық елді мекендер	ауылдық (селолық) округтер
Ақмола	17	15	590	194
Ақтөбе	12	8	316	134
Алматы	17	10	732	246
Атырау	7	2	153	68
Шығыс Қазақстан	12	5	435	148
Жамбыл	10	4	370	150
Батыс Қазақстан	9	21	421	187
Қарағанды	16	9	520	161
Қызылорда	7	6	232	142
Қостанай	5	3	58	37
Маңғыстау	10	7	352	119
Павлодар	13	5	635	186
Солтүстік Қазақстан	13	7	836	177
Түркістан	15	13	691	239
Шымкент қ.	-	1	-	-
Алматы қ.	-	1	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	1	-	-
Барлығы	163	118	6341	2188

Көзі: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті.

2018 жылмен салыстырғанда кенттердің саны өзгеріссіз қалды. Ауылдық елді мекендер саны 113-ке азайды. Өзгерістер облыстық мәслихаттар мен әкімдіктердің бірлескен шешімдері негізінде Ақмола (12), Ақтөбе (28), Атырау (6), Жамбыл (3), Қостанай (28), Павлодар (2), Солтүстік Қазақстан (14) және Шығыс Қазақстан (20) облыстарында болды.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы 5.2-суретте көрсетілген.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы



1. Ақмола	7. Батыс Қазақстан	13. Солтүстік Қазақстан
2. Ақтөбе	8. Қарағанды	14. Түркістан
3. Алматы	9. Қызылорда	15. Шымкент қ.
4. Атырау	10. Қостанай	16. Алматы қ.
5. Шығыс Қазақстан	11. Маңғыстау	17. Нұр-Сұлтан қ.
6. Жамбыл	12. Павлодар	

Жер есебінің деректерін талдау жер санаттары бойынша алаңдарды бөлуде жыл сайын әртүрлі өзгерістер болып жатқанын көрсетеді, бұл туралы 2018-2019 жылдардағы жер қорының құрылымы туралы ақпаратты 5.2-кесте келтіреді.

5.2-кесте

Жер санаттары бойынша жер қорының динамикасы (мың га)

Жер санаттарының атауы	1991	2018	2019	Өзгерістер (+, -)	
				1991 жылға 2019 ж.	2018 жылға 2019 ж.
1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	218 375,8	105 337,4	106 432,6	-111 943,2	1 095,2
2. Елді мекендердің жерлері	3 747,2	24 053,2	24 077,2	+20 330,0	+24,0
оның ішінде:					
қалалар мен кенттер	2 053,5	2 372,6	2 437,4	+383,9	+64,8
ауылдық елді мекендер	1 693,7	21 680,6	21 639,8	+19 946,1	-40,8

3.Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес өзге де жер қажеттіліктері үшін	18 796,8	2 244,6	2 317,7	-16 479,1	+73,1
4.Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық, тарихи, мәдени мақсаттағы жерлер	775,1	7 284,3	7 696,7	+6 921,6	+412,4
5. Орман қорының жерлері	10 179,2	22 737,6	22 398,2	+12 219,0	-339,4
6. Су қорының жерлері	819,9	4 144,6	4 222,1	+3 402,2	+77,5
7. Босалқы жерлер	18 952,3	96 706,5	95 716,1	+76 763,8	-990,4
Жиыны, жерлер	271 646,3	262 508,2	262 860,6	-8 785,7	+352,4
оның ішінде басқа мемлекеттердің аумағында пайдаланатын жерлер	149,8	0,9	0,9	-148,9	-
басқа мемлекеттермен пайдаланатын жерлер	993,7	9 982,9	9 630,5	+8 636,8	-352,4
Республика аумағы	272 490,2	272 490,2	272 490,2	-	-

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Жыл сайын республикада жер құқықтық қатынастары нәтижесінде жер қорының құрамы қайта бөлінеді. 2019 жылы жер санаттарын жер, орман және су заңнамасына сәйкес келтіру жұмыстары жалғастырылды. Жер есебінің деректерін талдау жер санаттары бойынша алаңдарды бөлуде жыл сайын әртүрлі өзгерістер болып жатқанын көрсетеді, бұл туралы 5.3-суретте келтірілген 2017-2019 жылдардағы жер қорының құрылымы туралы ақпарат куәландырады.

5.3-сурет

2017-2019 жылдардағы жер санаттары бойынша жер қоры құрылымының динамикасы, (%)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2019 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада босалқы жерлердің қалған санат-

тарының ауданы 96 706,5 млн га немесе республиканың жер қорының 36,4%-ын (басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлерсіз) құрады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі жер қорының құрылымындағы 106,4 млн га немесе пайдаланылып отырған жердің 40,5%-ын құрайды, республикадағы елді мекендердің жер көлемі 24,1 млн га немесе - 9,2%-ды құрады, оның ішінде қалалар мен кенттер - 2,4 млн га және ауылдық елді мекендер - 21,6 млн га. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлердің жалпы ауданы 2 2317,7 мың га немесе 0,9%-ын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері - 7696,7 мың га немесе 2,9%-ын, орман қорының жерлері - 22,4 млн га немесе 8,5%-ын және су қорының жерлері - 4 222,1 мың га немесе республиканың жер қорының 1,6%-ын құрады.

Республиканың тарихи қалыптасқан әкімшілік-аумақтық құрылысы және біртекті емес табиғи-климаттық жағдайлар ел аймақтарындағы жер санаттары бойынша жер қорының үйлесімі мен құрылымын әртүрлі дәрежеде айқындайды.

Жер санаттары алаңдарында болған өзгерістер жерді бір санаттан екіншісіне ауыстырумен түсіндіріледі – әр түрлі мақсаттар үшін жер учаскелерін беруге және жүргізілген түгендеу мен жерлерді нақтылау нәтижесінде олардың алаңдарын нақтылауға байланысты, бұл туралы жердің жекелеген санаттарының сипаттамасы кезінде баяндалады.

Жер қорын табиғи аймақтар бойынша бөлу


Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, ел аумағында жерлер табиғи жағдайларына байланысты 10 аймаққа бөлінеді:

- 1) орманды далалы;
- 2) далалы;
- 3) құрғақ далалы;
- 4) жартылай шөлейтті;
- 5) шөлді;
- 6) тау бөктеріндегі-шөлді-далалы;
- 7) субтропикалық шөлді;
- 8) субтропикалық-тау етегіндегі-шөлді;
- 9) ортаазиялық таулы;
- 10) оңтүстік Сібір таулы.

Республика аумағы бойынша табиғи жағдайлардың аймақтарын орналастыру 5.4-суретте келтірілді.

5.4-сурет

Республика аумағын табиғи жағдайлар бойынша аймақтарға бөлу



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Табиғи-климаттық жағдайлар топырақтың құнарлы қабатының қалыптасуына, демек, жер алқаптарының сапасы мен жерді пайдалану сипатына айтарлықтай әсер етеді. Олар жердің нысаналы мақсаты мен пайдалану режимін белгілеуге тікелей әсер етеді.

Аймақтарға бөлу табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастырудың маңызды мәселелерін, сондай-ақ экономика салаларын дамыту және орналастыру, аграрлық секторда өндірісті мамандандыру, жер-бағалау жұмыстарын жүргізу, жер кадастрын жүргізу және жерді мониторингілеу, жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау бойынша іс-шараларды әзірлеуді шешудің негізі болып табылады.

5.1.1. ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР, САУЫҚТЫРУ, РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МАҚСАТТАҒЫ ЖЕРЛЕР

Қазақстанның қазіргі жағдайдағы барлық біршама маңызды экологиялық көрсеткіштері бойынша табиғи ресурстар мен қоршаған орта жай-күйінің нашарлауы проблемаға айналып отыр. Республиканың едәуір аумағы экологиялық тұрақсыздықтың жоғары қаупіне ұшырауда. Оның шөлейттену проблемасы өткір жағдайда. Осыған байланысты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың алаңдарын құру және кеңейту бағалы табиғи кешендердің, биоәртүрліліктің сақталуын қамтамасыз етудің, табиғи ортаның биопотенциалын қалпына келтіру мен жақсартудың неғұрлым пәрменді тәсілі болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлеріне мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік аймақтық табиғи парктердің, мемлекеттік зоологиялық және дендрологиялық парктердің, мемлекеттік ботаникалық бақтардың, сондай-ақ мемлекеттік табиғи ескерткіштерінің жерлері жатады.

Жалпы республика бойынша 2018-2019 жылдардағы олардың түрлері мен алаңдары 5.3-кестеде көрсетілген.

5.3-кесте

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері, саны және ауданы

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері	2018 жыл		2019 жыл	
	объектілердің саны	ауданы, мың га	объектілердің саны	ауданы, мың га
Мемлекеттік табиғи қорықтар	10	1 611,4	10	1 611,4
Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер	14	2 667,8	14	2 667,4
Мемлекеттік ұлттық табиғи резерваттар	6	3 122,1	6	3 122,1
Мемлекеттік ұлттық табиғи қорықшалар	50	5 837,3	50	5 837,3
Мемлекеттік қорық аймақтары	5	11 312,4	5	11 311,9
Мемлекеттік табиғи ескерткіштер	26	6,6	25	6,5
Ботаникалық бақтар	6	0,4	7	0,8
Барлығы	117	24 558,0	117	24 557,4

Көзі: ақпарат ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі №593 қаулысымен бекітілген республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тізбесінің деректері бойынша 2019 жылғы 1 қарашадағы өзгерістермен ұсынылды.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің ауданы 0,6 мың га азайды, келесі аудандар мынадай өзгерістерге ұшырады: Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі - 0,05 мың га азайды, «Баум тоғайы» мемлекеттік табиғат ескерткіші республикалық бюджеттен жергілікті маңызы бар мемлекеттік қорық қорына ауыстырылды, құрамында «Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі - 0,1 мың га азайды, Жусандала мемлекеттік қорық аймағы - 0,5 мың га азайды, ал ұлғаюы 0,05 мың га – Астана ботаникалық бағы құрылды.

2019 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректері бойынша осы санаттағы жерлердің жалпы ауданы 7696,7 мың га құрады, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері – 6124,1 мың га, сауықтыру мақсатындағы жерлер – 4,4 мың га, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер – 1568,2 мың га. Бұдан басқа, басқа санаттарда қорықтардың, қорық аймақтарының жерлері және жалпы алаңы 1269,3 мың га табиғи кешендері мен объектілеріндегі жерлер бар (5.4-кесте).

5.4-кесте

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер аудандарының динамикасы, (мың га)

Жер құрамы	1991	2018	2019	Өзгерістер (+, -)	
				1991 жылға 2019 ж.	2018 жылға 2019 ж.
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	770,5	6037,8	6124,1	+5353,6	+86,3
Сауықтыру мақсатында белгіленген жерлер	2,5	3,7	4,4	+1,9	+0,7
Рекреациялық және тарихи-мәдени мақсатында белгіленген жерлер	2,1	1242,8	1568,2	+1566,1	+325,4
Барлығы жерлер	775,1	7284,3	7696,7	+6921,6	+412,4
Сонымен қатар, басқа санаттарға жатқызылған қорықшалар, табиғи ескерткіштер және басқа санаттарда есептелген табиғи кешендері бар жерлер мен объектілер	-	1353,0	1269,3	+1269,3	-83,7

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2019 жылы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлердің жалпы ауданы 412,4 мың га ұлғайды.

Жер балансының деректері бойынша, аталған санаттағы жерлер республиканың барлық облыстарында бөлінген. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрлері жерлерінің ең үлкен ауданы Алматы – 1 642,7 мың га (республика бойынша олардың алаңынан 21,3%), Шығыс Қазақстан - 1542,1 мың га (20,0 %) және Ақтөбе – 1 211,2 мың га (15,7 %) облыстарында. Мұндай жерлердің ең азы Батыс Қазақстан облысында – 12,4 мың га және Жамбыл облысында - 11,6 мың га.

Облыстар бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін бөлу 5.5-кестеде көрсетілген.

2019 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін бөлу, (мың га)

Облыстардың атауы	Барлығы жерлер	оның ішінде:			Сонымен қатар, басқа санаттарға жатқызылған қорықшалар, табиғи ескерткіштер және басқа санаттарда есептелген табиғи кешендері бар жерлер
		ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	сауықтыру мақсатында	рекреациялық және тарихи-мәдени мақсатында	
Ақмола	519,0	518,7	0,3	-	-
Ақтөбе	1 211,2	1 176,6	-	34,6	-
Алматы	1 642,7	978,0	-	664,7	120,2
Атырау	156,5	-	-	156,5	156,5
Шығыс Қазақстан	1 542,1	884,2	1,4	656,5	0,1
Жамбыл	11,6	11,6	-	-	-
Батыс Қазақстан	12,4	12,2	0,2	-	19,0
Қарағанды	550,5	549,8	0,7	-	-
Қызылорда	161,2	160,8	0,4	-	-
Қостанай	742,4	742,1	0,2	0,1	76,8
Маңғыстау	223,4	223,4	-	-	-
Павлодар	357,9	346,4	-	11,5	422,5
Солтүстік Қазақстан	134,9	134,5	0,4	-	429,9
Түркістан	430,9	385,8	0,8	44,3	44,3
Шымкент қ.	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-
Барлығы:	7696,7	6 124,1	4,4	1 568,2	1 269,3

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Жер балансында қорықтардың, табиғат ескерткіштерінің жерлері және жердің басқа санаттарында ескерілген табиғи кешендері мен объектілері бар жерлер бөлінген. 2019 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша олардың жалпы ауданы 1 269,3 мың га құрайды. Мұндай аумақтардың негізгі алқаптары Солтүстік Қазақстан - 429,9 мың га, Павлодар - 422,5 мың га, Атырау - 156,5 мың га және Алматы - 120,2 мың га.

Есептегі деректер бойынша, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, басқа жер санаттарында ескерілген қорғалатын аумақтарды қосқандағы, жалпы көлемі 8 966,0 мың га құрайды немесе бұл республика жер қорының 3,3%-ын құрайды.

2019 жылғы жағдай бойынша республикада 10 мемлекеттік табиғи қорық, 14 мемлекеттік ұлттық табиғи парк, 6 мемлекеттік табиғи резерват, 50 мемлекеттік табиғи қорықша, 5 мемлекеттік табиғи қорықтық аймақ, 25 мемлекеттік табиғи ескерткіш, республикалық маңызы бар 7 мемлекеттік ботаникалық бақ (оның ішінде 1 мемлекеттік дендрологиялық парк) қызмет жасайды.

5.1.2. ОРМАН ҚОРЫНЫҢ ЖЕРЛЕРІ

Орман қоры жерінің құрамына орманды, сондай-ақ ағаш өспеген, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне берілген жер учаскелері кіреді.

2019 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректері бойынша орман қоры жерінің жалпы көлемі 22,4 млн га немесе республиканың пайдаланатын жер қорының 8,3%-ын құрады.

Жер реформасы жылдары орман қоры жерлерінің алаңы негізінен оның құрамына бұрын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының уақытша жер пайдалануындағы жерлерді беруге байланысты екі еседен астамға өсті. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығының шаруашылық субъектілерінің уақытша пайдалануында орман шаруашылығы кәсіпорындарының небәрі 3,0 мың га жері бар. 1991 жылы мұндай жерлер 13,5 млн га болды.

2019 жылы республиканың орман қоры 339,4 мың га азайды, бірақ облыстар бөлінісінде аталған санаттағы алқаптардың азаюы да, ұлғаюы да байқалады.

Алматы облысында азаю жағына едәуір өзгерістер болды – 341,5 мың га, оның ішінде 340,1 мың га ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері санатына ауыстырылды («Гле-Балқаш» МТР ұйымдастырылған), 0,2 мың га өнеркәсіп жерлеріне ауыстырылды, 1,2 мың га – баланста нақтылау.

2019 жылы республиканың барлық аймақтарында орман қоры санаттарының жерлеріне құжаттық тексеру жүргізілді. Нәтижелер баланстық деректерге әсер етті: Ақмола облысының орман қорының жерлері 3,0 мың га азайды, Ақтөбе облысында 1,0 мың га азайды, Атырау облысында 3,0 мың га ұлғайды, Шығыс Қазақстан облысында 1,4 мың га ұлғайды, Жамбыл облысында 1,7 мың га азайды, Қызылорда облысында 3,6 мың га ұлғайды, Қостанай облысында 1,1 мың га азайды, Маңғыстау облысында 1,0 мың га ұлғайды.

Қарағанды облысында орман қоры жерлерінің көлемі (0,1 мың га) біршама азайған – өнеркәсіп жерлеріне ауыстырылды.

5.6-кестеде 1991-2019 жылдардағы орман қоры жерлері алаңының динамикасы толық көрсетілген.

5.6-кесте

Орман қоры жерлері ауданының динамикасы (мың га)

Облыстардың атауы	1991	2018	2019	Өзгерістер (+, -)	
				1991 жылға 2019 ж.	2018 жылға 2019 ж.
Ақмола	508,0	525,7	522,7	14,7	-3,0
Ақтөбе	198,5	216,8	215,8	17,3	-1,0
Алматы	2 281,2	4 037,3	3 695,8	1 414,6	-341,5
Атырау	49,1	53,0	56,0	6,9	3,0
Шығыс Қазақстан	3 161,0	2 152,5	2 153,9	-1 007,1	1,4
Жамбыл	312,1	4 430,7	4 429,0	4 116,9	-1,7
Батыс Қазақстан	209,4	216,9	216,9	7,5	-
Қарағанды	211,5	204,2	204,1	-7,4	-0,1
Қызылорда	1 412,8	6 506,7	6 510,3	5 097,5	3,6
Қостанай	422,6	453,2	452,1	29,5	-1,1
Маңғыстау	242,4	253,2	254,2	11,8	1,0
Павлодар	451,0	127,5	127,5	-323,5	-
Солтүстік Қазақстан	640,4	549,6	549,6	-90,8	-
Түркістан	79,0	3 010,3	3 010,3	2 931,3	-
Шымкент қ.	-	-	-	-	-
Алматы қ.	0,2	-	-	-0,2	-

Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-
Барлығы	10 179,2	22 737,6	22 398,2	12 219,0	-339,4

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Орман қоры жерінің құрылымында орман алқаптары мен ағашты-бұталы екпелер 58,9%-ды (13,2 млн га) алады.

Ең үлкен орманды жермен Солтүстік Қазақстан (88,6%) және Павлодар (86,4%) областарының орман қоры жері ерекшеленеді, неғұрлым азы – Түркістан (16,7%) облысында. Есептік деректерде жеткілікті жоғары болып саналатын (79,0%) Қызылорда облысындағы орман қоры сексеуілді орманның өте қатты сиреуімен сипатталады.

Орман қоры жерлеріндегі алқаптардың түрлері бойынша облыстар бөлінісінде бөлу 5.7-кестеде келтірілген.

5.7-кесте

2019 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша орман қоры жер алқаптарының құрылымы

Облыстардың атауы	Барлық жер, мың га	оның ішінде					
		ауыл шаруашылығы алқаптары		орманды алқаптар және ағашты-бұталы екпелер		басқа жерлер	
		мың га	%	мың га	%	мың га	%
Ақмола	522,7	162,6	31,1	332,4	63,6	27,7	5,3
Ақтөбе	215,8	47,6	22,1	85,8	39,8	82,4	38,2
Алматы	3 695,8	1 257,0	34,0	2 133,8	57,7	305,0	8,3
Атырау	56,0	13,9	24,8	25,9	46,3	16,2	28,9
Шығыс Қазақстан	2 153,9	336,3	15,6	1 449,7	67,3	367,9	17,1
Жамбыл	4 429,0	1 700,2	38,4	2 239,2	50,6	489,6	11,1
Батыс Қазақстан	216,9	36,4	16,8	157,7	72,7	22,8	10,5
Қарағанды	204,1	67,3	33,0	98,3	48,2	38,5	18,9
Қызылорда	6 510,3	458,4	7,0	5 143,6	79,0	908,3	14,0
Қостанай	452,1	152,1	33,6	277,2	61,3	22,8	5,0
Маңғыстау	254,2	93,8	36,9	143,8	56,6	16,6	6,5
Павлодар	127,5	14,1	11,1	110,2	86,4	3,2	2,5
Солтүстік Қазақстан	549,6	54,5	9,9	487,2	88,6	7,9	1,4
Түркістан	3 010,3	2 441,8	81,1	501,7	16,7	66,8	2,2
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	22 398,2	6 836,0	30,5	13 186,5	58,9	2 375,7	10,6

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Орман алаңдары мен ағашты-бұталы екпелер

Республиканың аумағында, жаратылыс жағдайының әртүрлілігіне қарай, орманның әртүрлері кездеседі. Олардың ең көп таралғаны:

- қайың шоқормандар;
- қарағайлы және таспалы шоқормандар;
- таулы ормандар;

- жайылмалы және тоғайлы ормандар;
- сексеуілді ормандар.

2019 жылдың 1 қарашасындағы жер балансының деректері бойынша республикада орман алқаптары 13 736,7 мың га құрады, оның ішінде орманмен көмкерілгені 9 063,7 мың га, ормансызы - 4 519,5 мың га, тәлімбақтар және тұтаспаған орман дақылдары - 153,5 мың га алып жатыр. Ағашты-бұталы екпелер 1 274,8 мың га, сонымен қатар қорғалатыны – 197,2 мың га есептелген.

2019 жылы орман алқаптары 1594,2 мың га ұлғайды, оның ішінде 1970,1 мың га орманмен көмкерілген және 367,3 мың га азайды. Ағашты-бұталы екпелер алқабы 15,3 мың га азайды (5.8-кесте).

5.8-кесте

**Орманды аудандар мен ағашты-бұталы
екпелердің динамикасы (мың га)**

Көрсеткіштер	1991	2000	2018	2019	Өзгерістер (+,-)	
					1991 жылға 2019 ж.	2018 жылға 2019 ж.
Орманды аудандар (аумақтар)	12 791,5	12 955,5	13 736,70	15 330,90	2 539,40	+1 594,20
оның ішінде:						
орманмен көмкерілгені	8 453,3	8 607,4	9 063,70	11 033,80	2 580,50	+1 970,10
ормансызы	4 008,0	4 208,7	4 519,50	4 152,20	144,20	-367,30
тәлімбақтар және тұтаспаған орман дақылдары	330,2	139,4	153,5	144,9	-185,30	-8,60
ағашты-бұталы екпелер (аумақтар)	1 498,8	1 370,5	1 274,80	1 259,50	-239,30	-15,30
оның ішінде қорғалатындары	295,5	211,3	197,2	195	-100,50	-2,20

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Қалыптасқан динамикаға Жамбыл, Алматы және Қызылорда облыстары әсер етті. 2017-2019 жылдары орман шаруашылығы материалдарына сәйкес баланстық деректерді түзету жүргізілген.

Республикада қорғаныштық орман өсірудің үлкен тәжірибесі бар. Алайда, қазіргі уақытта қорғаныштық орман белдеуі олардың мәртебесі туралы ереженің жоқтығына байланысты дағдарыс жағдайында. Орманды қорғау алаңдары екпелерінің айтарлықтай ауданы шабылған және құрғап кеткен. Жаңа қорғау орман екпелерінің жүргізу бойынша жұмыстар тоқтатылған.

Орман алаңдары аумақтың экологиялық қорғаудың маңызды факторы болып табылады. Сондықтан тұтастай алғанда Қазақстан аумағының орман жамылғысының төмендігін ескере отырып, республиканың барлық ормандары негізінен су қорғау, қорғаныс, санитарлық-гигиеналық және денсаулық функцияларын орындайтын I-топтағы ормандарға кіреді. Соңғы жылдары жаңа орман екпелері отырғызылған жалғыз аймақ - республиканың астанасы - Нұр-Сұлтан қ. болып саналады, оның айналасында санитарлы-қорғаныш жасыл аймақ құрылуда.

Аймақтар бойынша негізгі орман алқаптары Қызылорда облысында - 33,6% (сексеуіл), Алматы - 17,1% және Шығыс Қазақстан - 15,6% облыстарында және Жамбыл облысында - 14,6%, ағаш-бұталы екпелер - Шығыс Қазақстан облысында - 29,9% және Алматы облысында - 22,8% тіркелген.

5.1.3. СУ ҚОРЫНЫҢ ЖЕРЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес су қоры су қоймаларымен (өзендермен және оларға теңестірілген тоғандармен, көлдермен, су сақтағыштармен және басқа ішкі су қоймаларымен, аумақтық сулармен) мұздықтармен, шалшықтармен, су көздерінде орналасқан ағыстарды реттейтін су шаруашылығының имараттарымен сонымен қатар көрсетілген су объектілері су қорғау жолақтарымен қамтылған және ауыз су суымен жабдықтаудың су жинау желілерінің санитарлық қорғау аймақтары болып табылады.

2019 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректеріне байланысты су қоры жерінің ауданы республиканың жер қорының 4 222,1 мың га немесе 1,6%-ын құрайды.

5.9-кестеде толық республика бойынша су қоры жері ауданының динамикасы ұсынылған.

5.9-кесте

1991-2019 жылдарға су қоры жері ауданының динамикасы, (мың га)


Алқаптардың түрлері	1991	2018	2019	Өзгерістер (+,-)	
				1991 жылға 2019 ж.	1991 жылға 2019 ж.
Барлық жерлер	819,9	4 144,6	4 222,1	+3 402,2	+77,5
оның ішінде:					
ауыл шаруашылық алқаптары	59,7	132,7	148,0	+88,3	+15,3
су астында, барлығы	725,9	3 855,9	3 890,9	+3 165,0	+35,0
оның ішінде:					
өзендер мен бұлақтардың астында	129,9	284,3	281,8	+151,9	-2,5
көлдердің астында	140,7	2 932,5	2 963,7	+2 823,0	+31,2
жасанды су қоймаларының астында	455,3	639,1	645,4	+190,1	+6,3
басқа жерлер	34,3	156,0	183,2	+148,9	+27,2

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Су қоры жерлерінің құрылымында су астындағы жерлер 3890,9 мың га (92,2%), оның ішінде көлдер – 2963,7 мың га (70,2%), өзендер мен бұлақтар – 281,8 мың га (6,7%), жасанды су қоймалары – 645,4 мың га (15,3%) алып жатыр (5.5-сурет).

5.5-сурет

2019 жылғы су қоры жерлерінің ауданы



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.


2019 жылы келесі облыстарда су қоры жерлерінің санаты ұлғайды: Ақмола - 1,8 мың га, Ақтөбе - 6,5 мың га, Атырау - 1,7 мың га, Жамбыл - 17,4 мың га, Батыс Қазақстан-5,5 мың га, Қарағанды - 7,9 мың га, Қызылорда - 39,7 мың га, Қостанай - 0,9 мың га және Түркістан-1,1 мың га.

Алматы және Маңғыстау облыстарында су қоры жерлері 2,5 мың га азайды.

2019 жылы су қоры жерлерінің жалпы алаңында республиканың барлық облыстарында өзгерістер болды. Аталған санаттағы жерлердің жалпы ауданының өзгеруі 5.6-суретте көрсетілген.

5.6-сурет

2019 жылғы су қоры жерлері алаңының өзгеру динамикасы (мың га)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Өзгерістер Жамбыл облысында суару жүйесінің су шаруашылығы объектілеріне қызмет көрсету үшін мемлекеттік мекемелерді ресімдеу есебінен, Маңғыстау облысында - жерлерді елді мекендер санатына ауыстыру есебінен (Құрық ауылы), Түркістан қаласында - су шаруашылығы объектілеріне жерді ресімдеу есебінен болды.

Жалпы республика бойынша 2019 жылы су қоры жерлерінің ауданы 77,5 мың га ұлғайды.

Облыстар бойынша су қорының жерлерін орналастыру және құрамы 5.10-кестеде көрсетілген.

5.10-кесте

2019 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша су қоры жер алқаптарының құрамы, (мың га)

Облыстардың атауы	Жалпы ауданы	Оның ішінде					өзге жерлер
		Ауыл шаруашылығы алқаптары	су астындағы жерлер				
			барлығы	өзендер мен бұлақтардың астында	көлдердің астында	жасанды су қоймаларының астында	
Ақмола	201,2	3,6	159,7	23,9	111,0	24,8	37,9
Ақтөбе	13,1	5,3	6,7	-	-	6,7	1,1
Алматы	192,0	22,8	155,0	4,4	-	150,6	14,2
Атырау	20,5	0,0	18,0	6,3	11,7	-	2,5

ШЫҒЫС Қазақстан	571,2	20,4	548,8	105,4	139,5	303,9	2
Жамбыл	356,2	16,0	308,4	1,7	293,7	13	31,8
Батыс Қазақстан	81,5	8,1	62,3	53,2	9,0	0,1	11,1
Қарағанды	63,6	19,4	32,5	15,6	0,3	16,6	11,7
Қызылорда	2 287,2	30,7	2210,1	20,0	2190,1	-	46,4
Қостанай	68,0	1,9	65,7	0,4	46,2	19,1	0,4
Маңғыстау	11,8	1,8	-	-	-	-	10,0
Павлодар	78,9	15,2	54,6	23,4	30,7	0,5	9,1
Солтүстік Қазақстан	142,4	1,5	140,0	2,1	128,0	9,9	0,9
Түркістан	134,5	1,3	129,1	25,4	3,5	100,2	4,1
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	4222,1	148,0	3890,9	281,8	2963,7	645,4	183,2


Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Өзендер мен бұлақтардың астында жерлердің негізгі ауданы Шығыс Қазақстан облысында (Ертіс өзені) – 105,4 мың га (37,1%), Қызылорда облысында (Арал теңізі) - 2 190,1 мың га (73,9%), Шығыс Қазақстан облысында жасанды су қоймаларының астында - 303,9 мың га (47,1%) және Алматы облысында - 150,6 мың га (23,3%) тіркелген.

Су объектілерін есепке алуды жетілдіру мақсатында республика аумағы шартты түрде сегіз есептік су шаруашылығы бассейніне бөлінеді, олардың әрқайсысы аумақты сумен жабдықтаудың әртүрлі деңгейімен және су ресурстарын пайдалану шарттарымен сипатталады (5.7-сурет).

5.7-сурет

Су шаруашылығы бассейндерінің орналасу сызбасы



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

5.2. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛҚАПТАРЫ


Ауыл шаруашылық жерлері барлық санаттағы жерлерде бар бірақ, басым түрлері ауыл шаруашылығы жерлерінде 96,8%, елді мекендердің 89,9% және резервтік жерлер 81,9%.

Ауыл шаруашылығының ең құнды жерлері (егістік жерлер, оның ішінде суармалы, көпжылдық өсімдіктер) негізінен ауыл шаруашылығы жерлерінің құрамына жатады.

Республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алаңының динамикасы 5.8-суретте келтірілген.

5.8-сурет

1991-2019 жылдардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер ауданының динамикасы (млн га)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Облыстардың жер қорындағы олардың үлес салмағы 73-74%-дан (Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары) 11-25%-ға дейін (Қызылорда, Атырау облыстары) ауытқиды. Бұл негізінен табиғи-климаттық жағдайлардағы айырмашылыққа және шөлді және жартылай шөлейтті жайылымдық жерлердің кең алқаптарының болуына байланысты.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауданы жыл сайын өсіп келеді, 2005 жылдан бастап 2019 жылға дейін ауыл шаруашылығы жерлерінің ауданы 24,2 млн га артты. 1991 жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жалпы көлемі 218,4 млн га құрады, бұл ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің үлкен көлемімен байланысты болды.

Неғұрлым құнды ауыл шаруашылығы алқаптары (егістік, оның ішінде суармалы, көпжылдық екіпелер) негізінен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамында болады (5.11-кесте).

5.11-кесте

2019 жылғы 1 қарашадағы санаттар бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының бөлінуі (мың га)

Жер санаттары	Барлығы ауыл шаруашылығы алқаптары	Оның ішінде						
		егістіктер		көп жылдық көшеттер	шоғырлар	шабындықтар	жайылым	бақшалар мен қызметтік учаскелер
		барлығы	оның ішінде суармалы					
1	2	3	4	5	6	7	8	9

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	103067,4	25 510,3	1536,5	77,2	1 847,8	2178,8	73 443,0	10,3
2. Елді мекендердің жерлері	21 652,1	328,3	110,2	53,2	106,2	215,6	20 903,7	45,1
3. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер	739,9	14,5	0,5	0,2	6,1	1,6	717,0	0,5
4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	3 542,7	3,2	0,3	0,7	1,4	106,6	3 430,4	0,4
5. Орман қорының жерлері	6 836,0	103,2	3,0	0,8	5,3	233,7	6 492,8	0,2
6. Су қорының жерлері	148,0			0,1	0,1	30,7	116,9	0,2
7. Босалқы жерлер	78 355,0	51,7	14,5	14,7	2 011,3	2 146,0	74 119,9	11,4
Жерлер жиыны	214341,1	26 011,2	1665,0	146,9	3 978,2	4 913,0	179 223,7	68,1
оның ішінде республикадан тыс жерде пайдаланылатын жерлер	0,7	0,1	-	-	-	0,4	0,2	-
Басқа мемлекеттермен пайдаланылатын жерлер	5 460,5	-	-	-	-	220,0	5 240,5	-
Республика аумағы	219800,9	26 011,1	1 665,0	146,9	3 978,2	5 132,6	184 464,0	68,1

*Ескерту: «Жерлер жиыны» жолында басқа мемлекеттермен пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.
Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.*

2016-2019 жылдары барлық облыстар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер босалқы жерлерді игеру есебінен ұлғайды, 2019 жылы республика бойынша олардың жалпы ауданы 1,1 млн га ұлғайды. Ұлғаю Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар және Түркістан облыстарында болды.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының едәуір алқаптары, негізінен жайылымдар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамында - 46,9% және ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы алаңынан - 35,6%, елді мекендерде - 9,9%, орман қорында - 3,1% бар. Бұдан басқа, 5,5 млн га ауыл шаруашылығы алқаптары басқа мемлекеттердің пайдалануында.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының неғұрлым ірі алқаптары Қарағанды - 37,4 млн га, Ақтөбе - 27,0 млн га, Шығыс Қазақстан - 22,6 млн га, Қостанай - 18,1 млн га, Алматы - 15,4

млн га, Батыс Қазақстан – 13,9 млн га, Ақмола-13,1 млн га және Маңғыстау – 12,6 млн га.

Облыстар бөлінісінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді алқаптардың түрлері бойынша бөлу 5.12-кестеде келтірілген.

5.12-кесте

2019 жылғы 1 қарашадағы жайдай бойынша облыстар бөлінісінде алқаптардың түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамы (мың га)

Облыстардың атауы	Жалпы ауданы	Барлығы ауылшаруашылығы алқаптары	Егістіктер	Көп жылдық көшеттер	Шоғырлар	Шабындықтар	Жайылымдар	Бақшалар мен қызметтік учаскелер
Ақмола	10 822,1	10 794,9	5 957,4	2,8	259,8	150,4	4 424,5	-
Ақтөбе	10 672,3	10 533,1	715,8	0,6	247,9	133,8	9 434,4	0,6
Алматы	8 007,4	7 885,9	1 013,7	21,4	69,6	189,5	6 591,4	0,3
Атырау	2 982,6	2 790,3	6,6	0,5	7,5	50,6	2 725,1	-
Шығыс Қазақстан	11 070,8	10 912,4	1 474,2	2,3	57,1	475,3	8 903,3	0,2
Жамбыл	4 612,5	4 476,9	772,7	3,8	-	116,6	3 583,8	-
Батыс Қазақстан	7 039,9	6 984,9	541,8	2,0	462,4	450,0	5 527,2	1,5
Қарағанды	15 169,6	14 750,6	1 244,2	1,9	216,2	225,1	13 063,2	-
Қызылорда	2 701,6	2 175,5	169,5	0,6	38,3	36,3	1 924,0	6,8
Қостанай	10 551,0	10 405,3	6 053,5	9,2	112,4	119,9	4 110,2	0,1
Маңғыстау	5 198,8	4 179,4	0,4	-	0,1	-	4 178,7	0,2
Павлодар	6 195,8	6 118,4	1 776,4	1,5	211,3	145,3	3 983,8	0,1
Солтүстік Қазақстан	7 198,6	6 967,3	4 926,9	2,6	57,4	16,7	1 963,2	0,5
Түркістан	4 209,6	4 092,5	857,2	28,0	107,8	69,3	3 030,2	-
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	106432,6	103067,4	25510,3	77,2	1847,8	2178,8	73443,0	10,3

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатында республиканың ауыл шаруашылығына қатысты неғұрлым құнды жерлері бар: 98,2% егістік, оның ішінде 93% - суармалы, 55,9% - көпжылдық екпелер, 51% - тыңайған жерлер, 44,2% - шабындық, оның ішінде 34,9% - жақсартылған және 47,0% - суармалы суару.


2017-2019 жылдары ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы көлемі біршама өзгерді. Жыл сайын бір санаттан екінші санатқа ауыстыру есебінен ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы қатты өзгермейді. 2019 жылы ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымында егістік 26 011,2 мың га (11,8%), оның ішінде суармалы – 1 666,1 мың га (0,8%), көпжылдық екпелер – 147,0 мың га (0,1%), тыңайған жерлер – 3 978,2 мың га (1,8%), шабындықтар – 5 132,6 мың га (2,3%) құрайды. Табиғи жайылымдар басым – 184 464,0 мың га (84,0%), негізінен шөлейтті және

жартылай шөлейтті түрлері.

2017-2019 жылдары республика бойынша ауыл шаруашылығы алқаптары құрылымының өзгеру динамикасы 5.9-суретте ұсынылған.

5.9-сурет

2017-2019 жылдардағы ауыл шаруашылығы алқаптары құрылымының өзгеру динамикасы, (%)




Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамындағы егістіктің негізгі алқабы егінді аймақтарда - Қостанай (6,0 млн га), Ақмола (5,9 млн га) және Солтүстік Қазақстан (4,9 млн га) облыстарында бар. Шөлейтті және жартылай шөлейтті аймақтарда орналасқан жайылымдық жерлердің неғұрлым ірі алқаптары шоғырланған, атап айтқанда - Қарағанды (13,1 млн га), Ақтөбе (9,4 млн га), Шығыс Қазақстан (8,9 млн га), Алматы (6,6 млн га) және Батыс Қазақстан (5,5 млн га) облыстарында (5.10-сурет).

5.10-сурет

Облыстар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер құрамындағы егістік ауданы (млн га)




Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Шоғырдың ең үлкен ауданы, есептік деректер бойынша Батыс Қазақстан (462,4 мың га), Ақмола (259,8 мың га), Ақтөбе (247,9 мың га), Қарағанды (216,2 мың га) және Павлодар (211,5 мың га) облыстарында есепте тұр (5.11-сурет).

5.11-сурет

2019 жылғы кейбір облыстар бойынша тыңайған жерлер ауданы (мың га)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық сипаттамалары

Топырақтың сипаттамасы

Қазақстандағы әр түрлі климаттық және геологиялық жағдайларға байланысты топырақ жамылғысының әртүрлілігі ауыл шаруашылығы өндірісі бағыттарының кең спектрін дамытуды алдын ала анықтады. Ауыл шаруашылығында топырақ ресурстарын тиімді пайдалану топырақтың табиғаты, елдің топырақ жамылғысының генезисін, географиясын зерттеу негізінде топырақ түзілу үдерісі туралы іргелі білімді талап етеді.

Республика аумағында топырақты бөлу көлденең және тік топырақ аймағының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады

Қазақстан Республикасының жазықтықты аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай төрт топырақ аймақтарымен кескінделген: қалыпты-ылғалды орманды дала аймағы, сұр орман топырақтары, сілтілі қара топырақ және жайылымды-қара топырақ, кәдімгі және оңтүстік орташа сортаңданған далалы аймақ, құрғақ далалы және шөлейтті-далалы қызғылт топырақ аймағы, сұр және сұр қоңыр топырақтар аймағы.

Қалыпты-ылғалды орманды дала аймағы, сұр орман топырақтары, сілтілі қара топырақ және жайылымды-қара топырақ Қазақстанға өзінің оңтүстік шегінен кіреді, Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік бөлігінде шамамен 800 мың га жуық ауданы бар.

Сұр орман топырағы 15,7 мың га құрайды, оның 9,5 мың га ауыл шаруашылық жерлерінің бір бөлігі.

Сілтілі қара топырақ 484,8 мың га есептелген, оның ішінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер құрамында 381,2 мың га.

Сұр орман топырағы мен сілтілі қара топырақтың орманды далалы аймағы ауыл шаруашылық алқаптарының жыртылғандарының ең көп пайызы - 48,6%, республика бойынша орташа көрсеткіш 12,1%-бен сипатталады.

Кәдімгі және оңтүстік қара топырақтың әлсіз құрғақ далалы аймағы Қазақстанның бүкіл аумағы арқылы батысында Орал маңы үстіртінен шығысында Ертіс маңы жазықтарына дейін 2,2 мың км дейін созылып жатыр. Далалы аймақтың жалпы ауданы - 26,5 млн га немесе республика аумағының 9,7%-ы.

Кәдімгі қара топырақтың ауданы 9,2 млн га құрайды. Олар Солтүстік Қазақстан

(5,2 млн га), Қостанай (2,9 млн га) және Ақмола (1,1млн га) облыстарда шоғырланған. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі кәдімгі қара топырақ құрамы 8,1 млн га есептелген.

Оңтүстік қара топырақтың ауданы 11,4 млн га құрайды. Олар негізінен Ақмола – 3,7 млн га, Қостанай – 3,2 млн га, Солтүстік Қазақстан – 2,5 млн га, Павлодар – 1,4 млн га және Ақтөбе облыстарында 0,7 млн га орналасқан. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердегі оңтүстік қара топырақ құрамы 9,9 млн га есептелген.

Қызғылт қоңырлы және қоңырлы топырақтың құрғақ далалы аймақтары Қазақстанның барлық ауыл шаруашылығы аймақтарының кең ауқымдысы. Батысынан шығысқа қарай 2400 км-ге дейін созылады, ені 150-200 километрді құрайды, ол Қазақ ұсақ шоқылары ауданында 600 км-ге дейін кеңейтеді. Құрғақ далалы аймақтың жалпы ауданы республиканың 62,4 млн га немесе 22,9%-ын құрайды.

Құрғақ далалы аймақ табиғи жағдайларының жиынтығы бойынша екі кіші аймаққа бөлінеді: қызғылт қоңырлы топырақтың әлсіз құрғақ далалы кіші аймағы және қоңырлы топырақтың кіші аймағы.

Қызғылт қоңырлы топырақтың ауданы 33,7 млн га құрайды. Олар Солтүстік Қазақстан мен Орталық Қазақстанның барлық облыстарында бар: Қарағанды – 8,8 млн га, Ақмола – 6,7 млн га, Павлодар – 4,7 млн га, Ақтөбе – 4,3 млн га, Қостанай – 4,0 млн га, Батыс Қазақстан – 3,5 млн га, Шығыс Қазақстан облыстарында – 1,6 млн га.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер құрамындағы қызғылт қоңырлы топырақтың көлемі – 28,3 млн га есептелген.

Қызғылт қоңырлы топырақтың құрғақ далалы кіші аймағы батысында рельеф шарттарына байланысты 40-100 км-ден шығысқа қарай 150-225 км-ге дейін. Оған Каспий маңы ойпаты, Орал маңы қыраты, Мұғалжар тауының төменгі бөктері, Торғай үстірті, Қазақ ұсақ шоқылары және Ертіс жазығы кіреді.

Қызғылт қоңырлы топырақтың құрғақ далалы кіші аймағының ауданы қызғылт қоңырлы топырақтың ауданы 1,6 есе кіші және 20,7 млн га құрайды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатында 15,2 млн га есептелген.

Ашық-қызғылт топырақтың шөлді далалы аймағы қызғылт топырақ аймағының оңтүстік бөлігін алып жатыр, қоңыр топырақтың солтүстік шөліне ауысады, батысында Каспий маңы ойпатынан шығысында Алтай мен Тарбағатай тау бөктеріне дейін.

Қызғылт қоңырлы топырақтың ауданы 31,2 млн га құрайды. Бұл аймаққа екі солтүстіктен (Ақмола және Солтүстік Қазақстан), екі оңтүстік-батыстан (Маңғыстау және Қызылорда) және үш оңтүстіктен (Алматы, Жамбыл және Түркістан) басқа көптеген облыстар аумақтарының бөліктері кіреді. Облыстар бойынша ашық-қызғылт топырақ алаңдарының көлемі 7,1-8,9 млн га (Ақтөбе және Қарағанды) 0,7-0,8 млн га дейін (Атырау және Павлодар) айтарлықтай ерекшеленеді.

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер құрамындағы ашық-қызғылт топырақтың көлемі – 10,8 млн га (аймақтың 34,7%-ы) есептелген.

Сұр және сұр қоңыр топырақтың шөлейтті аймағы Қазақстанның кең биоклиматтық аймағының оңтүстік баспалдағы болып табылады. Ол батысынан кең жолақпен 2800 км қашықтықта, солтүстіктен оңтүстікке қарай 850 км дейін созылып жатыр. Бұл республика аумағының 112,1 млн га немесе 41,1%-ды алып жатқан ауданы бойынша ең үлкен табиғи аймақ.

Шөлейт аймағы қоңыр топырақтың солтүстік шөлейті мен сұр-қоңыр топырақтың орташа шөлейті кіші аймағына бөлінген.

Қоңыр топырақтардың ауданы 31,8 млн га, Ақтөбе (8,5 млн га), Қарағанды (7,2 млн га), Атырау (5,5 млн га), Қызылорда (2,9 млн га), Маңғыстау (2,7 млн га), Шығыс Қазақстан (2,2 млн га) облыстарының аумақтарында орналасқан. Сәйкесінше қоңыр топырақтардың біршама ауданы Батыс Қазақстанда (0,9 млн га) және Қостанай облысында (1,4 млн га).

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер құрамындағы қоңыр топырақтың көлемі – 8,0 млн га есептелген.

Сұр және сұр қоңыр топырақтар аймағы 28,6 млн га құрайды. Кіші аймақ Маңғыстау (9,4 млн га), Қызылорда (6,6 млн га), Ақтөбе (0,8 млн га), Қарағанды (4,0 млн га), сондай-ақ Алматы (2,5 млн га), Жамбыл (2,8 млн га) және Түркістан (2,5 млн га) облыстарының солтүстік бөлігін

қамтиды.

Қазақстанның тау бөктерлері жазықтан таулы аймақтарға ауысу болып табылады. Олар республиканың ауыл шаруашылық жерлерінің 6,2%-ын иеленіп, екі аймаққа бөлінеді: тау бөктерлі – шөлейтті-далалы және субтропикалық-тау бөктерлі-шөлейтті.

Солтүстік сұр топырақтың тау бөктерлі-шөлейтті-далалы аймағы Алматы, Түркістан және Жамбыл облыстарының таулы алқаптарын қамтиды. Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында да олардың шағын аудандары бар.

Солтүстік сұр топырақтар кәдімгі, ашық және күрең болып жіктеледі.

Кәдімгі сұр топырақтардың 2%-ы гумус құрамымен орманды тау бөктерін алып жатыр.

Ашық сұр қара топырақ кейде құмдардың перифериясында орналасқан таулардан біршама алыс жатыр. Олардың жеңіл механикалық болуы және құрамында бірнеше гумус (1%-дан артық емес) болуы мүмкін.

Қара қоңырлы қара топырақ тау бөктерінің біршама жоғарғы бөліктерінде жатыр. Олардағы гумустың көлемі 2%-дан артық болуы мүмкін, профилдің үстіңгі жағы қоңыр болып табылады.

Оңтүстік сұр топырақтардың субтропикалық-таулы-шөл аймағы. Тар жолағы бар аймақ Түркістан облысының аумағында 3,5 млн га, оның ішінде ауыл шаруашылық алқаптарын - 3,1 млн га құрайтын батыс Тянь-Шань тау құрылымдарымен шектеседі.

Аймақтық топырақтар болып оңтүстік сұр топырағы табылады және ішінара ормандар мен орман тектес пролювалдық шөгінділерде кездеседі. Біршама бөлігін шалғынды және шалғынды-сұр топырақты, тұзды кешенді сортаңды сұр топырақтар алып жатыр.

Сұр топырақтар ақшыл қызғылт, сұр және сұр-қоңыр топыраққа қарағанда суармалы егін шаруашылығына қолайлы. Ең алдымен, сұр топырақ тұзды және сортаңды емес екеніне байланысты. Сұр топырақтар арасында тұзды сирек кездеседі және сортаң жоқ, нәтижесінде топырақ жамылғысы біркелкі болады.

Қазақстанның таулы аумақтары шамамен 2,5 мың км қашықтықта орналасып, республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс шетіне созылған. Сонымен қатар, Орталық және Батыс Қазақстанда Қарқаралы, Ұлытау, Мұғалжар және басқа аралдар алқабы орналасқан.

Республиканың оңтүстік, оңтүстік батыс тау жүйелерінде таулы алпілі және субалпілі (1,5 млн га), таулы орманды (1,1 млн га), таулы қара топырақты (2,4 млн га), таулы қызғылт (4,0 млн га), таулы сұр топырақты (0,3 млн га), таулы сұр және сұр қоңыр топырақты (0,2 млн га) аймақтық топырақтар қалыптасты.

Интрозоналды топырақтар. Қазақстанда солтүстіктен оңтүстікке қарай өзгеріп тұратын жазық және таулы аймақтық топырақтардан басқаларда интрозоналды топырақтар кеңінен таралған: шалғынды, тұзды, шалшықты, сортаңды. Барлығы дерлік (тұздыдан басқасы) кез келген топырақ аймағында болуы мүмкін, бірақ олар біркелкі бөлінбейді. Сортаңдар көбінесе шөлейттегі сұр қоңыр топырақтар аймағында таралады, ал тұздар көбінесе ашық қызғылт топырақтарының кіші аймағында тікелей орналасқан. Тұздар негізінен қара топырақ аймағының орманды-далалы бөлігінде шоғырланған.

Топырақтың аймақтық сипаттамаларына жүргізілген талдау, республиканың табиғи аймақтарына қатысты топырақ жамылғысының айтарлықтай айырмашылықтарының бар екенін көрсетті, нәтижесінде оның құрамы мен жерді пайдалануына әсер етеді.

Ауыл шаруашылық алқаптарының негізгі аудандары 85,6 млн га немесе 39,9%-ды құрғақ-далалы және жартылай құрғақ аймақтардан тұрады, оның ішінде қызғылт топырақ қоңыр қызғылт – 33,7 млн га, қызғылт – 20,7 млн га және ашық қызғылт топырақ – 31,2 млн га құрайды.

Қара топырақтың барлық кіші түрлердің жалпы ауданы 21,7 млн га немесе 9,8%-ды, ауыл шаруашылық алқаптары, оның ішінде сілтілісі - 0,5 млн га, кәдімгісі - 9,2 млн га, оңтүстік - 11,4 млн га құрайды.

Қоңыр және сұр-қоңыр топырақтар 61,6 млн га немесе 28,6%-ы ауыл шаруашылығы жерлеріне тиесілі.

Тау және тау шатқалдарының топырақтары негізінен қара топырақ - 11,4 млн га, тау жотасы мен тау желегі таулы қызғылт - 11,0 млн га, тау бөктерінде және тау бөктері таулы қара топырақ - 3,9 млн га құрайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы біршама құнды топырақтардың жер санатына жататындары: барлық қара топырақтың 86,7%, қоңыр-қызғылт 79,7%-ы және қызғылт топырақтың 61,5%-ы.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық жағдайы

Республиканың басым аудандарында топырақтың сапасы олардың құнарлылығына теріс әсер ететін белгілердің болуы қиындықтар туғызады.


Ауыл шаруашылық жерлерінің сапасын ескеру үшін топырақты жалпы бағдармен және мелиоративтік шаралардың сипатын біріктіретін мынадай мелиоративтік топтар қабылданды:

I – күрделенбеген теріс белгілерімен, II – қиыршық тасталған; III – тұзды; IV – сортаңды; V – шайылған; VI – дефлирленген; VII – су және жел эрозиясына бірлесіп ұшыраған; VIII – ылғалды; IX – шалшықты; X – басқа.

Көрсетілген сипаттамаларға сәйкес ауыл шаруашылығы алқаптарының, суарылмайтын және суарылатын егістік жерлерінің сипаттамасы кейінгі жылдары аталған жерлердің құрылымы мен аудандарында орын алған өзгерістерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының жерлерінің сапалық жағдайы туралы есеп 5.12-суретте және 5.13-кестеде көрсетілген.

5.12-сурет

2019 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық сипаттамасы (млн га)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

5.13-кесте

2019 жылғы 1 қарашадағы мелиоративтік топтар бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының бөлінуі

Мелиоративтік топтар	Ауданы, мың га	Үлес салмағы, %-бен
Барлық ауыл шаруашылығы алқаптары	214341,1	100
Оның ішінде:		
Күрделенбеген теріс белгілерімен	41 516,9	19,4
оның ішінде жер бөлу үшін сөзсіз жарамдылары	23 556,3	-

Қиыршық тасталған және тасты	42240,5	19,7
Тұзды	35 817,4	16,7
Сортаңды	58 164,9	27,1
Шайылған	4 950,3	2,3
Дефлирленген	24 168,1	11,3
Су мен жел эрозиясына бірлесіп ұшыраған	201,7	0,1
Ылғалды	2 947,6	1,4
Шалшықты	1 083,6	0,5
Басқа	3250,1	1,5

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда мелиоративтік топтар бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының бөлінуі тұрақты болып қалады.

I-ші топ - күрделенбеген теріс белгілермен. Оған пішіні қандайда бір қолайсыз жағдайлармен күрделенбеген (сортаңдалған, шайылған және тағы басқа) топырақтар жатады, бұл ретте олар арнайы мелиорация мен ауыл шаруашылығы техникасын талап етпейді, олардың өнімділігі жоғары.

Көрсетілген топырақ тобы Қазақстанда ауыл шаруашылық алқаптарының 41,5 млн га немесе 19,4%-ын құрайды. Бұл топ егістік құрамында егістіктің барлық ауданының 16,9 млн га немесе 64,8% (26,0 млн га) алып жатыр.

Топырақты жерге бөлу үшін сөзсіз қолайлысы 23,6 млн га немесе барлық ауыл шаруашылығы алқаптарын алып жатқаны 11,0%. Егістік құрамында пайдаланатын қарапайым аймақтық агротехниканы немесе күрделі емес мелиоративті іс-шараларды жүргізуге мұқтаж топырақтың сапасы бойынша біршама аудандардың сөзсіз қолайлысы Қостанай 5,4 млн га, Ақмола 5,0 млн га, Солтүстік Қазақстан облыстарында 4,2 млн га анықталды. Қалған облыстарда Атырау (0,4 мың га) және Маңғыстау облыстарын қоспағанда бұл аудан олардың әрқайсысы бойынша 200-ден 900 мың га құрайды.

II-ші топ - қиыршық тасталған. Оларға аз дамыған және толық өңделмеген, тамыры терең және басқалар жатады. Жалпы ауданы 42,2 млн га немесе ауыл шаруашылық алқаптарының 19,7%-ын құрайды. Мұндай топқа жататындар шоқылы және шоқыаралық кеңістіктерде, негізінен тау бөктерінде және таулы аудандарда Шығыс-Қазақстан - 12,1 млн га, Жамбыл - 2,8 млн га, Алматы - 2,7 млн га, сонымен қатар Қарағанды - 13,5 млн га, Павлодар - 2,8 млн га, Ақмола - 2,4 млн га, Ақтөбе облыстарында - 2,1 млн га шоқылы және шоқы аралық жазықтықтар кең тараған.

Бұл мелиоративті топтың біршама ауданын күшті және өте күшті қиыршық тасталған топырақ - 25,2 млн га, орташа және әлсіз қиыршық тасталған топырақ 8,3 млн га және 8,7 млн га құрайды.

III-ші топ - тұзды. Республиканың 35,8 млн га тұзды топырақ болып есептеледі немесе ауыл шаруашылық алқаптары жалпы ауданының 16,7%-ын құрайды.

Топырақтың тұздану деңгейіне сондай-ақ, кешенді тұздардың құрамына байланысты үш топқа бөлінеді:

- әлсіз тұздыға 10%-ға дейінгі тұз кешеніндегі барлық тұзды топырақ кіреді, олардың жалпы ауданы 11,5 млн га құрайды;
- орта тұздыға, тұз кешеніндегі барлық 10-нан 30%-ға дейінгі тұзды топырақ кіреді, олардың жалпы ауданы 7,3 млн га;
- күшті тұздыға тұз кешеніндегі барлық 30-дан 50%-ға дейінгі және одан жоғары тұзды топырақ кіреді, жалпы ауданы 14,2 млн га құрайды.
- сортаңдылар бөлек 2,8 млн га алып жатыр және бөлек бір топты құрайды.

Егістікте - 2,4 млн га тұзды топырақ орналасқан, олар Ақмола облысында - 0,66 млн га, Қостанай - 0,6 млн га, Солтүстік Қазақстан - 0,28 млн га, Жамбыл - 0,18 млн га, Қызылорда - 0,16 га, Түркістан - 0,11 млн га құрайды ал, басқа облыстарда тұзды егістік аудандары таргылмаған.

IV-ші топ – сортаңды. Республика ауданы бойынша 58,2 млн га немесе ауыл шаруашылығы алқаптарының 27,1%-ын құрайтын мелиоративтік топтардың біршама ірісі болып табылады. Сортаңды топырақ топтарға бөлінеді:

- сортаңдалмаған жер, біртекті контурлары бар нашар сортаңдалған немесе сортаңдалмаған қыртыстың ұсақ сортаңдалуы, орташа 10-дан 30%-ға дейін және терең сортаңдалған 50%-ды құрайды. Жалпы ауданы 18,2 млн га (31,3%);
- біртекті контурлары бар орташа сортаңдалған жер, орташа сортаңдалған сортаңдалмаған және сортаң қыртыспен сортаңдалған топырақтың ұсақ, орташа 30%-дан 50%-ға дейін терең сортаңдалған құрайды. Жалпы ауданы 10,9 млн га (18,7%);
- күшті сортаңдалған жер, күшті сортаңдалған топырақ, сортаң басымдылықты кешенін (тереңнен басқа) құрайды. Жалпы ауданы 29,1 млн га (50,0%).

Аймақтық жоспарда сортаңды жерлер негізінен Ақтөбе (11,5 млн га), Қарағанды (11,4 млн га), Батыс Қазақстанда (7,1 млн га) облыстарында орналасқан. Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында осындай жерлер 3 тен 4 млн га дейін. Республиканың оңтүстік облыстарында сортаңды жерлер әрқайсысы 1 млн га аз жерді қамтиды.

V-ші топ – су эрозиясына ұшыраған (шайылған). Ауыл шаруашылық алқаптары аудандарының 4,9 млн га орын алады, оның ішінде 1,2 млн га егістік болып келді. Ақмола, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының көп аудандарының ең көп аудандарында шайылған топырақтың егістік құрамы анықталды.

VI-шы топ – жел эрозиясына (дефлирленген) ұшыраған. Мұндай топырақтар 24,2 млн га саналады, оның ішінде егістікте 0,5 млн га, оның 74%-ы Павлодар облысында орналасқан.

VII-ші топ – су және жел эрозиясына бірлесіп ұшырағандар. 201,7 мың га ауданда анықталған. Топырақ эрозиясының толық сипаттамасы осы есептің 2.4.1-бөлімінде баяндалған.

VIII-ші топ – ылғалды. Республикада 2,9 га құрайды, оның 224,9 мың га егістікте орналасқан. Аталған топ негізінен гидроморфтық және жартылай гидроморфтық топырақпен берілген. Жайылмалы жерлер 1,1 млн га ал, жайылма сыртындағы жерлер 1,8 млн га құрайды.

Бұл топтың біршама маңызды аудандары Қарағанды облысында – 0,6 млн га. Қостанай, Батыс Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе, Алматы облыстарында 0,2-0,3 млн га ылғалды жерлер есептелген.

IX-шы топ – шалшықты. 1,1 млн га орналасқан, оның ішінде егістік жерлерде – 23,9 мың га, суармалы егістік жерлерде – 15,3 мың га орналасқан. Олар өте ылғалды жағдайда негізінен батпақты шалғынды-батпақты топырақта қалыптасқан. Маңғыстау облысынан басқа аумақтарда кіші учаскелерде орналасқан. Олар құрғату бойынша мелиоративті күрделі іс-шараларды талап етілетіндіктен оларды егістік жерлерде пайдаланған жөн.

X-ші топ – өзгелер. Ауданның 3,3 млн га алып жатыр. Бұл топта сапасы бойынша жоғарыда аталған мелиоративті топтардың ешқайсысына кірмейтін топырақ тобы ескерілген. Бұл сортаңды, тақыр, құмды-сәулелік, сонымен қатар теріс белгілері жоқ құмды, автоморфты, жартылай гидроморфты, тас аралас топырақты, кесекті, сайлы-батпақты кешендер, сор сортаңдылар және тағы басқа жерлерден құралған аралас топырақ. Барлық топырақты аймақтар кіші учаскелермен қамтылған, олардың ішінде құрғақ далалы жерлерде қызғылт қара қоңырлы және қызғылт топырақ – 2,0 млн га, жартылай құрғақ аймақта ақшыл-қызғылт топырақ – 0,3 млн га, құрғақ аймақтарда қоңыр және сұр-қоңыр топырақ – 0,5 млн га құрайды. Аймақтық жоспарда өзге топтың негізгі аудандары Ақтөбе (0,7 млн га), Қарағанды (0,6 млн га), Павлодар (0,5 млн га) облыстарын қамтиды. Егістік жерлерде олар 67,0 мың га құраса оның ішінде, Павлодар облысында – 22,8 мың га, Солтүстік Қазақстан облысында 18,1 мың га, Қостанай облысында 13,1 мың га құрайды.

Ауыл шаруашылығы алқаптарын мелиоративті топтар бойынша тұтастай талдап бөле отырып, ауыл шаруашылығына белгіленген жерлердің санаттарында жердің мелиоративін біршама сапалы деп қорытындылауға болады. Ауыл шаруашылығы алқаптары құрамында бұл жер санаттары жер бөлу үшін сөзсіз қолайлы болатын теріс белгілері көп байқалмайтын мелиоративті топ 28%-ды құрайды. Әлсіз деңгейдегі теріс белгілері бар басқа мелиоративті топтардың үлес салмағы 24%-ға жуық. Ауыл шаруашылығы алқаптары орташа және күшті деңгейдегі теріс белгілері бар басқа мелиоративті топтардың үлес салмағы олардың жалпы

Су эрозиясына ұшыраған (шайылған) ауыл шаруашылығының эрозияға ұшыраған жер аумағының жалпы көлемі 4,9 млн га немесе 2,3%-ды құрайды.

Республиканың барлық облыстарында топырақтың сумен эрозияға ұшырауы және оның рельеф сипатының даму қарқындылығына (бөктердің құламалылығы мен ұзындығы, су жиналудың кеңдігі мен пішіні), жауын-шашынның саны және қарқындылығына, топырақтың түрі мен механикалық құрамына, корбанаттылығына, тұздылығына, су өткізгіштігіне және жер алқаптарының пайдалану сипатына ықпал етеді. Түркістан (0,9 млн га), Алматы және Маңғыстау (0,8 млн га), Ақмола (0,6 млн га) облыстарында ауыл шаруашылық жерінің шайылған топырақ құрамының көп бөлігі бар.

Жеңіл эрозиялы егістік дәрежесіне байланысты әлсіз эрозиялысы 418,1 мың га немесе оның жалпы ауданының 80%-ын құрайды, орташа және қатты эрозиялысы - 253,7 мың га (20%). Басты таралған жерлері Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстары.

Ауыл шаруашылық жерлерінің эрозияға ұшыраған жалпы ауданынан 1 768,0 мың га егістік алқап орналасқан, оның ішінде 1 220 мың га (69,0%) шайылған, 451,8 мың га (25,6%) дефлирленген және 96,2 мың га (5,4%) - су және жел эрозиясына ұшыраған.

Жеңіл эрозиялы егістік жер негізінен Ақмола облысының карбонатты топырағында (317,9 мың га), Павлодар құмды топырақтарында (223,7 мың га) және Түркістан (214,9 мың га), Шығыс Қазақстан (234,0 мың га), Қарағанды (95,7 мың га) және Алматы (85,8 мың га) облыстарының шайылған жерлерінде орналасқан. Орта және жоғары эрозияға ұшыраған егістік жерлердің жалпы ауданының 43,6%-ы Павлодар облысында. Жел мен су эрозиясының бірлескен көрінісі негізінен Батыс Қазақстан облысында (99,4%) байқалды.

Эрозиялық үдерістің теріс әсерін азайту үшін жер алқаптарының қолдану жай-күйін кешенді эрозияға қарсы іс-шаралар (ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман - мелиоративтік, гидротехникалық), бейімделген-ландшафтты егіншілік жүйесіне көшу қажет.

5.4. ЖЕРДІҢ ЛАСТАНУЫ

Қазақстан Республикасында топырақтың ластануы өзекті мәселе болып отыр және ол республикалық қана емес, сонымен қатар халықаралық маңыздағы проблема болып табылады.

Республикада едәуір жерде топырақ-өсімдік жамылғысы ауыр металдармен, мұнай өнімдерімен және күрделі органикалық заттармен ластануда, бұл өнеркәсіп кәсіпорындары мен көліктерден шығатын заттарға байланысты болып отыр.

Ластанудың негізгі көздері атмосфераға шығарылатын заттар, өнеркәсіп кәсіпорындарының, энергетиканың, әскери-өнеркәсіп кешенінің қатты және сұйық қалдықтары, шаруашылық-тұрмыс қалдықтары, автокөлік болып табылады. Әдетте біршама ластанған аймақтар автожолдардың бойында, өнеркәсіп кәсіпорындары мен аэродромдардың маңында, сондай-ақ ауыр металдарды, күкірт пен азот оксидтерін трансшекаралық тасымалдау аймақтарында аз көлемді алады.

Қазақстанда жыл сайын 5-6 млн тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдықтар түзіледі, оның ішінде қалыптасқан ТҚҚ көлемінің небәрі 5%-ына дейін кәдеге жаратылады және қайта өңделеді, ал қалған барлық көлем полигондарға орналастырылады. Бұдан басқа, жыл сайын республикада 700 млн тонна өнеркәсіптік қалдықтар түзіледі, оның ішінде 250-300 млн тоннаға жуығы улы қалдықтар.

Барлық өнеркәсіптік аймақтарда экологиялық қауіпті әсер ету аймақтары бар: террикондар, үйінділер, карьерлер, бұрғылау ұңғымалары, жалпы ауданы 60 мың га астам тау-кен өндірісінің қалдықтары.

2019 жылы топырақ жағдайының санитарлық-эпидемиологиялық мониторингімен санитарлық-химиялық көрсеткіштерге 5303 топырақ сынамасы зерттелді, оның ішінде 9 сынама (0,16%) нормативтерге сәйкес келмеді (5.14-кесте).

**2019 жылға Қазақстан Республикасындағы топырақ жағдайының
санитарлық-эпидемиологиялық мониторингі**


Аумақтың атауы	Топырақ сынамасын зерттеу					
	санитарлық химиялық көрсеткіштер, бірл.		бактериологиялық көрсеткіштер, бірл.		гельминттер жұмыртқалары, бірл.	
	зерттелген сынамалар	оның ішінде СН сәйкес келмегені	зерттелген сынамалар	оның ішінде СН сәйкес келмегені	зерттелген сынамалар	оның ішінде СН сәйкес келмегені
Қазақстан Республикасы	5303	9	6515	248	8933	95
Ақмола	11	0	83	0	299	11
Ақтөбе	124	0	581	13	228	13
Алматы	175	0	181	0	174	0
Атырау	21	0	27	0	37	0
Шығыс Қазақстан	41	0	175	12	170	2
Жамбыл	212	0	165	0	159	2
Батыс Қазақстан	540	0	512	0	682	32
Қарағанды	417	0	471	5	518	3
Қызылорда	461	0	300	0	638	3
Қостанай	161	0	205	20	844	0
Маңғыстау	612	0	811	25	1068	2
Павлодар	766	9	1216	91	1936	18
Солтүстік Қазақстан	43	0	116	0	476	0
Түркістан	1194	0	1358	37	1237	2
Шымкент қ.	23	0	20	12	4	1
Алматы қ.	0	0	0	0	268	5
Нұр-Сұлтан қ.	500	0	268	33	184	0
Көлікте	2	0	26	0	11	1

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Павлодар облысында сәйкес келмейтін сынамалар 1,17% (766/9). Құрамы бойынша қорғасынның ШЖК артуы Екібастұз қ., Ақсу қ., Железинка ауданының шағын аудандарындағы ойын аландарынан топырақ сынамаларында анықталды.

2019 жылы бактериологиялық көрсеткіштер бойынша 6515 сынама зерттелді, оның ішінде 248 немесе 3,8%-ы санитарлық талаптарға сәйкес келмеді, ал 2018 жылы - 163/3,3%. Санитарлық ережелерге сәйкес келмейтін сынамалар Ақтөбе - 2,2%, Павлодар - 7,48%, Шығыс Қазақстан-6,8%, Қызылорда - 9,7%, Маңғыстау - 3,0%, Түркістан - 2,7% облыстарында және Алматы - 14,6% және Шымкент қалаларында - 12,3% анықталды (5.14-сурет).


2019 жылға бактериялогиялық көрсеткіштердің санитарлық ережелеріне сәйкес келмейтін сынамалары



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Гельминт жұмыртқаларына 8933 сынама зерттелді, оның ішінде оң сынама 95 немесе 1,0%, ал 2018 жылы – 0,6% (7352/95). Топырақтың сәйкес келмейтін сынамалары келесі облыстарда: Батыс Қазақстан – 4,6%, Ақмола – 3,6%, Ақтөбе – 5,7%, Павлодар-0,9%, Нұр-Сұлтан қ. – 1,8% және Алматы қ. – 0,25%, көлікте - 9,0% (5.15-сурет).

2019 жылы гельминт жұмыртқаларына топырақ сынамаларын зерттеу



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2019 жылы «Қазгидромет» РМК топырақтың ластану жағдайын бақылауды республиканың 14 облысының 102 елді мекенінде және Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында жүргізді.

Топырақ сынамасы 2019 жылғы көктемде және күзде елді мекеннің бес нүктесінен алынды. Нүктелерді таңдау жүктелген автомагистралдарды, өнеркәсіптік нысандарды, сондай-ақ мектептер мен рекреациялық аймақтарды есепке ала отырып, елді мекенді барынша толық

қамтуға негізделген.

Урбанизацияланған аумақтарда топырақтың ластануын зерттеу кезінде сынамаларды мұнай өнімдерінің, мыстың, кадмийдің, қорғасынның, мырыш пен хромның (6+) құрамын анықтау үшін Атырау облысының 5 кен орнында және мұнай өнімдерінің, мыстың, никельдің, қорғасынның, мырыштың, марганец пен хромның (6+) құрамын анықтау үшін Маңғыстау облысының 4 кен орнында іріктеп алынды.

Қалалардағы кадмий, қорғасын, мыс, мырыш және хром бойынша ШЖК-нің артуы ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтарының шекарасында және ірі автомагистралды аудандарда анықталды.

Шығыс Қазақстан облысы жерінің ластануы мыс, мырыш, кадмий, қорғасын, мышьяк қосылыстарымен байланысты. Улы қалдықтар санитарлық-экологиялық талаптарға сәйкестендірілмеген полигондарда орналастырылған. Қорғасынның ауытқуы Шемонайха, Глубокое және Алтай аудандарының аумағын қамтиды. Алтай, Өскемен, Риддер қалалары басынша қолайсыз болып табылатын аудандарға жатады.

Павлодар облысында машина жасау, химия, көмір өндіру және мұнай өңдеу өнеркәсібі, Екібастұз МАЭС-і ластауыш көздер болып табылады. Жиналған қалдықтардың көлемінің тұрақты түрде көбеюі нәтижесінде олардың сақталу және көму орнының абаттандырылмауының нәтижесінде қоршаған ортаға ластауыш заттардың көшуі байқалады.

Қарағанды облысы жерлерінің ластануы тау-кен және металлургия өнеркәсібімен байланысты. Облыста 350-ден астам сақтау полигондары, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар бар. Балқаш тау-кен металлургия комбинатының нормативтен тыс шығарындылары топырақ мыс, мырыш, кобальт, кадмий және қорғасынмен ластануына алып келді.

Қызылорда облысында жер ресурстарының ауыр металдармен және мұнай өнімдерімен ластануын туғызатын кәсіпорындар мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар болып табылады. Мұнай игеруден басқа, жер ресурстарының ластануына әкелетін кәсіпорындар саласына түсті металдарды және табиғи радиоактивті кендерді игеру жатады.

Қостанай облысының техногенді ластанған жерлері қаланың өнеркәсіп аймақтарында, қазбаларды өндіру және өңдеу аймақтарында таралған. Аймақта Троицк МЭАС-і мен Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының үйінді сақтағышымен қоршаған ортаны ластауы маңызды мәселе болып тұр.

Солтүстік Қазақстан облысының алтын және полиметалл кен орындарын өндіру күшәла және ауыр металдармен жердің ластануын тудырады.

Республикада табиғи ортаның мұнаймен және оны қайта өңдеу өнімдерімен ластануы өзекті экологиялық проблема болып табылады. Топырақтың мұнай және мұнай өнімдерімен ластануы топырақ микрофлорасының функционалдық белсенділігінің іс жүзінде толық депрессиясын тудырады. Топырақтың физика-химиялық қасиеттері өзгереді, су-ауа режимі нашарлайды, биоценоздардың құрылымы өзгереді. Мұның барлығы жалпы экожүйедегі тепе-теңдіктің бұзылуына алып келеді және экологиялық тізбектің барлық буындарына теріс әсер етеді.

Топырақ пен қоршаған ортаның ластануының үлкен үлесі Атырау облысына - 59%, Ақтөбе облысына - 19 %, Батыс Қазақстан облысына-13% және Маңғыстау облысына - 9% тиесілі. Батыс Қазақстандағы мұнаймен ластанудың жалпы ауданы 194 мың га, ал төгілген мұнай көлемі - 5 млн тоннадан астам құрайды. Осылайша, Атырау облысындағы зерттеулер жердің мұнай өнімдерімен ластануының ең жоғары деңгейі Мақат кен орны маңында анықталғанын көрсетті.

5.5. ЖЕРЛЕРДІҢ БҮЛІНУІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

2019 жылдың соңына қарай кен орындарын игеру кезінде пайдалы қазбаларды өндіру, оларды өңдеу және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде өнеркәсіп объектілерінің құрылыс барысында бұзылған, желілік имараттар мен басқа кәсіпорындар 244,9 мың га жер бүлінген деп есептеледі. Оның ішінде 56,1 мың га өңдеуге және қайта қалпына келтіруге жа-

тады.


Бүлінген жер аудандарының басым бөлігі өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметіне, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер санаты жатады.

2019 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жер балансының деректерінің республикада аршынды және тау жыныстарының үйінділері, үйінді сақтағыштары, күл үйінділері, көмір және тау-кен әзірлемелерінің карьерлері, мұнай алаңдары мен амбарлар орналастырылатын 241,3 мың га бүлінген жерлер бар.

Аймақтық жоспарда бүлінген жерлердің басым көлемі үш облыста: Маңғыстау облысында 72,7 мың га және өңделгені 9,4 мың га, Қарағанды облысында 45,2 мың га және 10,7 мың га сәйкесінше, Қостанай облысында 38,3 мың га және 13,8 мың га, сәйкесінше өңделгені (5.16-сурет).

5.16-сурет

Кейбір облыстардағы бүлінген жерлердің саны (мың га)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Барлығы республикада өз аумағында бүлінген жерлері бар 3 419 кәсіпорындар мен ұйымдар есептеледі.

2019 жылы республика бойынша 2,8 мың га жер бүлінген, 6,0 мың га жер өңделді және бүлінген жерлердің 5,9 мың га қайта қалпына келтірілді. Бүлінген жерлердің басым ауданы Маңғыстау облысында 5,8 мың га жер қалпына келтірілді.



6-Бөлім
АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ

6-БӨЛІМ. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 2012 жылғы деңгейден 4 еседен астамға өсті (6.1-кесте).

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2019 жылы ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 2466,0 мың теңгені құрады.

6.1-кесте

2013-2019 жылдардағы тұрақты және жоғары өнімділікті ауыл шаруашылығын дамыту

Индикатордың атауы	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі (2012 жылғы деңгейге қарағанда өсу (%-бен))	өсу 1,28 есеге (781,9 мың теңге/адам)	өсу 1,75 есеге (1070,2 мың теңге/адам)	өсу 2,03 есеге (1242,3 мың теңге/адам)	өсу 2,29 есеге (1401,9 мың теңге/адам)	өсу 2,83 есеге (1735,9 мың теңге/адам)	өсу 3,39 есеге (2076,6 мың теңге/адам)	өсу 4,03 есеге (2466,0 мың теңге/адам)

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

6.1. ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Өсімдік шаруашылығы ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі салаларының бірі болып табылады. Ол халықты азық-түлікпен қамтамасыз етеді, ал өнеркәсіп шикізатпен қамтамасыз етеді және мал шаруашылығын дамыту үшін негіз болып табылады. Сондықтан ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы жерлерінің құнарлылығын арттыру саланың ең өзекті міндеті болып қала береді.


Мемлекет аграрияларға техникалық қайта жарақтандыруға және жаңа технологияларды енгізуге, химияландыруға және тұқым шаруашылығын дамытуға бағытталған субсидиялар түрінде елеулі қолдау көрсетеді.

Қабылданған шаралар егіс алқаптарын кеңейтуге және басым, бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған дақылдар өндірісін ұлғайтуға, олардың өнімділігінің өсуіне ықпал етеді.

Облыстар әкімдіктерінің жедел деректері бойынша 2019 жылы дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың өнімділігі 1,29 ц/га өсті.

6.1-сурет

Бидай өнімділігінің динамикасы



Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сәйкес, бидайдың орташа өнімділігі 2017 жылы 12,4 ц/га, 2018 жылы - 12,3 ц/га, 2019 жылы - 10,1 ц/га құрады, бұл Қостанай және Ақтөбе облыстарында қатты құрғақшылыққа байланысты болып отыр (6.1-сурет)

2014-2018 жылдары бидайдың орташа жылдық өнімділігі 11,9 ц/га құрады, бұл өткен бес жылмен (2009-2014 жылдар) салыстырғанда 13%-ға артық.

Соңғы 5 жылда бидай өнімділігінің динамикалық өсуі Жамбыл (165%), Ақтөбе (127%), Павлодар (92,3%), Қызылорда (90%), Алматы (38%) облыстарында байқалады.

Өсімдіктерді қорғау

Қолайлы фитосанитарлық жағдайды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен Қазақстан Республикасы аумағында карантинді объектілер мен аса қауіпті зиянды организмдерді тарату және болдырмау бойынша жұмыстар жүргізіледі.


2019 жылы қорғаныс шаралары 2,8 млн га алаңда өткізілді:

- өсімдіктерді қорғау бойынша 2 836,3 мың га алаңда, оның ішінде шегіртке зиянкестеріне қарсы - 567,7 мың га, бидайдың сұр көбелегіне қарсы - 556,8 мың га, үйірлі шегіртке зиянкестеріне қарсы - 20,0 мың га, гессен шыбынына қарсы - 10,4 мың га, астық қоңыздарына қарсы - 5,0 мың га, өрмекші кенелерге қарсы - 16,3 мың га, мақта көбелегіне қарсы - 9,0 мың га, колорадо қоңызына қарсы - 0,45 мың га, тышқан тәрізді кеміргіштерге қарсы - 0,54 мың га, бидай ауруларына қарсы (тат және септориоз) - 1 650,1 мың га (6.2-сурет);

- өсімдіктер карантині бойынша 19,5 мың га алаңда, оның ішінде карантиндік зиянкестерге қарсы 7,2 мың га (америкалық ақ көбелектер - 0,05 мың га, калифорниялық қалқанша - 0,7 мың га, шығыс жемірі - 0,2 мың га, қауын шыбыны - 6,2 мың га, комсток құрты - 0,008 мың га) және карантиндік арамшөптерге қарсы 12,3 мың га (көпжылдық амброзия - 0,05 мың га, жатаған уекіре - 12,1 мың га, арамсоя - 0,1 мың га) (6.3-сурет).

6.2-сурет

2019 жылы өсімдіктерді қорғау бойынша өткізілген іс-шаралар



Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

6.3-сурет

2019 жылы өсімдіктер карантині бойынша өткізілген іс-шаралар



Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.


Өсімдіктер карантині

Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестеріне және карантиндік объектілерге қарсы химиялық өңдеу бойынша қызметтер жоғары биологиялық тиімділікпен 80-92%-да оңтайлы мерзімде жүргізілді.

Аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілерге қарсы фитосанитариялық іс-шараларды уақтылы жүргізу нәтижесінде шегіртке зиянкестерінің таралу алаңы 2 855,8 мың га алаңда төмендеді - 2018 жылғы 1 700,123 мың га 2019 жылы 567,691 мың га дейін, бұл дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың 19,7 млн тонна көлеміндегі өнімін және 8,5 млн тонна көлеміндегі жайылымдық азықтың сақталуын қамтамасыз етуге ықпал етті (6.4-сурет).

6.4-сурет

2018-2019 жылдардағы үйірлі шегіртке зиянкестерінің таралу алаңы



Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

6.1.1. МИНЕРАЛДЫ ЖӘНЕ ОРГАНИКАЛЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ТҰТЫНУ

Топырақтың құнарлылығының азаюының бірден бір факторы минералды және органикалық тыңайтқыштардың мөлшерін жеткілікті енгізеу болып табылады.

ҚР АШМ «Агрохимиялық қызметтің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» ММ деректері бойынша 1986 жылы республика далаларына 33,2 млн тонна органикалық тыңайтқыш енгізілді. 2000 жылдан бастап органикалық тыңайтқыштарды қолдану көлемі қысқартылды. Соңғы бес жылда (2015-2019 жылдар) органикалық тыңайтқыштар орта есеппен 770 мың тонна енгізілді (6.2-кесте).

6.2- кесте

2005-2019 жылдардағы минералды және органикалық тыңайтқыштарды енгізу

№	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Жылдар				
			2015	2016	2017	2018	2019
Минералды тыңайтқыштарды тұтыну							
1	Ауыл шаруашылығы жерлерінің ауданы	млн га	21,0	21,7	21,8	21,9	22,1
2	Азот тыңайтқыштарын тұтыну	мың тонна N	91,5	80,1	108,6	81,0	54,5
3	Азот тыңайтқыштарын тұтыну	кг/га	4,4	3,7	5,0	3,7	2,5

4	Фосфат тыңайтқыштарын тұтыну	мың тонна P ₂ O ₅	33,1	31,5	50,3	38,3	29,4
5	Фосфат тыңайтқыштарын тұтыну	кг/га	1,6	1,5	2,3	1,7	1,3
6	Калий тыңайтқыштарын тұтыну	мың тонна K ₂ O	2,5	2,3	3,7	1,3	1,7
7	Калий тыңайтқыштарын тұтыну	кг/га	0,1	0,1	0,17	0,06	0,08
8	Минералдық тыңайтқыштарды тұтынудың жалпы көлемі	мың тонна	127,1	113,8	162,6	120,9	86,5
9	Аудан бірлігіне шаққандағы минералдық тыңайтқыштарды тұтынудың жалпы көлемі	кг/га	6,0	5,3	7,4	5,5	3,9
10	Минералдық тыңайтқыштармен өңделген аудандар	млн га	1,5	1,7	2,0	2,3	2,7
11	Жалпы ауыл шаруашылығы жерлерінің алаңында минералдық тыңайтқыштармен өңделген аландардың үлесі	%	6,9	7,6	9,2	10,5	12,2
Органикалық тыңайтқыштарды тұтыну							
12	Органикалық тыңайтқыштарды тұтыну	мың тонна	609,2	626,6	1 375,9	633,0	619,5
13	Аудан бірлігіне шаққандағы органикалық тыңайтқыштарды тұтынудың жалпы көлемі	кг/га	29,0	28,9	63,0	28,9	28,0
14	Органикалық тыңайтқыштармен өңделген аудандар	млн га	0,06	0,08	0,12	0,1	0,1
15	Ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алаңынан органикалық тыңайтқыштармен өңделген алқаптардың үлесі	%	0,3	0,4	0,5	0,5	0,4

Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

2015-2019 жылдар кезеңінде минералдық тыңайтқыштарды енгізу көлемі қолданыстағы заттарда 86,5-162,6 мың тонна шегінде түрленеді, тыңайтқыштарды енгізудің ең көп көлемі 2017 жылға тиесілі – 162,6 мың тонна. 2018 жылы тыңайтқыштарды енгізудің жалпы көлемі – 120,9 мың тоннаны, 2019 жылы – 86,5 мың тоннаны құрады.

2015-2019 жылдары органикалық тыңайтқыштарды енгізу бойынша 609,2 - 1375,9 мың тонна шегінде тұрақты динамика байқалады. Органикалық тыңайтқыштарды енгізудің ең үлкен көлемі 2017 жылға сәйкес – 1375,9 мың тонна (6.5-сурет).

2015-2019 жылдардағы минералды және органикалық тыңайтқыштарды тұтынудың жалпы көлемі (мың т)




Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

2017 жылы минералды және органикалық тыңайтқыштарды тұтыну көлемінің ұлғаюының негізгі себебі мемлекеттің оларды сатып алуын субсидиялау болып табылады. Бұл ретте органикалық және минералды тыңайтқыштармен өңделген алқаптар 0,06-0,1 млн га шегінде қалды.

Мемлекеттік бағдарлама аясында тыңайтқыш сатып алуға субсидия көлемін 2017 жылы 12,3 млрд теңгеден 2021 жылы 17,9 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарланған, бұл ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын және өндірілетін өсімдік шаруашылығы өнімінің сапасын арттыруға, ал отандық зауыттарға минералды тыңайтқыштар өндірісін және олардың ассортиментін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұл топырақтың құнарлылығын сақтауға және жаңғыртуға ықпал етеді.

Қарапайым минералды тыңайтқыштарға жататын азот, калий және фосфатты 2015-2019 жылдары тұтыну 6.6-суретте толық көрсетілген.

2015-2019 жылдардағы минералды тыңайтқыштарды тұтыну (мың тонна)



Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін минералдық тыңайтқыштардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет оларды сатып алуды субсидиялауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар мен даму министрлігінің деректері бойынша, республика аумағында 13 отандық тыңайтқыш өндіруші тіркелген және олармен тұтынудың шамамен 40%-ын қамтамасыз етілу мүмкіндігі бар.

6.1.2. ПЕСТИЦИДТЕРДІ ЕНГІЗУ

Қазақстан аумағында ауыл шаруашылығы өндірісіне зиян келтіретін көптеген зиянды организмдер таралған. Әртүрлі аймақтарда ауыл шаруашылығы дақылдарына 50-ге жуық көп уытты түрлері мен 100-ден астам мамандандырылған зиянкестер, 70-тен астам аурулар мен 300-ге жуық арамшөп зиян келтіреді. Олардан бөлек (шегірткелік, дәннің сұр түн көбелегі, қалқаншалы бақашық, гессен шыбыны, астық қоңызы, мақта көбелегі, өрмекші кенесі, колорад қоңызы, сарышұнақтар мен тышқан тәрізді кеміргіштер, тат саңырауқұлағы және астық септориозы) бұл экономикалық, экологиялық зиян келтіретін, ерекше қауіпті, мерзімді жашпай көбеюге және таралуға қабілетті болып табылады. Ерекше қауіпті зиянды организмдердің экономикалық шегінен әлдеқайда жоғары таралуы ауыл шаруашылығы дақылдары өсімділігінің 15-30%-ға жоғалуына алып келуі мүмкін.

Фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу кезінде әртүрлі фитосанитарлық - тағайындалған инсектицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, дән дәрілегіш және басқа препараттар пайдаланылады. Сонымен 2018-2019 жылдары сәйкесінше 13 054,95 және 13 102,39 тонна пестицид пайдаланылды (6.3-кесте).

6.3-кесте

2018-2019 жылдары пестицидтерді енгізу

№	Заттар	Бірлік	Кезеңі	
			2018	2019
1	Ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы ауданы	мың га	22 011,2	21 539,44
Пестицидтерді енгізу				
2	Инсектицидтер – енгізу	тонна	528,1	455,84
3	Аудан бірлігіне инсектицидтер	кг/га	0,02	0,03
4	Гербицидтер мен десиканттар – енгізу	тонна	11 050,66	11 344,07
5	Аудан бірлігіне гербицидтер мен десиканттар	кг/га	0,5	0,51
6	Фунгицидтер – енгізу	тонна	1 073,45	1 269,6
7	Аудан бірлігіне фунгицидтер	кг/га	0,05	0,09
8	Өсімдіктердің өсу регуляторлары – енгізу	тонна	401,7	31,51
9	Аудан бірлігіне өсімдіктердің өсу регуляторлары	кг/га	0,02	0,01
10	Родентицидтер – енгізу	тонна	4,04	1,38
11	Аудан бірлігіне родентицидтер	кг/га	0,0002	2,0
12	Енгізудің жалпы көлемі (барлық пестицидтер)	кг/га	13 054,95	13 102,39
13	Аудан бірлігіне пестицидтер енгізу	кг/га	0,6	0,61


Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

6.2. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

2019 жылдың қорытындысы бойынша 2018 жылғы деңгеймен салыстырғанда барлық шаруашылықтардағы ірі қара мал басы 9,5%-ға артып, 7 437,6 мың басты құрады (6.7 және 6.8-суреттер).

6.7-сурет


2018-2019 жылдардағы ауыл шаруашылығы жануарларының саны (мың бас)



Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

6.8-сурет

2018-2019 жылдардағы ауыл шаруашылығы жануарларының саны (мың бас)



Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ірі қара малдың 55,1%-ы тұрғындардың шаруашылығының, 35,2%-ы шаруа немесе фермер қожалықтары мен жеке кәсіпкерлердің, 9,7%-ы ауыл шаруашылық кәсіпорындарының есебінде.

6.4-кестеде 2019 жылы жануарларды шаруашылықтар мен кәсіпорындар бойынша бөлу ұсынылған.

Жануарларды шаруашылықтар мен кәсіпорындар бойынша бөлу

А/ш жануарларының атауы	Тұрғындардың шаруашылығы	Шаруа немесе фермер қожалықтары мен ЖК	А/ш кәсіпорындары
Ірі қара мал	55,1 %	35,2 %	9,7 %
Қойлар	54 %	40,9 %	5,1 %
Ешкілер	69,6 %	29,7 %	0,7 %
Шошқалар	60,6 %	10,1 %	29,3 %
Құстар	26,2 %	1,3 %	72,5 %

Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

2019 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында шаруашылықтарда сатылатын немесе сатуға берілген барлық жануарлар мен құстардың саны 1 975,5 мың тоннаны құрады, бұл 2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 9,5%-ға артық. Сиыр сүтін өндіру 9,7%-ға өсті және 5 820,1 мың тоннаны құраса, жұмыртқа өндіру 10%-ға азайып, 5 513,4 млн дананы құрады.

6.2.1. ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Қазіргі таңда, Жануарлардың жұқпалы ауруларының халықаралық классификациясының «А» тізіміне жататын жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша эпизоотиялық жағдай тұрақты болып отыр.

2019 жылы республика бойынша сібір жарасының 2 180 көміндісі анықталды, барлық көмінді анықтау белгілерімен таңбаланған және 2 178 көмінді қоршалған. 2 147 көмінді бойынша мәліметтер Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілді.

Ветеринарлық-профилактикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес 2019 жылы республикада 17 аса қауіпті ауруларға қарсы (аусыл, сібір жарасы, құтырма, пастереллез, лептоспироз, туберкулез, ұсақ қара мал шешегі, құс тұмауы, қарасан, жылқы маңқасы, ринопневмония, нодулярлы дерматит, ет қоректілердің эхинококкозы, контагиозды пустелезді дерматит (эктима), браздот, оба, жұқпалы ринотрахеит және вирустық диарея). 2019 жылы вакцинация 100%-ға орындалды.

Ветеринарлық-профилактикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес 2019 жылы республикада жануарларға 17 аса қауіпті ауруларға қарсы (аусыл, сібір жарасы, құтыру, пастереллез, лептоспироз, туберкулез, ұсақ қара мал шешегі, құс тұмауы, қарасан, жылқы маңқасы, ринопневмония, нодулярлық дерматит, ет қоректілердің эхинококкозы, контагиозды пустелездік дерматит (эктима), қойлардың анаэробтық энтеротоксемиясы, оба, жұқпалы ринотрахеит және вирустық диарея бойынша браздо) 140 696 651 манипуляция жүргізілді. 2019 жылы вакцинация 100%-ға орындалды.

Ветеринария саласында туындаған проблемалық мәселелер мен өзекті тақырыптарға байланысты 2019 жылы әр түрлі кеңестер мен семинарлар, оның ішінде ветеринарлық қауіпсіздік және осы саланың негізгі мәселелері, сонымен қатар учаскелік ветеринарлық пункттер қызметінің аймағындағы жануарлардың аурушандығын қамтитын оқу-практикалық тақырыптар ұйымдастырылды:

- 2019 жылғы 16-18 сәуір – ХЭБ қамқорлығымен ХЭБ-ға мүше елдерді аусыл және күйіс қайырымды ұсақ малдардың обасы бойынша мәртебені ресми тану және қолдау талаптары мен рәсімдеріне оқыту бойынша семинар, Алматы, Қазақстан;

- 2019 жылғы 25-26 қыркүйек - Батыс Еуразия елдеріндегі құтыру аспектілерімен қоса алғанда, қаңғыбас иттердің популяциясын басқару бойынша ХЭБ үшінші аймақтық семинары;

- 2019 жылғы 4-5 қазан - ЕАЭО аумағына және ірі қара малдың кеміктәрізді энцефалопатиясының, шошқаның африкалық обасының және құтырманың халықаралық саудасы барысында

енуіне және таралуына жол бермеу мәселелері бойынша кеңес, Париж, Франция;
- 2019 жылғы 8-11 қазан – Қазақстан және 11 Еуразия елдерінің қатысумен өткен ВҚҚ бағдарлы оқу-тәжірибелік семинары, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;
- 2019 жылғы 16-17 қазан - нодулярлық дерматит бойынша семинар-кеңес, Афина, Греция;
- 2019 жылғы 2-3 желтоқсан - Еуропа бойынша ХЭБ комиссиясы аймақтық тобының отырысы, Лондон, Ұлыбритания.

7-Бөлім
ЭНЕРГЕТИКА




7-БӨЛІМ. ЭНЕРГЕТИКА

Электр энергетикасы

2019 жылы елде электр энергиясын өндіру көлемі 106 млрд кВт·сағ немесе 2018 жылға қарағанда 99,3%-ды құрады (7.1-сурет). Бұл ретте электр энергиясын тұтыну 105,1 млрд кВт·сағ құрады, бұл ел экономикасының электр энергиясына деген қажеттілігінің толық жабылғандығын көрсетеді.

7.1 – сурет
2013-2019 жылдар бойынша ҚР электр энергиясын тұтыну және өндіру



Көзі: ҚР Энергетика министрлігі.


7.1-кесте
2013-2019 жылдардағы электр станцияларының отын шығыны

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Көмір, млн т	60,4	62,1	61,9	59,6	61,4	55,9	63,9
Мазут, мың т	386,2	391,8	442,9	445,2	242,8	210	244,2
Газ, млн м ³	5 509,2	5 779,0	5 649,0	5 791,7	5 872,8	5957,2	4858,1

Көзі: ҚР Энергетика министрлігі.

ҚР Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес 2019 жылы көмір электр станциялары мен көмір қазандықтарындағы отын шығыны 63,9 млн тоннаны құрады (7.1-кесте, 7.2-сурет).


2013-2019 жылдар аралығында Қазақстандағы электр станциялар мен қазандықтардың көмірді тұтыну динамикасы



Көзі: ҚР Энергетика министрлігі.

ҚР Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес 2019 жылы газдың шығын көлемі 4 858,1 млн м³ құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 1099,1 млн м³ құрады (7.3- сурет).


2013-2019 жылдар аралығында Қазақстандағы электр станцияларының газ шығындарының динамикасы



Көзі: ҚР Энергетика министрлігі

ҚР Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес 2018 жылы мазуттың шығын көлемі 210,0 мың тоннаға дейін азайды (7.4 - сурет).

2013-2019 жылдар аралығында Қазақстандағы электр станциялар мен қазандықтардың мазут шығынының динамикасы



Көзі: ҚР Энергетика министрлігі.

Мұнай өнеркәсібі

Мұнай өндіру

2019 жылдың қорытындысы бойынша мұнай өнеркәсібінің негізгі көрсеткіштері тұрақты өсімді көрсетті. Сонымен 2019 жылы ірі объектілерде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қарамастан, мұнай өндіру көлемі рекордтық көрсеткіш - 90,5 млн тоннаға жетті.

Ең үлкен көлемді Қашаған (14,1 млн тонна), Теңіз (29,8 млн тонна) және Қарашығанақ (11,3 млн тонна) кен орындары қамтамасыз етті.

Үш ірі объект бойынша өндіру 55,2 млн тоннаны (2018 жылға 102,2% (54 млн тонна) және жоспарға 103,2% (53,5 млн тонна) құрады.

Мұнай экспорты

Мұнай экспорты 72,2 млн тоннаны, жоспарға 102,4%-ды немесе 2018 жылға қарай 99,6%-ды құрады.

Мұнай өңдеу

Мұнай өңдеу көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға өсіп, 17,2 млн тоннаны (Конденсат АҚ және Каспий битум ЖШС есебімен) құрады.

Анықтамалық:

ПМХЗ-5,2 млн тонна, ПКОП-5,4 млн тонна, АМӨЗ - 5,3 млн тонна, Конденсат - 151,2 мың тонна, Каспий битум - 885,9 мың тонна.

Сонымен қатар, 2019 жылы мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін (авиакеросин, дизель отыны, бензин, мазут) өндіру көлемі 12,7 млн тоннаны құрап, 2018 жылға қарай 9,5%-ға өсті.

Газ өнеркәсібі

Газ өндіру

ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» АҚ деректері бойынша 2019 жылы республиканың мұнай-газ компанияларының газ өндірісі 56,4 млрд м³ немесе 2019 жылдың жоспарына 102,5% (55,5 млрд м³), және 2018 жылдың жоспарына 101,6% (55,5 млрд м³).

Газды кәдеге жарату

Жер қойнауын пайдаланушылардың шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларын іске асыру барысында 2019 жылы жағылатын газ көлемі 2018 жылмен салыстырғанда (731,5 млн м³) 22,6% - ға төмендеп, 566,2 млн м³ құрады, мұнай өндіру 2018 жылы 90,4 млн

тоннадан 2018 жылы 90,6 млн тоннаға дейін және газ өндіру тиісінше 55,5 млрд м³-ден 56,4 млрд м³ дейін ұлғайған. Бұл ретте кәдеге жаратылған газ көлемі 54,7 млрд м³-дан 55,8 млрд м³-ға дейін, яғни 1,1 млрд м³-ға ұлғайды, бұл тұтастай алғанда ел аймақтарындағы экологиялық жағдайға оң әсер етеді және газ ресурстарын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Тауарлық (құрғақ) газ өндіру

Жер қойнауын пайдаланушылар - тауарлық (құрғақ) газды өндірушілер 2019 жылы 33,1 млрд м³ тауарлық газды өндірді, бұл 2019 жылға арналған жылдық жоспардың (31,9 млрд м³) 104,7%-ын құрайды және 2018 жылмен (31,6 млрд м³) салыстырғанда 99,3%.

Тауарлық газды тұтыну және экспорттау

2019 жылы тауарлық газды тұтыну 16,3 млрд м³ немесе 2018 жылға (16,3 млрд м³) қарай 102%, газ экспорты 19,2 млрд м³ немесе 2018 жылға (19,4 млрд м³) қарай 100,6%-ды құрады.

Сұйытылған газ өндірісі

Республиканың мұнай және газ өңдеу кәсіпорындарында 2019 жылы 3195 мың тонна сұйытылған газ өндірілді, бұл 2019 жылғы жылдық жоспардың 101,4%-ын (3150 мың тонна) немесе 2018 жылға 102,6%-ды құрайды.

Тауарлық газдың халықаралық транзиті


2019 жылы газ транзиті 78,3 млрд м³ немесе 2018 жылға қарай (90,7 млрд м³) 106%-ды құрады.

Елдің газдандырылуы

2019 жылдың қорытындысы бойынша ел халқын газдандыру деңгейі 51,47% (2018 жылдың қорытындысы бойынша - 49,68%) (7.5-сурет, 7.2-кесте) немесе шамамен 500 мың адам 2019 жылы табиғи газға қол жеткізді.

7.5-сурет

2017-2019 жылдар аралығында газды өндіру және газды кәдеге жарату көлемі



Көзі: ҚР Энергетика министрлігі.

7.2-кесте

Облыстар бойынша халықтың газдандырылу деңгейі

№ р/с	Облыс атауы	Облыс (қала) халқын газдандыру деңгейі, %
1.	Маңғыстау	99,0
2.	Атырау	99,6
3.	Алматы қ.	98,8
4.	Батыс Қазақстан	96,2

5.	Ақтөбе	90,1
6.	Қызылорда	64,5
7.	Түркістан	58,3
8.	Шымкент қ.	92,1
9.	Жамбыл	88,6
10.	Қостанай	56,0
11.	Алматы	39,4
12.	Шығыс Қазақстан	1,2
Облыстар бойынша барлығы		51,47

Көзі: ҚР Энергетика министрлігі.

Көмірсутектер саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша

Көмірсутегі кен орындарын барлау және өндіру процесінде ластану көздерінің бірі шикі газды алауларда жағудан алынған өнімдер болып табылады.

Газ ресурстарын ұтымды пайдалану және экологиялық жүктемені төмендету мақсатында Энергетика министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен заңнамалық базаны жетілдіру және әзірлеу жөнінде белгілі бір жұмыс жүргізді, бұл жер қойнауын пайдаланушылардың шикі газды кәдеге жарату мәселелерін шешуде жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік берді.

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап республиканың жер қойнауын пайдаланушылары шикі газды кәдеге жарату бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Жер қойнауын пайдаланушылар ілеспе газды кәдеге жарату бағдарламасын (бағдарламаны) әзірлеуге міндетті, онда газды өндіру, кәдеге жарату (қайта өңдеу) және жағу көлемдері жазылады.


Газды өндіру, кәдеге жарату (қайта өңдеу) және жағу көлемдерінің негізділігін Министрлік қарайды және бекітеді.

Жер қойнауын пайдаланушылар өндіретін газды тиімді пайдалану мақсатында электр энергиясын өндіру, қабаттық қысымды және технологиялық қажеттіліктерді арттыру мақсатында қабатқа айдау (тұрғын және өндірістік объектілердің мұқтаждары үшін мұнайды жылыту пештерін, қазандықтарды және су жылытқыштарды, газлифті жүйелерді және т.б. пайдалану) үшін де пайдаланылады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың ілеспе газды кәдеге жарату бағдарламасын іске асыру барысында 2019 жылы жағылатын газ көлемі 0,56 млрд м³ құрады, бұл өндірілетін газдың жалпы көлемінің 1%-ын құрайды (2019 жылы газ өндіру 56,4 млрд м³ құрады) (7.6-сурет 2006 жылдан 2019 жылға дейін жағылатын газ көлемі).

7.6-сурет

2006-2019 жылдағы жағылған газ көлемі



Көзі: ҚР Энергетика министрлігі.

Өткен жылдармен салыстырғанда 2017 жылы газды жағу көлемінің біршама өсуі мұнай және газ өндіру көлемінің ұлғаюымен байланысты. Мұнай және газ өндіру 2016 жылы 78 млн тоннадан 46,4 млрд м³-ден 86,2 млн тоннаға және 2017 жылы 52,9 млрд м³-ге артты.

2019 жылы газды кәдеге жарату бойынша жүргізіліп жатқан іс-шараларды есепке ала отырып, алауларда жағылатын газ көлемі 2006 жылмен салыстырғанда (3,1 млрд м³) 2,54 млрд м³ төмендеп, мұнай өндіруді 2006 жылғы 64,9 млн тоннадан 2019 жылы 90,5 млн тоннаға дейін және газ өндіруді сәйкесінше 27,0-ден 56,4 млрд м³-ге дейін ұлғая отырып, 0,56 млрд м³ құрады.

ҚР Энергетика министрлігі 2019 жылы көмірсутектер саласындағы бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың алауларда жағылған шикі газ көлемі рұқсатсыз 20,825 млн м³-ні құрағанын анықтады.

Аталған факті бойынша 2019 жылы 400,168 млн теңге көлемінде әкімшілік айыппұлдар мен залал өндірілді.

Мұнайгазхимия өнеркәсібі

Полипропилен өндіру жобасы

2018 жылы Атырау облысында қуаттылығы жылына 500 мың тонна полипропилен өндіру жөніндегі, құны \$1,9 млрд жуық ірі жобаның құрылысы басталды, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде, 2019 жылдың қорытындысы бойынша жобаны іске асырудың жалпы прогресі 57%-ды құрады, қазақстандық қамту 45,5%-ға орындалды.

Полиэтилен өндіру жобасы

Екінші «зәкірлі» жоба - әлемдік деңгейдегі стратегиялық әріптес-Borealis компаниясының қатысуымен қуаттылығы жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіру.

Анықтама: құны - \$ 6,6 млрд құрылыс кезеңі: 2022-2026 жылдар. Құрылыс кезеңінде - 4000, пайдалану кезеңінде - 500 жұмыс орны.

Жұмыстар екі бағытта жүргізілуде: жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеу және үкіметтік қолдау туралы келісімнің (ҰҚК) шарттары бойынша келіссөздер.

2019 жылы мынадай тұжырымдамалық мәселелер бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді: жобаны шикізатпен, инженерлік инфрақұрылым объектілерімен, жер құқықтарымен және шетелдік жұмыскерлер үшін визалар мен рұқсаттар алудың оңайлатылған режимімен қамтамасыз ету, ақша қаражатының еркін қозғалысы және табиғи монополиялар жөніндегі заңнаманы таратпау.

Атом өнеркәсібі


Қазақстан табиғи уранның барланған қорлары бойынша әлемде екінші орында. Барлық барланған әлемдік қорлардың шамамен 14%-ы Қазақстан Республикасының жер қойнауында шоғырланған.

2009 жылы Қазақстан әлемдегі уран өндіру бойынша бірінші орынға шықты және нарықтың қолайсыз баға конъюнктурасына қарамастан табиғи уранның әлемдік нарығында жетекші позицияларды сақтауды жалғастыруда. Қазақстан әлемдік уран өндірісінің 40%-ын өндіреді.

7.7-сурет

2016-2019 жылдар аралығында Қазақстанда уран өндіру

«Казатомпром» АҚ (ҚАӨ) компаниялары тобының кәсіпорындары бойынша 2019 жылы уран өндіру көлемі 22,7 мың тонна уранды құрады. 7.7-суретте 2016-2019 жылдардағы уран өндіру динамикасы көрсетілген.



Көзі: ҚР Энергетика министрлігі.

Қазақстан табиғи уранды өндіруге және жеткізуге ғана емес, сондай-ақ жоғары қосымша құны бар, неғұрлым жоғары бөліністі уран өнімдерін өндіруге және өткізуге да мүдделі.

Қазақстанның әлемдік ядролық-отын циклында (ЯОЦ) стратегиялық маңызды ұстанымдарға қол жеткізуі үшін жетекші шетелдік компаниялармен альянста ҚАӨ базасында ЯОЦ тік интеграцияланған компаниясын құру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Ядролық отын циклінің өндірістерін құру келесі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

Ядролық отын өндірісі. 2014 жылдың желтоқсанында ҚАӨ және қытайлық CGNPC компаниясы Қазақстанда жылу бөлетін жиынтықтар (ЖБЖ) өндірісін құру туралы келісім жасады. 2017 жылдың маусым айында ҚР Үкіметі ЖШС өндіру зауытын салу туралы шешім қабылдады. Зауытты пайдалануға беру 2020 жылға жоспарланған.

Жаңартылатын энергия көздері

Жаңартылатын энергия көздері арқылы өндірілген электр энергиясының көлемі 2019 жылдың қорытындысы бойынша 2,4 млрд кВт·сағ құрады.

2019 жылы қуаттылығы 504,55 МВт (ЖЭС - 162,4 МВт; КЭС - 332,2 МВт; КЭС - 7,88 МВт; БиоЭС - 2,07 МВт) ЖЭК 21 объектісі пайдалануға берілді.

Бұл ретте 2020 жылғы ақпанға Қазақстанда жиынтық қуаты 1150,1 МВт болатын (ЖЭС - 383,8 МВт; КЭС - 541,7 МВт; КЭС - 222,2 МВт; БиоЭС - 2,42 МВт) қолданыстағы 91 ЖЭК объектісі бар.

2019 жылдың қыркүйегінде 205 МВт аукциондық сауда-саттық өтті. Аукциондық сауда - саттықты өткізу нәтижесінде жалпы белгіленген қуаты 162,89 МВт ЖЭК 12 жобасы іріктелді, оның ішінде ЖЭС - 108,99 МВт, КЭС - 36,5 МВт, КЭС - 7 МВт және БиоЭС - 10,4 МВт.

Аукциондық саудаға қатысушылардан құжаттамаларсыз түскен өтінімдердің жиынтық көлемі 471,52 МВт құрады, яғни сұраныс көлемі ұсыныс көлемінен 2,3 есе асып түсті. Аукциондық сауда жеңімпаздары аукциондарға ұсынылған қуаттылықтың 80%-ын жабады.

2019 жылдың қараша айында Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір кентінде 50 МВт күн электр станциясы үшін жобалық аукцион өткізілді, жер учаскесінің ауданы 100 га, аукционға 6 елден 7 компания қатысты: Қазақстан, Германия, Италия, Қытай, Нидерланды және Ресей. Сауда сессиясын өткізу барысында шекті аукциондық баға 29 тт/кВт·сағ 2.3 есе төмендеді.

Аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы құны 12.49 тт/кВт·сағ болатын «Arm Wind» ЖШС компаниясы болды. «Arm Wind» ЖШС компаниясының негізгі құрылтайшысы ENI Италия мұнай компаниясы болып табылады.



8-Бөлім
КӨЛІК

8-БӨЛІМ. КӨЛІК

Көлік халық шаруашылығы саласының түрі ретінде теміржол, автомобиль, қалалық электр, құбыр, су және әуе көліктеріне бөлінеді.

Қазақстанның көлік жүйесі үлкен кешен болып табылады, оған мыналар кіреді: қатты жамылғысы бар 115 мың км автожолдар; жалпы пайдаланудағы 15,3 мың км темір жолдар; өнеркәсіптік кәсіпорындардың 7,4 мың км кірме жолдары; 80 мың км астам әуе трассалары; мұнай, газ және мұнай өнімдерін айдауға арналған 20,1 мың км құбыр магистралдары; 4 мың км астам өзен жолдары.; 302 теміржол вокзалы мен мыңдаған темір жол станциясы; 2 өзен және 3 теңіз порты, ондаған кемежай, ауыстырып тиеу базалары, әуежайлар.

Елдің ЖІӨ-дегі Қазақстанның көлік-коммуникация кешенінің үлесі шамамен 10-11%-ды құрайды.

Автомобиль көлігі

Автокөлік – темір жол және құбырдан кейін тасымалданатын өндірістік-шаруашылық жүктердің көлемі бойынша елдің бірыңғай көлік жүйесінде үшінші орынды алады.

Сонымен қатар, дәл осы автомобиль көлігі атмосфераның ластануына үлкен үлес қосады.

Автокөліктің экологиялық қауіпсіздік проблемасы елдің экологиялық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Автокөлік қызметінің ерекше назар аударарлық үш жаһандық экологиялық аспектісі бар.

1. Көлік жер бетінен ғарышқа өтетін жылу сәулеленуін кідіртетін тропосфераға қосылыстардың («парниктік газдар» деп аталатын) электромагниттік сәулеленуді сіңіретін шығарындылар үшін жауапты. Бұл үдеріс төменгі тропосфераның орташа жаһандық температурасының артуына және жер климатының өзгеруіне алып келеді.

2. Көлік қызметі стратосферадағы озон қабатын бұзатын қосылыстардың тастандыларымен бірге жүреді және осылайша күн сәулесінің ультракүлгін спектрінің атмосфераны сіңіру қорғаныс үдерісін бұзады.

3. Көлік-тірі организмдердің жұмысында әртүрлі елеулі бұзылулар тудыратын жойылуы қиын органикалық лаस्ताуыштармен (ЖҚОЛ) қоршаған ортаны ластану көздерінің бірі болып табылады.


Автомобиль көлігінің қоршаған ортаға теріс әсер етуінің негізгі себептеріне мыналар жатады:

- қазіргі заманғы автокөлік техникасының төмен экологиялық сипаттамалары;
- автомобиль паркінің техникалық құрамы деңгейінің төмендігі;
- автомобиль паркінің пайдаланатын отыны сапасының төмендігі;
- жолдардың сапасының төмендігі.

ҚР ИМ деректеріне сәйкес 2019 жылы Қазақстан Республикасында тіркелген автокөлік құралдарының жалпы саны 4351234 бірлікті құрады, оның ішінде бензин – 3732350 бірлік, дизельді - 306751 бірлік, газбаллонды – 10750 бірлік, аралас – 294503 бірлік, электрлік – 6880 бірлік.

Бензинді көп пайдаланатын автомобильдер Алматы (524 448 бірлік) және Түркістан (432 192 бірлік) облыстарында және Алматы қаласында (458 726 бірлік) тіркелді. Газбаллоннан басқа барлық отын түрлері бойынша тіркелген көлік құралдарының саны жыл сайын өсіп келеді. Аймақтарда автокөлік пайдаланатын басым отын түрі бензин болып табылады, 2019 жылы көлік отынының барлық түрлерінің жалпы үлесінде 85,78%-ды құрай отырып, 88 792 бірлікке артты. Бұдан әрі дизель отыны таратылып, 2018 жылмен салыстырғанда 26 376 бірлікке артты. (жалпы үлестің 7,05%-ы) және аралас отын 44 748 бірлікке (жалпы үлестің 6,77%-ы) өскен. Отынның аз танымал түрі электрлік болып табылады, елде барлығы 6880 бірлік тіркелген (жалпы үлестің 0,16%-ы). Алайда, 2018 жылдың деректерін ескере отырып, отынның электр түрінің 543 бірлікке аз өсуін байқауға болады (2018 ж. - 6337 бірлік). Газбаллонды отынды пайдалануға келетін болсақ, 2018 жылмен салыстырғанда отынның осы түрінде жұмыс істейтін көлік саны 567 бірлікке (жалпы үлестің 0,25%-ы) қысқарды (8.1-сурет).

2018-2019 жылдардағы аймақтарда пайдаланатын отын түрлері бойынша бөлінген механикалық-жол көлік құралдары паркінің құрамы (%)



Көзі: ҚР Ішкі істер министрлігі.

2019 жылғы аймақтар бөлінісінде отын түрлері бойынша тіркелген көлік құралдарының саны туралы мәліметтер 8.1-кестеде берілген.

8.1-кесте

Отын түрлері бойынша тіркелген көлік құралдарының саны туралы мәліметтер

Аймақтар	Бензинді	Дизельді	Газбаллонды	Аралас	Электрлі
Ақмола облысы	180563	14878	241	8608	120
Ақтөбе облысы	116134	15122	387	36426	10
Алматы облысы	524448	36216	1501	12630	1309
Атырау облысы	105823	17521	449	11337	563
Батыс Қазақстан облысы	109789	9642	591	12515	58
Жамбыл облысы	203070	11806	774	8363	54
Қарағанды облысы	287927	20694	394	10315	216
Қостанай облысы	175866	18140	313	9805	376
Қызылорда облысы	109848	11010	374	15799	147
Маңғыстау облысы	64485	16871	469	74097	98
Павлодар облысы	165608	9041	124	5384	62
Солтүстік Қазақстан облысы	131303	9811	1536	14448	605
Түркістан облысы	432192	31525	724	27555	186
Шығыс Қазақстан облысы	329690	15531	307	3769	196
Нұр-Сұлтан қ.	265996	18241	495	17107	156

Алматы қ.	458726	45020	1721	17838	2717
Шымкент қ.	70882	5682	350	8507	7
Барлығы	3732350	306751	10750	294503	6880

Көзі: ҚР Ішкі істер министрлігі.

2017 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тиісті инфрақұрылымды құра отырып, электромобильдер өндірісін дамыту қажеттілігі туралы тапсырмасын орындау шеңберінде елде электр құю станцияларының (ЭҚС) инфрақұрылымын дамыту бойынша пилоттық жобаны іске асыру жалғасуда.

Экологиялық көлікті дамытудағы жетекші елдердің практикалық тәжірибесін талдауға сүйене отырып, осы көлік түрін дамытудың бастапқы кезеңінде ЭҚС санының 1:5 электромобильдер санының арақатынасы қабылданды.

ҚР-да ЭҚС желісін құру (ҚХР үлгісі бойынша) ЭҚС-ты 1-3 сағат ішінде қуаттылығы 22 кВт дейінгі ауыспалы тоқпен зарядтауға мүмкіндік беретін қолжетімді жерлерде орналастыру арқылы жүзеге асырылды. ЭҚЖ ірі мемлекеттік мекемелердің, спорт кешендерінің жанында, сауда-ойын-сауық орталықтарының тұрақтарында және тұрғын үй кешендерінде орналасатын болады.

Жоба шеңберінде әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жаңа ЭҚС-ИЕС 62196-2 және ИЕС 61851-1 және бүгінгі күні әлемде бар барлық электромобильдерді 1-ден 4 сағатқа дейін қуаттауға қабілетті. Екі қалада 104 электр құю станциясы орнатылған: Нұр-Сұлтан қаласында – 52, Алматы қаласында – 52.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қарашадағы қаулысымен бекітілген 2019-2022 жылдарға арналған мотор отыны ретінде табиғи газды пайдалануды кеңейту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес республикада компримирленген және (немесе) сұйытылған табиғи газбен жұмыс істейтін шамамен 12 мың автобус сатып алу көзделіп отыр.

Табиғи газды пайдалануды кеңейту жөніндегі іс-шаралар жоспары 2019-2022 жылдарға арналған мотор отыны ретінде мыналарды қарастырады:

- отандық зауыттарда моторлы отын ретінде КТГ (компримедтелген табиғи газ) және СТГ (сұйытылған табиғи газ) пайдаланатын автобустарды шығаруды ынталандыру мақсатында автобус тасымалдарын дамыту жөніндегі кешенді бағдарламаны қаржыландыру және табиғи газда май құю инфрақұрылымын салу мәселесі бойынша ұсыныстар енгізу;

- моторлы отын ретінде КТГ және СТГ автобустары мен арнайы автомобильдерді жаңарту бойынша нысаналы көрсеткіштерді орындау;

- Қазақстан Республикасының газдандырылған аймақтарында автокөлік құралдары үшін мотор отыны ретінде КТГ және СТГ қажеттілігінің нысаналы көрсеткіштерін орындау;

- Қазақстан Республикасының газдандырылған аймақтарында АГТКС және КриоАҚС салу бойынша нысаналы көрсеткіштерді орындау;

- моторлы отын ретінде, сондай-ақ «Батыс Еуропа-Батыс Қытай», «Ташкент-Қорғас» халықаралық көлік дәліздерінде КТГ мен СТГ пайдаланатын автобус бағыттарын бөлуді ескере отырып, АГТКС және КриоАҚС салу үшін жер учаскелерін бөлу»;

- жолаушылар мен жүкті автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарда КТГ және СТГ автобустарды жаңарту үшін жағдай жасау;

- моторлы отын ретінде КТГ және СТГ пайдаланатын автокөлік құралдарын пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттаманы біріздендіру және халықаралық стандарттарға сәйкес нормативтік техникалық құжаттаманы әзірлеу, АГТКС, КриоЖҚС-ты, көпотынды отын құю станцияларын, КТГ өндіру жөніндегі зауыттарды жобалау, салу және пайдалану;

- ұйымдар мен халық үшін жеңілдікті кредиттер мен басқа да қаржылық, әкімшілік ынталандыру механизмдерін беру мәселесін пысықтау;

- отандық өндіруші зауыттарға автокөлік құралдарын өндіруге мемлекеттік тапсырыс беру және Қазақстан Республикасына екі отындық автокөлік құралдарын әкелуді ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы моторлы отын ретінде КТГ мен СТГ пайдаланатын жеңіл және жүк автомобильдерінің, автобустардың санын ұлғайту;

- локомотив техникасында КТГ және СТГ пайдалану бойынша пилоттық жобаны іске қосу мәселесін пысықтау;

- мемлекеттік органдарда ведомстволық/қызметтік автокөлік құралдарында, арнайы көлікте КТГ және СТГ енгізу мәселесін пысықтау.

Атмосфераға автокөліктен зиянды заттардың эмиссия көлемі олардың жыл құрамына да байланысты.

Жаңа автомобильдердің ең көп саны (3 жылға дейін) Алматы қаласында – 26 964 бірл., Нұр-Сұлтан қаласында – 22 431 бірл. және Атырау облысында – 9 570 бірл. тіркелді.

Анықтама үшін: көлік құралдарының 5 негізгі санаты бар: *A-мотоциклдер, B – жеңіл автомобильдер, C – жүк машиналары, D -автобустар. Оларды 6 кіші санат толықтырады (A1, B1, C1, C1E, D1, D1E).*

8.2-кестеде жылдар мен аймақтар бойынша жол механикалық көлік құралдары паркінің орташа жылы туралы ақпарат ұсынылған.

8.2-кесте

Жылдар мен аймақтар бойынша тіркелген көлік құралдары саны туралы мәліметтер


Аймақтар	3 жылға дейін			3 жылдан 7 жылға дейін			7 жылдан 10 жылға дейін			10 жылдан 15 жылға дейін		
	2018-2019 жылдар			2014-2017 жылдар			2011-2013 жылдар			2006-2010 жылдар		
	В	С	D	В	С	D	В	С	D	В	С	D
Ақмола облысы	4363	234	144	15806	1665	292	15844	1752	426	14504	2797	641
Ақтөбе облысы	5366	325	221	19676	1707	524	24338	2881	603	17482	4205	802
Алматы облысы	8419	573	297	27728	2190	606	33068	3701	501	37295	7505	1041
Атырау облысы	9570	1114	720	26591	3361	1282	24855	2496	929	14892	2960	1045
Батыс Қазақстан облысы	6715	389	174	18438	1480	552	17010	1622	550	12450	2078	868
Жамбыл облысы	2544	180	145	7446	452	248	11373	1372	524	12112	2108	723
Қарағанды облысы	8654	535	224	25244	1710	466	26891	3174	1013	26319	4156	1130
Қостанай облысы	7506	629	91	20189	1563	247	20374	2181	305	16045	3337	521
Қызылорда облысы	3120	123	66	7783	788	372	10916	1769	479	9936	2730	913
Маңғыстау облысы	5184	995	136	20648	1943	536	23201	3261	915	20534	4068	1203

Көзі: ҚР Ішкі істер министрлігі.

ҚР ІІМ деректері бойынша, Қазақстанда автокөлік құралдарының паркінің орташа жылы 3-тен 7 жылға дейін, яғни шығарылған автомобильдер 2014-2017 ж. жалпы автокөлік паркінің орташа жылы бойынша 3 жылға дейінгі көлік құралдары 10%-ды, 3 жылдан 7 жылға дейін - 28%-ды, 7 жылдан 10 жылға дейін - 32%,-ды, 10 жылдан 15 жылға дейін - 30%-ды құрайды.

8.2-суретте 2019 жылға жол құралдары паркінің орташа жылы көрсетілген.

2019 жылға жол құралдары паркінің орташа жылы




Көзі: ҚР Ішкі істер министрлігі.

2019 жылы тіркелген көлік құралдары санының пайыздық арақатынасын 3-тен 7 жылға дейін және олардың санаттарын салыстыра отырып, 3 (үш) санат бойынша ерекше ауытқулар байқалмайды деген қорытындыға келуге болады.

2019 жылы Жол құралдары паркінің С санаты бойынша: 3 жылға дейін 6%-ға, 3 жылдан 7 жылға дейін 7%-ға, 7 жылдан 10 жылға дейін 9%-ға, 10 жылдан 15 жылға дейін 14%-ға ұлғаю үрдісі байқалады. В санатындағы көлік құралдары: 3-ке дейін және 3-тен 7 жылға дейін - 91%, 7-ден 10 жылға дейін және 10-нан 15 жылға дейін - 89%-ды құрады. С санаты бойынша барлық жыл бойынша көлік құралдары 2% - 3% шегінде болды.

8.3-суретте 2019 жылы санаттар бойынша көлік құралдарының орташа жылы көрсетілген.

Санаттар бойынша жол құралдары паркінің орташа жылы



Көзі: ҚР Ішкі істер министрлігі.

Жолаушылар айналымы

Қазақстан Республикасындағы жолаушылар айналымы бойынша 1991 жылдан 2019 жыл аралығында 4 есе ұлғайды. Егер 1991 жылы жолаушылар айналымы 67 835,0 млн жкм құраса,

2019 жылы 260 909,1 млн жкм құрады. Республикадағы жолаушылар айналымының негізгі үлесі автомобиль және қалалық электр көлігіне тиесілі, 2019 жылы ол 88,3%-ды құрады.

8.3-кестеде және 8.4-суретте 2014-2019 жылдардағы жолаушылар айналымы бойынша ақпарат ұсынылды.

8.3-кесте

2014-2019 жылдардағы жолаушылар айналымы


р/с	Атауы	Бірлік	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Теміржолда¹⁾								
1	Жолаушылар айналымы	млн жкм	18317,0	17084,0	18165,1	19241,2	18509,5	22000,0
Автомобильдік және қалалық электр көлігінде²⁾								
2	Жолаушылар айналымы	млн жкм	217372,4	223085,6	237556,1	240586,9	247931,2	260909,1
Ішкі суда¹⁾								
3	Жолаушылар айналымы	млн жкм	1,2	0,4	1,2	0,7	0,6	0,7
оның ішінде								
4	Теміржолда	%	7,7	6,8	6,7	7,4	6,6	7,7
5	Автомобильдік және қалалық электр көлігінде	%	88,0	88,8	89,0	93,04	88,1	92,2
6	Ішкі суда	%	0,005	0,0002	0,0005	0,04	0,0002	0,0002

Көзі: ¹⁾ ҚР Инвестициялар және даму министрлігі,

²⁾ ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті.

8.4-сурет

Қазақстан Республикасында жолаушылар айналымының динамикасы



Көзі: ¹⁾ ҚР Инвестициялар және даму министрлігі.

²⁾ ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті.

Жүк айналымы

Жолаушылар айналымы қоршаған ортаға ықпал етумен көлік түрлері бойынша тасымалдарды бөлу көліктің әртүрлі түрлерінің бірдей емес «экологиялылығымен» шартталған. Жүк тасымалдау автокөлігі саласынан су, темір жол, құбыр желісі көлігіне көшу

қоршаған ортаға кері ықпал етудің төмендеуіне мүмкіндік беретіндіктен маңызды болып табылады. Әртүрлі көлік түрлерімен орындалатын жүк айналымындағы байланыс қоршаған ортаға жүк айналымының реттеу шараларының тиімділігін бағалауға көмек береді.

2018 жылдың қорытындысы бойынша жүк айналымы километріне 173,5 млрд тоннаны құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 6,3%-ға ұлғайды.

8.4-кестеде және 8.5-суретте 2014-2019 жылдардағы жүк айналымы бойынша ақпарат ұсынылды.

8.4-кесте

2014-2019 жылдардағы жүк айналымы


р/с	Атауы	Бірлік	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Теміржолда¹⁾								
1.	Жүк айналымы	млрд ккм	216,5	189,8	188,2	206,3	262,1	223,0
Автомобильдік және қалалық электр көлігінде²⁾								
2.	Жүк айналымы	млрд ккм	155,7	161,9	163,3	166,1	185,2	173,5
Ішкі суда¹⁾								
3.	Жүк айналымы	млрд ккм	0,03	0,03	0,02	0,02	0,03	0,014
оның ішінде								
4.	Теміржолда	%	50,6	48,9	46,1	61,5	47,4	54,9
5.	Автомобильдік және қалалық электр көлігінде	%	28,1	29,6	31,5	38	28,9	45
6.	Ішкі суда	%	0,005	0,005	0,004	0,005	0,006	0,003

Көзі: ¹⁾ ҚР Инвестициялар және даму министрлігі.

²⁾ ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті.

8.5-сурет

2014-2019 жылдардағы Қазақстан Республикасында жүк айналымының динамикасы



Көзі: ¹⁾ ҚР Инвестициялар және даму министрлігі.

²⁾ ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті.

Теміржол көлігі

Теміржол көлігі Қазақстан көлігінің негізгі түрі болып табылады, ол жалпы пайдаланылатын көліктің барлық түрлерінің 70%-ға дейін жүк айналымын орындайды. Темір жолдардың пайдалану ұзындығы бойынша республика Ресей мен Украинадан кейін ТМД-да 3-ші орынды алады. Алайда, Қазақстан аумағындағы теміржол жолдарының тығыздығы өте төмен және республиканың қажеттілігін қанағаттандырмайды.

Ел аумағы арқылы өтетін темір жол желілері 2019 жылдың басында 15,3 мың км құрады, бұл тағы 275 км басқа мемлекеттердің аумағы бойынша өтеді. Ел аумағы арқылы өтетін теміржол желілері 14,5 мың км алып жатыр, тағы 275 км басқа мемлекеттердің аумағы арқылы өтеді.

2019 жылы жүк айналымы 223 млрд ккм құрады, бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 39,1 млрд ккм аз (2018 жылы - 262,1 млрд ккм).

Контейнерлік тасымалдар транзиті 2019 жылы 665 мың жиырма фруттық эквивалентті (ЖФЭ) құрады, бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 23%-ға артық (2018 жылы-537,4 мың ЖФЭ). Оның ішінде, ҚХР-ЕО-ҚХР бағытында контейнерлік тасымалдар 347 мың ЖФЭ жетті, бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 11%-ға артық (2018 жылы - 310 мың ЖФЭ).

Жолаушылар тасымалы

Бүгінгі күні темір жолмен жолаушылар тасымалы 118 бағыт бойынша жүзеге асырылады, оның ішінде: транзиттік - 21, коммерциялық - 10, РБ-дан субсидияланатын - 58, жергілікті бюджеттен субсидияланатын - 29.

2019 жылы темір жол көлігімен 22 млн жолаушы тасымалданды (2018 жылы - 22 млн 900 мың).

Теңіз көлігі

Жүктерді ауыстырып тиеу (көліктің басқа түрлеріне тасымалдау/қайта тиеу) Ақтау, Құрық және Баутино теңіз порттары арқылы жүзеге асырылады.

Теңіз порттарымен жүктерді ауыстырып тиеу көлемі 2019 жылы 6 млн тоннаны құрады, бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 8%-ға төмен (6,5 млн тонна).

Барж-алаңдар мен сүйреткіштерді салу және сатып алу жолымен теңіз операцияларын қолдаудың отандық флоты (ТОҚФ) қалыптасты.

2019 жылы ТОҚФ саны 300 бірлікті құрады.

Каспий теңізіндегі халықаралық тасымалдарды флоты 8 танкерді және 4 құрғақ жүкті құрайтын «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының кемелері жүзеге асырады.

2019 жылы жүк тасымалдау көлемі 4,2 млн тоннаны құрады, бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 38%-ға артық (3 млн тонна).

Каспий теңізінің қазақстандық секторында экологиялық қауіпсіздікті күшейту және отандық теңіз кемелерімен жүк тасымалдарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі 2019 жылғы 30 шілдеде «Кемелерден ластануды болғызбау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» №578 бұйрығын шығарды. Құжат теңіз кемелерінде теңізді ластауға, оның ішінде отын құюға, жүк бөліктерін жууға, ластанған суларды теңізге сүзуге және ағызуға алып келуі мүмкін технологиялық операцияларды жүргізу тәртібін регламенттейді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» заңына кеме капитанының порттың теңіз әкімшілігін елдің аумақтық суларында табылған барлық ластанулар туралы, сондай-ақ ҚР аумақтық суларының ластануына алып келетін немесе қатер төндірген өз кемесімен болған инцидент туралы хабардар ету міндетіне қатысты түзетулер енгізілді.

Су көлігі

Өзен көлігімен келесі Ертіс, Жайық-Каспий және Іле-Балқаш бассейндерінде жүзеге асырылады. 2019 жылы кеме жүрісінің кепілдік берілген габариттерімен кеме қатынасы учаскелерінің жалпы ұзындығы 4040,5 км құрады. Кеме қатынасы қауіпсіздігі «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнымен жүзеге асырылады.

Жол жұмыстары (навигацияға техникалық қызмет көрсету, бұрғылау, түбін тазалау, түзету, арна дизайны бойынша зерттеулер) су жолдарының кеме жүзетін учаскелерінде ғана жүзеге асырылады.

Өзен көлігінің негізгі тасымалдаушылары «Павлодар өзен порты» АҚ, «Иртыштранс» ЖШС, «УралФлотоСервис» ЖШС, «СевКаспийфиш» ЖШС, «Форма Балхашбалық» ЖШС, «Ауына су» ЖШС және басқалары болып табылады.

Жүктердің негізгі номенклатурасы: ағаш, құм-қиыршықтас қоспасы (ҚҚК), шақпатас, қиыршықтас, құм, көмір, әлеуметтік жүктер, балық өнімдері.

Тасымалдау Павлодар – Омбы бағытында, сондай-ақ ішкі бассейндерде халықаралық қатынаста жүзеге асырылады.

2019 жылы жүк тасымалының жалпы көлемі 1,412 млн тоннаны құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 5,4%-ға (1,340 млн тонна) артық.

Ертіс бассейні. Бассейндегі негізгі порт болып қуаттылығы 650 мың тонна болатын Павлодар өзен порты табылады. Қашықтығы – 1 719,5 км. Жүктің негізгі номенклатурасы: шақпатас, құм, құм-қиыршықтас қоспасы, тұз, ағаш.

Жайық-Каспий бассейні. Қашықтығы - 1 013 км. Бассейндегі негізгі порт болып Атырау өзен порты табылады. Жүктің негізгі номенклатурасы: мұнай-газ саласы кәсіпорындарының габаритті емес жүктері мен жабдықтары, балық өнімдері.

Іле-Балқаш бассейні. Қашықтығы – 1 308 км. Жүктің негізгі номенклатурасы: балық өнімдері.

Әуе көлігі

Азаматтық авиация саласында негізгі көрсеткіштердің динамикасы тұрақты өсуді көрсетеді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша 8,6 млн жолаушы тасымалданды, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен (7,9 миллион) 9 пайызға артық. ҚР әуежайларында қызмет көрсетілген жолаушылар саны 17,7 млн адамды құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 12%-ға артық (15,8 млн адам).

Соңғы 7 жылда транзиттік жолаушылар ағыны 45 есеге артты. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 1 млн транзиттік жолаушыға дейін өсті. Транзиттік әуе ұшуларының саны 4%-ға артып, 194,2 млн ұшақ-километрді құрады.

Елімізде 60 авиакомпания жұмыс істейді, 9 қазақстандық авиакомпанияның Еуропалық Одақ елдеріне ұшуға рұқсаты бар. Ішкі нарықта 52 бағыт бойынша ұшуларды 7 қазақстандық авиакомпания жүзеге асырады.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарын, №68 қадам жүзеге асыру аясында, Қазақстан ұшу қауіпсіздігінің жаңа моделіне көшті.

2019 жылы 1 тамызда «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ құрылды. Ұйымның негізгі функциялары авиакомпаниялар мен әуе кемелерімен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді техникалық бақылау және қадағалау, персоналды ИКАО стандарттарына сәйкес оқыту болып табылады.

Азаматтық авиация комитеті 2 мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Қазақстанның авиациялық әкімшілігі 20 мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Құбыр көлігі

Құбыр көлігі басқа көлік түрлерімен салыстырғанда біршама мамандандырылған және мұнай мен газ саласын дамыту үшін өте маңызды. 1 км құбыр салуға жұмсалатын шығындар 1 км темір жол құрылысына жұмсалатын шығынның жартысына жуығын құрайды және пайдалану шығындарының төмендігіне байланысты тезірек өтелетіні есептелген.

Қазақстандағы құбыр көлігі магистралдық мұнай құбырларымен – 7912,0 км және газ құбырларымен – 12269,0 км ұсынылған.

Ішкі және халықаралық нарықтарға мұнай жеткізуге байланысты бірқатар проблемалар бар.

Ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз етуге келетін болсақ, мәселе қорлардың көпшілігі мен мұнай өндірудің негізгі көлемдері республиканың батысында шоғырланған, ал оның тұтынушылары (ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтар) оңтүстік-шығыста және индустриялық солтүстікте орналасқан.

Қазіргі уақытта қалыптасқан жағдайды жақсартуға бағытталған бірнеше жоба іске асырылуда.

Көлік жүйесі Қазақстан инфрақұрылымының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады және ел экономикасының даму деңгейіне елеулі әсер етеді.

Тиімді геостратегиялық жағдай, ауқымды әуе кеңістігі, негізінен жазық сипаттағы аумақ әлемдік маңызы бар ең қысқа әуе және құрлықтағы көлік магистралдарын төсеуге мүмкіндік береді. Қазақстан халқының мүддесі үшін барынша тиімді пайдалану міндет болып табылады.

9-Бөлім

ҚАЛДЫҚТАР



9-БӨЛІМ. ҚАЛДЫҚТАР

Қоршаған ортаны қорғаудың маңызды бағыттарының бірі өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару үдерісін ұтымды ұйымдастыру болып табылады. Бұл ретте қалдықтарды залалсыздандыру және кәдеге жарату мақсатында қалдықтарды қайта өңдеу, қалдығы аз және қалдықсыз технологияларды енгізу экономикалық ынталандыруда маңызды рөл атқарады.

Қалдықтардың түзілуі

2019 жылы Қазақстан Республикасында 335,5 млн тонна қауіпті емес қалдықтар, 180,5 млн тонна қауіпті қалдықтар және 0,145 млн тонна радиоактивті қалдықтар түзілді.

2018-2019 жылдары түзілген қалдықтар (қауіпті, қауіпті емес және радиоактивті) бойынша жалпы ақпарат 9.1-кестеде келтірілген.

9.1-кесте

2018-2019 жылдары түзілген қалдықтардың көлемі (млн тонна)


№ р/с	Қалдықтардың түрлері	Көлемі	
		2018 жыл	2019 жыл
1	Қауіпті қалдықтар	149,96	180,5
2	Қауіпті емес қалдықтар	295,5	335,5
3	Радиоактивті қалдықтар	0,13	0,145

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

ҚОҚ БАЖ деректеріне сәйкес, 2018-2019 жылдары түзілген қауіпті емес қалдықтар көлемінің 40 млн тоннаға ұлғаюы байқалады. Түзілген қауіпті қалдықтардың көлемі 2018 жылы төмендеп, 2019 жылға қарай 53,6 млн тоннаға ұлғайды, ал түзілген радиоактивті қалдықтардың көлемі 2018 жылмен салыстырғанда аздап ұлғайды (9.1-сурет).

9.1-сурет

2018-2019 жылдары түзілген қалдықтардың көлемі (млн тонна)



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Қауіпті емес қалдықтар

ҚОҚ БАЖ деректеріне сәйкес, 2019 жылы қауіпті емес қалдықтардың түзілу көлемі 335,5 млн тоннаны құрады.

Түзілген қалдықтардың 99,7%-ын «басқа қалдықтар» деп белгіленген қалдықтар, 0,14%-ын құрылыс қалдықтары, 0,07%-ын макулатура құрайды (9.2-кесте).

2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері бойынша көлемі


№ р/с	Қалдықтардың түрлері	Көлемі, мың тонна
1	Қаптауыш материалдар	82,6
2	Макулатура	227,7
3	Пластик қалдықтары	68,84
4	Электрондық және электр жабдықтарының қалдықтары	1,32
5	Ірі көлемді қалдықтар	73,7
6	Құрылыс қалдықтар	486,1
7	Пайдаланудан шыққан автокөлік (дана)	135,00
8	Басқа қалдықтар	334 511, 00
Барлығы		335 451, 4

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

2018-2019 жылдары түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлер бөлінісінде таралуы 9.2 және 9.3-суреттерде көрсетілген.

9.2-сурет


2018-2019 жылдардағы түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері бойынша көлемі (мың тонна)



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

9.3-сурет

2018-2019 жылдары түзілген «басқа да қалдықтардың» көлемі (мың тонна)



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы макулатура көлемінің 7,8%-ға, қаптауыш материалдары көлемінің 2 есеге, пластик қалдықтарының тиісінше 5 есеге, ірі габаритті қалдықтар көлемінің 19 есеге ұлғаюы байқалады. Құрылыс қалдықтарының көлемі 30%-ға, электрондық және электр жабдықтарының қалдықтары 67%-ға, автокөлік саны 30%-ға азайды.

9.4-суретте қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы бойынша деректер көрсетілген.

9.4-сурет

2019 жылғы қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы (мың тонна)



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

ҚОҚ БАЖ деректеріне сәйкес қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы келесі түрде берілген: 2019 жылы 335,5 млн тонна түзілген, басқа тұлғалардан түскені - 2,06 млн тонна, қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртенгені - 89,94 млн тонна, қалдықтарды орналастырудың жеке объектілерінде орналастырылғаны - 200,21 млн тонна, бөгде ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені - 2,78 млн тонна (9.4 - сурет).

Қауіпті қалдықтар


Қазақстан Республикасында қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды бақылау және оларды тасымалдау, кәдеге жарату, сақтау және көму мақсаттары үшін жоюды бақылау туралы Базель конвенциясына сәйкес қалдықтар қауіптіліктің 3 деңгейімен белгіленген:

- 1) жасыл - G индексі;
- 2) янтарлы - A индексі;
- 3) қызыл - R индексі.

9.5-суретте қауіптілік деңгейі бойынша 2018-2019 жылдары түзілген қауіпті қалдықтардың көлемі туралы деректер көрсетілген.

9.5-сурет

Қауіптілік деңгейі бойынша 2018-2019 жылдары түзілген қауіпті қалдықтардың көлемі



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы «янтарлы» және «жасыл» тізімдерде түзілген қалдықтардың өсуі байқалды. 2018-2019 жылдары «қызыл» және «янтарлы» тізімдері қалдықтарының түзілуінде аздаған өзгерістер байқалады. 2019 жылы «жасыл» тізімнен түзілген қалдықтардың көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 30 508,25 мың тоннаға (21%) өсті (9.5-сурет).


«Жасыл тізім» қалдықтары 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың 97,7%-ын, «янтарлы» тізімінің қалдықтары – 2,3%-ды және «қызыл» тізімнің қалдықтары - 0,01%-ды құрады.

2019 жылы республика бойынша түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі 180 506,8 мың тоннаны құрады.

ҚОҚ БАЖ деректерін талдау 2019 жылы «қызыл» тізімдегі қалдықтардың ең көп көлемі Қарағанды (1555,8 мың т), «янтарлы» тізімде Павлодар (1638,5 мың т) және «жасыл тізімде» Қостанай (111 258,8 мың т) облыстарында құрылғанын көрсетеді (9.6, 9.7, 9.8-суреттер).

9.6-сурет


2019 жылғы «жасыл» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың көлемі



Көзі: ҚОҚ БАЖ


9.7-сурет

2019 жылғы «янтарлы» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың көлемі



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

2019 жылғы «қызыл» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың көлемі



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Біршама толық ақпарат 2019 жылғы өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізу нәтижелері бойынша Ақпараттық шолуда ұсынылған.

Тұрмыстық қатты қалдықтар

2019 жылы Статистика комитетіне сәйкес Қазақстан Республикасында барлығы 4,7 млн тонна ТҚҚ пайда болды, оның 2,9 млн тоннасын қалдықтарды жинау және тасымалдау бойынша мамандандырылған кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер жинаған коммуналдық қалдықтар құрады, олардың саны 587 бірлікті құрады.

9.3-кестеде облыстар бөлінісінде коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың саны бойынша деректер берілген.

9.3-кесте

Облыстар бөлінісінде коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың саны

Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың саны						
	Барлығы	оның ішінде		оның ішінде		
		кәсіп-орындар мен ұйымдар	жеке кәсіпкерлер	меншік нысаны бойынша		
				мемлекеттік	жеке	шетелдік
Қазақстан Республикасы	587	416	171	42	539	6
Ақмола облысы	36	27	9	6	30	-
Ақтөбе облысы	26	18	8	-	26	-
Алматы облысы	91	41	50	2	89	-

Атырау облысы	18	13	5	-	18	-
Батыс Қазақстан облысы	17	7	10	-	17	-
Жамбыл облысы	39	18	21	2	37	-
Қарағанды облысы	38	30	8	2	35	1
Қостанай облысы	27	23	4	4	22	1
Қызылорда облысы	27	20	7	-	27	-
Маңғыстау облысы	28	26	2	1	25	2
Павлодар облысы	12	10	2	2	10	-
Солтүстік Қазақстан облысы	25	19	6	-	24	1
Түркістан облысы	45	42	3	19	26	-
Шығыс Қазақстан облысы	47	31	16	4	43	-
Нұр-Сұлтан қ.	35	35	-	-	34	1
Алматы қ.	63	46	17	-	63	-
Шымкент қ.	13	10	3	-	13	-

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Коммуналдық қалдықтардың негізгі үлесі үй шаруашылықтарының қалдықтарына тиесілі – 70,7%, 15,7% өндіріс қалдықтары (тұрмыстық қалдықтарға теңестірілген), 10,3% – көшелерден жиналған қоқыс, 1,7% – нарық қалдықтары.

Жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың 7,9%-мемлекеттік, 91,4%-жеке және 0,7% - шетелдік меншік нысанындағы кәсіпорындармен жиналды.

2019 жылы коммуналдық қалдықтардың ресми жұмыс істеп тұрған полигондарына (үйінділеріне) 3,9 млн тонна қалдық келіп түсті. Оның 65,3%-ы одан әрі депонирлеуге, 27,0%-ы сұрыпталды және 13,7%-ы одан әрі өңдеуге жіберілді, 6,4%-ы кәдеге жаратылды.

Сақтауға бағытталған қалдықтар көлемінің 68,5%-ын аралас коммуналдық қалдықтар, 19%-ын қайта өңдеуден кейінгі қалдықтар құрады.

9.4-кестеде сұрыптауға, кәдеге жаратуға және депонирлеуге түскен қалдықтардың жалпы көлемі бойынша деректер берілген.

Сұрыптауға, кәдеге жаратуға және депонирлеуге түскен коммуналдық қалдықтардың жалпы көлемі

	Қалдықтарды сұрыптаумен, кәдеге жаратумен және депонирлеумен айналысатын ұйымдардың саны, бірлік	Түскен қалдықтардың көлемі, тонна	Түскен қалдықтардың жалпы көлемінен				Есепті жылдың басында жинақталған көмілген (депонирленген) қалдықтардың көлемі, тонна	
			сұрыпталды	Барлығы	оның ішінде қайта өңдеуге жіберілген қалдықтардың көлемі	Кәдеге жаратылды		көмуге келіп түсті (депонирлеу)
Қазақстан Республикасы	214	3 860 881	1 041 094	142 401	248 142	2 521 066	760 211	40 779 877
Ақмола облысы	214	3 860 881	1 041 094	142 401	248 142	2 521 066	760 211	40 779 877
Ақтөбе облысы	29	134 524	5 746	x	-	128 779	60 519	1 600 391
Алматы облысы	11	160 090	-	-	9 555	150 535	17 818	2 364 664
Атырау облысы	12	640 512	x	x	205 548	407 512	76 952	1 961 759
Батыс Қазақстан облысы	4	68 971	3 506	3 506	x	43 688	8 622	271 704
Жамбыл облысы	3	79 489	x	x	-	40 491	4 736	3 862 894
Қарағанды облысы	8	61 351	995	995	-	60 356	20 790	2 521 094
Қостанай облысы	14	344 211	199 342	-	-	144 869	91 687	6 065 092

Қызылорда облысы	48	254 251	2 132	2 132	2 132	4 077	247 594	135 242	2 726 179
Маңғыстау облысы	3	33 719	5 131	5 131	5 131	978	27 610	-	217 884
Павлодар облысы	7	132 632	22 811	22 811	22 811	5 800	104 021	2 345	424 967
Солтүстік Қазақстан облысы	4	233 183	246	246	x	230	232 707	63 047	3 090 502
Түркістан облысы	13	75 910	5 497	5 497	1 985	-	70 384	11 740	1 391 304
Шығыс Қазақстан облысы	37	132 490	-	-	-	-	132 490	17 641	838 121
Нұр-Сұлтан қ.	17	185 343	43 806	43 806	32 339	177	141 338	22 199	12 348 837
Алматы қ.	2	735 969	x	x	x	-	x	194 591	x
Шымкент қ.	1	x	x	x	x	-	-	x	-

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

2019 жылдың соңында ресми жұмыс істеп тұрған полигондарда (үйінділерде) 43,3 млн тоннадан астам қалдық жинақталған.

Қалдықтар полигондары

Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 298-бабына сәйкес қалдықтарды көму орны оларды алу ниетінсіз тұрақты орналастыру орны болып табылады. Қалдықтарды көму арнайы жабдықталған полигондарда жүргізіледі. Қалдықтар полигондарын орналастыру және салу жобалары мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаға жатады. Техногендік минералдық түзілімдерді уақытша сақтау қалдықтарды орналастыру болып табылмайды. Қалдықтарды сақтау, кейіннен кәдеге жарату, қайта өңдеу немесе түпкілікті көму мақсатында, қалдықтардың әрбір түрі үшін жобалау құжаттамасында, белгіленген кезеңге арнайы жабдықталған орындарда (алаңқайларда, қоймаларда, сақтағыштарда) жүргізіледі. Әрбір полигонның қалдықтардың Мемлекеттік кадастрына енгізілген кадастрлық нөмірі бар. Алдын ала өңдеусіз көмуге тек қауіпті емес қалдықтар ғана жіберіледі.

Санитарлық ережелер полигонға арналған орынды таңдауды нақтылауды, медициналық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау, залалсыздандыру, көму және (немесе) пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адамдарға қойылатын талаптарды көздейді. ҚР ЭК 291-бабына сәйкес, полигондарды қалалық және басқа да қоныстарда, емдеу-сауықтыру және басқа да қорғау аймақтары аумақтарында, сондай-ақ пайдалы қазбалар жатқан және тау-кен жұмыстарын жүргізу орындарында орналастыруға тыйым салынады. ҚР ЭК 299-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы полигондар қауіпті, қауіпті емес қалдықтар және ТҚҚ орналастыру үшін үш класқа бөлінеді. Қалдықтарды әр түрлі класты полигондарда орналастыру тізбесі Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 2 тамыздағы №244-п бұйрығымен анықталған.

Белгілі бір кластағы полигонда қалдықтарды қабылдау үшін критерийлер ҚР ЭК №300-бабымен бекітілген және полигонда көмуге жарамсыз қалдықтар тізбесі ҚР ЭК 301-бабында көзделген.


Полигонды (полигонның бір бөлігін) жабу аумақты рекультивациялаумен, ҚР ЭК 306-бабында көзделген тәртіппен қоқыс газы шығарындыларына мониторинг жүргізумен және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 12 қаңтардағы №6-О бұйрығымен бекітілген ТҚҚ полигонының әрбір секциясы үшін газ мониторингін жүргізу жөніндегі әдістемеде көзделген тәртіппен аумақты рекультивациялаумен, қоқыс газының шығарындыларына мониторинг жүргізумен сүйемелденеді.

Полигондарды рекультивациялау полигондағы қалдықтарды тұрақтандыру, полигон орналасқан аймақтың табиғи-климаттық жағдайларын ескере отырып, полигон баурайларын эрозияға қарсы қорғау және көгалдандыру жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

9.9-суретте облыстар бөлінісінде қауіпті, қауіпті емес және тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру үшін ҚОҚ БАЗ-да тіркелген қолданыстағы полигондардың саны туралы ақпарат берілген.

9.9-сурет

ҚОҚ БАЗ-да тіркелген аймақтар бөлінісіндегі қолданыстағы полигондар (бірл.)



Көзі: ҚОҚ БАЗ.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі «Қазақстан Ғарыш Сапары» «ҰК» АҚ-мен бірлесіп қалдықтарды орналастыру орындарының ғарыштық мониторингін іске асыруда. 2019 жылы 9 229 рұқсат етілмеген қоқыс орындары анықталып, 2 590 қоқыс орындары кәдеге жаратылды, бұл анықталған қоқыс орындарының 28%-ын құрайды (2018 ж. - 14%).

Жобалық және рұқсаттық құжаттамасынсыз (полигонның жұмыс жобасы, ҚОӘБ, ҚОӘБ жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы, ҚОНЖ, қоршаған орта эмиссиясына рұқсаттама) ТҚК үйінділері бар ауылдық елді мекендерде қалдықтарды көму технологиясы сақталмайды, жою қорлары құрылмаған, жер учаскелерін бөлу туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімдері жоқ, қалдықтарды көму жөніндегі жұмыстарды, сондай-ақ қоршаулар мен таразы жабдықтары бойынша жұмыстарды жүзеге асыру үшін базалар жоқ, келіп түсетін қалдықтарға дозиметрлік бақылау жүргізілмейді.

Жергілікті атқарушы органдармен полигондар мен қоқыс орындарын талаптарға сәйкес келтіру жөніндегі жұмыстар көбінесе қаражаттың жетіспеуіне байланысты оң нәтиже бермейді.

Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясат

Қазақстанның қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаты Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасында айқындалған және қалдықтарды бөлек жинауды енгізуге, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік арқылы инвестицияларды тарта отырып, қайталама шикізаттан өнім алуға, қалдықтарды қайта өңдеу секторын дамытуға бағытталған. Тұжырымдамаға сәйкес 2030 жылға қарай қалдықтарды өңдеу үлесі 40%-ға, 2050 жылға қарай 50%-ға дейін жеткізілуі тиіс.

Осыған байланысты тұрмыстық қатты қалдықтарды (бұдан әрі – ТҚК) қайта өңдеу саласын дамыту мақсатында нормативтік құқықтық база жетілдірілді. Атап айтқанда, Экологиялық кодекске түзетулер енгізілді:

- «коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау», «қайталама шикізат» ұғымдары енгізілді, оларға қойылатын талаптар белгіленді;
- өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері енгізілді (бұдан әрі - ӨКМ);
- полигондарда қалдықтардың кейбір түрлерін көмуге тыйым салынды.

Сонымен, 2016 жылдан бастап полигондарда құрамында сынабы бар шамдар мен аспаптарды; металл сынықтарын; пайдаланылған майлар мен сұйықтықтарды; батареяларды; электрондық қалдықтарды көмуге тыйым салынады. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап пластмассаны, макулатураны, картонды және қағаз қалдықтарын, шыныны көмуге тыйым салынды.

2021 жылдан бастап құрылыс және тамақ қалдықтарын көмуге тыйым салынады.

Осы нормаларды енгізу қалдықтарды өңдеу саласында шағын және орта бизнесті ынталандыруға және дамытуға мүмкіндік берді.

2018 жылы әкімдіктер шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, ТҚК-ны заманауи кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі шараларды және іс-шараларды іске асырудың белгіленген мерзімдерін бекітті. Олардың орындалуын үйлестіруді және мониторингілеуді ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі жүзеге асырады.

Іс-шаралар кешені келесілерді көздейді:

- аймақтарда ТҚК басқару саласын дамытудың жалпы стратегиясын айқындайтын қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу;
- ТҚК жинау, шығару, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму сияқты барлық операцияларды ескере отырып, қолданыстағы тарифтерді қайта қарастыру;
- бөлек жинауды енгізу, сұрыптау кешендерін орнату, бұл біршама сапалы қайталама шикізатты алуға, қайталама шикізат нарығын дамытуға және полигонға орналастырылатын қалдықтар көлемін қысқартуға, полигондардың қызмет ету мерзімін ұлғайтуға, тиісінше жаңа полигондар салуға арналған бюджет шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді;
- ТҚК-мен жұмыс істеу, оның ішінде биогаз немесе компост алу үшін органикалық қалдықтарды қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту;
- халықтың экологиялық хабардарлығын арттыру және оларды ТҚК-ны бөлек жинау үдерісіне тарту үшін халықпен ТҚК бойынша кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысын

жүргізу;

- ынтымақтастықты жолға қою және инвестициялар тарту.

Қалдықтармен жұмыс істеу саласында келесідей жетістіктер бар:

- 2019 жылы ТҚҚ өңдеу үлесі 14,9%-ды құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 4 есеге 3,4%-ға жоғары.

Экологиялық кодекс экологиялық мәселелерді, оның ішінде қалдықтарды басқару жүйесіне байланысты мәселелерді реттейтін негізгі салалық нормативтік құқықтық акт болып табылады. Кодексте қалдықтарды басқару саласында оның негізгі нормаларының нақтылануын айқындайтын 32 заңға тәуелді актісі және 18 мемлекеттік стандарты бар.

Қазақстанда қолданыстағы Экологиялық кодекс 2007 жылғы 9 қаңтарда қабылданды. Тұтастай алғанда, бұл норма моральдық тұрғыдан ескірген және маңызды түрде қайта қарауды талап етеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауында орын алған тапсырмаларын орындау үшін Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің жаңа редакциясы әзірленуде.


ҚР Президентінің 2014 жылғы 26 мамырдағы №823 жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан «Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі кеңес құрылды. Кеңестің шешімімен оның алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында 9 жұмыс тобы құрылды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы «Мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» №827 жарлығына сәйкес жергілікті атқарушы органдармен әрбір облыстың аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламалары әзірленді, олар мынадай нысаналы индикаторларды көздейді:

- ТҚҚ түзілуіне байланысты оларды кәдеге жарату және сұрыптау үлесі;
- өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату және олардың түзілуіне қарай сұрыптау үлесі;
- облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың халқын қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметтерімен қамту;
- экологиялық талаптар мен санитарлық қағидаларға сәйкес келетін (оларды орналастыру орындарының жалпы санынан) ТҚҚ орналастыру объектілерінің үлесі.

9.10-суретте ҚР аймақтары бөлінісінде 2019 жылғы ТҚҚ түзілу көлемі, халықтың ТҚҚ шығару қызметтерімен қамтылу пайызы және ТҚҚ жинау және шығару қызметтерінің орташа тарифі бойынша ақпарат көрсетілген.

9.10-сурет

2019 жылы аймақтар бөлінісінде тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуі



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №168 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының (бұдан әрі – Бірыңғай бағдарлама) 1-қосымшасының 38-тармағына сәйкес қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, қалдықтарды кәдеге жарату Бірыңғай бағдарламаның әлеуетті қатысушылары үшін экономиканың басым секторларына жатқызылған.

Бірыңғай бағдарламаның 94-тармағына сәйкес экономиканың басым секторларында өз жобаларын іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлайтын тиімді кәсіпкерлер екінші бағыттың қатысушылары болып табылады. Бірыңғай бағдарламаның осы бағыты шеңберінде банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, банктердің/даму банкінің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру, өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту, индустриялық аймақтарды құру, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдау шаралары көзделген.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына жаңа өндірістерді құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жаңарту үшін тіркелген активтерге инвестицияларды жүзеге асыру кезінде инвестициялық преференциялар көзделген.

Кәсіпкерлік кодексінің 286-бабына сәйкес инвестициялық преференциялар заңды тұлға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №13 қаулысымен бекітілген қызметтің басым түрлерінің тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) енгізілген қызмет түрлері бойынша инвестициялық жобаны іске асырған кезде беріледі.

Экономикалық қызметтің жалпы классификаторына сәйкес тізбеде 38.12 «Қауіпті қалдықтарды жинау», 38.21 «Қауіпті емес қалдықтарды өңдеу және жою», 38.32 «Қара және түсті металдардың қалдықтары мен сынықтарын өңдеуді қоспағанда, сұрыпталған материалдарды кәдеге жарату» кластары бойынша келесідей қызмет түрлері бар.

Көрсетілген қызмет түрлері бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері берілуі мүмкін:

- кеден баждарын және импортқа қосылған құн салығын салудан босату;
- мемлекеттік заттай гранттар.

Инвестициялық преференцияларды беру тәртібі мен шарттары Кәсіпкерлік кодекстің 285 және 286-баптарында айқындалған.

Инвестициялық преференцияларды алу үшін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы Кодекстің 292-бабында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №1133 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар комитетіне өтінім ұсынуы қажет.

Өтінім беру үшін қажетті нормативтік құқықтық актілер ҚР Сыртқы істер министрлігінің веб-сайтында бар екенін атап өтеміз (*Комитеттер → Инвестициялар жөніндегі Комитет → Нормативтік құқықтық актілер → Заңға тәуелді актілер → Инвестициялық преференциялар*).

Министрлік «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы шеңберінде кейіннен электр энергиясын өндіре отырып, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату механизмін енгізу бойынша жұмысты жоспарлап отыр.

Бұл механизм түзілетін қалдықтардың көлемін, олардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға, қалдықтарды қайта өңдеу нарығының инвестициялық тартымдылығын арттыруға, сондай-ақ қалдықтармен жұмыс істеу инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді.

Бастапқы кезеңде 6 қалада (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Атырау, Тараз, Ақтөбе) қоқыс жағатын зауыттар салу жоспарлануда.

Министрлік сондай-ақ «ЭКСПО-2017» көрмесінің халықаралық павильондарында ұсынылған жаңа технологияларды қолдану мүмкіндігі туралы мәселені пысықтауда.

Медициналық қалдықтар

Қазақстан Республикасының медициналық қалдықтарды басқару жүйесіндегі негізгі нормативтік-құқықтық базасын ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы»

заңының 100, 101 бабтары, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 мамырдағы «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «Санитариялық қағидаларын бекіту туралы» №357, 2019 жылғы 3 наурыздағы «Медициналық қалдықтар бойынша ақпарат беру қағидаларын бекіту туралы» №ҚР ДСМ-15 бұйрықтары, 2018 жылғы 23 сәуірдегі ҚР Ұлттық экономика министрінің «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» №187 бұйрығын құрайды.

Медициналық қалдықтар қауіптіліктің бес класына бөлінеді:

1) **А класы** – қауіпті емес қалдықтар: қауіпті қасиеттері жоқ қалдықтар;
2) **Б класы** – эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар: инфекцияланған және әлеуетті инфекцияланған қалдықтар (құралдар мен аспаптар, қанмен және басқа да биологиялық сұйықтықтармен ластанған заттар, патологоанатомиялық қалдықтар, органикалық операциялық қалдықтар – патогендігі III-IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс істейтін мүшелер, маталар, инфекциялық бөлімшелерден алынған тамақ қалдықтары, микробиологиялық, клиникалық-диагностикалық зертханалардан, фармацевтикалық, иммундық-биологиялық өндірістерден алынған қалдықтар, жануарлардың биологиялық қалдықтары және пайдалануға жарамсыз тірі вакциналар);

3) **В класы** – төтенше эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар: инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен жанасқан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаты саласында төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін және аумақты санитариялық қорғау жөніндегі іс-шаралар жүргізуді талап ететін материалдар, патогендігі I-II топтағы микроорганизмдермен жұмыс істейтін зертханалардың, фармацевтикалық және иммундық-биологиялық өндірістердің қалдықтары, фтизиатриялық стационарлардың емдеу-диагностикалық бөлімшелерінің қалдықтары, анаэробты инфекциясы бар пациенттердің қалдықтары; туберкулез қоздырғыштарымен жұмыс істейтін микробиологиялық зертханалардың қалдықтары;

4) **Г класы** – қауіпті уытты қалдықтар: пайдалануға жатпайтын қалдықтар (дәрілік, оның ішінде цитостатиктер, диагностикалық, дезинфекциялық құралдар), құрамында сынабы бар заттар, аспаптар мен жабдықтар, фармацевтикалық өндірістердің шикізаты мен өнімдерінің қалдықтары, жабдықтарды, көлікті, жарықтандыру жүйелерін пайдаланудан қалған қалдықтар;

5) **Д класы** – радиоактивті қалдықтар: Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген радиоактивті заттар үшін регламенттелген мәндерден асатын мөлшерде және концентрацияда радиоактивті заттары бар қалдықтар.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша медициналық мекемелер қызметінің нәтижесінде алынған қалдықтардың шамамен 80%-ы әдеттегі қоқыс болып табылады. Қалған 20%-ы жұқпалы, уытты немесе радиоактивті болуы мүмкін қауіпті материалдар болып саналады.

Медициналық қалдықтар мен жанама өнімдер әртүрлі материалдар болып табылады:

- инфекциялық қалдықтар: қанмен және оның өнімдерімен ластанған қалдықтар, инфекциялық агенттердің дақылдары мен қорлары, оқшауланған палаталардағы пациенттердің қалдықтары, құрамында қан мен ағза сұйықтықтары бар диагностикалық үлгілер, зертханадан инфекцияланған жануарлар, сондай-ақ ластанған материалдар (тампондар мен таңғыштар) мен жабдықтар (медициналық мақсаттағы бір реттік құрылғылар);

- патологиялық қалдықтар: дененің сәйкестендірілген бөліктері және жануарлардың ауру жұқтырған өлекселері;

- өткір заттар: шприцтер, инелер, бір рет қолданылатын скальпельдер және жүздер және т. б.;

- химиялық заттар: мысалы, сынап, еріткіштер және дезинфекциялау құралдары;

- дәрілік препараттар: мерзімі өткен, пайдаланылмаған және ластанған дәрілік заттар, вакциналар мен сарысулар;

- гендік уытты қалдықтар: өте қауіпті, мутагенді, тератогенді немесе канцерогенді заттар, мысалы, обырды емдеу үшін пайдаланылатын цитоуытты дәрілер және олардың метаболит-

тері;

- радиоактивті қалдықтар, радиоактивті диагностикалық материалдармен немесе радиотерапевтік материалдармен ластанған шыны ыдыстар;

- ауыр металдардан жасалған қалдықтар: сынған сынап термометрлері.

2017-2018 жылдардағы медициналық қалдықтар бойынша статистика ҚР ДМ Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің ақпараты негізінде қалыптасты.

2019 жылғы деректер ҚОҚ БАЖ өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрына қалдықтардың меншік иелері ұсынған медициналық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі есептерге сәйкес қалыптастырылған.

2017-2018 жылдары А класындағы түзілген медициналық қалдықтардың көлемі тоннамен өлшенді. Бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес 2019 жылғы ақпарат текше метрмен ұсынылған. Осыған байланысты 2019 жылы түзілген қалдықтардың жалпы көлеміне 121 799,6 м³ құраған «А» класында түзілген қалдықтардың көлемі енгізілмеген.


ҚР ДМ Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің ақпаратына сәйкес, 2019 жылы медициналық қалдықтардың көлемі:

- Б класының қалдықтары – 112,28 мың т;
- В класының қалдықтары – 11,3 мың т;
- Г класының қалдықтары: аспаптар – 24 085 дана, қатты – 5 774,3 кг, сұйық – 9,2 л;
- Д класының қалдықтары – 0,4 мың т.

9.11-суретте аймақтар бөлінісінде қауіптілік кластары бойынша медициналық қалдықтардың көлемі туралы ақпарат берілген.


9.11-сурет

Қауіптілік кластары бойынша 2019 жылғы медициналық қалдықтардың көлемі



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

2019 жылы түзілген медициналық қалдықтар көлемінің қауіптілік кластары бойынша арақатынасы (%)



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

А класының қалдықтары республика бойынша түзілген медициналық қалдықтардың жалпы көлемінің 49%-ын құрады. Өткен есепті кезеңмен салыстырғанда Б класындағы қалдықтардың көлемі 6 есеге, В класындағы қалдықтардың көлемі 20 есеге ұлғайды. 2019 жылы «Г» класында түзілген қатты медициналық қалдықтардың көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 4 706,1 кг (немесе 46%) азайды. «Д» класында түзілген медициналық қалдықтардың көлемі 57-ден 0,4 т-ға дейін төмендеді (9.12-сурет).



10-Бөлім

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ
ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСАРДЫ
ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

10.1. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 17 маусымдағы №17 жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау, тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеу, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қорғау, бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілді.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 13 департаменттен және 4 комитеттен тұрады:

- Климаттық саясат және жасыл технологиялар департаменті;
- Траншекаралық өзендер департаменті;
- Геология және минералдық-шикізат базасын дамыту департаменті;
- Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті;
- Экологиялық саясат және тұрақты даму департаменті;
- Мемлекеттік саясат және қалдықтарды басқару департаменті;
- Халықаралық ынтымақтастық департаменті;
- Цифрландыру, ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтерді бақылау департаменті;
- Кадр жұмыстары департаменті;
- Заң қызметі департаменті;
- Ішкі аудит департаменті;
- Бюджет және қаржылық рәсімдер департаменті;
- Әкімшілік жұмысы департаменті;
- Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оған ведомствоға бағынысты аумақтық департаменттер (барлығы 17 департамент);
- Геология комитеті;
- Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті;
- Су ресурстары комитеті.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің миссиясы қоршаған ортаны, су және биологиялық ресурстарды сақтауды, қалпына келтіруді және сапасын жақсартуды қамтамасыз ету, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молықтыру, су, орман, балық және аңшылық шаруашылықтары мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды тұрақты дамыту, қазіргі және болашақ ұрпақтың сапалы қоршаған ортаға қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында республиканың төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуі болып табылады.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі қызметтері болып мыналар табылады:

- қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;
- өзінің құзіреті шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыру бөлігіндегі қызметін үйлестіру;
- жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетуі бойынша қызметіне бақылауды жүзеге асыру;
- өндірушілердің (импортерлер) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыруына мемлекеттік бақылауды іске асырады, климат және жердің озон қабатын қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру;
- озонды бұзатын заттарды пайдаланатын жұмыстар өндірісіне, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеу, монтаждау, қызмет көрсетуге рұқсат беру;
- Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға қорытынды береді;
- мемлекеттік экологиялық сараптама және экологиялық рұқсат беруді жүзеге асыру;
- мемлекеттік экологиялық бақылауды және қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру;
- қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласында ақпарат тарату және ағарту

жүйесін дамыту;

- су ресурстарын, орманды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметті басқару және салааралық үйлестіру;

- су ресурстарын, орманды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы заңнаманы жетілдіру;

- су ресурстарын, орманды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;

- су ресурстарын, орманды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

- су ресурстарын, орманды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету.

10.1.1. БАСҚА САЛАЛЫҚ МИНИСТРЛІКТЕРМЕН БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Заңнамалық деңгейде (Экологиялық кодекс) арнайы уәкілетті органдардың келесі функциялары анықталған:

- мұнайгаз және мұнайгаз химиясы өнеркәсібінің, мұнай өнімдерін өндіру, газ және газбен жабдықтау, атом энергиясын пайдалану, көмірсутектерді тасымалдау, уран өндіру, электр және жылу энергетикасы, жаңартылатын энергия көздерін дамыту саласындағы уәкілетті орган – ҚР Энергетика министрлігі;

- жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті;

- азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

- халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті;

- өсімдікті қорғау және карантин саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі;

- көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық білім және ғылым жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - ҚР Білім және ғылым министрлігі.

Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы анықталған қызметтерді коммуналдық-шаруашылық саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті.

Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жергілікті мемлекеттік билік органдары жүзеге асырады.

10.1.2. ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕТТЕУШІ НЕГІЗДЕМЕЛЕР

Қазақстандағы экологиялық саясат тұтастай алғанда елдің орнықты дамуының басты негіздерінің бірі болып табылады. Экологиялық қауіпсіздік саясатындағы негізгі құжаттардың бірі мемлекеттік экологиялық саясаттың негіздері 1995 жылғы 30 тамызда қаланған Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Мемлекеттік экологиялық саясаттың қағидаттары экологиялық заңнаманың ғана емес, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы барлық стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың негізі болып табылады.

Экологиялық заңнаманың негізгі құжаттары: Экологиялық, Жер, Су, Орман, Салық кодекстері, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстері, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін

молайту және пайдалану туралы»; «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы», «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау туралы» заңдары <http://ecogofond.kz/> интернет-ресурсында ашық, қолжетімді түрде орналастырылған.

Қазақстан Республикасы 30-дан астам табиғатты қорғау конвенциялары мен хаттамаларын ратификациялады.

2007 жылы қабылданған Экологиялық кодексте алғаш рет:

- орнықты даму негіздері заңнамалық түрде бекітіледі;
- экологиялық талаптар заңнамалық деңгейге шығарылды;
- жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыреті белгіленді;
- қолданылу мерзімін 3-5 жылға дейін ұзарта отырып, кешенді экологиялық рұқсаттар енгізілуде, оларды беру тәртібі оңайлатылды;
- кәсіпорындар өндірістің күрделілігі және экологияға ықтимал әсер ету дәрежесі бойынша 4 топқа бөлінген;
- экологиялық нормалауда қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері пайдаланылды;
- берілетін лицензия түрлерінің саны үштен бірге дейін қысқарды;
- төлемдер жүйесі Салық кодексіне ауыстырылды;
- зиянды есептеу жүйесіне тікелей есептеу әдістері ұғымы енгізілуде;
- квоталарды сату механизмі алғаш рет енгізілді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық конвенцияларға сәйкес келтіру үшін Кодексте алғаш рет парниктік газдар шығарындыларын шектеу, генетикалық түрлендірілген организмдермен, қауіпті және радиоактивті материалдармен және қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі нормалар, сондай-ақ Каспий теңізінің қайраңында бұрғылау кезіндегі экологиялық талаптар енгізілді.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі жаңа Экологиялық кодекстің (бұдан әрі – ЭК) жобасын әзірледі, ол 2019 жылғы желтоқсанда Парламент Мәжілісіне талқылау үшін шығарылды.

Төменде жаңа ЭК-ның негізі бағыттары келтірілген:

1. «Ластаушы төлейді және түзетеді» экологиялық қағидатын іске асыру.

Табиғатты пайдаланудың қолданыстағы экономикалық механизмі (төлемдер жүйесі және оларды жоспарлау) қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетуге айтарлықтай ынталандыру көрсетпейді, бұл жағдай жаңа тәсілді қайта қарауды және енгізуді талап етті.

«Ластаушы төлейді» қағидатын алғаш рет 1972 жылы ЭЫДҰ сарапшылары тұжырымдады және ластанудың алдын алу және бақылау жөніндегі шараларды ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалды қалпына келтіру үшін жауапкершілікті де білдіреді. Осылайша, мемлекет табиғат пайдаланушыларға экологиялық айыппұл төлеудің орнына, қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау жөніндегі барлық шараларды қабылдау тиімдірек болатындай жағдай жасауы тиіс. Бұдан басқа, экологиялық залал туындаған жағдайда табиғат пайдаланушы қоршаған ортаны бастапқы деңгейге дейін қалпына келтіруге міндетті.

2. Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың (ҚОӘБ) жаңа тәсілдері.

Қолданыстағы Экологиялық кодекске сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) рәсімінен өту туралы талап іс жүзінде барлық кәсіпорындарға қолданылады. Мұндай тәсіл тиімсіз және орынсыз деп саналады. Жаңа Экологиялық кодекстің жобасында мұндай талапты І санаттағы кәсіпорындарға ғана қолдану ұсынылады. Бұл ретте жұртшылық ҚОӘБ-ның барлық сатыларына қатысады (4 кезең – ниет туралы өтініш, ҚОӘБ-ның қамту аясы, ҚОӘБ есебі, ҚОӘБ нәтижелері туралы қорытынды).

3. Ең озық қолжетімді технологияларды енгізу және ынталандырудың экономикалық шаралары.

Экологиялық ахуалды жақсартудың нақты мүмкіндігі – ең озық қолжетімді технологияларды енгізу болып табылады. Ол үшін өнеркәсіптік кәсіпорындар технологиялық аудиттен өтеді және оларға шығарындылар көлемін азайтуға мүмкіндік беретін технологиялар ұсынылады. Бұл ретте ең озық қолжетімді технологияларды (ЕОҚТ) енгізген кәсіпорындар эмиссия үшін төлемнен босатылатын болады. Егер олар ЕОҚТ-ға ауыспаса, олардың эмиссия үшін төлем мөлшерлемелері өсетін болады. Сәйкесінше, бұл тыйым салу емес, мотивациялық механизм.

ЕОҚТ енгізудің үлгісі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі 94%-ға қысқартылған Еуропа елдерінің тәжірибесі болды.

4. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем және бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды (табиғатты қорғау іс-шараларына 100% жұмсау).

Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнамада табиғатты қорғау іс-шараларына эмиссия үшін түскен төлемдерді мақсатты жұмсау міндеттілігі жоқ. Бұл жергілікті атқарушы органдардың келіп түскен қаражаттың тек 45%-ын қоршаған ортаны қорғауға жұмсауына алып келеді.

Экологиялық төлемдер мен оларды жұмсаудағы ағымдағы жағдай халықаралық сарапшылар тарапынан бірнеше рет сынға ұшырады. Осыған байланысты, ілеспе заң жобасында 100% көлемінде түсетін экологиялық төлемдер есебінен табиғатты қорғау іс-шараларын міндетті қаржыландыру көзделген.

5. Шығарындылар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі (МАЖ).

I санаттағы объектілер үшін жаңа Экологиялық кодекстің жобасында шығарындылар мен төгінділердің сапалық және сандық құрамы туралы уақтылы және дұрыс ақпарат алу мақсатында деректерді уәкілетті органға бере отырып, өндірістік экологиялық мониторингті міндетті автоматтандыру көзделген. ЭК-ның қолданыстағы редакциясы МАЖ орнатудың ерікті негізін көздейді.

Министрлік деректерді берудің әмбебап форматы арқылы МАЖ қатысушыларын синхрондауды қарастырады.

6. Экологиялық бақылауды жетілдіру (қайта бұзушылық үшін жауапкершілікті күшейту, айыппұлдарды қатандату).

Ілеспе заң жобасымен Кәсіпкерлік кодекске халықтың тыныс-тіршілігі жағдайларын тікелей қозғайтын фактілер бойынша алдын ала хабарламай тексерулер жүргізу бөлігінде өзгерістер енгізу ұсынылады.

Мысал ретінде, Экология министрлігінің өкілдері Алакөл көліне ағынды суларды рұқсатсыз ағызуға - бесінші тәулікте, Жайық өзенінде балықтардың жаппай қырылуына - он бірінші тәулікте әрекет еткен екі фактіні келтіруге болады.

Бұл ретте, экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік әкімшілік айыппұлдарды 10 есеге ұлғайту жолымен күшейтіледі.

7. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқаруды жетілдіру.

Негізгі назар ЭЫДҰ елдерінде пайдаланылатын айналымды экономика қағидаттарын енгізуге бағытталған. Осы жоба шеңберінде қалдықтармен кезеңділікпен жұмыс істеуге бағытталған қалдықтар иерархиясы, яғни қалдықтардың пайда болуын болдырмауға, қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, кәдеге жаратуға бағытталған іс-шаралар тізбегі көзделеді.

Қазақстанда қалдықтарды қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын кәсіпорындардың қызметі заңнамалық регламенттелмегендіктен, мұндай қызмет үшін лицензиялау және қоқыс шығаратын ұйымдар үшін хабарлама тәртібі енгізілетін болады.

Қазақстан Республикасында 2013-2019 жылдар кезеңінде орындалған негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар

1) 2012 жылы ҚР Президентінің Жолдауында баяндалған «Қазақстан-2050» стратегиясы.

2) Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 жарлығымен бекітілген.

3) Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 жарлығымен бекітілген.

4) Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі №423 қаулысымен.

5) Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту «Агробизнес-2017» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы №151 қаулысымен бекітілген.

6) 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы №874 жарлығымен бекітілген.

7) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017-2021 жылдарға ар-

налған стратегиялық жоспары Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №541 бұйрығымен бекітілген.

8) 2017-2020 жылдарға арналған Дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы №415 жарлығымен бекітілген.

9) Туристік саланы дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы №406 қаулысымен бекітілген.

10) Отын-энергетика кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №724 қаулысымен бекітілген.

11) ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2019-2023 жылдарға арналған стратегиялық жоспары.

2015 жылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» №145 бұйрығы шығарылды.

Бұйрықтың мақсаты уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін (ҚОСНС) әзірлеуі арқылы аймақтардағы экологиялық жағдайды олардың ерекшеліктерін ескере отырып жақсарту болып табылады.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің деректеріне сәйкес, 2019 жылдың соңындағы жағдай бойынша, ҚОСНС Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларын және Ақмола облысын қоспағанда, 15 аймақта бекітілді.

Әкімдіктер жұртшылықпен бірлесіп, маңызды экологиялық проблемаларды шешуді ескере отырып, ҚОСНС-қа қол жеткізу жөніндегі шаралар кешенін (бұдан әрі-Шаралар кешені) әзірлеуде.

2019 жылы Шаралар кешені Алматы қаласында, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында бекітілді.

2019 жылы барлық әкімдіктер экологиялық жағдайды жақсарту бойынша кешенді жоспарларды бекітті, оған атмосфераға ластауыш заттардың эмиссиясын қысқарту, «жасыл белдеуді» дамыту, көгалдандыру және абаттандыру, өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару, су ресурстарын реттеу, жер ресурстарын қорғау, қоршаған ортаның жай-күйін мониторингілеу, ақпараттық жұмыс бөлімдері кірді. (Ақпарат көзі-2019 жылдың қорытындысы бойынша Министрліктің жұмысы туралы алқаға арналған анықтамасы).

Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен (ЖҚОЛ) жұмыс істеу саласындағы қолданыстағы заңнама

Қазақстан Республикасында экологиялық және химиялық қауіпсіздік саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің тұтас блогы жұмыс істейді.

ҚДҚ-мен жұмыс істеуді реттейтін негізгі заңнамалық акт ҚР Экологиялық кодексі болып табылады. Экологиялық кодекске қоршаған ортаны қорғау тетіктерін жетілдіруге, оның ішінде 2012 жылы енгізілген Стокгольм конвенциясы және ЖҚОЛ-мен қауіпсіз жұмыс істеу бойынша міндеттемелерді іске асыруға бағытталған өзгерістер бірнеше рет енгізілді.

Бұдан басқа, пестицидтер саласындағы заңнамалық талаптарды іске асыру шеңберінде бірқатар заңға тәуелді актілер қолданылады:

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі «Пестицидтердің (улы химикаттардың) түрлері бойынша қор нормативін және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы» №15-05/844 бұйрығы;

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м. а. 2015 жылғы 27 ақпандағы «Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтердің (улы химикаттардың) қорын құру қағидаларын бекіту туралы» №4-4/176 бұйрығы;

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 24 маусымдағы «Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу» Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» №15-1/565 бұйрығы;

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 шілдедегі «Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған

қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» №15-02/655 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары ҚР Президентінің 2016 жылғы 20 шілдедегі жарлығы негізінде Қазақстан қол қойған Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізуді міндет етіп қояды (2016 жылғы 27 қазанда ҚР Парламентімен ратификацияланды).

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 279-VI Заңымен ақпаратқа қол жеткізу, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияға ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері (ЛШТТ) туралы хаттама ратификацияланды.

ЛШТТ туралы Хаттаманың ережелері Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне енгізілген.

ҚР Экологиялық кодексінің 160 бабына сәйкес Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімі (ЛШТМТ) – бұл ашық қолжетімділікте орналастырылған, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен жүргізілетін қоршаған ортаның эмиссиясы мен ластануы туралы құрылымдалған дерекқор. ЛШТМТ ластауыш заттардың шекті жол берілетін шоғырлануы, олардың денсаулыққа және қоршаған ортаға әсері туралы ақпаратты, сондай-ақ ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдары жөніндегі басқа да ғылыми негізделген ақпаратты және табиғат пайдаланушылар туралы ақпаратты қамтиды. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының құрамына кіреді.

Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімі Қазақстан Республикасының Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімін жүргізу қағидаларында белгіленген өнеркәсіп салалары бойынша есептілік үшін ластауыштардың тізбесіне сәйкес ластауыштардың әрбір түрі және қалдықтардың әрбір түрі бойынша жеке жүргізіледі.

I санаттағы объектілері бар табиғат пайдаланушылар жыл сайын 1 сәуірге дейін Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімін жүргізу қағидаларына сәйкес өткен жылға ақпарат береді.

Биологиялық әртүрлілікті сақтау үшін бірқатар кодекстер, заңдар мен заң актілері қабылданды:

- 1992 жылы Қазақстан Республикасы биологиялық әртүрлілік туралы БҰҰ Конвенциясына қол қойды, ал 1994 жылы Ковенция ратификацияланды.

- Рамсар Конвенциясы немесе сулы-батпақты алқаптар туралы конвенция Қазақстанда 2007 жылғы 2 мамырда күшіне енді.

- Қазақстан Республикасы биологиялық қауіпсіздік жөніндегі Картаген хаттамасының қатысушысы болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №1025 жарлығына сәйкес биологиялық әртүрлілік туралы конвенцияның Нагоя хаттамасына қосылды.

- 1999 жылғы 6 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға қосылуы туралы» №372-1 Қазақстан Республикасының заңы.

- Қазақстан Республикасының Орман Кодексі (2003 ж.), орман ресурстарын қорғау мен пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру мәселелерін регламенттейді.

- ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы (2006 ж.), ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру, олардың қызметінің жұмыс істеу мәселелерін анықтайды.

- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (2007 ж.) жер қойнауын пайдалану, қоршаған ортаны қорғау объектілері саласындағы ережелерді, сараптама тәртібін, қоршаған ортаға әсерді бағалауды, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингін және т. б. регламенттейді.

- 2016-2017 жылдары балық шаруашылығы саласындағы негізгі заңның (жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Заң) өзектендіруі жүргізілді.

2015 жылы балық шаруашылығы жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен «Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар» бекітілді, атап айтқанда Іле өзенінің атырабында, Шардара су сақтағышында балық аулау

шектелді, Жайық (Орал) өзенінде балық аулауға көктемгі тыйым салу мерзімі ұзартылды, көші-қон жолдарын және су жануарларының көбею орындарын қорғау бойынша бірқатар басқа шаралар қабылданды.

БҰҰ-ның биологиялық әртүрлілік туралы Конвенциясын ратификациялау негізінде «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары» (БҰҰ даму Бағдарламасы мен Жаһандық экологиялық қордың қолдауымен) әзірленіп, қолданысқа қабылданды. «Экология және табиғи ресурстар» - 2030 ұзақ мерзімді бағдарламасы қолданысқа енгізілді.

Қазақстан озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясының, озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль Хаттамасының және Кигали қабатын (соңғысын) қоспағанда, оның түзетулерінің Тарапы болып табылады. Кигали түзетуі Париж климаттық келісімінде белгіленген мақсатқа жетуге айтарлықтай үлес қосады, атап айтқанда, осы ғасырдың соңына дейін жаһандық температураның 2°C-қа дейін өсуі.

10.2. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ БАҒЫТЫ МЕН ДАМУЫН АНЫҚТАЙТЫН ҚР НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ

Қазақстан Республикасында заңнаманы жетілдіру мақсатында дамыған елдердің заңнамаларымен жақындасу және халықаралық стандарттарды енгізу бағыты алынды. Қол қойылған халықаралық конвенцияларды іске асыру жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарларын әзірлеу, экологиялық сараптама жүйесі, рұқсат беру және бақылау-инспекциялық жұмыс экологиялық заңнама үшін ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экологиялық саясат пен қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы барлық стратегиялық құжаттар үшін де негіз болды.

Бұл құжаттарда қоршаған ортаны қорғаудың, экологиялық қауіпсіздіктің, мемлекет пен құқықтың негізгі тұжырымдамалық ережелері мен қағидаларын қамтитын қоғам мен табиғаттың өзара іс-қимылының саяси тұжырымдамасы анықталған.

Қазақстан Республикасының дамуының басты стратегиялық құжаты - «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» болып табылады, ол елдің «жасыл» даму жолына көшуіне негізделген экономиканың орнықты және тиімді моделін құруға нақты бағдарлар қояды.

Ұлттық деңгейде Қазақстан қазірдің өзінде экономиканы дамыту мен жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын іске асыруға кірісті. «Жасыл экономиканың» нысаналы индикаторлары, нормалары мен іс-шаралары заңнамалық актілер мен бағдарламалық құжаттарға енгізіледі және биліктің барлық деңгейлері мен азаматтық қоғамның барлық секторлары үшін бағдарлар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығымен Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама (бұдан әрі - «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама) бекітілді. Бұл құжаттағы «Жасыл экономика» халықтың өмір сүру сапасының жоғары деңгейі, табиғи ресурстарды қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүдделері үшін ұқыпты және ұтымды пайдалану, ел қабылдаған халықаралық экологиялық міндеттемелерге сәйкес экономика ретінде анықталады.

Тұжырымдаманы іске асыру үш кезеңде жүзеге асырылады:

- 2013-2030 ж. - осы кезеңдегі мемлекеттің негізгі басымдығы ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылым құру болып табылады;
- 2020-2030 ж. - қалыптасқан «жасыл» инфрақұрылым базасында ұлттық экономикада суды ұқыпты пайдалануға, жаңартылатын энергия технологияларын дамытуды ынталандыруға және кеңінен енгізуге, сондай-ақ энергия тиімділігінің жоғары стандарттары базасында құрылыстар салуға бағдарланған өзгерістер басталады;
- 2030-2050 ж. - ұлттық экономиканың табиғи ресурстарды олардың жаңартылуы мен орнықтылығы жағдайында пайдалануға бағдарланған «үшінші өнеркәсіптік революция» деп аталатын қағидаттарға көшуі.

2018 жылы әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру жолындағы «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді стратегиясы шеңберінде мемлекеттің дамуының орта мерзімді жоспарын біл-

діретін Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі орта мерзімді стратегиялық даму жоспары бекітілді. Құжаттың басты мақсаты-2025 жылға дейін ЭЫДҰ елдерімен салыстырылатын адамдардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған экономиканың сапалы және тұрақты өсуіне қол жеткізу.

«Жасыл экономика» бағыты және жаңа стратегиялық жоспардың қоршаған ортасы мынадай міндеттерді қамтиды:

- Париж келісімі шеңберіндегі міндеттемелерді орындау;
- қаржыландыру көздерін анықтау, жасыл қаржыларды есепке алу және инвестицияларды тарту;

- «жасыл» технологияларға инвестицияны ынталандыру;
- экономиканы декарбонизациялау; су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру және қорғау;

- ЖЭК дамыту және дәстүрлі энергия көздерін жетілдіру;
- биоәртүрлілікті сақтау, қалдығы аз экономиканы дамыту және қалдықтарды басқару, бұл «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамаға толық сәйкес келеді.

2019 жылғы 18 желтоқсанда ҚР Премьер-министрі Асқар Маминнің төрағалығымен «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңестің 11-отырысы өтті. ҚР-ның 2013-2020 жылдарға арналған «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың іс-шаралар жоспарын іске асыру барысы туралы Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев баяндады. Аймақтарда экологиялық жағдайды жақсарту және «жасыл экономиканы» дамыту жөніндегі шаралар туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов пен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев баяндады.

Елорданы, республиканың солтүстік және орталық аймақтарын газбен жабдықтау үшін «Сары арқа» магистралдық газ құбырын салуды іске асыру барысы жеке қаралды. Бұл Тұңғыш Президенттің бес әлеуметтік бастамасының бірі.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа қатысты мынадай бастамалар көзделген:

- 2.1 «Технологиялық процестерді стандарттау» бастамасы, оның шеңберінде ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес ұлттық стандарттарды кезеңділікпен жаңарту қамтамасыз етіледі, стандарттау саласындағы салалық мемлекеттік органдардың жұмысы жандандырылады, заманауи стандарттар алу және технологиялық құзыреттерді арттыру үшін кәсіпорындарды ынталандыру құралдары кеңейтіледі, аккредиттелген зертханалар желісі дамытылады.

Аталған жұмыс шеңберінде мемлекеттік органдар салалардағы техникалық регламенттер мен стандарттарды халықаралық талаптарға және жаңа технологиялық трендтерге сәйкестігі тұрғысынан талдауды және өзектілендіруді жалғастырады.

- 2.5 «Технологиялар трансферін ынталандыру» бастамасы. Кәсіпорындармен бірлесіп салалардың технологиялық міндеттері мен проблемаларын айқындау, кәсіпорындардың өндіріс тиімділігін арттыруға көмектесетін, әлемде бар технологиялардан хабардар болуын арттыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Кәсіпорындардың қалыптастырылған технологиялық сұрау салулары халықаралық технологиялар трансфер желілерінде және мамандандырылған онлайн-ағандарда орналастырылатын болады. Ұсынылған технологиялық шешімдерді, оларды талдау мен іріктеуді қоса алғанда, қазақстандық кәсіпорындар пысықтайтын болады.

Жоғары технологиялық және озық шетелдік технологияларды іздеу, сатып алу кезінде, оның ішінде технологиялар трансферінің халықаралық желісіне кіру арқылы қазақстандық компанияларға жәрдем көрсетілетін болады.

- 2.8 «Жасыл технологияларды дамыту» бастамасы. Жаңа технологияларды таңдау және енгізу кезінде шетелде энергиялық тиімді және «ақылды», климаттық жағынан жарамды және Қазақстан жағдайында пайдалану үшін экономикалық жағынан тиімді деп танылған технологиялар басымдыққа ие болады.

Электр энергетикасында жаңа генерациялау көздері, оның ішінде электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысты және ескі электр станцияларын пайдаланудан шығаруды ескере отырып, ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілер енгізілетін болады.

«Жасыл технологияларды» енгізудің негізгі факторлары қазіргі заманғы стандарттарды қолдану, энергияның тиімділігін арттыру және энергияны генерациялайтын станциялардың

пайдалану шығындарын азайту болады. Бұл үшін ішкі және халықаралық қаржының жеткілікті көлемі жұмылдырылып, қажетті инвестицияларды қолдауға бағытталған қаржылық қызметтер құрылатын болады. «Жасыл жобаларды» қаржыландыру бойынша жаңа құралдар (атап айтқанда, «жасыл» облигацияларды шығару) АХҚО базасында құрылатын болады.

Қазақстанның технологиялар трансфері жөніндегі бастамасын – «Жасыл көпір» Әріптестік бағдарламасын іске асыру жалғастырылады. Энергетикалық секторды трансформациялауға, «жасыл бизнеске» көшуге, «жасыл технологиялар» мен үздік практикаларды трансферлеу мен бейімдеуге, «жасыл қаржыларды» дамытуға қолдау көрсететін «жасыл технологияларды» және инвестициялық жобаларды дамыту жөніндегі халықаралық орталық құрылатын болады.

- 5.17 «Экологиялық заңнаманы қайта қарау» бастамасы. Экологиялық заңнаманы жетілдіру шеңберінде қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қолданыстағы жүйесі қайта қаралатын, табиғат пайдаланушылар эмиссияларды төмендетуге ынталандырылатын, шығарындыларды нормалау қағидаттары жетілдірілетін, сондай-ақ экологиялық реттеудің прогрессивті механизмдері енгізілетін болады. Халықаралық тәжірибе мен техникалық және экономикалық мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның экологиялық стандарттары қайта қаралатын болады.

Келесі қойылған міндеттер шеңберінде «Жасыл экономика» мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық орнатылады»:

- 4-міндет «Экономиканы декарбонизациялау». Дамудың аталған бағыты бойынша «жасыл» инвестициялық жобаларды ішкі, сол сияқты халықаралық көздерден іске асыру үшін мемлекеттік және жеке қаржы ресурстарын жұмылдыру арттырылатын болады.

- 5-міндет «Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру және қорғау». Траншекаралық өзендердің су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану үшін Орталық Азия, Қытай және Ресей елдерімен гидрологиялық және гидрохимиялық ақпаратты бірлесіп іріктеу және алмасу бойынша ынтымақтастық орнатылады. Үкімет жоғарыда аталған елдермен ҚР аумағын су ресурстарымен жеткілікті көлемде және тиісті сапада қамтамасыз ету жөнінде екіжақты және көпжақты халықаралық құқықтық құжаттарды жасасу бойынша жұмыс істейтін болады.

- 3-міндет. «ЭБДҮ-мен ынтымақтастықты тереңдету». ЭБДҮ-мен ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатының басымдықтарының бірі болып табылады, өйткені Қазақстан аталған ұйымға кіруді мақсат етіп қояды. ЭБДҮ-ның озық практикалары мен стандарттарын имплементациялау және бекітілген тиісті іс-қимыл жоспары шеңберінде Қазақстанның ЭБДҮ комитеттері мен жұмыс органдарына қатысу деңгейін арттыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

2019 жылғы мамырда «Астана ЭКСПО-2017 «ҰК» АҚ Дубайдағы ЭКСПО-2020 Ұйымдастыру комитеті Халықаралық көрмелер бюросымен және халықаралық ұйымдармен әріптестікте ЭКСПО-2020 үздік әлемдік практикалары бағдарламасын өткізу туралы жариялады. Аталған бағдарлама тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және жұмысқа орналастыру саласындағы бірқатар мәселелерді шешуге, сондай-ақ климаттың өзгеруімен және қоршаған ортаны қорғаумен күреске бағытталған табысты жобалар мен бастамаларды көрсетуге арналған платформа болып табылады. Бағдарламаға қатысу үшін елдердің үкіметтері, корпорациялар мен кәсіпорындар, халықаралық және қоғамдық ұйымдар немесе қауымдастықтар, университеттер мен білім беру мекемелері, жеке тұлғалар, кәсіпкерлер мен бүкіл әлемнің ғалымдары шақырылады. Бұл бағдарламаға қатысу Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму, энергетикалық қауіпсіздік, кәсіпкерлікті дамыту, климаттың өзгеруіне қарсы күрес және қоршаған ортаны қорғау саласындағы озық жобалары мен әлеуетін таныстыру үшін бірегей мүмкіндік болады. Бұл ретте ұсынылған қазақстандық жобалар әлемнің түкпір-түкпірінен 25 млн астам адамды қамтитын Бағдарлама шеңберінде 6 ай ішінде көрсетілетін болады.

ЭКСПО-2017 нәтижелері бойынша ЭКСПО-2017 көрмесінде ұсынылған 126 технология іріктеліп алынды, олар аймақтарда белсенді енгізілуде, оның ішінде электр энергетикасы бойынша - 77, экология бойынша - 30, мұнай және газ бойынша - 13, көмір өнеркәсібі бойынша - 6.

2019 жылға дейін 65 технология енгізілді. Жобалардың ең көп көлемі Қостанай облысында - 16, Павлодар облысында - 10, Солтүстік Қазақстан облысында - 10, Ақмола облысында - 11, Ақтөбе облысында - 6.

Ақмола облысында 3 жоба іске асырылды: «Rixos-Бурабай» қонақ үй кешенінің қазандығын газға ауыстыру, Бурабай ауданының Бурабай кентінде және Ақкөл қаласында күн

батареялары бар интерактивті орындықтар орнатылды. Алматы облысында күн-жел электр станциясын орнату жобасы да сәтті жүзеге асырылды. Қостанай облысында қуаттылығы 200 кВт күн станциясы, күн батареялары, жаяу жүргінші торы және Болотовтың жел Роторлық турбинасы және т. б. орнатылған.

Қолданылатын технологиялар электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді, объектілердің энергия тиімділігі мен экологиялылығын арттырады, суармалы су шығынын азайтады.

Көрмеден кейін кешенді Халықаралық жасыл технологиялар орталығын құру түрінде пайдалану жаңа ұрпаққа – студенттерге, жас ғалымдарға, кәсіпкерлерге, сондай-ақ Қазақстаннан да, шетелден де жас отбасыларға бағытталатын болады.

ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша 2015 жылғы қыркүйекте БҰҰ-ның 70-ші Бас Ассамблеясында айтылған бастама шеңберінде «АСТАНА-ЭКСПО-2017» көрмесінің инфрақұрылымы мен мұрасы базасында ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ (орталық) құрылды. Орталықтың тұсаукесері алғаш рет 2018 жылғы 17 мамырда «Global Challenges Summit 2018» Астана экономикалық форумы барысында өтті.

ХЖТИЖО-ның жарғылық капиталы «ЭКСПО-2017 «ҰК» АҚ-ның Республикалық меншігіне қабылданған мүлік есебінен қалыптасты.

2019 жылғы наурызда Орталық «WESCOOP» қоршаған ортаны қорғау саласындағы ЕО – Орталық Азия ынтымақтастығы платформасының Ұлттық үйлестірушісі мәртебесіне ие болды. ЭЫДҰ-мен Орталыққа ең озық қолжетімді технологияларды (ЕОҚТ) енгізу және орталық базасында Орталық Азия елдері үшін халықаралық алаң құру бойынша ЭЫДҰ-ның Ұлттық үйлестірушісі мәртебесін бекіту туралы келіссөздер жүргізілуде. Жасыл технологиялар мен әлемнің жетекші елдерінің инвестицияларын тартудың халықаралық озық тәжірибесін зерделеу белсенді жүргізілуде. Қытай, Жапония, Корея, АҚШ, Дания, БАӘ, Финляндия және Бельгияның осындай орталықтарымен келісімдер жасалды.

Орталық 2019 жылы алғаш рет Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарының жасыл технологияларды, оның ішінде ЭКСПО-2017-де іріктелген жобалар бойынша секторлар бөлінісінде (қалдықтарды басқару, жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК), парниктік газдар, мұнай-газ, тау-кен металлургиясы, көмір, өңдеу салалары және т.б. саласында) қолдануына талдау жүргізді. 2554 кәсіпорын, оның ішінде ірі лаптауыштар талданды, тосқауылдар анықталды және Қазақстанда жасыл технологияларды дамытуды жандандыру бойынша ұсынымдар ұсынылды.

Жасыл технологияларды ең көп қолдану Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Атырау облыстарында байқалады, онда елдің негізгі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары шоғырланған. Осы облыстарда пайдаланылатын жасыл технологиялардың жалпы саны ҚР аймақтарында қолданылатын технологиялардың жалпы санының (380) 209-ын немесе 55%-ын құрайды.

2018-2019 жылдары энергетика саласындағы 56 кәсіпорынның ағымдағы жай-күйіне ЕОҚТ қағидаттарына көшу мүмкіндігі тұрғысынан зерттеулер жүргізілді және ЕОҚТ қағидаттарын енгізу бойынша ұсынымдар әзірленді.

Орталық «Жасыл» экономика, ЖЭК дамыту, энергия тиімділігі және энергия үнемдеу, ТҚҚ басқару, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жобаларды іске асыру мәселелері бойынша аймақтармен және жергілікті атқарушы органдармен әріптестік байланыстарды нығайтады. 2019 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша облыстардың және Республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктерімен 12 меморандум жасалды.

10.3. БЮДЖЕТКЕ ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР

Қазақстан Республикасы экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы №231 бұйрығына сәйкес бюджетке түсетін түсімдер туралы ақпарат беру нысандары бекітілді:

- қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемнен;
- қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеуден;
- Қазақстан Республикасының Экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдардан;
- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бюджет шығындары туралы.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 163-бабының 3-тармағына сәйкес 1 және 4-қосымшалар бойынша ақпарат жыл сайын 1 мамырға дейін жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

10.3.1-кесте

Бюджетке түсетін түсімдер және табиғат қорғау іс-шараларына арналған шығындар

№	Аймақтардың атауы	Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдердің түсу жоспары, млн теңге	Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін нақты төлемдер, млн теңге	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бөлінген сома, млн теңге	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға игерілген сома, млн теңге	Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін бюджетке төленетін төлем түсімдерінен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бюджет шығындарының үлесі, %
1	Нұр-Сұлтан қ. (Астана)	2 030,8	2 139,5	3 084,2	3 083,7	144,1
2	Алматы қ.	1 580,0	1 573,2	7 817,9	7 699,8	489,4
3	Шымкент қ.	903,3	930,5	23,6	20,3	2,2
4	Ақмола облысы	2 915,9	3 333,9	141,5	205,7	6,2
5	Ақтөбе облысы	8 984,4	9 512,9	8 113,8	8 102,9	85,2
6	Алматы облысы	1 391,8	1 430,0	810,6	810,6	56,7
7	Атырау облысы	8 317,6	10 785,5	5 340,7	5 299,4	49,1
8	Шығыс Қазақстан облысы	6 540,6	7 218,9	5 669,2	5 326,6	73,8
9	Батыс Қазақстан облысы	1 214,4	1 963,8	1 906,4	1 906,4	97,1
10	Жамбыл облысы	2 867,0	3 256,7	186,4	186,4	5,7
11	Қарағанды облысы	16 531,6	16 744,2	1 924,2	1 900,1	11,3
12	Қостанай облысы	4 760,9	6 293,3	1 275,7	1 275,7	20,3

13	Қызылорда облысы	11 031,9	11 107,3	8 634,7	8 634,7	77,7
14	Маңғыстау облысы	5 378,1	5 372,1	304,1	304,1	5,7
15	Павлодар облысы	14 507,7	15 023,2	1 514,4	1 509,2	10,0
16	Солтүстік Қазақстан облысы	159,2	156,0	1,7	1,5	1,0
17	Түркістан облысы	1 108,3	2 265,6	384,9	384,9	17,0
ЖИЫНЫ		90 223,5	90 223,5	99 106,6	47 134,0	46 652,0

Көзі: ҚР Жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурстары.

ЖАО деректеріне сәйкес 2019 жылы қоршаған ортаға эмиссия үшін нақты төлемдер 99,1 млрд теңгені құрады, ал табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру кезінде игерілген қаражат сомасы 46,7 млрд теңгені немесе эмиссия үшін төлемақыдан бюджетке жалпы түсімнің 47,1%-ын құрады.

10.3.1-сурет
2019 жылы қоршаған ортаға эмиссия үшін нақты төлемдердің көлемі және ҚОҚ бойынша іс-шараларға игерілген сомалар (млрд теңге)



Көзі: ҚР Жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурстары.

2019 жылы эмиссия үшін нақты төлемдер көлемінің 14 млрд теңгеге ұлғаюы байқалады. Сондай-ақ табиғатты қорғау іс-шаралары үшін игеру көлемі біршама ұлғайды. 2018 жылы қоршаған ортаға эмиссия үшін нақты төлемдер 85,1 млрд теңгені құрады, табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру кезінде 42,4 млрд теңге қаражат игерілді немесе эмиссия үшін төлемақыдан бюджетке жалпы түсімнің 49,8%-ын құрады.

2019 жылы Шымкент қаласында және Солтүстік Қазақстан облысында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға арналған бюджет шығындарының үлесі қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемнен бюджетке түсетін түсімдердің 5%-ына кем болды. 2018 жылы Жамбыл және Павлодар облыстарында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға арналған бюджет шығыстарының үлесі қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемнен бюджетке түсетін түсімдердің 5%-ына аз болғанын атап өткен жөн. Бұл ретте Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларына арналған бюджет шығындары қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемнен бюджетке түсетін түсімдер көлемінен 2,5 есеге, Ақтөбе облысы бойынша-14,1%-ға жоғары болды.

Жыл сайынғы эмиссия үшін нақты төлемдердің сомасы эмиссия үшін төлемдердің түсу жоспарынан асып түседі. Дегенмен, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға іс жүзіндегі түсімдер сомасының жартысынан азы жұмсалады. 17 аймақтың 6-ында ғана табиғатты қорғау іс-шараларына нақты түсімдер сомасының 50%-дан астамы жұмсалды.

Жергілікті атқарушы органдар негізінен мынадай іс-шараларды орындауға қаражат бөледі:

- қалалар мен елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру, скверлер мен саябақтарды абаттандыру, ормандарды күзету, қорғау, молайту және орман өсіру, орман дақылдарын құру, орман қорғау іс-шаралары, жасыл белдеулерді құту жөніндегі жұмыстар, жасыл қорғаныш аймағын құру;

- жануарлар дүниесін қорғау, балық өсіру және су қоймаларына балық жіберу;

- су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және абаттандыру, су түбін тереңдету және түбін тазарту іс-шаралары, су қоймаларын тазарту және санитарлық тазарту, бөгеттер, дамбалар, су қоймаларын салу және күрделі жөндеу;

- табиғи және жасанды су қоймаларында мелиоративтік іс-шаралар жүргізу, бөгеттер мен өзге де су құрылыстарын қорғау және күтіп ұстау;

- СҚА шекараларында атмосфералық ауаның ластануына және беткі суларға мониторинг жүргізу;

- ағаш отырғызу және балық жіберу материалдарын сатып алу;

- көлік инфрақұрылымын дамыту;

- халық арасында, оның ішінде балалар мен жастар арасында қоршаған ортаны қорғау саласындағы ағарту жұмыстары бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыру;

- суару су құбырлары жүйесінің құрылысы, арық желілері мен нөсер кәрізін қайта құру, кәріз желілерін салу және жөндеу;

- облысты газдандыру жөніндегі іс-шаралар;

- жылжымалы құмдардан қорғау бойынша жұмыс түрлері;

- рұқсат етілмеген (апатты) қоқыс үйінділерін жою, люминесцентті шамдарды жинау және кәдеге жарату жөніндегі іс-шаралар.

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының 1-тармағына сәйкес Қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шара болып табылады. Табиғат қорғау іс-шаралары бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ табиғат пайдаланушылардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар табиғат пайдаланушымен экологиялық рұқсаттар алу үшін әзірленетін іс-шаралар жоспарына енгізіледі.

2019 жылы кәсіпорындар мен ұйымдардың қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындары 420,4 млрд теңгені құрады, оның ішінде негізгі капиталға салынған инвестициялар үлесіне 47,3%, ағымдағы шығындарға - 52,7% (ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері) келеді.

10.3.2-кесте


2016-2019 жылдардағы қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы шығындар (мың теңге)

Аймақ	2016	2017	2018	2019
Ақмола облысы	3 817 609	7 731 558	30 083 852	22 128 905
Ақтөбе облысы	19 811 714	19 730 783	27 272 350	54 121 971
Алматы облысы	1 872 835	1 932 064	3 258 301	1 360 312
Атырау облысы	31 435 792	42 713 118	39 720 005	55 376 398
Шығыс Қазақстан облысы	21 391 317	24 726 539	26 455 558	30 135 498
Батыс Қазақстан облысы	13 135 156	18 896 624	14 776 661	13 329 572
Жамбыл облысы	3 616 243	17 407 721	22 240 684	52 768 246

Қарағанды облысы	18 379 310	27 573 500	36 305 472	49 034 032
Қостанай облысы	8 368 940	7 365 475	8 508 370	9 404 196
Қызылорда облысы	4 559 193	4 266 409	3 086 699	34 534 401
Маңғыстау облысы	21 364 918	24 664 284	27 268 698	20 167 295
Павлодар облысы	21 498 823	25 457 810	34 640 550	37 133 277
Солтүстік Қазақстан облысы	6 523 385	2 488 085	2 818 568	3 892 011
Түркістан облысы	5 685 479	9 314 289	7 005 406	20 466 213
Шымкент қ.			5 357 762	6 642 659
Нұр-Сұлтан қ. (Астана)	8 742 314	23 694 574	8 393 430	4 781 433
Алматы қ.	5 939 502	4 444 342	4 984 642	5 115 686
Сомасы (мың теңге):	196 142 530	262 407 175	302 177 008	420 392 105

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

10.3.2-сурет
2016-2019 жылдардағы ҚР аймақтары бөлінісіндегі қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларға арналған кәсіпорындардың шығындары (мың теңге)



Көзі: ҚР Статистика комитеті.

2019 жылы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы шығындар көлемі бойынша Атырау (55,4 млрд теңге), Ақтөбе (54,1 млрд теңге) және Жамбыл (52,8 млрд теңге) облыстары көш бастап тұр.

2016-2019 жылдар кезеңінде Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында кәсіпорындардың табиғат қорғау іс-шараларына арналған шығындарының тұрақты өсуі байқалады. Кері үрдіс Батыс Қазақстан облысы мен Нұр-Сұлтан қаласында қалыптасты.

2019 жылы кәсіпорындармен негізінен келесі іс-шараларды жүзеге асыру үшін қаражат бөлінді:

- жаңартылатын энергия көздері саласындағы қызмет (163 млрд теңге),

- атмосфералық ауаны қорғау (85,4 млрд теңге),
- қалдықтармен жұмыс істеу (75,4 млрд теңге).

Жалпы алғанда, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы шығындардың өсуі және қалыптасқан құрылым жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялардың едәуір ұлғаюымен қамтамасыз етілген (2018 жылы 71 млрд теңге болса, 2019 жылы 162 млрд теңгені құрады).

10.4. МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РҰҚСАТ БЕРУ

Қазақстан Республикасында экологиялық сараптаманың үш түрі бар (ҚР Экологиялық кодексінің 45-бабы): мемлекеттік экологиялық сараптама, қоғамдық экологиялық сараптама және жобалардың экологиялық сараптамасы.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жоспарланған басқару, экономикалық, инвестициялық, заң шығару және қоршаған ортаны қорғау және халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі басқа да іс-шараларды жүзеге асырудың ықтимал теріс салдарын анықтау және шектеу, сондай-ақ елдің экономикалық дамуы мен қоршаған ортаны қорғау мүдделерін теңдестіру және үшінші тұлғаларға зиян келтірудің алдын алу мақсатында жүзеге асырылады. табиғатты пайдалану үдерісі (ҚР Экологиялық кодексінің 46-бабы, 1,2-тармағы).

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың міндетті болып табылады және табиғат пайдалану мен қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсер ету бөлігінде құқықтық, шаруашылық және басқарушылық шешімдер қабылдаудан бұрын жүргізілуге тиіс.

ҚР Экологиялық кодексінің 48-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманы I-санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және II, III және IV санаттағы объектілер үшін облыстардың жергілікті атқарушы органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган болып табылады.


Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері 2019 жылы мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын ұсынды және I санаттағы объектілер үшін шығарындыларға рұқсат берілді:

- 2019 жылға мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы – 6096 (2018 ж. – 5459);
- 2019 жылға қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру – 1997 (2018 ж. – 2900).

2014-2019 жылдарға арналған мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындыларын ұсыну бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету динамикасы 10.4.1-суретте көрсетілген.

10.4.1-сурет

2014-2019 жылдардағы I санаттағы объектілер үшін берілген мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының саны




Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

2019 жылы берілген мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының саны 2018 жылға қарағанда 637 бірлікке артты.

II, III, IV санаттардағы объектілер үшін берілген мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының саны бойынша деректер 10.4.2-суретте және 10.4.1-кестеде көрсетілген.

10.4.2-сурет

2015-2019 жылдары II, III және IV санат объектілері үшін берілген мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының саны



Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

2015-2019 жылдар кезеңінде II, III және IV санаттардағы объектілер үшін берілген мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының саны едәуір қысқарғаны байқалады.

Жобалау құжаттамасына сараптаманың оң қорытындысы I, II және III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтерінің қолданылу мерзімі ішінде, IV санаттағы объектілер үшін – мерзімсіз қолданылады.

Көптеген аймақтарда берілген мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындылары санының азаюы кәсіпорындардың бұрын 10 жылға (II және III санат) не мерзімсіз негізде (IV санат) рұқсат құжаттарын алғандығымен байланысты. Сонымен қатар, ҚОӘБ жобаларының бір бөлігі жеке сараптамаға өтті.

10.4.1-кесте

2018-2019 жылдары аймақтар бойынша II, III және IV санат объектілері үшін берілген мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының саны

Аймақтың атауы	Берілген қорытындылар саны	
	2018	2019
Ақмола облысы	620	467
Ақтөбе облысы	177	174
Атырау облысы	248	377
Алматы облысы	1158	670
Шығыс Қазақстан облысы	545	345
Жамбыл облысы	288	270
Батыс Қазақстан облысы	251	357
Қарағанды облысы	602	445
Қостанай облысы	446	181

Қызылорда облысы	252	131
Маңғыстау облысы	145	128
Павлодар облысы	527	119
Солтүстік Қазақстан облысы	431	240
Түркістан облысы	487	135
Нұр-Сұлтан қ.	289	261
Алматы қ.	734	486
Шымкент қ.	48	82
Барлығы (бірл.):	7 248	4 868

2019 жылы берілген экологиялық қорытындылардың саны Алматы (488 бірлікке) және Павлодар облыстарында (408 бірлікке) айтарлықтай қысқарды. Нұр-Сұлтан қаласында, Маңғыстау, Атырау және Жамбыл облыстарында жүргізілген экологиялық сараптамалардың саны (қорытындылар бере отырып) бұрынғы деңгейде қалды.


Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының болуы табиғат пайдаланушыларға қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін де қажет. Және қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар үшін міндетті болып саналады (ҚР ЭК 69-бабы, 1-тармағы).

ҚР ЭК 71-бабының 3-тармағына сәйкес I-санаттағы объектілер үшін табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда – қоршаған ортаға эмиссияға, II санаттағы – облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарында, III санаттағы – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында оңайлатылған схема бойынша, IV-санаттағы-облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында рұқсат алады.

ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі №301 бұйрығымен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары бекітілді. Оның ішінде, осы бұйрықтың 4, 5, 6 және 7-тармақтарында: «I-санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты, «I-санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты, «II, III және IV санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты және «II, III және IV санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілді.

10.4.3-сурет

2014-2019 жылдардағы I санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға берілген рұқсаттардың саны



2014-2019 жылдары қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру бөлігінде мемлекеттік қызметтер көрсету динамикасы 10.4.3-суретте көрсетілген.

Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

2019 жылы эмиссияға берілген рұқсаттардың саны 2018 жылмен салыстырғанда 903 бірлікке азайды.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес, эмиссиялар нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

Рұқсат беруден бас тартудың негізгі себептері рұқсат алу үшін ұсынылған материалдардың толық және дұрыс болмауы, сұралып отырған табиғат пайдалану шарттарының сәйкес келмеуі, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларға сәйкес келмеуі болып табылады.


Жаңа экологиялық кодекс күшіне енгеннен кейін I-санаттағы объектілер үшін рұқсаттар он жылға дейін де берілетін болады (жаңа ЭК жобасының 131-бабының 5-тармағы), ал бұрын рұқсаттар объектілер санатына қарамастан бес жылға берілетін.

«II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға экологиялық рұқсаттар беру» мемлекеттік қызметін облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары көрсетеді. Эмиссияға рұқсат алу үшін табиғат пайдаланушы мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын немесе ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысын (құрылыс жобалары үшін) ұсынуы қажет.

Республика аймақтары бойынша II, III және IV санаттардағы объектілер үшін 2015-2019 жылдары қоршаған орта эмиссияларына берілген рұқсаттардың саны жөніндегі деректер 10.4.4-суретте және 10.4.2-кестеде көрсетілген.

10.4.4-сурет

II, III және IV санаттардағы объектілер үшін қоршаған орта эмиссиясына берілген рұқсаттардың саны



Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

2015 жылдан бастап II, III және IV санаттағы объектілер үшін қоршаған орта эмиссиясына берілген рұқсаттардың саны тұрақты өсуде. 2019 жылы 2018 жылға қарағанда 10%-ға көп рұқсат берілді.

10.4.2-кесте

2018-2019 жылдарға арналған II, III және IV санаттағы объектілер үшін қоршаған орта эмиссияларына берілген рұқсаттар саны

Аймақтың атауы	Эмиссияға берілген рұқсаттардың саны	
	2018	2019
Ақмола облысы	1378	1872

Ақтөбе облысы	1444	1603
Атырау облысы	1276	1389
Алматы облысы	1825	1606
Шығыс Қазақстан облысы	872	1298
Жамбыл облысы	923	1038
Батыс Қазақстан облысы	1692	1811
Қарағанды облысы	1182	1555
Қостанай облысы	1347	1605
Қызылорда облысы	555	769
Маңғыстау облысы	566	1090
Павлодар облысы	724	651
Солтүстік Қазақстан облысы	942	1329
Түркістан облысы	1218	2152
Нұр-Сұлтан қ.	895	1186
Алматы қ.	1288	1503
Шымкент қ.	220	722
Барлығы (бірлік):	18 347	23 179

2019 жылы Павлодар және Алматы облыстарынан басқа Қазақстанның барлық аймақтарында 2018 жылмен салыстырғанда II, III және IV санаттағы объектілер үшін қоршаған орта эмиссиясына көбірек рұқсаттар берілді. Берілген рұқсаттар санының едәуір ұлғаюы Түркістан облысында (934 бірлікке), Шымкент қаласында (502 бірлікке) және Маңғыстау облысында (524 бірлікке) байқалады.

Белгіленген тәртіппен ресімделген рұқсатсыз қоршаған ортаның ластануы белгіленген лимиттерден тыс ластану ретінде қаралады.

Қоршаған орта сапасының нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында кезеңділікпен есептеумен эмиссиялардың нормативтік көлемдері-қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттер белгіленеді. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 1-бабының 44-тармақшасына сәйкес «Қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттер» деп белгілі бір мерзімге белгіленетін қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтік көлемдері түсініледі.

2019 жылы Қазақстан бойынша рұқсат етілген шығарындылар лимиті 4,3 млн тоннаны құрады (2016 жылы - 4,5 млн тонна, 2017 жылы - 4,2 млн тонна, 2018 жылы - 4,2 млн тонна (10.4.3-кесте).

10.4.3-кесте
Қазақстан Республикасы бойынша I санаттағы кәсіпорындар үшін 2016-2019 жылдардағы ластанушы заттардың жалпы шығарындыларының лимиттер

Аймақтың атауы	ЛЗ жалпы шығарындыларының лимиті			
	2016 (мың т)	2017 (мың т)	2018 (мың т)	2019 (мың т)
Ақмола облысы	160,8	141,6	164	167,3
Ақтөбе облысы	430,8	351,8	318	319,6
Атырау облысы	418,7	581,9	471	377,1
Алматы облысы	157	129	129	128
Шығыс Қазақстан облысы	191	186,5	194	189,4
Жамбыл облысы	148,3	115,9	115	119,9

Батыс Қазақстан облысы	318,2	124,8	177	141,7
Қарағанды облысы	808	831,2	822	945,6
Қызылорда облысы	75	68,8	70	74,9
Қостанай облысы	233,3	217,7	201	210,3
Маңғыстау облысы	198,8	145,5	158	218,5
Павлодар облысы	965,5	968,5	980	987,4
Солтүстік Қазақстан облысы	140,9	116,1	117	117,8
Оңтүстік Қазақстан облысы	126,1	135,6	-	
Нұр-Сұлтан қ.	109,3	68,8	98	85,8
Алматы қ.	78,2	70,6	71	71,4
Түркістан облысы	-	-	61	76,1
Шымкент қ.	-	-	82	75,3
Барлығы:	4 560	4 254	4 228	4 306

Көзі: ҚР Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

2019 жылы республика бойынша ластауыш заттар төгінділерінің рұқсат етілген лимиті 2,2 млн т (2016 жылы - 2,9 млн т, 2017 жылы - 2,8 млн т, 2018 жылы - 2,3 млн т құрады (10.4.4-кесте).

10.4.4-кесте

2016-2019 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша I санаттағы кәсіпорындар үшін ластауыш заттар төгінділерінің лимиттері

Аймақтың атауы	ЛЗ ағызуларының лимиттері			
	2016 (мың т)	2017 (мың т)	2018 (мың т)	2019 (мың т)
Ақмола облысы	94,75	66	79	111
Ақтөбе облысы	149,05	91	48	39,03
Атырау облысы	40,62	68	73	93,17
Алматы облысы	368,6	360	340	340
Шығыс Қазақстан облысы	78,996	54	46	41
Жамбыл облысы	26,243	23	24	22,9
Батыс Қазақстан облысы	91,36	88	146	86
Қарағанды облысы	996,44	1043	429	454
Қызылорда облысы	68,83	62	87	87,97
Қостанай облысы	398,34	365	545	355,01
Маңғыстау облысы	130,42	106	109	126,03
Павлодар облысы	81,69	76	75	76
Солтүстік Қазақстан облысы	113,99	95	36	65,64
Оңтүстік Қазақстан облысы	165,36	158	158	
Нұр-Сұлтан қ.	170,17	190	204	135

Алматы қ.	0,001	0	1	2
Түркістан облысы	-	-	-	143
Шымкент қ.	-	-	-	6,75
Барлығы:	2 975	2 845	2 396	2 184

Көзі: ҚР Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

2019 жылы өндіріс және тұтыну қалдықтарының рұқсат етілген лимиті 1,3 млрд тоннаны құрады (2016 жылы - 1,7 млрд т, 2017 жылы - 1,4 млрд т, 2018 жылы - 1,7 млрд т) (10.4.5-кесте).

10.4.5-кесте

2016-2019 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша I санаттағы кәсіпорындар үшін өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға арналған лимит

Аймақтың атауы	Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға арналған лимит			
	2016 (мың т)	2017 (мың т)	2018 (мың т)	2019 (мың т)
Ақмола облысы	65 308,7	172 864,8	171 764	186 413,6
Ақтөбе облысы	100 298,2	70 838,8	71 352	77469, 21
Атырау облысы	728,8	656,4	666	542,5
Алматы облысы	3 465	2 731	2 480	2 000
Шығыс Қазақстан облысы	97 692,1	133 529,6	155 022	167 093,8
Жамбыл облысы	65 872,1	70 144	49 748	54 681,2
Батыс Қазақстан облысы	316	208,9	226	234,4
Қарағанды облысы	725 804	513 763,8	483 458	344 499,7
Қызылорда облысы	851	358,5	1 467	1 305,4
Қостанай облысы	491 863,4	490 383	560 536	536 876,1
Маңғыстау облысы	892,1	1 041,3	640	893,8
Павлодар облысы	187 484,5	308 374,13	255 141	273747,1
Солтүстік Қазақстан облысы	5 286,9	6 266,4	15 633	17 109
Оңтүстік Қазақстан облысы	1 689,2	3 112,9	-	
Нұр-Сұлтан қ.	2 282,1	2 286,4	2 009	2320, 662
Алматы қ.	1 246,5	2 198,5	2 842	2 691
Түркістан облысы	-	-	1 168	30 671
Шымкент қ.	-	-	1 549	733,9
Барлығы:	1 751 081	1 470 384	1 775 701	1 345 745

Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны инженерлік қорғау мәселелері бойынша жобалық шешімдер мен есептерді сараптамалық бағалау жаңа ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға немесе бұрыннан барын реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға) және күрделі жөндеуге арналған жобалардың (техникалық-экономикалық негіздемелердің және жобалық-сметалық құжаттаманың) ведомстводан тыс кешенді сараптамасының бір бөлігі бо-

лып табылады.

Кешенді ведомстводан тыс сараптаманы сараптама ұйымдарының бірінің штатында тұратын, жобалардың белгілі бір бөлімдері (бөліктері) бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған сарапшы жеке тұлға жүргізеді.

ҚР Экологиялық кодексі 49-баптың 3-тармағы және 49-1-бабымен ҚР 2018 жылғы 24 мамырдағы заңына сәйкес, I, II, III және IV санаттардағы объектілер үшін жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасы (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалық-сметалық құжаттама) құрамындағы құрылыс жобаларына экологиялық сараптама жүргізу тәртібі бөлігінде толықтырылды.

Шаруашылық қызметінің I-санатындағы объектілерді салу және пайдалану жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама құрамында жүргізіледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы қоршаған орта эмиссиялары рұқсатымен бір мезгілде беріледі.

10.5. МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

Мемлекеттік экологиялық бақылау

ҚР Экологиялық кодексінің 12-тарауына сәйкес қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік экологиялық бақылау экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалану, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган болып табылады. Экологиялық бақылау объектісінің бірінші тарапы – қоршаған орта (оның құрамдастары), екінші тараптан – кәсіпорынның, ұйымның қызметі экологиялық қағидалар мен нормативтерді сақтау бөлігіндегі лауазымды тұлғалар. Тексеру таңдамалы және жоспардан тыс болып бөлінеді.

Ішінара тексеру есептелікті талдау нәтижелері бойынша тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру жүргізудің мерзімдері мен нысанасын көрсете отырып, тексерудің өзі басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын тағайындалады.

Жоспардан тыс тексеру нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша тексеру жүргізудің нысанасын көрсете отырып, тексеру басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын тағайындалады.

Шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жыл ішінде (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалардан және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларынан басқа) ішінара тексерулер жүргізуге тыйым салынады.

Егер тексеру жүргізу нәтижесінде бұзушылық фактілері анықталса, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқама беріледі, әкімшілік айыппұлдар салынады, қоршаған ортаға зиян келтірілген жағдайда залал мөлшері айқындалады және өтеу үшін табиғат пайдаланушыларға жіберіледі.

Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы №535 қаулысымен бекітілген Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережесіне сәйкес тікелей немесе жанама әдістермен айқындалады.

2019 жылғы бақылау-инспекциялық қызметінің негізгі көрсеткіштері:

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге экологиялық заңнаманы сақтау бойынша жүргізілген тексерулердің саны – 2310.

2. Экологиялық заңнаманы 4792 бұзушылық анықталды.

3. 4412 ұйғарым берілді.


4. Жалпы сомасы 6 411,34 млн теңге 1650 әкімшілік айыппұл салынды, оның ішінде мемлекет кірісіне жалпы сомасы 1 737,37 млн теңге 1528 әкімшілік айыппұл төленді.

2019 жылы мемлекет кірісіне қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеуге 5 013,14 млн теңге сомасында 946 талап өндірілді (2018 жылы - 2 898 млн теңгеге).

2018 жылмен салыстырғанда барлық көрсеткіштер өсті, алайда әкімшілік айыппұлдар саны азайды (10.5.1-сурет).

10.5.1- сурет

2018-2019 жылдардағы бақылау-инспекциялық қызметтің негізгі көрсеткіштері



Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

2019 жылы соттарға шаруашылық қызметті тоқтата тұру туралы 360 материал жолданды, оның ішінде 211-і қанағаттандырылды.

Өндірістік экологиялық бақылау

Қолданыстағы ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес республиканың барлық кәсіпорындарында қоршаған ортаның өндірістік экологиялық бақылауын (бұдан әрі - ӨЭБ) жүргізу міндетті.

ӨЭБ табиғат пайдаланушының қоршаған ортаға әсері туралы нақты ақпарат алу, табиғат пайдаланушының қоршаған ортаны қорғау бойынша орындайтын іс-шараларының тиімділігін бағалау, қоршаған ортаға әсер ету салдарын бағалау және болжау мақсатында жүргізіледі.

Қоршаған ортаның экологиялық жай-күйін бағалауға кезеңділікпен алынатын бақыланатын параметрлердің деректерін нормативтік көрсеткіштермен салыстыру арқылы қол жеткізіледі. Бақылау объектілері: атмосфералық ауа, беткі және жер асты сулары, топырақ жамылғысы, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түзілуі, радиациялық фонның деңгейі болып табылады.

Өндірістік экологиялық мониторингке қойылатын негізгі талаптар жеткілікті көлемде ҚР Экологиялық кодексінің №129, 131, 132-баптарында айқындалған және барлық табиғат пайдаланушылар осы талаптарды орындайды.

Өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыру шеңберінде операциялық мониторинг, қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі және әсер ету мониторингі орындалады.

ҚР ЭК 130-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес қоршаған ортаның өндірістік мониторингін Қазақстан Республикасының «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» заңында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өндірістік немесе тәуелсіз зертханалар жүзеге асырады.


Өндірістік мониторинг (ӨМ) - адамның шаруашылық немесе өзге де қызметі нәтижесінде өндірістік процестің белгілі бір параметрлерін, қоршаған ортаға әсер етудің физикалық және химиялық факторларын және қоршаған орта жай-күйіндегі өзгерістерді эксперименттік (өлшемдер және/немесе есептеулер негізінде) бағалау.

Аймақтардың Экология департаменттері 2019 жылы ӨЭБ-дың 27086 есебін тексерді. ҚР

ӘҚБтК-нің 325-бабына сәйкес (есептер бермеу, аспаптық өлшеулерді жүргізбеу және т.б.) мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімімен 11 242 350 теңге сомасына 81 әкімшілік айыппұл салынды және өндірілді (10.5.2-сурет).

10.5.2 - сурет

2018-2019 жылдардағы ӨЭБ есептерінің саны




Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

Салыстыру үшін, 2018 жылы ӨЭБ-нің 27551 есебі тексерілген. Экология департаменттерімен өндірістік экологиялық бақылау жүргізу талаптарын бұзғаны үшін тексеру нәтижелері бойынша (ҚР ӘК 128, 129, 130-баптары) ҚР ӘҚБтК 352-бабы бойынша шаралар қабылданды және 160 әкімшілік айыппұл салынды (10.5.3-сурет).

10.5.3 - сурет

2018-2019 жылдардағы салынған әкімшілік айыппұлдардың саны



Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабының 3-тармағында белгіленген тексерілетін субъектілерге жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіздемелер тізбесінде камералдық бақылау нәтижесінде уәкілетті органның жоспардан тыс тексеру тағайындауы үшін негіз жоқ. Осының негізінде экология департаменттері жоғарыда көрсетілген ҚР экологиялық заңнамасын бұзу фактілері бойынша тексеруге дербес бастамашылық жасауға құқылы емес.

Су қоры саласындағы мемлекеттік бақылау

ҚР АШМ Су ресурстары комитетінің бассейндік су инспекцияларымен (БСИ) 2019 жылы су заңнамасы талаптарының сақталуына 124 тексеру жүргізілді, нәтижесінде 152 бұзушылық анықталды, анықталған бұзушылықтарды жою бойынша 96 нұсқама берілді, жалпы сомасы 9709,451 мың теңгеге 95 әкімшілік айыппұл салынды, жалпы сомасы 8031,213 мың теңгеге 75 әкімшілік айыппұл өндіріп алынды, 61 әкімшілік іс сотқа берілді (10.5.1-кесте).

Анықталған тексерулердің құрылымы бұзушылықтардың негізгі түрлері: суға мемлекеттік меншік құқығын бұзу, судың бастапқы есебін жүргізу және оны пайдалану қағидаларын бұзу, өзендер мен басқа да су айдындарының жай-күйіне әсер ететін ғимараттар мен құрылыстарды және басқа да объектілерді заңсыз салу болып табылатынын көрсетеді.

2018 жылмен салыстырғанда жүргізілген тексерулер саны 31,5%-ға азайды, бұл жағдай кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін климатты жақсарту мақсатында мемлекеттің бақылау-инспекциялық қызметті ырықтандыру саясатымен байланысты.

10.5.1 - кесте

2019 жылы су қоры саласындағы заңнама талаптарын бұзу

№ р/с	Бұзушылық- тардың түрлері	Бұзушылық- тар анықталды	Ұйғарым берілді	Айыппұлдар			
				салынды		өндірілді	
				дана	мың тенге	дана	мың тенге
1	БАРЛЫҒЫ	152	96	95	9709,45	75	8031,2
	Оның ішінде анықталғаны:	0	0	0	0	0	0
2	Су қорғау және су шаруашылығы белгілерін жою, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 138-бабы, 2-бөлігі	0	0	0	0	0	0
3	Өнеркәсіптік қауіпсіздік және бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы аттестатталатын жұмыс түрлерін жүргізу кезінде ҚР заңнамасын бұзу, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 299-бабы	0	0	0	0	0	0

4	Ластану және қоқыстанудың алдын алатын құрылыстар мен құрылғыларсыз объектілерді пайдалануға беру, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 358-бабы, 1-бөлігі	1	0	1	17,675	1	17,675
5	Суды ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ететін су қорғау іс-шараларының жүргізілмеуі, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 358-бабы, 2-бөлігі	4	1	4	127,5	4	127,5
6	Су шаруашылығы құрылыстарын бүлдіру, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 359-бабы, 1-бөлігі	1	0	1	44,188	0	0
7	Пайдалану ережелерін бұзу, су шаруашылығы құрылыстары мен құрылғыларын, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 359-бабы, 2-бөлігі	1	2	1	24,05	0	0
8	Суға ұңғымаларды заңсыз бұрғылау және жерасты суларына су тарту құрылыстарын салу, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 360-бабы, 2-бөлігі	3	1	2	202	1	101

9	Судың бастапқы есебін жүргізу және оларды пайдалану қағидаларын бұзу, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 361-бабы	12	8	11	795,375	9	694,375
10	Су ресурстарын есепке алу мен есептілік деректерін бұрмалау, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 362-бабы	4	0	3	284,063	3	284,063
11	Су ресурстарын реттеуге кедергі келтіру, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 363-бабы	0	0	1	88,375	1	88,375
12	Белгіленген су сервитуттарын бұзу, 365-2-бап, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 365-2-бабы	0	0	0	0	0	0
13	Суға мемлекеттік меншік құқығын бұзылуы, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 141-бабы - барлығы:	66	45	60	6872,55	46	5578,17
	оның ішінде: су объектілерін заңсыз басып алу	4	0	4	330,775	2	128,775
	заңсыз су пайдалану	50	42	49	5781,75	41	4919,15
	лимиттерді бұза отырып су алу	4	0	4	606	3	530,25
	Жер асты және беткі суларын күтімсіз пайдалану	0	0	0	0	0	0
	гидротехникалық жұмыстарды өз бетінше жүргізу	0	0	0	0	0	0
	гидротехникалық жұмыстарды заңсыз жүргізу	0	0	3	154,025	0	0

14	Өзендер мен басқа да су қоймаларының жай-күйіне әсер ететін ғимараттарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді заңсыз салу, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 360-бабы, 1-бөлігі	16	3	4	454,5	3	340,785
15	Суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға өзінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, нұсқамалар мен өзге де талаптарды орындамау ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 356-бабы	21	0	5	666,6	5	666,6
16	Кәсіпкерлік қызметпен және АСР-сыз басқа қызметпен айналысу	15	2	2	107,313	2	107,313
17	Басқа бұзушылықтар	7	7	0	0	0	0

Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

10.5.2-кестеде өзен бассейндері бойынша берілген ұйғарымдар саны ұсынылған.

10.5.2 –кесте

2018-2019 жылдардағы өзен бассейндері бойынша берілген ұйғарымдардың орындалуына шолу (%)

Бассейндік инспекцияның атауы	Ұйғарымдар саны		Ұйғарымдар орындалды		Орындалуы, %	
	2018	2019	2018	2019	2018	2019
Арал-Сырдария	2	5	2	5	100	100
Балқаш-Алакөл	52	48	52	48	100	100
Ертіс	34	2	8	1	100	50
Есіл	11	10	3	10	100	100
Нұра-Сарысу	42	27	13	7	82	26
Тобыл-Торғай	0	1	0	1	100	100
Жайық-Каспий	1	0	7	0	100	0
Шу-Талас	5	0	5	0	100	0

Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің облыстық аумақтық инспекциялары ормандарды, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғаудың, молықтырудың, пайдаланудың жай-күйіне, балық қорғау іс-шараларына, орман алқаптарындағы өртке қарсы іс-шараларға, сондай-ақ браконьерлікпен күрес жөніндегі іс-шараларға мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады.

2018-2020 жылдарға арналған бюджет қаражатын жоспарлау үшін жүргізілген түгендеу қорытындысы бойынша негізгі құралдардың жай-күйі мен жарамдылығы, қосалқы бөлшектерге қажеттілік және авто және су көлігіне, байланыс құралдарына, компьютерлік техникаға, фото және бейнеаппаратураға жөндеу жұмыстарын жүргізу анықталды.

Талдау көрсеткендей, негізгі құралдардың көпшілігі 10 жыл бұрын сатып алынған және техникалық жағынан ескірген. Автокөлік құралдарының амортизациялық тозуы 90-100%-ды құрайды.

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жүргізілген рейдтердің жалпы саны 9156, тексерулер – 1048 құрады.

2019 жылы жүргізілген табиғат қорғау іс-шаралары туралы ақпарат 10.5.3-кестеде келтірілген. 10.5.4-10.5.6-суреттерде 10.5.3-кестеден іс-шаралардың пайыздық (%) арақатынаста көрсетілген.

10.5.3 -кесте

2018-2019 жылдары орындалған іс-шаралар

Іс-шаралар	2018 жылғы көрсеткіштер	2019 жылғы көрсеткіштер
Табиғат қорғау бұзушылықтары анықталды, барлығы:	981	1 005
оның ішінде:	1274	1 181
аңшылық бойынша	6585	6 662
орман бойынша	8014	7 951
балық бойынша		
барлық хаттамалар жасалды:	742	742
оның ішінде:	664	596
аңшылық бойынша	6608	6 613
орман бойынша	7671	7 184
балық бойынша		
әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар саны:	969	985
оның ішінде:	944	822
аңшылық бойынша	5758	5 377
орман бойынша	981	1 005
балық бойынша	1274	1 181


Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

Сондай-ақ, барлығы 95469,3 мың теңге сомасына әкімшілік айыппұл салынды, оның ішінде аң аулау бойынша – 2 286 мың теңге, Орман бойынша – 11 221,1 мың теңге, Балық бойынша – 81 962,2 мың теңге.

87 471,9 мың теңге сомасына әкімшілік айыппұлдар өндірілді, оның ішінде аң аулау бойынша – 2 77,8 мың теңге, Орман бойынша – 1 547,514 мың теңге, Балық бойынша – 74 783,4 мың теңге.

10.5.4 - сурет


Анықталған табиғат қорғау бұзушылықтардың үлесі



Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

10.5.5 - сурет


Жасалған хаттамалардың үлесі



Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

10.5.6 - сурет

Әкімшілік жауапкершілікке тартылғандардың үлесі



Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

Қазақстанда жануарлар дүниесін сақтау және аңшылық шаруашылығын дамыту жөніндегі 2020 жылға арналған негізгі міндеттер мыналар болып табылады:

- 1) жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін және гендік қорын сақтау;

2) жануарлар дүниесін, оның ішінде жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін сақтау және өсімін молайту, аңшылық жануарлардың бағалы түрлерінің санын ұлғайту;

3) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қоса алғанда, шектеуші факторлардың, оның ішінде инфекциялық-паразиттік аурулардың және оларды таратушылардың биоэртүрлілігі, гендік қоры, жануарлар дүниесінің өсімін молайту жай-күйіне әсерін барынша азайту;

4) азаматтардың демалуға, қолайлы қоршаған ортаға, олардың аң аулауға деген конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету;

5) ет және ілеспе өнімдер алу есебінен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу;

6) жабайы құстарды өсіруді дамыту;

7) қазақстандық аң аулаудың ұлттық және мәдени дәстүрлерін жаңғырту.

ҚР ІІМ деректеріне сәйкес 2019 жылы табиғатты қорғау полициясы бөлімшелерімен **12,3 мыңнан** астам табиғат қорғау заңнамасын бұзушылық анықталды. СДТБТ-де **1297** сотқа дейінгі тергеу тіркелді, оның ішінде 909-ы іс жүргізумен аяқталды, 444-і сотқа жолданды, 465-і ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылды.

Биологиялық ресурстардың объектілері мен өнімдерін ұрлағаны (ҚК 188 – бабы-24), са-тып алғаны және/немесе өткізгені үшін (ҚК 196 - бабы-20) СДТБТ-де 44 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді, оның 12-і сотқа жолданды.

Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін 11 мыңнан астам құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 65 млн теңге әкімшілік айыппұл өндірілді.

Қабылданған шараларға қарамастан, ақбөкендерге браконьерлік фактілері орын алуда, бұл шығыс медицинасында қолданылатын мүйіздерге деген жоғары сұранысқа байланысты. 2019 жылы ҚР ІІМ деректері бойынша ақбөкендерге браконьерліктің және олардың мүйіздерінің заңсыз айналымының 64 фактісі тіркелді, 651 ұша және 1060 дана мүйіз тәркіленді.

Сондай-ақ, заңсыз айналымнан 86,8 тоннадан астам балық, оның ішінде 7,6 тонна бекіре тұқымы, 478,2 кг уылдырық, 1768 м³ заңсыз дайындалған ағаш, 224 бірлік жүзу құралдары, 2,6 мыңнан астам құқық бұзушылық жасау құралдары, оның ішінде 427 бірлік аңшылық атыс қа-руы тәркіленді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп-ке алу жөніндегі комитетінің статистикалық деректеріне сәйкес 2019 жылы браконьерліктен келтірілген материалдық шығын 2,4 млрд теңгеден асты, қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында 90,5 млн теңгеден астам өтелді.

Орман қоры саласындағы мемлекеттік бақылау

Ормандарды өрттен және заңсыз кесуден қорғау жұмыстары жалғасуда.

Шағын алаңдардағы орман өрттерін дер кезінде анықтау және жою мақсатында «Қазавиаорманқорғау» РМҚК күшімен республиканың 8 облысында (Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан («Көкшетау» МҰТП), Қостанай және Павлодар) жалпы алаңы 8,869 млн га (немесе республиканың мемлекеттік орман қоры аумағының 30%), нормативтік ұшуы 9024 сағат авиациямен қарауылдау жүргізілді.

Орман өрттерінің алдын алу мақсатында 2019 жылы мемлекеттік орман иеленушілер минералдандырылған жолақтар мен өртке қарсы бөліктер жасау және 206,4 мың км көлемін-де оларға күтім жасауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізді. Көктемгі және күзгі кезеңдерде мемлекеттік орман қорына іргелес аумақтарда басқарылатын өртеу және шөп шабу жүзеге асырылды.

Жалпы республика бойынша 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда орман өрттерінің саны 1,7 есеге артты (358 жағдайдан 624 жағдайға дейін).

Республика аумағында орман өрттерінің көбеюіне ауа-райы жағдайлары, сондай-ақ ор-ман күзетінің техникамен және жабдықтармен нашар жарақтандырылуы, жану ошақтарын уақтылы анықтамау, сондай-ақ дала өрттерінің МОҚ жерлеріне өтуі көп дәрежеде ықпал етті.

2019 жылы табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторлары мен мемлекеттік ор-ман күзетінің қызметкерлері 17 450 рейд жүргізді, бұл ретте жалпы көлемі 4221,1 м³ болатын 360 заңсыз ағаш кесу фактілері анықталды. Орман заңнамасын бұзушыларға 26 айыппұл са-

лынды, оның ішінде 23 бұзушыдан айыппұл өндірілді. 255 бұзушыдан 29 117,5 мың теңге өндіріп алынды, 219 бұзушыдан 910,3 м³ заңсыз дайындалған ағаш алынды.

10.6. МОНИТОРИНГ

Қоршаған орта мониторингі - табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен қоршаған ортаның жай-күйінің өзгеруін бағалау, болжау және олардың жай-күйін байқаудың кешенді жүйесі.

Қоршаған ортаның экологиялық мониторингі кеңістіктік ұйымның әртүрлі деңгейлерінде: өнеркәсіптік нысандар деңгейінде, қалада, облыста, сондай-ақ ұлттық деңгейде жүргізілуі мүмкін. Экологиялық мониторингтің 4 деңгейі бар: жаһандық, мемлекеттік, аймақтық, жергілікті.

ҚР Экологиялық кодексінің 137-бабына сәйкес Мемлекеттік экологиялық мониторинг (қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі) – табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйінің өзгеруін бағалау, болжау және бақылау мақсатында, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып, олардың жай-күйін байқаудың кешенді жүйесі.

Атмосфералық ауа, жер, беткі және жер асты сулары, жер қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, сондай-ақ климат пен Жердің озон қабаты, экологиялық жүйелер, қоршаған ортаның халықтың денсаулығына әсер ететін факторлары мемлекеттік экологиялық мониторинг объектілері болып табылады.

Қоршаған орта жай-күйі мониторингінің негізгі түрлері:

- атмосфералық ауа жай-күйінің мониторингі;
- атмосфералық жауын-шашын жай-күйінің мониторингі;
- су ресурстарының сапалық жай-күйінің мониторингі;
- топырақ жай-күйінің мониторингі;
- жер асты суларының мониторингі;
- радиациялық жай-күйінің мониторингі.

Мониторингтің арнайы түрлері:

- «Байқоңыр» кешенінің зымыран-ғарыш қызметінің әсеріне ұшыраған аумақ мониторингі;
- ғарыштық мониторинг.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III) сәйкес Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган арнайы мемлекеттік уәкілетті органдармен бірлесе отырып ұйымдастырады.

Атмосфералық ауа жай-күйінің мониторингі - Қазақстан Республикасының елді мекендерінде атмосфералық ауаның ластануының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі. Мемлекеттік бақылау бекеттерінің санын және оларды әрбір нақты елді мекенде орналастыруды халық саны, жер рельефі, ластанудың нақты деңгейін ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде айқындайды.

Атмосфералық жауын-шашын жай-күйінің мониторингі – атмосфераның ластануының көрсеткіші болып табылатын атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау, сондай-ақ қысқы кезеңде атмосфераның аймақтық ластануын бағалау және елді мекендер мен өнеркәсіптік объектілерден ластауыш заттардың таралу аймағын анықтау үшін қар жамылғысындағы заттардың құрамын бақылау жүйесі.

Су ресурстарының сапалық жай-күйінің мониторингі - беткі және жер асты сулары сапасының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі.

Топырақ жай-күйінің мониторингі - елді мекен жерлерінде, суармалы аумақтар мен ауыл шаруашылығы алқаптарында топырақтың техногендік ластануының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі.

Радиациялық мониторинг - қоршаған ортаның объектілері мен аумақтардың техногендік және табиғи радиоактивті ластануына бақылау жасау жүйесі.

«Байқоңыр» зымыран-ғарыш кешенінің мониторингі – «Байқоңыр» кешенінің зымыран-ғарыш қызметінің әсеріне ұшырайтын аумақтарда қоршаған ортаның жай-күйін байқау жүйесі.

Мониторинг Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 2006 жылғы 21 маусымдағы «Әскери-ғарыштық және сынақ полигондарының экологиялық жағдайының мониторингі туралы қағиданы бекіту туралы» №215-ө бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Ғарыштық мониторинг – Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау құралдарын пайдалана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін байқау жүйесі, оның жұмыс істеуін ұйымдастыруды ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

10.6.1. ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІНІҢ МОНИТОРИНГІ

«Қазгидромет» РМК 039 «Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингі дамыту» бюджеттік бағдарламасының «Қоршаған ортаның жағдайын бақылау жүргізу» 100 кіші бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында қоршаған ортаның жай-күйіне экологиялық мониторинг жүргізеді.

2019 жылы бақылау жоспарларына сәйкес қоршаған орта жағдайына мониторинг жүргізілді: Қазақстан Республикасының 45 елді мекенінің (14 облыста және Нұр-Сұлтан мен Алматыда) 140 стационарлық бекетінде атмосфералық ауа жағдайына, оның ішінде 56 қолмен іріктеу бекетінде және 84 автоматты бекетте мониторинг жүргізілді.


Топырақ жай-күйінің мониторингі республиканың 14 облысының 102 елді мекенінде, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында жүргізілді.

Атмосфералық жауын-шашын жай-күйінің мониторингі 46 метеостанцияда, қар жамылғысына - 39 метеостанцияда жүргізілді.

Гидрохимиялық көрсеткіштерге беткі және теңіз суларының жай-күйіне мониторинг 141 су объектісінде орналасқан 412 гидрохимиялық тұстамада, оның ішінде 91 өзенде, 31 көлде, 15 су сақтағышында, 3 арнада және 1 теңізде жүргізілді. 2018 жылмен салыстырғанда мониторинг жүргізілетін су объектілерінің саны ұлғайды (10.6.1-сурет).

10.6.1-сурет

2018-2019 жылдардағы су объектілерінің мониторингі



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Атырау, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша беткі сулардың жай-күйіне мониторинг жүргізілді.

Радиациялық фонның сәулелену деңгейін бақылау 14 облыстағы 86 метеорологиялық станцияда және 23 автоматты бекетте гамма-фонды өлшеу арқылы жүзеге асырылды. Атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын көлденең планшеттермен ауа сынама-сын іріктеу арқылы бақылау Қазақстанның 14 облысының 43 метеорологиялық станциясында

жүргізілді.

2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда мониторинг бекеттерінің саны өзгерген жоқ.

Жүргізілген бақылаулардың нәтижелері туралы ақпарат ақпараттық бюллетендерде көрсетіледі. 2019 жылы жарық көрді:

- ҚР қоршаған ортасының жай-күйі туралы ақпараттық бюллетені.

- Нұра өзені бассейнінің қоршаған орта жағдайы туралы ақпараттық бюллетені.

- Аралмаңы халқының денсаулығы мен қоршаған ортасының жай-күйі туралы ақпараттық бюллетені.

- «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттық бюллетені.

- Балқаш көлі бассейнінің қоршаған ортасының жай-күйі туралы ақпараттық бюллетені.

- Щучинск-Бурабай курорттық аймағының қоршаған ортасының жай-күйі туралы ақпараттық бюллетені.

- Ұлы компоненттерді трансшекаралық тасымалдаудың ақпараттық бюллетендері.

Ақпараттық бюллетендер ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің және «Қазгидромет» РМҚ-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайттарында орналастырылған.

Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті атмосфералық ауаның, ауыз судың санитарлық-эпидемиологиялық мониторингін, радиациялық мониторингті жүргізеді.

2019 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің (Комитет) аумақтық органдарының бақылауында 1-ші санаттағы 174 ашық су қоймасы және 2-ші санаттағы 548 ашық су қоймасы болды. Комитеттің аумақтық органдары мен ұйымдары тұрғындардың шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарға пайдаланатын ауыз суларының қауіпсіздігіне тұрақты бақылау және мониторинг жүргізеді.

2019 жылы Комитеттің аумақтық органдары атмосфералық ауаға ұйымдастырылған шығарындылары бар 1651 объектіге бақылауды жүзеге асырды.

2019 жылы санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша 5 303 топырақ сынамасы зерттелді.

Ұлттық сараптау орталығының филиалдары 2019 жылы тамақ өнімдеріне, суға, ауаға, жауын-шашынға, топыраққа, құрылыс материалдарына, тыңайтқыштарға, өсімдіктерге және т.б. радионуклидтердің, сондай-ақ гамма-сәулелену, радон, рентгендік, альфа және бета-сәулеленудің зертханалық және аспаптық өлшемдерінің құрамына зерттеулер жүргізді.

10.6.2. ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ


Қазақстан Республикасында мемлекеттік баланста тұрған 1282 жер асты суларының кен орнына барлау жүргізілді. Ауыз судың барланған пайдалану қорлары республиканың жиынтық қажеттілігінен 2 еседен астам асып түседі және бір адамға тәулігіне 1,12 м³ құрайды.

Сонымен қатар, республикада жер асты суларының барланған қорларын игеру төмен қарқынмен жүзеге асырылады, ал бірқатар аймақтарда соңғы жылдары толығымен дерлік тоқтатылды. Жер асты суларының көптеген кен орындары 10-15 жыл бойы пайдаланылмайды, ал кейбір жағдайларда оларды пайдалануға беру кідірісі 25-30 жылға жетеді.

Бұдан басқа, барланған кен орындарының жалпы санынан (1282) 402 (алынатын су көлемі тәулігіне 2,0 млн км³) ғана пайдаланылады, бұл халықтың ауыз су тұтынудың жалпы теңгеріміндегі 56%-ды құрайды. Тұщы жер асты сулары беткі сулармен салыстырғанда бірқатар елеулі артықшылықтарға ие: олар, әдетте, сапасы жағынан жоғары, ластанудан және жұқтырудан жақсы қорғалған, олардың ресурстары көп жылдық және маусымдық ауытқуларға аз ұшырайды.

2019 жылы жер асты суларының деңгейін, температурасын, химиялық құрамын және олардың ластану деңгейін жүйелі режимдік бақылау жер асты сулары мониторингінің мемлекеттік желісінің 4266 бекетінде жүргізілді. 2016 жылдан бастап бақылау бекеттерінің саны азаю жағына өзгерді (10.6.2-сурет).

2016-2019 жылдардағы жер асты сулары мониторингінің мемлекеттік желісі бекеттерінің саны



Көзі: ҚР ЭГТРМ Геология комитеті.

Жерасты суларының техногендік ластану мониторингі 4 полигонда жүргізілді: Елек (Ақтөбе облысы), Мырғалымсай-Түркістан (Түркістан облысы), Қошқарата (Маңғыстау облысы) және Рудный-Қостанай (Қостанай облысы).


Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы (Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы №125-VI заң кодексі, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 9 шілдедегі №481 Су кодексі, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212 Экологиялық кодексі) барлық жер қойнауын пайдаланушыларды құзыретті органдарда жұмыстардың осы түрлерін ұйымдастыруға және жүргізуге бекітілген жобалық құжаттамаға сәйкес жер қойнауына (жер асты, беткі сулар) мониторинг жүргізуге міндеттейді. Жер асты суларының мониторингін жүргізу қолданыстағы нормативтік құжаттарға (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №398 бұйрығымен бекітілген жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру қағидаларына, Жер асты суларының мемлекеттік мониторингі жүйесіндегі жер асты суларының деңгейіне, қысымына, дебитіне, температурасына және химиялық құрамына режимдік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа (ЖСММ) сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №144-б бұйрығымен бекітілген) аталған жұмыс түрлерін жүргізу үшін қазіргі заманғы жабдықтарды пайдалана отырып орындалады.

Бақылау нүктелері (ұңғымалар, жер үсті нүктелері – су қоймалары, зумпфтар, дренаждық жүйелер, үйінді сақтағыштар және т.б.) жер қойнауын пайдаланушылармен және аймақаралық департаменттерде бекітілген жобалық құжаттамаға сәйкес келісіледі.

2019 жыл ішінде жер асты суларының мемлекеттік мониторингінің деректер банкі (ЖСММ ДБ) толықтырылды, жер асты суларының мемлекеттік кадастры жүргізілуде.

10.6.3- сурет


2018-2019 жылдардағы жерасты суларының температурасы мен деңгейін өлшеу саны



Көзі: ҚР ЭГТРМ Геология комитеті.

2019 жылы ЖСММ ДБ 10,23 млн деңгейді өлшеу, 3,88 млн температураны өлшеу және жерасты суларын химиялық талдау, 288,61 мың жерасты суларын химиялық талдау бойынша ақпаратты қамтыды. 2018-2019 жылдар аралығында өлшемдер саны артты (10.6.3, 10.6.4-суреттер).

2018-2019 жылдардағы химиялық талдаулар саны



Көзі: ҚР ЭГТРМ Геология комитеті.

Қазақстан «Жер асты сулары» кіші жүйесін қалыптастыру, қазіргі заманғы жағдайларда жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асыруды жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылды.

Жер асты суларының мониторингі 277 учаскедегі ластануды анықтауға мүмкіндік береді.

Ақтөбе және Атырау облыстарында - мұнай өнімдерімен, Ақмола облысында - бром және марганецпен, Алматы облысында - сульфатпен (SO_4), Атырау облысында - фенолмен, ШҚО-да-хлоридтермен, сондай-ақ Қостанай облысында - нитраттармен ең көп ластану дәрежесі анықталды.

Жер асты суларының мониторингі объектілерінде мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бақылау нәтижелері қолданылды.

10.6.3. РАДИАЦИЯЛЫҚ АХУАЛ МОНИТОРИНГІ

«Ұлттық сараптама орталығы» филиалдарымен тамақ өнімдеріне, суды (ауыз су, техникалық, ашық көздерден), ауаны, жауын-шашынды, топырақты, құрылыс материалдарын, тыңайтқыштарды, отын-энергетикалық шикізаттарды және т.б. радионуклидтердің құрамына, сондай-ақ гамма-сәулеленудің, радонның, рентген сәулелерінің, альфа мен бета сәулеленудің ағынының тығыздығына қатысты аспаптық (инструменталдық) зерттеулер жүргізілді.

Қазақстан Республикасының аумағында гамма-фонды (экспозициялық дозаның қуаттылығын) өлшеу республиканың 14 облысындағы 86 метеорологиялық станцияда, атмосфералық ауаның ластану мониторингінің 23 автоматты бекетінде күн сайын «Қазгидромет» РМК-мен, экспозициялық дозаның қуатын автоматты режимде өлшеу жүргізілді. Сонымен қатар атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануы Қазақстанның 14 облысында 43 метеорологиялық станцияда көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу арқылы да бақыланды. Барлық станцияларда бес тәуліктік сынамаларға іріктеу жүргізілді.

2019 жылы адам денсаулығына зиян келтіретін радиациялық апаттар тіркелген жоқ.

Атмосфералық ауаның радиациялық мониторингі

Атмосфералық ауа мен жауын - шашынның мониторингі барысында 116 (148-2018 ж.) ауа сынамалары зерттелді, орташа жиынтық бета-белсенділік $0,82 \cdot 10^7$ Бк/ m^3 және альфа-белсенділік $0,25 \cdot 10^7$ Бк/ m^3 құрады. Атмосфералық жауын-шашынның 154 сынамасы зерттелді (186-2018 ж.). Альфа-белсенділік республика бойынша орташа концентрациясы - $0,16 \cdot 10^7$ Бк/ m^2 және бета-сәуле шығаратын радионуклидтер - $0,80 \cdot 10^7$ Бк/ m^2 құрады.

Қазақстан Республикасының жекелеген аудандарында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануына радиоактивті өнімдердің ластанған аумақтардан немесе

өнеркәсіптік объектілер аумақтарынан желмен көшірілуі әсер етеді, олардың шығарындылары атмосфералық ауа мен жауын-шашынның радиациялық жай-күйіне белгілі бір үлес қосады. Шығыс Қазақстан облысының аумағында 2019 жылы бета-сәуле шығаратын радионуклидтердің орташа тоқсандық жиынтық белсенділігі $135,84 \cdot 10^7$ Бк/м² шегінде және альфа сәуле шығаратын радионуклидтердің орташа тоқсандық жиынтық белсенділігі $57,7 \cdot 10^7$ Бк/м² шегінде тіркелді.

«Қазгидромет» РМК бақылауларының деректері бойынша 2019 жылы Қазақстан Республикасының елді мекендеріндегі атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәні 0,0-0,49 мкЗв/сағ, 2018 жылы - 0,0-0,40 мкЗв/сағ шегінде болды. Республика бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,13 мкЗв/сағ құрады және рұқсат етілген шектерде болды.

Республика аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтік түсудің орташа тәуліктік тығыздығы 0,6–5,1 Бк/м² шегінде ауытқыды. Қазақстан Республикасы бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,4 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

Бекітілген «Гигиеналық нормативтерге сәйкес Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №155 бұйрығы) халық үшін тиімді доза 0,57 мкЗв/сағ аспайды.

Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың радиациялық жай-күйі туралы деректер «Аймақтардағы экологиялық жағдай» атты 11-бөлімде келтірілген.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның <https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019> сайтында орналастырылған.

Су объектілерінің радиациялық мониторингі

Су объектілері жай-күйінің өзгерістерін бағалау және болжау судың сапасына әсер ететін теріс процестердің дамуын уақтылы анықтау және болжау және салдардың алдын алу жөніндегі шараларды іске асыру мақсатында жүзеге асырылады. Су объектілерінің жай-күйіне, радиациялық қауіпсіздіктің сандық және сапалық көрсеткіштеріне тұрақты бақылау жүргізуді қамтиды.


Республика бойынша 6387 (4531 – 2018 ж.) жерасты көздерінен ауыз су сынамалары (ұңғымалар, бөтелкедегі) жиынтық альфа - және бета-белсенділікке зерттелді, оның ішінде 648 сынамада (398 - 2018 ж.) (10.6.1-кесте, 10.6.5-сурет) гигиеналық нормативтер талаптарына сәйкессіздіктер анықталды. Ауыз су сынамаларындағы радионуклидтердің жиынтық альфа-, бета-белсенділігі республика бойынша орташа есеппен 0,23 Бк/л және 0,22 Бк/л құрады. Ауыз су сынамаларының изотоптық құрамын одан әрі радиологиялық зерттеу кезінде республика бойынша орташа меншікті белсенділік: уран бойынша-238 - 0,22 Бк/л, торий бойынша-232 - 0,02 Бк/л, радий бойынша-226 - 0,03 Бк/л құрады.

10.6.1-кесте

Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы гигиеналық нормативтердің талаптарына анықталған сәйкессіздіктер

№	Аймақтар	A_α (Бк/л)	A_β (Бк/л)	Сынамалар
1	Ақмола	3,64	-	443
2	Шығыс Қазақстан	0,49	-	17
3	Жамбыл	1,40	-	95
4	Қызылорда	-	2,0	2
5	Маңғыстау	0,41	-	2
6	Солтүстік Қазақстан	11,7	3,16	80
7	Нұр-Сұлтан қ.	0,77	-	9
	Барлығы			648

Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы гигиеналық норматив (жиынтық альфа - және бета-белсенділікке) талаптарына сәйкес келмеуі



2018 жылмен салыстырғанда жеке изотоптарға зерттелген сынамалар санының өсуі байқалады.

2019 жылы республика бойынша 950 (880 - 2018 ж.) ашық көздерден (су қоймаларынан) су сынамаларына жиынтық альфа - және бета - белсенділікке зерттеу жүргізілді. Республика бойынша орташа алғанда ашық су қоймаларының су сынамаларындағы радионуклидтердің меншікті белсенділігі: уран бойынша-238 - 0,06 Бк/л, торий бойынша - 232 - 0,05 Бк/л, радий бойынша-226 - 0,05 Бк/л құрады.

Жекелеген радионуклидтердің құрамына техникалық және шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы су сынамаларын зерттеу табиғатта радионуклидтердің қоныс аударуының табиғи жолдарын көрсетті және орта есеппен: уран бойынша 238 - 0,12 Бк/л, торий - 232 - 0,10 Бк/л, радий - 226-0,15 Бк/л құрады. Барлығы 90 сынама (109-2018ж.) зерттелді. Мониторинг деректері судағы радионуклидтердің шоғырлануы бақылау деңгейлерінің орташа жылдық мәндері шегінде екенін көрсетеді.

Трансшекаралық өзендердің радиациялық мониторингі бойынша деректер «Су ресурстары» атты 3-бөлімде келтірілген.

Тұрғын үй құрылысы аумақтарының және жер учаскелерінің радиациялық мониторингі

Гамма-сәулелену дозасы қуатының табиғи деңгейін және радон және радонның еншілес өнімдерінің (РЕӨ) концентрациясын бақылау үшін тұрғын үй құрылысы мен құрылысқа арналған жер учаскелерінің аумағында республика бойынша орындалған:

- құрылыс, қайта қалпына келтіру, тұрғын үй массивтерін (елді мекендер) бөлу кезінде жер учаскелерінің аумақтарында гамма - сәулеленуді өлшеу-1006037 (996888 - 2018ж.), оның ішінде 4049 (2960 - 2018ж.) - ДУ-дан жоғары. Асып кету Қарағанды - 991 (0,54 мкЗв/сағ), Маңғыстау - 3033 (189 мкЗв/сағ) және Түркістан - 20 (0,65 мкЗв/сағ) облыстарының және Шымкент қ.- 5 (30 мкЗв/сағ) аумақтарында тіркелді;

- өндірістік мақсаттағы ғимараттар құрылысына жер учаскелерін бөлу кезінде - 2300 (9936 - 2018ж.) радонды және радонның еншілес өнімдерін өлшеу (РЕӨ), 10 асып кету Маңғыстау облысында (1813 мБк/м²·с), тұрғын үйлер мен әлеуметтік мақсаттағы ғимараттардың құрылысына арналған аумақтарда - 41155 (7379-2018ж.) радонды және радонның еншілес өнімдерін өлшеу (РЕӨ), 101 асып кету анықталды, оның ішінде: оның ішінде Қарағанды облысында - 85 (560 мБк/(м²·с)), Маңғыстау облысында - 10 (777 мБк/(м²·с)) және Солтүстік Қазақстан облысында - 6 (269 мБк/(м²·с)).


Бұрынғы ССП аумағын радиоэкологиялық зерттеу

«Бұрынғы Семей сынақ полигонының қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының «Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» кіші бағдарламаның іс-шаралары шеңберінде 2019 жылы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК-мен Семей сынақ полигонын экологиялық тексеру жалғастырылды.

Кешенді экологиялық тексерудің қорытынды материалдарын дайындау үшін «Дегелең» және «Ақтан-Берлі» алаңдары ауданында ауданы 1200 км² аумақты кешенді зерттеу бойынша аяқтау жұмыстары орындалды.

10.6.6-сурет

ССП кешенді экологиялық зерттеу аумағының орналасуы



Аумақтың топырақ жамылғысының радиоактивті ластануы «Тәжірибелік алаң» және «Сары-Өзен» алаңдарында ядролық сынақтардан кейін радиоактивті бөлшектердің түсуі болжанып отыр. Радиоактивті ластанудың жалпы ауданы 429 км²-ден аспайды, бұл зерттелетін аумақтың жалпы ауданынан 36%-дан кемін құрайды. Солтүстік-шығыс учаскеде ЕМУБ -дан асатын Cs¹³⁷ (1 200 Бк/кг) бірлі-жарым мәні тіркелген. Қалған жағдайларда негізгі техногендік радионуклидтермен ЕМУБ-дан асып кету тіркелген жоқ.

Беткі сулардың негізгі ластауыш радионуклидтері ³H және ⁹⁰Sr болып табылады. Байтілес бұлағының суда ³H болуы араласу деңгейінен (АД) 5 еседен артық. Қарабұлақ бұлағының суында және оның әсер ету аймағында орналасқан объектілердің суларында ³H үлес белсенділігі АД-дан аспайды. Су объектілерінде ³H концентрациясы бұлақтан қашықтықтың ұлғаюына байланысты төмендейді.

⁹⁰Sr ең жоғары құрамы Байтілес – 2,55±0,25 Бк/кг бұл АД-дан 2 есе төмен – «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (РҚҚСЭТ ГН) гигиеналық нормативтерге сәйкес судағы ¹³⁷Cs, ²³⁹⁺²⁴⁰Pu меншікті белсенділігі АД-дан аспайды. Беткі сулардың су түбіндегі шөгінділердегі ²⁴¹Am және ¹³⁷Cs құрамының деңгейі РҚҚСЭТ ГН-ға сәйкес ЕМУБ-ның нормативтік мәндерінен аспайды.

Қарабұлақ, Алтыбай бұлақтары мен Қосқұдық шатқалының учаскелерінде жер асты суларының ластанған ағындарын жою бойынша қандай да бір іс-шаралар жүргізу мүмкін емес. Осыған байланысты, ағымдардың арналарына іргелес жатқан аумақтарға шаруашылық қызметті жүргізуге және пайдалануға тыйым салынады (шектеулі аймақ). Қалған аумақты шектеулі пайдалану аймағы ретінде (су пайдалану нысандарын үнемі қадағалап отыру арқылы) анықтауға болады

Жер асты суларын зерттеу үшін тереңдігі 10 м дейін 30 ұңғыма бұрғыланды, 5 ұңғыма тазартылды. Дегелең тау массивіндегі жер асты суларының сулы қабаты делювиальды-пролювиальды шөгінділермен ұсынылған және қиыршық тасты толтырғышы бар қиыршық тасты күммен сипатталатыны анықталды. Радионуклидтік талдау деректері бойынша ³H сандық мәндері меншікті активтілігі 30-дан 42 000 Бк/кг-ға дейінгі, Еңгілікті, Қарабұлақ, Қосқұдық және Алтыбай су жинау учаскелерінде белгіленгені анықталды. Радионуклидтердің меншікті

белсенділігі ^{241}Am және ^{137}Cs судың барлық сынама-ларында анықтау шегінен төмен болады. Барлық судың қоректену көзі қыс мезгілінде түсетін қатты жауын-шашын болып табылады. «Дегелең» бұлағымен ағатын еріген сулар барлық тексерілген су жинау учаскелерінде жер асты суларының мерзімді толықтырылуын қамтамасыз етеді.

Әуе ортасында техногенді ^{241}Am и ^{137}Cs радионуклидтердің көлемдік белсенділігі РҚҚСЭТ ГН белгілеген «Халық» санаты үшін шекті көлемдік белсенділіктен (ШКБ) аспайды. Өлшенген аэрозолдық бөлшектердің орташа концентрациясы 6-дан 13 мкг/м³-ге дейінгі шектерде түрленеді, бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған ШЖК мәндерінен аспайды.

Зерттелетін аумақтың өсімдік жамылғысы ашық-қоңыр топырақтардағы шөлейттенген жусанды-шым-шөлейттенген далаларға жатады. Өсімдіктерде ^{137}Cs және ^{90}Sr жасанды радионуклидтің құрамы шекті шекті жол берілетін деңгейден аспайды, ^{241}Am және $^{239+240}\text{Pu}$ концентрациясы-болжамды рұқсат етілген деңгейден аспайды. Осылайша, өсімдік жамылғысы, оның радиоактивті ластануының сипаты тұрғысынан, зерттеудің осы кезеңінде халық үшін қауіп төндірмейді және шаруашылық қызметтің тиісті түрлерін жүргізу үшін (атап айтқанда, мал жаю үшін) жарамды болып саналады.

Зерттелетін аумақта мекендейтін, «Дегелең» алаңына іргелес жабайы жануарлардың тіндерінде (бұлшық ет және сүйек) техногенді радионуклидтердің жоғары мәні табылған жоқ. Жабайы жануарлар организміне радионуклидтердің түсу мүмкіндігін жанама бағалау (нәжіс бойынша) зерттелетін аумақта жабайы жануарлар табиғи жайылғанда (азықтандырғанда) олардың организміне радионуклидтердің радионымен жануарлар етіндегі шекті жол берілетін мәндердің артуына әкеп соқтыратындай мөлшерде түсу күтілмейтінін көрсетті.

Осылайша, зерттелген аумақтың басым бөлігінде табиғи орта объектілерінде радионуклидтердің болуы шекті жол берілетін деңгейде болады және ядролық қару сынақтарының салдарын жою жөніндегі ешқандай іс-шараларды, зерттелетін учаскенің батыс және солтүстік-шығыс бөліктерінде орналасқан радиоактивті ластанудың екі учаскесін қоспағанда, жүргізудің қажеті жоқ. Осы учаскелерде ядролық қару сынақтарының салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажет. Ұсынылатын іс-шара-топырақтың жоғарғы қабатын 10 см тереңдікке дейін алып, кейіннен арнайы бөлінген орындарда көміледі.

2019 жылы табиғи объектілердің (топырақ жамылғысы, беткі және жер асты сулары, атмосфералық ауа, өсімдіктер және жануарлар дүниесі) радиациялық жағдайын бағалау мақсатында «Тәжірибелік алаң» ауданында ССП аумағын алдын ала тексеру жүргізілді.

Зерттелетін аумақта радиациялық параметрлердің шамалы артуы белгіленген. Сондай-ақ орталық және Оңтүстік бөліктерде фон деңгейінің 2-3 есе мәндерінің артуы тіркелетін учаскелер бар, бұл шамамен «Тәжірибелік алаң» ауданындағы сынақтардан радиоактивті түсу іздерінің болуымен байланысты. Қалған жағдайларда негізгі техногендік радионуклидтермен ЕМУБ -дан асып кету тіркелген жоқ.

Зерттелетін учаскенің беткі сулардағы ^{90}Sr радионуклидінің меншікті белсенділігі табу шегінен төмен болады және РҚҚСЭТ ГН ға сәйкес АД-дан аспайды.

Үлес белсенділігінің ең жоғары мәні ^{137}Cs белгіленген АД (11 Бк/кг) 70 еседен астам төмен.

^3H Радионуклид анықтау шегінен төмен мөлшерде суларда болады және ЭТОРБ ГН-ға сәйкес АД-дан аспайды.

Жер асты суларының барлық сынама-ларында ^3H , ^{137}Cs , ^{90}Sr және $^{239+240}\text{Pu}$ радионуклидтер құрамының деңгейі ЭТОРБ ГН сәйкес АД-дан едәуір төмен.

Әуе ортасында техногенді радионуклидтердің көлемдік белсенділігі РҚҚСЭТ ГН белгілеген «Халық» санаты үшін шекті көлемдік белсенділіктен (ШКБ) аспайды. Өлшенген аэрозолдық бөлшектердің орташа шоғырлануы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған ШЖК мәнінен аспайды.

2019 жылғы 17 мамырда Қызылорда қаласында Арал-Сырдария су шаруашылығы ауданының бассейндік кеңесін ұйымдастыру. Аталған жұмыс 2017 жылдан бастап «Орталық Азиядағы су ресурстарын трансшекаралық басқару» халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамының (GIZ) аймақтық бағдарламасы шеңберінде жүргізілуде. GIZ гранттық жобасы аясында Арал өңірінің шалғайдағы ауылдық елді мекендерінің таза ауыз суға қолжетімділігін арттыру және халықтың неғұрлым осал топтарына нысаналы әлеуметтік-экономикалық көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізілуде.

2019 жылғы 18-19 маусымда Тәжікстанның Душанбе қаласында «Су-энергия-азық-түлік» өзара байланысын күшейту арқылы көп секторлы қаржыландыру мүмкіндіктерін пайдалану жөніндегі Орталық Азия диалогы жобасы» бойынша аймақтық үйлестіру комитетінің төртінші отырысы өтті. Отырыстың мақсаты ағымдағы нәтижелерге шолу және «Нексус» жобасының қорытынды конференциясына дайындық болды.

2019 жылғы 16-18 қыркүйекте Бейжің қаласында өткен «Су қауіпсіздігі: жаңа технологиялар, стратегиялар, саясат және институттар» халықаралық конференциясына қатысу. ҚХР Ғылым академиясымен, Қытайдың «жасыл» қорымен, БҰҰДБ, ЮНЕП, GEF және басқа да халықаралық ұйымдармен жұмыс кездесулерінің нәтижелері бойынша қолданбалы жобалық ұсыныстар әзірленді.

2019 жылғы 15-18 қараша аралығында Ресейдің Санкт-Петербург қаласында Арал теңізінің мәселелері бойынша II Халықаралық конференция өтті. Конференция 2017 жылғы 25-27 мамырда өткен VIII Невский экологиялық конгресінің шешімі бойынша өткізілді. Оған 9 елдің ғалымдары қатысты: Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Ұлыбритания, Франция, АҚШ, Жапония, Польша және Испания. Конференция қорытындысы бойынша мәлімдеме қабылданды.

2019 жылғы 26-27 қарашада Түрікменстан, Ашхабад қаласында:

- Арал теңізі бассейнінің төртінші бағдарламасы (АТББ-4) үшін жобалар портфелін әзірлеу бойынша ХАҚҚ АД аймақтық жұмыс тобының 3-ші отырысы;
- Халықаралық Аралды құтқару қорын реформалау бойынша ХАҚҚ АД аймақтық жұмыс тобының отырысы;
- Донорлардың ХАҚҚ АД-мен Аймақтық үйлестіру кездесуі;
- Дүниежүзілік Банктің (ДБ) САМР4А5В жобасымен климаттың өзгеру салдарын жұмсарту және бейімдеу тетіктеріне арналған қатарлас іс-шара;
- Smart Waters (CAWER -пен ынтымақтастықта) жобасымен ұйымдастырылған қатарлас іс-шара, Орталық Азия академиялық қоғамдастығының кездесуі.

2019 жылғы 28 қарашада Ашхабад қ., Түрікменстанда «Су-энергия - азық-түлік» өзара байланысын күшейту жолымен көп секторлы қаржыландыру мүмкіндіктерін пайдалану бойынша Орталық Азия диалогының» қорытынды конференциясы өтті.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ)

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) 2001 жылғы 15 маусымда Шанхайда (ҚХР) Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы құрылғаны туралы жарияланған тұрақты жұмыс істейтін үкіметаралық халықаралық ұйым болып табылады. Оның алдында «Шанхай бестігі» механизмі болды.

ШЫҰ-ның негізгі мақсаттарына: қатысушы елдер арасындағы өзара сенім мен тату көршілікті нығайту; олардың саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени салалардағы, сондай-ақ білім беру, энергетика, көлік, туризм, қоршаған ортаны қорғау және басқа да салалардағы тиімді ынтымақтастығына жәрдемдесу; өңірдегі бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты бірлесіп қамтамасыз ету және қолдау; демократиялық, әділ және ұтымды жаңа халықаралық саяси және экономикалық тәртіп құруға ілгерілеу жатады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттермен қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық

(ҚОҚ) 2018 жылғы 10 маусымда Циндао қаласында (ҚХР) ШЫҰ мемлекет басшылары кеңесінің (МБК) шешімімен бекітілген ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ҚОҚ саласындағы ынтымақтастық Тұжырымдамасы (Тұжырымдама) шеңберінде жүзеге асырылады.

2019 жылғы 14 маусымда Бішкек қаласында (Қырғызстан) ШЫҰ МБК кеңесінде 2019-2021 жылдар кезеңіне арналған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, бұл ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық тұжырымдамасының ережелерін іске асырудың алғашқы практикалық қадамы болды.

2019 жылғы 27 қыркүйекте Мәскеу қаласында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауап беретін министрліктері мен ведомстволары басшыларының кеңесі өтті.

Кеңес барысында Қоршаған ортаны қорғау саласындағы кең ауқымды мәселелер, оның ішінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер қалаларының экологиялық әл-ауқатының неғұрлым өткір мәселелері бойынша пікір алмасылды. Тараптар ірі қалалардағы, өнеркәсіптік және мәдени орталықтардағы қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту жөніндегі ұлттық және аймақтық деңгейлерде қабылданған саясат пен шараларды талқылап, тәжірибе мен ең озық практикалар алмасудағы халықаралық ынтымақтастықтың рөлін ерекше атап өтті.

Қоршаған ортаны қорғау және практикалық өзара іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықты үйлестіруді күшейту мақсатында тараптар ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің мынадай бағыттар бойынша тақырыптық сарапшылық топтарын құру мүмкіндігін пысықтауға уағдаласты:

- биологиялық әртүрлілікті сақтау;
- климаттың өзгеруіне бейімделу;
- қалдықтарды басқару;
- экологиялық білім деңгейін арттыру;
- ҚОҚ-дағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық.

Сонымен қатар, 2019 жылғы 1-2 қарашада Ташкент қаласында (Өзбекстан) ШЫҰ Үкімет басшылары кеңесінің кезекті отырысында ШЫҰ қалаларының экологиялық әл-ауқатын дамыту бағдарламасы келісіліп, мақұлданды, ол осы саладағы өзара іс-қимылдың базалық бағыттары мен жұмыс қағидаттарын айқындайды.

Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамы (GIZ)

1990 жылдардың басынан бастап Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамы (GIZ) мемлекеттік және халықаралық жеке тапсырыс берушілердің тапсырмасы бойынша орнықты дамуға жәрдемдесу мақсатында Қазақстанда жобалар мен бағдарламаларды іске асыруда. 1994 жылдан бастап GIZ қоғамы Қазақстан Республикасындағы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы кеңселерімен таныстырылды.

GIZ Қазақстан Үкіметіне келесі салаларда қолдау көрсетеді: экономиканың тұрақты дамуы, білім беру, мемлекеттік басқару, қоршаған орта және климат, денсаулық сақтау.

10.1-кестеде GIZ аймақаралық жобалары ұсынылған.

10.7.1 - кесте

Аймақаралық GIZ жобалары

Сектор	Жобаның атауы	Кезең	Тапсырыс беруші	Саяси /институционалдық серіктес
Бейбітшілікке жәрдемдесу және жанжалдардың алдын алу	Биоқауіпсіздік бойынша Германия-Қазақстан ынтымақтастығы	01/17-12/20	АА	М. Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы (ҚКЗИҒО); Ғылыми-практикалық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг (СЭСЖМҒПО) университеті.

Аймақтық жоба				
Экономиканың ұрақты дамуы	Орталық Азиядағы сауда рәсімдерін жеңілдету	01/17-12/22	BM2	Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі.
	Орталық Азияда басқарушы кадрларды даярлау бағдарламасы	01/12-12/20	BMWі	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі; «ДАМУ» қоры.
Білім беру	Орталық Азиядағы кәсіптік білім беру - тамақ өнімдерін қайта өңдеу саласындағы жүйелі тәсілдерге жәрдемдесу	11/16-02/22	BM2	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

10. 8. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Республиканың тұрақты дамуын және оның табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі – бұл нәтижесінде қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыратын экологиялық білім және тәрбие беру арқылы қол жеткізілетін халықтың барлық топтарының хабардарлығын арттыру (Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 181-бабы).

Қазақстандағы экологиялық білім беру жалпы білім беру жүйесінің бөлігі болып табылады және білім беру ұйымдарында Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттық оқу бағдарламалары арқылы іске асырылады. ҚР Экологиялық кодексінің 183-бабына сәйкес табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу басым міндет ретінде танылды.

Мектепке дейінгі және орта білім беру деңгейлеріне арналған оқу пәндерінің мазмұны балалардың экологиялық мәдениетін, экологиялық ойлауын қалыптастыру мен дамытуға және оны танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік практикада және кәсіптік бағдарлауда қолдана білуге ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда «Таным» білім беру саласының базалық мазмұны ұйымдастырылған оқу қызметінде (бұдан әрі - ҰОҚ) – жаратылыстану ғылымында іске асырылады. Аталған білім беру саласының міндеттері балаларда экологиялық білім мен танымдық қабілеттердің негіздерін қалыптастыру және дамыту, қоршаған орта, тірі және жансыз табиғат, мінез-құлық ережелері мен қарапайым қатынастар туралы білімдерін кеңейту, экологиялық мәдениеттің негіздерін және қоршаған ортаға қатысты өз әрекеттерінің қарапайым салдарын болжай білу.

Жалпыға білім беретін мектептерде экологиялық компонентті зерттеу табиғи-биологиялық цикл аясында қарастырылған және жекелеген пәндерінің мазмұнын экологизациялау арқылы жүзеге асырылады («Дүниетану», «Биология», «География» және «Химия»):

1) бастапқы деңгей (1-4 сыныптар) – экологиялық аспектілер «Дүниетану» пәнінің мазмұнына қосылған;

2) негізі орта және жалпы орта деңгей (5-11 сыныптар) – экологиялық аспектілер «Биология», «География», «Химия» пәндерінің мазмұнына енгізілген.

Жоғарыда аталған пәндердің мектеп курстары экологиялық білім беру процесінде негізі болып табылады. Олар табиғатты қорғау тұжырымдамаларының жүйелерін қарастырады: табиғатты ұтымды пайдалану, экологиялық қалдықсыз технологиялар, қайталама шикізатты кәдеге жарату, экологиялық таза өнімдер мен материалдарды өндіру, жер бетіндегі биоәртүрлілікті сақтау, табиғаттағы заттардың табиғи айналымын сақтау және т.б.

Жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламаларына сәйкес экологиялық білім беру мәселелері пәндерінің мазмұнына енгізілді:

1. «Жаратылыстану» 5-6 сынып – экологиялық білімге арналған бөлімдер:

- «Тірі және жансыз табиғаттағы процестер» (тақырыптар – жансыз табиғаттағы процестер, тірі табиғаттағы процестер), «Энергия және қозғалыс» (тақырыптар – энергия түрлері мен көздері, қозғалыс), «Экология және тұрақты даму» (тақырыптар – экожүйелер, тірі организмдердің алуан түрлігі, табиғатты қорғау).

2. «Биология» 7-11 сыныптар: «Биология» оқу пәнінің базалық мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

- «Экожүйелер» (тақырыптар – экологиялық факторлар: абиотикалық, биотикалық, тағамдық желілер, «тағамдық тізбектер мен желілерді құру» моделдеу, экологиялық сукцессиялар: бастапқы және қайталама сукцессия, экожүйелердің ауысуы, экожүйенің бөлігі ретінде адам, антропогендік фактор, адам қызметінің экожүйеге, Қазақстанның ерекше қорғалатын аумақтарына, өңірдің ерекше қорғалатын аумақтарына теріс әсері, ҚР Қызыл кітабы, ҚР Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктері);

- «Биосфера, экожүйе, популяция» (тақырыптар – экожүйенің компоненттері, су және жердегі экожүйелер, «Жер және су экожүйелерін салыстыру» моделдеу, популяция құрылымның негізгі сипаттамалары мен ерекшеліктері, тірі организмдердің қоршаған ортаның өзгеретін жағдайларына бейімделуі;

- «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» (тақырыптар – табиғаттағы адамның рөлі, табиғатты ұтымды пайдалану, табиғатты қорғау, биологиялық әртүрлілікті сақтау, Дүниежүзілік тұқым банкі, Қазақстанның экологиялық проблемалары, себептері, салдары және оларды шешу жолдары);

- «Тірі организмдердің әртүрлілігі» (тақырыптар – биосфера және экожүйелер, әр түрлі түрлерді сипаттау үшін бинарлы номенклатураны қолдану, «өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті аймақ) детерминантпен анықтау» зертханалық жұмысы, экожүйедегі энергия тасымалының тиімділігі, энергия ағымы және тамақтану тізбегі, экологиялық пирамидалардың түрлері, табиғаттағы азот пен көміртегі циклы, биосферадағы биохимиялық процестер, тірі организмдердің шөгінді жыныстар мен топырақты құрудағы рөлі;

- «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» (тақырыптар – пайдалы қазбаларды өндіру мен өндеудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері, пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері, парниктік әсері және озон қабатының тозуы, атмосфера мен су температурасының көтерілуінің, мұхиттардың тірі организмдерге әсері);

- «Биосфера, экожүйе, популяция» (тақырыптар – биоәртүрлілік пен экожүйелердің тұрақтылығы арасындағы байланыс, түрлердің биоәртүрлілігі, өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау, жергілікті экожүйе ағзаларының саны мен таралуын анықтаудың әртүрлі статистикалық әдістерін қолдану, жергілікті экожүйенің биоәртүрлілігін анықтауда кездейсоқ іріктеудің маңызы, зертханалық жұмыс «Статистикалық талдау әдістерін қолдана отырып, өз аймағындағы экожүйе жағдайын зерттеу»);

- «Экология және адамның қоршаған ортаға әсері» (тақырыптар – жаһандық жылыну: себептері, салдары, шешу жолдары, «Жаһандық жылынды компьютерлік моделдеу», Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары).

3. «Химия» 8-11 сыныптар:

- «Ауа. Жану реакциясы» (тақырыптар – ауа және оның құрамы, атмосфералық ауаны ластанудан қорғауды маңызы);

- «Адам ағзасындағы химиялық элементтер мен қосылыстар» (тақырыптар – қоректік заттар; адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K); тірі және жансыз табиғаттағы химиялық элементтердің таралуы, микро- және макроэлементтердің адам ағзасындағы биологиялық ролі; тыныс алу процесі; тамақтанудың теңгерімділігі);

- «Геологиялық химиялық қосылыстар» (тақырыптар – пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар; табиғи ресурстар; кен орындары; кен құрамы; минералдар; табиғи ресурстарды өндіру; Қазақстанның пайдалы қазбалары; минералдар өндірудің экологиялық аспектілері);

- «Көмірсутектер. Отын.» (тақырыптар – көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отын; Қазақстандағы табиғи газды, мұнайды, көмір кен орындарды, өндіру және қайта өңдеу; көмірсутектерді өндіру, қайта өңдеу және қолдану кезіндегі экологиялық проблемалар, экономиканың әртүрлі салаларында және тұрмыста көмірсутектерді пайдалану: отынның баламалы түрлері; мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнайды айдау өнімдерін қолдану салалары).

Химия пәні бойынша оқу бағдарламасында орта мектеп курсына су тазарту қондырғыларына, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындарының зертханаларына экскурсиялар қараластырылған.

4. «География» 7-11 сыныптар:

- «Физикалық география» (тақырыптар – литосфералық катаклизмдер, жер бедерінің адам өмірі мен шаруашылық қызметіне әсері, минералдық ресурстарды игерумен байланысты проблемалар, атмосфера және оның құрамдас бөліктері, ауа райы және метеорологиялық элементтер, қолайсыз атмосфералық құбылыстар, климаттың адам өмірі мен шаруашылық қызметіне әсері, адам қызметінің атмосфераға теріс әсері, Қазақстандағы қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар, гидросфера және оның құрамдас бөліктері, су ресурстарының маңызы, Әлемдік мұхит суларының қасиеттері, мұхитпен байланысты апаттар, әлемдік мұхит проблемалары, құрлық суларының экологиялық проблемалары, су ресурстарының экологиялық проблемалары, биосфера және оның құрамдас бөліктері, топырақ, олардың құрамы мен құрылымы, топырақтың экологиялық проблемалары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері, антропогендік факторлардың табиғи кешендерге әсері, антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдары);

- «Экономикалық география» (тақырыптар – табиғи ресурстар, табиғи ресурстарды игеруге байланысты проблемалар, дүниежүзілік экономика салалары: ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп, табиғатты пайдаланудың түрлері, тұрақты даму, Қазақстандағы табиғатты пайдаланумен байланысты проблемалар).

Экология жеке пән ретінде негізінен факультативті сабақтарға бөлінген сағаттар есебінен оқытылады. Бұл мәселені шешудің тиімді әдісі тиісті бейінді лицейлерде және табиғи цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептерде қараластырылады. Аталған типтегі жалпыға білім беретін мектептердің оқу жоспарларына сәйкес элективті курстар (қолданбалы сипаттағы арнайы курстар) өткізуге, кәсіптік бағдарланған білім беру практикасынан өтуге болады.

Қосымша экологиялық білім

Республикадағы балаларға экологиялық-биологиялық қосымша білім берудің негізін жас натуралистердің 13 станциясы және 9 мыңнан астам баланы қамтитын экологиялық-биологиялық орталықтар құрайды.

Мысалы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласындағы Полковничий аралындағы балалар биологиялық орталығы экологиялық-биологиялық және өлкетану жұмыстарының ерекше әдістерімен танымал. Орталық – бұл оқу, әдістемелік, ғылыми-зерттеу, экологиялық, биологиялық, үгіт-насихат, мәдени-ағартушылық және өндірістік қызметті жүзеге асыратын Қазақстандағы ең озық мектептен тыс ұйымдардың бірі.

Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесіндегі басым бағыт балалар туризмі мен өлкетануды дамыту болып табылады. Республикада 28 мыңнан астам оқушы шұғылданатын 38 станция және жас өлкетанушы-туристер орталығы жұмыс істейді. Туристік-өлкетану үйірмелері мен жалпыға білім беретін мектептердің, оқушылар сарайларының бірлестіктерінде және балалар шығармашылық орталықтарында 7-17 жас аралығындағы 60 мыңнан астам оқушы айналысады.

800 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер «Атамекен», «Болашақ», «Жас Ұрпақ»,

«Шұғыла» және т.б. оқушылардың туристік-өлкетану қозғалысының әртүрлі бағдарламаларын іске асыруға қатысады. Оқушылардың «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы аясында жыл сайын мыңдаған жас туристер мен олардың ересек тәлімгерлері қатысатын түрлі бағыттар бойынша ондаған жаяу, шаңғы, су, велосипед және басқа да жорықтар, экспедициялар мен экскурсиялар өткізіледі.

Жоғарғы оқу орындары мен колледждердегі экологиялық білім

Жоғарғы білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы) жоғарғы оқу орындары еңбек нарығының талаптарын, жұмыс берушілердің талаптарын, білім алушылардың мүдделері мен қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді.

Экологиялық сананы қалыптастыру мақсатында бірқатар колледждерде «Жасыл экономика» бойынша студенттік клубтар құрылды. Клубтармен жастардың бойында экологиялық сананы қалыптастыруға және тәрбиелеуге, табиғатқа ұқыпты қарауға қызығушылық сезімін, экономиканың түрлі салаларында инновациялық технологияларды енгізуге және т. б. бағытталған дәрістер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, флеш-мобтар өткізіледі.

«Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыру аясында ЖОО мен колледж студенттері күзде және көктемде оқу ғимараттарының айналасына, сондай-ақ бекітілген аумақтарға ағаш отырғызады.

Экологиялық бағыттағы тәрбиелік іс-шаралар

2019 жылдың шілде айынан бастап республикада #Birge #TazaQazaqstan экологиялық акциясы басталды. Акцияға бүкіл ел бойынша 300 мыңнан астам қазақстандық қатысты. 250 мың тоннадан астам қоқыс жиналды.

2019 жылдың 12 қазанында #Birge #JasylQazaqstan ауқымды акциясы өтті. Іс-шараға мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев, Министрлер кабинетінің мүшелері, ҚР Парламентінің депутаттары, халықаралық ұйымдар мен ҰЕҰ өкілдері қатысты.

2019 жылдың қазан айында республикалық экологиялық сағат өткізілді. 6166 мектептен 2,6 млн астам оқушы қатысты. Экологиялық саясат шеңберінде STEM зертханаларына, Аквапоника кабинеттеріне, мектеп мұражайлары мен кітапханаларына бару арқылы мектеп экскурсиялары ұйымдастырылды. Оқушылар экология бойынша «Эко-челендж», «Экощит», «Эко-де-сант», «Гүлді калейдоскоп», «Ең жасыл кабинет», «Жасыл алтын» жобаларын ұсынды.

Өскелең ұрпақтың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару, саналы мінез-құлықты тәрбиелеу және табиғатқа ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру мақсатында: «Менің планетам», «Қалдықтардың екінші өмірі», «Ғаламшарды бірге сақтайық», «Қалдықтан да пайда бар», «Сиқырлы орман», «Әлем глобусы», «Эколидер», «Өз жеріңді таны» конкурстары өткізілді.

Экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша оқыту семинарлары

Жаңа технологиялар мен халықаралық стандарттарды енгізу, сондай-ақ халықаралық-құқықтық нормаларды ұлттық заңнамаға имплементациялау табиғат пайдаланушылар мен экология және қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін ұдайы арттыруды талап етеді.

ҚР Экологиялық кодексінің 161-бабының 2-тармағына сәйкес, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» РМК (ҚОҚ АТО) жыл сайын қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша оқыту семинарларын өткізеді. Дәріскерлер экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы сарапшылар, ҚР ЭГТРМ, «Жасыл Даму» АҚ, «ҚОҚ АТО» РМК қызметкерлері.

2019 жылы ҚОҚ АТО Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Шымкент, Ақтөбе, Өскемен, Қызылорда қалаларында 22 семинар ұйымдастырып өткізді. Семинарларда өзекті тақырыптар қарастырылды: «Экологиялық сараптама және табиғат пайдалануды реттеу», «Экологиялық кодекс. Құқықтық қолдану», «Парниктік газдарды түгендеу», «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару», «Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік

бақылау».

Оқытудан 218 адам өтті, оның ішінде:

- мемлекеттік қызметшілер - 9;
- кәсіпорын мамандары - 125;
- қоғамдық бірлестіктердің, БАҚ өкілдері, ЖОО оқытушылары - 80;
- жеке тұлғалар - 4.

Сондай-ақ табиғат пайдаланушылардың біліктілігін арттыру саласында жұмыс істейтін «Қазақстан Республикасының орнықты дамуына жәрдемдесу» орталығы (ОДЖ орталығы) соңғы 3 жылда 1000-нан астам адамды оқытты, олардың ішінде ҚазМұнайГаз, ҚазТрансОйл, ҚазМұнайТеңіз, Аджип ККО, ПетроҚазақстан, Лукойл, Арселор Миттал сияқты ірі компаниялардың өкілдері бар. Дәріскерлер ретінде экология саласындағы халықаралық және қазақстандық сарапшылар, тәжірибелі заңгерлер, мемлекеттік органдардың өкілдері сөз сөйледі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми жобалар

2019 жылы ҚР ғылыми және ғылыми-зерттеу ұйымдары қоршаған ортаны қорғау, өсімдік әлемінің жалпы сипаттамалары және экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселелерін қозғайтын 73 зерттеу (2018ж. – 20, 2017 ж. – 39) жүргізді. Оның ішінде 52 зерттеу гранттық қаржыландыру және 24 ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламалық – нысаналы қаржыландыру шеңберінде жүргізілді (2018-2020 жылдар кезеңі).

Гранттық қаржыландыру шеңберінде

Жүргізілген жұмыстарды 6 ірі тақырыптық блоктарға бөлуге болады:

- қалалық экология (Алматы және Павлодар қалалары) – 8 жоба;
- экология, орман және ауыл шаруашылығы мәселелері – 21 жоба;
- су қауіпсіздігі – 3 жоба;
- экологиялық туризм (Щучье-Бурабай курорттық аймағы, Алакөл көлі) – 2 жоба;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік – 15 жоба;
- іргелес мемлекеттердің (Ресей және Қытай) қызметіне байланысты экологиялық тәуекелдерді бағалау және алдын алу – 3 жоба.

Зерттеулер үшін неғұрлым өзекті тақырыптар қалалық агломерациялардың немесе ірі өндірістері бар қалалардың әуе бассейнінің ластануына арналған тақырыптар болып табылады: «Алматы агломерациясы аумағындағы қар жамылғысындағы уытты қосылыстардың шоғырлану және таралу деңгейінің мониторингі және олардың табиғи объектілерге әсерін бағалау», «Атмосфералық ауаның ауыр металдармен ластану мониторингін оңтайландыру үшін жаңа ақпараттық жүйе мен деректер базасын әзірлеу».

Зерттеулер шеңберінде іріктелген ауа сынамаларына талдау жүргізілді, 2005 жылдан бастап 2019 жылға дейін Алматы қаласы ауасының ластануы жөніндегі деректер базасы толықтырылды, Алматы қаласы атмосферасының химиялық құрамы мониторингінің деректерін игеру алгоритмдері іске асырылды және зерттелді, экологиялық мониторингтің жаңа ақпараттық жүйесі және атмосфераның химиялық құрамы өзгерістерінің мониторингі нәтижелерін талдау үшін бағдарламалық құралдар әзірленді, серверлік платформада есептеулерді басқару орындалды.

2019 жылы мына келесі жобалар бойынша зерттеулер аяқталды: «Жылу энергетикасы кәсіпорындарының қаланың ауа бассейнінің ластанауына әсерін тәуекел-талдау (Алматы қ. мысалында)», «Қалалық ауаны тазарту мен кондиционерлеудің кешенді өзін-өзі ақтайтын жүйелерін өндіру технологиясын әзірлеу», «Павлодар қ. қоршаған ортасының жай-күйін бағалау үшін нейрондық желілерді қолдана отырып, экологиялық мониторинг».

Өнеркәсіптік экология бойынша зерттеу жұмыстары шеңберінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері зерделенді. Мысалы, «Қазақстанның металлургия кәсіпорындарының отандық табиғи шикізаттары мен техногендік қалдықтары негізінде жаңа керамикалық материалдар алу технологиясын әзірлеу», «Қазақстанның құрамында кобальт-никель бар шикізатынан кобальт пен никельді бірлесіп және бөлек селективті алудың рентабельді экологиялық таза технологиясын әзірлеу», «Ресурс үнемдеуші технологияларды әзірлеу үшін мұнай өндіру қалдықтарының өндірістік мониторингі».

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде

Геофизикалық зерттеулер институты 2019 жылы «Қазақстанның атом саласының жауапты объектілері үшін жер сілкінісі туралы ерте ескерту бойынша зерттеулер» қолданбалы ҒЗЖ орындайды. Жобамен жұмыс істеу барысында ВВР-К реакторының орналасу ауданының литосферасының терең құрылымы сейсмологиялық деректер бойынша зерттелді, реактордың орналасу ауданының сейсмикалық жағдайларының кинематикалық және динамикалық параметрлері зерттелді. Аталған реактор сейсмикалық қауіпті аймақ болып табылатын Алматы обласының аумағында орналасқандықтан, ал реактордың өзі 1967 жылы іске қосылған, реакторды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету аса өзекті проблема болып табылады.

Гептилмен ластанған топырақта өсімдіктер өсіру бойынша «Ғарыш-Экология» ғылыми-зерттеу орталығының зерттеу жұмысы да қызықты. ҒЗЖ барысында топырақта гептил болған жағдайда өсімдіктердің ластану деңгейін бағалау жүзеге асырылды, топырақ пен өсімдіктердің химиялық ластану көрсеткіштері анықталды. Зымыран отыны құрауыштарының авариялық төгілуіне ұшыраған аумақтарды қалдық ластанудың болуына жергілікті тексеру жүргізілді, жабайы өсімдіктердің ерекшеліктері зерттелді. Гептилмен ластанған топырақта өсетін жабайы өсімдіктерді зерттеу әдістері жасалуда.

Ұлттық биотехнология орталығының ғылыми әзірлемелері

Қоршаған ортаға антропогендік қысымның тұрақты өсуі жағдайында экологияның маңызды міндеттерінің бірі оны техногендік ластанудан қорғау болып табылады.

Бірнеше ондаған жылдар бойы мұнай мен мұнай өнімдері қоршаған ортаның негізі ластауыштары болып қала берді. Мұнай және мұнай өнімдерімен ластану топырақ қабатына, беткі және жер асты суларына, геологиялық ортаға теріс әсер етеді, ал ластанған ортаны табиғи түрде өздігінен қалпына келтіру процесі 30 жылға немесе одан да көп уақытқа созылуы мүмкін.

Мұнаймен ластанған ортаны тазарту үшін механикалық, физика-химиялық және биологиялық әдістер қолданылады. Экология тұрғысынан топырақты мұнаймен ластанудан тазартудың ең перспективалы әдісі микроорганизмдерді қолданатын биологиялық әдіс болып табылады.

Бактериялардың белсенді мұнайқұрылымдар штамдарын қолданатын биоремедиация – мұнаймен ластанған аумақтарды тазартудың кеңінен қолданылатын әдісі болып табылады.

Соңғы уақытта, микроорганизмдер қауымдастығын пайдалану мүмкіндігіне деген қызығушылық тұрақты түрде артып кетеді. Бұл микроорганизмдердің ассоциациялары бактериялардың жекелеген түрлерінің таза штамдарына қарағанда күрделі көмірсутек компоненттерін бұзатындығына байланысты. Осыған байланысты микробтық кешеннің әр түрлі құрамымен мұнайды биодеструкциялауға қабілетті биопрепаратты әзірлеу өзекті міндет болып табылады, оны шешу мұнаймен ластанған топырақ пен суды, атап айтқанда Батыс Қазақстанның топырақ-климаттық жағдайларында тазартудың экологиялық тәсілдерін жақсартуға мүмкіндік береді.

ҰБО-да мұнай қышқылдандыратын белсенділігі жоғары көмірсутекті тотықтырғыш микроорганизмдер негізінде бірқатар биологиялық препараттар әзірленді. Орталықтың осындай соңғы әзірлемелерінің бірі – мұнай өнімдерін тиімді бұзуға қабілетті мұнай қышқылдандыратын микроорганизмдер қауымдастығы негізіндегі кешенді биологиялық препарат болып табылады. Препарат Нұр-Сұлтан қаласындағы «Отын-энергетикалық кешен - Қазақстан» ЖШС Батыс филиалының базасында далалық сынақтардан өтті. Препаратты қолдану топырақтағы көмірсутектер құрамының 80%-ға төмендеуіне ықпал етті.

Қазақстан экологиясының тағы бір өзекті мәселесі ластанған өнеркәсіптік және тұрмыстық ағындар болып табылады. Сонымен, қалалық тұрмыстық ағынды сулар судың синтетикалық жуғыш заттармен, майлармен, мұнай өнімдерімен ластануымен сипатталады. Суды тазарту жүйелерінің өткір мәселелерінің бірі – артық тұнбаның жиналуы. Аталған проблемаларды шешу үшін ҰБО 2019 жылы ББЗ – «BioCleanLeb», мұнай өнімдерінен – «Энол» және артық тұнбалардан – «КлинЛэб» суды тазартуға арналған биопрепараттар әзірледі. Майды деструкторлаудың тиімді жинағы жасалды.

10.9. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУҒА ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТ БЕРУГЕ ҚАТЫСУЫ

2000 жылғы 23 қазанда Қазақстан Орхус конвенциясын ратификациялады.

Конвенцияның негізгі мақсаты-қазіргі және болашақ ұрпақтың қолайлы қоршаған ортаға адам құқықтарын қорғауды қолдау, ақпаратқа қол жеткізу, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу.

Экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету кезінде Қазақстан Республикасы бірінші кезекте Қазақстан Республикасының Конституциясын басшылыққа алады.

Орхус конвенциясы республикаға экология және табиғат пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар әзірлеуге және енгізуге мүмкіндік берді.

Экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді реттейтін негізгі құжаттар Экологиялық кодекс (21-тарау 159-167-баптар), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңы, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңы, «Ақпараттандыру туралы» заңы, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі №301 бұйрығымен бекітілген «Экологиялық ақпарат беру» мемлекеттік қызмет стандарты болып табылады.

Қазақстанда Орхус конвенциясын іске асырудың басым бағыттары болып мыналар табылады:

- Орхус орталықтарын дамыту;
- шешім қабылдау процесінде жұртшылықтың қатысуы;
- қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу;
- Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорын жүргізу;
- ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- «Экологиялық ақпарат беру» мемлекеттік қызметін қамтамасыз ету;
- Ластауыштар шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімін жүргізу.

«Орхус конвенциясын іске асырудың кейбір мәселелері» ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2009 жылғы 20 наурыздағы №35-ө бұйрығы негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствоға бағынысты ұйымы – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің - «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК (ҚОҚ АТО) Орхус конвенциясын іске асыру бойынша жұмыс органы болып табылады.

ҚР Экологиялық кодексінің 161-бабына сәйкес, 2007 жылдан бастап ҚОҚ АТО негізінде Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры (МЭАҚ) құрылды және жұмыс істейді.

МЭАҚ негізгі міндеттері мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды қоршаған ортаның және оның объектілерінің жай-күйі, қоршаған ортаға әсер ету факторлары, оны қорғау бойынша қолданылатын шаралары, қоршаған ортаның ластануын болдырмау және қысқарту бойынша, табиғи ресурстарды пайдалану туралы дәйекті ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптаманың жариялылығын қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуы болып табылады.

2019 жылдың соңына қарай МЭАҚ қоры 41 мыңнан астам экологиялық ақпаратты есептеді. Жинақталған материалдар жұртшылыққа «Экологиялық ақпарат беру» мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде ұсынылады. 2017 жылдан бастап, бұл қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы қағаз тасымалдағыштарда көрсетіледі. Сонымен қатар, ҚР Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын іске асыру шеңберінде МЭАҚ материалдарын цифрлау және мемлекеттік қызметті оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жұмыстар жалғасуда. Бұдан басқа, 2019 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» №983 қаулысына енгізілген өзгерістерге сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысанын электрондық форматқа ауыстыру және көрсету мерзімін бір жұмыс күніне дейін қысқарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Экологиялық ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында «ЭкоИнфоПраво» қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардың электрондық деректер базасы, Орхус орталықтарынан ақпарат, Қоршаған ортаның жағдайы және ҚР табиғи ресурстарын пайдалану туралы Ұлттық баяндаманың электрондық нұсқасы (мемлекеттік және орыс тілдерінде), «Қазақстан Экологиясы» республикалық мамандандырылған газетінің басылымы орналастырылған Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының Бірыңғай экологиялық интернет-ресурсына (www.ecogofond.kz) қолдау көрсетіледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының аумағындағы нақты экологиялық жағдай және оны жақсарту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы халықты жыл сайын ақпараттандыру мақсатында, ҚР Экологиялық кодексінің 166-1 бабына сәйкес, 2019 жылы 2018 жылға арналған Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы Ұлттық баяндама әзірленді және шығарылды.

Ұлттық баяндама республикадағы қоршаған ортаның жай-күйі және аймақтардағы экологиялық жағдай туралы толық түсінік береді. Ұлттық баяндамада статистикалық, сараптамалық және ғылыми ақпараттан басқа өткен ұқсас кезеңмен салыстырғанда қоршаған орта мен табиғи ресурстар жай-күйінің сандық және сапалық сипаттамаларының динамикасы ұсынылған.

Сонымен қатар, ақпараттық өзара іс-қимылды кеңейту және жұртшылықтың хабардарлығын арттыру мақсатында ҚР ЭГТРМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» (ҚОҚ АТО) «Зой» экологиялық желісімен және БҰҰ Қоршаған орта бойынша бағдарламасымен бірлесіп (ЮНЕП), Еуропалық Комиссияның қаржылық қолдауымен Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстарды пайдалану туралы 2017 жылғы Ұлттық баяндаманың интерактивті нұсқасы (мемлекеттік және орыс тілдерінде) әзірленіп, newecodoklad.ecogofond.kz сайтында жарияланды.

Орхус конвенциясының қағидаттарын имплементациялау (мемлекетішілік деңгейде халықаралық міндеттемелерді іске асыру) Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және салалық стратегиялық құжаттарға экологиялық талаптарды интеграциялауға ықпал етті.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес (2016 жылғы 8 сәуірдегі №491-V ҚР заңы), I-санаттағы объектілері бар кәсіпорындар <http://ecogofond.kz> Бірыңғай экологиялық интернет-ресурсында орналастырылатын, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне МЛШТТ бойынша ақпарат береді. 2017 жылы 778 ірі табиғат пайдаланушылардың есептері орналастырылды, 2018 жылы - 926. 2019 жылы I-санаттағы 954 табиғат пайдаланушы МЛШТТ бойынша есептерді ұсынды.

«Қазақстан Республикасы үшін хабардарлықты тарату және арттыру, ЖҚОЛ есептілікке арналған құралы ретінде ЛШТТ іске асыру бойынша жаһандық жоба» жобасы шеңберінде веб-портал (ақпараттық жүйе) құруды көздейтін ЛШТТ (<https://prtr.kz/v1.0/>) бойынша есептіліктің онлайн-жүйесі әзірленді. Аталған веб-портал табиғат пайдаланушыларға ЛШТТ бойынша деректерді онлайн режимде енгізуге мүмкіндік береді.

Анықтама: ЛШТТ - бұл өнеркәсіптік нысандар мен басқа да көздерден ауаға шығарылатын, су мен топыраққа төгілетін және ықтимал қауіпті химиялық заттар мен ластауыштардың деректер базасы немесе тізілімі.

2019 жылы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Ж. Тоқаев «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияға (Орхус конвенциясы) Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңға қол қойды. ЛШТТ туралы хаттамаға Қазақстанның қосылуының орындылығы Орхус конвенциясының қағидаларымен шартталған. ЛШТТ туралы Хаттаманың негізгі қағидаттары ҚР жаңа Экологиялық кодексінің жобасына енгізілетін болады.

Табиғат қорғау қызметі және экология мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуының бір түрі қоғамдық тыңдау болып табылады.

2019 жылы республиканың әртүрлі аймақтарында табиғат пайдаланушылардың, үкіметтік емес ұйымдар мен жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен 1632 қоғамдық тыңдау өткізілді. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы

7 мамырдағы №135-п бұйрығымен бекітілген Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының 27-тармағына сәйкес мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары бар тыңдаулар Хаттамалары жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады және барлық мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді болып табылады.

2018 жылғы қыркүйекте Энергетика Вице-министрі Қазақстанда Орхус қозғалысын дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған жоспарын бекітті.

Орхус қозғалысы Қазақстандағы Конвенция нормаларын орындау тиімділігін арттыруға жауапты және мүдделі түрлі тараптарды, мемлекеттік органдарды, Орхус орталықтарын, азаматтық қоғам ұйымдарын біріктіреді және Қазақстандағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисімен қолдау көрсетіледі.

2019 жылғы 9-10 шілдеде Нұр-Сұлтан қаласында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» РМК-мен бірлесіп Қазақстанда Орхус конвенциясын іске асыруға арналған тренинг және Ұлттық дөңгелек үстел өткізді. Оған халықаралық ұйымдардың өкілдері, ұлттық және халықаралық сарапшылар, Парламент Сенатының депутаттары, ҚР Жоғарғы Сотының, Мемлекеттік органдардың, аймақтық Орхус орталықтарының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, табиғат пайдаланушылар мен жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты. Мұндай іс-шаралар жыл сайын Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ-ның Бағдарламалар офисінің қолдауымен өткізіледі және мемлекеттік органдардың, табиғат пайдаланушылардың, Орхус орталықтары мен ҮЕҰ-ның өзара іс-қимылының үлгісі болып табылады.

Қазақстанда Орхус конвенциясының ережелерін іске асыруға 14 Орхус орталығы қолдау көрсетеді: Астана, Алматы, Бурабай, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Орал, Оңтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақтөбе, Жайық-Каспий. Бұл экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша халыққа ақпараттық және консультациялық көмек көрсететін коммерциялық емес ұйымдар. Олар мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы байланыстырушы буын болып табылады және Конвенция қағидаларын іске асыруда Үкіметке, сондай-ақ азаматтарға Конвенцияда көзделген олардың құқықтарын түсінуде және жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге қабілетті.

Аймақтық Орхус орталықтарының қызметі

Алматы Орхус орталығы 2019 жылы қалалық жастар форумы мен табиғатты қорғау акцияларына белсенді қатысты. Орталық қалалық әкімдіктің «Қатысу бюджеті» жобасына қатысты, ол осы акцияға Алматының 8 ауданының әрқайсысына 500 млн теңгеден бөлді. Open Almaty порталы арқылы кез келген тілек білдіруші қаланы абаттандыру немесе көркейту жөнінде өз ұсыныстарын енгізе алды және жалпы қолданыстағы объектінің өз жобасын ұсына алды. Үздік жобалар жалпы дауыс беру арқылы анықталды. Жобаларға соңғы баға кәсіби сарапшылар, сәулетшілер, аудандық мәслихат депутаттары, ҮЕҰ және ПИК өкілдері береді.

Жайық-Каспий Орхус орталығы халық арасында экология мәселелері бойынша үлкен ағарту жұмыстарын жүргізеді. Мысалы, Орталық 2019 жылы «Атырау Су Арнасы» ЖШС-нің ағынды суды өзенге ағызу салдарынан Жайық балықтың жаппай қырылу фактісі бойынша мәселені көтерді. Нәтижесінде кәсіпорын мен оның басшылығына қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін ірі айыппұл салынды. 2019 жылы 18 маусымда Жайық-Каспий Орхус орталығы Атырау қаласында экологтардың, жергілікті атқарушы органдардың, табиғатты қорғау ведомстволарының өкілдерінің қатысуымен «Жайық және Қиғаш өзендерінде түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу кезінде қоғамдық бақылау және мониторинг» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Павлодар Орхус орталығының сарапшылары 2018-2019 жылдары Орхус конвенциясының қағидағтарын жаңа экологиялық кодекс жобасына ілгерілетуге белсенді қатысты, осы бағыттағы жұмыс жалғасуда. Сондай-ақ, Орталық академиялық есу каналын салу үшін Усолка өзенінің алқабында 6,5 мың ағашты кесуге қарсы қоғамдық қозғалысқа қолдау көрсетті.

2019 жылғы 23 ақпанда Павлодар Орхус орталығы ЕҚЫҰ Бағдарламалары офисінің қолдауымен Нұр-Сұлтанда «Тиімді қоғамдық тыңдаулар» тренингі өткізілді. Тренингке дайындық барысында Орталықтың мамандары 6 ай бойы қоғамдық тыңдауларға барып, заңнамаға ұсыныстар мен өзгерістер әзірлеуге жұртшылықтың қатысуын анықтайтын заңнама норма-

ларының бұзылуына жол бермеу және осындай іс-шараларға жұртшылықтың қатысуының тиімділігін арттыру мақсатында оларды өткізу процесін бақылап отырды.

Қазақстанда Орхус конвенциясының қағидаларын жүзеге асыруға және экологиялық құқықтарды жүзеге асыру мәселелері бойынша халықты экологиялық ағартуға ҰЕҰ да үлес қосады. Жергілікті деңгейде олар Конвенция қағидаттарын түсіндіру, ҰЕҰ институционалдық дамыту бойынша түрлі тақырыптық тренингтер мен дөңгелек үстелдер өткізеді, экологияға және қоршаған ортаны қорғауға қатысты мәселелер бойынша халыққа заңгерлік кеңестер береді.

Мысалы, «Зеленое спасение» экологиялық қоғамы (Алматы) ұлттық заңнама мен халықаралық шарттардың сақталуына қол жеткізе отырып, азаматтардың экологиялық құқықтарын сотқа дейінгі және сот әдістерімен қорғауды жүзеге асырады. Ұйымның орыс және ағылшын тілдерінде сайты бар, сондай-ақ экологиялық білім берудің өзекті мәселелері, табиғат қорғау заңнамасын жетілдіру, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың жұмыс істеуі, әлеуметтік-экологиялық мәселелер туралы мақалалар жариялаумен «Жасыл құтқару» жаршысы шығарылады. Жарияланған материал ұйымның нақты қызметіне негізделген. Ұйым елдің ұлттық саябақтарымен тығыз байланыста және экожүйелердің сақталуын қолдайды. Сонымен, «Жасыл құтқару» ЭҚ Қазақстан Президентінің Көкжайлау шатқалында тау шаңғысы курортын салуға тыйым салу туралы Жарлыққа қол қою туралы шешіміне өз үлесін қосқан, Көкжайлау шатқалының сақталуын қорғау үшін іс-шаралар өткізді.

2019 жылы БҰҰ ЕЭК Хатшылығы еліміздің Орхус Конвенциясының қағидаттарын ұстанғаны және Конвенция шеңберіндегі іс-шараларды жүзеге асыруға үнемі қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 29 қазанда Алматы қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте қабылданған Көкжайлау шатқалында тау шаңғысы курортын салуға тыйым салу туралы шешімі үшін Қазақстан осындай жоғары бағаға ие болды.

Астанадағы Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығының қызметі сондай-ақ Орхус конвенциясының идеяларын іске асыруға бағытталған. 2019 жылы Қауымдастық ірі кәсіпорындардың қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін, сондай-ақ еліміздің әр аймағындағы экологиялық проблемалар туралы ақпаратты және оларды шешудің ықтимал жолдарын көруге мүмкіндік беретін «Қоғамдық экологиялық мониторингке арналған интерактивті карта» порталын құрды. 2019 жылы ұйымның мониторингтік тобы республиканың 5 облысының халқымен кездесіп, жергілікті экологиялық проблемаларды шешу мәселелері бойынша кеңестер өткізді.

«Жаңа экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу орталығы» қоғамдық қоры (CINEST) Қазақстанда 2005 жылдан бастап жұмыс істейді. Қор халықты экологиялық ағартумен айналысады, азаматтарға қолайлы қоршаған ортаға өзінің заңды құқығын қорғауға көмектеседі. Орталық Қазақстанда қауіпті химиялық заттармен ластанған аумақтарды анықтау бойынша жобаны іске асыруға қатысады, көптеген жылдар бойы Қарағанды облысының ластауыш кәсіпорындарының қоршаған ортаға әсеріне қоғамдық мониторинг жүргізеді және қалдықтарды кәдеге жарату және көліктің экологиялық таза түрлерін пайдалану сияқты адамдардың күнделікті өмірін ұйымдастыруға экологиялық қауіпсіз тәсілдерді ілгерілетеді.

«Қарағанды экологиялық мұражайы» ҚБ Қарағанды облысының және жалпы елдің жұртшылығына ақпараттық әсері бірнеше жолмен жүреді: халықпен, студенттермен және оқушылармен тікелей жұмыс, жергілікті және республикалық деңгейдегі депутаттарымен, мемлекеттік экологиялық бақылау ұйымдарымен, атап айтқанда Қарағанды облысы бойынша Экология департаментімен ынтымақтастық, БАҚ және интернет арқылы еріктілерді кеңінен тарту арқылы. Мұражай бастамашылық еткен табиғатты қорғау экологиялық акцияларына 700-ге дейін еріктілер қатысады. Мұражай тәжірибесі қызығушылық тудыратын республикалық және халықаралық түрлі қоғамдық ұйымдармен серіктестік қарым-қатынас орнатады. Мысалы, «Арника» ҰЕҰ (Чехия) сияқты, оның веб-сайтында ұйым сарапшыларының көмегімен шешілген қоршаған ортаға зиян келтірудің нақты жағдайлары туралы оқиғалар жарияланады.

Ақмола облысы Атбасар қаласының «Ангел» қоғамдық бірлестігі өз қызметінде ауылдық ҰЕҰ-ға олардың ұйымдастырушылық әлеуетін арттыруға, қоғамдастықты жұмылдыру дағ-

дыларын дамытуға, әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешуге қатысу процестеріне халықтың қатысуын ілгерілету бойынша іс-шараларды іске асыруға жәрдемдеседі. Бірлестік 2011 жылы басталған және 2020 жылға дейін есептелген «Ақ бұлақ» сумен жабдықтауды дамытудың мемлекеттік Бағдарламасын іске асырудың қоғамдық мониторингіне қатысады. Бағдарламаның мақсаты – Қазақстанның бес облысы – Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл тұрғындарын ауыз сумен және су бұру қызметтерімен тиімді және ұтымды қамтамасыз ету. Қоғам өкілдері жергілікті тұрғындармен бірге Бағдарлама шеңберінде нысандар құрылысының сапасын талдауды көзбен шолып бағалау арқылы жүргізеді. Нәтижесінде, жергілікті тұрғындар қоғамдық мониторинг бойынша қарапайым білім мен дағдыларға ие болады, сауалнамаларға қатысады және шағымдар мен ұсыныстар айту үшін «жедел желіге» қоңырау шалу мүмкіндігі бар.

Солтүстік Қазақстан облысында халықты экологиялық ақпараттандыруға облыстық радио мен теледидар ықпал етеді. «Туған жер», «Туған өлке» танымдық бағдарламалары, «112 құтқару қызметі» апталық бағдарламасы жергілікті жерлерде қоршаған ортаның ластану жағдайлары мен жалпы аймақтың экологиялық мәселелері туралы баяндайды. «Есіл ақпарат» жаңалықтар телерадиобағдарламасы өз шығарылымдарында табиғи ресурстарды пайдалану және табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметі тақырыбындағы сюжеттерді жиі көрсетеді.

Қоғамдық кеңес

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде (ЭГТРМ) 2019 жылғы тамызда Экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері бойынша қоғамдық кеңес (министрдің м.а. 2019 жылғы 4 қыркүйектегі №20-П бұйрығы) құрылды.

Қоғамдық кеңестің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

ЭГТРМ сайтында Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпарат және оның комиссиялары отырыстарының хаттамалары орналастырылатын арнайы бөлім құрылды <http://ecogeo.gov.kz/ru>.

Қоғамдық кеңестің құрамында коммерциялық емес және үкіметтік емес ұйымдардың 22 және ЭГТРМ – 8 өкілі бар. Кеңесте экология, бюджет, стратегиялық және нормативтік-құқықтық, геология және су ресурстары, орман, балық шаруашылығы және жануарлар дүниесі бағыттары бойынша 4 комиссия жұмыс істейді.

2019 жылы Қоғамдық кеңестің үш отырысы өтті: **2019 жылғы 12 қыркүйекте, 2019 жылғы 19 қарашада, 2019 жылғы 11 желтоқсанда**, онда келесі мәселелер қарастырылды:

- жаңа Экологиялық кодекс жобасына ұсыныстар енгізу;
- Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) іске асыруына жұртшылықтың үлесі мен жетістіктерін талдау;
- қоғамның, бизнестің, атқарушы және заңнамалық органдардың қоршаған ортаны қорғау, «жасыл экономика» және болашақ энергиясы бойынша диалогы мен әріптестігі үшін жаңа платформа ретінде «Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ әлеуетін дамыту;
- Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшпелі бойынша Тұжырымдаманың жаңа редакциясын дайындау;
- Халықаралық жасыл технологиялар орталығы мен инвестициялық жобалардың ұлттық және халықаралық әлеуетін нығайту, халықаралық жасыл технологиялар орталықтарымен ынтымақтастық мәселелері;
- Мемлекет басшысының 2018 жылғы 9 қаңтардағы Жолдауының он тапсырмасын іске асыру, ресурстық потенциалды жаңартылатын энергия көздерін, жасыл технологияларды дамыту бөлігінен индустрияландырудың үшінші бесжылдығын жүзеге асыру бойынша мемлекет, қоғам және бизнестің міндеттері;
- Қазақстанның іскер әйелдері делегациясының Пекиндегі «ЭКСПО – 2019: «Жасыл өмірүздік өмір» Халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысуы;
- мәселелер мен жетістіктерді талдау, сондай-ақ қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар

мен халықаралық экологиялық конвенциялар шеңберінде тұрмыстық, өнеркәсіптік және сұйық қалдықтарды басқару салаларын дамытуды ынталандыру;

- ҚР Қаржы министрлігі (ҚМ) өкілдерінің қатысуымен қоршаған ортаны қорғау саласындағы әлеуметтік жобаларды іске асыру;

- өңірлер алатын экологиялық төлемдерден қалдықтарды басқару инфрақұрылымын жаңғыртуға және қалдықтарды қайта өңдеу бойынша кәсіпорындарды ынталандыруға бағытталған жобаларды қаржыландыру (ҚМ өкілдерін шақыра отырып);

- мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, сыбайлас жемқорлықты болдырмау, қызмет этикасын сақтау, азаматтардың өтініштерін Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қарауы;

- өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтау саласындағы заңнаманы жетілдіру;

- Қазақстанның қоршаған ортаға эмиссияларды нормалау, кешенді экологиялық рұқсаттарды енгізу, ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесін ескере отырып, кәсіпорындар мен табиғат пайдаланушылардың ең қолжетімді технологияларды енгізуін ынталандыру, оның ішінде қалдықтар мен ағынды суларды басқару саласындағы заңнамасын жетілдіру;

- Қазақстандағы «Стратегиялық экологиялық бағалау» пилоттық жобасының нәтижелері;

- Қазақстанның халықаралық экологиялық конвенциялар мен келісімдерді іске асыруы бойынша іс-шаралар мониторингі;

- қаптауыш қалдықтары мен электроника қалдықтарына арналған ӨКМ енгізу механизмдері, оның ішінде төлемді есептеу әдістемесі (ӨКМ операторы, қаптама өндірушілер және «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен);

- ҚОӘБ рәсімі және кешенді экологиялық рұқсаттар бөлігінде ЭЫДҰ экологиялық стандарттары мен ұсынымдарына сәйкес қазақстандық заңнаманы жетілдіру.

Жалпы алғанда, 2019 жылы Қоғамдық кеңеспен **НҚА-ның 105 жобасы** қарастырылды, оның 99-ы келісілді және қабылдауға ұсынылды, 6 жобаның авторларына ескертулер мен ұсыныстар жолданды, 5 жоба қарастырылу үстінде.

Орхус конвенциясына және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық заңнамаға сәйкес ЭГТРМ тұрақты негізде үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін, жоғары оқу орындарының оқытушыларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы біліктілікті арттыру курстарында оқыту жолымен халықты ағарту жүргізіледі. Халық пен табиғат пайдаланушылар арасындағы ағартушылық қызмет:

а) курстар, тренингтер және қоршаған ортаны қорғау саласындағы оқыту семинарлары;

б) жұртшылықпен консультациялық жұмыс;

в) конференциялар, көрмелер, семинарлар, ғылыми-практикалық форумдар;

г) баспасөз релиздерін, мақалаларын жариялау, сұхбат жүргізу.

ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» РМК базасында қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласында қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталығы құрылды.

2019 жылы ҚОҚ АТО қайта даярлау орталығы экологиялық кодексте құқық қолдану, Экологиялық реттеу және мемлекеттік экологиялық бақылау, парниктік газдарды түгендеу, өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару және т.б. мәселелерді толығырақ қарастыратын тақырыптық бағдарламалар бойынша 22 оқыту семинарын ұйымдастырды және өткізді.

ЭҚНШ

Ұлттық экономикалық және экологиялық міндеттерді келісу мәселелерінде экологиялық саясатты жақсарту бойынша мемлекет қабылдап жатқан шаралар және қол жеткізілген прогресс Қазақстанның экологиялық қызметінің нәтижелілігін шолуда (ЭҚНШ) көрініс табады <https://www.unece.org/index.php?id=51819>. 2019 жылы БҰҰ ЕЭК Экологиялық саясат бойынша комитеті Қазақстанның экологиялық қызметінің нәтижелілігіне III Шолуды қарастырды және мақұлдады.

III ЭҚНШ-да соңғы он жылдағы экологиялық саясат мәселелеріндегі Қазақстанның жетістіктері (атмосфералық ауаның ластануын азайту, су сапасын жақсарту, қалдықтардың түзілу көлемін азайту, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару, барлық салаларда «жасыл экономиканы» дамыту саласында) көрсетілген және алдыңғы ЭҚНШ ұсынымдарын орындау нәтижелері келтірілген.

III ЭҚНШ бойынша жұмыс 2018 жыл бойы жалғасты және уақыт бойынша республикалық экологиялық заңнаманы жетілдіру үдерісімен сәйкес келді. Құжатты дайындауға әртүрлі елдердің (Германия, Венгрия, Италия және Португалия) халықаралық сарапшылары, ЭЫДҰ, ДДҰ, ЮНЕП және БҰҰ ЕЭК өкілдері қатысты.

БҰҰ ЕЭК пікірінше, ол (ЭҚНШ) «мемлекеттің, қоғамның және бизнестің қоршаған орта саласындағы басқаруды жетілдіру және Қазақстандағы тұрақты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі бірлескен күшін қолдаудың қуатты құралы болады». ҚР Үкіметі мен мүдделі тараптарға «2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы Күн тәртібінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу және Париж келісімі шеңберінде климаттың өзгеруі саласындағы ұлттық міндеттемелерді орындау бойынша жұмысты ынталандыру» ұсынылды.

Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары


«Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарының мемлекеттік кадастрлары» ақпараттық жүйесі («ҚР ТРМК» АЖ) табиғи ресурстарды қорғауға, қалпына келтіруге және сақтауға байланысты басқару, өндірістік және ғылыми міндеттерді шешу кезінде тиімді пайдалану мақсатында ҚР табиғи ресурстарының жай-күйі туралы кеңістіктік-үйлестірілген деректерді жинаудың, жүйелеудің, сақтаудың, өңдеудің және бейнелеудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін білдіреді. Кадастрлардың функциялары деректер базасын басқарудың заманауи жүйелерінің және геоақпараттық жүйелердің (ГАЖ) көмегімен жүзеге асырылады.

ГАЖ-технологиялары дәстүрлі статистикалық-талдау операцияларын деректер базаларымен жұмыс істеу кезінде толыққанды визуалдылық пен кеңістіктік талдау артықшылықтарымен біріктіреді.

«ҚР ТРМК» АЖ 4 кіші жүйеден тұрады: орман кадастры, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар кадастры, жануарлар дүниесі кадастры (аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша) және 4 557 объекті бойынша динамикалық деректерді қамтитын жануарлар дүниесі кадастры (балық және басқа су жануарлары бойынша) (10.9.1-сурет).

10.9.1-сурет

Табиғи ресурстар кадастрлары



Кадастрлық объектілердің сипаттамасы мен ерекшеліктері бар, олардың деректері аумақты сипаттау үшін картада нақты кеңістіктік орналасуына байланысты болады.

Кадастрлардың деректер базалары кадастрлық объектілердің сипатын, олардың сандық және сапалық сипаттамаларын сақтайды. Көрсеткіштер жиынтығы салалық кадастрлар нысандарынан іріктемеге негізделген.

Атап айтқанда, жануарлар дүниесінің кадастры бойынша (аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша) - жануарларды есепке алу мен аулау, жүргізілген био-

техникалық іс-шаралар, шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру көрсеткіштері туралы мәліметтер.

Жануарлар дүниесінің кадастры бойынша (балықтар және басқа да су жануарлары бойынша) – мекендейтін балықтардың тізбесі, су айдынының (учаскесінің) шаруашылық сипаттамасы және т. б.

Көрсетілген кадастрлар бойынша деректер көзі ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің облыстық аумақтық инспекциялары болып табылады. Жүйеге деректерді енгізу кезеңділігі - жылына бір рет.

Қазақстан Республикасының табиғи және экономикалық әлеуетін бірыңғай жалпы мемлекеттік кешенді есепке алу мен бағалауды қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылы «ҚР ТРМК» АЖ-ны мемлекеттік жер кадастры жүйесімен, 2021 жылы (жоспарда) - кен орындарының мемлекеттік кадастры және су ресурстарының мемлекеттік кадастры жүйесімен интеграциялау бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұдан әрі «Табиғи ресурстар мониторингі» бөлімінің бөлігі ретінде қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесіне енгізу жоспарлануда.

АЖ картографиялық материалы кадастрлар бойынша тақырыптық қабаттарды, сондай-ақ 1:1 000 000 және 1:2 00 000 масштабтағы Қазақстан аумағының топографиялық негізін қамтиды. Кадастрлардың тақырыптық қабаттарына ағаш тұқымдары түрлерінің ареалдары, жануарлар түрлерінің ареалдары, орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің, аңшылық шаруашылықтарының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, балық шаруашылықтарының шекаралары кіреді. Картографиялық кіші жүйемен жұмыс істеу мүмкіндіктері кадастрлық объектілерді сәйкестендіруге, атрибуттық ақпарат сияқты, дерекқордан мәліметтерді де алуға, объектінің картасына өтуге мүмкіндік береді.

Картографиялық деректер блогы 1:1 000 000, 1:200 000 масштабтағы Қазақстанның сандық карталарымен, топографиялық негізбен, әрбір кадастр бойынша тиісті ақпаратты қамтитын векторлық тақырыптық қабаттармен (ағаш тұқымдары түрлерінің таралу ареалдары, жануарлар түрлерінің таралу ареалдары, орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері, аңшылық шаруашылықтары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, балық шаруашылықтары) ұсынылған.

2016 жылы «ҚР ТРМК» АЖ ақпараттық қауіпсіздік талаптарына, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы стандарттарға сәйкестік аттестаты алынды, бұл АЖ өнеркәсіптік пайдалануға енгізудің құрамдас бөлігі болып табылады. Мемлекеттік жер кадастрымен интеграциялау жұмыстары жүргізілді. Бұдан басқа, ҚР Экологиялық кодексінің 150-бабына сәйкес 2021-2023 жылдары жер қойнауының мемлекеттік қоры кадастрының, мемлекеттік су кадастрының ақпараттық жүйелерімен интеграциялау жоспарлануда.

Салалық кадастрларды бірыңғай дерекқорға біріктіру ҚР Табиғи және экономикалық әлеуетін бірыңғай жалпы мемлекеттік кешенді есепке алуды және бағалауды қамтамасыз етуге, нарық конъюнктурасына сәйкес табиғи ресурстардың құнын бағалауға мүмкіндік береді.

«ҚР ТРМК» АЖ порталы кез келген пайдаланушыға қолжетімді: ecokadastr.kz.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры

Орхус конвенциясына сәйкес және ҚР Қауіпсіздік Кеңесі отырысының 2015 жылғы 12 маусымдағы хаттамасының 4-тармағын іске асыру мақсатында, сондай-ақ «Қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі» ақпараттық жүйесінде (<https://oos.energo.gov.kz>) ҚР ЭК 19-тарауының негізінде өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры (Қалдықтардың мемлекеттік кадастры) жүргізіледі.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры мемлекеттік органдарды, табиғат пайдаланушыларды және барлық мүдделі тараптарды ел аумағында пайда болатын қалдықтардың түрлері туралы, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге қатысты технологиялық, экономикалық, құқықтық және басқа да шешімдерді бағалау, болжау, әзірлеу үшін қалдықтарды орналастыру объектілері туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ қалдықтардың жалпы мемлекеттік кешенді есебін жүргізу мақсатында құрылған.

Қалдықтардың мемлекеттік кадастры құрылымы мына компоненттерден тұрады:

1) қауіпті қалдықтардың паспорттары;

- 2) қалдықтарды түгендеу бойынша есептері;
- 3) кадастрлық істер;
- 4) картографиялық блок.

Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу:

- қалдықтардың пайда болу, қайта өңдеу сатыларында және көмілгенге дейін қозғалысын қадағалауға;

- қалдықтарды басқару саласында мемлекеттік саясатты неғұрлым тиімді жүргізу үшін талдамалық ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді.

2019 жылы қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу нәтижелері бойынша 2018 жылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған қазақ және орыс тілдерінде ақпараттық шолу қалыптастырылды.

Экологиялық ақпараттың интерактивті карталары

2019 жылы қоршаған ортаның жай-күйі туралы экологиялық ақпаратқа халықтың ашық қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында «Қазгидромет» РМК Қазақстанның атмосфералық ауасы мен беткі су объектілері сапасының интерактивті карталарын әзірледі.

Атмосфералық ауаның сапасы бойынша интерактивті карталарда 45 елді мекеннің атмосфералық ауадағы негізгі ластауыш заттардың нақты концентрациялары туралы «AirKZ» мобильдік қосымшасынан келіп түсетін ақпарат ұсынылған. Ақпарат 84 автоматты станция бойынша бір сағат аралықпен және 56 қол бекеті бойынша тәулігіне үш рет жаңартылады.

Беткі сулардың сапасы бойынша су объектілерінің ластану деңгейі туралы ақпарат көрсетілген (жасыл түс - 1 класс таза су; күрең қызыл түс - 5-класстан жоғары, ең нашар деңгей).

Карталар ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің сайтында және maps.hydromet.kz сілтемесі бойынша қолжетімді.

10.10. ҚАЗАҚСТАН КЛИМАТЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫ

Қазақстанда бірқатар түйінді стратегиялар, тұжырымдамалар және ілеспе іс-қимыл жоспарлары бар, ол елдегі климаттық өзгерістерді жұмсарту және бейімдеу жөніндегі қызметтің стратегиялық бағыттарды белгілейді.

Қазақстан 1995 жылы БҰҰ КӨНК ратификациялады және оның толыққанды Тарапы болды. Киото хаттамасын 2009 жылғы 19 маусымда ратификациялағаннан және ол 2009 жылғы 17 қыркүйекте күшіне енгеннен кейін КЖ қорытындысына сәйкес Қазақстан Киото хаттамасының I қосымшасының Тарапы болып саналады. 1999 жылы БҰҰ КӨНК Киото хаттамасына қол қойылғаннан кейін 2000 жылғы 23 наурызда Қазақстан Үкіметі БҰҰ Бас Хатшысына осы баптың 2 g) тармағына сәйкес БҰҰ КӨНК 4-бабының 2 а) және 2 в) тармақтары бойынша міндеттемелерді орындау ниеті туралы хабарлады.

БҰҰ КӨНК тараптарының конференцияларында Қазақстан Киото хаттамасы бойынша ерікті сандық міндеттемелерді қабылдау туралы мәселені бірнеше рет көтерді. Марракеш қаласындағы (Марокко) жетінші ТК-де шешім қабылданды, ол бойынша Қазақстан Киото хаттамасының 1-бабының 7-тармағының негізінде Киото хаттамасының мақсаттары үшін БҰҰ КӨНК I-қосымшасының тарабы деп танылды, себебі Конвенцияның 4-бабының 2 g) тармағына сәйкес хабарлама ұсынды.

2009 жылғы 26 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті «Біріккен Ұлттар Ұйымының климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының №144-IV заңына қол қойды. Осылайша, Қазақстан үшін Киото хаттамасы 2009 жылғы 17 қыркүйекте ресми түрде күшіне енді.

2011 жылғы 3 желтоқсанда Қазақстанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды.

2012 жылы Доха қ. (Катар) 18 ТК-де Қазақстан В қосымшасының елі құқығында КХ екінші кезеңіне қатысу ниеті туралы мәлімдеді және базалық 1990 жылғы деңгейіне қатысты (және амбициялар кеңейген жағдайда 7%) 5% мөлшерінде ПП шығарындыларын төмендету бойынша

міндеттемелерді өзіне алуды ұсынды. Осыдан кейін ҚР Экологиялық кодексіне жаңа баптар енгізілді, олардың негізінде 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап елде ПГ шығарындылары бойынша тұрақты есепке алу және есептілік негіздері қабылданды және ішкі көміртегі нарығы жұмыс істей бастады.

Париж келісімі бойынша Қазақстан өзінің ұлттық деңгейде айқындалатын үлестерін ұсынды (National determined contributions - NDC) және бүкіл экономика ауқымындағы базалық 1990 жылмен салыстырғанда 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 15-25%-ға азайтуды ұсынды (15% - шартсыз мақсат, 25% - халықаралық қолдау алу кезінде қамтамасыз етілуі мүмкін шартты мақсат).

ҚР-ның БҰҰ КӨНК және Киото хаттамасы бойынша негізгі міндеттерінің бірі жыл сайын ПГ шығарындылар кадастры туралы Ұлттық баяндаманы (ШКҰБ) БҰҰ КӨНК хатшылығына ұсыну болып табылады. Осы міндеттемеге сәйкес Қазақстан 2008 жылдан бастап жыл сайын өзінің ҰБК және есептіліктің жалпы форматының кестелерін (ЖФК) әзірлейді және БҰҰ КӨНК хатшылығына ұсынады. Барлық ШКҰБ және ЖФК электрондық кестелері БҰҰ КӨНК Хатшылығының (www.unfccc.int) веб-сайтында орналастырылған.

ҚР ПГ кадастры туралы Ұлттық баяндамада тікелей парниктік әсері бар алты негізгі газдың эмиссиясы (көміртегі диоксиді (CO_2), метан (CH_4), азот тотығы (N_2O), гидрофтор көміртегі (ГФК), перфтор көміртегі (ПФК) және күкірт гексафториді (SF_6)) бар. Сондай – ақ көздердің кейбір санаттары үшін жанама парниктік әсері бар төрт ПГ эмиссиясын бағалау жүргізіледі – көміртегі тотығы (CO), азот тотығы (NO_x) және метан емес ұшпа органикалық қосылыстар (МЕҰОК) және күкірт диоксиді (SO_2).

ҰБК дайындау БҰҰ КӨНК тараптарының конференциясында қабылданған және келісілген және БҰҰ КӨНК 1-қосымшасының елдері үшін Ұлттық кадастрларды дайындау жөніндегі басшылық қағидаттарда (КӨҮСТ БК) баяндалған климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының (КӨҮСТ) әдіснамасы негізінде жүргізіледі. Жыл сайын өткізілетін Қазақстандағы ПГ кадастры туралы ҰБК шолу бойынша БҰҰ КӨНК сарапшылар тобының ҚР парниктік газдар кадастры туралы Ұлттық баяндамаларына шолулар ҚР-дағы ПГ түгендеу жүргізу процесін жетілдіруге және жақсартуға ықпал етеді.

Төмен көміртекті дамыту саясаты шеңберінде ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамымен (GIZ) бірлесе отырып, 2019 жылы Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі төмен көміртекті дамыту стратегиясын әзірлеуге кірісті. Стратегияның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының Париж келісімін орындау жолдарын айқындау болып табылады.

Парниктік газдар шығарындыларының деңгейін төмендетуге қол жеткізу үшін қызметтің негізгі бағыттары болып келесілер табылады:

- энергия тұтынуды азайту (энергия тиімділігін арттыру, энергия сыйымдылығын төмендету);
- электр энергиясын «таза» өндіру;
- қалған шығарындыларды ұстау және сақтау технологияларын жетілдіру;
- неғұрлым таза отынға көшу және энергия өндірумен байланысты емес салаларда парниктік газдар шығарындыларын азайту.

Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің жобасында «климаттың өзгеруіне бейімделу саласындағы мемлекеттік басқару» атты жаңа тарау қарастырылған:

- 1) ақпарат жинау және климаттың өзгеруіне осалдығын бағалау;
- 2) климаттың өзгеруіне бейімделуді жоспарлау;
- 3) климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды әзірлеу;
- 4) климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- 5) климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігін мониторингілеу және бағалау;
- 6) климаттың өзгеруінің әсері және климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігі туралы есептілік;
- 7) мониторинг және бағалау нәтижелері негізінде климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды түзету.

Бұл тарау аса осал салаларда: су ресурстары, ауыл және орман шаруашылығы, азаматтық

қорғау салаларындағы климаттың өзгеруінің теріс салдарларының алдын алуға және оларға шұғыл әрекет етуге бағытталған.

10.11. ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

2015 жылдың қыркүйек айында БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-сессиясында 193 мүше-мемлекеттер 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібін мақұлдады, ол БҰҰ-ның тарихи саммитінде әлемдік көшбасшылармен бірауыздан қабылданды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ жаһандық дамудың құжатына қол қойды және күн тәртібіндегі 17 Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) Қазақстанның басымдықтары және міндеттерімен толық сәйкес келетінін атап өтті.

2030-Күн тәртібінің жаңа мақсаттары мен міндеттері кешенді және бөлінбейтін сипатқа ие және тұрақты дамудың барлық үш компонентінің: экономикалық, әлеуметтік және экологиялық балансын қамтамасыз етеді. Тұрақты дамудың осы үш аспектісі арасында тығыз байланыстың болуы қазіргі әлемде ерекше маңызды болып табылады, себебі климаттың өзгеруінің ауыр салдары және шектеулі табиғи ресурстарды сақтау және жасыл экономикаға көшу қажеттілігі өте маңызды болып табылады. Кедейлік пен аштықты жоюға, сондай-ақ теңдікке, бейбітшілік пен серіктестікке қол жеткізуге және қоршаған орта мен құқықты қорғауды қамтамасыз етуге баса назар аударылады.

2030-Күн тәртібін іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бес бағыт бойынша тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды:

- 1) Адамдар (кедейлікті жою, гендерлік теңдік, салауатты өмір, білім);
- 2) Ғаламшар (жер үсті және су экожүйелерін ұтымды пайдалану, климаттың өзгеруі);
- 3) Өркендеу (инклюзивті өсу мен экономикалық өзгерістер);
- 4) Бейбітшілік (қауіпсіз және бейбіт қоғам, күшті институттар);
- 5) Серіктестік (тұрақты даму үшін жаһандық серіктестік).

«Ғаламшар» жұмыс тобы

«Ғаламшар» жұмыс тобының ведомствоаралық үйлестірушісі (жер үсті және су экожүйелерін ұтымды пайдалану, климаттың өзгеруі, тұрақты өндіріс пен тұтыну) Энергетика министрлігі болып табылады. Топ бес ТДМ бойынша 46 тапсырма және 56 индикатормен жұмыс жасайды:

- 1) 6-шы мақсат: «Су ресурстары мен санитарияны барлығына қолжетімді әрі ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету», 8 міндет, 11 индикатор;
- 2) 12-ші мақсат: «Ұтымды тұтынуға және өндіріс үлгілеріне өтуді қамтамасыз ету» 11 міндет, 13 индикатор;
- 3) 13-ші мақсат: «Климаттың өзгеруі және салдарларымен күресу бойынша шұғыл шаралар қабылдау» 5 міндет, 8 индикатор;
- 4) 14-ші мақсат: «Тұрақты даму мүддесі үшін мұхиттарды, теңіздерді және теңіз ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану» 10 міндет, 10 индикатор;
- 5) 15-ші мақсат: «Жер үсті экожүйелерін қорғау мен қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалану, ормандарды ұтымды пайдалану, шөлейттенумен күресу, жердің тозу процесін тоқтату мен жою және биоәртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату» 12 міндет, 14 индикатор.

Тұрақты дамудың 6-шы мақсаты - Су ресурстары мен санитарияны барлығына қолжетімді әрі ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету

- Қазақстан Республикасы 6.1, 6.2, 6.3 және 6.4 тізімдегі 4 міндеттен тұрады;
- Бұл міндеттер елге байланысты жаһандық көрсеткіштерден басқа, өздерінің ұлттық көрсеткіштері бар бірнеше көрсеткіштерге негізделеді.
- Суға қол жеткізу. Ел трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі БҰҰ Конвенциясының тарабы болып табылады. Бұл Қазақстан трансшекаралық су ресурстарына байланысты.
- Судың сапасы. Қазақстанда су сапасының мониторингі 91 өзен, 31 көл, 15 су қоймасы, 3

арна және бір теңіз бойынша жүргізіледі.

Тұрғындар мен шаруашылық объектілерінің суға қол жеткізуін кеңейту мақсатында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылуда:

- Бұл су шаруашылығы құрылыстарына төмен салық салу (0,1%), ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтерді субсидиялау, шекті тарифтер қағидаттарын қолдану және басқалар.
- Сумен жабдықтау және су бұру желілерін қолдау (сумен жабдықтау желілерінің тозуы – 52%; су бұру желілері – 57%) және дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде: жөндеу, қайта жаңарту және құрылыс.
- Ауылдық елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер асты суларының әлеуетін пайдалануды кеңейту мақсатында іздестіру-барлау жұмыстары жүргізілуде.

10.11.1-сурет



Көзі: 2019 жылғы Қазақстан Республикасының ерікті ұлттық шолуы.


12-мақсат: «Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілеріне көшуді қамтамасыз ету» 2019 жылға қарай Қазақстанда 12 ТДМ-ға қол жеткізудегі қабылданған шаралар:

Қалдықтарды басқару саласындағы заңнаманы жетілдіру

Экологиялық кодекске қалдықтармен жұмыс істеу бөлігінде түзетулер енгізілді, атап айтқанда:

- «коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау», «қайталама шикізат» ұғымдары;
- қайталама шикізатқа, тұтыну қалдықтарын қайталама шикізатқа ауыстыруға, қауіпті қалдықтардың кейбір түрлерін бөлек жинауға және кәдеге жаратуға, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыруға қойылатын талаптар;
- полигондарда қалдықтардың кейбір түрлерін көмуге тыйым салу;
- қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму бойынша субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарының жалпы міндетті ұлттық стандарттары
- жергілікті атқарушы органдардың олардың пайда болу көзінен бөлек жинауды, тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату мен қайта өңдеуді ұйымдастыру жөніндегі міндеті.

10.11.2-сурет




Көзі: 2019 жылғы Қазақстан Республикасының ерікті ұлттық шолуы.

Тұрақты дамудың 13-ші мақсаты - Климаттың өзгеруі және салдарларымен күресу бойынша шұғыл шаралар қабылдау

2019 жылға қарай Қазақстанда 13 ТДМ-ға қол жеткізу үшін қабылданған шаралар:

- Парниктік газдарды төмендету жөніндегі іс-шаралар елдің төмен көміртекті экономикаға көшу жөніндегі стратегиялық міндеті және халықаралық климаттық келісімдер шеңберінде іске асырылады.
- ПГ шығарындыларының көздеріне мониторинг, есептілік және верификациялаудың онлайн-жүйесі жұмыс істейді.
- Мемлекет жыл сайын квоталарды бөлудің ұлттық жоспарында белгіленген ПГ шығарындылары бойынша БҰҰ КӨНК Хатшылығы алдында есеп береді.
- ПГ шығарындыларын азайту үшін ПГ (ҚазШСЖ) шығарындыларына квоталармен сауда жасаудың қазақстандық жүйесі жұмыс істейді, ол ПГ ірі көздерін қамтиды.
- Арал теңізінің құрғаған түбіне сексеуіл отырғызу.

10.11.3-сурет




Көзі: 2019 жылғы Қазақстан Республикасының ерікті ұлттық шолуы.

Тұрақты дамудың 14-ші мақсаты - Мұхит, теңіз және теңіз ресурстарын тұрақты даму мүддесі үшін сақтау және орнықты пайдалану

- Қазақстан Республикасы 14.3, 14.4, 14.5, 14.6 және 14.7 тізімдегі 4 міндеттен тұрады.
- 14 ТДМ бойынша көрсеткіштерді жақсарту үшін ҚР ЕҚТА-ны аймақтандыруға, табиғат қорғау шараларын күшейтуге және балық түрлері мен аквамәдениет популяциясын дамытуға баса назар аудару қажет.

10.11.4-сурет



Көзі: 2019 жылғы Қазақстан Республикасының ерікті ұлттық шолуы.


Тұрақты дамудың 15 - ші мақсаты - «Құрлық экожүйесін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, орманды ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу үдерісін тоқтату және оның айналымы және жоғалту үдерісін тоқтату».

Қазақстан Республикасы 15.1, 15.2, 15.3, 15.4, 15.5, 15.7 және 15 тізімнен 4 міндетке назар аударады:

Қазақстанда 2019 жылы 15 ТДМ-ға қол жеткізу үшін қабылданған шаралар:

- Құрлық экожүйесін сақтау жөніндегі іс-шаралар әртүрлі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, Орман Кодексі және халықаралық келісімдер шеңберінде жүргізіледі.
- Үкіметпен орман қорын өртке қарсы қорғау және молайту жөнінде жұмыстар жүргізу-де.
- Елімізде дөңгелек ормандар мен сексеуіл ормандарын экспорттауға тыйым салынды.
- BIOFIN халықаралық жобасы шеңберінде CO2 ормандардың сіңірілуін бағалау бойынша әдіснамалық құжаттар дайындалды, көміртегі шығарындыларын өтеу есебінен орман жамылғысын кеңейту үшін шетелдік және ішкі инвестицияларды ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілуде.
- ЕҚТА кеңейту бойынша іс-шаралар.
- Жануарлардың көші-қоны үшін экологиялық дәліздерді құру бойынша жұмыстар жалғасуда.
- BIOFIN халықаралық жобасы шеңберінде экожүйелік тәсілдерді интеграциялау және ҚР жаңа Экологиялық кодексінің жобасына экожүйелер қызметтерінің бағасына қосылу құндылығы.

10.11.5-сурет



Көзі: 2019 жылғы Қазақстан Республикасының ерікті ұлттық шолуы.

«Адамдар» жұмыс тобы

«Адамдар» жұмыс тобының ведомствоаралық үйлестірушісі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі болып табылады. 2018 жылдың 25 қазанындағы ЕХӘҚМ бұйрығы «Адамдар» ведомствоаралық жұмыс тобының құрамын, оның ішінде мүдделі мемлекеттік органдардың, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін бекітті.

«Адамдар» ЖТ кедейлікті жоюға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сапалы білімге және денсаулық сақтауға қол жетімділікті қамтамасыз етуге және гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған алғашқы бес ТДМ-ның іске асырылуы бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Бес ТДМ аясында 47 тапсырма және 77 жаһандық көрсеткіш бекітілген.

Тұрақты дамудың 1-ші мақсаты – «Барлық үлгідегі кедейлікті жаппай жою».

Тұрақты дамудың 2-ші мақсаты – «Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігімен тамақтану-

ды қамтамасыз ету және тұрақты ауыл шаруашылығын дамытуға

2019 жылға қарай ҚР 2 ТДМ-ға қол жеткізу үшін қабылданған шаралар:

- Мемлекет агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) бәсекеге қабілеттілігін арттыру саясатын белсенді жүргізу.
- Ауыл шаруашылығы секторында жаңа технологиялар мен өндірістің заманауи әдістерін енгізу.
- АӨК цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізу: елде 100% егістік жерлер және 70% жайылымдар цифрландырылды.
- Жалған және генетикалық түрлендірілген өнімдерді қоса алғанда, өндірілетін және әкелінетін тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне тұрақты негізде мониторинг және бақылау жүргізу.

Тұрақты дамудың 3-ші мақсаты – «Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамдарға қолайлы жағдай жасауға көмек көрсету».

Тұрақты дамудың 4-ші мақсаты – «Кешенді, әділетті және сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдардың өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін кеңейту».

Тұрақты дамудың 5-ші мақсаты – «Гендерлік теңдікті насихаттау және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары және мүмкіндіктерін кеңейту».

«Әлем» жұмыс тобы

«Әлем» бағыты **12 жаһандық міндеттер** және БҰҰ ТДМ-ның 23 жаһандық индикаторын қамтиды және БҰҰ есептеу әдістемесіне сәйкес **21 ұлттық индикатор** қалыптастырылды (ҰЭМ «ЭЗИ АҚ-ның №1 кестесі). 16 «Тұрақты даму мүддесінде бейбіт сүйгіш және ашық қоғамдарды құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және кеңінен қатысуға негізделген мекемелер құру» мақсатын іске асыру жөніндегі «Әлем» ведомствоаралық жұмыс тобының үйлестірушісі болып Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі айқындаған.

2019 жылғы іс-шаралар:

Тұрақты даму мақсаттары бойынша БҰҰ Бас ассамблеясы ұсынған Қазақстанның бірінші ерікті ұлттық шолуына ұсынымдар әзірлеу үшін «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ «Әлем» бағыты бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелерімен 5 кездесу өтті;

2019 жылғы 17-24 қыркүйек аралығында Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Көкшетау қалаларында мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен 16 ТДМ бойынша 4 практикалық семинар өткізілді;

2019 жылғы 11-14 желтоқсан аралығында Нұр-Сұлтан қаласында сарапшылар қауымдастығы, мүдделі мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен Қазақстанда 16-ТДМ енгізу мәселелері бойынша 3 пікірталас алаңы ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, 16 ТДМ міндеттерін жүзеге асыру аясында тақырыптарға 4 әлеуметтік зерттеу:

- «16 ТДМ міндеттерін іске асыру шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қатынасты қалыптастыру».
- «Қоғамның құқық қорғау органдарына сенімін арттыру және қоғамдық белсенділік туралы».
- «Полиция қызметкерлерінің бейнесін қоғамның қабылдау стереотипін зерттеу».
- 16 ТДМ ұлттық көрсеткіштерін имплементациялауды зерттеу және бағалау.

«Өркендеу» жұмыс тобы

2019 жылдың 11-23 қаңтар аралығында ТДМ нысаналы индикаторларын ұлттандыру мәселесі бойынша жұмыс топшаларының 6 отырысы өткізілді. Ұлттық мақсаттардағы нысаналы индикаторларды жаһандық деңгейге шығарудың негізгі критерийлері:

- ЖКЖ құжаттарын ескере отырып, Қазақстан үшін өзектілігі;
- талдау үшін деректердің қол жетімділігі;
- есептеу әдісінің болуы және оның халықаралық әдістерге сәйкестігі.

БҰҰ-ның 62 жаһандық индикаторларының топшаларымен жұмысы барысында:

- 35 индикаторларға ұлттық индикаторлар бекітілді;
- ТДМ-ның басқа бағыттары аясында іске асыруға 3 индикатор ұсынылуда;
- 4 индикатор Қазақстан үшін маңызды емес;
- 5 индикатор орындалды;
- 14 индикатор қосымша талқылауға бағытталды.

Тұрақты дамудың 7-ші мақсаты – «Арзан және таза энергия» - БҰҰ-ның 6 жаһандық индикаторынан.

2019 жылы Қазақстан 7 ТДМ-ға қол жеткізуге бағытталған мынадай іс-шараларды өткізді:

- «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы, ЖЭК-ті қолдау туралы заң қабылданды, ЖЭК жобаларын іске асыру бойынша инвестициялар тарту шарттары жасалды, яғни елде ЖЭК саласындағы саясат жетілдірілуде, инвесторларды тарту үшін құқықтық өрісті жақсарту бойынша нақты жұмыс жүргізілді.

- 2018 жылдан бастап іске асыру үшін ЖЭК бойынша жобаларды іріктеу аукциондық тетік бойынша жүргізіледі. Бұл, бір жағынан, жобалар мен инвесторларды іріктеу процесін ашық және түсінікті етуге, екінші жағынан, ЖЭК қуаттарының түпкілікті тұтынушылардың тарифтеріне енгізілгеннен кейін олардың әсерін барынша азайтуға мүмкіндік беретін неғұрлым тиімді технологиялар мен жобаларға ставка жасауға мүмкіндік берді.

Тұрақты дамудың 8-ші мақсаты – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу».

Тұрақты дамудың 9-шы мақсаты – «Индустрияландыру, инновация және инфрақұрылым».

2019 жылы Қазақстан 9 ТДМ-ға қол жеткізуге бағытталған мынадай іс-шараларды өткізді:

- Оңтүстік-Шығыс Азия теңіздеріне шығу арқылы өзінің экспорттық мүмкіндіктерін нығайту үшін Тынық мұхиты жағалауында Ляньюньган портында жеке терминал салынды. Нәтижесінде көптеген Қытай-Еуропалық рейстерді қамтитын халықаралық жүк және жолаушылар тасымалының 70-тен астам бағыттары ашылды.

- Қазақстанда индустрияландыру саясаты индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы (ИИДМБ) аясында жүзеге асырылуда. Ол экономиканы әртараптандыруды жеделдетуге және қосылған құны неғұрлым жоғары өнеркәсіп салаларын дамытуға бағытталған.

- Қазақстанда бар экономиканы цифрландыруға және Болашақтың цифрлық индустриясын құруға ықпал ететін «Цифрлық Қазақстан» ауқымды ұлттық бағдарламасы іске асырылуда.

Тұрақты дамудың 10-шы мақсаты – «Теңсіздікті азайту»

Тұрақты дамудың 11-ші мақсаты – «Тұрақты қалалар мен елді мекендер»

2019 жылы Қазақстан 11 ТДМ-ға қол жеткізуге бағытталған мынадай іс-шараларды өткізді:

- Қазақстанда басқарылатын урбанизация және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту арқылы олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған аймақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда.

- Халық үшін «қадамдық қолжетімділік» қағидаты бойынша объектілер мен қызметтерге қолжетімділіктің базалық деңгейін қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасалады.

- «Ауыл-Ел бесігі» жобасы іске қосылды. Басым бағыттары: әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, ауыл тұрғындарының әлеуметтік және басқа да игіліктер мен қызметтерге қол жетімділігін қамтамасыз ету және жалпы ауылдық аумақтарда өмір сүру сапасын жақсарту.

- Қалалық қызметтердің тиімділігін арттыру және Қазақстанда ақылды технологияларды енгізу мақсатында Smart city тұжырымдамасы әзірленді. Бұл тұжырымдаманың ортасында-адам және оның қажеттіліктері.

«Серіктестік» жұмыс тобы

17-ші мақсаттың «Тұрақты даму үшін жаһандық серіктестік аясындағы жұмысты іске қосу және іске асыру құралдарын нығайту» шешімін табу бойынша «Серіктестік» ведомствоаралық жұмыс тобының үйлестірушісі Сыртқы істер министрлігі болып табылады.

Аталған мақсат 19 тапсырманы және 25 жаһандық индикаторларды қамтиды.

ЖТ-ның басты міндеті - 2030 жылға дейін Қазақстанда «Серіктестік» бағыт бойынша Тұрақты даму мақсатына жету барысында енгізу, іске асыру және дамуды бағалау бойынша

іс-шараны әзірлеу болып табылады.

Тұрақты дамудың 17-ші мақсаты - «Тұрақты даму үшін жаһандық серіктестік аясындағы жұмысты іске қосу және іске асыру құралдарын нығайту»

2019 жылы Қазақстан 17 ТДМ-ға қол жеткізуге бағытталған мынадай іс-шаралар өткізді:

- Қазақстан ЭЫДҰ Инвестициялар комитетінің «қауымдастырылған мүше» мәртебесіндегі отырыстарына қатысады. ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша жаңа шаралар пакеті қабылданды.

- Аймақтық экономикалық интеграция аясында Қазақстан Кедендік одақтан Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) - халықаралық интеграциялық экономикалық бірлестікке дейін жол тартты.


- Қазақстан «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы арқылы цифрлық күн тәртібін іске асырады.

- 2019 жыл «Жастар жылы» деп жарияланды. Жастардың еріктілер қозғалысы дамуда. Қазақстандық жастар экологиялық, білім беру және әлеуметтік жобаларға, мысалы, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсету бойынша және т. б. белсенді қатысады.



11-Бөлім
АЙМАҚТАРДАҒЫ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ЖАҒДАЙ

11.1. АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S , мың км ²	146,2	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам		738 587
	2016 - 2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд теңге	3,8	7,7	30,1	22,1

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Ақмола облысы 1939 жылы құрылған, Қазақстан Республикасының орталық бөлігінің солтүстігінде орналасқан. Батысында - Қостанай, солтүстігінде - Солтүстік Қазақстан, шығысында - Павлодар және оңтүстігінде - Қарағанды облыстарымен шекаралас.

Ақмола облысының аумағы Қазақ қатпарлы елдің солтүстік-батыс бөлігіндегі дала аймағында, Есіл өзенінің жоғарғы ағысы бассейнінде және Теңіз және Қорғалжын ағынсыз көлдерінің қазан шұңқырларында орналасқан. Мұндай географиялық жағдай оның табиғи жағдайларының: рельефтің, климаттың, топырақ-өсімдік жамылғысының және жануарлар дүниесінің әртүрлілігін тудырды.

Облыс республиканың солтүстігінің басқа облыстарынан оның табиғи қасиеттерін ерекшелейтін бірегей ерекшеліктерге ие. Геоморфологиялық құрылыстың өзіндік ерекшелігі шағын аумақта облыс аумағының солтүстік бөлігін алып жатқан Көкшетау қыратына тән рельефтің көптеген түрлері: төмен тау, ұсақ шоқылар, жазықтар, көл және өзен шұңқырлары бар. Облыстың оңтүстік бөлігін жонды бедерлі-толқынды, төбелі-бұдырлы жазық алып жатыр. Тауаралық аңғарларда қарағай ормандары өсетін жағалаулар мен баурайларда орналасқан.

Табиғи су экожүйелері биологиялық өнімділігі бойынша алуан түрлі - тұщы сулар фаунасынан ащы-тұздыға дейін. Облыс аумағында көлдердің биоценозы басым.

Ақмола облысы шегіндегі ең ірі өзендер Есіл, Жабай, Сілеті, Нұра, Шағалалы, Қылшықты, Терісаққан болып табылады.

Ақмола облысының топырақ-өсімдік жамылғысы дала және жартылай шөлейт жерлерден тұрады. Жер бедері мен төселетін жыныстарға байланысты топырақ кешендері мен өсімдік қауымдастықтары өте әртүрлі.

Ақмола облысында климат шұғыл континенталды, құрғақ, жазы ыстық және қысы суық. Тәуліктік және жылдық температура амплитудасы өте жоғары. Көктем мен күз қатты білінбейді. Жауын-шашынның жылдық мөлшері солтүстіктен оңтүстікке дейін азаяды, олардың ең көп мөлшері маусым айына, ең азы ақпан айына түседі. Қар жамылғысы орташа 150 күн сақталады.

Ақмола облысы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және қайта өңдеу бойынша республиканың жетекші аймақтарының бірі болып табылады, сонымен қатар тау-кен өндірісі, машина жасау, түсті металлургия, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарымен ұсынылған, айтарлықтай өнеркәсіптік әлеуетке ие.

11.1.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ақмола облысының атмосфералық ауасының жалпы жағдайы тұрақты болып бағаланады.

Ақмола облысындағы жылу электр станциялары, тау-кен секторы және көлік құралдары әуе бассейнінің ластану көздері болып табылады.

11.1.1-кестеде 2018-2019 жылдардағы ластауыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны бойынша деректер берілген.

2018-2019 жылдардағы ластауыш заттар шығарындыларының стационарлық көздер саны (бірлік)

	2018	2019
Стационарлық шығарындылар көздерінің саны, бірлік	19 068	17 584

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Статистика комитетінің деректері бойынша Ақмола облысының 2019 жылғы ластауыш заттар шығарындылары стационарлық көздерінің жалпы саны 17 584 бірлікті құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 1 484 артты (2018 жылы – 19068).

Атмосфераға стационарлық көздерден ластауыш заттардың шығарындыларының жалпы көлемі 2019 жылы 76,7 мың тоннаны құрады, 2018 жылмен салыстырғанда (84,5 мың тонна) шығарындылардың төмендеуі байқалады.

Негізгі ластауыш заттар күкіртті ангидрид, азот тотықтары, қатты заттар және көміртегі тотығы болып табылады.

11.1.2-кестеде 2018-2019 жылдардағы негізгі ластауыш заттардың шығарындылары бойынша ақпарат ұсынылған.

2018-2019 жылдардағы атмосфералық ауаға ластауыш заттардың негізгі ингредиенттер бойынша шығарындылары (мың тонна)

Ластауыш заттардың атауы	Саны	
	2018 жыл	2019 жыл
Күкіртті ангидрид	19,4	18,4
Азот тотықтары	5,1	5,0
Қатты заттар	33,5	30,9
Көміртегі тотығы	19,7	19,1

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2019 жылы Ақмола облысы аумағында 174,5 мың жеңіл және 27,3 мың жүк автокөлігі тіркелді (2018 жылы тіркелген жеңіл автокөліктер – 177,4 мың бірлік, жүк автокөліктері – 24,5 мың бірлік).

Автокөліктен шығатын қалдықтарды азайту мақсатында облыста 14 техникалық байқау станциясы жұмыс істейді, олар автомобиль көлігінің шығарындыларына тұрақты бақылау жүргізеді.

Экология департаменті Ақмола облысының ІІД-мен бірлесіп, өндірістік кәсіпорындардың теңгеріміндегі жылжымалы құралдардың жай-күйіне тексеру жүргізу барысында автокөліктің уыттылығына және түтіннің шығарылуына өлшеу жүргізді. 2019 жылдың басынан тексерілген 198 автокөліктің 62 бірлігі бойынша шекті жол берілетін нормалардан асып кету тіркелді, бұл үшін 8 әкімшілік айыппұл салынды.

Атмосфералық ауаның сапасы


«Қазгидромет» РМК атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау Көкшетау, Степногор, Атбасар қалаларында, Щучье-Бурабай курорттық аймағында және «Бурабай» КФМС («Бурабай» табиғи ортасының кешенді фондық мониторингінің станциясы) аймақтарында, Макинск қаласы, Калачи, Зеренді кенттерінде эпизодтық бақылау жүргізді.

Көкшетау қаласында атмосфералық ауаның жай – күйін бақылау екі стационарлық бекетте, Степногор – бір стационарлық бекетте, ЩБКА-8 стационарлық бекетте жүргізілді, сондай-ақ Атбасар қаласында бір бекет іске қосылды.

Стационарлық бақылаулар желісінің деректеріне сәйкес АЛИ мәндерінің өзгергеніне қарамастан, Көкшетау және Степногор қалаларында, ЩБКА және «Бурабай» КФМС атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ және төмен болып сипатталады (11.1.1-сурет).

11.1.1-сурет

Елді мекендердің атмосфералық ауасының ластану деңгейі
(2018-2019 жылдардағы АЛИ)



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2019 жылы Атбасар қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі ластанудың жоғары деңгейі ретінде сипатталды, ол АЛИ=6 мәнімен (жоғары деңгей) анықталды.

Эпизодтық бақылау барысында Калачи және Зеренді кенттерінде және Макинск қаласында қалқыма бөлшектердің (шаңның), күкірт диоксиді, көміртек тотығы, азот диоксиді, азот тотығы, аммиак, көмірсутектер және формальдегид концентрациялары өлшенді. Формальдегидтің ең көп-бір реттік шоғырлануы 1,3-1,8 ШЖК_{м.р.} құрады, қалған ластауыш заттардың концентрациясы шекті жол берілетін нормада болды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-нің (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Аймақтың газдандырылуы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Елді одан әрі газдандыру» 5-ші әлеуметтік бастамасы тапсырмасын жүзеге асыру шеңберінде Ақмола облысының әкімдігі елді мекендерді газдандыру жобаларын жүзеге асыруда.

Газ тарату желілері құрылысының II-кезеңі бойынша 2020 жылдан бастап 2021 жылы аяқталатын «Сарыарқа» магистралды газ құбыры трассасының бойында орналасқан Аршалы және Целиноград аудандарының 20 елді мекенін газдандыру (Анар бекеті, Донецкое ауылы, Түрген ауылы, Бірсуат ауылы, Байдала ауылы, Аршалы кенті, Ақбұлақ ауылы, Ақтасты ауылы, Ижевское ауылы, Шөптікөл ауылы, Бабатай бекеті, Арнасай ауылы, Волгодоновка ауылы, Разъезд-42 ауылы, Қойгелді ауылы, Жалтыркөл ауылы, Жібек-Жолы ауылы, Қоянды ауылы, Шұбар ауылы, Аққайын ауылы) көзделіп отыр.

2019 жылы 13 жоба бойынша газ тарату желілері құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу аяқталды, мердігерлік ұйымдарды анықтау бойынша конкурстық рәсімдер жүргізілуде. 2020 жылға құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау үшін облыстық бюджеттен 666 млн теңге қарастырылған.

Жалпы сомасы 11,8 млрд теңгеге 9 жоба бойынша 2020-2021 жылдарға арналған республикалық бюджетті жақын арада нақтылау шеңберінде құрылысты қаржыландыру үшін бюджеттік өтінім берілді.

11.1.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Ақмола облысында барлығы 2200 уақытша ағынды су, 552 көл, 40 су сақтағышы, 6 қазаншұңқыр, 11 қопан, 57 бөгет бар. Су бетінің жалпы ауданы 446,8 мың га құрайды, яғни облыстың жалпы ауданының 3%.

Облыстың аумағында көлдердің биоценозы басым: 140 ірі көл, қалғандары ұсақ, айдынының ауданы 100 га жетпейді, 96%-ы таза су, олардың ихтиофаунасы бар (мөңке балық, алабұға, шабақ, қарабалық, сазан, рипус, шортан, пеле, ақтабан, тұқы, көксерке, торта, лақа, аққайран), көлдердің 10%-ы тұзды. Көлдің үштен бір бөлігі су пайдаланушыларға бекітіп берілген.

Ақмола облысының ең ірі көлі болып Теңіз (Теңгіз) көлі саналады. Су айнасының ауданы 92400 га құрайды, көлі тұзды. Су айдынының ауданы - 33 000 га болатын тағы бір ірі көл - Қорғалжын көлі - сортаңды. Орташа тереңдігі 1,5 м аспайды.

Ақмола облысының аумағындағы ең ірі өзендері Есіл, Жабай, Сілеті, Нұра, Шағалалы, Қылшықты, Терісаққан болып табылады.

Облыстың басты су артериясы Есіл өзенінің солтүстігіндегі Көкшетау қыратынан, оңтүстігінде Ұлытау тауларының шұңқырларынан ағып жатқан бірқатар ірі су көздері болып табылады.

Ақмола облысының аумағында су жинау ауданы 9460 км² және ұзындығы 406 км құрайтын тағы бір ірі өзен Нұра өзені болып табылады. Ағыстың жылдық көлемі 90%-бен қамтамасыз еткен жағдайда өзеннің ағысы жылына 66400 мың м³ құрайды.

Облыстың солтүстік бөлігінде Шағалалы өзені бар, ол облыс орталығы - Көкшетаудың негізгі су көзі болып табылады. Өзеннің ұзындығы облыс аумағы бойынша 144 км құрайды, орташа жылдық ағымы жылына 40770 мың м³.

Қалған өзендердің ұзындықтары шамалы болып келеді, олардың кейбіреулері жаздың ыстық айларында құрғап кетеді.

Облыста кепілдендірілген сумен жабдықтау үшін 40 су сақтағышы бар. Есіл, Сілеті, Шағалалы өзендерінің ағысы үш су сақтағышымен реттеледі.

Ағынды суларды ағызу

Егер 2018 жылы облыс бойынша су бұру көлемі 15 650 мың м³ болса, 2019 жылы оның ұлғаюы байқалады - 15 870 мың м³ (11.1.3 - кесте).

Ағынды суларды ағызу көлемінің ұлғаюы және ластауыш заттар көлемінің ұлғаюы өндіріс көлемінің (Бұланды ауданындағы «Макинск құс фабрикасы» ЖШС-нің іске қосылуы, «Қазақалтын» ТМК, «Ақсу руднигі» ААҚ филиалының №38-бис учаскесіндегі шахтаның қосымша төгілуі) және шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды бұру көлемінің (Көкшетау, Щучинск, Степногор қалаларының төгінділері көлемінің ұлғаюы) ұлғаюына байланысты.

11.1.3-кесте

2018-2019 жылдардағы ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат

Ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат		2018	2019
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	7 200	7 300,2
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	9,9	12,34
Тұрмыстық-шаруашылық ағынды сулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	8 450	8 569,8
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	26,8	33,36
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	-	-
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	-	-
Жиыны (жоғарыда аталған ағызулардың барлығы)	Суды бұру көлемі, мың м ³	15 650,0	15 870,0
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	36,7	45,7

Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.

Беткі сулардың сапасы

«Қазгидромет» РМК-мен беткі сулардың ластануын бақылау Ақмола облысының 30 су объектісінде: Есіл, Нұра, Беттібұлақ, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Жабай, Қылшықты, Шағалалы, Ақсу, Сілеті өзендерінде, Вячеславское су сақтағышында, Нұра-Есіл арнасында, Сұлтанкелді, Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Щучье, Қарасу, Сұлукөл, Қатаркөл, Текекөл, Майбалық, Лебяжье, Жүкей, Шолақ, Есей, Қоқай, Теңіз көлдерінде жүргізілді.

2019 жылы Ақмола облысының аумағындағы су объектілерінің сапасы Бірыңғай классификация бойынша бағаланады (11.1.4-кесте).

11.1.4-кесте

2019 жылғы Ақмола облысының аумағындағы су объектілерінің сапасы


Класс	Су объектісі
2 класс	Вячеславское су сақтағышы
3 класс	Сілеті өзені
4 класс	Есіл, Нұра өзендері, Нұра-Есіл арнасы, Сұлтанкелді, Беттібұлақ көлдері
нормаланбайды (>5 класс)	Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Жабай, Ақсу, Қылшықты, Шағалалы өзендері, Сұлукөл, Жүкей, Зеренді, Қопа, Бурабай, Үлкен Шабақты, Щучье, Кіші Шабақты, Қарасу, Қатаркөл, Текекөл, Майбалық, Лебяжье көлдері

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ақмола облысының аумағында келесі су объектілерінде ластанудың 251 жағдайы анықталды: Нұра-Есіл су арнасы, Есіл, Қылшықты, Жабай, Ақсу, Шағалалы, Беттібұлақ өзендері, Қатаркөл, Текекөл, Майбалық, Кіші Шабақты, Үлкен Шабақты, Жүкей, Сұлукөл, Қарасу, Қопа, Зеренді, Бурабай, Щучье, Лебяжье көлдері (11.1.2-сурет).

11.1.2-сурет

2019 жылы Ақмола облысының су объектілерінде жоғары ластану жағдайлар саны



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Әрбір ЖЛ фактілері Ақмола облысы бойынша экология департаментімен жоспардан тыс тексерулер жүргізілді. ЭЖЛ жағдайлары тіркелген жоқ.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің №18, 112-баптарына сәйкес табиғат

қорғау мемлекеттік органдары арасындағы өзара іс-қимыл шеңберінде ЖЛ барлық фактілері бойынша себептерді зерделеу және тиісті ықпал ету шараларын қабылдау үшін ақпарат су ресурстарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган – «Есіл бассейндік инспекциясы» РММ-ға жіберілді.

2019 жылдың мамыр айында ЖЛ жағдайы бойынша Қылшықты, Шағалалы өзендері, Кіші Шабакты Үлкен Шабакты көлдерінен су сынамалары алынды. Қылшықты өзенінің су сынамасында ОХТ, марганец және тұзды құрамы бойынша ШЖК асып кеткен. Қала шегінде Қылшықты өзенінің тұнба шөгінділерінен тазарту жобасының ТЭН әзірленді. Жоба шегінде өзен арнасын қоқыстан және сулы-батпақты өсімдіктерден тазарту, жағалаулардың еңістерін бетон плиталармен нығайту, түбін тереңдету жұмыстары, жағалауды абаттандыру жоспарланған.

Жоғарыда аталған барлық фактілер бойынша ластанулар және ағынды сулардың төгінділері анықталған жоқ. Экология департаменті жүргізген талдау су объектілері ЖЛ негізгі себептері табиғи сипатқа ие және осы су қоймаларының қалыптасқан табиғи фонына байланысты екенін көрсетеді

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-нің (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/oksrada?year=2019>) сайтында орналастырылған.

11.1.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

2019 жылдың 1 қарашадағы жағдайы бойынша Ақмола облысының жер қоры 14 613,2 мың га құрайды. Жер қорының жалпы ауданы 2018 жылдан бастап өзгерген жоқ, ал жер учаскелерінің санаттары өзгерді (11.1.5 - кесте).

11.1.5-кесте


2018-2019 жылдары жерді санаттар бойынша бөлу

Жер санаты	2018 жыл	2019 жыл
Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер, мың га	10 828,9	10 822,1
Елді мекен жерлері, мың га	1 324,8	1 325,4
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер, мың га	134,4	136,1
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, мың га	519,0	519,0
Орман қоры жерлері, мың га	525,7	522,7
Су қоры жерлері, мың га	199,4	201,2
Босалқы жерлер, мың га	1079,8	1085,5
Нұр-Сұлтан қ. пайдаланатын жерлер		1,2
Барлығы, мың га	14 612	14 612

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

11.1.3 - суретте санаттар бойынша облыстың жер қорын бөлу көрсетілген.

2019 жылы Ақмола облысының жер қорын санаттар бойынша бөлу (%)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда мемлекеттік меншікке қайтару және құжаттық тексеру жүргізу есебінен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің 6,8 мың га немесе 0,3%-ға азаюы байқалады.

Облыс аумағында шекараларды белгілеу бойынша өткізілген іс-шаралар есебінен елді мекендердің жерлері ұлғайды. 2018 жылмен салыстырғанда орман қоры, су қоры аялдарында - осы санаттарда жүргізілген құжаттық ревизияға сәйкес өзгерістер болды.

Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №А-12/554 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы «Ақмола облысы Жақсы ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту туралы» №6С-27-24 шешіміне сәйкес Новокиенка ауылдық округінің Парчевка ауылы оны Новокиенка ауылдық округінің Новокиенка ауылының құрамына қосу арқылы басқа қоныстар санатына ауыстырылды және есептік деректерден шығарылды.

Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №А-12/556 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы «Ақмола облысы Астрахан ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту туралы» №6С-27-26 шешіміне сәйкес Бесбидайық ауылдық округінің Бесбидайық ауылы жойылып, Бесбидайық ауылдық округінің Степное ауылының құрамына енгізілді.

Сонымен қатар Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №А-12/555 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы «Ақмола облысы Целиноград ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту туралы» №6С-27-25 шешіміне сәйкес Ағанас ауылы жойылып, есептік деректерден шығарылды.


Жерлерді алу

Пайдаланылмайтын, сондай-ақ жер заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою ҚР ЖК 92-93-баптарына сәйкес және ҚР ЖК 94-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2019 жылдың соңында, қолданыстағы жер және экологиялық заңнама нормаларына сәйкес Ақмола облысының аумағында өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға объектілерді салу үшін 11 жер учаскесі жұмыс істейді (2018 жылы – 13, бір жер учаскесі бойынша жалдау мерзімі аяқталды).

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыс аумағы бойынша анықталған пайдаланылмайтын жерлердің көлемі 1504,5 мың га құрады, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 1 500 мың га және коммерциялық мақсаттағы жерлер 4,5 мың га.

**2019 жылғы анықталған ауыл шаруашылығында
пайдаланылмайтын жерлер(мың га)**



Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.

Анықталған ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлердің жалпы көлемінен 959 мың га айналымға тартылды.

Ақмола облысы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерінің нақты көлемі 541 мың га - 536 жер учаскесін құрайды.

2020 жылғы 1 қаңтардағы тізілімге сәйкес, облыс бойынша 1089 жер учаскесі анықталды, оның ішінде 867 коммерциялық мақсаттағы жер учаскесі 4558,87 га, оның ішінде:

- мемлекеттік меншікке көлемі 137,24 га 70 жер учаскесі қабылданды;
- ауданы 1803,12 га 581 жер учаскесін пайдалануға кірісті.

Ақмола облысы бойынша коммерциялық мақсаттағы нақты пайдаланылмайтын жер көлемі 2618,5 га 4383 жер учаскесін құрайды (11.1.6-кесте).

11.1.6-кесте

2019 жылы Ақмола облысының аумағында пайдаланылмайтын жерлер ауданы

Жерлер санаты	Анықталған пайдаланылмайтын жерлер (мың дана)	Нақты пайдаланылмайтын жерлердің ауданы (мың га)
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	1 500	541
Коммерциялық мақсаттағы жерлер	4,5	2,62

Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.

Сонымен қатар жер ресурстарын тиімсіз пайдалану және пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін алып қою мәселесі өзекті болып қалуда.

Тексеру жүргізуге мораторий жағдайында жерді ұтымды пайдалану бойынша шаралар қабылдау үшін ғарыш мониторингі арқылы мониторинг қолданысқа енгізіледі.

11.1.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

Ақмола облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының деректері бойынша, облыс аумағында 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды

барлауды және/немесе өндіруді жүргізуге арналған 168 келісімшарт (2018 жылы - 174 келісімшарт), оның ішінде өндіруге арналған 6 лицензия жұмыс істеді.

Қатты пайдалы қазбаларды барлауды және/немесе өндіруді жүргізуге 41 келісімшарт (барлауға арналған 25 келісімшарт, өндіруге арналған 7 келісімшарт және барлау мен өндіру жөніндегі бірлескен жұмыстарға арналған 9 келісімшарт) жұмыс істейді.

11.1.5. БИОӘРТҮРЛІК

Ақмола облысының аумағында Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы, үш мемлекеттік табиғи қорықша (зоологиялық), екі мемлекеттік ұлттық табиғи парк, сегіз мемлекеттік табиғи ескерткіш орналасқан (11.1.7-кесте).

11.1.7-кесте

Ақмола облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары

Мәртебесі	Саны	Атауы және ауданы
Мемлекеттік табиғи қорық	1	«Қорғалжын» МҰТП- 281046 га (543171)
Мемлекеттік ұлттық парк	2	«Бурабай» МҰТП - 129 299 га; «Көкшетау» МҰТП - 47 565 га (182 076) га; «Бұйратау» МҰТП - 60814 га (88968 га)
Мемлекеттік табиғи қорықша (зоологиялық)	3	«Атбасар» МТҚ – 75 100 га, «Бұланды» МТҚ – 47 076 га, «Восточный» МТҚ– 100 000 га
Мемлекеттік табиғи ескерткіш	8	«Дулыға» сүйір шоқысы - 2 га, Көк мүйіс – 1,2 га, Көне ағашты тоған– 1,0 га, «Қара май» шоқысы– 1,0 га, «Қашқын» шоқысы– 1,3 га, Қызыл күрең мүйісі – 0,5 га, «Малта тасты» шоқы – 2,0 га, «Өрт байқау» шоқысы – 1,0 га

Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.

Облыстың жануарлар әлемі әртүрлі, оның саны салыстырмалы түрде тұрақты. Осылайша, Ерейментау ауданының «Бұйратау» МҰТП Ерейментау филиалының аумағында арқарлар мекендейді. Қорғалжын МТҚ Теңіз көлі ТМД елдерінің аумағында қоқиқаз ұя салатын жалғыз орын болып табылады. Сондай-ақ сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар тізбесіне енгізілген жануарлар түрлерінен орман сусары және құстардың едәуір саны кездеседі, олар бұйра бірқазан, үкі, безгелдек, аққу, сұлу тырна, сұр тырна, дала бүркіті, аққұйрық суббүркіт, бүркіт, үкі және т.б. Сондай-ақ облыс аумағында ақбөкеннің Бетпақдала популяциясы мекендейді.

Аталған түрлерден басқа облыс аумағында бұлан, бұғы, елік, қабан, сілеусін, қасқыр мекендейді. Кішкентай жыртқыштардан түлкі, қарсақ, борсық, жанат тәрізді ит, ақкіс, аққалақ және сасық күзен. Барлық жерде қоян мен суырды кездестіруге болады.

Ақмола облысының құстар әлемі алуантүрлі. Алайда, сұңқылдақ, шалшықшы, қаз, үйрек, ақбас тырна, безгелдек сияқты құстардың аз бөлігі Қазақстаннан тыс жерлерде қыстайды. Тұрақты мекендеушілердің ішінен негізінен тауық – саңырау құр, шіл, құр кездеседі.

Жануарлар санын есепке алуды арнайы әзірленген әдістемелер бойынша, аңшылық шаруашылықтарында - олардың қорықшалары, резервтік алқаптарда - Ақмола облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясының инспекторлары, мемлекеттік орман қоры аумағында - орман шаруашылығы мекемелерінің аңшылық танушылары аумақтық инспекция инспекторларымен бірлесіп жүргізеді.


Мемлекеттік кадастрды жүргізу, сондай-ақ жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алу мен мониторингтеу жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелерінің және өзге де

мемлекеттік органдардың құзыретіне жатады.

11.1.5 және 11.1.6-суреттерде 2019 жылы жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің саны туралы деректер берілген.

11.1.5-сурет


2018-2019 жылдары жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің саны (бірл.)



Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.

11.1.6-сурет

2018-2019 жылдары жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің саны (бірл.)



Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.

2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы бүркіт, қызылжемсаулы қарашақаз, дала қыраны, кішкене аққұтан, ақбас тырна, қарабас өгізшағала, аққұйрық суббүркіт санының едәуір төмендеуі байқалады.


Облыс аумағында табиғи еркіндік жағдайында тұяқты жануарлардың бірнеше түрі (бұлан, бұғы, қабан, арқар және басқалар) мекендейді.

11.1.7-суретте аң аулау объектілері болып табылатын мамық және терісі бағалы

жануарлардың негізгі түрлері санының динамикасы көрсетілген.

11.1.7-сурет

Аң аулау объектілері болып табылатын мамық және терісі бағалы жануарлардың негізгі түрлері саны (бірл.)



Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.

Азықтың жетіспеушілігі, ұя салуға жарамды учаскелердің тапшылығы, нашар қорғау жағдайлары және басқа да жағымсыз факторлар популяцияның төмендеуіне, дарақтардың өлімінің өсуіне және олардың көші-қонына алып келеді, ал тіршілік ету жағдайларын жақсарту кезінде олардың саны өсуде.

11.1.5-суретте көрсетілгендей, облыс аумағында мекендейтін жануарлар саны, экологиялық жағынан өте бейімді елік немесе қоян сияқты жануарлардың кейбір түрлерін қоспағанда, жоғарыда аталған факторлар бойынша олардың саны азайса да, салыстырмалы түрде тұрақты (2019 жылы – 595383, 2018 жылы – 608092).

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау мен қадағалау

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ЕҚТА) бақылауды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының инспекторлары ЕҚТА табиғат қорғау мекемелерінің аумақтарында табиғат қорғау заңнамасын бұзудың жолын кесу бойынша тексерулер мен рейдтік іс-шаралар жүргізу жолымен жүзеге асырады.

2019 жылы ЕҚТА-ға 14 тексеру (2018 жылы-30 тексеру) жүргізілді. Анықталған заңсыз кесу фактілері бойынша құқық қорғау органдарына 6 материал жіберілді. 2019 жылы мемлекеттік орман қорын келтірілген шығын 2018 жылға қарағанда аз. Сонымен қатар бұзушылық фактілері аз анықталды (11.1.8-сурет).

Өндірістік бақылауды бекітілген аумақтардағы аңшылық шаруашылығының қорықшылық қызметтері жүзеге асырады. Ол бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесін қорғауды қамтамасыз етуден тұрады. Жергілікті атқарушы органдар аңшылық алқаптардың резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Жануарлар дүниесі саласындағы табиғат қорғау заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру барысында инспекция мамандары 2019 жылы аң аулау ережелерін 149, жабайы жануарларды заңсыз ұстау бойынша 1 (бір) бұзушылық анықталды. 2018 жылмен салыстырғанда бұзушылықтар саны артты.

ЕҚТА табиғат қорғау мекемелерінің аумағында және жануарлар дүниесі саласындағы табиғат қорғау заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау



Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.


2019 жылы ескерту түрінде (ҚР ӘҚТК 382- б.1 – б.) әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы 130 қаулы шығарылды, 21 хаттама жасалды, жабайы жануарларды еріксіз ұстау бойынша 1 хаттама (ҚР ӘҚТК 389-б. 1-б.), аң аулау ережелерін бұзғаны үшін 19 хаттама (ҚР ӘҚБК 382-б. 1-б.).

Экологиялық туризм

ЕҚТА аумағында инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарларына сәйкес облыс аумағында ұзақ мерзімді пайдалануға жалпы ауданы 5507,0439 га болатын 23 жер учаскесі және қысқа мерзімді пайдалануға жалпы ауданы 81691,15 га болатын 37 жер учаскесі берілді.

2019 жылы ЕҚТА-да 44 туристік (экскурсиялық) маршрут және соқпақ жұмыс істеді, оның ішінде 24 туристік маршрут және 20 экскурсиялық соқпақ бар. 2018 жылмен салыстырғанда туристік маршруттар саны артты, экскурсиялық соқпақтар саны бір бірлікке қысқарды (11.1.8-сурет).

2018-2019 жылдардағы туристік (экскурсиялық) маршруттардың саны



Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.

11.1.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

«Қазгидромет» РМК және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің деректеріне сәйкес облыста радиациялық жағдай 2019 жылы тұрақты болып қалды.

Жергілікті жерлерде гамма-сәулелену деңгейін бақылауды «Қазгидромет» РМК күн сайын 15 метеорологиялық станцияда (Нұр-Сұлтан, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Бурабай» СКФМ, Егіндікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногор, Жалтыр, Бурабай, Щучинск, Шортанды) жүзеге асырды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәні 0,01-0,44 мкЗв/сағ, 2018 жылы – 0,06-0,29 мкЗв/сағ шегінде болды. Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 2018 жылдағыдай 0,13 мкЗв/сағ және шекті жол берілетін деңгейде болды. Бекітілген «Гигиеналық нормативтерге сәйкес Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №155 бұйрығы) халық үшін тиімді доза 0,57 мкЗв/сағ аспайды.

Ақмола облысы аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Нұр-Сұлтан, «Бурабай» КФМС) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу арқылы жүзеге асырылды. Барлық станцияларда бес тәуліктік сынама алынды.

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтік түсудің орташа тәуліктік тығыздығы 0,7 - 4,0 Бк/м² (2018 жылы – 0,6 - 4,9 Бк/м²) шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,4 Бк/м² (2018 жылы – 1,2 Бк/м²) құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.


Сынамалардың бета-белсенділігін өлшеу нәтижелері бойынша тәуліктік радиоактивтік түсудің рұқсат етілген мәні «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» бекітілген гигиеналық нормативтерге (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №155 бұйрығы) сәйкес тәулігіне 110 Бк/м²-ден аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-нің (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Барлығы облыс бойынша 2019 жылы 120435 дозиметриялық бақылау (2018 жылы – 62758 өлшеу) жүргізілді. Сыртқы орта объектілерінің гамма-фонын өлшеу жүргізіледі, ауытқулар мен нормалардан асып кету анықталған жоқ. 2019 жылы ең көп өлшеулер тұрғын үй құрылысы аумағында жүргізілді (11.1.10-сурет).

11.1.10-сурет

Сыртқы орта объектілерінің гамма-фонына жүргізілген өлшеулер



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Барлығы облыстың 187 объектісінде ауадағы радон концентрациясын өлшеу жүргізілді, 1384 өлшеу орындалды. Оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша (445 өлшеу) және өтініш бойынша (939 өлшеу) өлшеулер жүргізілді. Рұқсат етілген деңгейден асып кету анықталған жоқ.

2019 жылы радон ағынының тығыздығын өлшеу жүргізілді (11.1.8-кесте). 2018 жылдағыдай рұқсат етілген деңгейден асып кету анықталған жоқ.

11.1.8-кесте

Сыртқы орта объектілерінің гамма-фонына жүргізілген өлшеулер

	Объектілер саны	Өлшеулер саны
Тұрғын үй құрылысы аумағында	13	423
Тұрғын және қоғамдық ғимараттарда	85	595
Жер учаскелерін бөлу кезінде	89	366

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

11.1.7. ҚАЛДЫҚТАР

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің деректеріне сәйкес 2018 жылы 241,0 мың тонна, 2017 жылы – 234,0 мың тонна ТҚҚ түзілді. Бірінші жартыжылдықта пайда болған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі 166 мың тоннаны құрады.

Қайта өңделген және кәдеге жаратылған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі 2019 жылы 3,9 мың тоннаны құрады, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі 2,4%-ды құрады.

2019 жылы облыс аумағында 130 ТҚҚ үйіндісі жұмыс істеді (жер актісі бар), оның ішінде рұқсат берілген құжаттары бар 26 ТҚҚ полигоны бар. Осылайша, экологиялық талаптар мен санитарлық ережелерге сәйкес келетін тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру объектілерінің үлесі (оларды орналастыру орындарының жалпы санынан) 20% - ды құрады.

Облыста 5 аудан бар, олардың бірде-бірі заңдастырылған жоқ (Ақкөл, Аршалы, Зеренді, Қорғалжын, Бурабай).

Сондай-ақ облыстың 10 аудан орталығында ТҚҚ полигондары жоқ: Бурабай ауданының Щучинск қ.; Зеренді ауданының Зеренді к.; Бұланды ауданының Макинск қ.; Қорғалжын ауданының Қорғалжын к.; Целиноград ауданының Ақмол к.; Ақмола ауданының Ақкөл қ.; Аршалы ауданының Аршалы к.; Егіндікөл ауданының Егіндікөл к.; Астрахан ауданының Астраханка к.; Біржан сал ауданының Степняк қ.

Елді мекендер халқының жалпы саны – 738 мың адам, оның ішінде қоқыс шығаратын компаниялардың қызметімен қамтылғаны – 328,4 мың адам. Қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметтерімен қамтылған халық саны 44,5%-ды құрайды.

2020 жылға облыстың 6 ауданындағы 7 ТҚҚ полигоны үшін ТЭН әзірлеуге 55,8 млн теңге бөлінді (Бурабай, Аршалы, Ақкөл, Зеренді, Қорғалжын және Целиноград аудандарында).

Ақмола облысында тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинаумен айналысатын 4 кәсіпорын жұмыс істейді: «LS Kokshetau» ЖШС, «Эко-Сервис Бурабай» ЖШС, «ЭкопромБурабай» ЖШС, «Баян» ЖК (11.1.9-кесте).

Ақмола облысының ТҚҚ бөлек жинаумен айналысатын кәсіпорындары

Кәсіпорын	Орналасуы	Қызмет бағыты	2019 жылдың қорытындысы
«LS Kokshetau» ЖШС	Көкшетау қ.	Мүдделі тараптарға одан әрі іске асыру үшін қайталама шикізат жинау	Кәсіпорынмен 2019 жылдың 1-жарты жылдығында 35 шарт жасалды. Қоқыс жинау үшін 30 контейнер орнатылды. Қайталама шикізаттың негізгі көлемі облыстың кәсіпорындары мен ұйымдарынан келіп түседі. Жиналған қайталама шикізат көлемі 1744,14 тоннаны құрады, оның ішінде: макулатура, картон – 971,74 тонна, пластмасса қалдықтары – 143,61 тонна, полиэтилен қалдықтары – 154,2 тонна, шыны сынықтары – 471,12 тонна.
«Эко-Сервис Бурабай» ЖШС	Бурабай ауданы Щучье қ.	Қайталама шикізат жинау	Кәсіпорынмен 2019 жылдың 1-жарты жылдығында 159 шарт жасалды. Қоқыс жинау үшін 143 контейнер орнатылды. Жиналған ТҚҚ көлемі 713 м ³ құрады.
«ЭкопромБур» ЖШС	Бурабай ауданы Щучье қ.	Қалдықтарды қабылдау, қайталама шикізатты сұрыптау, престоу және сату	Кәсіпорынмен 2019 жылдың 1-жарты жылдығында 6 шарт жасалды. 2520 м ³ ТҚҚ қайта өңделді және сұрыпталды.
«Баян» ЖК	Целиноград ауданы Қабанбай Батыр ауылы	тараптық ұйымдарға әрі қарай сату үшін қайталама шикізатты жинау	Кәсіпорынмен 2019 жылдың 1-жарты жылдығында 863 шарт жасалды. Жиналған қайталама шикізат көлемі 289,60 тоннаны құрады, оның ішінде: макулатура, картон-131 тонна, пластмасса қалдықтары - 41,1 тонна, полиэтилен қалдықтары - 38,2 тонна, шыны сынықтары - 29 тонна, ағаш - 43,2 тонна, металл - 7,1 тонна, қалдықтар тараптық ұйымдарға қайта өңдеуге жіберілді.

Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.

Аршалы ауданының аумағында қоқыс өңдейтін өндірістік кешеннің құрылысы бойынша жобаны іске асыру жоспарлануда, бастамашысы «SIO Consulting» ЖШС. Қайта өңдеу қуаттылығы жылына 30 мың тоннаны құрайды, қорытылмаған газдандыру технологиясын қолдана отырып, қайта өңдеу тереңдігі 100%-ға дейін, тұйық цикл қағидаты бойынша экологиялық таза болады.

Жобаны іске асыру мерзімі 2 жылға 100-ден астам жұмыс орнын құруды көздейді. Жоспарланып отырған жалпы инвестиция көлемі 27 млн АҚШ долларын құрайды.

Халықтың қауіпті қалдықтарына ерекше назар аударылады. Сонымен табиғатты қорғау іс-шаралары шеңберінде биылғы жылы Ақмола облысы бойынша 49 000 дана сынабы бар элементтерді (шамдар, градусниктер) жинап, кәдеге жаратуға берілді. Құрамында сынабы бар пайдаланылған шамдарды жинау жалғасуда.

11.1.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес Ақмола облысында жаңартылатын энергия көздері жобаларын іске асыру бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Ақмола облысының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының деректері бойынша 2019 жылы Ақмола облысында баламалы энергетика саласында 3 инвестициялық жоба жүзеге асырылған:

- Ерейментау ауданындағы «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС қуаттылығы 45 МВт жел электр станциясы. 2015-2018 жылдары электр энергиясын өндіру 538,7 млн кВт·сағ құрады, 2019 жылы өндірілгені - 153,2 млн кВт·сағ;

- Целиноград ауданында «Родина» Агрофирма» ЖШС қуаттылығы 750 мың кВт·сағ жел энергетикалық қондырғысы. 2015-2018 жылдары электр энергиясын өндіру 5,26 млн кВт·сағ құрады, 2019 жылы өндірілгені - 1,3 млн кВт·сағ;

- Аршалы ауданында қуаттылығы 100 МВт «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС жел электр станциясын салу бойынша ірі жоба жүзеге асырылуда. 2019 жылдың тамыз айында қуаттылығы 50 МВт 1-ші кезең іске қосылды, жобаға инвестициялар 40,7 млрд теңгені құрайды. Екінші кезең қуаттылығы 100 МВт-қа дейін арттыруды көздейді. 2019 жылы өндірілген электр энергиясының көлемі 75,6 млн кВт·сағ құрады.

Жыл сайын жел электр станциялары облыста өндірілген жалпы электр энергиясының 17%-ын өндіреді, 2019 жылы жаңа ЖЭС енгізу есебінен бұл көрсеткіш 22%-ға жетті.

Ақмола облысында іске асыру жоспарланып отырған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жобалары 11.1.10-кестеде берілген.

11.1.10-кесте

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып жоспарланатын жобалар

№	Жобаның атауы	Орналасуы	Электр станцияның қуаттылығы	Жоба туралы ақпарат
1	«КВ Enterprises» ЖШС Күн электр станциясы	Целиноград ауданы	100 МВт	Іске қосу 2020 жылға жоспарланған. Бұл жоба шетелдік капиталдың қатысуымен жүзеге асырылады. 2016 жылы Ақмола облысының әкімдігі мен жобаның бастамашысы арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, нәтижесінде жобаны іске асыруды бастады. Бүгінгі күні ҚХР-дан (Еуразиялық даму банкі арқылы) жабдықтар сатып алу жүзеге асырылуда.
2	«Ereymentau Wind Power» ЖШС Жел электр станциясы	Ерейментау ауданы	50 МВт	Жоба тұжырымдамасы қуаттылығы 3,5 МВт 15 жел турбинасын салуды көздейді, жобалық-сметалық құжаттама әзірленді, құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін мердігерлік ұйымды анықтау бойынша тендерлік рәсімдер жүргізілуде. Іске қосудың жоспарланған мерзімі - 2021 жыл.

3	«Golden Energy Corp» ЖШС жел электр станциясы	Ерейментау ауданы	30 МВт	Жоба қуаттылығы 1,6 МВт 18 жел турбинасын салуды көздейді. Жер учаскесі бөлінді, техникалық-экономикалық негіздеме мен жоба әзірленді, электр энергиясын сатып алу туралы қаржы-есеп айырысу орталығымен шарт жасалды. Бүгінгі күні 10 жел турбинасы орнатылды, жабдықтар сатып алу жүргізілуде. Іске қосу мерзімі - 2021 ж.
4	«Вичи» ЖШС жел электр станциясы («Ветро Инвест Кокшетау» ЖШС-мен 31.05.2019 бірлесу жүргізілді).	Көкшетау қ.	3,75 МВт	Қуаттылығы 0,75 Мвт болатын 5 жел турбинасы орнатылды. Жолға қою жұмыстары жүргізілуде

Көзі: «Ақмола облысы бойынша экология департаменті» РММ.

2023 жылға қарай аталған жобаларды іске асыру облыста өндірілген энергияның жалпы көлемінен жаңартылатын көздер өндіретін энергия үлесін 45%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

11.1.9. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2019 жылы Ақмола облысының әкімдігі Ақмола облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізді. 2020 жылы мәслихат қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекітуді жоспарлап отыр.

11.2. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	300,6	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам		869 637
	2016–2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд теңге	19,8	19,7	27,3	54,1

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Ақтөбе облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылған. Облыс құрамына 12 аудан, 8 қала, ауылдық округ және 372 елді мекен кіреді. Облыстың әкімшілік орталығы Ақтөбе қаласы болып табылады.

Облыс Қазақстанның солтүстік-батысында, әлемнің екі бөлігінде - Еуропа мен Азияда орналасқан. Аумақтың солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ұзындығы шамамен 700 км, шығысқа қарай - 800 км. Облыс аумағының үлкендігі бойынша республикада екінші орын алады, яғни 300,6 мың км² немесе ел аумағының шамамен 11%-ы.

Қазақстанның алты облысымен: солтүстік-шығысында Қостанай, оңтүстік-шығысында Қарағанды және Қызылорда, оңтүстік-батысында Маңғыстау, батысында Атырау, солтүстік-батысында Батыс Қазақстан облыстарымен шектеседі. Бұл Қазақстанның ТМД елдерімен тікелей шектесетін жалғыз аймағы: солтүстігінде – Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, оңтүстігінде – Өзбекстан Республикасының Қарақалпақ автономиялық облысымен. Сонымен қатар, облыс республиканың шығыс аймақтарынан басқа барлық аймақтарымен аумақтық байланыста.

Қазақстан үшін Ақтөбе облысының үлкен экономикалық және стратегиялық маңызы зор. Оның аумағын табиғи қазбалардың бірегей қоймасы деп атауға болады. Аймақ-хром қоры бойынша әлемдік көшбасшы, оның көлемі 400 миллион тоннадан асады. Жер қойнауында жалпы республикалық титан қорының 40%-ы және никельдің 55%-ы бар. Облыс аумағында көмірсутегі шикізатының болжамды қорларының 30%-ы шоғырланған, республикада мұнайдың өнеркәсіптік қорлары бойынша үшінші орында. Мұнда сондай-ақ алтын, күміс, мыс, мырыш, кобальт, каолин, фосфориттер, мұнай-битум жыныстары, құрылыс материалдарын өндіруге арналған шикізат ірі кен орындары бар.

11.2.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Облыста ауаның ластану деңгейі негізінен бес ірі кәсіпорындар бойынша анықталады: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Қазақойлақтөбе» ЖШС, Ақтөбе ферроқорытпа зауыты және ДТБК филиалы «Қазхром ҰК» АҚ, «Ақтөбе» ГҚБ «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ.

Шығарындылар көздерінің көлемі 11.2.1-кестеде көрсетілген.

11.2.1 - кесте

2018-2019 жылдардағы ластауыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны


	2018	2019
Ластауыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірл.	22 745	22 615

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

2018-2019 жылдардағы стационарлық көздерден Ақтөбе облысы бойынша атмосфераға ластауыш заттар шығарындыларының жалпы көлемі 11.2.1-суретте көрсетілген.

11.2.1-сурет

Стационарлық көздерден шығатын ластауыш заттар шығарындыларының көлемі (мың т)



Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Кәсіпорындар шығаратын негізгі ластауыш заттар-көміртегі тотығы, қатты заттар, күкіртті ангидрид және азот тотықтары.

11.2.2-кестеде негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі көрсетілген.

11.2.2 - кесте

2018-2019 жылдардағы атмосфералық ауаға негізгі ластауыш заттар бойынша шығарындыларының көлемі (мың тонна)

№	Ластауыш заттардың атаулары	2018 жыл	2019 жыл
1	Күкіртті ангидрид	28,4	24,0
2	Азот тотықтары	14,6	15,6
3	Қатты заттар	22,0	22,0
4	Көміртегі тотығы	42,3	38,2

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Жалпы стационарлық ластауыш көздерден шығарылған шығарындылар көлемінің алауларда жағылған ілеспе газ көлемінің үлесі 11,67 мың тоннаны (6%) құрайды.


Алау қондырғыларынан шығатын барлық шығарындылардың 97%-ы 3 мұнай-газ өндіруші және қайта өңдеуші кәсіпорынға тиесілі: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС және «Аман Мұнай» ЖШС.

Алауларда жағылатын ілеспе газ көлемінің төмендеуі ілеспе газды кәдеге жарату көлемінің ұлғаюына байланысты. Сонымен қатар, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС ілеспе мұнай газын өндіру көлемі 2019 жылы 256,8 млн м³-ге артық (өткен жылы 406,9 млн м³-ке қарсы 663,8 млн м³ газ өндірілді және 91,7 млн м³-ге қарсы 32,7 млн м³ жағылды).

Бұдан басқа, Ақтөбе облысының атмосфералық ауасын негізгі ластауыштардың бірі жылжымалы көздерден шығатын газдар болып табылады.

11.2.2-суретте 2018-2019 жылдары тіркелген автокөлік құралдарының саны туралы ақпарат берілген.

2018-2019 жылдардағы Ақтөбе облысындағы автокөлік құралдарының саны




Көзі: ҚР Ішкі істер министрлігі.

ҚР Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша 2019 жылы автокөлік құралдарының саны 2018 жылмен салыстырғанда 7134 бірлікке азайды, бензин қозғалтқышы бар автокөлік құралдарының саны 2019 жылы 23 175 бірлікке азайды, газ отынында керісінше 2 292 бірлікке артты.

Атмосфераға шығарындылардың өсуі шығарындыларға және әкелінетін ЖЖМ сапасына бақылауды күшейтумен, автокөлікті газ отынына ауыстырумен және Еуро-4 талаптарына жауап беретін жаңа автокөлік құралдарының үлесін арттырумен тежеледі.

2018-2019 жылдардағы автокөліктен шығарылатын ЛЗ шығарындыларының жалпы көлемі (мың т)



Көзі: Ақтөбе облысының әкімдігі.

Қаланың атмосфералық ауасына түсетін жүктемені азайту мақсатында жол төсемін кеңейту және қайта жаңарту, сондай-ақ қаланың автожолдарын көгалдандыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ақтөбе қаласының аумағын көгалдандыру бойынша тұрақты негізде жұмыстар жүргізілуде. 2019 жылы қала аумағында 215 га алаңға 8 591 көшет отырғызылды.

2019 жылы Ішкі істер органдарымен бірлесіп Ақтөбе қаласының аумағында автокөлік шығарындыларын бақылау бойынша іс-шаралар жүргізілді, 121 бірлік автокөлік құралдары тек-

серілді (121 дизель отыны). Уыттылықты арттырудың 36 фактісі анықталды, кінәлі тұлғаларға қатысты шаралар қабылданды.

Ішінара тексеру барысында 193 бірлік автокөлік тексерілді, оның ішінде 10 бензин және 183 дизель отыны. Нәтижесінде уыттылықтан асып кетудің 28 фактісі анықталды.

Ақтөбе облысы бойынша ҚОСНҚ-ға қол жеткізу аясында бюджеттік ұйымдардың автокөлігі (825 бірлік) газ отынына ауыстырылды:

- облыс бойынша тіркелгендердің жалпы санынан автомобильдердің 23%-ы газ отынына ауыстырылды;

- қаланың 64 қиылысы қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйесіне қосылған.

Атмосфералық ауаның сапасы

Ақтөбе қаласында атмосфералық ауасының жай-күйін бақылау «Қазгидромет» РМК-мен 6 стационарлық бекеттерінде жүргізілді.

2019 жылы «Қазгидромет» РМК деректері бойынша Ақтөбе қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары (АЛИ = 7) деп бағаланды.

Озонның орташа айлық шоғырлануы (жерге жақын) 1,7 ШЖК_{от.} құрады, қалған ластауыш заттардың шоғырлануы ШЖК-дан аспады.

2019 жылы «Қазгидромет» РМК жоғары ластанудың 8 жағдайы тіркелді: күкіртсутегімен - 7 жағдай (10,8-20,8 ШЖК) және күкірт диоксидімен - ЖЛ 1 жағдай (10,0 ШЖК). 2018 жылы ЖЛ күкіртсутегі анықталған жоқ.

Күкіртсутекті және жағымсыз иістерді шығарудың негізгі көзі қалалық кәріз жүйесі, кәріздік сорғы станциялары (КСС); Кирпичный кентінің төгу станциясы; кәріздік құдықтар-сөндіргіштер; кәріздік газарту құрылыстары (КТҚ); «Ақбұлақ» АҚ тұнба алаңдары болып табылады.


Ақтөбе облысында атмосфералық ауаның ластануы бойынша біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Аймақтың газдандырылуы

Ақтөбе облысындағы газ құбырының жалпы ұзындығы 6 720 км құрайды. 792 (90,1%) мыңнан астам тұрғыны бар облыстың 323 елді мекенінің 113 (35%) газдандырылған. 2019 жылдың қорытындысы бойынша газбен қамтамасыз етілген елді мекен көрсеткіші 1,6%-ға ұлғайды (11.2.4-сурет).

11.2.4-сурет

2018-2019 жылдардағы газ құбырларының жалпы ұзындығы (км)



Көзі: Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті.

2019 жылы республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландыру есебінен жалпы құны 5,6 млрд теңге болатын газбен жабдықтаудың 21 жобасы іске асырылды. Осы жобаларды іске асыру нәтижесінде 8200-ден астам тұрғыны бар 16 елді мекен (Әйтеке би ауданының Ақкөл, Жарөткел, Жамбыл, Алға ауданының Ақай, Көлтабан, Байғанин ауданының Жаңатаң, Бұлақтыкөл, Ойыл ауданының Бестамақ, Қобда ауданының Калиновка, Бегалы, Егіндібұлақ, Белтабан, Темір ауданының Басшилi, Тасқопа, Хромтау ауданының Тассай, Көкпекті ауылдары) газдандырылды

Сонымен қатар республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландыру есебінен жалпы құны 4,32 млрд теңге болатын 15 газбен жабдықтау жобасы іске асырылуда, оларды 2020-2021 жылдары аяқтау жоспарланып отыр. Аталған жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде 7900 тұрғыны бар 10 елді мекен газдандырылатын болады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша халықты газбен қамтамасыз ету көрсеткішіне 91,1% және елді мекендерде - 38,1% қол жеткізу жоспарлануда.

11.2.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Ақтөбе облысының басты өзендері: Сағыз (510 км), Қобда, Ембі (712 км), Өлкейек (349 км), Елек (623 км). Сондай-ақ, облыс аумағы арқылы ірі өзендер: Торғай (825 км), Ойыл (800 км), Жем (712 км), Қырғыз (593 км), Ор (314 км) ағып өтеді. Торғай өзенінен басқа аймақтың барлық ірі өзендері Ақтөбе облысының орталық бөлігіндегі Мұғалжар тауларынан бастау алады. Негізінен өзендер қорегін жылдық суағар көлемінің 75-95%-ы жыл сайынғы көктемгі қар суларының еруінен алады.

Ағынды су ағызулары және суды бұру

2019 жылы Ақтөбе облысында су бұрудың жалпы көлемі 75415,13 мың м³ құрады (11.2.3-кесте).

2019 жылы ағызулар лимиттерінің көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 20%-ға азайды:

- «Қазхром» ТҰК АҚ – Дон тау-кен байыту комбинатының (ДКБК ФЛ) ағызулар көлемі 8,4 мың тоннаға азайды;

- «Ұлы Борсық» КМК жергілікті жер бедеріне ағынды суларды өз бетімен ағызуға жол берді;

- «Алға-Жылу» КМК жергілікті жер бедеріне ағынды суларды апаттық ағызуға жол берді;

- «Қобда су» КМК жергілікті жер бедеріне ағынды суларды өз бетімен ағызуға жол берді.

Аталған кәсіпорындарға қатысты ҚР заңнамасында көзделген тиісті шаралар қабылданды.

11.2.3-кесте

Су ресурстарының ластануы және ластауыш заттардың ағызулары

Ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат		2018 жыл	2019 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	57 519,08	49 119,08
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	14,73	13,22
Шаруашылық-тұрмыстық ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	17 896	17 896
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	4,58	4,58
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	-	0,04
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	-	22,93

Барлығы (жоғары-да аталған барлық ағызулар)	Суды бұру көлемі, мың м ³	75415,08	75415,13
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна (коммуналдық кәсіпорындарды ескере отырып)	19,31	40,73

Көзі: Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті.

Ақтөбе облысы бойынша ағынды суларды ағызуды 16 коммерциялық және 15 мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

Су объектілеріне ағызуды 2 кәсіпорын жүзеге асырады («Ақбұлақ» АҚ - Елек өзеніне, «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы - Жарлы бұтақ су қоймасына), қалған 29 кәсіпорын ағынды су жинағыштарға (сүзу алаңдары, буландырғыш тоғандар және т.б.) ағызады.

КТҚ-ның 15 кәсіпорнының 3 кәсіпорны бар («Ақбұлақ» АҚ, «Алға жылу» КМК және «Коммунальщик» КМК), қалған 12 кәсіпорынның ағынды сулары сүзу алаңдарына іс жүзінде тазартусыз жіберіледі.

Жағдайды тұрақтандыру үшін «Ақбұлақ» АҚ келесі шаралар кешенін қабылдады:

- кәріздік тұнбаны жинауға арналған алаңдар КТҚ-дан 1 км қашықтықта орналасқан, алаңдардың периметрі бойынша иістермен күресу үшін «сулы тосқауыл» жүйесі орнатылған;
- иісті бейтараптандыру жүйесі бар көмір сүзгілері орнатылған 15 КТҚ және 2 құдық анықталды;

- кәріздік тазарту құрылыстарынан газдың шығарылуын азайту үшін КТҚ ашық бөліктерін (құм ұстағыштарды, ағындарды тарату және қабылдау камераларын және т.б.) 500 м² алаңмен жабу материалымен оқшаулау бойынша жұмыстар жүргізілді. Аудан орталықтарында ағынды суларды ағызуды және КТҚ салу проблемаларын шешу үшін Экология департаменті түгендеу жүргізді, оның нәтижелері облыс басшылығына жеткізілді, «Нұрлы жол» бағдарламасы және Ақтөбе агломерациясын аймақтық дамыту бағдарламасы шеңберінде КТҚ салу қажеттілігі туралы қорытындылар берілді.

Ауданның елді мекендерінде тазарту құрылыстарын салу мәселесі Департаментпен бірнеше рет жергілікті атқарушы органдардың алдына қойылған, бірақ шешілмеген күйінде қалып отыр.

2019 жылы ҚОСНК іс-шаралар жоспары шеңберінде Ақтөбе қаласы үшін тазарту құрылыстары кешенін жаңғыртудың ЖСҚ әзірлеу басталды. Әзірлеу мерзімі 2018-2020 жылдар, құны 348,0 млн теңге.

Еуропалық Қайта құру және даму банкінен (ЕҚДБ) несие ресурстары есебінен «Жилгородок ауданының өздігінен ағатын кәрізін қайта жаңарту» жобасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді.


Жұмыстың тағы бір бағыты – қала кәсіпорындарында ағынды суларды тазарту үшін жергілікті қондырғыларды орнату бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілермен жұмыс жүргізу. Нәтижесінде 85 өнеркәсіптік кәсіпорында ағынды суларды тазартуға арналған жабдық орнатылды, 136 қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынында май ұстағыштар орнатылды.

Беткі сулардың сапасы

«Қазгидромет» РМК-мен Ақтөбе облысындағы 12 беткі сулардың ластануына бақылау жүргізілді: Елек, Қарғалы, Қосестек, Ақтасты, Ойыл, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Ембі, Темір, Ор, Ырғыз, өзендерінде және Шалқар көлінде.

Бірыңғай классификация бойынша 2019 жылы Ақтөбе облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 4 класс – Елек, Қарғалы, Ор, Қосестек, Ақтасты, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Темір, Ембі, Ырғыз өзендері және Шалқар көлі; нормаланбайды (>5 класс) – Ойыл өзені.

2019 жылы Ақтөбе облысының аумағында Елек өзенінде (6+) хроммен ЖЛ 15 жағдайы тіркелді (11.2.5-сурет).

2016-2019 жылдардағы Елек өзенінің ⁽⁶⁺⁾ хроммен жоғары ластану жағдайлары

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша беткі сулардың сапасын бақылау нәтижелері туралы біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған

Хроммен ластану тарихи болып табылады, өткізілген іс-шаралар «Экологиялық проблемалар» 12-бөлімінде көрсетілген.

11.2.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Ақтөбе облысының жер қоры 30062,9 мың га құрады.

2019 жылғы аймақтың жер қорын санаттар бойынша бөлу 11.2.4-ші кестеде және 11.2.6-суретте келтірілген.

11.2.4-кесте

2018-2019 жылдардағы жерлерді санат бойынша бөлу (мың га)

№	Жерлерді санат бойынша бөлу	2018	2019
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	10 500,0	10672,3
2	Елді мекен жерлері	3 838,1	3834,9
3	Өнеркәсіп жерлері	188,3	192,7
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлері	1 211,2	1211,2
5	Орман қорының жерлері	216,8	215,8
6	Су қорының жерлері	6,6	13,1
7	Босалқы жерлер	13 316,1	13445,1
8	Ресей Федерациясымен пайдаланылатын жерлер	-	477,8

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2018-2019 жылдар бойынша жерлерді санаттарға бөлу (мың га)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті.

Кен орындарын игеру, сондай-ақ геологиялық, іздестіру, құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу нәтижесінде бұзылған жерлер 13,5 мың га құрады.

2019 жылы жер учаскелерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген жоқ.

2019 жылы облыс бойынша фермерлік шаруашылықтарға жалпы ауданы 771,5 мың га 427 жер учаскесі берілді.

Жерлерді алу

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 81-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 2019 жылы облыстың қалалары мен аудандарының жергілікті атқарушы органдары жанынан құрылған жұмыс топтарының жұмысы нәтижесінде жалпы алаңы 595,2 мың га 291 жер учаскесін уақытша жер пайдалануға арналған шарттар мерзімінен бұрын бұзылды, жерлер мемлекеттік меншікке қайтарылды.

11.2.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

Ақтөбе облысының аумағында 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай (2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 141 жер қойнауын пайдаланушы) кең таралған пайдалы қазбаларды (КТПҚ) барлау мен өндіруге құқығы бар 141 жер қойнауын пайдаланушы бар (11.2.5-кесте).

11.2.5-кесте

Анықталған бұзушылықтар көлемі

	2018 жыл	2019 жыл
Табиғат пайдаланушылар саны	141	141
Анықталған бұзушылықтар көлімі, оның ішінде:	26	21
Жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзу	26	21
Минералды шикізат өндірілді, мың тонна	3232,9	3383,4
Аршылған жыныстар көлемі, мың тонна	29267,4	29088,2

Көзі: Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті.

2017 жылдың 20 қыркүйегінде Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары 2017-2019 жылдарға арналған КТПҚ заңсыз өндіру фактілерін анықтау және базасын қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспарын бекітті.

2019 жылы КТПҚ-ны өз бетімен және заңсыз өндірудің 21 жағдайы анықталды, заңнаманы бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

11.2.5. БИОӘРТҮРЛІК

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жағдайы туралы

Облыс аумағында сүтқоректілердің 62 түрі және құстардың 214 түрі кездеседі, оның ішінде сүтқоректілердің 35 түрі және құстардың 80 түрі аңшылық-кәсіпшілік болып табылады, аңдардың 10 түрі және құстардың 35 түрі ҚР Қызыл кітабына енгізілген. Жабайы жануарлардың көптеген түрлерінің қазіргі жағдайы тұрақты және ерекше алаңдаушылық тудырмайды. 2019 жылы кәсіпшілік аң аулау жүргізілген жоқ.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан облыста 2007 жылы 763,5 мың га ауданға құрылған Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты және 296,0 мың га ауданда Торғай мемлекеттік қорығы бар. Резерват аумағы Қызылорда, Қарағанды және Қостанай облыстарымен шектеседі. АШМ Орман және аңшылық комитетінің 2007 жылғы 6 шілдедегі №224 бұйрығына сәйкес Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи қорығын қорғау резерватқа жүктелген. Қорық аумағын ескере отырып, резерватпен қорғалатын аумақтың ауданы 1060,0 мың га құрайды.

Жануарлар дүниесін қорғау және халықты экологиялық ағарту мақсатында 2 баннер орнатылды.

Резерват табиғи кешендердің және олармен байланысты табиғи және тарихи-мәдени объектілердің биологиялық әртүрлілігін қорғауды, қалпына келтіруді және қолдауды талап ететін беткі және экологиялық су жүйелерін қамтитын табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ болып табылады.

Флора мен фауна түрлерінің болуы:

- өсімдіктер – 390;
- сүтқоректілер – 42 (оның ішінде ҚР Қызыл кітабына енгізілген-2);
- құстар – 250 (оның ішінде ҚР Қызыл кітабына енгізілген-32);
- қосмекенділер – 4;
- бауырымен жорғалаушылар – 14.

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 18 шілдедегі №271 қаулысымен ауданы 154083 га «Озерный» жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қорығы құрылды.

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданында «Қарғалы» мемлекеттік өңірлік табиғи паркін құрудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі әзірленді.

Ойыл ауданында жалпы ауданы 63 467,54 га «Ойыл» жергілікті маңызы бар қорықшасын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ақтөбе облысы Қарғалы ауданында «Қарғалы» мемлекеттік аймақтық табиғи паркін құрудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі әзірленді.

Орман қорының жай-күйі туралы

Ақтөбе облысы Қазақстан Республикасының ең аз орманды облыстарының бірі болып табылады. Облыстың орман ресурстары жекелеген қайың-көктерек шоқылары, ең ірі өзендер – Елек, Қарғалы, Жайық (Орал), Қобда, Ойыл, Темір және олардың салалары бойындағы жайылмалы ормандар болып табылады. Сондай-ақ, темір жолдар мен автомобиль жолдарының бойында жасыл екпелер бар.

Ақтөбе облысының мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 987,8 мың га құрайды, оның ішінде орманды жерлер - 95,4 мың га, орманмен көмкерген алқап 52,8 мың га құрайды.

Ақтөбе қаласының айналасындағы санитарлық-қорғау жасыл аймағын қайта құру жоспары іске асырылуда. 2016 жылы жалпы алаңы 147 га құраған және құндылығы аз ағаш тұқымдарын қайта жаңарту мақсатында кесу жүргізілді.

Балық шаруашылығы

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 12 мамырдағы «Жергілікті маңызы бар балық

шаруашылығы су қоймаларының тізбесін бекіту туралы» №167 қаулысына сәйкес, облыс аумағында 100 балық шаруашылығын жүргізуге арналған су қоймалары бар, оның ішінде 13 өзен және оның салалары, 48 көл, 8 су сақтағышы және 31 тоған кіреді.

Балық шаруашылығы су қоймаларының қоры екі үлкен су бассейндеріне: Тобыл-Торғай және Жайық-Каспий жатқызылады.

Негізгі балық шаруашылық аймақтары: Ырғыз-Торғай өзен-көл жүйесі, сонымен бірге Ақтөбе, Қарғалы, Мағаджан су сақтағышы болып табылады.

«Қазақ балық шаруашылығы Ғылыми зерттеу институты» ЖШС-ның Батыс-Қазақстан облысының филиалы жүргізген ғылыми биологиялық зерттеулер негізінде 2019 жылға Ақтөбе облысының су қоймаларында 337 тонна көлемінде балық аулау лимиті бекітілді, 2018 жылы – 365 тонна.

Балық аулауды пайдаланушыларға рұқсат беру облыстың Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен бекітілген лимит бойынша жүзеге асырылады. Облысқа бөлінген лимиттің 60%-ы Торғай зоологиялық қорықшасының аумағында орналасқан Ырғыз ауданындағы су қоймаларына тиесілі, сондықтан аталған су қоймаларда балық аулау мерзімі 1 қыркүйектен басталады.

2019 жылы 315 тоннаға 107 рұқсат берілді, бюджетке түсімдер 5,5 млн теңгені құрады. 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша нақты балық аулау 315 тоннаны құрады.

2019 жылы балық шаруашылығын жүргізу үшін 47 табиғат пайдаланушыға өзен учаскелері бар 64 су қоймасы бекітілді (2015 жылы – 26 бекітілген су қоймасы, 2016 жылы – тағы 16, 2017 жылы – тағы 13, 2018 жылы – 67).

Балық шаруашылығын жүргізу кезінде пайдаланушылардың негізгі міндеттемелері жыл сайын су қоймаларын балықтандыру және ғылыми зерттеу, сондай-ақ бекітілген су қоймаларын қорғау үшін қорықшылық қызметті материалдық-техникалық жарақтандыру және ұстау болып табылады.

2019 жылы облыстың су қоймаларына 1120 мың дана балық шабағы жіберілді. Бұдан басқа, «Пригородный» ЖШС, «Рад Агро» ЖШС, «Айс» ЖШС балық ресурстарына келтірілген зиянды өтеу бойынша жұмыстар жүргізілді, Елек өзені 15 мың дана бір жылдық тұқы балығымен балықталды.

11.2.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Облыс аумағында жергілікті жердің гамма шығару деңгейіне бақылау жүргізу күн сайын 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылкелді, Новоалексеев, Родников, Ойыл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының атмосфералық ауасына бақылау жүргізу 2 автоматтандырылған посттарда жүзеге асырылады.

Атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылкелді, Шалқар) ауадан көлденең планшеттермен сынама алу әдісімен жүзеге асырылады.

«Қазгидромет» РМК мониторингінің деректеріне сәйкес, облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,01-0,35 мкЗв/сағ шегінде болды, облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,13 мкЗв/сағ құрады және шекті жол берілетін деңгейде болды.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсуінің орташа тәуліктік тығыздығы 0,7-4,2 Бк/м² шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,4 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Радиациялық мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша гамма-сәулеленудің экспозициялық дозасы қуатының шекті жол берілетін мәндерінің және радонның көлемдік белсенділігінің артуы анықталмаған.

Облыста техногендік радионуклидті көздер ашық түрде пайдаланылмайды, көмуге жататын радиоактивті қалдықтар жоқ.

Облыстың кен орындары радиациялық жағынан қолайлы деп сипатталады.


11.2.7. ҚАЛДЫҚТАР

Өнеркәсіптік қалдықтар туралы

2019 жылы Ақтөбе облысында 46 800,12 мың тонна қалдық түзілді (2018 жылы – 55174,933 мың тонна), оның ішінде кен өндіру саласы бойынша - 46 198,77 мың тонна (98,7%), химия өнеркәсібі бойынша - 353,716 мың тонна (0,75%), мұнай саласы бойынша - 175,891 мың тонна (0,37%) (11.2.7 сурет).

11.2.7-сурет

2019 жылғы түзілген өнеркәсіптік қалдықтардың үлесі



Көзі: Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті.

2018 жылмен салыстырғанда қалдықтардың түзілу көлемі 8347,813 мың тоннаға азайды. Жалпы, өнеркәсіптік қалдықтардың түзілу көлемі 15%-ға төмендеді.

«Коппер Технолоджи» ЖШС жұмысының азаюына байланысты тау-кен өндіру саласы қалдықтарының түзілу көлемі азайды.

Өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу үлесі 11%-ды құрады, бұл шамамен 2018 жылғы деңгейде. Мұнай өнеркәсібі қалдықтарының түзілу көлемі 175,891 мың тоннаны құрады, оның ішінде 174,888 мың тонна қалдық өңделді (99,4%). Осылайша, «CNPC-Ақтөбемұнайгаз» АҚ 71,7 мың тонна күкірт құрады, оның 63,6 мың тоннасы дайын өнім ретінде экспортқа берілді.

Іс жүзінде барлық тау-кен өндіру кәсіпорындарында қалдықтарды басқару жүйесі жұмыс істейді, оған жұмыстың технологиялық циклінің барлық кезеңдері кіреді: қалдықтардың түзілуінің алу және азайту, есепке алу және бақылау, жинақтау, сондай-ақ өндіріс қалдықтарын жинау, өңдеу, кәдеге жарату, тасымалдау, сақтау және жою.

Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында «Қазхром ТҰК» АҚ филиалының Дон тау-кен байыту комбинатының аршу және сыйымды жыныстарының қалдықтары карьерлердің қазылған кеңістігінде орналастырылады (пайдаланылады), бұл өз кезегінде қалдықтарды үйінділерге жинауды азайтуға мүмкіндік береді.

ТҚҚ полигондарының жағдайы туралы

2019 жылы облыс бойынша орналастырылған ТҚҚ көлемі – 295,6 мың тоннаны, 2018 жылы – 298,6 мың тоннаны құрады. Облыста ТҚҚ орналастыру үшін 12 полигон бар, олардың 5 коммуналдық болып табылады: Ақтөбе қаласы, Алға қаласы, Шалқар қаласы, Хромтау қаласы, Кеңқияқ кенті.

ТҚҚ полигондарымен кезең-кезеңмен қамтамасыз ету үшін барлық аудан орталықтары ТҚҚ полигондарын салуға арналған құжаттаманы дайындау бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Шұбарқұдық және Бадамша кенттері үшін полигондар құрылысының ТЭН әзірленді, Мәртөк, Қобда және Қарауылкелді кенттеріндегі полигондар жобаларының ЖСҚ әзірлеу аяқталуда.

Апатты үйінділер туралы

Облыста барлық аудан орталықтарында коммуналдық қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар жоқ. Осыған байланысты коммуналдық қалдықтарды орналастыру рұқсат етілмеген (апатты) үйінділерде жүргізіледі.

Облыс аудандарында ТҚҚ орналастыру үшін жер учаскелерін заңдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде, Әйтеке би, Қобда және Ойыл аудандарында жер актілері толық көлемде ресімделді.

Ақтөбе қаласындағы ТҚҚ полигонындағы «СоюзГранд» ЖШС сұрыптау желісі толық қуатта жұмыс істемей, 2018 жылдың қазан айында тоқтатылғандығын айта кету керек. Полигондағы қалдықтарды сұрыптау 2019 жылдың 1 тоқсанында «Neo Plus» ЖШС сұрыптау кешенін сатып алумен қайта жанданды.

Экология департаменті Ақтөбе облысының ТРЖТРБ және аудан әкімдіктерімен бірлесіп «ТҚҚ бөлек жинауды, сұрыптауды, кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді енгізу бойынша жол картасын, жергілікті атқарушы органдардың 2020 жылға дейін ТҚҚ-мен жұмыс істеу саласындағы мамандандырылған кәсіпорындармен өзара іс-қимылын» іске асыру бойынша жұмыс жүргізуде.

Ақтөбе облысының аумағында көнді орналастыруға арналған полигондар жоқ, мал қорымдарында проблемалар бар. Ауылдық округтерде өлген жануарлардың өлекселерін орналастыру үшін 39 мал қорымы бар, бұл жеткіліксіз.

2019 жылы «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ ғарыштық түсірілімінің деректері бойынша Ақтөбе облысында 747 жер учаскесінде, оның ішінде Ақтөбе қаласынан 50 км радиуста – 425 (Алматы ауданында – 281, Астана ауданында – 144, оның ішінде жойылғаны - 3), Алға ауданында – 214, Мәртөк ауданында – 58, Қарғалы ауданында – 37, Хромтау ауданында – 13) рұқсатсыз қоқыс үйінділері анықталды.

2019 жылғы 29 шілдеде Экология департаменті рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін анықтау фактілері бойынша қала және аудан әкімдеріне заң бұзушылықтарды жою және болдырмау туралы жеке ұсыныстар жіберді.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі А.Ә. Пірімқұловтың және Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Қ. Қ. Бекеновтің тапсырмаларына сәйкес, ғарыштық мониторинг нәтижесінде Ақтөбе облысының аумағында анықталған апатты үйінділерді жою кестесі бекітілді. 2019 жылы 25 қоқыс үйіндісі жойылды: 10 – Мәртөк, 12 - Алға және 3 - Алматы аудандарында.

11.2.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Ақтөбе облысында жаңартылатын энергия көздері-жел электр станциясы саласында 3 жоба іске асырылуда.

2018 жылдың желтоқсан айында облыстың Қарғалы ауданында ENI компаниясының 1-ші жел электр станциясының құрылысы басталды. Жобаның құны - 33 млрд теңге. Қуаттылығы-жылына 48 МВт. Жобаның меншік ие-акционерлері «Eni International B. V.» және «General Electric» болып табылатын «Arm Wind» ЖШС. Жобаның техникалық іске қосылуы 2019 жылғы 18 желтоқсанда өтті.

«Arm Wind» ЖШС Қарғалы ауданында жобаның екінші кезегін жүзеге асыру жұмыстарын жүргізуде.

«Arm Wind» ЖШС 2019 жылғы 23 қыркүйекте өткен ҚР Энергетика министрлігі жанындағы 2019 жылы ЖЭС жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша жеңімпаз атанды, жобаның белгіленген қуаттылығы – 48 МВт, аукциондық бағасы-19,27 тг/кВт-сағ (ҚҚС-сыз).

2019 жылдың шілдесінде Мәртөк ауданында «Желэнерго» ЖШС Жел энергетикалық қондырғысы пайдалануға берілді. Жобаның құны – 88 млн теңге. Қуаттылығы - 450 кВт-сағ.

11.2.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Ақтөбе облысының қоршаған орта сапасының 2018-2025 жылдарға арналған нысаналы

көрсеткіштері (бұдан әрі-ҚОСНК) 2017 жылы әзірленді және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2018 жылғы 22 наурызындағы №293 шешімімен бекітілді.

2019 жылғы 31 тамызда ҚОСНК-ға қол жеткізу бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді, оған Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Қ.Бекенов жетекшілік етеді.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің кестесі және біршама толық ақпарат (<http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoj-informacii/jekologijalyzha-daj/>) және (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V18C0005924>) сайттарында орналасқан.



11.3. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің ің S, мың км ²	223,6	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам		2 038 935
	2016-2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд теңге	1,9	1,9	3,3	1,4

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Алматы облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылған, қазіргі шекаралары Талдықорған облысының қосылуына байланысты 1997 жылдың 22 сәуірінде алды. Қазақстан Республикасының оңтүстік - шығыс бөлігінде орналасқан және батыста Жамбыл, солтүстік-батыста – Қарағанды (су шекарасы Балқаш көлі бойынша өтеді), солтүстік-шығыста - Шығыс Қазақстан - облыстарымен шектеседі. Шығыста облыс Қытай Халық Республикасымен (СҰАА), оңтүстігінде – Қырғыз Республикасымен (Шу және Ыстықкөл облыстары) шектеседі. Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорған қаласы болып табылады.

Алматы облысының табиғаты бірегей, өте күрделі географиялық сипаттамасы және әртүрлі рельефі бар. Солтүстік-батыс бөлігі шөлейтті жазықты болып келеді. Облыс аумағы Балқаш көлінің маңында орналасқан. Облыстың басым бөлігін Алакөл және Іле өзенінің ойпаттары, сондай-ақ көптеген құмды алқаптар (Сарыесік Атырау, Тауқұм, Мойынқұм және т.б.) алып жатыр. Оңтүстігінде Іле Алатауы, Күнгей Алатау, Кетпен, оңтүстік-шығысында Жоңғар қақпасы орналасқан. Олардың біртіндеп төмендейтін беткейлерінің түйіскен жерінде Іле өзенінің орта арнасы орналасқан, солтүстігінде тау бөктерімен («сөрелермен») және тау бөктеріндегі жазықтармен көмкерілген. Тау бөктерлерінің өздері конустарын (Шарын, Шелек, Үлкен Алматы, Күрті) алып жатыр.

Облыс аумағында барлық табиғи-климаттық белдеулер – жартылай шөлейттер мен шөлейттерден бастап альпілік шалғындар мен таулы мұздықтарға дейін орналасқан. Тау бөктерінде қара топырақ пен қара қоңыр топырақты. Оларда жабайы және мәдени өсірілетін ағаштар өседі. Таулы жерлерде қардан босатылған жерлер жаз мезгілінде бай өсімдіктермен көмкеріледі. Жазық бөлігінде құмды алқаптар мен тақырлар бар. Ашық қоңыр топырақта жартылай шөлейт өсімдіктер өседі.

Алматы облысының табиғи жағдайына - шөлден мәңгі қарға дейінгі 5 климаттық аймақ кіреді. Климаты шұғыл континенталды, жазықтықты бөлігінде қаңтар айының орташа температурасы -15 °С, тау бөктерінде – 6-8 °С; тиісінше шілдеде +16 °С және + 24 - +25 °С

Алматы облысы табиғи ресурстардың барлық түрлеріне ие, олардың ішіндегі ең маңызды түсті металдар - қорғасын, мырыш, мыс, сирек - вольфрам, қалайы, молибден, бериллий, асыл тастар - алтын және күміс болып табылады. Энергетикалық қоңыр көмірдің ірі кен орындары анықталды. Облыс аумағында минералды шикізаттың ең көп таралған түрлері - табиғи түзілістердің жалпыға таралған түрі құрылыс материалдары болып табылады.

11.3.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Алматы облысының атмосфералық ауасының ластануына негізгі әсер ететін кәсіпорындар: жылу энергетикасы, автомобиль көліктері, ҚР Қорғаныс министрлігінің аймақтық операциялық бөлімшелерінің әскери гарнизондарының қазандары, құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорындар, қазандық кәсіпорындар, ұйымдар сонымен қатар ауыл шаруашылығы объектілері.

Ластауыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны бойынша деректер 11.3.1-кестеде келтірілген.

Ластауыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны

Көрсеткіштің атауы	2018 жыл	2019 жыл
Ластауыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірл.	15 237	13 435

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

2019 жылы стационарлық көздердің саны 2018 жылмен салыстырғанда азайды.

Статистика комитетінің деректері бойынша, Алматы облысында атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың көлемі 2019 жылы 48,1 мың тоннаны құрады, 2018 жылмен салыстырғанда (2018 жылы – 50,2 мың тонна) азайды.

11.3.2-кестеде атмосфералық ауаға негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі бойынша деректер берілген.

Атмосфералық ауаға ластауыш заттар шығарындыларының көлемі
(мың тонна)

Ластауыш заттардың атауы	Көлемі (мың тонна)	
	2018 жыл	2019 жыл
Күкіртті ангидрид	11,5	10,5
Азот тотықтары	6,2	6,3
Қатты заттар	11,3	11,6
Көміртегі тотығы	13,9	13,1

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Бұдан басқа, Алматы облысының атмосфералық ауасын негізгі ластауыштардың бірі жылжымалы көздерден шығатын газдар болып табылады.

Статистика комитетінің деректері бойынша, Алматы облысында 2019 жылы 493,5 мың бірлік жеңіл автомобиль тіркелген және 56,5 мың бірлік жүк автомобиль тіркелген.

Облыс әкімдігімен қалалық автопаркті жаңарту, сондай-ақ автокөлік иелерін табиғи газға немесе электр жетегі бар автомобильдерге көшуге ынталандыру бойынша нақты жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен Талдықорған қаласының жолаушылар автомобиль көлігін газ отынына көшіру мақсатында әкімдік «СарыарқаАвтоПром» ЖШС-дан табиғи газбен жұмыс істейтін автобустарды сатып алуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» сайлауалды бағдарламасын және «Бірге» жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-әрекет жоспарының 90-тармағын орындау шеңберінде 2020-2024 жылдарға арналған экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және іске асырылуда.

Облыстың көптеген кәсіпорындарында қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету және қазандықтарды және жылу электр станцияларын газ отынына ауыстыру арқылы технологиялық процестерді жетілдіру, жаңа тазарту қондырғыларын пайдалануға беру және қолданыстағыларын жаңғырту бойынша табиғатты қорғау іс-шараларын енгізу байқалады.

Атмосфералық ауаның сапасы

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша Талдықорған қаласында тұрақты түрде атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау және Есік, Талғар қалаларына, Өтеген Батыр, Қаскелең кенттері және Түрген ауылында эпизодтық бақылау жүргізілді.

Талдықорған қаласының атмосфералық ауасының жай-күйін бақылау екі стационарлық бекетте жүргізілді. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың

атмосфералық ауасының ластану деңгейі АЛИ=3 төмен болып сипатталды. Атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы өзгерген жоқ.

«Қазгидромет» РМК Талдықорған қаласында атмосфералық ауаның ластануына және Есік, Талғар қалаларына, Өтеген Батыр, Қаскелең кенттері және Түрген ауылының екі нүктесі бойынша барлық елді мекенде эпизодтық бақылау жүргізді. Күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді, азот диоксиді, фенол және формальдегидтің калқыма заттардың (шаң) концентрациясы өлшенді.

Бақылау деректері бойынша 2019 жылы көміртегі оксиді концентрациясының артуы Талғар ауданында, Іле ауданының Өтеген батыр кентінде, Қаскелең және Есік қалаларында тіркелген. Есік қаласында формальдегидтің ең көп бір реттік шоғырлануы бойынша ШЖК артуы 1,0 ШЖК құрады. Барлық пункттерде басқа анықталатын заттардың концентрациясы шекті жол берілетін нормада болды.

11.3.3 - кесте

2018-2019 жылдардағы Алматы облысында көміртегі оксиді концентрациясының артуы

Аймақ	2018	2019
Талғар ауданы	1,5 ШЖК	1,8 ШЖК
Іле ауданының Өтеген батыр к.	-	1,5-1,8 ШЖК
Қаскелең қ.	-	1,6-1,9 ШЖК
Есік қ.	-	1,6-1,8 ШЖК

2019 жылы облыс бойынша жоғары ластану және экстремалды жоғары ластану жағдайлары байқалған жоқ.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-нің (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Аймақтың газдандырылуы

Алматы облысында 742 елді мекен бар, оның ішінде 474 елді мекен газбен жабдықтауға жатады, 268 елді мекен газдандыруға жатпайды.

2019 жылы газдандыру деңгейі 30,3%-ды құрады, 144 елді мекен газдандырылды. Аталған көрсеткіштерге бюджет қаражаты есебінен магистралдық газ құбырын салу есебінен қол жеткізілді.

Табиғи газға 1,1 млн адам қол жеткізе алады (56%). Барлығы 20 аудан мен 15 қалаларға газ тартылды.

2019 жылы Алматы облысының аудандары мен елді мекендерін газдандыру үшін газ құбырларын, АГТС және кентішілік желілер құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілді (11.3.4-кесте).

11.3.4-кесте

Алматы облысын газдандыру бойынша жүргізілген жұмыстар

Объекті	Ағымдағы жағдай	Бөлінген қаражат
«Үштөбе», «Бақанас» және «Сарыөзек» АГТС құбырлары	2019 жылы салынған. Елді мекендердің ішінде құбыр желілерін салуды жеке инвестор есебінен жүзеге асыру жоспарлануда.	36,7 млрд теңге
«Талдықорған-Текелі» газ құбыры	Ескелді ауданы, Текелі қаласын газдандыру үшін салынған. Инвесторлар есебінен қалаішілік және кентішілік газдандыру жүргізілуде	7,3 млрд теңге

«Елек», «Есік», «Шарын» АГТС	Панфилов, Еңбекшіқазақ және Ұйғыр аудандарында жеке инвестициялар есебінен салынған.	-
Қалаішілік желілер	Жаркент және Есік қалаларында құрылыс жүргізілуде.	-

Талдықорған қаласын газдандыру 2016 жылы басталды. 2019 жылы I, II, III, IV кезектегі жұмыстар аяқталды.

I кезектің соңында қосуға жоспарланған 54 275 абоненттің 2466 абонент табиғи газды пайдаланды, IV кезек нәтижелері бойынша 9 177 абонент және 58 коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорын қосылды.

Алматы облысын газдандыруға қатысты жоспарланған жұмыстар

Облыстың газдандыру тарихындағы маңызды жобалардың бірі Алакөл ауданының Үшарал қаласына (224 км) дейін магистралдық газ құбырын салу болады. Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының халқы 230,0 мың адамнан астам 74 елді мекенін газдандыру және шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау көзделген. Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу басталды.

Шекара маңындағы аудандарды газдандыру жоспарланып отыр. «Жоғары қысымды газ құбырын және «Кеген» АГТС салу» жобасының ТЭН және ЖСҚ әзірлеу белгіленді.

2019 жылы Қаратал, Көксу, Балқаш, Ескелді, Ұйғыр және Панфилов аудандарының кентішілік желілері құрылысының ЖСҚ жасалды-барлығы 36 елді мекен.

«Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» ММ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ТҚФ, «Жетісу-ОблГаз» ЖШС, «Тавиди» ЖШС өкілдері және қаланың монтаж және мердігерлік ұйымдарының өкілдері құрамында абоненттерді табиғи газға қосу жөніндегі қалалық штаб ұйымдастырылды.

Талдықорған қаласының тұтынушыларын газбен жабдықтау жүйесіне қосудың медиажоспары әзірленіп, іске асырылуда, оған сәйкес табиғи газға қосылудың артықшылықтары туралы үгіт-насихат және түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Аталған бағытта жұмыстар жалғасуда.

11.3.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Алматы облысында беткі сулардың мол су ресурстары бар: 800 - өзен және ағын сулары (оның ішінде 18 - өзен мен су арналары трансшекаралық, су қоймаларының бір бөлігі республикалық маңызы бар мәртебеге ие):

- Балқаш көлі, Алакөл тобы (Алакөл, Сасықкөл, Жалаңашкөл), Көлсай, Үлкен Алматы;
- Қапшағай, Бартоғай, Күрті, Бестөбе және т. б. су сақтағыштары.

Ағынды суларды ағызу және суды бұру

11.3.5-кестеде ағынды суларды ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат келтірілген.

11.3.5-кесте

Ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат

Ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат		2018 жыл	2019 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	84190,8	82878,8
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	25,8	25,7
Шаруашылық-тұрмыстық ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	91591,7	149498,2
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	146,1	147,8

Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	0	15,8
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	0	5,2
Барлығы (жоғарыда аталған барлық ағызулар)	Суды бұру көлемі, мың м ³	230224,9	232392,8
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	171,9	178,7

Көзі: «Алматы облысы бойынша экология департаменті» РММ.

2019 жылы ластауыш заттар көлемінің 6,8 мың тоннаға ұлғаюы «Алматы Су» МКК-ның ашық су қоймасына, «Бент» ЖШС-не тиесілі №4 тоғанға ағынды сулар апатты ағызумен келіп түскен қалқыма заттардың көп болуына байланысты.

Облыстың су объектілерінің ластану көздері тікелей су объектілеріне, сондай-ақ сүзу алаңдары мен жинақтауыштарға ағынды және коллекторлық-дренаждық суларды ағызуды жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар болып табылады.

Су объектілерінің басым бөлігі облыстың мына кәсіпорындарымен реттеледі: «Алматы Су» ШЖҚ МКК, «Балқаш ирригация» ЕТМКК, «ТТПК» ЖШС, Қапшағай ГЭС, Талдықорған қаласының «Жетісу су құбыры» МКК және Текелі қаласының «Текелі Су құбыры» ЕМКК.

Беткі сулардың сапасы

Алматы облысы аумағында беткі сулардың ластануын бақылау 29 су объектісінде (Іле, Текес, Қорғас, Шілік, Шарын, Баянкөл, Қаскелең, Қарқара, Есік, Түрген, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Емел, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері, Күрті, Бартоғай, Қапшағай, Балқаш су сақтағыштары, Алакөл, Сасықкөл, Жалаңашкөл көлдері) жүргізілді.

2019 жылғы Алматы облысының аумағындағы су объектілерінің сапасы Бірыңғай классификация бойынша бағаланады.

11.3.6-кесте

2019 жылғы Алматы облысының аумағындағы су объектілерінің сапасы

Класс	Су объектісі
1 класс	Тентек, Шілік, Баянкөл, Қарқара, Түрген, Үржар өзендері
2 класс	Текес, Шарын, Темірлік, Жаманты, Ырғайты, Қатынсу өзендері, Қапшағай су сақтағышы
3 класс	Іле, Есік, Қаскелең, Емел өзендері, Бартоғай, Күрті су сақтағыштары
нормаланбайды (>3 класс)	Қорғас, Лепсі, Ақсу, Қаратал өзендері
4 класс	Егінсу өзені
5 класс	Сасықкөл, Жалаңашкөл көлдері
нормаланбайды (>5 класс)	Талғар өзені, Балқаш, Алакөл көлдері

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2019 жылы Талғар өзеніндегі өлшенген заттар бойынша 1 ЖЛ оқиғасы тіркелді. «Қазгидромет» РМК сынамаларын алу кезеңінде Алматы облысының таулы өзендерінде сел қаупі бар құбылыстар байқалды, бұл ауаның жоғары температурасына, мұздықтардың белсенді еруіне және таулы жерлердегі жауын-шашынға байланысты. Осыған байланысты таулы жерлердегі өзендерде су шығынының артуы және тиісінше қалқыма заттар құрамының

артуы байқалды. Аталған құбылыс уақытша, табиғи сипатқа ие.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-нің (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.


Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен экологиялық жағдайды жақсарту, су ресурстарын тиімді пайдалану және қорғау мақсатында облыстың 214 су объектісінде (өзендерде, көлдерде және су сақтағыштарында) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу бойынша жұмыс жобалары әзірленді. Тиісті су қорғау белгілері орнатылды.

Облыс әкімдігімен Іле және Қаратал өзендерінің Балқаш көліне өткізу қабілетін арттыру, жайылымдық мал шаруашылығын суландыру, сондай-ақ балықтардың көші-қоны, дельта флорасы мен фаунасының өсуі үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыруға қаржы бөлінді.

Сонымен, 2019 жылы Іле және Қаратал өзендерінің сағаларын механикалық тазалау бойынша 4 табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру үшін облыс бюджетінен 2018 жылға қарағанда 25,3%-ға артық қаражат бөлінді (11.3.1-сурет).

11.3.1-сурет

2018-2019 жылдардағы Іле және Қаратал өзендерінің сағаларын механикалық тазалау бойынша табиғатты қорғау іс-шараларына бөлінген қаражат



Келесі құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді:

- Балқаш ауданының Топар ағысын механикалық тазарту;
- Қаратал ауданы Қаратал өзені сағасының арнасын механикалық тазарту;
- Қаратал ауданы Ескелді а/о Қаратал өзенінің арнасын механикалық тазарту және түзету;
- Балқаш ауданындағы Д.А.Қонаев атындағы Іле өзені арнасын механикалық тазарту.

11.3.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Алматы облысы жерінің жалпы ауданы 22 354,9 мың га, құрайды оның ішінде:


- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 8007,4 мың га, (2018 жылы 8292,9 мың га);
- елді мекендердің жерлері 722,6 мың га, (2018 жылы 795,2 мың га);
- өнеркәсіп, көлік, байланыс ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер 252,2 мың га, (2018 жылы 254,9 мың га);
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері 1642,0 мың га, (2018 жылы 1227,0 мың га);
- орман қорының жерлері 3695,8 мың га, (2018 жылы 4037,3 мың га);
- су қорының жерлері 192,0 мың га, (2018 жылы 194,5 мың га);
- босалқы жерлер 7844,5 мың га, (2018 жылы 7556,5 мың га).

Бұдан басқа, Шығыс Қазақстан облысының жерінен Алакөл табиғи паркіне 2,3 мың га жер пайдаланылады.

Жер қоры 2018 жылға қарағанда 2019 жылы азырақ өзгерді. 11.3.2-суретте 2019 жылға санаттар бойынша облыстың жер қорының бөлінуі ұсынылған.

11.3.2-сурет

Санаттар бойынша облыстың жер қорының бөлінуі (%)



Көзі: «Алматы облысы бойынша экология департаменті» РММ.

Топырақтың жағдайы

Топырақ жағдайын бақылауды «Қазгидромет» РМК көктемгі және күзгі кезеңдерде Талдықорған, Текелі және Жаркент қалаларында жүргізді. Ауыр металдармен ластануға топырақ сынамасы алынды.

Талдықорған қаласы мен Текелі қаласының әртүрлі аудандарында көктемгі және күзгі кезеңдерде іріктелген топырақ сынамаларында қорғасын, мыс, мырыш, басқа да анықталған ауыр металдардың концентрациясы шекті жол берілетін нормада болды (11.3.7-кесте).

11.3.7-кесте

2018-2019 жылдардағы Талдықорған және Текелі қалаларында көктемгі және күзгі кезеңдерде ауыр металдармен шоғырланудың артуы

Металл	Көктемгі кезең		Күзгі кезең	
	2018	2019	2018	2019
Қорғасын	1,2-11,27 ШЖК	1,19-17,1 ШЖК	1,3-6,6 ШЖК	1,2-6,2 ШЖК
Мыс	1,81 ШЖК	1,4-15,3 ШЖК	1,6-6,2 ШЖК	1,0-2,7 ШЖК
Мырыш	-	1,2-3,6 ШЖК	1,1-3,4 ШЖК	1,1 ШЖК

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Жерлерді алу

2019 жылы Алматы облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы 253,8 мың га (оның ішінде егістік 0,08 га, шабындық - 0,420 га, жайылым - 253,3 га) ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлерді анықтады.

Барлығы облыс бойынша ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлердің көлемі

808,7 мың га құрады. Аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік меншікке қайтару және ауыл шаруашылығы айналымына тарту жөнінде қабылдаған шаралар нәтижесінде:

- 95,3 мың га мемлекет меншігіне қайтарылды;
- 47,6 мың га иесіз мүлік ретінде есепке қойылды;
- 508,0 мың га ауыл шаруашылығы айналымына тартылды;
- 31,9 мың га бойынша жергілікті атқарушы орган шаралар қабылдап, орындау мерзімі 1 жылға ұйғарымдар берді;
- 125,9 мың га бойынша материалдар аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдарында қаралуда.

Алматы облысының Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы 2019 жылы Алматы облысының аудандық және оларға теңестірілген соттарына жалпы ауданы 14,1 га объекті (коммерциялық учаскелер) құрылысына арналған пайдаланылмаған жер учаскелері бойынша 16 талап-арыз жіберді:

- ауданы 1,52 га 7 жер учаскесі бойынша 7 талап-арыз қанағаттандырылды;
- ауданы 11,14 га 1 жер учаскесі бойынша 1 талап-арыз қанағаттандырылмады;
- ауданы 0,66 га 5 жер учаскесі бойынша 5 талап-арыз қараусыз қалдырылды;
- ауданы 0,78 га 3 жер учаскесі бойынша қалған 3 талап-арыз сотта қаралуда.

11.3.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

Облыс аумағы әртүрлілігімен және геологиялық күрделі құрылымымен сипатталады. Шөгінділер, континенталды жауын-шашынмен – конгломератарымен, құмтастармен, сазтастармен және алевролитамисо жанғыш және қоңыр көмір қабаттармен ұсынылған. Кейде саз, әкті саз, доломиттер кездеседі. Шөгінділер едәуір тереңдікте және жас таужыныстарымен жабылған. Бор шөгінділері өзен және дельталық формациялармен ұсынылады.

Қазіргі заманғы шөгінділер ұсақталған қиыртастармен, малтатастармен, құмдармен, құмдақтармен ұсынылған және өзен арналары, құламасы мен тау бөктерін жабады. Олардың қуаттылығы өзгеріп тұрады және әдеттегідей бірнеше метрден аспайды.


«Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» ММ-мен ұсынылған деректер бойынша барлығы 2019 жылға кең таралған пайдалы қазбаларға барлығы 319 келісімшарт (2018 жылы – 333 келісімшарт) тіркелді.

2019 жылы облыс аумағында кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша 319 жер қойнауын пайдаланушы бар, бұл 2018 жылға қарағанда 14 жер қойнауын пайдаланушыға аз: құм-қиыршықтас қоспалары - 112, саздақ - 100, құрылыс құмы, гранит, құрылыс тастары, витрофиров, туф және басқалары - 107.

11.3.4-суретте 2018-2019 жылдардағы кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар туралы деректер ұсынылған.

11.3.3-сурет

2018-2019 жылдардағы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшарттар



Көзі: «Алматы облысы бойынша экология департаменті» РММ.

11.3.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Алматы облыстық Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аумақтық инспекциясының деректері бойынша облыс аумағында жер үсті омыртқалыларының 475 түрі немесе Қазақстанның жануарлар түрінің 57%-ы мекендейді, оның ішінде 353-і құстар, 88-і сүтқоректілер. 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы фауна өкілдерінің саны өзгерген жоқ.

Облыс аумағында екі қорық, бес мемлекеттік ұлттық парк бар: «Іле-Алатау», Алтын Емел», «Шарын» және «Көлсай көлдері», «Жоңғар-Алатау»; Республикалық маңызы бар жеті мемлекеттік қорықша; Республикалық маңызы бар төрт мемлекеттік табиғи ескерткіш; Республикалық маңызы бар Жусандала мемлекеттік қорық аймағы және 1 мемлекеттік табиғи резерват бар (11.3.8-кесте).

11.3.8-кесте

Алматы облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары

Мәртебесі	Саны	Атауы және ауданы
Қорық	2	Алакөл – 17,477 мың га, Алматы – 71,700 мың га
Мемлекеттік ұлттық парк	5	«Іле-Алатау» – 186 мың га, «Алтын-Емел» – 307 мың га, «Шарын» – 127 мың га, «Көлсай көлі» – 161 мың га, «Жоңғар-Алатау» – 356 мың га
Мемлекеттік қорықша	7	Лепсі – 258 мың га, Тоқты – 187 мың га, Көкқан – 49100 мың га, Жоғарғы Көксу – 240 мың га, Балқаш маңы – 503 мың га, Қараой-295 мың га, Алматы-542,4 мың га.
Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи ескерткіш	4	«Сарытоғай» - 5014 га, «Әнші бархан» - 240 га, «Шынтүрген шыршалары» – 9 га, «Баум Тоғайы» -139 га;
Республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймағы;	1	Республикалық маңызы бар Жусандала мемлекеттік қорық аймағы - 2,757 млн га (Алматы облысына жақын 1,4 млн га)
Мемлекеттік табиғи резерват	1	«Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты - 415 164,2 га

Көзі: Алматы облысының әкімдігі.

Алматы облысының орман қоры 4,093 млн га немесе республика орман қорының 18,5%-ын құрайды, облыстың ЕҚТА орман қоры 1,241 млн га немесе 18,5%-ды құрайды, барлығы 5, 334 млн га.

Облыс аумағында аңшылық фаунасының тұяқты түрлерінен келесілер мекендейді: марал, сібір тау текесі, сібір елігі, жабайы шошқа, ақбөкен. Қызыл кітапқа енген тұяқтардың төмендегі түрлері мекендейді: қарақұйрық, түрікмен құланы, арқар, тоғай елігі (хангүл), Прежеваль жылқысы. Жыртқыш түрлерден: борсық, қасқыр, түлкі, шиебөрі, қарсақ, солонгой, ласка, америка қаракүзені бар. Бұлардың қызыл кітапқа енгені: Тянь-Шань қоңыр аюы, қар барысы, тас сусар, ортаазиялық сүттышқаны, түркістан сілеусіні, манул, қызыл қасқыр мекендейді.

Аулауға жататын түрлері: ондатр, сұр суыр, сарышұнақ бар.

Құстардың: қаз, үйрек, (Қазақстандағы барлық түрлері бар) қасқалдақ, көгершін, балшықшы, көгершін, түркептер. Тауық тектестерден: шілдер (сұр, сақалды, шөл, кекілік), сондай-ақ құр, қырғауыл, бөдене. Кекілікпен қатар аулау фаунасының типтік тау өкілі гималай ұлары бар.

Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің санын көбейту мақсатында олардың тіршілік ету мекендерінде өсіру және оларды кейіннен жабайы

жануарлар мен құстар табиғатына шығару бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мұндай жұмыстар «Алтын Емел» МҰТП-да - түрікмен құланы бойынша, Қарашалы аң аулау шаруашылығында - Бұқара бұғысының тіршілік ету мекендерін қалпына келтіру, «Сұңқар» сұңқар тәлім бағында - сұңқар-ителгілер мен басқа да сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жыртқыш құстарды өсіру, «Тасмұрын» («Табиғат» ЖШС) аң аулау шаруашылығы - тоғай бұғыларын жартылай сақтауға, «Бақбақты» («Аттика» ЖШС) аң аулау шаруашылығы - жетісу қырғауылын өсіру жүргізіледі.


«Іле-Балқаш» МДҚ-да бұхар бұғыларының популяциясын Қарашеңгел аңшылық шаруашылығынан, сондай-ақ қабан мен тұяқтылардың басқа да түрлерін қоныс аудару арқылы жолбарысты реинтродукциялау бағдарламасына сәйкес қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

2019 жылы Алматы облыстық Орман және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, ЕҚТА-да өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша рейдтер жүргізді.

ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің деректеріне сәйкес қорғау жөніндегі аумақтық инспекциясының деректері бойынша Алматы облыстық Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аумақтық инспекциясымен деректері бойынша 1139 рейд және 138 тексеру жүргізілді (2018 жылы - 1389 рейд және 153 тексеру), оның барысында табиғат қорғау заңнамасының бұзушылықтары анықталды, әкімшілік хаттамалар жасалды, материалдар сотқа және құқық қорғау органдарына берілді, сондай-ақ қылмыстық іс қозғалды. 2019 жылғы көрсеткіштер 2018 жылға қарағанда төмен (11.3.4-сурет).

11.3.4-сурет

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының 2018-2019 жылдардағы рейдтер мен тексерулердің нәтижелері



Көзі: «Алматы облысы бойынша экология департаменті» РММ.

11.3.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

«Қазгидромет» РМК ақпараты бойынша 2019 жылы облыстың радиациялық жағдайы тұрақты болып қалуда.

Жергілікті жерлерде гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 8 метеорологиялық станцияда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) және Талдықорған қаласындағы бір автоматты станцияда жүзеге асырылды. Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,00-0,29 мкЗв/сағ, 2018 жылы - 0,01-0,28 мкЗв/сағ шегінде болды. Облыс бойынша

орташа радиациялық гамма-фон 0,17 мкЗв/сағ (2018 жылы – 0,16 мкЗв/сағ) құрады және шекті жол берілетін нормада болды.

Алматы облысы аумағында атмосфераның жер бетіндегі қабатының радиоактивті ластануын бақылау 5 метеорологиялық станцияда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу арқылы жүзеге асырылды. Барлық станцияларда бес тәулік сынама алынды.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивті түсудің орташа тәуліктік тығыздығы 0,7-4,5 Бк/м² шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,4 Бк/м² құрады, бұл 2018 жылғы мәннен артық – 1,2 Бк/м², бірақ шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

Бекітілген «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық нормативтерге сәйкес (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №155 бұйрығы) халық үшін тиімді доза 0,57 мкЗв/сағ аспайды, ал радиоактивті түсудің орташа тәуліктік тығыздығы - 110 Бк/м² аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-нің (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

2019 жылыдың қорытындысы бойынша Алматы облысында иондаушы сәулелену көздері бар 7 радиациялық-қауіпті объектілер байқалды, оның тек төртеуінде («Облонкодиспансер» Талдықорған қаласы - 2, «KagazyRecycling» ЖШС - 2, Қорғас кедені - 1, Қапшағай арнайы зертханасы АФ «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» ААҚ - 210 (бақылау көздері) 215 ИСК жұмыстар жүргізілді.

Қалған 3 объектіде мерзімі өткен көздер арнайы, пломбаланған, есіктері дәнекерленіп, арнайы жабдықталған қоймаларда уақытша сақталды, қорғау тәулік бойы қамтамасыз етілді, дабылмен жабдықталған, сақтау орны санитарлық талаптарға сай келеді. Жоғарғыда айтылғанға сәйкес: ИСК көмілген болып саналады. Барлығы ИСК-мен осы үш кәсіпорында - 626 дананы құрайды, оның ішінде түтін хабарландырушылары - 600 («Талғар тоқыма комбинаты» ЖШС), «Талдықорғангазмонтаж» - 1 ЖАҚ гаммадефектоскоп ИСК «Конгломерат» ЖШС - 25 ИСК.

Үш кәсіпорында («Талғар тоқыма комбинаты» ЖШС, «Талдықорғангазмонтаж» ЖАҚ, «Конгломерат» ЖШС) ИСК-мен жүзеге асырылмағандықтан – «А» тобында қызметкерлер жоқ, сәулелену дозасын ешкім алмаған. Қалған 4 кәсіпорында «А» тобының қызметкерлері жеке дозиметриялық бақылаумен қамтылған, сәулелену дозаларының рұқсат етілген мөлшерлерінің артуы қызметкерлерде тіркелген жоқ. «А» тобының қызметкерлері үнемі мерзімдік медициналық тексеруден өтеді, соматикалық ауру тіркелген жоқ (ИСК-мен жұмыс істеуге қарсы көрсетімдер жоқ). Аталған объектілердегі және іргелес аумақтағы радиациялық фон нормативтерден төмен.

Алматы облысы бойынша халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласында 2019 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 19 шілдедегі «Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №326 бұйрығына сәйкес Алматы облысының тауарлары мен қызметтерінің сапасын және қауіпсіздігін бақылау департаментінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес радиациялық бақылау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Мониторинг негізінде қоршаған орта объектілерінен іріктеудің бақылау нүктелері анықталды. Бақылау нүктелерінен ҚР ДСМ Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Алматы облысы бойынша филиалының радиологиялық зертханасына 103 өнім сынамасы, оның ішінде тамақ өнімдерінің – 43 сынамасы, судың – 45 сынамасы, топырақтың – 15 сынамасы жеткізілді.

Іріктелген тамақ өнімдерінен цезий-137, стронций-90 үлес белсенділігі; су – жиынтық альфа - және бета-белсенділігі; топырақ - К-40, торий-232, радий-226, цезий-137 меншікті белсенділігі зерттелді. Радионуклидтердің шекті жол берілетін деңгейлерінің артуы тіркелмеген.

ҚР ДМ Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалының радиологиялық зертханасының деректеріне сәйкес Алматы облысы бойынша есептік жылы алдын ала санитариялық қадағалауды жүзеге асыру

кезінде келесі жұмыстар жүргізілді:

- 61798 баламалы дозадағы тұрғын үй массивтерінің аумағында құрылысқа, қайта жаңартуға бөлінген кезде жер учаскелерінің аумағында қуаттылықты өлшеу;

- өндірістік мақсаттағы құрылыстарды салуға жер учаскелерін бөлу кезінде радон, торон және олардың топырақтан ыдырау еншілес өнімдерінің концентрациясын анықтау бойынша 159 өлшеу (НД - 250 мБк/(м² · с);

- 1020 тұрғын үйлер мен әлеуметтік мақсаттағы ғимараттар құрылысына жер учаскелерін бөлу кезінде топырақтағы радон, торон және ВЕӨ концентрациясын анықтау бойынша өлшеу (НД- 80 мБк/(м² · с);

- 5372 сәулелік диагностика және терапия кабинеттерінде рентгендік сәулеленуді өлшеу, шекті жол берілетін деңгейден асып кету тіркелген жоқ.

- 2019 жылы Алматы облысында радиоактивті заттармен пайдалану немесе өзге де жұмыс істеу ережелерін бұзу тіркелген жоқ. Тұрғын үй құрылысы аумағындағы радонның орташа шоғырлануы: 10-20 Бк\м³ құрайды, 2019 жылы облыс аумағында радон мен торонның құрамының артуы анықталмаған.

Адамдар көп жиналатын аумақта, елді мекендерде және одан тыс жерлерде күн сайын жүргізілетін мониторинг пен гамма-фонды өлшеуге сәйкес радиациялық жағдай қолайлы болып қала береді, облыс бойынша радиациялық фон 0,11-ден 0,18 мкЗв/сағ құрайды.

11.3.7. ҚАЛДЫҚТАР

ҚОҚ БАЖ деректері бойынша 2019 жылы Алматы облысы бойынша түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі 629 549,4 тоннаны құрады. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 25 529,5 тоннаны құрады.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау мен шығаруды 75 кәсіпорын қамтамасыз етеді (2018 жылы – 72). Облыс халқын ТҚҚ шығарумен қамту-79,3%. Барлық қалалар, аудан орталықтары және ірі елді мекендер ТҚҚ толығымен әкетумен қамтылған.

2019 жылы тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауды енгізу мақсатында Алматы облысының елді мекендерінде тұрмыстық қалдықтардың құрғақ және сұйық түрлеріне бөлінген жер асты контейнерлері, макулатура, пластик және алюминий қалдықтарын жинауға арналған торлы контейнерлер, қауіпті қалдықтарға арналған контейнерлер орнатылды, сондай-ақ макулатура қабылдау пункттері ашылды (11.3.9-кесте).

11.3.9 - кесте

2019 жылы тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауды енгізу

Елді мекен	Орнатылды	Саны (бірл.)
Талдықорған қ.	Жер асты контейнерлері	270
	Торлы контейнерлер	200
	Қауіпті қалдықтарға арналған контейнерлер	40
Қапшағай қ.	Торлы контейнерлер	280
Жамбыл ауданы	Макулатура қабылдау пункті	4

Көзі: Алматы облысының әкімдігі.

2017-2019 жылдары Қарасай ауданының Жалпақсай ауылында, Райымбек ауданының Нарынқол ауылында және Іле ауданының Қоянқұс ауылында 3 ТҚҚ полигоны жойылды.

2020 жылы Жаркент қаласындағы ТҚҚ жабық полигонын жою жоспарланып отыр, ол үшін 2019 жылы 11,3 млн теңге сомасына қайта қалпына келтіру бойынша ЖСҚ әзірленді.

Облыстың экологиялық жағдайын жақсарту бойынша жоспарлы және тиімді жұмыс үшін әкімдік келесі іс-шараларды өткізді:

- «2016-2020 жылдарға арналған экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді;
- 2017-2025 жылдарға арналған «Алматы облысының қалдықтарды басқару бағдарламасы» бекітілді (20.02.2018 ж. №27-137 мәслихат шешімі);
- «Алматы облысы бойынша 2018-2022 жылдарға арналған шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, қатты тұрмыстық қалдықтарды қазіргі заманғы кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша шаралар кешені» әзірленді (27.09.2018 ж. №428 қаулы);
- халық арасында ТҚҚ бөлек жинауды ұйымдастыру бойынша pr-науқанды өткізу тұжырымдамасы әзірленді;
- «Алматы облысының қалдықтарды басқарудың аймақтық жүйесі» жобасының ТЭН әзірленді (18.06.2018 ж. №01-0216/18 МС).

ТЭН әзірлеудің мақсаты Алматы облысындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және көму үдерістерін қамтитын қалдықтарды басқару жүйесін құруға бағытталған шешімдерді негізді таңдау болып табылады.

Техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес әзірленген Қалдықтарды кәдеге жарату бағдарламасы 14 аумақтық кешені (3 ауданаралық және 11 аудандық) бар оператор құру көзделген:

- 3 қоқыс өңдеу зауыты (Алматы қаласында - 2, Талдықорған қаласында - 1).
- 15 қоқыс тиеу станциясы,
- 16 қоқыс сұрыптау кешені,
- 16 полигон (3 қолданыстағы-қайта жаңарту және кеңейту, 2 қолданыстағы-жаңғырту, 11 жаңа құрылыс).

Жобаны іске асыру 500 жаңа жұмыс орнын ашуға және 2025 жылға қарай ТҚҚ-ны ұйымдасқан түрде шығарумен халықты 100%-ға қамтуға қол жеткізуге, қайталама материалдарды 30%-ға дейін, ал 2025 жылға қарай қалдықтарды кәдеге жаратуға 90%-ға қол жеткізуге және полигондар санын 354-тен 16-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Қазір аталған жоба аясында облыстың облыс орталығында, Панфилов және Іле аудандарында орналасқан жобалық қуаттылығы 330 мың тонна 3 қоқыс сұрыптау станциясы жұмыс істейді. Аталған станциялардың құрылысына 540,0 млн теңге инвестиция тартылды.

Жалпы облыс бойынша 16 кәсіпорын жалпы қуаттылығы жылына 343 мың тонна қайталама материалдық ресурстарды қайта өңдеумен айналысады, жалпы қайта өңдеу көлемі 24%-ға жетті (11.3.10-кесте).

11.3.10 - кесте

Қайталама материалдық ресурстарды қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындар

Қызмет түрі	Кәсіпорын атауы
Макулатураны қайта өңдеу	«Қазақстан Қағазы» АҚ, «Kagazy Recycling» ЖШС
Шыныны қайта өңдеу	«САФ» АҚ
Пайдаланылған аккумуляторлар	«Қайнар АКБ» ЖШС
Автомобиль шиналарын қайта өңдеу	«УтильЭкосервис» ЖШС, «ЭкосервисАрман» ЖШС, «Q-recycling» ЖШС
Полимерлік қалдықтарды қайта өңдеу	«КазПетПолимер» ЖШС
Медициналық қалдықтарды арнайы өңдеу	«ИнтерМедгрупп» ЖШС, «Таза Жер МПК» ЖШС
Сұрыптау	«ADAL DAMU CAPITAL» ЖШС

Қалдықтарды басқарудың аймақтық жүйесі объектілерінің тиімді жұмыс істеуі мақсатында өңірлік оператор - «Алатауазалықсервис» ЖШС құрылды. Кәсіпорынның міндетіне қалдықтарды жинау, шығару, кәдеге жарату, көму, қайта өңдеу, жою, залалсыздандыру, орналастыру және сақтау жүйесін ұйымдастыру кіреді. «ӨКМ операторы» ЖШС-мен бірлесіп

кәсіпкерлік субъектілерін тарту, инвестиция тарту және МЖӘ механизмін қолдану үшін жағдай жасау.

Аймақтық оператор 11 ЖСК әзірледі: 4 қоқыс сұрыптау, 6 қоқыс тиеу кешені және жалпы сомасы 131,9 млн теңгеге 1 ТҚҚ полигонының құрылысы. Жобалар мемлекеттік сараптамаға жіберілді.

Аймақтық жүйе шеңберінде 2020 жылы Іле ауданында органикалық және тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу бойынша 2 зауыт салу көзделген, атап айтқанда:

- Қуаттылығы жылына 120 мың тонна «Waste Energy Kazakhstan» ЖШС қазақстан-испан компаниясымен бірлесіп «Мериолизис» технологиясы бойынша толық циклді қоқыс өңдеу зауытын салу. Инвестицияның жалпы көлемі 41,8 млн еуроны құрайды. Аталған жоба 2019 жылғы 18 қыркүйекте Энергетика министрлігімен өткізілген БиоЭС жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы болып табылады.

- Биогаз алу арқылы органикалық қалдықтарды толық қайта өңдеу технологиясы, электр энергиясын, сондай-ақ биокарбон мен тыңайтқыштар алу үшін оны жағу қарастырылған қуаттылығы жылына 100 мың тонна болатын «ZORBIOGAZ» ЖШС қоқыс өңдеу зауытын салу». Инвестицияның жалпы көлемі 7,5 млн еуроны құрайды. Аталған жоба 2019 жылғы 18 қыркүйекте Энергетика министрлігімен өткізілген БиоЭС жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы болып табылады.

Алматы облысының облыс орталығында экологиялық сананы көтеру мақсатында «EcoNetwork» компаниясымен бірлесіп, үш фракция - макулатура, пластик, шыны-металл бойынша ұйымдарда ТҚҚ (пилоттық жоба) бөлек жинауды енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күні Талдықорған қаласындағы 4 мемлекеттік мекеме ғимараты (600 қызметкер) және 5 мектеп (1500 оқушы) қамтылды.

11.3.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Облыста жалпы қуаттылығы 888,865 МВт болатын жаңартылатын энергия көздерінің 27 объектісі бар, оның ішінде 18 су электр станциясы (ГЭС), 6 жел электр станциясы (ЖЭС) және 3 күн электр станциясы (КЭС) бар.

Шағын су электр станциялары-Алматы облысында жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдалануда барынша белсенді дамып келе жатқан бағыт.

Энергияның балама көздерін салу жөніндегі жобаларды іске асыруға инвестициялар тарту мақсатында ЖЭК дамытудың 2020-2030 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде 75 объектіні (39 ГЭС, 1 БиоЭС, 16 КЭС, 19 ЖЭС) пайдалануға беру жоспарлануда.

Оның ішінде бірінші кезеңде (2020-2025 жж.) - қуаттылығы 2201,65 МВт бірінші кезектегі 54 жоба (ГЭС-29, БиоС-1, КЭС-10, ЖЭС-14), екінші кезеңде (2025-2030 жж.) қуаттылығы 1161,58 МВт (ГЭС - 10, КЭС-6, ЖЭС-5) - 21 жоба. Осы жобалар бойынша жер учаскелерін бөлу және инвестицияларды анықтау бойынша нормативтік рәсімдер жүргізілуде.

2019 жылы белгіленген қуаттылығы 8,2 МВт екі ГЭС (Есік өз. Ыстық 1-ГЭС, Талғар өз. ГЭС), қуаттылығы 18 МВт төрт ЖЭС және қуаттылығы 100,415 МВт екі КЭС (Қапшағай қ.) пайдалануға берілді

Қуаттылығы 5,4 МВт екі КЭС (Қаратал ауданы және Қапшағай қ.) және қуаттылығы 5 МВт ЖЭС (Еңбекшіқазақ ауданы) құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды, жабдықты тестілік іске қосу дайындығы жүргізілуде.

Облыстың электр энергиясын тұтыну 3,9 млрд кВт·сағ құрады. Оның ішінде өз өндірісі - 2,2 млрд кВт·сағ, оның ішінде ЖЭК үлесі өндірістің жалпы көлемінен 588,620 млн кВт·сағ. Басқа аймақтардан сатып алу-1,8 млрд кВт·сағ.

Жаңартылатын энергия көздері объектілерін салу жұмыстары жалғасуда және тұрақты бақылауда.

11.3.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Алматы облысының әкімдігімен халықтың өмір сүру сапасы мен жағдайын жақсарту мақсатында 2018-2021 жылдарға арналған Алматы облысының экологиялық мәселелерін шешу

бойынша іс-шаралар жоспары мен 2018-2021 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Құжаттар Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 23 мамырдағы №31-163 шешімімен бекітілді.

Аймақтағы қоршаған орта сапасының нормативтеріне кезеңділікпен қол жеткізу үшін, сондай-ақ қоршаған ортаға және халық денсаулығына экологиялық қауіпті төмендету мақсатында 2018-2021 жылдарға арналған ҚОСНҚ қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді.

2021 жылға қарай нысаналы көрсеткіштер Талдықорған, Текелі, Үштөбе, Қаскелең, Қапшағай қалаларының, Өтеген батыр және Сарыбастау кенттерінің атмосфералық ауасындағы ластауыш заттардың концентрациясын азайту қарастырылған: қалқыма бөлшектер, қорғасын, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртті ангидрид. Лепсі, Қаратал және Іле өзендерінің, Сорбұлақ арнасының беткі өзен суларының ластануын төмендегі мақсатты нысаналы индикаторлар бойынша азайту қарастырылған: жалпы темір, нитриттер, сульфаттар, ОХТ және ОБТ. Талдықорған және Текелі қалаларында (кадмий, қорғасын, мыс, мырыш және хром) топырақтың ластануы азаяды. Көктал Арасан және Жаркент Арасан кенттерінде радиациялық фонды жақсарту жоспарланған.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің кестесі және біршама толық ақпарат (<http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoy-informacii/jekologijalyzha-daj/>) сайтында орналасқан.

Алматы облысы бойынша 2018-2021 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында табиғат қорғау іс-шаралар жоспары шеңберінде 2019 жылы келесі іс-шаралар іске асырылды:

- 1) Бағдарламамен анықталған мониторингтік нүктелердегі атмосфералық ауа, беткі су қоймалары, топырақ және гамма-фон сапасының мониторингі – 5,4 млн теңге;
- 2) Текелі қаласы үшін шекті жол берілетін шығарындылардың жобасын әзірлеу - 1,7 млн теңге.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша негізгі мақсаттардың бірі жылумен жабдықтау объектілерін газ отынына ауыстыра отырып, елді мекендерді газдандыру болып табылады.

Кешенді жоспар атмосфераға ластауыш заттардың эмиссияларын қысқартуға, «жасыл белдеуді» дамытуға, көгалдандыру мен абаттандыруға, өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқаруға, су ресурстарын реттеуге, ақпараттық жұмысқа, қоршаған орта жай-күйінің мониторингіне бағытталған 13 іс-шараны қамтиды.

Барлық іс-шараларды іске асыру қоршаған ортаға ластауыш заттардың шығарылуын, тасталуын азайтуға, сондай-ақ өндіріс пен тұтыну қалдықтарының түзілуі мен орналасуын төмендетуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Көгалдандыру мен абаттандыруды дамыту атмосфералық ауаның сапасын жақсартуға ықпал ететін болады.

Кешенді іс-шаралар жоспарын орындау бойынша жұмыс белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

11.4. АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері					
	Субъектінің, S мың км ²	118,6	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам		633 791	
	2016-2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер					
	Көрсеткіштер		2016	2017	2018	2019
	Кәсіпорындардың жұмсалған шығындары, тенге	ҚОҚ млрд	31,4	42,7	39,7	55,4

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Атырау облысы Каспий теңізінің солтүстігі мен шығысында Каспий маңы ойпатында, солтүстік-батыста Еділ ойпаттары және оңтүстік-шығыста Үстірт үстірінің арасында орналасқан. Алып жатқан жер аумағы 118,6 мың км² шамасын құрайды.

Облыстың әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесіне 7 әкімшілік аудан, 6 кент пен қала, 68 ауылдық округ, 150 ауылдық елді мекен кіреді.

Атырау облысы Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарымен, сондай-ақ, Ресей Федерациясының Астрахань облысымен шектеседі.

Облыс аумағының басым бөлігі Каспий маңы ойпатының шегінде орналасқан, шөл және шөлейт аймақтарда орналасқан ойпатты немесе сәл биік жазықты білдіреді. Жер рельефі - Каспий теңізінің жағасынан байқалмай көтерілетін толқын тәрізді жазық. Каспий маңы ойпатының едәуір бөлігін тізбекті және барханды құмдар (Нарын, Тайсойған, Қарақұм) алып жатыр және көптеген жерлері сортаңды. Облыстың солтүстік-шығысында Подурал борлы үстіртінің шыңдары біраз бөлігін алып жатыр.

Атырау облысының климаты шұғыл континенталды, өте құрғақ, жазы ыстық және қысы орташа суық. Аймақ үшін жылудың көптігі және ашық құрғақ ауа-райының басымдылығымен сипатталады.

Атырау облысының экономикасын дамытудың негізгі бағыттары мұнай-химия өнеркәсібі, мұнай-газ машиналарын жасау, құрылыс индустриясы, агроөнеркәсіптік кешен және балық өнеркәсібі болып табылады.

Облыс табиғи ресурстарға бай, мысалы: борат, бор, тұз кені, ас және калий тұздары, құрылыс материалдары.

11.4.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА


Атырау облысындағы атмосфералық ауаның экологиялық жай-күйі мұнай-газ кешендерінен, коммуналдық-энергетикалық шаруашылықтардан, көлік құралдарынан, құрылыс индустриясы объектілерінен және басқа да объектілерден шығарындылар көлемімен және ластаушы заттардың құрамдас құрамымен алдын ала анықталады.

Облыстың атмосфералық жай-күйіне «Тенішевройл» ЖШС, «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Атырау» бөлімшесі, «ҚазТрансОйл» АҚ БФ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «Атырау жылу электр орталығы» АҚ, «North Caspian Operating Company», басқа да кәсіпорындар мен автокөлік сияқты ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар қатты әсер етеді.

Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2019 жылы тұрақты көздерден атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі 164,5 мың тоннаны құрады (2017 жылы – 177 мың тонна, 2018 жылы – 172,3 мың тонна) (11.4.1-сурет).

11.4.1-сурет
2017-2019 жылдардағы стационарлық көздерден
ластауыш заттар шығарындыларының көлемі (мың
тонна)

11.4.1-суретте көрсетілгендей, жыл сайын стационарлық көздерден ластауыш заттар шығарындыларының төмендеуі байқалады. 2018 жылмен салыстырғанда ластауыш заттар шығарындыларының жалпы көлемі 2019 жылы 7,8 мың тоннаға төмендеді.




Көзі: ҚР Статистика комитеті.

11.4.2-сурет
2017-2019 жылдардағы негізгі ластауыш заттар
бойынша шығарындылар көлемі

2019 жылы негізгі ластауыш заттар бойынша шығарындылар көлемі (11.4.2-сурет) келесіні құрады:

- күкіртті ангидрид - 47,9 мың тонна;
- күкіртсутегі - 0,2 мың тонна;
- азот тотықтары - 22,2 мың тонна;
- қатты заттар - 3,6 мың тонна;
- көміртегі тотығы - 44,0 мың тонна.



Көзі: ҚР Статистика комитеті.


11.4.2-суретте көрсетілгендей, 2017-2019 жылдары күкіртсутегі бойынша шығарындылар көлемі өзгеріссіз қалады. 2019 жылы күкіртті ангидрид бойынша 2,8 мың тоннаға төмендеу байқалады, қалған ластауыш заттар бойынша ұлғаю байқалады.

Атмосфералық ауаның сапасы

«Қазгидромет» РМК 5 стационарлық бекетте, оның ішінде 4 – автоматты, біреуі Құлсары қаласында, сондай-ақ 2 қол бекетінде атмосфералық ауаның жай-күйіне мониторинг жүргізеді. Автоматты станцияларда деректер онлайн-режимде түседі, қолмен өлшеу тәулігіне 3 рет жүргізіледі, одан әрі талдау филиалдың зертханасында жүргізіледі. Бұдан басқа, аудандардағы, сондай-ақ Атырау қаласындағы 150 нүктеде жылжымалы зертхананың көмегімен мониторинг жүргізілуде.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша Атырау қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі 2019 жылы «жоғары» деп сипатталды, ол АЛИ=7 (жоғары деңгей) мәндерімен анықталды, ал Құлсары қаласында «жоғары» деп сипатталды, ол АЛИ=5 (жоғары деңгей) мәндерімен анықталды. 2017 жылмен салыстырғанда 2018 және 2019 жылдары осы қалаларда АЛИ «жоғарылаған» және «жоғары» болып есептеледі (11.4.3-сурет).

2017-2019 жылдардағы АЛИ



Көзі: «Қазгидромет» РМК.


Жоғары ластану және экстремалды жоғары ластану фактілері көбінесе «Вест ойл», «Пропарк», «Химпоселок» мониторинг станцияларында жел бағыты бойынша тіркеледі.

Сондай-ақ «Қазгидромет» РМК филиалымен «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» компаниясының және «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС стационарлық бекеттері бойынша талдау жүргізілді.

«Қазгидромет» РМК Атырау қаласында 2019 жылы күкіртсутегі бойынша 758 ЖЛ жағдайы және 60 ЭЖЛ жағдайы тіркелді (11.4.4-сурет).

11.4.4-сурет

Атырау қаласында күкіртсутегі бойынша ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Күкіртсутегімен жоғары ластанудың себептері «Тухлая балка» булану алаңдары (сол жағалау) болып табылады. «Тухлая балка» булану алаңдары «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС жер пайдаланушысына тиесілі.

Булану алаңының жалпы ауданы – 1336,2 га, оның ішінде Атырау қаласының әкімдігіне

жататыны - 476,2 га, 193,2 мың теңге сомасына ЖСҚ дайындалды, «АМӨЗ» ЖШС жататын ауданы 860 га учаскеге мемлекеттік сараптаманың оң нәтижесі алынды. 2022 жылдың соңына қарай 1,66 млрд теңге сомасына буландырғыш тоғанын толық қалпына келтіру бойынша жұмыстар аяқталатын болады.


Біршама толық ақпарат Атырау облысы әкімдігінің (http://atyrau.gov.kz/is/read/12057.html?search=0KbQtdC70LXQstGL0LUg0L_QvtC60LDQt9Cw0YlQtdC70Lg) сайтында орналастырылған.

Аймақтың газдандырылуы

Атырау облысының 150 елді мекенінің 136-сы немесе 87,7%-ы газдандырылған. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда (11.4.5-сурет).

11.4.5-сурет

2017-2019 жылдардағы Атырау облысының газдандырылуы



Көзі: Атырау облысының әкімдігі.

«Қазақстан Республикасын Газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған бас схемасы» бағдарламасы шеңберінде 2019 жылы 2 ауқымды жоба бойынша жұмыстар аяқталды: «Ұзындығы 365 км жоғары қысымды магистралдық және кентаралық газ құбырларының құрылысы» және «67,6 км Құрманғазы ауданының Азғыр аймағының 10 елді мекені (Балқұдық, Азғыр, Қоңыртерек, Асан, Үштаған, Сүйіндік, Жалғызпапан, Батырбек, Егінқұдық, Қошалақ) үшін кентішілік газ құбыры желілерінің құрылысы». (Жобалардың жалпы құны 10,3 млрд теңгені құрайды). Сондай-ақ 13 шағын елді мекенді газдандыру жоспарланған, оның ішінде 2018 жылы 2 ауылдық елді мекенде-Бала Ораз және Атамбаевта, 2019 жылы - Махамбет ауданының Қозықара, Есмахан ауылдарында құрылыс жұмыстары аяқталды.

Сонымен қатар 2021-2023 жылдары іске асыру мерзімімен 8 ауылдық елді мекенді-Тасқұдық, Соркөл, Сарқұмақ, Былқылдақты, Қоңыраулы, Қызылқоға ауданының Кенбай разъезін, Исатай ауданының Қызыл үй, Жасқайрат ауылдарын газдандыруға ЖСҚ әзірленді.

Бұдан басқа, 2019 жылы «ҚазТрансГазАймақ» АҚ ұсынған 9 инвестициялық жоба бойынша жұмыстар жүргізілді

Оның ішінде 2019 жылы 6 объекті бойынша жұмыстар аяқталды:

- «Махамбет - Жалғансай ауылдарын жалғайтын газ құбырын салу»;
- «Елтай» АГТС газ құбырының құрылысы-Аққала ауылы»;
- «Индер-Махамбет магистралды газ құбырынан Махамбет және Индер аудандарының елді мекендеріне апаратын газ құбырларын салу»;
- «Жыланды ауылы - Д. Нұрпейісова ауылы арасына жоғары қысымды ауыларалық газ құбырын салу»;
- «Индер кенті, Кубашев көшесі бойынша орта қысымды газ құбырының ПЭ құрылысы»;
- «Жайық (Жайық) өзені арқылы өтетін Еркінқала ауылынан-Дамба ауылы арасына жоғары

қысымды жалғастырушы газ құбырының құрылысы».

2019 жылы 3 жоба бойынша 2020 жылдың соңына дейін іске асыру мерзімімен ЖСК әзірленді:

- «Бірлік» АГТС қосумен «Газпромаш-50» АГТС «Орбита» №1 «Атырау» ГРС дейін жоғары қысымды жалғастырушы газ құбырын салу»;

- «Ақкөл» АГТС жалғастырушы газ құбырын салу» - Дашино ауылы»;

- «Құрманғазы көшесі мен Әбілқайыр хан даңғылы қиылысында жоғары қысымды газ құбырының ПЭ құрылысы»;

- Ерік Мостовой арнасы бойындағы Еркінқала ауылы».

11.4.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Жайық өзені Ресей Федерациясының аумағынан ағып, БҚО мен Атырау облысының аумағы арқылы ағып өтеді.

Жайық-Каспий гидрографиялық бассейні Қазақстанның батыс бөлігінде орналасқан, ауданы 640,8 мың км², оның ішінде Атырау – 118,6 мың км² құрайтын төрт облыстың аумағын қамтиды.

Атырау облысы аумағындағы Жайық-Каспий бассейнінің су қоры 16,64 км³ құрайды, оның ішінде Жайық өзенінің бассейні бойынша - 9,46 км³, Еділ бассейні бойынша - 6,7 км³ және Ойыл өзенінің бассейні бойынша - 0,13 км³, Сағыз - 0,02 км³, Ембі - 0,33 км³.

Атырау облысының аумағында төрт топтық су құбыры бар, олардың арасында бассейнаралық маңызы бар «Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры бар. Су таратқыштың қуаттылығы тәулігіне 55 мың м³, ұзындығы-1041 км, құбырлардың диаметрі 1220 мм, су пайдаланудың мақсаты мұнай кен орындарына техникалық су беру, сондай-ақ Атырау және Маңғыстау облыстарының шалғайдағы елді мекендерін сумен жабдықтау болып табылады.

Атырау облысының негізгі беткі су көздері Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы, Жайық, Ойыл, Ембі, Сағыз өзендері, Еділ – Қиғаш, Шаронов және басқа да кіші өзендер болып табылады. Әлсіз бөлінген беткі бедері, құрғақ климат, теңізге қарай сәл көлбеу беткі су үсті ағынының пайда болуындағы теріс факторлар болып табылады. Атырау облысының барлық өзендері қармен қоректенетін өзендерге жатады. Олар жоғары көктемгі сулардың бір толқынымен сипатталады, оның көлемі өткен қыстың қар қорына байланысты. Осы кезеңде жылдық ағынның көп бөлігі өтеді, содан кейін судың тез төмендеуі басталады және өзендер жаңбыр немесе жер асты қорегіне өтеді.

Атырау облысының барлық өзендерінде Ресей Федерациясы мен Ақтөбе облысының транзиттік ағымы бар. Жайық өзенінің транзиттік ағыны негізінен Каспий теңізіне құяды, ал Ембі, Ойыл, Сағыз өзендерінің ағындары сорлар мен құмдарда жоғалады.

1992 жылғы 27 тамыздан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісім қолданылады. Бұл келісім 2010 жылғы 7 қыркүйекте қайта жасалды.

Аталған келісім шеңберінде трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөнінде құрылған Қазақстан-Ресей комиссиясы жұмыс істейді.

2019 жылғы 26 қыркүйекте Атырау қаласында су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясының ІХ (XXVII) отырысы өтті. Отырыста трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі комиссияның екі жағынан Жайық, Қиғаш және Үлкен және Кіші Өзен өзендері бассейндерінің жұмыс топтарының есептері ұсынылды. Талқылау қорытындысы бойынша Жайық өзенін сақтау жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және іске асыру қажеттілігі туралы бірыңғай пікір әзірленді.

Суды бұру

Атырау қаласының кәріз желісінің қазіргі жағдайы қала аумағының 45%-ын және Балықшы кентінің шамамен 30%-ға жуығын қамтиды.

Қаланың оң жағалау мен сол жағалауы бөлігінің суды бұру жеке кәріз желілерімен жүзеге асырылады. Қала аумағы жазықты рельефті болып сипатталады. Ұңғыма станцияларының басым бөлігі негізінен апатты жағдайда.

Ағынды суларды тазарту құрылыстарының болмауы, аудандағы экологиялық жағдайға теріс әсер етеді.

2019 жылы Атырау қаласының сол жақ жағалау бөлігінде қуаттылығы тәулігіне 70 000 м³ құрайтын КТҚ-ның құрылысы бойынша жұмыстар басталды.

Сондай-ақ «Атырау қаласының оң жағалау бөлігіндегі кәріздік тазарту құрылыстарын қайта жаңарту» жобасының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Тазарту құрылыстарының өнімділігі тәулігіне 60 000 м³ дейін арттыру мүмкіндігімен тәулігіне 31 000 м³ құрайды.

Ластауыш заттардың нақты төгінділері бойынша деректер 11.4.1-кестеде келтірілген.

11.4.1-кесте

2018-2019 жылдардағы су ресурстарының ластануы және ағынды сулармен ластауыш заттар ағызулары

Ағызулардың нақты көлемдері туралы ақпарат		2018 жыл	2019 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	6882,5	7190,1
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	7,5	13,2
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	10089,3	6783,1
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	9,27	7,8
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	0	0
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	0	0
Барлығы (барлық жоғарыда келтірілген ағызулар)	Суды бұру көлемі, мың м ³	16 971,8	13973,2
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	16,8	21,08

Беткі сулардың сапасы

«Қазгидромет» РМК Атырау облысы аумағындағы беткі суларының сапасын бақылауды Жайық, Шаронов, Ембі және Қиғаш өзендеріндегі 4 су объектісінде жүргізді (11.4.2-кесте).

Жайық өзені Ресей Федерациясының аумағынан ағып, БҚО және Атырау облысының аумақтары арқылы ағып, Атырау облысының аумағында Каспий теңізіне құяды.

Шаронов және Қиғаш өзендері Қазақстан аумағын кесіп өтетін Еділ өзенінің төменгі ағысының арнасы мен тармағы болып табылады. Өзендер Атырау облысы аумағындағы Каспий теңізіне құйылады.

11.4.2-кесте

Атырау облысының аумағындағы өзендер мен Шаронов сағаларының сапасы

Су объектісі	Судың температурасы	Сутегі көрсеткіші	Суда ерітілген оттегінің концентрациясы	Ауыр металдар бойынша ШЖК артуы
Жайық өз.	0,0 - 24,6°C	7,1-8,84	4,7-8,8 мг/дм ³	табылған жоқ
Шаронов ағысы	0,0- 24,3°C	7,36-8,58	6,9 мг/дм ³	табылған жоқ
Қиғаш өз.	0,0-22,6°C	7,44-8,94	6,3-8,5 мг/дм ³	табылған жоқ
Ембі өз.	19,8°C	8,0	6,6 г/дм ³	табылған жоқ

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2019 жылғы қаңтардан бастап «Қазгидромет» РМК «Су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (Бірыңғай классификация) жаңа нормативтік құжатын қолдануға көшті.

Бірыңғай классификациялау бойынша 2019 жылы Атырау облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: Жайық, Ембі өзендері, Шаронов сағасы және Қиғаш тармағы (>5 класс) нормаланбайды.

Атырау облысының аумағындағы Солтүстік Каспий теңіз суының сапасы

«Қазгидромет» РМК теңіз суының сапасын бақылау келесі жағалау маңы станцияларында жүргізілді: Теңіз кеме қатынасы арнасы (2 нүкте), Жайық өзенінің жағалауы (5 нүкте), Шалғы шығанағы сағалары (5 нүкте), Еділ өзенінің жағалауы (7 нүкте), Жанбай кенті (5 нүкте).

Теңіз суының сынамалары өлшенген заттардың, биогендік заттардың, еритін оттегінің, негізгі иондардың, органикалық ластауыштардың, Жеңіл тотығатын органикалық заттардың (БПК₅ бойынша), ауыр металдардың және сутегі көрсеткішінің құрамына талдау жүргізілді.

Солтүстік Каспийде судың температурасы 18,8-19,4°C шегінде болды, теңіз суының сутегі көрсеткішінің шамасы -7,9-8,1, ерітілген оттегінің мөлшері - 6,2-7,0 мг/дм³, БПК₅ - 2,7-3,3 мг/дм³. Каспийдегі судың сапасы (>5 класс) нормаланбайды: магний - 138 мг/дм³, минералдану - 3707 мг/дм³, хлоридтер - 1652 мг/дм³.

Бірыңғай классификация бойынша Атырау облысы аумағындағы су объектілері суының сапасы 2019 жылы келесідей бағаланады: нормаланбайды (>5 класс) - Каспий теңізі.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

11.4.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Атырау облысының жер қоры 11 863,1 мың га құрайды. Жер қорының жалпы ауданы 2018 жылдан бері өзгерген жоқ, ал жер учаскелерінің санаттары әр түрлі болды (11.4.3-кесте). Босалқы жер есебінен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлесі артып келеді (11.4.6-сурет).


11.4.3-кесте

2018-2019 жылдарға жерді санаттар бойынша бөлу

№	Жер санаты	2018 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ
		МЫҢ ГА	
1.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, мың га	2 662,9	2982,6
2.	Елді мекен жерлері	1 258,3	1216,8
3.	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлері	217,7	220,5
4.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	156,5	156,5
5.	Орман қоры жерлері	53,0	56,0
6.	Су қоры жерлері	18,8	20,5
7.	Босалқы жерлер	7370,9	7085,2
8.	РФ пайдаланатын жерлер	125,0	125,0
Барлығы, мың га		11 863,1	11 863,1

Көзі: ҚР АІШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2018-2019 жылдарға жерді санаттар бойынша бөлу үлесі



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Топырақтың ластануы

«Қазгидромет» РМК филиалы көктемде және күзде Атырау қаласында және Солтүстік Каспийдің 5 кен орнында топырақ сынамаларын іріктеу және талдау жүргізді.

Топырақ сынамаларында мұнай өнімдері, кадмий, қорғасын, мыс, хром және мырыш құрамы анықталды.

Атырау қаласында көктемгі және күзгі кезеңде іріктеп алынған топырақ сынамаларында мырыш құрамы 1,175-2,78 мг/кг, мыс – 0,138-0,563 мг/кг, хром – 0,012-0,025 мг/кг, қорғасын – 0-0,1 мг/кг, кадмий – 0,025-0,163 мг/кг шегінде болды.

Барлық анықталған ауыр металдар норма шегінде болды.

Көктемгі және күзгі кезеңде іріктелген топырақ сынамаларында Солтүстік Каспийдің 5 кен орнында (Жанбай, Забурунье, Доссор, Мақат, Қосшағыл) әртүрлі нүктелерде қорғасынның құрамы - 0,05-15,3 мг/кг, мырыш - 1,1-14,2 мг/кг, мыс - 0,14-2,9 мг/кг, хром - 0,75-4,05 мг/кг, кадмий - 0,04-0,3 мг/кг, мұнай өнімдері - 1-2, 95 мг/кг.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Жерді алу

2019 жылы 2018 жылы берілген ұйғарымдар бойынша 44 жер учаскесінде бақылау тексерістер жүргізілді.

Нәтижесінде 24 жер учаскесін игеру бойынша жұмыстар басталды, 1 жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгертілді, 3 жер учаскесі (алаңы 43,0216 га) мемлекетке өз еркімен қайтарылды, 1 жыл ішінде 16 жер учаскесі игерілмеді, осыған байланысты мәжбүрлеп алып қою үшін сотқа жіберілді.


2019 жылы сот органдарына 16 талап арыз жіберілді, оның ішінде 10 жер учаскесі (ауданы 25181,4 га) мәжбүрлеп алынды, 1 талап-арыз бойынша (ауданы 2,58 га) қанағаттандырудан бас тартылды, 3 талап-арыз (ауданы 4,321 га) қараусыз қалдырылды, 2 талап арыз сотта қаралады.

11.4.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

2019 жылы кең таралған пайдалы қазбаларды барлау бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың саны 35-ке дейін төмендеді (11.4.7-сурет).

11.4.7-сурет

ЖПҚ бойынша жер қойнауын пайдаланушылар саны



Көзі: Атырау облысының әкімдігі.


Атырау облысының аумағында 94 кен орнында (келісімшарттар бойынша – 65, лицензиялар бойынша-29) ЖПҚ-ның 7 түрі өндіріледі және игеріледі.

Оның ішінде: 56 - саз жыныстарын, 6 - құрылыс құмын, 12-құм - қиыршықтас қоспасын, 6 - кірпіш шикізатын, қалғандары-ас тұзын, әк тасты, гипсті, құмды өндіру (11.4.8-сурет).

Қолданыстағы 65 келісімшарттың 23-і «Атырау «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ үлесіне тиесілі.

11.4.8-сурет

Атырау облысы бойынша 2018-2019 жылдардағы ЖПҚ өндіру



Көзі: Атырау облысының әкімдігі.

2019 жылы 2 жер қойнауын пайдаланушылармен 2 келісімшарт және 14 жер қойнауын пайдаланушылармен 29 лицензия жасалды. Жер қойнауын пайдалану құқығы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсанда ҚР Кодексіне сәйкес лицензиялаумен жүзеге асырылады

11.4.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйіне талдау

Атырау облысының аумағында ерекше қорғалатын үш табиғи аумақ бар:

- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі ауданы 662,6 мың га болатын мемлекеттік қорық аймағы;

- Құрманғазы ауданы аумағында, Каспий теңізінің жағалау аймағындағы ауданы 45 мың га болатын Новинск мемлекеттік табиғи қорығы;

- Атырау қаласы мен Махамбет ауданының аумағында орналасқан жалпы ауданы 111,5 мың га болатын «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты.

«Ақжайық» резерватына Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңы, Атырау облысы әкімінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі №108 және 2017 жылғы 5 сәуірдегі №51 «Атырау облысы аумағында «Ақжайық» МТР ММ күзет аймағын құру туралы» қаулылары негізінде ауданы 36,77 мың га болатын қорық режимі аймағы (ядролық аймақ) 75,4 мың га болатын буферлік аймақ кіреді. Аумақ-бұл салыстырмалы түрде тұрақты гидрологиялық режиммен және ерекше гидрофлорамен және гидрофаунамен сипатталатын тарихи қалыптасқан сулы-батпақты кешен.


Атырау облысының мемлекеттік орман қоры 52 446 мың га құрайды, оның ішінде 15 146 га орманмен көмкерілген.

Ормандарды қорғау және орман өсіру жөніндегі функцияларды Атырау, Индер, Құрманғазы және Махамбет ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелері жүзеге асырады.

2019 жылы орман шаруашылығы мекемелерімен шамамен 253,5 га алаңда орманды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, оның ішінде 93,5 га – ормандарды отырғызу, 160 га – ормандардың табиғи өсуіне жәрдемдесу бойынша жұмыстар жүргізілді (11.4.9-сурет).

11.4.9-сурет

2018-2019 жылдардағы орманды қалпына келтіру жұмыстары (га)



Көзі: Атырау облысының әкімдігі.

2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда ормандардың табиғи өсуіне ықпал ету бойынша жұмыс көлемі 10 га қысқарды.

2019 жылы «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының аумағында экологиялық туризмді дамыту мақсатында 4 экологиялық бағыт әзірленді және паспорт бекітілді. Табиғи факторларға байланысты 2 бағыт жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Табиғат әлемі» маршруты. Құрлық арқылы өтетін маршрут мектеп оқушылары мен студенттерге, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған. Тағы бір маршрут – «Су әлемі» - судың үстінде орналасқан және ересектер мен қала қонақтарына арналған. Келген туристер үшін аталған бағыттардың

нақты презентациялары өткізіледі.

2019 жылдың қорытындысы бойынша ерекше қорғалатын табиғи аймаққа туристік және рекреациялық мақсатта резерват аумағына 1500 адам, инспекторлық және гидтік экскурсия жетекшілерімен 230 турист келді.

2019 жылы 32 экскурсия ұйымдастырылды, 2020 жылы олардың санын көбейту жоспарлануда. Жергілікті тұрғындардан басқа, шетелдік азаматтар да туристік қызмет алатынын айта кету керек, Атап айтқанда, Малайзия, Украина, Голландия, Германия, Ұлыбритания, Болгария, Ресей, Бельгия, АҚШ және басқа елдердің азаматтары экскурсияға келді. Экологиялық туризм үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында туристер үшін әр демалыс үйінде мектеп оқушыларымен, орта және жоғары оқу орындарының студенттерімен, «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының мамандарымен көшеттерді отырғызу және бекеттерді көгалдандыру бойынша сенбіліктер өткізілді.

Ақжайық мемлекеттік табиғи резерватының аумағында сүтқоректілердің 48 түрі, өсімдіктердің 227 түрі, балықтардың 25 түрі, омыртқасыздардың 3000-нан астам түрі тіркелген (11.4.4-кесте).

Қазақстанның Қызыл кітабына құстардың 36 түрі, жануарлардың 2 түрі, өсімдіктердің 3 түрі және балықтардың 5 түрі енгізілген.

11.4.4-кесте

2018-2019 жылдардағы Ақжайық мемлекеттік табиғи резерваты аумағындағы фауна өкілдері түрлерінің саны (бірлік)

Түрі	2018 жыл	2019 жыл
Аққұйрықты суббүркіт	81	94
Сұр тырна	859	0
Қабан	220	240
Қасқыр	23	58
Орқоян	87	84
Түлкі	74	62
Жанат тәрізді ит	186	182
Борсық	60	64
Ондатр	6600	6350

11.4.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша 3 метеорологиялық станцияда (Атырау, Пешная, Құлсары) және Құлсарыдағы 1 автоматты бекетте (Құлсары №7) жердегі гамма сәулелену деңгейіне күн сайын бақылау жүргізілді.

2018 жылы орташа алғанда радиацияның гамма-фоны рұқсат етілген шегінде болды және 0,08 - 0,31 мЗв/сағ құрады.

Облыс бойынша орташа алғанда радиацияның гамма-фоны рұқсат етілген шегінде болды және көрсеткіштер нәтижелері 0,12 мЗв/сағ құрды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.


11.4.7. ҚАЛДЫҚТАР

2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Атырау облысы бойынша 469,085

мың тоннаны құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 171,588 мың тоннаға (27%) аз және 2017 жылға қарағанда 82,172 мың тоннаға (21%) көп. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 181,068 мың тоннаны құрады. 2017 жылы шамамен 178,174 мың тонна болды бірақ, 2018 жылмен салыстырғанда көлемнің төмендеуі 152,62 мың тоннаны (46%) құрады. Облыс бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 15%-ға ұлғайды, бірақ 2018 жылмен салыстырғанда 33%-ға азайды (11.4.10-сурет).

11.4.10-сурет

2017-2019 жылдардағы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі
(мың тонна)



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Атырау облысында тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жөніндегі 2017-2021 жылдарға арналған бағдарлама әзірленді. Тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинауды кезеңділікпен енгізу жүргізілуде. Атырау қаласында 96 дана пластик қалдықтарды жинауға арналған контейнер орнатылды. Халық арасында қалдықтарды бөлек жинау қағидаттарын түсіндіру бойынша жұмыс жүргізілуде. Тұрғын үйлердің, өндірістік және әлеуметтік объектілердің аумақтарында 1002 контейнер алаңы орналасқан, оларда 7 929 контейнер орнатылған.

«Спецавтобаза» ЖШС Атырау қаласындағы қолданыстағы қоқыс полигонында «Сифания-Экотехника» Белорус компаниясының сұрыптау цехы сатып алынып, орнатылды. Жобаның құны 130 млн теңге. 2019 жылдың шілдесінде цех жұмыс істей бастады. Күніне 50 тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды қабылдайды.

«Жылыой Тазалық» ЖШС, «Монтаж Строй» ЖШС-мен тұрмыстық қатты қалдықтарды қабылдау және сұрыптау бойынша нысан салу туралы шарт жасасты. Тұрмыстық қатты қалдықтарды сақтау, дезинфекциялау, сұрыптау бойынша зауыт құрылысының жобасын 2021 жылы аяқтау жоспарлануда.

Жылыой ауданы Құлсары қаласында «Эко жасыл әлем ХХІ» ЖШС тұрмыстық қатты қалдықтарды қабылдау, қайта өңдеу және сұрыптау бойынша заманауи кешен құрылысына 250 млн теңге инвестициялады. Құлсары-Бейнеу тас жолының 6-шақырымында 6,5 га жер учаскесінде жылына 30 мың тонна ТҚҚ өңдеу және сұрыптау қуаты бар кешен салынды, 2019 жылғы қыркүйекте кешен пайдалануға берілді.

Сондай-ақ, «Жылыой Тазалық» ЖШС тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және кәдеге жарату зауытының құрылысын бастады.

Атырау қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды қабылдау және сұрыптаумен «СпецАвтобаза» ЖШС, «ТШО» ЖШС, «Вест Дала» ЖШС айналысады.

Атырау қаласында ірі базарлар, атап айтқанда «Caspy Trade IMPEX» ЖШС (Мерей базары), «Сарайшық Атырау» ЖШС (Сарайшық базары), «БТТ» ЖШС (Көктем базары), «Дина» сауда

үйі, «Насиха» ЖШС, 2020 жылы «СпецАвтобаза» ЖШС-мен ТҚҚ шығаруға шарттар жасасты. «ПромЭкология» ЖШС 2020 жылы Атырау қаласының сол жағалауында ТҚҚ сұрыптау кешенін салуды жоспарлап отыр.

Аудандарда ТҚҚ қабылдау және сұрыптаумен айналысады:

- Жылыой ауданы бойынша: «Жылыой Тазалық» ЖШС, «ПромЭкология» ЖШС, «Эко жасыл әлем ХХІ» ЖШС;
- Мақат ауданы бойынша: «Тазалық Көгал» ЖШС»;
- Махамбет ауданы бойынша: «Ешманова» ЖК, «Жасыл Аймақ» ЖШС;
- Индер ауданы бойынша: «Тұрмыстық қызмет» ЖШС;
- Исатай ауданы бойынша: «Рысбаев» ЖК, «Исатайгазстройсервис» ЖШС;
- Құрманғазы ауданы бойынша: «АрТри» ЖШС, «Таяшов Е» ЖК;
- Қызылқоға ауданы бойынша: «Калибри» ЖШС.

11.4.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Облыс бойынша жаңартылған энергия көздерін дамыту мақсатында Исатай ауданында Манаш елді мекенінің маңында қуаттылығы 52,8 МВт болатын жел электр станциясы салынууда, жобаның құны 12,3 млрд теңге. 36 жел қондырғысы орнатылды, электр энергиясын өндіру басталды.

11.4.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Нысаналы көрсеткіштер облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 19 сәуірдегі №309-VI шешімімен бекітілген. Нысаналы көрсеткіштер 2019 жылдан бастап 2023 жылға дейінгі кезеңге белгіленген.

Нысаналы көрсеткіштерге кезеңділікпен қол жеткізу мақсатында облыс әкімі іс-шаралар жоспарын бекітті және оның орындалуына жауаптыларды анықтады.

2019 жылы ҚОСНК-ға қол жеткізу мақсатында «Теңізшевройл» ЖШС «Теңіз» шығарындыларын бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізуге сәйкес жобалық құжаттама бекітілді және жұмыстар жүргізілді.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің кестесі және біршама толық ақпарат <http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoy-informacii/jekologijalyzha-daj/>) және (<http://atyrau.gov.kz/is/read/12057.html?search=0KbQtdC70LXQstGL0LUg0LQvtC60LDQ†9Cw0YLQtdC70Lg>) сайттарында орналасқан.

11.5. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	151,3	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам		652 325
	2016-2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019	
Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд тенге	13,1	18,9	14,8	13,3	

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының солтүстік-батысында орналасқан. Ол 15133,9 мың га аумақты алып жатыр, бұл Қазақстан аумағының 5,6%-ын құрайды. Әкімшілік орталығы - Орал қ.

Облыс Еуразияның орталық бөлігінде, Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан. Ресей Федерациясымен шектеседі.

Аумақтың жер бедері жазық. Облыстың солтүстігі мен солтүстік-шығысында Жалпы Сырт және Орал алды үстіртінің сілемдері орналасқан. Оңтүстігінде Каспий маңы ойпатының шегінде Нарынқұм құмды алқаптары орналасқан: Көкөзенқұм, Аққұм, Қарағандықұм және басқалары.

Климаты шұғыл континенталды. Жыл бойы қатты жел соғып тұрады, жазда құрғақ жел жиі болады.

Қаңтардың орташа температурасы -14°C дейін, шілдеде $+25^{\circ}\text{C}$ дейін. Абсолютті минималды температура 40°C , абсолюттік максимум $+40^{\circ}\text{C}$. Қар жамылғысы облыстың оңтүстігінде 70 күнге, солтүстігінде 140 күнге созылады.

Облыста жалпы ұзындығы 4600 км 200-ге жуық өзендер мен бұлақтар бар, олардың ішінде ірі Жайық (Орал), Шаған, Деркөл, Көшім, Үлкен және Кіші Өзен өзендері, 144 көл бар. Ең маңыздысы - Шалқар, Балықты Сарқыл және Қамыс-Самар көлдерінің жүйесі.


11.5.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

11.5.1-сурет

Стационарлық көздерден атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының динамикасы

ҚР Статистика комитетінің деректері бойынша, облыс бойынша атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының көлемі 2015 жылдан бастап 2017 жылға дейін 2018 жылмен салыстырғанда (48,2 мың тонна) (2015 ж. - 42,4 мың тоннаны, 2016 ж. - 42,5 мың тоннаны, 2017 ж. - 41,5 мың тоннаны) едәуір аз болды, 2019 жылы стационарлық көздерден зиянды заттар шығарындыларының жалпы көлемі 41,2 мың тоннаны құрады (11.5.1-сурет, 11.5.1-кесте).

2019 жылы облыс кәсіпорындарынан апаттық шығарындылар болған жоқ.



Көзі: ҚР Статистика комитеті.

1.5.1-суреттен көріп отырғанымыздай, 2019 жылы ластауыш заттар шығарындыларының жалпы көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 7 мың тоннаға төмендеді.

2018-2019 жылдардағы тұрақты және жылжымалы көздерден ластауыш заттар шығарындылары (мың тонна)

Облыс	2018 жыл		2019 жыл	
	Батыс Қазақстан облысы	Стационарлық көздерден атмосфераға ластауыш заттар шығарындылары, мың тонна*	Жылжымалы көздерден ластауыш заттар шығарындылары, мың тонна	Стационарлық көздерден атмосфераға ластауыш заттар шығарындылары, мың тонна*
	48,2	3,5	41,2	3,1

Көзі: *ҚР Статистика комитеті.

2019 жылы 31 желтоқсанға Батыс Қазақстан облысы бойынша отын ретінде табиғи газды пайдаланатын көлік құралдарының (жеңіл және жүк автомобильдері, автобустар) саны 4824 бірлікті немесе 3,4%-ды құрады (11.5.2-кесте).

2019 жылға автокөлік құралдарының саны

Көлік құралдары	Көлік құралдарының түрлері					
	Жеңіл автокөлітер	Жүк автокөлітер	Автобустар	Мотоциклдер	Тіркемелер	Барлығы
Жеке тұлғалардағы көлік құралдары	22537	1187	316	92	838	24970
Заңды тұлғалардағы көлік құралдары	1079	634	167	-	273	2153
Барлығы:	23616	1821	483	92	1111	27123
Оның ішінде жанармай ретінде табиғи газды пайдаланатын көлік саны	4287	350	187	-	-	4824

Көзі: ҚР Ішкі істер министрлігі.

Атмосфералық ауаның сапасы

Батыс Қазақстан облысында «Қазгидромет» РМК тиесілі ауаның ластануын бақылайтын 6 автоматты стационарлық бекет жұмыс істейді.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша Орал және Ақсай қалаларының атмосфералық ауасының ластануы төмен деңгеймен сипатталады (Орал АЛИ-2, Ақсай АЛИ -1).

Қалқыма бөлшектердің концентрациясы (PM-10), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, көмірсутектер, аммиак, формальдегид, бензол өлшенді. Бақылау деректері бойынша барлық анықталатын заттардың концентрациясы шекті жол берілетін нормада болды.

Ластауыш заттардың орташа концентрациясы ШЖК-дан аспады.

Январцево кентінің атмосфералық ауасы ластанудың төмен деңгейімен сипатталады (АЛИ-1), жалпы кент бойынша күкірт диоксиді мен ластауыш заттардың орташа және ең

жоғары бір реттік концентрациясы ШЖК-дан аспады.

2018 жылдағыдай 2019 жылы Батыс Қазақстан облысында «Қазгидромет» РМК бақылаулары бойынша жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

Газдандыру

2014-2019 жылдарға облыстың елді мекендерін газбен қамтамасыз етуге мемлекеттік бюджеттен 15 млрд теңге бөлінді. Бюджеттік және «КазТрансГазАймақ» АҚ Батыс Қазақстан филиалы меншік қаражаттары есебінен 2014 жылы – 3049,2 км, 2015 жылы – 3226,5 км, 2016 жылы– 3354,5 км, 2017 жылы – 3696,7 км, 2018 жылы – 11 км, 2019 жылы – 194 км құбыры салынды. 2019 жылы облыс бойынша табиғи газға 288,1 мың халқы бар 321 ауылдық елді мекен қосылды. Газдандыруға жыл сайын қаржыландыру байқалуда.

2019 жылы Батыс Қазақстан облысын газдандыру 96,1%-ды құрайды. Табиғи газбен жабдықтауға Орал мен Ақсай толығымен ауыстырылды, желілік газ тартылды, сондай-ақ шалғай ауылдарды газдандыру жалғасуда.

Қала және ауыл халқының табиғи газбен қамтамасыз етілуі 11.5.2-суретте көрсетілген.

11.5.2-сурет

2015-2019 жылдары Батыс Қазақстан облысының табиғи газбен қамтамасыз етілуі



Көзі: Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті.

Қала халқының 2015-2019 жылдар аралығында табиғи газбен қамтамасыз етілуі 100%-ды құрайды. Ауыл халқын газбен қамтамасыз ету жыл сайын артып келеді. 2019 жылы ауыл халқын газбен қамтамасыз ету 92%-ды құрады.

11.5.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Батыс Қазақстан облысында жалпы ұзындығы 4600 км болатын 200-ге тарта өзен бар, оның ішінде: Жайық, Шаған, Деркөл, Күшім, Үлкен және Кіші Өзен негізгі өзендері. Сондай-ақ, облыста 144 көл бар, оның 94-і тұзды. Біршама маңыздылары - Шалқар, Балықты Сарқыл және Қамыс-Самар көлдері.

Шалқар көлі – Батыс Қазақстан облысындағы ең ірі және ең терең су қоймасы. Көлге шамамен 1,4 млрд м³ су жиналады судың ең үлкен аумағы 24 мың га құрайды. Көлге Есен Аңқаты (Үлкен Аңқаты) және Шолақ Аңқаты (Кіші Аңқаты) өзендерінің шығыс жағынан Жайық өзеніне құятын Солянка өзені ағады. Батыс Қазақстан облысының солтүстігінде Жайық өзені ағады, оның 250 км Батыс Қазақстан облысының далалық аймағында

орналасқан. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы Жайық өз. бассейнінің кіші өзендеріне Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Рубежинское, Быковка, Емболат, Барбастау және т.б. жатады. Жайық өзені (Орал) Қазақстанның ерекше ұлттық маңызы бар негізгі су артерияларының бірі болып табылады.

Суды пайдалану және ағынды суларды ағызу

Жалпы облыс бойынша 7 аса ірі су пайдаланушы ағынды суларды қоршаған ортаға ағызуды жүзеге асырады.

Қалған кәсіпорындарда ағынды су көлемінің шамалы өсуі немесе төмендеуі байқалады («Батыс су арнасы» ЖШС, «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ, «Ақсайжылукуат» МКК).

Ағынды суларды ағызуды жүзеге асыратын ірі табиғат пайдаланушылар қатарына «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» АҚ Батыс филиалы, «Батыс су арнасы» ЖШС, «Ақсайжылукуат» МКК, «Жайықжылукуат» АҚ, «Конденсат» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ Орал мұнай құбыры басқармасы БФ, «Жайықмұнай» ЖШС жатады.

Төгіндісі бар барлық кәсіпорындар ШЖА нормативтерінің жобаларын әзірледі, ағынды суларды ағызу белгіленген лимиттерге сәйкес жүргізіледі. Ағынды сулардың негізгі көлемі Орал және Ақсай қалаларында пайда болады.


2019 жылы шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды ағызу көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 631 мың тоннаға азайды. Ластауыш заттардың өнеркәсіптік шығарындыларында да төмендеу бағытында шамалы өзгерістер байқалады. 2018 жылы ластауыш заттардың шығарындыларының көлемі 42,6 мың тоннаны, 2019 жылы - 42,4 мың тоннаны құрады (11.5.3, 11.5.4-суреттер).

2018 жылмен салыстырғанда кәсіпорындарда өнеркәсіптік төгінділер көлемінің («Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» АҚ және «Жайықмұнай» ЖШС) 2,7%-ға азайғаны байқалады. Ағызу көлемінің төмендеуі ілеспе-қабаттық суды тазарту процесінде техникалық суды тұтынудың азаюымен, «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» ластанбаған аумақтардан жергілікті жер бедеріне жаңбыр және еріген ағынды суларды ағызудың болмауымен және технологиялық регламентке сәйкес қайталама пайдаланудың ұлғаюына байланысты.

2018-2019 жылдары апатты және рұқсат етілмеген төгінділер болған жоқ.


11.5.3-сурет

2018-2019 жылдардағы су бұру көлемі (мың м³)



Көзі: Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті.

2018-2019 жылдардағы ластауыш заттардың көлемі (мың тонна)



Көзі: Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті.

Батыс Қазақстан облысындағы су ресурстарының сапасы

2019 жылдың қаңтар айынан бастап «Қазгидромет» РМК жаңа нормативтік құжатты – «Су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесін» (Бірыңғай жіктеу) қолдануға көшті.

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы беткі суларының ластануын бақылау 9 су объектісінде жүргізілді: Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендерінде, Көшім каналы мен Шалқар көлінде. 2019 жылы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілері суының сапасы Бірыңғай жіктеу бойынша келесідей бағаланады:


3 класс – Деркөл өзені;

4 класс – Шаған, Жайық, Сарыөзен өзендері, Көшім каналы;

нормаланбайды (> 5 класс): Елек, Шыңғырлау, Қараөзен, Шалқар көлдері.

2019 жылы Батыс Қазақстан облысындағы су объектілерінде ЖЛ 9 жағдайы тіркелді: Жайық өзені-ЖЛ 1 жағдайы, Деркөл өзені – ЖЛ 2 жағдайы, Көшім каналы – ЖЛ 1 жағдайы, Қараөзен өзені – ЖЛ 2 жағдайы, Шыңғырлау өзені – ЖЛ 1 жағдайы, Шалқар көлі-ЖЛ 2 жағдайы. 2018 жылы ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелмеген (11.5.5-сурет).

2019 жылғы Батыс Қазақстан облысының су объектілері бойынша ЖЛ



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

Жер асты сулары

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2019 жылы Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жер асты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу 081 бағдарламасы бойынша 12 елді мекенде (Қаратөбе ауданы – Бесоба, Алакөл, Сәуле, Төлен; Теректі ауданы – Қоғалытөбек, Кутсуяк, Дуана, Шалқар; Зеленовский ауданы – Мичурин, Жамбыл, Зеленое, Асан (Набережное)). Сонымен қатар 50 елді мекенде (Ақжайық ауданы – Есім, Жаманқұдық, Баянтөбе, Үш төбе, Бітік, Әтібек; Зеленов ауданы – Шапово; Тасқала ауданы – Қалмақшабын; Жаңақала ауданы – Бірлік, Үшкөмпір, Кіші Айдархан, Салтанат, Саралжын, Қызылоба, Қырқопа, Карташов, Аққұс, Борық, Плантация; Казталов ауданы – Бозоба, Қоныс, Сексенбаев, Көпкүтір, (Болашақ а/о), Жаңатан (Мирон), Аққурай (Шильный), Бостандық, Қаракөл (Бостандық а/о), Әжібай, Жаңажол, Әбіш, Көмекші, Көктерек, Оразғали, Саралжын (Көктерек а/о), Жас, Серік, Сатыбалды, Еңбек (Қараоба а/о), Қарасу, Ащысай, Жұлдыз, Бейстерек; Сырым ауданы – Өлеңті, Жаңаөңір, Сасықкөл, Жетікөл; Теректі ауданы – Қарабас; Жәнібек ауданы – Өнеге, Еңбекші, Жұмаев) жер асты суларымен қамту үшін іздестіру – барлау жұмыстары басталды.

Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы Алғабас ауылы, Бөрлі ауданындағы Успенка ауылы, Шыңғырлау ауданындағы Тасмола және Полтав уческелерінде кен орыны жер асты суларының қорын бағалау мақсатында барлауға дейінгі жұмыстары басталды.

Іске асыру мерзімі 2021 жылға дейін Батыс Қазақстан облысының 25 елді мекенінде (Ақжайық ауданы – Бесоба, Жантемір, Жанама, Сарман; Тасқала ауданы – Ақкүтір (Беленькое), Қалмақ (Мереке а/о); Бәйтерек ауданы – Ақбидай, Красный Урал, Сұлу көл (Сұлукөл а/о), Балабанов, Богатск, Спартак, Гремячее; Бөкейордасы ауданы – Қарасай, Тереңқұдық; Жәнібек ауданы – Құрсай, Көлтабан; Бөрлі ауданы – Сұлусай рзд., Бақтыарал, Бесағаш; Сырым ауданы – Жаңақоныс, Саралжын (Бірінші Май); Теректі ауданы – Ақжайық емдеу-сауықтыру орны, Табынбай, Балықцехы) жер асты суларымен қамту үшін іздестіру – барлау жұмыстарының және Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы Қарауылтөбе ауылында, Бөрлі ауданындағы Ақсай кен орындарының жер асты суларының қорын бағалау мақсатында барлауға дейінгі жұмыстарының ЖСҚ әзірленді.

11.5.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

2019 жылы жер ресурстарын санаттар бойынша бөлу 2018 жылмен салыстырғанда 11.5.3-кестеде келтірілген.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің жалпы жер алаңының құрылымында 7039,9 мың га құрайды, бұл шаруа (фермер) қожалықтарына және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына жаңа және қосымша жер беруді ұйымдастыру есебінен 2018 жылмен салыстырғанда 0,9%-ға артық. Елді мекендер жерлерінің, ерекше қорғалатын жерлердің және орман қоры жерлерінің аудандары 2019 жылы өзгеріссіз қалды (11.5.6-сурет).

Босалқы жерлердің негізгі алаңдары ірі мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалауға байланысты жер реформасы барысында қалыптасты. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығына және өзге де пайдалануға арналған босалқы жерлерді игерудің оң үрдісі байқалды. 2019 жылы жайылымдық алқаптың азаюы есебінен босалқы жер көлемі 139,5 мың га азайды.

2019 жылғы есептік деректер бойынша шоғырлардың ең үлкен аудандары Батыс Қазақстан облысында – 462,4 мың га. 2018 жылмен салыстырғанда 4,6 мың га ұлғайды.


2018-2019 жылдардағы санаттар бойынша жердің бөлінуі (мың га)

№	Санаттар бойынша жердің бөлінуі	2018	2019
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер. Оның ішінде:	6 907,3	7039,9
	<i>Егістіктер</i>	605,3	541,8
	<i>Көпжылдық екпелер</i>	2,0	2,0
	<i>Кеніштер</i>	457,8	462,4
	<i>Шабындықтар</i>	440,5	450
	<i>Жайылымдар</i>	5 345,2	5 527,2
2	Елді мекендердің жерлері	2 323,3	2323,3
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және басқа ауыл шаруашылық мақсатындағы емес жерлер	40,2	41,6
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	12,4	12,4
5	Орман қорының жерлері	216,9	216,9
6	Су қорының жерлері	76,0	81,5
7	Босалқы жерлер. Оның ішінде:	4 094,1	3 954,6
	<i>Көпжылдық екпелер</i>	0,4	0,4
	<i>Кеніштер</i>	487,4	533,5
	<i>Шабындықтар</i>	498,0	491,1
	<i>Жайылымдар</i>	2 641,7	2 466,8

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

11.5.6-сурет

Жерді санаттар бойынша бөлу үлесі



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Топырақтың ауыр металдармен ластануы

«Қазгидромет» РМК мониторингінің деректері бойынша, көктемгі кезеңде Орал қаласында қаланың әртүрлі аудандарынан іріктелген топырақ сынамаларында мырыштың құрамы 0,81-6,38 мг/кг, мыс – 0,06-0,81 мг/кг, кадмий – 0,05-0,15 мг/кг, қорғасын – 0,0-0,13 мг/кг, хром – 0,01-0,03 мг/кг құрады.

Күзгі кезеңде Орал қаласында әртүрлі аудандарынан іріктелген топырақ сынамаларында мырыштың құрамы 1,8-2,7 мг/кг, мыс – 0,2-0,5 мг/кг, кадмий – 0,04-0,1 мг/кг, қорғасын – 0,01-0,1 мг/кг, хром – 0,01-0,04 мг/кг құрады.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

Жерді алу

Елбасының тапсырмасына сәйкес облыс бойынша жергілікті атқарушы және уәкілетті органдармен пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтау қайтару және қайта ауыл шаруашылығы айналымына енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2012 жылдан бастап облыс бойынша 1749 мың га пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер анықталды.

Қазіргі таңда пайдаланылмай жатқан жерлердің ішінен мемлекет меншігіне көлемі 1148 мың га немесе 66%-ды құрайтын жерлер қайтарылды. Қайтарылған жерлердің ішінен ауыл шаруашылығы айналымына 953 мың га немесе 83%-ы енгізілді.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде көлемі 424 мың га немесе 24%-ды құрайтын жер учаскелерінің жер пайдаланушылары жерлерін қайта игеруге кірісті.

Жалпы ауданы 177 мың га немесе 10% жер учаскелері бойынша жергілікті атқарушы органдарымен мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары атқарылуда (151 мың га жер учаскелері бойынша заң бұзушылықтарды жоюға нұсқамар берілді, 6 мың га бойынша тексеріс жүргізу жөнінде ескертулер берілді, 20 мың га бойынша ескертулер жолданылады).

Прокуратура органдарымен бірлесіп, аудандар мен Орал қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді анықтау жөнінде жұмыс топтары құрылған, аталған жұмыстар жалғасуда және қатаң бақылауға алынды.

11.5.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

Облыс аумағында 46 жер қойнауын пайдаланушы бар, олардың ішінде: кең таралған пайдалы қазбалар кен орындарын барлаумен айналысатын – 43, қатты пайдалы қазбаларды алумен – 3 (2018 жылы – 4). 2019 жылы жер қойнауын пайдалану құрамының барлық жобалары – 55, 2018 жылға қарағанда 7 объектіге көп.

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарын сақтау үшін кен орындарында жер қойнауын қорғау бойынша мынадай табиғатты қорғау шаралары жасалды:

- жобалау құжаттамасына Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және экологиялық рұқсат жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін экологиялық негіз болып табылады;

- жер қойнауын пайдалану және жабдықтарды бөлшектеу жөніндегі операция аяқталғаннан кейін жобалық шешімдерге сәйкес жер учаскесін қалпына келтіру (рекультивациялау) бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Бұл ретте талаптардың сақталуын бақылау жер қойнауын пайдалану объектілеріне арналған жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасына Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу сатысында да қамтамасыз етіледі. Олар сақталмаған жағдайда құжаттама пысықтауға қайтарылады.

11.5.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Батыс Қазақстан облыстық Орман және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшесі болып табылады. Инспекцияның негізгі міндеттері мен функциялары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және жануарлар дүниесі комитетінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №269 бұйрығымен бекітілген ережеге сәйкес орман шаруашылығын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыру болып табылады.

Батыс Қазақстан облысының жалпы ауданы 15,1 млн га құрайды. Аңшылық алқаптар 12,4 млн га, оның ішінде паспортталған аңшылық алқаптар 5,6 млн га құрайды.

Батыс Қазақстан облысында жалпы ауданы 4,3 млн га болатын 28 аңшылықты пайдалануға арналған 41 аңшылық шаруашылығы тіркелген, 1,3 млн га аудандағы алқап аңшылық алқаптары болып бекітілмеген.

Мемлекеттік орман қоры жерлерінің жалпы ауданы 216,9 мың га, оның 89,5 мың га орманмен көмкерілген ауданды құрайды.

Балық шаруашылығының дислокациялық учаскелердің бақылаудағы аумағының ұзындығы шамамен 51,5 мың га беткі тоғандар мен көлдер, Жайық өзенінің 837 км және кіші өзендердің 3645 км алып жатыр.

Батыс Қазақстан облысы аумағында 200 ден астам балық шаруашылығы су қоймалары, оның ішінде 86 балық шаруашылығының су қоймасы және (немесе) жергілікті маңыздағы учаскелер бар.

2019 жылдың соңына 39 балық шаруашылығының су қоймасы және (немесе) учаскелер 27 балық шаруашылығы субъектісіне бекітілген.

Биоресурстардың жағдайын талдау

Қазақстандағы ормандардың өте аз болуына қарамастан Батыс Қазақстан облысы орман қорлары мен аңшылық ресурстары жөнінен ерекше орын алады. Бұл географиялық орналасуына да, табиғи ландшафттардың алуан түрлілігіне де байланысты. Мемлекеттік орман қорының деректері бойынша 2019 жылы жабайы жануарлардың саны 2018 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ (11.5.4-кесте).

11.5.4-кесте

2019 жылғы жабайы жануарлардың саны

Жабайы жануарлардың түрі	Ақ-жайық ММ	Бөрлі ММ	Тайпақ ММ	Орал ММ	Орда ММ	Чапаев ММ	Шыңғырлау ММ	Январцево	Жиыны
Бұлан	-	4	-	-	-	-	-	12	16
Қабан	181	28	49	82	4	78	43	215	682
Елік	167	89	78	114	12	125	52	200	841
Қасқыр	52	26	70	50	264	52	37	41	595
Түлкі	142	93	264	289	162	196	123	148	1417
Қоян	701	123	280	352	412	430	231	200	2725
Борсық	18	22	42	28	12	100	24	20	266
Сусар	30	45	45	42	-	81	14	25	280
Күзен	70	25	113	60	77	164	50	28	484
Құндыз	96	52	45	32	-	84	12	270	591
Қарсақ	71	20	315	57	14	172	25	18	694
Ондатр	21	91	12	13	-	124	-	15	261
Ақкіс	12	12	-	-	-	6	-	30	60
Су тышқан	18	21	-	-	-	-	-	12	51
Қара күзен	-	22	-	-	-	-	-	23	45
Шағыл мысығы	-	-	20	-	17	-	-	-	37

Көзі: Батыс Қазақстан облысының әкімдігі.

11.5.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Жергілікті жердегі гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ) және Орал қаласындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылайтын 3 автоматты бекетте (№2 ЛББ; №3 ЛББ) және Ақсайда (№4 ЛББ) жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендерінде атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәндері 0,04-0,25 мкЗв/сағ шегінде, 2018 жылы – 0,00-0,28 мкЗв/сағ шегінде болды, облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,12 мкЗв/сағ құрады және рұқсат етілген шектерде болды. 2018 жылы радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/сағ құрады, сондай-ақ рұқсат етілген шектерде болды.

Атмосфераның беткі қабатындағы радиоактивті түсудің тығыздығы.

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2 (Орал, Тайпақ) метеостанция аумағында атмосфераның үстіңгі қабатының радиоактивті ластануына көлденең планшеттермен іріктеу арқылы мониторинг жүргізілді. Барлық станцияларда бес күндік сынама алынуда.

Атмосфераның беткі қабатындағы радиоактивті түсудің орташа тәуліктік тығыздығы аймақта 0,7 – 3,5 Бк/м² өзгерді.

Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,3 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін етілген деңгейден аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

Батыс Қазақстан облысының 17 кәсіпорны өз жұмысында қосынды белсенділігі 74445,9 ГБк иондаушы сәулелі 157 көзді пайдаланады.

2019 жылы өз жұмысында 13,9 ГБк/сек 10 радиоизотоптық қосынды белсенділігі көздерді ұзақ уақыт сақтауға берді.

«Батыс Қазақстан облысы онкологиялық диспенсері» ММ радиоактивті материалдық құралдарды қолданады. Медициналық мекемелерде радиоактивтік қалдықтар есеп беру кезеңінде қалыптаспаған.

Облыста радиоактивті ластану және иесіз иондаушы сәулелену көздері, сондай-ақ уран кен орындары жоқ.

Радиациялық мониторинг нәтижелері бойынша 2019 жылы зерттелетін аумақта радиациялық фонның артуы және радиациялық ауытқулар анықталған жоқ.

11.5.7. ҚАЛДЫҚТАР

2019 жылы қалдықтарды орналастырумен және сақтаумен айналысатын жерлердің жалпы ауданы 550 га құрайды, жинақталған тұрмыстық қалдықтардың жалпы саны – 6,3 млн тонна.

Елді мекендерді қатты қалдықтарды сақтайтын орынмен қамтамасыз ету үшін төмендегі жобалар жасалды:

- Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданындағы Жалпақтал ауылында жаңа полигон құрылысының ЖСҚ құны 192,2 млн теңге және Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы, Казталовка ауылында жаңа полигон құрылысының ЖСҚ құны 200,9 млн теңге;

- Ақжайық ауданы, Чапаев ауылында ТҚҚ полигоны құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасының құны 230,0 млн теңге;

- «Қалдықтарды тастауға арналған қолданыстағы полигонды қалпына келтіру» ЖСҚ дайындау бойынша 60,0 млн теңгеге конкурс жарияланды;

- Орал және Ақсай қалаларында жаңа ТҚҚ полигондарын салуға арналған ТЭН (мемлекеттік сараптамаға бағытталған, ТЭН бойынша болжамды құны: Орал қаласы бойынша - 2,8 млрд теңге және Ақсай қаласы бойынша - 2,1 млрд теңгені құрайды).

2019 жылы облыста құрылған ТҚҚ-ның барлық көлемінің 8,6% - ы, 2018 жылы-3,4% - ы қайта өңделді.

2019 жылы Орал қаласының ТҚҚ полигонында өндірістік қуаттылығы - жылына 100 мың тонна құрайтын қоқыстарды сұрыптау желісі іске қосылды.

ТҚҚ бөлек жинау кезеңділікпен енгізілуде. Пластик бөтелкелерді жинау үшін Орал қаласы бойынша 767 контейнер, қалдықтарды бөлек жинау үшін 12 ауданда 539 контейнер орнатылды. Бюджеттік ұйымдардан, тарату желілерінен макулатураны, картонды және қағаздарды жинау ұйымдастырылған. ӨКМ шеңберінде құрылғыларды және құрамында сынабы бар шамдарды жинау үшін 54 контейнер орнатылды, оның ішінде 27-сі Орал қаласында, 27-сі аудан орталықтарында орнатылды. Облыс орталығының бюджеттік ұйымдарында жергілікті өңдеу

кәсіпорнының қызметімен («Үсенов» ЖК) 400 бірлік экобокс орнатылды.

Облыс бойынша макулатураны, картон және басқа да қағаз қалдықтарды, полиэтилен және пластмас бұйымдарын, пайдаланылған автомобиль майлары мен сұйықтықтарды, пайдаланылған ауа мен жанармай сүзгілерін, резеңке (автомобиль шиналары), аккумуляторларды, құрамында сынабы бар шамдар мен құрылғыларды қабылдайтын және өңдейтін 16 кәсіпорын бар. Олар: («ОралГазаСервис» ЖШС, «Талап» АҚ, «Антей» ЖШС, «ТуранПромРесурс» ЖШС, «Губер» ЖК, «Кама центр» ЖШС, «Глухова» ЖК, «Куксова» ЖК, «Борисов» ЖК, «Жайық Полимер» ЖШС, «Арктур» ЖШС, «ВТС-Уральск» ЖК, «Үсенов» ЖК, «Мега-Жазира» ЖШС, «Фостисс XXI» ЖШС, «Урал кит» ЖШС, «Кушанов» ЖК).

11.5.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Аймақта жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін енгізудің табысты мысалдары бар. Олардың бірі Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепте 100 кВт-қа есептелген күн станциясы болып табылады. Мектеп станция жұмысы есебінен энергия тұтынуды 20% - ға дейін қысқартуды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ, электр энергиясының орталықтандырылған қосылысы жоқ шаруа қожалықтары өз қажеттіліктері үшін шаруашылықтардың өз қаражаты есебінен сатып алынған 602 күн панельдері мен жел генераторларын орнатты, олардың өндірісі шамамен 28267 кВт электр энергиясын құрады (468 күн панелі, 5 жел генераторы, 129 модульдік аралас гибридтік станциялары).

Облыста ЖЭК пайдалану мысалдарының бірі тазартылған май өндірісінде пайдаланылатын күнжараны жағу есебінен зауыттың әкімшілік ғимараты мен цехтарын жылыту үшін жылу энергиясын өндіретін «Теректі май комбинаты» ЖШС кәсіпорны болып табылады.

11.5.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Облыстық мәслихат сессиясының 2019 жылғы 6 наурыздағы №23-2 шешімімен Батыс Қазақстан облысы бойынша 2019-2025 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері бекітілді.

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2019-2025 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері ретінде келесі көрсеткіштер белгіленді:

Атмосфералық ауа бойынша:

Атмосфераға ластауыш заттардың жалпы шығарылымы.

Атмосфераға ластауыш заттардың үлестік шығарындылары.

СО үлестік шығарындылары.

SO₂ үлестік шығарындылары.

NO₂ және NO үлестік шығарындылары.

Автокөліктің әсерін бақылаудың реперлік нүктесі.

Орал және Ақсай қалалары атмосферасының ластануының кешенді индексі.

Беткі сулардың сапасы бойынша:

Ластауыш заттардың үлестік шығарындылары.

Қалдықтар бойынша:

Өндірістік қалдықтарды түзілуіне олардың кәдеге жаратылу үлесі.

ТҚҚ түзілуіне олардың кәдеге жаратылу үлесі.

Орал қаласының тұрғындарын қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметтерімен қамту.


Өсімдіктер және экожүйелер бойынша:

Мемлекеттік орман қоры аумағындағы орманмен қамтылған жерлердің ауданы.

Облыстар алаңынан ерекше қорғалатын аумақтардың үлесі.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің кестесі және толығырақ ақпарат (<http://ecogosfond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoy-informacii/jekologijalyzha-daj/>) және (<https://www.gov.kz/memleket/entities/bko?lang=kk>) сайттарында орналасқан.

11.6. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	144,2	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам		1 125 440
	2016–2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд теңге	3,6	17,4	22,2	52,7

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Жамбыл облысы Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан, Шу, Талас өзендері бассейндерін алып жатыр, батысында Қаратау тау жотасымен, оңтүстігінде – Жамбыл облысының Қырғыз жотасымен, шығысында Шу-Іле тауларымен шектеседі. Солтүстік облысы Бетпақдала шөл аудандарымен түйіседі. Облыстың ұзындығы батыстан шығысқа дейін 500 км, оңтүстіктен солтүстікке дейін 400 км, көлемі -144,2 мың км², бұл республика аумағының 5,3%-ын құрайды.

Әкімшілік орталығы – Тараз қаласы. Облыста 10 аудан, облыстық маңызы бар 1 қала, аудандық маңызы бар 3 қала – Қаратау, Жаңатас, Шу, 150 округ, 373 ауыл бар.

Облыстың Мойынқұм, Шу, Қордай аудандары Алматы облысымен; Мойынқұм, Сарысу аудандары Қарағанды облысымен; Жуалы, Талас, Сарысу аудандары Оңтүстік Қазақстан облысымен шектеседі.

Қырғызстан Республикасының Шу облысымен Шу, Қордай, Меркі аудандары және Т.Рысқұлов ауданы, ал Қырғызстан Республикасының Талас облысымен Жамбыл облысының Жамбыл және Талас аудандары шектеседі.

Жамбыл облысы фосфорит пен балқытылған шикізаттың бірегей базасы болып табылады. Облыс түсті металдарға, баритке, көмірге, қаптауыш, сәндік, техникалық тасқа, құрылыс материалдарға бай.

11.6.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Стационарлық көздерден шыққан ластауыш заттар шығарындыларының негізгі үлесі химиялық сектор кәсіпорындарына, жылу-энергетикалық және тау-кен өндіру салаларына тиесілі.

Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2019 жылы Жамбыл облысының ластауыш заттардың стационарлы шығарындыларының жалпы саны 14 962 бірлік, 2018 жылы – 15 893 бірлік.

2019 жылы стационарлық көздерден атмосфераға шығарындылардың жалпы мөлшері 55,8 мың тоннаны құрады, бұл 2018 жылмен (52,05 мың тонна) салыстырғанда 3,75 мың тоннаға артық. Ластауыш заттар шығарындыларының негізгі үлесі өнеркәсіптік кәсіпорындарға тиесілі-барлық шығарындылардың 69,1% (2018 жылы - 78,7%).

Негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі 11.6.1-кестеде келтірілген.

11.6.1-кесте

Негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі (мың т)

Ластауыш заттың атауы	2018	2019
Күкіртті ангидрид	2,9	3,4
Азот тотықтары	4,7	6,7
Қатты заттар	13,0	13,3
Көміртегі тотығы	5,6	6,5

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Атмосфералық ауаның сапасы

«Қазгидромет» РМК Жамбыл облысының Тараз, Жаңатас, Қаратау, Шу қалалары мен Қордай кентінің атмосфералық ауа сапасын бақылауды 5 стационарлық бекетте жүргізеді.

2019 жылы стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша Тараз қаласының атмосфералық ауасы ластанудың жоғары деңгейі ретінде сипатталады, АЛИ-6. Азот диоксидінің орташа концентрациясы 1,8 ШЖК_{орт.}, озон (жерге жақын) - 1,3 ШЖК_{орт.} құрады, қалған ластауыш заттар мен ауыр металдардың концентрациясы ШЖК-дан аспады.

Қаратау, Шу қалалары мен Қордай кентіндегі атмосфералық ауаның сапасы «жоғары», Жаңатас қаласында «төмен» дәрежедегі ластану деп сипатталады, АЛИ-4.

Қордай кентінде атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда «төменнен» «жоғарыға» өзгерді, АЛИ-5.

Қаратау, Шу және Жаңатас қалаларында атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Облыс бойынша атмосфералық ауаның ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары анықталған жоқ.

Жамбыл облысының атмосфералық ауасының ластануы бойынша біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019> сайтында орналасқан.

Тараз қаласының атмосфералық ауасына ластауыш заттардың шығарындыларын азайту үшін «Қазфосфат» «Минералды тыңайтқыштар» Тараз филиалы ЖШС және «Жамбылгипс» АҚ-мен келісімге қол қойылды және қадамдық іс-шаралар жоспары әзірленді. 2019 жылы «Қазфосфат» «Минералды тыңайтқыштар» ЖШС ТФ бекітілген қадамдық жоспарына сәйкес 12,450 млн теңге сомасына 8 іс-шара орындалды.


Аймақтың газдандырылуы

2019 жылғы жағдай бойынша облыста 377 елді мекен бар, оның ішінде 190 немесе 50% газдандырылған. 2018 жылмен салыстырғанда аймақты газдандыру 3% артты. 2018 жылғы жағдай бойынша облыста 377 елді мекеннің 48% немесе 181 елді мекен газдандырылды (11.6.1-сурет).

2020-2027 жылдары 187 елді мекен немесе 100%-ы газдандырылады.

2019 жылы республикалық және облыстық бюджеттерден жеткізуші газ құбырының құрылысына 6,1 млрд теңге, 2020 жылы 6,6 млрд теңге бөлінді. Осы жобаларды іске асыру кезінде 86 елді мекеннен, облыстың алты ауданынан 100 мыңға жуық адамның өмір сүру сапасы жақсарады. Оның ішінде: Байзақ ауданы (21 елді мекен-17 241 адам), Шу ауданы (18 елді мекен - 22 130 адам), Жамбыл ауданы (13 елді мекен-12 631 адам), Жуалы ауданы (15 елді мекен - 9 457 адам), Сарысу жол картасы» бағдарламасы шеңберінде 14 елді ауданының Жаңатас қаласы (14 елді мекенде кентішілік газ құбырларын салуға 1,3 мекен-39 539 адам), Талас ауданы (5 елді мекен - 4 008 адам).

11.6.1-сурет
2018-2019 жылдардағы Жамбыл облысының елді мекендерін газдандыру (%)



Көзі: Жамбыл облысының әкімдігі.

Бұдан басқа, 2020 жылы «Жұмыспен қамтудың» бағдарламасы шеңберінде 14 елді ауданының Жаңатас қаласы (14 елді мекенде кентішілік газ құбырларын салуға 1,3 млрд теңге бөлінді (Жамбыл ауданында - 5; Жуалы ауданында - 7; Шу ауданында - 2 елді мекен).

11.6.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Облыстың су ресурстары Шу, Талас және Аса өзендері бассейнінің ағымы болып табылады, ол толығымен Қырғыз Республикасының аумағында қалыптасады. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ және Сарықау өзендері Шу өзенінің салалары болып табылады. Шу-Талас гидрографиялық бассейні 242 шағын өзеннен, 35 көлден, 3 ірі су сақтағыштан және 164 су қоймасынан тұрады. Коммуналдық меншікте 117 су қоймасы бар. Өзен суын жинау ауданы 967 млн м² құрайды.

Ағынды суларды ағызу

2019 жылы, 2018 жылдағыдай, апаттық және рұқсат етілмеген ағызулар болған жоқ (11.6.2-кесте).

11.6.2-кесте

Су ресурстарының ластануы және ағынды сулармен ластауыш заттардың ағызулары

Ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат		2019 жыл	2018 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Су бұру көлемі, мың м ³	6 823	4 776,2
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	8,5	8,7
Шаруашылық-тұрмыстық ағызулар	Су бұру көлемі, мың м ³	29 087,3	19 166,6
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	7,8	8
Барлығы (барлық жоғарыда аталған ағызулар)	Су бұру көлемі, мың м ³	35 910,2	23 942,9
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	16,3	16,7

Көзі: Жамбыл облысы бойынша экология департаменті.


Талас өзеніне шартты-таза ағынды суларды ағызуды «Батуров атындағы Жамбыл МАЭС-і» АҚ кәсіпорнында ведомстволық зертхана бар. Ай сайын, бақылау кестесіне сәйкес, Экология департаментіне деректерді ұсына отырып, Талас өзенінің суына және тазарту құрылыстарының ағындарына талдау жүргізіледі. Балық шаруашылығы су қоймалары үшін ингредиенттер мен температура бойынша ШЖК нормативтерінің асып кетуі тіркелген жоқ.

11.6.2-сурет

2018-2019 жылдары су бұру көлемі, мың м³

2019 жылы су бұру көлемі 35,9 млн м³, 2018 жылы - 23,9 млн м³, ал 2017 жылы - 22,7 млн м³ құрады (11.6.2-сурет). Ағынды суларды ағызу көлемінің ұлғаюы Арай, Арай-2 және Бәйтерек шағын аудандарының жаңа қосылған кәріз желілерімен байланысты.

Экологиялық бақылауды жүзеге асыру барысында, суды қорғау бойынша іс-шараларды және суды тұтынудың айналым циклін ендіру бойынша ұйғарымдарды іске асыруға аса назар аударылады.



Көзі: Жамбыл облысы бойынша экология департаменті.

Қалалық ағынды суларды алу үшін сүзу алаңдары төтенше жағдайда болғанда, карталар қақталып, толып кетеді, бұл жағдайда шұғыл тазарту жүргізу қажет, бұл факт эпидемияға алып келуі мүмкін, жер асты суларының және беткі сулардың ластануына әкелуі мүмкін.

Сүзу алаңдарында жобалау техникалық ескірген және қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келмейді (СНЖҚ 2.04.03-85, 6.179 т.). Соңғы жылдары қабылду жерлерінің болмауына байланысты қондырғылар мен сүзу алаңдары гидравликалық жүктемемен жұмыс істейді. 2019 жылы қаланың өнеркәсіптік фекалды ағынының көлемі тәулігіне 130 мың м³ құрайды.

Тараз қаласы әкімдігінің (04.10.2018 ж. №2396) қаулысымен 42,48 га жер учаскесі бөлініп, 2018 жылы 22 қазанда тұрақты жер пайдалану құқығына акт алынды. Қолданыстағы инженерлік коммуникацияларға қосылу үшін: сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, телефон байланысы мен интернетке техникалық шарттар алынды. 2019 жылы әзірленген ТЭН жобасы «Қазақстан ТКШ орталығы» АҚ-ға Қазақстан Республикасында КТҚ қайта құру және салу жобаларын іске асырудың бірыңғай бағдарламасы жобаларының тізбесіне енгізу үшін жіберілді. «Қазақстандық ТКШ орталығы» АҚ деректеріне сәйкес қаладағы кәріз тазарту кешені құрылысының жобасы Тараз қ. халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты есебінен жобаларды іске асырудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде 53 жоба тізбесіне енгізілді. Тараз қаласы бойынша жобаның ТЭН-ін әзірлеу 2020 жылға жоспарланып отыр.

Беткі сулардың сапасы

«Қазгидромет» РМК Жамбыл облысы аумағындағы беткі сулардың ластануын бақылау 10 су объектісінде жүргізілді (Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Билікөл көлі және Тасөткел су сақтағышы). Шу, Талас және Аса өзендері бассейнінің ағысы толығымен Қырғыз Республикасының аумағында қалыптасады. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің салалары болып табылады.

Бірыңғай классификация бойынша Жамбыл облысы аумағындағы су объектілері суының сапасы 2019 жылы былайша бағаланады: нормаланбайды (>3 - класс) – Шу өзені; 4 - класс - Сарықау өзені; нормаланбайды (>5-класс) - Талас, Аса, Берікқара, Ақсу, Қарабалық, Тоқташ өзендері, Тасөткел су сақтағышы және Билікөл көлі (11.6.3-кесте).

11.6.3-кесте

2019 жылы Жамбыл облысы бойынша беткі сулардың сапасы

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы	Физика-химиялық заттардың атауы	Өлшем бірлігі	Физика-химиялық заттардың құрамы
Талас өз.	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	64,4
Аса өз.	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	63,8
Берікқара өз.	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	49,7
Билікөл өз.	нормаланбайды (>5 класс)	ОБТ ₅	мг/дм ³	11,3
		ОХТ	мг/дм ³	56,6
		Қалқыма заттар	мг/дм ³	96,3
Ақсу өз.	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	204,6
Қарабалта өз.	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	240,1

Тоқташ өз.	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	128,8
Тасөткел су сақтағышы	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	92,25
Шу өз.	нормаланбайды (>3 класс)	Темір (3+)	мг/дм ³	0,05
		Фенолдар	мг/дм ³	0,002
Сарықау өз.	4 класс	Магний	мг/дм ³	64,7
		ОХТ	мг/дм ³	32,9
		Сульфаттар	мг/дм ³	387,9
		Темір (3+)	мг/дм ³	0,19
		Фенолдар	мг/дм ³	0,002

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша беткі сулардың сапасын бақылау нәтижелері туралы біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

11.6.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жамбыл облысының жер қоры 2019 жылы жер көлемі 14 427,5 мың га құрады. 2019 жылы Жамбыл және Алматы облыстарында бекітілген жер алаңында өзгерістер болды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі №648 қаулысымен Алматы облысы Жамбыл ауданының алаңы 1091,78 га жер Жамбыл ауданының Қордай ауданының құрамына енгізілді.

2019 жылғы санаттар бойынша жерді бөлу 11.6.4-кестеде және 11.6.3-суретте келтірілген.


11.6.4-кесте

Санаттар бойынша жерлерді бөлу (мың га)

№	Жерлердің санаттары	2018 жыл	2019 жыл
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы	4 589,2	4 612,5
2	Елді мекен	467,2	468,7
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес	173,1	174,7
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	11,6	11,6
5	Орман қоры	4430,7	4 429,0
6	Су қоры	338,8	356,2
7	Босалқы жерлер	1926,5	1 885,5
8	Басқа мемлекеттермен пайдаланылатын жерлер	2492,6	2492,6
	Барлығы	14426,4	14 427,5

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Жерлерді санаттар бойынша бөлу



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2019 жылы жер қорының құрылымында ауыл шаруашылығы жерлері алаңының шамалы ұлғаюы (38%-дан 39%-ға дейін) және өнеркәсіптің, көліктің, байланыстың, қорғаныстың және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлердің шамалы 2%-дан 1%-ға дейін азаюы байқалады (11.6.3-сурет).

Топырақтың ластануы

«Қазгидромет» РМК топырақтың ауыр металдармен ластануын бақылау көктемгі және күзгі кезеңдерде Тараз, Қаратау, Шу, Жаңатас қалаларында және Қордай кентінде жүргізді (11.6.5-кесте).

11.6.5-кесте

2019 жылы Жамбыл облысында жер қойнауларының ластануы

Қала	Көктемгі кезеңде	Күзгі кезеңде
Тараз	Топырақ сынамаларында кадмий концентрациясы 0,10-0,58, қорғасын – 19,0-39,60 мг/кг, мыс – 0,30-1,10 мг/кг, хром – 0,18-0,45, мырыш – 3,80-10,40 мг/кг шегінде болды. Қаланың әртүрлі аудандарында құрамында ауыр металдар: қорғасын 1,1-1,2 ШЖК құрады.	Топырақ сынамаларында кадмий концентрациясы 0,1-0,4 қорғасын – 20,4-36,6 мг/кг, мыс – 0,3-1,6 мг/кг, хром – 0,4-0,8, мырыш – 4,1-8,1 мг/кг шегінде болды. Қаланың әртүрлі аудандарында құрамында ауыр металдар: қорғасын 1,0-1,1 ШЖК құрады.
Қаратау	Топырақ сынамаларында анықталатын ауыр металдардың мөлшері 0,2-26,1 мг/кг шегінде болды, бұл шекті жол берілетін нормадан аспады.	Топырақ сынамаларында анықталатын ауыр металдардың мөлшері 0,2 – 26,1 мг/кг шегінде болды, бұл шекті жол берілетін нормадан аспады.
Жаңатас	Топырақ сынамаларында кадмий, мырыш, қорғасын, хром, мыс мөлшері 0,15-25,20 мг/кг шегінде болды.	Топырақ сынамаларында кадмий, мырыш, қорғасын, хром, мыс мөлшері 0,1-23,6 мг/кг шегінде болды.

Шу	Топырақ сынамаларында қорғасын, мырыш, мыс, кадмий және хром мөлшері 0,1-18,5 мг/кг шегінде болды.	Топырақ сынамаларында қорғасын, мырыш, мыс, кадмий және хром мөлшері 0,1-18,5 мг/кг шегінде болды.
----	--	--

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Жамбыл облысы топырағының ластануы туралы біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

Жерлерді алу

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 наурыздағы №53 қаулысымен мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қоюды бастау туралы шешім қабылданды. Тараз қаласының Бас жоспарына сәйкес, мемлекет мұқтажы үшін 1,159 мың га жер мәжбүрлеп тәркіленді.

11.6.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ


Облыстың инвестициялық тартымдылығы минералды-шикізат ресурстарының айтарлықтай көлемдерімен және қолайлы табиғи-климаттық жағдайлармен анықталады, бұл өнеркәсіптік дамудың дәстүрлі бағыттарын дамытуға және жаңа өндірістерді құруға жағдай жасайды. Жамбыл облысы айтарлықтай пайдалы қазбалар қорына ие, оның ішінде ең алдымен - фосфоритке, плавик шпатқа, алтынға, сондай-ақ Амангелді кен орнындағы газға бай.

Облыста мынадай қорлар бар:

- түсті металдар (мыс, молибден, алтын, күміс, селен, теллур, қорғасын және мырыш және т.б.);
- уран;
- барит (Шығанақ кен орны);
- көмір (Шу көмір бассейні, Құлан кен орны);
- қаптау, өңдеу және техникалықтастар (гранит, амазонит граниті, мрамориз, әктас, мәрмәр, техникалық және түсті халцедон, абразивті шикізаттар, гематит-кровоавик, хлорит-анар);
- құрылыс материалдары (асбес, тальк, слюда, құмтас, цементтік және керамзит шикізаттары, гипс және ангидрит және т. б.);
- минералдық тұздар (ас тұзы - Майдагенкөл көлі, Тұзкөл жемдік тұзы);
- жер асты сулары.

11.6.4-сурет

Жер қойнауларын пайдаланудың негізгі көрсеткіштері



Көзі: Жамбыл облысының әкімдігі.

Жамбыл аймақтық геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі инспекциясының деректері бойынша 2020 жылы 8 қаңтарда Жамбыл облысында рұқсат құжаттары бар 158 жер қойнауын пайдаланушы тіркелген. 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда өндірілген және қайта өңделген минералды шикізат, сондай-ақ өндірілген жер асты сулары санының өсуі байқалады (11.6.6-кесте).

11.6.6-кесте

Жамбыл облысы бойынша келісімшарттар мен рұқсаттар

Пайдалы қазбалар	Барлығы	Барлау	Зерттеу	Өндіру	Келісімшарт
Алтын	26	15	5	6	26
Мыс	4	2		2	4
Полиметалдар	1			1	1
Көмір	3	1		2	3
Қара металдар	0				0
Сирек кездесетін металдар	4	4			4
Титан-магнит	1	1			1
Рудалық емес шикізат	10	1		9	10
ҚПҚ жиыны	49	24	5	20	49
КТПҚ	179	13		166	149
оның ішінде лицензия	32	3		32	
Қатты пайдалы қазбалардың жиыны	228	37	5	186	198
оның ішінде лицензия	32	3		32	
Көмірсутегі шикізаты					
Қатты пайдалы қазбалар және көмірсутегі шикізаттарының жиыны	228	37	5	186	198
Жер асты сулары:	4			2	3
оның ішінде арнайы су пайдалануға рұқсат	1			1	
оның ішінде өндірумен байланысты емес жер асты имараттарын пайдалану	1				1
Барлығы облыс бойынша	232	37	5	188	201

Жер қойнауын пайдалану бөлігінде 2020 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша облыста кең таралған пайдалы қазбалардың 149 келісімшарты тіркелген (өндіруге - 133, барлауға - 16).

2018 жылғы ЛКШ (лицензиялық-келісімшарттық шарттар) есебі бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың жұмыс қорытындыларына мониторинг жүргізілді. Келісімшарттық талаптарды орындамағаны үшін жер қойнауын пайдаланушыларға бұзушылықтарды жою туралы 79 хабарлама жіберілді, оның ішінде: пайдалы қазбаларды өндіру - 20, аймақты әлеуметтік дамыту бойынша қаржылық міндеттемелер - 5, кадрларды даярлау және оқыту - 38 және жер қойнауын пайдалану салдарын жою қорына аударымдар -16.

5 келісімшарт бұзылды («Мусаев М.» ЖК, «Нур Мед и К» ЖШС, «Луговой жылқы зауыты» ЖШС, «Буларов» ЖК, «Казгранит компаниясы» ЖШС).

2019 жылы жер қойнауын пайдаланушылардан облыстық бюджетке түскен қаражат көлемі (бюджеттік классификация коды 206114 - жер қойнауын пайдаланушылардың аймақты және оның инфрақұрылымының әлеуметтік-экономикалық дамуының аударымдары) 919,0 млн теңгені, 2018 жылы - 673,0 млн теңгені құрады.

11.6.5. БИОӘРТҮРЛІК

Ерекше қорғалатын аумақтар

Жамбыл облысының аумағында 7 табиғи қорықша және 1 мемлекеттік қорық аймағы жұмыс істейді:

- республикалық маңызы бар «Андасай» мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қорықша алаңы 1 млн га, оның 254 102 га жері Мойынқұм ауданының Бурылбайтал орман шаруашылығы мекемесінің орман қоры аумағында орналасқан. Күзет жұмыстарымен «Охотзоопром» ӨБ РМҚК мамандары айналысады;

- республикалық маңызы бар «Берікқара шатқалы» мемлекеттік табиғи (кешенді) қорықша, ауданы 17 500 га. Жуалы орман шаруашылығы мекемесінің мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарларды қорғау үшін құрылған;

- республикалық маңызы бар «Қарақоңыз шатқалы» мемлекеттік табиғи қорықшасы (ботаникалық) алаңы 3 070 га. Қарақоңыз орман шаруашылығы мекемесінің мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан;

- жергілікті маңызы бар «Үмбет» (зоологиялық) мемлекеттік табиғи қорықшасының аумағы 298 400 га құрайды. 67 500 га Байзақ орман шаруашылығы мекемесінің орман қоры жерлерінде, 73 193 га Меркі орман шаруашылығы мекемесінің орман қоры жерлерінде, 17 445 га Луговой орман шаруашылығы мекемесінің орман қорында, 140 262 га Т.Рысқұлов ауданының әкімшілік аймағында орналасқан. Қорғаныс жұмыстарын Ақыртөбе орман шаруашылығы мекемесі жүргізуде;

- жергілікті маңызы бар «Мерке» (зоологиялық) мемлекеттік табиғи қорықша аумағы 68 910 га құрайды. Мерке орман шаруашылығы мекемесінің мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан. Қорғау жұмыстарымен орман шаруашылығы қызметкерлері айналысады.

- жергілікті маңызы бар «Қордай-Жайсан» (зоологиялық) мемлекеттік табиғи қорықшасының аумағы 369 970 га құрайды. Қордай орман шаруашылығы мекемесінің мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан. Қорғау жұмыстарымен орман шаруашылығы қызметкерлері айналысады.

- жергілікті маңызы бар «Жуалы-Қарашат» (зоологиялық) мемлекеттік табиғи қорықшасының аумағы 148 300 га құрайды. Жуалы орман шаруашылығы мекемесінің мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан. Қорғау жұмыстарымен осы орман шаруашылығы мекемесінің қызметкерлері айналысады;

- «Жусандала» мемлекеттік қорық аймағының аумағы 1,7 млн га құрайды, Қордай, Шу, Мойынқұм аудандарында орналасқан. Қордай орман шаруашылығы мекемесінің орман қорына Көктерек орман шаруашылығы мекемесінің орман қоры жерлеріне 183 555 га және 356 042 га кіреді. Қорғаныс жұмыстарымен «Охотзоопром» ӨБ РМҚК мамандары айналысады.

Сонымен қатар, Жамбыл облысы аумағында Жуалы ауданында «Ақсу-Жабағылы» мемлекеттік табиғи қорығы орналасқан, ауданы 10 682 га.

2019 жылдан бастап «Сұлутөр-Ботамойнақ» табиғи қорығын құру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы ауданы 128,8 мың га.

2019 жылы Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысымен жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су қоймаларының тізбесіне 118 су қоймасы енгізілген, оның 87 табиғат пайдаланушыларға бекітілген.

2019-2020 жылдарға арналған облыстың балық шаруашылығы су қоймасында балық аулау лимиті кезінде 1149 тонна, 2019 жылы 1127 тонна ауланған, жергілікті бюджетке табиғат пайдаланушылардан 19,320 млн теңге түсті.

Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су қоймаларының тізбесіне енгізілген Балқаш көліндегі Республикалық маңызы бар 18 учаскенің 13-і табиғат пайдаланушыларға бекітілген.

Мемлекеттік орман қоры және аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су қоймаларының және (немесе) учаскелерінің резервтік қоры аумағында ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау мақсатында 2019 жылы 1 486 рейд пен тексеру жүргізілді, табиғат қорғау заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін 393 хаттама жасалды, 4287,5 мың теңге сомасына айыппұл салынды, 3418,2 мың теңге сомасына айыппұл өндірілді.

11.6.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Жергілікті жердегі гамма сәулелену деңгейін бақылауды «Қазгидромет» РМК күн сайын 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүзеге асырды. Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәні 0,08 – 0,24 мкЗв/сағ шегінде болды. Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,16 мкЗв/сағ құрады және рұқсат етілген шектерде болды.

Жамбыл облысы аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу арқылы жүзеге асырылды. Барлық станцияларда бес тәуліктік сынама алынды.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивті түсулердің орташа тәуліктік тығыздығы 0,7 – 5,1 Бк/м² шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,4 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.


2019 жылы Мойынқұм ауданының бұрынғы «Западный», «Восточный» және Қордай ауданының «Қордай» уран кеніштерінің қалпына келтіру объектілерінде қауіптілік туралы ескерту белгілері және қоршаулары қайта жаңартылды.

11.6.7. ҚАЛДЫҚТАР

2019 жылы 80,9 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтар (2018 жылы – 95,7 мың тонна, 2017 жылы – 74,9 мың тонна) құрылды, 1 793 тонна шикізат тараптық ұйымдарға қайта өңдеуге берілді.

11.6.5-сурет

2017-2019 жылдардағы ТҚҚ түзілуі (мың тонна)



Көзі: Жамбыл облысының әкімдігі.

2019 жылы түзілген ТҚҚ көлемі өткен жылмен салыстырғанда (15,5%) айтарлықтай азайды.

2019 жылы қала тұрғындары үшін қалдықтарды уақытша сақтау контейнерлік алаңдарында қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлердің үш түрі орнатылады: торлы контейнерлер - пластмасса және пластик қалдықтарын жинауға арналған (659 дана), жабық контейнерлер-пайдаланылған шамдарды (құрамында сынабы бар), химиялық қоректендіру көздерін және батареяларды жинауға арналған (106 дана), сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер (3173 дана). Жиналған тұрмыстық қатты қалдықтар престеледі және шикізат алу үшін қайта өңдеуге жіберіледі.

Сонымен қатар Таразда пластмасса, полиэтилен қалдықтарын, электронды құрылғыларды, мотор майларын, бөтелкелер мен қағаздарды шығаратын 14 кәсіпорын жұмыс істейді («Хасан

оглы П» ЖК), «Таразтеплострой» ЖШС, «ЮгШинТорг» ЖШС, «ТаразПолиХим» ЖШС, «Айнек-Тара» ЖШС, «ЭкоТехСандарт» ЖШС, «АклерГрупп» ЖШС).

Таразда 7 кәсіпорын тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызмет көрсетеді («Жасыл Ел-Тараз», «Сұлтанқазы», «Сәрсенбай», «Нұрлы-Тараз» ЖШС, «Махмұдов» ЖК, «Баймұханбетов» ЖК, «Тазалық» ЖК).

Облыс халқы қалдықтарды жинау және тасымалдау бойынша қызметпен 95%-ы қамтамасыз етілген, қалдықтарды жинау және тасымалдау бойынша қызметтер жасалған шарттарға сәйкес көрсетіледі.

Барлық аудандарда тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, шығару және көму тарифтерін аудандық мәслихаттар бекітті, қазіргі уақытта тарифтерді Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі №404 бұйрығына сәйкес келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2019 жылы Жерді қашықтықтан зондтаудың ғарыштық суреттері бойынша Жамбыл облысында 346 рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісі анықталды, 225 учаске қоқыстан тазартылды, 121 қоқыс үйіндісін жою қажет.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму және кәдеге жарату мәселесін шешу үшін аймақта инвесторларды тарту жұмыстары жүргізілуде.

Осылайша, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Екожер» ЖШС американдық технологиялар негізінде өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу зауытын салуды жоспарлап отыр. 2019 жылдың 1 тамызында «TorgTroid KZ» компаниясы (инвестор) мен «Екожер» ЖШС арасында Тараз қаласында 20 га жерге қоқыс өңдеу зауытын салу бойынша бірлескен қызмет туралы келісімге қол қойылды. Инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде, жобаны іске асыру мерзімі – 2018-2020 жылдар.

Шикізаттың қайталама нарығын қалыптастыру және қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру мақсатында Жамбыл облысының жергілікті атқарушы органдар мен қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мамандандырылған кәсіпорындардың 2020 жылға дейінгі өзара іс-қимылы жөніндегі жол картасы бекітілді.

Жамбыл облысында 2018-2022 жылдарға арналған шағын және орта бизнесті тарта отырып, тұрмыстық қатты қалдықтарды уақтылы кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі шаралар кешені бекітілді (облыс әкімдігінің 28.08.2018 жылғы №160 қаулысы).

Өнеркәсіптік қалдықтар

2019 жылы қалдықтарды орналастыру лимиті 2018 жылмен салыстырғанда 49748,3 мың тоннадан 54681,2 мың тоннаға дейін (+9%) ұлғайды, бұл «Меркі-Бұрылбайтал» автожолының 1697,483 мың тоннаға, «Қазфосфат» «Минералды тыңайтқыштар» ТФ ЖШС 127,085 мың тоннаға құрылысына байланысты.

Қалдықтарды орналастырудың нақты көлемі кәсіпорындар өндірісінің өсуіне байланысты 8 826,4 мың тоннадан 10 633,7 мың тоннаға дейін (+17%) ұлғайды, мысалы: «Қазфосфат» «Минералды тыңайтқыштар» ЖШС ТФ 309,194 мың тоннаға, «Шатыркөл» кеніші бойынша 126,9 мың тоннаға, «Мыңарал Тас Компани» ЖШС 0,67 мың тоннаға, «Алтыналмас» АҚ-939,8 мың тоннаға, «Ақтас» ЖШС-і 120,6 мың тонна, «ЕвроХим-Тыңайтқыш» ЖШС 419,2 мың тонна.

Жалпы облыс бойынша 2019 жылы қалдықтардың түзілу көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 2 496,6 мың тоннаға артты. «Қазфосфат» «Минералды тыңайтқыштар» ЖШС филиалында өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты, тиісінше фосфогипс түріндегі қалдықтардың пайда болу көлемі артты, бұдан басқа, «Қаратау» МКК «Қазфосфат» ЖШС филиалында 2018 жылы фосфор кенін өндіру Түркістан облысының аумағында, ал 2019 жылы Жамбыл облысының аумағында жүзеге асырылды, осыған байланысты аршылған жыныстардың түзілу көлемі ұлғайды.

2019 жылы түзілген өнеркәсіптік қалдықтар 13 318,6 мың тоннаны (2018 жылы – 10 822 мың тонна) құрады, оның ішінде 2 699,3 мың тонна немесе 20,2% кәдеге жаратылды.

808,44 мың тонна түйіршіктелген қожды цемент өндірісі үшін «Қазфосфат» ЖШС Жамбыл филиалы Жаңа Жамбыл фосфор зауыты, «Кнауф Гипс Тараз» ЖШС 534,5 мың тонна ішкі

үйінділерге салынды және «АҚ Алтыналмас» АҚ 700 мың тонна аршылған жыныстар технологиялық жолдарды төгуге, пандустарды дайындауға пайдаланылды.

11.6.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Облыста жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жыл сайын дамып келеді. Осылайша, өңірде қолайлы климаттық жағдайларға, экологиялық таза, адам ағзасына зиянсыз болуына байланысты жаңартылатын энергия көздерін (күн, жел, су) пайдалана отырып, электр энергиясы өндіріледі.

Облыста жалпы қуаттылығы 268,7 МВт болатын 12 объект жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып электр энергиясын өндіреді, бұл республика бойынша 24% құрайды және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бөлігінде бірінші орынды алады (11.6.7-кесте).

11.6.7-кесте

Жамбыл облысы бойынша электр станциялар

№	Объектінің атауы	Қуаттылығы
Гидроэлектростанциясы		
1	«Мерке ГЭС-1, 2»	2,1 МВт
2	«Мерке ГЭС-3»	1,5 МВт
3	Қарақыстақ ГЭС	2,3 МВт
4	Тасөткел ГЭС	9,2 МВт
Жылу электростанциясы		
1	«Vista International» ЖШС	21 МВт
2	«Ветроинвест» ЖШС	30,6 МВт
3	«Қордай К-1» ЖШС	1,5 МВт
Күн электростанциясы		
1	Отар КЭС	0,5 МВт
2	«КазЭкоВатт» ЖШС, «Burnoe Solar-1» ЖШС	50 МВт
3	«Burnoe Solar-2» ЖШС	50 МВт
4	«M-CAT Green» ЖШС	100МВт

Көзі: Жамбыл облысының әкімдігі.

2019 жылдың 12 айында жаңартылатын энергия көздерімен өндіріген электр энергиясының көлемі 410,5 млн кВт сағ құрады, өндірілген электр энергиясының көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 10%-ға ұлғайды.

Бұдан басқа, 2025 жылға дейін жалпы қуаттылығы 133 МВт болатын 4 жобаны іске асыру жоспарлануда, оның ішінде:

- жиынтық қуаттылығы 23 МВт 2 су электр станциясы;
- жалпы қуаттылығы 110 МВт 2 жел электр станциясы.

Перспективада жоғарыда көрсетілген жобаларды іске асыру кезінде жаңартылатын энергия көздері объектілерінің жиынтық қуаттылығы 402 МВт-қа жетеді және облыстың жаңартылатын энергия көздері өндіріген электр энергиясын жалпы өндіру үлесі 30%-дан астамды құрайды.

11.6.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Жамбыл облысы қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 19 наурыздағы №32-7 шешімімен бекітілген. Сондай-ақ, Жамбыл облысы әкімінің 2019 жылғы 24 мамырдағы №133-ө өкімімен Жамбыл облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі 2019-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

2019-2020 жылдарға арналған ҚОСНК іс-шаралар жоспары:

1. Өнеркәсіптік шығарындыларды кәдеге жарату және дезактивациялау үшін жоғары технологиялық өнеркәсіптік қондырғыларды енгізу:

а. Қолданыстағы абсорберлерді қайта жаңарту және қалдық газдарды тазарту үшін қосымша тиімді абсорберлерді орнату және оларды фосфор қышқылының ішінара аммониланған ерітіндісімен дезактивациялау, кептіру барабан-грануляторы (КБГ) бөлімшесінде шашыратқыштарды және тамшы ұстағыштарды орнату);

б. №0011 шығарындылар көзінде (кептіргіш барабан-гранулятор) немесе аммофос өндірісінің №0010 шығарындылар көзінде (экстракциялық фосфор қышқылы) 1-автоматтандырылған жүйені енгізу;

с. Шаң-газ аулағыштардың (ШГА) тиімділігін жобалық көрсеткіштерге дейін жеткізу.

2. «ЕвроХим-Қаратау» химиялық кешеніне дейін және Жаңатас қаласына дейін жоғары қысымды газ құбырын салу.

3. Жылыту жүйелерін жеке сектордағы газ отынына ауыстыру (Байзақ ауданы - 21 ЕМ, Жамбыл ауданы - 13 ЕМ, Жуалы ауданы - 15 ЕМ, Шу ауданы - 18 ЕМ).

4. Білім беру және денсаулық сақтау объектілерінің қазандықтарын табиғи газға ауыстыру.

5. Автокөлік құралдарынан шығарылған газдардың уыттылығы мен түтіндігі нормаларының сәйкестігін тексеру үшін экологиялық бекеттер құру.

6. Санитарлық аймақ шекарасында өнеркәсіптік кәсіпорындардың атмосфералық ауа сапасына тәуелсіз мониторинг жүргізу.

7. Кәсіпорындардың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг жүргізу.

8. Атмосфералық ауаны ластайтын заттарды сіңіру үшін жасыл екпелер алаңын ұлғайту.

9. Ағызылатын өнеркәсіптік ағындарды тазарту үшін жоғары технологиялық өнеркәсіптік қондырғыларды енгізу (Тараз қаласында тазарту құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу).

10. Билікөл көлін химиялық тазарту бойынша ұсыныстар енгізу.

11. Қолданыстағы тазарту құрылыстары мен кәріз желілерін жаңғырту: Сарысу ауданы Жаңатас қаласындағы кәріз желілері мен тазарту құрылыстарын қайта жаңарту.

12. Су құбыры желілері мен сумен жабдықтау жүйелерін салу және қайта жаңарту.

13. Жамбыл облысы халқына берілетін ауыз су сапасына мониторинг жүргізу.

14. Барлық елді мекендерді кезеңділікпен орталықтандырылған көздерден қанағаттанарлық сападағы ауыз сумен қамтамасыз ету.

15. Жамбыл облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің кестесі және біршама толық ақпарат (<http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoy-informacii/jekologijaly-zha-daj/>) сайттыңда орналасқан.

11.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

	2019 год жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің, S мың км ²	428	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам		1 378 532
	2016-2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019	
Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд тг	18,4	27,6	36,3	49,03	

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Қарағанды облысы Қазақстан Республикасының ең ірі өнеркәсіптік облыстардың бірі болып табылады. Облыстың құрамына 11 қала кіреді: Абай, Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Қарқаралы, Приозерск, Саран, Сәтпаев, Теміртау, Шахтинск. Әкімшілік орталығы – Қарағанды қаласы.

Қарағанды облысы - аумағы мен өнеркәсіптік әлеуеті бойынша ең ірі, минералдарға және шикізатқа бай. Облыс Қазақ ұсақ шоқысының (Сарыарқаның) ең биік бөлігін алып жатыр: шығысында Қарқаралы тауларынан батыста Теңіз көліне дейін, солтүстігінде Есіл өзенінен оңтүстігінде Шерубайнұра су сақтағышына дейін.

Облыстың климаты шұғыл континенталды: қысы суық, қары аз, кейбір жылдары қатал. Ең суық айы – қаңтар, орташа температура - 16-17°С. Жазы ыстық, құрғақ, кейбір күндері температура +37 С дейін көтерілуі мүмкін. Шілденің орташа температурасы +20° – +21°С.

Облыс аумағында республикадағы марганец қорының 100%-ы, мыстың 36%-ы, вольфрамның 80%-ы, молибденнің 64% - ы, қорғасынның 54%-ы, көмірдің 40%-дан астамы (оның ішінде кокстелетін көмір қорының 10%-ы) шоғырланған.

11.7.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Қарағанды облысы Республиканың ең ірі өнеркәсіптік облыстарының бірі болып табылады және облыстың өнеркәсіптік әлеуеті қоршаған ортаға техногендік әсер ете отырып, өсуді жалғастыруда.


2019 жылы Қарағанды облысында Статистика комитетінің деректеріне сәйкес стационарлық көздер саны 12 759 бірлікті құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 4 168 бірлікке аз (16 927 бірлік). Облыстың ауа бассейнінің ластану деңгейі негізінен 17 ірі кәсіпорын бойынша анықталады.

Қоршаған ортаның ірі ластауыштары болып келесілер табылады:

- көмір өнеркәсібі кәсіпорындары («АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «ШұбаркөлКөмір» АҚ);
- пайдалы қазбаларды өндіру кәсіпорындары («Қазақмыс» корпорациясы) ЖШС, «Жәйрем КБК» АҚ, «Нова-Цинк» ЖШС, «Қазхром» АҚ);
- жылу энергия орталығының қазандық қондырғылары («ҚарагандаЭнергоцентр» ЖШС (1-ЖЭО, 3-ЖЭО);
- құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындар («ЦентралАзияЦемент» АҚ);
- жылу энергетика саласының кәсіпорындары («Қазақмыс Энерджи» ЖШС);
- металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары («Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС, «Теміртау электр металлургиялық комбинаты» АҚ);
- автомобиль көлігі.

11.7.1-сурет

Стационарлық көздерден шығарындылар көлемі (мың тонна)



Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі 11.7.1-кестеде келтірілген.

11.7.1 - кесте


Атмосфералық ауаға негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі

шығарындылар	2018 жыл (мың т)	2019 жыл (мың т)
Күкіртті ангидрид	251,0	287,1
Азот тотықтары	44,6	52,7
Қатты заттар	120,7	122,0
Көміртегі тотығы	149,1	158,3

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

11.7.2-сурет

Тіркелген автокөлік құралдарының саны



Көзі: ҚР Ішкі істер министрілігі.

Қарағанды облысындағы ауаның ластану көздерінің бірі автокөлік болып табылады. ҚР Ішкі істер министрлігінің статистикалық деректеріне сәйкес 2019 жылы Қарағанды облысында тіркелген жеңіл көліктердің саны - 287,9 мың бірл., жүк көліктерінің саны - 20,7 мың бірл., газ баллонды жабдықтарда - 394 бірл., отынның аралас түрлерінде - 10,3 мың бірл., электрде - 216 бірл. Қарағанды облысы әкімдігінің деректері бойынша 2019 жылы тіркелген жеңіл автокөлік құралдары - 282,5 мың бірлік (2018 ж. - 287,2 мың бірл.), жүк көліктері - 31,3 мың бірл. (2018 ж. - 27,7 мың бірл.) (11.7.2-сурет).

2019 жылы тіркелген жеңіл автокөлік құралдарының саны 2018 жылмен салыстырғанда 4,8 мың бірлікке азайды. Облыста жүк автокөліктерінің саны 2019 жылы 3,6 мың бірлікке артты.

Атмосфералық ауаның сапасы.

«Қазгидромет» РМК Қарағанды облысының атмосфералық ауасының жай-күйін бақылауды Қарағанды, Балқаш, Жезқазған және Теміртау қалаларындағы 12 стационарлық бекетте және атмосфералық ауаның сапасын бақылайтын 7 автоматты станцияда жүргізді.

Қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртсутектің, фенолдың, көмірсутектердің, аммиактың, формальдегидтің концентрациясына өлшеу жүргізілді.


«Қазгидромет» РМК стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша Қарағанды (АЛИ-8), Балқаш (АЛИ-7), Жезқазған (АЛИ-8), Теміртау (АЛИ-9) қалаларының атмосфералық ауасының жай-күйі ластанудың жоғары деңгейімен, Саран (АЛИ-2) - ластанудың төмен деңгейімен сипатталды.

2019 жылы Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Теміртау қалаларында атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ, ал Саран қаласында – «жоғарыдан» «төменге» жақсарды.

2019 жылы Қарағанды қаласында атмосфералық ауаның (ЖЛ) жоғары ластануының 56 жағдайы, Теміртау қаласында – ЖЛ 61 жағдайы тіркелді (11.7.3-сурет).

11.7.3- сурет

2018-2019 жылдардағы атмосфералық ауаның ЖЛ жағдай көлемі



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2019 жылы Қарағанды қаласында атмосфералық ауаның ЖЛ жағдайларының саны өткен жылмен салыстырғанда екі есе азайды. Балқаш және Жезқазған қалаларында 2019 жылы ЖЛ оқиғалары тіркелген жоқ. Теміртау қаласында ЖЛ жағдайлары санының 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда күрт өсуі байқалады (тиісінше 2-ден 61-ге). ЖЛ санының ұлғаю себептері Теміртау қаласының атмосфералық кеңістігінің төмен желдетілуі, сондай-ақ өнеркәсіптік кәсіпорындардан эмиссиялардың шашырауы болуы мүмкін. Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК <https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019> сайтында орналастырылған.

ЖЛ және ЭЖЛ фактілері бойынша Қарағанды облысы бойынша экология департаменті «Қазгидромет» РМК ластануды бақылау бекеттерінің аумақтары мен орналасу учаскелерін зерттеп, онда ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелді. Экология департаментінің деректеріне сәйкес, №6 және 8 ЛББ орналасқан ауданда атмосфералық ауада РМ 2,5 қоспасының ЖЛ себебі жақын орналасқан төмен көздер (пешпен жылытылатын жеке сектор) болып табылады. Бекет орналасқан ауданда қоршаған ортаға теріс әсер ететін кәсіпорындар анықталған жоқ.

Сондай-ақ, Теміртау қаласында №2 ЛББ тіркелген ЖЛ 61 жағдайы бойынша Қарағанды облысы бойынша экология департаменті «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Теміртау электр-металлургия комбинаты» АҚ, «Bassel Group LLS» ЖШС жоспардан тыс тексерулер жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша күкірт диоксиді, азот диоксиді және күкіртсутегі бойынша асып кету, бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қарағанды облысында экологиялық проблемаларды шешуге жұртшылықты тарту үшін 2018 жылы облыс әкімінің төрағалығымен Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі Кеңес (Кеңес) құрылды. кеңес құрамына үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, тәуелсіз экологтар, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен мемлекеттік органдардың басшылары кіреді. Кеңес қауіпсіз қоршаған ортаны қамтамасыз ету және аймақтағы экологиялық жағдайды жақсарту саласында шешімдер қабылдауда қоғамның, бизнестің, ғылымның және мемлекеттік органдардың күш-жігерін біріктіруге арналған.

Облыс әкімдігі ҚР Энергетика министрлігімен бірлесіп 2018 жылдың қазан айында Қарағанды облысындағы экологиялық жағдайды жақсарту бойынша кешенді іс-шаралар жоспарын бекітті. Оған өнеркәсіптік кәсіпорындардың атмосфераға шығарындыларын азайтуға бағытталған табиғатты қорғау іс-шаралары кірді, қалдықтарды басқару, атмосфераға су ресурстарын қорғау, экологиялық білім беру, сондай-ақ қоршаған ортаның жай-күйіне қоғамдық мониторинг жүргізу шаралары ескерілді.

Жоспарда 57 іс-шараны іске асыру көзделген, оның ішінде 25-і (44%) аяқталды, орындалуда – 32 (56%), оның ішінде іске асыру мерзімі 2020 жылы – 31, 2022 жылы – 4 іс-шара.

Бұдан басқа, 2018 жылдың соңында облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру басталды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша келесі іс-шаралар аяқталды:

«Теміртау қаласының ауа бассейнінің ластануын аландық экологиялық-геохимиялық картаға түсіру» жобасы бойынша зерттеулер жүргізілді.

Теміртау қаласы бойынша шекті жол берілетін шығарындылардың (ШЖШ) жиынтық томы әзірленді. Бұл құжаттар қоршаған ортаға әсер ететін жаңа нысандарды салуды жоспарлаудың бастапқы нүктесі болып табылады.

Ақшатау кентінің экологиялық жағдайын зерделеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу аяқталды.

Жоспардан тыс облыстың 4 қаласында атмосфералық ауаның жағдайын бақылау үшін 10 газ талдағыш орнатылды.

Қарағанды облысының объектілері бойынша эмиссиялардың рұқсат етілген нормативтерін төмендету бөлігінде қоршаған ортаға жүктемені азайту мақсатында «Қарағанды облысы әкімінің аппараты» ММ және Экология департаментімен II, III, IV санаттағы объектілер бойынша эмиссиялардың рұқсат етілген көлемін төмендетуге бағытталған іс-шаралар жоспары келісілді.

Аймақтардың газдандырылуы

Мемлекет басшысының бесінші бастамасы аясында Қарағанды облысында «Сары-Арқа» магистралды газ құбырын салу жобасы жүзеге асырылуда.

Аталған жоба аясында Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Сәтпаев, Саран және Шахтинск сияқты облыстың ірі қалаларын, сондай-ақ Абай, Жаңаарқа, Бұқар жырау, Осакаров, Шет және Ұлытау аудандарында халық саны 1,1 млн адам (70%) болатын 114 елді мекенді, 68 мың үйді газдандыру жоспарлануда.

Сондай-ақ, 668 заңды тұлға мен облыстың 26 ірі кәсіпорнын («АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Қазақмыс Энерджи» ЖШС, «Қазақмысдистрибьюшн» ЖШС, «Жәйрем тау-кен байыту комбинаты» АҚ, «Имсталькон» «Қарағанды металл конструкциялар зауыты» ЖШС, «ЖаккоҚарағанда» ЖШС, «Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС, «Мутлу Гипс» ЖШС, «Тай-Кен Темір» ЖШС, «Эфес Қазақстан» ЖШС, «Энергосистемы ЭЛТО» ЖШС, «Евразиан Фудс» АҚ, «Қарағанды Су» ЖШС, «ККК Бетон» ЖШС, «ТипографияАрко» ЖШС, «Қарағандаэнергоремонт» ЖШС, «Maker» ЖШС, «КазИнМетр» ШЖҚ РМК Қарағанды филиалы ЖШС, «Металл Профиль Завод» ЖШС, «ЦентрЭнергомеханизация» ЖШС, «Борусан Машина Қазақстан» ЖК, «ПП Базис» ЖШС, «Қарағанды құрал-саймандық-механикалық зауыты» ЖШС, «Каруглесбыт» ЖШС) орталық

газбен жабдықтауға көшіру жоспарлануда.

Газ құбыры бойынша жалпы тұтыну жылына шамамен 1,4 млрд м³ құрайды, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындар шамамен 830 млн м³ газ тұтынатын болады.

«Сары-Арқа» магистралдық газ құбырын салу экологиялық жүктемені төмендетіп қана қоймай, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға да мүмкіндік береді.

Комуналдық-тұрмыстық сектор мен өнеркәсіптік және энергия өндіруші өнеркәсіптерді табиғи газға ауыстырудың тиімділігін бағалау кезінде, алдын ала есептеулер бойынша тұтыну көлемі шамамен 3667 млн м³ құрайды деп күтілуде, жылу шығару эквивалентін еске ала отырып есептеулер бойынша, ластану заттарының эмиссиясы шартты түрде 10 есе төмендейді, бұл жалпы экологиялық жағдайдың жақсаруының маңызды факторы болып табылады. Сонымен қатар ілеспе газды жағу кезінде шығарылған газдар құрамында күйе, күкірт диоксиді тәрізді зиянды заттар болмайды.

Аталған жобаны іске асыру газ құбырын пайдалану кезеңінде бюджетке 2 302 млрд теңге салық түсіміне ықпал етеді (30 жылға арналған болжамды жоспарлауда жобаның қаржылық моделінің есебіне сәйкес), сондай-ақ жергілікті жұмысшы кадрлар арасынан магистралдық газ құбырын пайдалану үшін 255 жаңа жұмыс орнын құрады.

Газ құбыры трассасының Нұр-Сұлтанға дейінгі ұзындығы 1061 км құрады, бұл ретте трассаның 78%-ы немесе 765 км (оның ішінде 57,4 км – «Қарағанды» АГТС-қа дейінгі бұрулар) Қарағанды облысының аумағы арқылы өтеді.

Бір мезгілде Қарағанды, Теміртау және Жезқазған қалаларында газ тарату желілерінің құрылысы жүргізілуде (жұмыстар 60%-ға орындалды, жобаның жалпы құны 9,1 млрд теңге, 2019 жылы 2,4 млрд теңге бөлінді).

Қарағанды қаласы - 100 үйге жеткізу орындалды, 23,4 (76,9%) орамшілік желілердің 18 км төселді. Қарағанды қаласының АГТС-нан 14 км магистралдық газ құбырының 7 км (50%) жөнделді.

Теміртау қаласы - 116 үйге желілерді жеткізу, орташа қысымды пластик құбырларды монтаждау - 3,3 км (89%) және төмен қысымды пластикалық құбырларды монтаждау - 8 км (45,6%) 17,5 км. Теміртау қаласының АГТС-нан 8 км магистралдық газ құбыры жөнделді.

Жезқазған қаласы - Талап кентінде желілерді тарту бойынша жұмыстар толық көлемде аяқталды, 148 үйге желілер тартылды. Жезқазған қаласының АГТС-нан 15 км магистралдық газ құбырының 11 км (68%) жөнделді.

Пристанционный кенті - пластик құбырларды монтаждау - 8,1 км-ден 6 км (73,8%) орындалды.

11.7.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Қарағанды облысының ірі су объектеріне – Балқаш көлі, Самарқан, Кеңгір, Шерубайнұра, Топар су сақтағыштары, Соқырдың құймаларынан Нұра өзені, Шерубайнұра, сонымен қатар Сарысу, Қара Кеңгір, Жезді өзені жатады. Аталған объектілер негізгі су жүктемесін көтереді, себебі олар «АрселорМиттал Теміртау» БД АҚ, «ТЭМК» ЖШС, «КазахмысЭнерджи» ЖШС және т. б. өндірістік қызмет процесінде пайдаланылады. Өндірістік қажеттіліктерге пайдаланғаннан кейін су нормативтік - таза және нормативтік-тазартылған санаттар бойынша су объектілеріне қайта тасталады.

Су ресурстарының ластануы және ағынды сулармен ластауыш заттардың ағызулары

Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің деректеріне сәйкес 2019 жылы ағынды суларды ағызу 1 378,5 млн м³, 2018 жылы - 1 311,2 млн м³ құрады (11.7.2-кесте).

**Су ресурстарын және ластауыш заттар шығарындыларының ағынды сулармен
ластануы**

Нақты шығарындылар көлемі туралы ақпарат		2018 жыл	2019 жыл
Өндірістік ағызулар	Су тарту көлемі, млн м ³	1 152,5	1 215,46
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	382	399,5
Шаруашылық- тұрмыстық ағынды сулар	Су тарту көлемі, млн м ³	155,6	163,07
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	47	57,8
Апатты және рұқсат етілмеген шығарындылар	Су тарту көлемі, млн м ³	3,1	3,5
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	3,8	10
Барлығы (барлық жоғарыда келтірілген шығарындылар)	Су тарту көлемі, млн м ³	1 311, 2	1 378,5
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	432,8	467,3

Көзі: Қарағанды облысы бойынша экология департаменті.

Ағынды сулардың су бұру көлемінің 4,8%-ға ұлғаюы өндірістік қажеттіліктерге су шығынының ұлғаюымен, сондай-ақ «ТЭМК» АҚ-да карьер суларының су ағымының жоғарылауымен байланысты. «Bassel Grup LLS» ЖШС-де су бұру көрсеткіштерінің ұлғаюы өндірістік бағдарламаны толық көлемде орындау есебінен болды. «Қазақмыс «корпорациясы» ЖШС-де ағызу көлемінің ұлғаюы, шахталық суларды сору көлемдерімен байланысты. Шешілмеген төгінділермен байланысты ағынды суларды ағызу көлемінің шамалы өсуі профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер барысында мынадай кәсіпорындарда белгіленді: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС - Жомарт кеніші, СЖР кеніші және Абыз кеніші, «Васкар Service Resats» ЖШС (Шахтер д/о).

Ластауыш заттарды ағызулардың массасы да өсті және 467,3 мың тоннаны құрады (2018 ж. - 432,75 мың тонна). Ластауыш заттардың төгінділері массасының артуы өндірістік қажеттіліктерге су шығынының ұлғаюына, карьерлік сулардың су ағыны көлемінің ұлғаюына, өндірістік бағдарламаны толық көлемде орындау есебінен су бұру көрсеткіштерінің ұлғаюына, шахталық суларды сору көлемінің ұлғаюына байланысты.

Ағынды суларды беткі су қоймаларына ағызу 15 кәсіпорынан 17 су жіберу бойынша жүзеге асырылады. Су қоймалары мен ағын сулардың сапасы ағынды сулардың көлемі мен сапалық құрамына байланысты.

Қарағанды облысында 8 ағынды су жинақтағышы бар, оның ішінде 6 - коммуналдық, 2 - өндірістік.

Су ресурстарының сапасы

«Қазгидромет» РМК беткі суларының ластануын бақылау Қарағанды облысының келесі су объектілерінде жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Көкпекті, Қара Кеңгір, Сарысу су сақтағыштары; Самарқан, Кеңгір су қоймалары; Қ. Сәтпаев (Ертіс-Қарағанды), Балқаш көлі және Қорғалжын қорығының: Шолақ, Ессай, Сұлтанкелді, Көкай, Теңіз көлдері.

Қазақстан Республикасының су объектілері суының сапасын бағалау 2019 жылдан бастап «Су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай классификациясы» негізінде жүргізіледі. «Су ресурстары» 3-бөлімінде әдістеме және классификация туралы біршама толық ақпарат

берілген.

11.7.3-кестеде 2019 жылғы Бірыңғай классификациясы бойынша Қарағанды облысы аумағындағы су объектілері суының сапасы бойынша деректер келтірілген.

11.7.3-кесте

2019 жылғы Қарағанды облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы


Су объектісі	Су сапасының класы
Самарқан су сақтағышы	нормаланбайды (>3 класс)
Кеңгір су сақтағышы	нормаланбайды (>3 класс)
Нұра өзені	4 класс
Көкпекті өзені	4 класс
Шолак көлі	4 класс
Есей көлі	4 класс
Сұлтанкелді көлі	4 класс
Кокай көлі	4 класс
Қ.Сәтпаев атындағы арна	4 класс
Соқыр өзені	нормаланбайды (>5 класс)
Шерубайнұра өзені	нормаланбайды (>5 класс)
Сарысу өзені	нормаланбайды (>5 класс)
Қара Кеңгір өзені	нормаланбайды (>5 класс)
Балқаш көлі	нормаланбайды (>5 класс)

Көзі: Қарағанды облысы бойынша экология департаменті.

2019 жылы Қарағанды облысының су объектілерінде жоғарғы ластанудың (ЖЛ) 81 жағдайы және экстремалды жоғары ластанудың (ЭЖЛ) 9 жағдайы тіркелді.

11.7.4-сурет

2017-2019 жылдардағы су объектілеріндегі ЖЛ оқиғаларының саны



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2019 жылы Қарағанды облысының су ресурстарының сапасы тұрақты болып қалады (11.7.4-сурет). Соқыр, Шерубайнұра және Сарысу өзендерінде ЖЛ оқиғаларының саны тұрақты болып қалуда.

2019 жылы Қарағанды облысының экологиялық жағдайын жақсарту жөніндегі кешенді

жоспар шеңберінде Қарағанды қаласының Федоров су сақтағышы ауданында Соқыр өзенін санациялау бойынша жұмыстар жүргізілді.

2019 жылы Қара Кеңгір өзеніндегі ЖЛ саны өткен жылмен салыстырғанда 68%-ға өсті. Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің деректері бойынша Қара Кеңгір өзенінде тұз аммоний (C_{\max} - 34,2 мг/дм³), жалпы фосфор (C_{\max} - 4,13 мг/дм³), жалпы темір (C_{\max} - 0,39 мг/дм³), темір (C_{\max} - 0,29 мг/дм³), магний (C_{\max} - 276 мг/дм³), кальций (C_{\max} - 385 мг/дм³) бойынша ластану байқалды), минералдану (C_{\max} - 2944 мг/дм³), ерітілген оттегінің концентрациясы 0,57 мгО/л, ОБТ - C_{\max} - 28,8 мгО/л құрады. 2019 жылы «Қазгидромет» РМК деректері негізінде өзенге Ағынды суларды тікелей ағызуды жүзеге асыратын «КТВС» АҚ-ға қатысты экология департаменті 10 тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/oktsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған

ЖЛ фактілері бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат «Су ресурстары» бөлімінде берілген.

11.7.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Басқа облыстар мен мемлекет жер пайдаланушылары қолданатын жер - 6 540,7 мың га құрайды. Басқа аймақтар, облыстар, мемлекеттермен қосқанда Қарағанды облысының жалпы ауданы 42798,2 мың га құрайды.

Елді мекендердің жер көлемі бойынша Қарағанды облысы көлемі 3 834,9 мың га Ақтөбе облысынан кейін республикада екінші, үшінші орында - көлемі 2 953,1 мың га Шығыс Қазақстан облысы болып табылады.

Қарағанды облысында елді мекендердің жер алаңының ұлғаюы осы санаттағы жерлерді есепке алу теңгеріміндегі өзгерістер есебінен 16,6 мың га құрады (қалалар мен кенттердің босалқы жерлері елді мекендер жерінің санатына енгізілген).

11.7.4-кесте


Облыстың жер қорын санаттар бойынша бөлу (мың га)

Жыл	Ауыл шаруашылығына арналған	Елді мекендер жерлері	Өнеркәсіптік жерлері	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	Орман қоры	Су қоры	Босалқы жерлер
2017 жыл	14 584,5	3 919,3	234,7	550,0	204,3	55,6	16 096,0
2018 жыл	14 887,8	3 919,7	199,1	550,4	204,2	55,7	16 396,2
2019 жыл	14 750,6	3 936,3	214,5	550,5	204,1	63,6	16 118,9

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Жер қорын санаттар бойынша бөлу үш жыл динамикасында тұрақты болып қалуда, аздаған өзгерістер байқалуда. 2019 жылы Жер ресурстарын басқару комитеті Қазақстанның барлық өңірлерінде су қоры жерлеріне құжаттамалық тексеру жүргізуді ұйымдастырды. Аталған іс-шаралар теңгерімдік деректерде, атап айтқанда Қарағанды облысының су қоры аумағының 7,9 мың га ұлғаюында көрініс тапты.

Қарағанды облысы бойынша жер қорын санаттар бойынша бөлу үлесі (%)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Қарағанды облысының жер балансына сәйкес, жердің ең үлкен бөлігі босалқы және ауыл шаруашылығына арналған жерлер болып келеді (11.7.5-сурет). 2018 жылмен салыстырғанда жер қоры өзгерген жоқ.

2019 жылы қалпына келтірілген жер аудандары 0,65 мың га құрайды.

Топырақтың ластануы

Қарағанды облысында жердің ластануы тау-кен және металлургия өнеркәсібінің қалдықтарымен байланысты. «Қазгидромет» РМК топырақтың ауыр металдармен ластануын бақылау көктемгі және күзгі кезеңдерде Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Теміртау қалаларында жүргізілді.

11.7.5-кесте

Топырақ сынамаларындағы ауыр металдардың концентрациясы (мг/кг)

Қала	Мырыш		Мыс		Хром		Қорғасын		Кадмий	
	Мин.	Макс.	Мин.	Макс.	Мин.	Макс.	Мин.	Макс.	Мин.	Макс.
Қарағанды қ.	11,6	25,4	0,8	4,11	0,2	1	12,8	28,6	0,1	0,22
Жезқазған қ.	40,2	224,5	10,6	84,6	0,9	4,1	78,4	310,2	0,9	3,3
Балқаш қ.	78,2	326,8	36,8	149,2	0,99	10,2	188,4	926,2	2,6	12,6
Теміртау қ.	14,6	29,6	0,6	4,15	0,52	3,1	16,8	44,6	0,2	0,72

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

11.7.5-кестеде Балқаш, Жезқазған, Қарағанды және Теміртау қалаларында іріктелген топырақ сынамаларындағы ауыр металдардың концентрациясы келтірілген. Мырыштың жоғары концентрациясы Балқаш қаласының топырақ сынамаларында, сондай-ақ мыстың (36,8 мг/кг - 149,2 мг/кг) және қорғасынның (188,4 мг/кг - 926,2 мг/кг) жоғары концентрациялары бар.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның <https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019> сайтында орналасқан.

11.7.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

2018 жылы Қарағанды облысының аумағында жер қойнауын пайдалану (барлау, пайдалы

қазбаларды өндіру) бойынша 219 келісімшарт жасалды (қатты пайдалы қазбалар - 151, кен таралған пайдалы қазбалар - 57, жер асты сулары - 12, барлауға және өндіруге байланысты емес нысандар -1).

11.7.5. БИОӘРТҮРЛІК

2019 жылдың басындағы жағдай бойынша, облыста республикалық маңызы бар 13 және жалпы ауданы 529,9 га болатын 5 жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ (ЕҚТА) бар.

11.7.6-кесте

Республикалық маңызы бар ЕҚТА

№ р.с.	Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың атауы	Ауданы, мың га
1	Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы	262,1
2	Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	112,1
3	«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	28,1
4	«Белдеутас» мемлекеттік табиғи қорықшасы	44,6
5	Ұлытау мемлекеттік табиғи қорықшасы	19,3
6	Қарағаш мемлекеттік табиғи қорықшасы	6,8
7	Көкашық мемлекеттік табиғи қорықшасы	15,0
8	Қызыларай мемлекеттік табиғи қорықшасы	18,2
9	Қу мемлекеттік табиғи қорықшасы	33,5
10	Белағаш мемлекеттік табиғи қорықшасы	1,5
11	Тораңғы мемлекеттік табиғи қорықшасы	0,05
12	Бектауата мемлекеттік табиғи қорықшасы	0,5
13	Жезқазған ботаникалық бағы	0,06

Көзі: Қарағанды облысының әкімдігі.

11.7.7-кесте

Жергілікті маңызы бар ЕҚТА

№ р.с.	Облыстық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың атауы	Ауданы, мың га
1	«Тихонов қайыңды тоғайы» табиғат ескерткіші	0,01
2	«Кәдімгі қарағайды отырғызу» табиғат ескерткіші	0,006
3	«Биші қайыңдар тоғайы» табиғат ескерткіші	0,002
4	«Үйеңкі күлмесгүлі» табиғат ескерткіші	1 ағаш (1914 ж.)
5	Қарағанды мемлекеттік хайуанаттар бағы	0,04

Көзі: Қарағанды облысының әкімдігі.

Жергілікті маңызы бар табиғи ескерткіштер: Сібір сағызқарағайы – 0,5 га, сібір шыршасы - 0,5 га, Шайтанкөл көлі - 0,4 га, Бассейн көлі – 0,14 га, «Шатыр» үңгірі – 0,1 га, алғашқы адамның үңгірі – 1 га, «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» ММ құрамында көрсетілген.

2019 жылы Қарқаралы МҰТП аумағында қоршаған ортаға әсер ететін зиянды әсерді жою және алдын алу, табиғи-қорық қорын қалпына келтіру және сақтау мақсатында келесі іс-шаралар жүргізілді (11.7.8-кесте).

2019 жылы Қарқаралы МҰТП аумағында орындалған табиғатты қорғау іс-шаралары

Орман отырғызу (га)	13,5
Тәлімбақтарда қарапайым қарағай тұқымын себілді (га)	0,1
Минералданған алқаптарға күтім жасау (км)	1409,6
Санитарлық-ішінара кесу (га/м ³)	42,6/517
Минералданған алқаптарды жасау (км)	9
Орман дақылдарына күтім жасау	119

Көзі: Қарағанды облысының әкімдігі.

Қарқаралы МҰТП аумағында жалпы ұзындығы 758,8 км 11 туристік маршрут (соқпақ) ұйымдастырылып, бекітілді. 5 бақылау-өткізу пункті (БӨП), табиғат мұражайы жұмыс істейді.

Жезқазған ботаникалық бағының (ЖББ) аумағында өсімдіктердің бірегей түрлерінің қорын сақтау және құру үшін 2019 жылы іс-шаралар өткізілді:

- ағаштардың құрғақ, ауру бұтақтарын кесу, карантиндік арамшөптерге қарсы топырақты өңдеу;

- жоспарлы агротехникалық іс-шаралар: отау, тыңайтқыш енгізу, суару, тұқымдық материалды жинау;

- Орталық Қазақстанның қалалық ландшафттарын, гүлді-сәндік және ағаш-бұта өсімдіктерін көгалдандыруда кеңінен енгізілмеген дәстүрлі, бірақ алдын ала тізімін жасау, өсімдіктер коллекциясын толықтыру;

- бақшаның коллекциялық қорларын түгендеу.

2019 жылы Қарағанды облысының «Бұйратау» МҰТП аумағында жүргізілген табиғат қорғау жұмыстары 11.7.9-кестеде келтірілген.

Бұйратау МҰТП аумағында орындалған табиғатты қорғау іс-шаралары

Санитарлық кесу (га/ м ³)	28,3/136
Орманды патологиялық зерттеу (га)	1698
Өртке қарсы минералды алқаптарды күту (км)	435
Өртке қарсы минералды алқаптарды жасау (км)	5

Көзі: Қарағанды облысының әкімдігі.

Орман қорының жай-күйін талдау

МОҚ жерінің ауданы 2019 жылы 614,7 мың га құрайды (2018 ж. - 614,8 мың га). Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының қарамағындағы мемлекеттік орман қорының (МОҚ) алаңы: 2018ж. - 204,173 мың га, 2019ж. - 204,094 мың га құрайды. МОҚ жалпы ауданының өзгеруі - 79,2 га құрайды, 11.7.10-кестеде және 11.7.6-суретте жасыл екпелер алаңын ұлғайту бойынша орындалған жұмыстардың динамикасы көрсетілген.

2017-2019 жылдары орындалған жұмыстардың динамикасы

Жұмыстардың түрлері	Өлшем бірлігі	2017	2018	2019
Алаңда орман дақылдарын егу	га	435,3	419	431,2
Орман дақылдарын күту	га	5252	5776	5890,5

Топырақты орман дақылдарын егуге дайындау	га	383	383	431,2
Орман ұрықтарын тәлімбаққа дайындау	га	4,98	4,2	6,65
Стандартты отырғызу материалдарын өсіру	мың дана	1610	1752	1803
Миналқаптарды күту	км	4895	4996	4990,4
Минералданған алқаптарды құру	км	47,6	32,3	42,3
Кесу	га/м ³	72,24/1360,84	-	272,7/2131,5

Көзі: Қарағанды облысының әкімдігі.

11.7.6-сурет

2017-2019 жылдары орындалған жұмыстардың динамикасы



Көзі: Қарағанды облысының әкімдігі.

2017-2019 жылдар кезеңінде орман дақылдары мен шағын белдеулерге күтім жасау алаңдарының біршама ұлғаюы және өсірілетін стандартты отырғызу материалдарының саны байқалады. Сондай-ақ, өткен жылмен салыстырғанда орман екпелерін отырғызу алаңы 419 гектардан 431 гектарға дейін ұлғайды.

Қарағанды облысының мемлекеттік орман қоры (МОҚ) жерлерінде 2019 жылы орман өрттерінің 32 жағдайы тіркелді, өрт болған МОҚ жерлерінің ауданы 2835,7 га құрады. 2018 жылы - 5 өрт, өрт болған МОҚ жалпы ауданы - 1,06 га.

2019 жылы аңшылық алқаптардың жалпы ауданы 36478,7 мың га, 2018 жылы - 34650,0 мың га құрады. Аңшылық алқаптардың жалпы алаңының өзгеруі жыл сайынғы мониторинг және аңшылық шаруашылықтарының алаңдарын нақтылау нәтижесінде болды.

2019 жылы Қарағанды облысының су қоймаларының жалпы ауданы 472 806 га құрады, оның ішінде жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су қоймаларының ауданы - 57 517 га. Халықаралық және Республикалық маңызы бар су қоймаларының ауданы 415 289 га құрады.

2019 жылы балық шаруашылығы субъектілері Қарағанды облысының су қоймаларына 28 543 555 дана балық шабақтарын жіберді. 11.7.11-кестеде 2018-2019 жылдары жіберілген балық түрлері көрсетілген.

11.7.11-кесте

2018-2019 жылдары жіберілген балықтардың түрлері

Балықтың түрлері	2018	2019
Тұқының дернәсілі	31 500 000	14 700 000
Ақ амурдың дернәсілі	3 000 000	2 500 000

Дөңмаңдай дернәсілі	3 000 000	5 000 000
Таракбалықтар дернәсілі	3 000 000	3 200 000
Сиг балығының дернәсілі	2 806 590	2 627 455
Тұқының биылғы төлі	25 000	9 800
Мөңке балықтың биылғы төлі	500 000	350 000
Ақ амурдың биылғы төлі	500 000	100 000
Дөңмаңдайдың биылғы төлі	12 000	6 000
Жылдық тұқы	237 400	50 300
2-жылдық мөңке балық	100	-
2-жылдық ақ амур	7800	-
ЖИЫНЫ:		

Көзі: Қарағанды облысы бойынша экология департаменті.

11.7.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Қарағанды облысы бойынша экология департаменті экологиялық нормалар мен ИСК қолдану және сақтау ережелерінің сақталуына тұрақты негізде бақылау жүргізеді. Қазақстан Республикасының «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» заңында, радиациялық қауіпсіздік нормаларында (РҚН-99) және санитарлық ережелерде белгіленген радиациялық қауіпсіздіктің негізгі қағидаттарын және радиациялық қорғау талаптарын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық жағдай тұрақты болып отыр. Қарағанды облысы бойынша экология департаменті 2019 жылы радиациялық қауіпсіздік бойынша тексерулер жүргізген жоқ. Сондай-ақ, 2019 жылы қоршаған ортаға радиоактивті қалдықтар түскен жоқ.

Жергілікті жердегі гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 5 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Корнеевка, «Родниковский» ауылы) жүзеге асырылды және Қарағанды (№5 ЛББ) және Теміртау (№2 ЛББ) қалаларындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылаудың 2 автоматты бекетінде. Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәні 0,03-0,49 кВт · сағ шегінде болды.

Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,16 кВт · сағ құрады және рұқсат етілген шектерде болды.

Қарағанды облысының аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу жолымен жүзеге асырылды. Барлық станцияларда бес тәуліктік сынама алынды.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсуінің орташа тәуліктік тығыздығы 0,8-4,1 Бк/м² шегінде ауытқыды.

Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,3 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» бекітілген гигиеналық нормативтерге (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №155 бұйрығы) сәйкес халық үшін тиімді доза 0,57 кВт · сағ аспайды, ал рұқсат етілген радиоактивті түсулер - 1,1 Бк/м² аспайды.

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының 2015 жылғы 21 қазандағы №2-15615 шешімімен 137 цезий иондаушы сәулелену көзі - қауіпті қалдықтар (бұдан әрі - ИСК) иесіз және республикалық меншікке түсті деп танылды. Сот шешімі бойынша республикалық меншікке түскен иесіз қауіпті қалдықтарды басқару шеңберінде «Жасыл даму» АҚ «КереметСапаСервис» ЖШС-мен Қарағанды облысында орналасқан ИС-Цезий 137 көму қызметтеріне 2018 жылы 29 маусымда қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №25 шарт жасалды.

2018 жылғы 2 тамызда ИСК-цезий 137 ұзақ мерзімді сақтау орнына тасымалдау үшін «Кере-

метСапаСервис» ЖШС берілді. «КереметСапаСервис» ЖШС жұмысының барлық кезеңдерінде дозиметриялық радиациялық бақылау жүзеге асырылды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

11.7.7. ҚАЛДЫҚТАР

Қарағанды облысы әкімдігінің деректері бойынша 2019 жылы құрылған ТҚҚ көлемі 600 мың т (2018 жылы – 651,3 мың т) құрады, оның ішінде 26%-ы сұрыпталып, қайта өңделді (2018 жылы – 16,39%). 2018 жылға қарағанда өңдеу үлесі айтарлықтай өсті. Сондай-ақ, ҚР Статистика комитетінің деректері бойынша Қарағанды облысында 2019 жылы 456,9 мың тонна қалдық жиналды, оның ішінде 365,3 мың тонна - коммуналдық қалдықтар.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің деректеріне сәйкес, 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысы 15 елді мекенде ТҚҚ бөлек жинау және сұрыптау енгізілген.

Өнеркәсіптік қалдықтар

Қарағанды облысының өндірістік кешенінің қызметі өндіріс қалдықтарының айтарлықтай көлемінің қалыптасуымен жүреді. Олар негізінде техногенді минералды түзілімдер (ТМТ) түрінде көрсетілген, яғни пайдалы қазбалар кен орындарын игеру және оларды өңдеу кезінде қалыптасқан: байыту, металлургиялық минералды шикізатты, күл шлак қалдықтарын қайта өңдеу.

2019 жылы жинақтағышта жиналған өндірістік қалдықтар саны - 7 431 млн т құрады, оның ішінде:

- ТМТ – 7309 млн т.

- ТМТ қатысы жоқ өндірістік қалдықтар – 124,2 млн т.

2019 жылы 215,7 млн т - өндірістік қалдықтар өндірілді, 121,2 млн т - жинақтағышта орналасқан.

Қайта пайдаланылды, кәдеге жаратылды, қайта өңделді, мамандандырылған ұйымдарға берілді – 94,1 млн т (түзілген жалпы қалдықтар санының 43%-ы). 2018 жылы өнеркәсіптік қалдықтар – 220,6 млн т, жинақтағыштарда – 129,7 млн т орналастырылды, қайта пайдаланылды, кәдеге жаратылды және қайта өңделді – 99,3 млн т (қалдықтардың пайда болуының жалпы санының 45%). 2019 жылғы есептік деректерді 2018 жылғы қалдықтар қозғалысының көрсеткіштерімен салыстыру кезінде қалдықтардың пайда болу немесе пайдалану/кәдеге жарату көлемдері бойынша айтарлықтай өзгерістер байқалмайды.

Қарағанды облысының аумағында, Қарағанды және Теміртау қалаларында 3 сұрыптау желісі жұмыс істейді: «Қарағанды қаласының ГорКомТранс» ЖШС, «ТТК» ЖШС қуаттылығы жылына 90 мың тонна және «Ресайклинг» ЖШС қуаттылығы жылына 20 мың тонна.

Улы қалдықтар полигондары

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ Болат департаменті қауіптіліктің янтарлы деңгейіне жататын құрамында хромы бар шламдарды (ҚР Экологиялық кодексінің 287-бабына сәйкес) және бұрын химиялық ұстау және ректификациялау цехтарының кокс-химия өндірісінің қалдықтары (қышқыл шайыр және фустар) орналастырылған химиялық қалдықтар үйіндісін орналастыруға арналған уытты қалдықтар жинақтауышының меншік иесі болып табылады. Улы қалдықтар полигонының жобалық сыйымдылығы – 60 мың м³ (48,6 мың т), ауданы – 20 га, химиялық қалдықтар үйіндісінің жобалық көлемі – 386 мың т, ауданы - 9,2 га құрайды.

ТҚҚ полигондарының жай-күйі туралы

Қарағанды облысының аумағында 202 коммуналдық қалдықтарды орналастыру объектісі бар, оның ішінде 2019 жылдың қорытындысы бойынша рұқсат беру құжаттамасы 50 ТҚҚ полигонында бар, 152 объектінің құқық белгілейтін құжаттары жоқ.

Облыстың елді мекендерінің полигондары мен үйінділерінде жинақталған ТҚҚ-ның жалпы көлемі 2019 жылдың есепті кезеңінде орналастырылған ТҚҚ-ны ескере отырып, 10 109 мың тоннаны құрайды.

2019 жылы облыс бойынша 530 мың тонна ТҚҚ орналастырылды. 2019 жылы түзілу көзінен коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау процесінде, сондай-ақ сұрыптау қондырғыларының жұмыс қорытындылары бойынша 198,4 мың тонна ТҚҚ сұрыпталды.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және шығарумен 27-ден астам мамандандырылған ұйымдар мен кәсіпорындар айналысады. Барлық кәсіпорындарда арнайы техника бар, олардың саны облыс бойынша 209 бірлікті құрайды.

ТҚҚ шығару бойынша қызметтермен облыс халқының 74%-ы, қала халқының 80%-ы, ауыл халқының 53,9%-ы қамтамасыз етілген.

11.7.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары мақсаты – жалпы энергия тұтынуында баламалы энергия көздерін пайдаланудың үлесін 3% –дан астамға қол жеткізу. Сондай-ақ, Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, 2030 жылға қарай баламалы энергия үлесін 30%-ға дейін жеткізу міндеті тұр.

Қойылған міндеттерді орындау үшін Қарағанды облысында мақсатты жұмыс жүргізілуде, атап айтқанда: 2019 жылы жиынтық қуаттылығы 200 МВт болатын 4 күн электр станциясы іске қосылды: Саран қаласында (қуаттылығы 100 МВт), Ақтоғай ауданының Гүлшат кентінде (40 МВт), Шет ауданының Ағадыр кентінде (50 МВт) және Жезқазған қаласының Кеңгір кентінде (10 МВт). Бұдан басқа, облыста биогаз станциялары (Абай ауданының Құрма ауылында - 1,07 МВт, «Волынский - Б.Жырау ауданының АӨК» ЖШС, 0,3 МВт) және Ынтымақ су сақтағышында шағын су электр станциясы (0,6 МВт) жұмыс істейді.

Қарағанды облысында 2020 жылға дейін ЖЭК дамыту саласында 6 жобаны іске асыру жоспарлануда:

1) «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Гүлшат кентінде күн электр станциясын (КЭС) салу», қуаттылығы 40 МВт.

2) «Қарағанды облысының Саран қаласында күн электр станциясын (КЭС) салу». Белгіленген электр қуаттылығы 100 МВт Орталық Азиядағы ең ірі күн электр станцияларының бірін салу болжанып отыр. Жобаның бастамашысы – «SES Saran» ЖШС. Жобаны іске асыру бойынша жұмыстар 2018 жылдан бастап бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілуде.

Жобалық құжаттаманы дайындауды жеделдету үшін жұмыстар екі бағытқа бөлінеді:

- «Казсельэнергопроект институты» ЖШС бірлесіп ҚОЭБ жобасын әзірлеу»;

- «Қарағанды Жарық» ЖШС-мен сыртқы электрмен жабдықтау жобасын әзірлеу.

3) «Қарағанды облысы Шет ауданы Ағадыр кенті ауданында күн электр станциясын (КЭС) салу», қуаттылығы 50 МВт.

Күн электр станциясының (КЭС) құрылысына Ағадыр-Ақсу-Аюлы автомобиль жолының жанында ПС-500 кВ солтүстік-шығысында орналасқан 125 га жер учаскесі алынды. КЭС ара қашықтығы ПС - 500 кВ құрайды 1,5 км, кенттен - 5 км (49 жылға жерді жалға алу шарты). РФО-мен 2016 жылғы 25 ақпандағы шартқа қол қойылды. Қосылу нүктесі «КЕГОК» АҚ-мен келісілген, учаскеден 1,5 км қашықтықта орналасқан.

Жобалық-сметалық құжаттама 2 бөлікке бөлінген. Жобаның сыртқы бөлігі кернеудің жоғары жағын, атап айтқанда, 220 кВ қосалқы станцияны (ҚС), 220 кВ ЭБЖ және 500 кВ «Ағадыр» ҚС ұяшығының құрылысын қамтиды. Жобаның ішкі бөлігі КЭС-тің төмен жағын қамтиды. Екі бөлік 2018 жылы 100%-ға аяқталды.

4) «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласында жел электр станциясын (ЖЭС) салу», қуаттылығы 60 МВт.

Құрылыс ҚР Үкіметінің бағдарламасы және БҰҰ-ның Қазақстандағы Даму бағдарламасы «Қазақстан-Жел энергетикасы нарығын дамыту бастамасы» аясында жүзеге асырылуда. ЖЭС құрылысының ауданы - 280 га.

5) «Қарағанды облысы Осакаров ауданы Осакаровка кентінде жел электр станциясын (ЖЭС) салу», қуаттылығы 10 МВт.

Осакаровка кенті әкімінің 2016 жылғы 22 тамыздағы №174 өкімімен «VD Building Corporation» ЖШС жел генераторлары мен модульді қосалқы станцияларды орнату үшін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында жер учаскелері берілді (Осакаровка

кентінің жерінде 7 учаске).

б) «Қарағанды облысы Абай ауданы Құрма ауылындағы биогаз қондырғысы» «Агрофирма Құрма» ЖШС. Құрылыстың аяқталуы бойынша қондырғылардың жиынтық электр қуаттылығы 261 МВт құрайды, бұл жалпы электр қуатының шамамен 10%-ын құрайды (ЖЭО-ның белгіленген қуаттылығы -2411 МВт).

ЖЭК барлық нысандары бойынша жалпы өндіру 2019 жылдың 12 айында 176 млн кВт·сағ, 2018 жылы - 5,4 млн кВт·сағ құрады.

11.7.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қарағанды облысы бойынша қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы №145 бұйрығымен бекітілген Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау қағидаларына сәйкес әзірленді. Нысаналы көрсеткіштер Қарағанды облыстық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы №376 шешімімен бекітілген.

Қарағанды облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу кезінде мынадай жұмыстар жүргізілді:

- Қарағанды облысының қоршаған ортасының жай-күйі, экономикалық, демографиялық жағдайы туралы деректер жинау;

- далалық зерттеулер жүргізудің негізгі бағыттарын анықтау;

- облыс аймақтарында ауа сапасына өлшеулер жүргізу, топырақ, су және өсімдік сынамаларын алу;

- облыс аймақтарында радиологиялық зерттеулер жүргізу;

- физикалық факторларға өлшем жүргізу;

- алынған сынамаларға зертханалық талдау жүргізу;

- алынған нәтижелерді камералдық өңдеу;

- халық денсаулығы үшін қауіптерді есептеу;

- Қарағанды облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін белгілеу;

- Нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу бағдарламасын әзірлеу.

Нысаналы көрсеткіштермен Қарағанды қаласында атмосфералық ауада ластауыш заттардың шоғырлануын төмендету көзделген:

- фенол (бастапқы деректер - 0,0133 мг/м³, 2020 жылға 3 жылдан кейін-0,01 мг/м³, 2023 жылға 6 жылдан кейін - орташа тәуліктік 0,003 мг/м³, орташа тәуліктік 0,003 мг/м³ кем);

- көміртегі оксиді (бастапқы деректер - 13,27 мг/м³, 2020 жылға 3 жылдан кейін - 5,0 мг/м³, 2023 жылға 6 жылдан кейін - орташа тәуліктік 3,0 мг/м³, 2026 жылға 9 жылдан кейін - орташа тәуліктік 3,0 мг/м³ кем);

- озон, күкіртсутегі, метилмеркаптандар, формальдегид.

Нысаналы көрсеткіштермен Теміртау қаласында атмосфералық ауада ластауыш заттардың шоғырлануын төмендету көзделген:

- фенол (бастапқы деректер-орташа тәуліктік 0,008 мг/м³, 2020 жылға - орташа тәуліктік 0,003 мг/м³, 6 жылдан кейін 2023 жылға-орташа тәуліктік 0,003 мг/м³ кем, 9 жылдан кейін 2026 жылға-табылған жоқ);

- озон, аммиак (бастапқы деректер-орташа тәуліктік 0,073 мг/м³, 2020 жылға 3 жылдан кейін орташа тәуліктік 0,04 мг/м³, 2023 жылға 6 жылдан кейін - орташа тәуліктік 0,04 мг/м³ кем, 2026 жылға 9 жылдан кейін-табылған жоқ);

- азот диоксиді, қалқыма заттар (шаң).

Нысаналы көрсеткіштермен Балқаш қаласында атмосфералық ауада ластауыш заттардың шоғырлануын төмендету көзделген:

- күкірт диоксиді (бастапқы деректер - 0,1587 мг/м³, 2020 жылға 3 жылдан кейін - 0,05 мг/м³, 2023 жылға 6 жылдан кейін - 0,05 мг/м³, 2026 жылға 9 жылдан кейін - 0,05 мг/м³ кем),

- озон.

Нысаналы көрсеткіштермен Жезқазған қаласында атмосфералық ауадағы ластауыш заттардың шоғырлануын төмендету көзделген:

- фенол (бастапқы деректер-орташа тәуліктік 0,007 мг/м³, 2020 жылға 3 жылдан кейін орта-

ша тәуліктік 0,003 мг/м³, 2023 жылға 6 жылдан кейін-орташа тәуліктік 0,003 мг/м³, 2026 жылға 9 жылдан кейін - орташа тәуліктік 0,003 мг/м³ кем),

- озон, қалқыма бөлшектер.


Эмиссия нормативтерінің төмендеуі облыстың экономикалық дамуының кешенді факторы ретінде облыстың Аумақтық даму бағдарламасына енгізілген.

Сондай-ақ нысаналы көрсеткіштермен Қарағанды, Теміртау және Жезқазған қалаларында мұнай өнімдерімен ластану көрсеткіші бойынша топырақта ластауыш заттардың шоғырлануын төмендету көзделген.

Сонымен қатар Нұра, Осакаров, Жаңаарқа, Қарқаралы, Шет және Бұқар жырау аудандарының елді мекендерінде ауыз судың радиациялық қауіпсіздік нормаларына сәйкестікке қол жеткізу жоспарланған.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің кестесі және біршама толық ақпарат (<http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoj>) және (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V19K0005161>) сайттарында орналасқан.

11.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	196,0	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам		872 795
	2016-2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд теңге	8,4	7,4	8,5	9,4

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Қостанай облысы Қазақстан Республикасының солтүстік бөлігінде орналасқан, 1936 жылы құрылған. Облыс Қазақстан Республикасының төрт облысымен (Ақтөбе, Қарағанды, Ақмола және Солтүстік Қазақстан) және Ресей Федерациясының үш облысымен (Орынбор, Челябин, Қорған) шектеседі.

Облыс орталығы 1879 жылы негізі қаланған Қостанай қаласы болып табылады.

Облыс аумағы салыстырмалы түрде жазық жер бедерімен сипатталады. Солтүстік бөлігін Батыс Сібір ойпатының оңтүстік-шығыс шеті алып жатыр, одан оңтүстікке қарай Торғай үстірті; облыстың батысында - Орал маңы үстіртінің толқынды жазығы, ал оңтүстік-батысында - Сарыарқаның сілемдері орналасқан.

Аймақтың климаты шұғыл континенталды және өте құрғақ. Қысы ұзақ, аязды, қатты желді және боранды, жазы ыстық, құрғақ. Жылдық жауын-шашын мөлшері облыстың солтүстігінде 250-300 мм және оңтүстігінде 240-280 мм. Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы солтүстікте 150-175 тәулік және оңтүстікте 180 тәулік.

Қостанай облысының аумағында жалпы алаңы 818,98 мың га болатын 15 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар, оның ішінде: Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы, «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты, 3 мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қорықша: Тауынсор, Жарсор-Орқаш және Михайловский, сондай-ақ жергілікті маңызы бар 10 табиғат ескерткіші бар.

Облыстың жер қойнауы: магнетит және оолит темір кендеріне, бокситтерге, қоңыр көмірге, ізбеске, отқа төзімді және кірпіш саздарына, флюс және цемент әктеріне, шыны құмына, құрылыс тасына және т. б. тәрізді пайдалы қазбаларға бай.

11.8.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

ҚР Статистика комитетінің деректеріне сәйкес Қостанай облысындағы ауа бассейнінің ластануының негізгі көздері тау-кен өндіру және жылу-энергетика өнеркәсібінің кәсіпорындары, автомобиль көлігі болып табылады.

Түсті металлургия кәсіпорындарының құрамына: «Қазақстан алюминий» АҚ Қызылжар және Торғай боксит кен орындары, Қамысты ауданының «Шаймерден» АҚ (мырыш, никель), Жетіқара қаласының «Комаровский тау-кен кәсіпорны» және Таранов ауданының «Варваринское» АҚ (алтын, мыс) және т.б. кіреді.

Облыстың тау-кен өндіру өнеркәсібін темір кенін өндіретін және темір кені шекемтастары өндіретін ірі кәсіпорындар - Рудный қ. «ССТКӨБ» АҚ және Лисаковск КБК «Өркен» ЖШС ЛФ ұсынады.

Қостанай облысының ең ірі тау - кен өндіру кәсіпорны - «ССТКӨБ» АҚ («Соколов Сарыбай» тау-кен өндіру өндірістік бірлестігі) үлесіне облыс кәсіпорындарының өнеркәсіптік шығарындыларының жалпы көлемінің шамамен 79%-ы тиесілі.

Сонымен қатар өткен жылмен салыстырғанда аймақта өндіріс көлемін және қоршаған ортаға эмиссияларды төмендететін кәсіпорындар бар: «Варваринское» АҚ - 40%, «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қостанай» МГБ филиалы - 8%, ТБРУ АҚ филиалы - 13%, «Қостанай


минералдары» АҚ - 2%.

Облыстағы атмосфералық ауаның қолайлы жағдайына Қостанай облысының барлық ірі қазандықтары отын ретінде табиғи газды пайдаланады. Бұған көмірді пайдаланатын «ССТКӨБ» АҚ ЖЭО және мазутты пайдаланатын Арқалық ЖЭО жатпайды.

ҚР Статистика комитетінің деректері бойынша 2019 жылғы шығарындылардың жалпы көлемі 130,5 мың тоннаны құрады. 2017-2019 жылдары шығарындылар көлемінің өсуі байқалады (11.8.1 - сурет).

11.8.1-сурет

2017-2019 жылдардағы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға шығарындылардың жалпы көлемі (мың т)



Көзі: ҚР Статистика комитеті.

2019 жылы жалпы шығарындылар көлемі 346,3 мың тоннаны құрады, оның ішінде өнеркәсіптік шығарындылар көлемі шамамен 21%-ды құрайды, автомобиль отынын жағудан шығарындылар үлесі шамамен 79% - 273,5 мың тоннаны құрайды.

Негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі 11.8.1-кестеде келтірілген.

11.8.1 - кесте

2018-2019 жылдардағы атмосфералық ауаның негізгі ластауыштар бойынша шығарындылар көлемі (мың т)

Негізгі ластауыш заттардың атауы	2018	2019
Күкіртті ангидрид	22,6	25,1
Азот тотықтары	3,7	6,9
Қатты заттар	52,0	55,5
Көміртегі тотығы	18,1	19,7

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Атмосфералық ауаның сапасы

«Қазгидромет» РМК 2019 жылы Қостанай облысының Қостанай, Рудный, Арқалық, Жетіқара, Лисаковск қалаларының және Қарабалық кентінің 7 стационарлық бекетінде атмосфералық ауа жағдайына мониторинг жүргізді. 2019 жылы Қостанай қ. атмосфералық ауа сапасы жақсарды, ластану деңгейі жоғарыдағыдан төменге дейін өзгерді.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша 2019 жылы 2018 жылдағыдай, Рудный және Қарабалық қалаларындағы атмосфералық ауа ластанудың төмен деңгейі ретінде сипатталды (АЛИ=1) (11.8.2-кесте).

2018-2019 жылдардағы Қостанай облысы елді мекендерінің ластану деңгейі

Елді мекен	Бекеттердің саны		Ластану деңгейі	
	2018	2019	2018	2019
Қостанай қ.	4	4	Көтеріңкі (АЛИ=5)	Төмен (АЛИ=3)
Рудный қ.	2	2	Төмен (АЛИ=1)	Төмен (АЛИ=1)
Қарабалық к.	1	1	Төмен (АЛИ=1)	Төмен (АЛИ=1)

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Рудный қаласында ластауыш заттардың орташа концентрациясы: азот диоксиді - 1,1 ШЖК_{о.т.} құрады. Қостанай, Рудный және Қарабалық қалаларының стационарлық бекеттерінде қалған ластауыш заттардың шоғырлануы ШЖК-дан аспады.

«Қазгидромет» РМК тұрақты бақылау бекеттерінен басқа Лисаков, Жетіқара, Арқалық қалаларында, Заречный және Дружба кенттерінде атмосфералық ауаның жай-күйіне эпизодтық бақылау жүргізді. Кейбір заттар бойынша максималды бір реттік концентрация ШЖК-дан асып кетті (11.8.3-кесте).

2018-2019 жылдардағы Қостанай облысының елді мекендерінде ШЖК асып кетуі

Ластауыш заттар	Лисаковск қ.	Жетіқара қ.	Арқалық қ.	Заречный к.		Дружба к.	
	2019	2019	2019	2018	2019	2018	2019
Қалқыма заттар (шаң)	5,1 ШЖК	1,4 ШЖК	-	-	5,5 ШЖК	-	1,8 ШЖК
Азот диоксиді	1,0 ШЖК	1,1 ШЖК	3,8 ШЖК	1,68 ШЖК	2,4 ШЖК	-	4,3 ШЖК
Күкірт диоксиді	8,2 ШЖК	3,3 ШЖК	1,3 ШЖК	-	2,0 ШЖК	1,03 ШЖК	2,9 ШЖК
Күкірт сутегі	7,0 ШЖК	8,6 ШЖК	2,6 ШЖК	1,41 ШЖК	4,6 ШЖК	1,0 ШЖК	1,9 ШЖК
Азот қышқылы	4,1 ШЖК	2,3 ШЖК	3,5 ШЖК	-	7,1 ШЖК	-	-
Озон	4,2 ШЖК	2,0 ШЖК	1,0 ШЖК	-	3,7 ШЖК	-	-

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Аталған елді мекендерде ШЖК-ның едәуір асып кетуі күкірт сутегі, күкірт диоксиді бойынша тіркелген. Заречный кентінде азот тотығы бойынша ШЖК жоғары асып кетуі байқалды.

2019 жылы Қостанай облысы бойынша атмосфералық ауаның жоғары ластану және экстремалды жоғары ластану жағдайлары байқалған жоқ.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.


Аймақтың газдандырылуы

Қостанай облысы әкімдігінің Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының деректері бойынша облыста 529 елді мекеннің 70-і табиғи газбен қамтамамыз етіледі, оның ішінде: Қостанай, Рудный қалалары (Қашар кенті мен Перцевка селосын қоса алғанда) Лисаковск (Октябрьский ауылын қоса алғанда) Жетіқара және Алтынсарин, Әулиекөл, Денисов, Жетіқара, Қамысты, Қарабалық, Қостанай, Таран, Федоров аудандарының кейбір ауылдары.

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыста газ құбырларының жалпы ұзындығы 3 907,5 км құрайды, оның ішінде таратушы құбырлар мен магистралдық құбырлар (11.8.2 - сурет).

11.8.2-сурет

2019 жылға газ құбырының ұзақтығы (км)




Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

2019 жылы табиғи газды тұтыну көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға ұлғайды және 886,2 млн м³ (2018 ж. - 870,4 млн м³) құрады. Қостанай облысының Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының деректері бойынша тұтынудың ұлғаюы жылу энергиясын өндіруге арналған газ шығынының өзгеруімен байланысты (11.8.3-сурет).

11.8.3 - сурет

2018-2019 жылдардағы Қостанай облысының табиғи газды тұтыну көлемі (млн м³)



Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

2019 жылы 3 жоба бойынша облыстың 4 елді мекенінде газ тарату желілері салынды және пайдалануға берілді. Аймақты газдандыру шеңберінде әртүрлі елді мекендер бойынша жобалар жүргізілуде және жоспарлануда (11.8.4-кесте).

Аймақты газдандыру бойынша жобалар

Елді мекен	Жобаның аяқталу жылы	Жоба бойынша ағымдағы жағдай
Некрасовка ауылы және Денисов ауданы, Денисовка ауылының қамтылмаған бөлігі, Денисов ауданы, Перелески ауылы және Алтынсарин ауданы, Силантьевка ауылының қамтылмаған бөлігі	2019	Облыстың 4 елді мекенінде газ тарату желілері салынды және пайдалануға берілді.
II-III-ші кезекте Федоров ауданы Федоровка ауылы	2020	Жұмыстар 2020 жылы аяқталады
Алтынсарин ауылымен Қамысты ауданының Адаевка және Бестөбе, ауылдары қосылған, Құсмұрын ауылымен Әуликөл ауданының Черниговка ауылы, Қостанай ауданының Шеминовка және Озерное ауылдары қосылған.	2021	Кенттің қамтылмаған бөлігін газдандыру үшін газ тарату желілерін салу жобасы әзірленді, оларды іске қосу 2021 жылға жоспарланған.
Бейімбет Майлин ауданы, Тобыл кенті	2021 (жұмыстың басталуы)	Кенттің қамтылмаған бөлігін газдандыру үшін газ тарату желілерін салу жобасы әзірленді, оны іске асыруды 2021 жылы бастау жоспарланып отыр.

Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

11.8.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Қостанай облысының аумағы ылғалдылығы жеткіліксіз аймақта орналасқан, сондықтан беткі сулардың қорлары салыстырмалы түрде аз. Облыстың табиғи ерекшеліктері – құрғақ климат, көп жабық алқаптары бар жазық жерлер.

Беткі сулардың су ағымы тек қана қар жамылғысының еруі кезінде ғана қалыптасады.

Қостанай облысының су объектілері Тобыл-Торғай су бассейніне жатады. Облыс аумағында ұзындығы 10 км-ден асатын 310 су ағыны бар, олардың жартысынан көбінің ұзындығы 20 км дейін жететін уақытша су ағындары. Ұзындығы 100 км асатын - 21 өзен бар, ал ұзындығы 500 км астам - барлығы екеу (Тобыл, Торғай).

Тобыл өзені екі мемлекеттің аумағында – Қазақстан Республикасының Қостанай облысы мен Ресей Федерациясының бірнеше аймағы арқылы өтеді. Жалпы Тобыл өзенінің ұзындығы Ертіс өзені құйылысына дейін 1591 км құрайды, Қорған облысының шекарасына дейін - 682 км. Тобыл өзені бассейнінің Ресей-Қазақстан шекарааралық аумағы болып Қостанай, Челябин және Қорған облыстарында орналасқан Қорған қаласының шатқалына жататын бассейн бөлігі саналады.

Тобыл өзенінің негізгі ағындары: Шортанды, Сингашты, Үй, Тоғызак, Обаған және Айет өзендері. Шаруашылық іс- әрекеттің нәтижесінде көптеген ағындар мен өзеннің өзі көптеген тоғандар мен су қоймаларымен реттеледі.

Қостанай облысындағы шаруашылық және ішілетін ауыз су қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін 11 су сақтағыштарымен салынып, пайдаланылады. Оның ішінде Тобыл өзенінің бассейнінде – 8, Торғай өзенінің бассейнінде - 3 орналасқан. Олардың жалпы көлемі 1485,1 млн м³ құрайды, пайдалысы 1402,6 млн м³, ең ірі су сақтағыштары - Жоғарғы-Тобыл

(816,6 млн м³), Қаратомар - (586 млн м³).

Торғай өзені бассейнінің өзен желісі төрт су жүйесінен тұрады: Қара-Торғай өзені, Жалдама және Ащытасты өзендері, Сарықопа көлі және Ұлқаяқ өзені.

Тобыл-Торғай бассейніндегі өзендердің жылдық ағысы көп жылдық ағысында айтарлықтай ауытқуларға ұшырайды, олардың ерекшелігі көп жылдық және аз жылдық топтардың ауысуы болып табылады. Көп сулы жылдар фазаларының ұзақтығы 8 жылдан 10 жылға дейін, ал аз сулы 6 жылдан 20 жылға дейін созылады. Көп сулы жылдардың өзен ағыны көрсеткіші орта-көпжылдық шамадан 3-5 рет асса, аз сулы жылдардың көрсеткіші орташа көпжылдық шамадан 0,6-0,15 дейін төмен.

Бассейннің шегінде ауданы 0,01 км²-ден 100 км²-ге дейінгі 8000-нан астам көл бар, олардың жалпы ауданы 5068 км² және жалпы ауданы 15,81 км² болатын 877 көл бар. Көлдердің шамамен 80%-ы айна ауданы 1 км²-ден аз және негізінен шағын және таяз табақ тәрізді ойпаттарда орналасқан.

Ағынды суларды ағызу

2019 жылы облыс бойынша ағынды суларды ағызудың жалпы көлемі 74 514,769 мың м³ құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,03%-ға аз (2018 жылы - 75 297,135 мың м³, 11.8.5-кесте).

11.8.5-кесте

Ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат

Ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат		2018 жыл	2019 жыл
Өндірістік ағызулар	Су бұру көлемі млн м ³	46997	46711
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	102,19	102,02
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Су бұру көлемі, млн м ³	19145	19019
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	12,001	11,95
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Су бұру көлемі, млн м ³	7,56	390,77
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	0,01	0,006
Беткі су қоймаларына ағызулар	Су бұру көлемі, млн м ³	9155	8394
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	10,8	10,1
Барлығы (барлық жоғарыда келтірілген шығарындылар)	Су бұру көлемі, млн м ³	75 297,14	74 514,77
	Ластауыш заттардың көлемі, мың т	124,996	124,08


Көзі: «Қостанай облысы бойынша экология департаменті» РММ.

Кейбір кәсіпорындар айналымдағы су тұтынуды ұлғайту және карьердің су қабылдағышына жер асты суларының ағынын азайту арқылы ағынды сулардың көлемін азайтуға қол жеткізді. Атап айтқанда, «ССТКӨБ» АҚ ағынды суларының көлемі 2018 жылға қарағанда 6%-ға аз (2019 жылы - 10033,868 мың м³, 2018 жылы - 10570,275 мың м³).

Суды ұтымды пайдалану және тау - кен өндіру кәсіпорындарының («ССТКӨБ» АҚ, «Қазақстан алюминийі» АҚ филиалдары-Краснооктябрь боксит кен басқармасы, Торғай боксит кен басқармасы, «Комаров тау-кен кәсіпорны» ЖШС, «Қостанай минералдары» АҚ) ағызулар көлемін қысқарту мақсатында карьерлік сулар жұмыс алаңдары мен үйінділерде суару және тозаң басу үшін пайдаланылады.

Жыл сайын нақты эмиссиялар көлемінің орташа есеппен 0,5-0,7%-ға төмендеуі байқалады (11.8.4-сурет).

2017-2019 жылдардағы Қостанай облысындағы қоршаған ортаға ластауыш заттардың нақты ағызулары (мың м³)



Көзі: «Қостанай облысы бойынша экология департаменті» РММ.

Үнемделген су ресурстарының ең көп көлемі «ССТКӨБ» АҚ - да байқалады - 1 012,97 мың м³. Өзен суын үнемдеудің ең тиімді шаралары:

- өзен 28,7 мың м³ орнына ЖЭО күл-қожын тасымалдау үшін, ҚДБФ технологиялық суын қайта пайдалану;

- байыту процесінде және аспирациялық қондырғыларда қалдық қоймасының ҚДБФ технологиялық суын қайта пайдалану 980,2 мың м³ ;

Сонымен қатар үнемделген су ресурстарының жоғары көлемі «Варваринское» АҚ-да байқалады (үйінді сақтағышынан айналмалы суды қайта пайдалану) - 4 577 мың м³.

Қостанай облысында беткі су қоймаларына 4 санкцияланған ағызу жүргізіледі (11.8.6-кесте). Кеніштік ағынды сулардан басқа, суды ағызу тазартусыз жүргізіледі.

11.8.6 -кесте

Беткі су қоймаларындағы санкцияланбаған ағызулар

Ағызушы ұйымдар	Судың түрі	Ағызу орны
«Жоғары-тобыл балық тәлімбағы» МКК	Карьерлік суларды ағызу	Тобыл өз.
«Разрез Приозерный» ҚРК ЖШС	Тазартусыз жуу суларын су дайындаудың сүзгі станциясынан ағызу	Құсмұрын көлі
«Қазақстан алюминийі» АҚ ҚБҚБ	Тазартусыз карьерлік суларды ағызу	Карамса-Кендірлі көлдер жүйесі. Кеніштік ағынды суларды ағызу оларды алдын ала тазартқаннан кейін жергілікті тазарту құрылыстарында тұндырғыштар түрінде жүргізіледі.
«Қостанай-Су» МКК	Тазартусыз ағызу	Тобыл өз.

Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.


Бақылау тұстамаларындағы беткі су қоймаларының ластануына ағынды суларды ағызудан жоғары және төмен қарай мемлекеттік бақылау жүзеге асырылады.

Сумен жабдықтау және суды бұру

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыстың 529 елді мекенінің жартысынан көбі (316 елді мекен) орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көздерін (ұңғымалар, құдықтар) пайдаланады, 183 кент топтық және жергілікті су құбырларынан орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз етіледі (34,6%), 30 елді мекенде (5,7%) ауыз су тасымалданады (11.8.5-сурет).

11.8.5-сурет

Қостанай облысының елді мекендерін сумен жабдықтау көздері



Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

Беткі сулардың сапасы

Қостанай облысы аумағындағы беткі сулардың ластануын бақылау «Қазгидромет» РМК – мен 11 су объектісінде: Тобыл, Айет, Тоғызак, Үй, Обаған, Желқуар, Қараторғай өзендерінде, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл, Шортанды су сақтағыштарында жүргізілді.

Бірыңғай классификация бойынша Қостанай облысы аумағындағы су объектілері суының сапасы 2019 жылы келесідей бағаланады:

4 класс - Қараторғай, Үй өзендері, Жоғарғы Тобыл су сақтағышы;

5 класс - Айет, Тоғызак өзендері, Аманкелді, Қаратомар су сақтағыштары.

нормаланбайды (>5 класс): Тобыл, Обаған, Желқуар өзендері, Шортанды су сақтағышы.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша, 2019 жылы облыс аумағында келесі су объектілерінде 47 ЖЛ және 2 ЭЖЛ анықталды: Желқуар, Тобыл, Обаған, Айет, Тоғызак. Ең көп жағдай Тобыл өзенінде тіркелді. «Қазгидромет» РМК-ның су сапасын бағалау әдістемесін өзгертуіне байланысты 2019 жылы ЖЛ және ЭЖЛ саны бойынша деректерді 2018 жылмен салыстыру мүмкін емес (11.8.7-кесте).

11.8.7-кесте

2019 жылы Қостанай облысының су объектілеріндегі ЖЛ және ЭЖЛ жағдайларының саны

Критерий-лер	Желқуар өзені	Тобыл өзені	Обаған өзені	Айет өзені	Тоғызак өзені
ЖЛ	4	24	14	3	2
ЭЖЛ	-	1	1	-	-

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Қостанай облысы бойынша экология департаментінің деректері бойынша, соңғы жылдары беткі су қоймаларының ЖЛ және ЭЖЛ туралы ақпараттың бірдей ингредиенттермен түсу жағдайлары жиілеп кетті. Бұл ретте «Қазгидромет» РМК-ның ЖЛ және ЭЖЛ туралы ақпаратының бір бөлігі «тарихи ластану» және табиғи факторларға байланысты табиғи фондық ластану нәтижелері бойынша белгіленеді.

Сонымен, Қостанай облысы бойынша су объектілерінің ЖЛ негізгі себептері табиғи сипатта болып табылады, бұл өзендердің қалыптасқан табиғи фонына байланысты. Ауыр металдармен ластану табиғи фактор болғандықтан, оны болдырмау үшін шаралар қабылдау мүмкін емес, себебі жер асты және беткі су ағынын тоқтатудың әдістері жоқ, нәтижесінде беткі сулардың оңтайлы деңгейі сақталады.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

Жер асты сулары

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қостанай облысының аумағында мемлекеттік теңгеріммен тәулігіне 1036,8 мың м³ мөлшерінде бекітілген пайдалану қорлары бар 379 кен орны (441 учаске) есепке алынды.

Пайдалану қорлары нысаналы мақсаты бойынша бөлінеді:

- шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін (ШСЖ) - тәулігіне 958,9 мың м³;
- өндірістік - техникалық сумен жабдықтау үшін (ӨТЖ) - тәулігіне 52,2 мың м³;
- шаруашылық-ауыз су және өндірістік - техникалық сумен жабдықтау үшін (ШСЖ, ӨТЖ) - тәулігіне 25,7 мың м³.

Аймақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2019 жылы 70 ауылдық елді мекен үшін іздестіру-барлау жұмыстары аяқталды, оның ішінде 64-і тәулігіне 4413,8 м³. Жер асты су қорымен қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, 23 ауылды сумен жабдықтау үшін Елтай және Лихачев кен орындарының 3 учаскесінің саны тәулігіне 10,873 мың м³ жер асты суларының қорлары қайта бекітілді.

2019 жылы Қостанай облысының аумағында 24 бекетте және 5 жер асты суларының ластану учаскелерінде 389 ұңғыма бойынша деңгей, температура, химиялық құрам және ластануға жүйелі режимдік бақылаулар жүргізілді.

Фондық және техногендік мониторинг ұңғымаларындағы жер асты суларының минералдануы мен химиялық құрамының өзгеруі болған жоқ. Кейбір бекеттерде тұрмыстық ластанумен байланысты азот тобы элементтерінің көбеюі байқалды. Марганецтің ШЖК-дан асып кетуі аэрация аймағындағы табиғи гидрохимиялық үдерістердің салдары және аймақтың табиғи суларындағы осы элементтің фондық құрамының жоғарылауы болып табылады.

11.8.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Қостанай облысының жер қоры 2020 жылғы 1 қаңтардағы, «Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» ММ деректері бойынша 19600,1 мың га құрайды. Жер құрылымында ауыл шаруашылығы алқаптары 18125,5 мың га немесе аймақтың жалпы ауданының 92,5%-ын құрайды.

Облыстың жер қорын санаттар бойынша бөлу 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 11.8.8-кестеде келтірілген. Жер балансындағы өзгерістер айтарлықтай емес.

11.8.8-кесте

2018-2019 жылдарға санаттар бойынша жерлердің бөлінуі (мың га)

№	Жерлерді санаттары бойынша бөлу	2018	2019
1.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	10 644,9	10 551
2.	Елді мекен жерлері	1557,8	1 558

3.	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	131	131,3
4.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері	745,7	742,4
5.	Жер қорының жерлері	453,2	452,1
6.	Су қорының жерлері	67,1	68
7.	Босалқы жерлер	6 000,4	6 097,3
8.	Мұнай өнімдерімен ластанған	0	0
	Барлығы	19 600,1	19 600,1

Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.


Ластану және бұзушылық нәтижесінде айналымнан шығарылған жерлердің жалпы ауданы 37 792,59 га құрайды, оның ішінде тау-кен өндіруші кәсіпорындар шамамен 27 мың га. Оның ішінде пайдаланылған бүлінген жерлер 13 848,5 га құрайды.

Қостанай облысында 7 ірі тау-кен кәсіпорындары жұмыс істейді, олардың қызметі жердің бүлінуімен байланысты: «Қазақстан алюминийі» АҚ - Лисаков қ. КБКБ, «Қазақстан алюминийі» АҚ - Арқалық қ. , ТБКБ, Жетіқара қ. «Қостанай минералдары» АҚ, Таран ауданы «Варваринское» АҚ, Рудный қ. «ССТКӨБ» АҚ, «Өркен» ЖШС Лисаковск филиалы.

Бүлінген жерлердің негізгі саны Рудный қ. «ССТКӨБ» АҚ және «Қазақстан алюминийі» АҚ КБКБ болып табылады. 2018-2019 жылдары Қостанай облысының кәсіпорындары бойынша бүлінген жерлердің саны айтарлықтай өзгерген жоқ (11.8.6-сурет).

11.8.6-сурет

Қостанай облысының кәсіпорындарымен бүлінген жерлердің саны (мың га)



Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

Рекультивациялық жұмыстарды жүргізуді талап ететін пайдаланылған бүлінген жерлердің негізгі саны «Қазақстан алюминийі» АҚ КБКБ, «Қазақстан алюминийі» АҚ ТБКБ, «ССТКӨБ» АҚ, «Қостанай минералдары» АҚ болып табылады.

2013-2017 жылдар кезеңінде Қостанай облысының кәсіпорындары бүлінген жерлерді қалпына келтіру және оларды ауыл шаруашылығы өндірісіне қайтару бойынша жұмыстар жүргізді. 2018-2019 жылдары жұмыстар жүргізілген жоқ.

Қостанай облысының ауылдық округтері мен аудандарындағы (қоқыс тастайтын жерлер, көң сақтау орындары, қалдықтарды уақытша сақтау алаңдары) қарқынды антропогендік жүктемесі бар жерлерінің жай-күйі соңғы жылдары жақсарды, бірақ қалдықтарды орналастыру кезінде жердің ластануын төмендету бөлігінде әлі де санитарлық-экологиялық талаптарға

толық жауап бермейді.

Ластанған және бүлінген жерлер қалалардың өнеркәсіптік аймақтарында, тау-кен және өңдеу орындарында жиі кездеседі. Үлкен аумақтарда пайдалы қазбаларды ашық тәсілмен өндіру кезінде ауыл шаруашылық емес мақсаттар үшін: карьерлерге, үйінділерге, қалдық қоймаларға, кеніш және шаруашылық-тұрмыстық су жинақтағыштарға арналған жерлер иеліктен шығарылады.

Бүлінген жерлердің негізгі алаңдары тау-кен өндіру саласын және салынған елді мекендерді дамыту нәтижесінде ауыл шаруашылығы алқаптары айналымынан шығарылды.

Қойнаулардың ауыр металдармен ластануы

Топырақтың ластану жағдайына бақылау «Қазгидромет» РМК-мен көктемгі және күзгі кезеңдерде Қостанай, Жетіқара, Арқалық, Лисаков, Рудный қалаларында және Варваринка кентінде жүргізілді. Топырақ сынамалары ауыр металдармен ластануға іріктелді.

Көктемгі және күзгі кезеңдерде іріктеп алынған топырақ сынамаларында Қостанай, Жетіқара, Арқалық, Лисаков, Рудный аудандарында қорғасын, мыс, мырыш бойынша асып кету, қалған анықталатын ауыр металдардың шоғырлануы норма шегінде болды (11.8.9-кесте).

11.8.9-кесте

2018-2019 жылдары Галдықорған және Текелі қалаларында көктемгі және күзгі кезеңдерде ауыр металдар концентрациясының артуы

Металл	Көктемгі кезең		Көктемгі кезең	
	2018	2019	2018	2019
Қорғасын	ШЖК	1,2-1,41 ШЖК	ШЖК	1,25-1,41 ШЖК
Мыс	ШЖК	1,0-3,2 ШЖК	ШЖК	1,0-4,7 ШЖК
Мырыш	-	1,1-1,31 ШЖК	ШЖК	1,05-1,31 ШЖК

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Жерлерді алу

Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының деректері бойынша 2019 жылы алып қоюға алаңы 50,8 га болатын 28 коммерциялық мақсаттағы учаске берілді, 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша алаңы 12,54 га болатын 15 учаске алынды, алаңы 33,47 га 11 учаске соттарда қаралуда.

2019 жылы жалпы ауданы 195,6 мың га болатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша 21 талап арыз берілді, олардың 92,6 мың га мемлекеттік меншікке қайтарылды, 103,0 мың га соттарда қаралуда.

11.8.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ


Қостанай облысында түрлі пайдалы қазбалар бар, олардың ішіндегі ең маңыздысы қара металдар - темір, титан, бағалы металдар - алтын, күміс, түрлі түсті металдар - мыс, қорғасын, мырыш, никель, кобальт, алюминий. Энергетикалық қоңыр көмір кендері, тау-кен химиялық және керамикалық шикізат кен орындары бар. Құрылыс материалдарының шығатын жерлері кең таралған. Қалаларды, кенттерді және өнеркәсіптік кәсіпорындарды қамтамасыз ету үшін шаруашылық-ауыз су және техникалық жер асты суларының шығу орындары анықталды және зерттелді.

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қостанай облысының аумағында жер қойнауын пайдалануға 108 келісімшарт (2018 жылы - 107 келісімшарт) қолданылады. Қатты пайдалы

қазбаларды өндіруге және барлауға келісімшарттардың ең көп саны жасалды (11.8.7-сурет).

11.8.7-сурет

2019 жылы жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарттар




Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

11.8.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры 1 144 225 га құрайды, оның ішінде орманмен көмкерілгені – 241 280 га. Өткен жылмен салыстырғанда орманмен көмкерілген аумақ 1326 га ұлғайды (11.8.8-сурет). Қостанай облысы әкімдігінің қарамағында 455 886 га орман қоры бар, оның ішінде орманмен көмкерілгені – 232 076 га.

11.8.8-сурет

2018-2019 жылдардағы Қостанай облысының орман қоры



Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

Ормандарды қорғауды, күзетуді және молықтыруды Қостанай облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының 11 коммуналдық мемлекеттік

орман шаруашылығы мекемесі жүзеге асырады.

2019 жылы мемлекеттік орман иеленушілер орман өрттерімен күрес бойынша алдын алу іс-шараларын жүзеге асырды, оның ішінде 676 км өртке қарсы минералдандырылған жолақтар салынды, 51 375 км жолақтарды күту бойынша барлық іс-шаралар орындалды.

2019 жылы мемлекеттік орман қоры аумағында 2 377,03 га алаңда орман өрттерінің 42 жағдайы тіркелді, 2018 жылмен салыстырғанда орман өрттерінің саны өзгерген жоқ, бірақ бұл ретте олардың алаңы ұлғайды (2018 жылы - 1453,7 га).

2019 жылы орман қорғау қызметкерлері ормандарды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау бойынша 1 377 рейд жүргізді, заңнаманың барлық түрлерінің 107 бұзушылығы анықталды.

Орманды қалпына келтіру және орманды қалпына келтіру мақсатында орман шаруашылығы мекемелері 2019 жылдың көктемі мен күзінде жалпы ауданы 1586 га жерге ағаш отырғызды. Орман мекемелері жыл сайын орман тұқымдарын жинауды қамтамасыз етеді, 2019 жылы 1814 кг дайындалды, жалпы ауданы 22,8 га орман тәлімбағында 2019 жылы 11,246 млн дана қарағай мен қайың көшеттері өсірілді, көктемде олар орман қоры учаскелерінде отырғызылады.


Орман шаруашылығы мекемелерімен орман қорғау бойынша жоспарлы іс - шаралар орындалуда: орман екпелерін орман патологиялық зерттеу - 85,8 мың га, құмырсқаларды қоныстандыру - 196 дана, құстардың ұяларын ілу - 250 дана, топырақ қазу - 625 шұңқыр.

Орман зиянкестері мен ауруларының жиналу ошақтарының ауданы 2019 жылдың басында 1818,9 га, жыл соңында 2218,8 га құрады.

Ведомствоға бағынысты мемлекеттік орман қорында жүргізілетін орман шаруашылығы іс-шараларының нәтижесінде орманмен көмкерілген алаң жыл сайын ұлғайып отырады. 2013 жылдан бері аудан 9,8%-ға ұлғайды (11.8.9-сурет).

11.8.9-сурет

2013-2019 жылдардағы орманмен қамтылған алаң (га)



Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

Қостанай облысының аумағында 15 ерекше қорғалатын табиғи аумақ, оның ішінде:

1. Мемлекеттік табиғи қорық (Наурызым);
2. «Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерваты;
3. Республикалық маңызы бар Ц мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қорықтар (Тауынсор, Жарсор-Орқаш, Михайловский), жалпы ауданы 137794,1 га.;
4. 35,5 га ауданда жергілікті маңызы бар 10 табиғат ескерткіші (ботаникалық).


Қостанай облысының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтары

ЕҚТА	Ауданы	Ақпарат
Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы	191381 га	Қорық РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 30.06.1931 ж. №826 және Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің 31.07.1931 ж. №973 қаулыларына сәйкес құрылған. 1951 жылы жабылып, 1966 жылы қайта қалпына келтірілді. Оны құрудың мақсаты Солтүстік Қазақстанның дала аймағының табиғи кешенін табиғи күйінде сақтау болып табылады.
«Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты	489766 га	2012 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 26.11.2012 ж. №1496 қаулысымен Қостанай облысының Амангелді және Жангелдин аудандарының аумағында құрылған. Оны құрудың мақсаты-сирек кездесетін жануарлар мен олардың мекендейтін жерлерін сақтау.
Михайловский мемлекеттік табиғи қорықшасы	76800 га	Оларды құрудың мақсаты барлық табиғи кешеннің жануарлары мен өсімдіктерінің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау болып табылады.
Тауынсор мемлекеттік табиғи қорықшасы (зоологиялық)	31650 га	
Жарсор-Орқаш мемлекеттік табиғи қорықшасы (зоологиялық)	29344,1 га	
10 табиғи ескерткіш (ботаникалық)	35,5 га	Жергілікті маңызы бар ботаникалық табиғи ескерткіштері.

Осылайша, Қостанай облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының ауданы 818976,6 га құрайды, оның ішінде орман алқаптары 39106 га, орманды емес алқаптар – 779870,6 га құрайды (11.8.10-сурет).

11.8.10-сурет

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ауданы



Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

Облыста 15 ЕҚТА - дан басқа экологиялық желінің элементі-жалпы ауданы 2007582 га болатын «Ырғыз-Торғай-Жылыңшық» экологиялық дәлізі бар.

Қостанай облысы бойынша экологиялық туризмді дамытудың негізгі қызметін Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы атқарады. Наурызым қорығында 8 экологиялық соқпақ бар, оның 2 маршруты қорық аумағынан тыс жерде әзірленді.

11.8.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Қостанай облысындағы радиациялық жағдай бірнеше жылдар бойы тұрақты болып келеді. Облыс аумағында радиациялық қауіптіліктің I және II санаттағы объектілері, уран өндіруші және мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар, сондай-ақ радиациялық-ластанған аумақтар жоқ.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша радиациялық гамма-фонның және атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивті түсулердің тығыздығын өлшеу нәтижелері радиациялық фонның шекті рұқсат етілген деңгейден аспайтындығын көрсетеді.

Жергілікті жердегі гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 6 метеорологиялық станцияда (Жетіқара, Қараменді, Қарасу, Қарабалық, Қостанай, Сарыкөл) және Қостанай және Рудный қалаларында атмосфералық ауаның ластануын бақылайтын 4 автоматты бекетте жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәндері 0,0-0,35 мкЗв/сағ шегінде болды, облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/сағ құрады және рұқсат етілген шектерде болды.

Қостанай облысының аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу жолымен 2 метеорологиялық станцияда (Жетіқара, Қостанай) жүзеге асырылды. Станцияда сынамаларды бес тәуліктік іріктеу жүргізілді.

Облыс аумағындағы атмосфераның жер бетіндегі қабатындағы радиоактивті түсулердің орташа тәуліктік тығыздығы 0,6–4,2 Бк/м² шегінде ауытқыды. «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» бекітілген гигиеналық нормативтеріне (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №155 бұйрығы) сәйкес облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,3 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Қоғамдық денсаулық сақтау органдары жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер барысында тұрақты негізде қоршаған орта объектілеріне: атмосфералық ауаға, су қоймаларына, топыраққа, өнімге тиісті санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады. Бақылаудағы объектілерде бұзушылықтар анықталған кезде әкімшілік ықпал ету шаралары уақтылы қабылданады, халық арасында инфекциялық және соматикалық аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алу мақсатында анықталған бұзушылықтарды жоюдың белгіленген мерзімдері бар нұсқамалар беріледі.

Облыс аумағы радиациялық қауіпті аймақ болып табылмайды. Тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы радон концентрациясының орташа облыстық көрсеткіші 25 Бк/м² құрайды, радон эсхалациясы бар радон қауіптілігінің III санатты учаскелері тіркелмеген.

Қостанай облысының аумағында өнеркәсіптік және медициналық мақсаттағы радиациялық қауіптіліктің III және IV санаттарындағы объектілер пайдаланылады. 2019 жылы облыс аумағында радиациялық авариялар мен инциденттер тіркелген жоқ.

11.8.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары

Қостанай облысының қалалары мен аудан әкімдіктерінің ақпаратына сәйкес, 2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жинақталған тұрмыстық қатты қалдықтардың (ТҚК) жалпы көлемі 3 443 584 тоннаны құрады. 2019 жылы 233 333 тонна ТҚК құрылды (2018 жылы – 306 231 тонна). Қалдықтар облыстың қолда бар 266 полигонында орналастырылады.

Қостанай облысының қала және аудан әкімдіктерінің ақпараты бойынша, 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2019 жылы жинақталған тұрмыстық қатты қалдықтардың (ТҚҚ) жалпы көлемі шамамен 3,233 млн тоннаны (2018 жылы – 306 231 тонна) құрады. Қалдықтар қолда бар полигондарда орналастырылады, олардың саны облыста 266 есептелген.

Жергілікті атқарушы органдар жүргізген жұмыс нәтижесінде ТҚҚ-ның барлық полигондары нақты заңды және жеке тұлғаларға бекітілген.

Тұрақты негізде тарихи қолданыстағы ТҚҚ полигондарын экологиялық талаптар мен санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

ТҚҚ полигондарына жобалау және рұқсат беру құжаттары ресімделеді. ТҚҚ полигондарының меншік иелері қалдықтармен жұмыс істеу нормативтерінің (ҚЖН) жобаларын әзірлейді, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттарды ресімдеуді жүзеге асырады, оларды абаттандыру бойынша іс-шаралар (дезбарьер, жеңіл қоршау, құрғату траншеясы және жер білігі, шлагбаум, бақылау-өлшеу аспаптары) жүргізіледі.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2019 жылы ТҚҚ-ның 20 полигонына қоршаған ортаға эмиссияларға, оның ішінде қолданылу мерзімін ұзартуға рұқсаттар ресімделді.

Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайында ТҚҚ тиімді басқару мақсатында Қостанай облысының аумақтарын дамыту бағдарламасына «Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жаратудың олардың түзілуіне үлесі» нысаналы индикаторы енгізілді.


Индикаторға қол жеткізу үшін қалдықтарды бөлек жинауды енгізу, қалдықтарды қайта өңдеу саласының инвестициялық тартымдылығын құру және осы салаға инновациялық технологияларды кезеңділікпен енгізу үшін жергілікті атқарушы органдардың қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорындарымен өзара іс-қимылы жөніндегі жол картасы, сондай-ақ 2018-2022 жылдарға арналған шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, тұрмыстық қатты қалдықтарды қазіргі заманғы кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі шаралар кешені бекітіліп, іске асырылуда.

ТҚҚ түзілуіне қарай оларды кәдеге жарату үлесі 2018 жылғы 9%-дан 2019 жылы 10,1%-ға дейін ұлғайды, жоспарланған көрсеткішке қол жеткізілді.

2019 жылы түзілген қалдықтардың көлемі 11.8.11-суретте көрсетілген.

11.8.11-сурет

2019 жылы Қостанай облысында түзілген қалдықтардың көлемі (т)



Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

Әкімдіктердің жеке компаниялармен өзара іс-қимылы кезінде тиісті инфрақұрылымды ұйымдастыру үшін облыстың қалалары мен аудандарында контейнер алаңдарының аумақтарында пластик (ПЭТ, ПП, ПНД-ыдыс), шыны, қағаз, қаңылтыр бұйымдарды бөлек жинау үшін 1800-ден астам контейнер (оның ішінде - 2019 жылы 284 бірлік орнатылған) орнатылды.

Бұдан басқа, пайдаланылған құрамында сынабы бар шамдарды бөлек жинау енгізілуде. 2018 жылдан бастап облыс аймақтарында құрамында сынабы бар пайдаланылған шамдарды жинау үшін «ӨКМ операторы» ЖШС 145 контейнер орнатты.


Облыстың 9 аймағында тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинау енгізілді, ал 26 елді мекенде полигондар мен арнайы алаңдарда ТҚҚ сұрыптау жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптік қалдықтар

Экология департаментінің деректері бойынша, 2018 жылмен салыстырғанда облыс бойынша өнеркәсіптік қалдықтардың түзілу көлемі шамалы өскен. Осылайша, 2019 жылы 268,42 млн тонна түзілді, бұл 2018 жылға қарағанда 1,4%-ға артық (11.8.12-сурет).

11.8.12-сурет

2018-2019 жылдардағы Қостанай облысының өнеркәсіптік қалдықтарының көлемі (млн тонна)



Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

Деректерді салыстыруды талдау қалдықтар көлемінің 3,62 млн тоннаға артуы кәсіпорындардағы өндірістік қуаттардың өсуімен және тау-кен жұмыстарының жоспарын түзетумен байланысты екенін көрсетті.

Улы қалдықтар

Облыстың экология департаментінің деректері бойынша Наурызым ауданы Қызбел шатқалында орналасқан 1 арнайы улы қалдықтар полигоны бар. Аталған полигонға «Шаруа» ЖШС қызмет көрсетеді.

Улы қалдықтарды орналастыруға арналған мамандандырылған полигон салу қауіпті қалдықтарды орналастыру проблемасын шешуге мүмкіндік берді (пестицидтерден жиналған ыдыс, жарамсыз болып қалған дәрі-дәрмектер, Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарынан пайдаланылмаған және мерзімі өткен улы химикаттар).

Кәсіпорында улы химикаттардан жасалған ыдыстарды уақытша сақтауға арналған типтік қойма бар, ол қажетті техникамен және улы қалдықтармен жұмыс істейтін мамандармен жабдықталған.

2005-2019 жылдар аралығында пестицидтерден түзілген барлық ыдыстар полигонға орналастырылды. 2019 жылы улы қалдықтарды қабылдау жүргізілді. Қалдықтарды орналастыру 2019 жылдың қараша айында жүргізілді.

Сонымен қатар, «Шаруа» ЖШС 2019 жылы пластик ыдыстарды ұнтақтау және кәдеге жарату бойынша жабдықтар орнатты, бұл полигонда көмілетін қалдықтардың көлемін едәуір қысқартуға мүмкіндік берді.

11.8.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының деректері бойынша Қостанай облысында жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдаланатын объектілерді енгізу бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Сонымен облыстың 16 ауданы мен 4 қаласында 200-ден астам шағын ЖЭК объектілері (10 кВт-қа дейін) орналасқан. 2019 жылы 100-ден астам ЖЭК объектілері (10 кВт-қа дейінгі күн және жел станциялары, күн коллекторлары және т.б.) орнатылды.

Бұдан басқа, 2015 жылдан бастап облыстың аудандарының бірінде (Қарасу ауданы) қуаттылығы 0,3 МВт органикалық қалдықтарды биогазға қайта өңдеу кешені жұмыс істейді (жобаның жалпы құны 399 млн теңгені құрады).

2018 жылдан бастап облыста «қуаттылығы 50 МВт болатын жел электр станциясының құрылысы» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Инвестицияның жалпы көлемі 50,5 млн АҚШ долларын құрайды. Пайдалануға беру 2022 жылға жоспарланған. Жобада биіктігі 110 метр болатын 16 жел мұнарасының құрылысы қарастырылған.

11.8.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қостанай облысы шегіндегі 2019-2021 жылдарға арналған Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері Қостанай облыстық мәслихатының, 2019 жылғы 15 мамырдағы №389 шешімімен белгіленген және бекітілген.

ҚОСНК бекітілген сәттен бастап оларға қол жеткізу мониторингі жүргізіледі (атмосфералық ауа және беткі сулар бойынша). 2019 жылы жүргізілген зертханалық зерттеулердің нәтижелері бойынша Қостанай облысы үшін 2019 жылға белгіленген ҚОСНК жоспарлы мәндерден асу анықталған жоқ. Сондай-ақ, атмосфералық ауада және беткі суларда ластауыш заттардың концентрациясын төмендетудің оң динамикасы байқалады.

ҚОСНК кезеңділікпен іске асыру мақсатында Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 9 шілдедегі №285 қаулысымен Қостанай облысы бойынша 2019-2021 жылдарға арналған өзекті экологиялық проблемаларды ескере отырып, ҚОСНК қол жеткізу бойынша шаралар кешені бекітілді.

11.8.11-кестеде шаралар кешеніне сәйкес 2019 жылы өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат берілген.

11.8.11-кесте

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша іс-шаралар

Іс-шара	2019 жылы жүргізілген жұмыстар
Ағаштар отырғызу	Қостанай қаласында 8 000 ағаш көшеттері отырғызылды. Рудный қаласында 4 700 түп ағаш отырғызылды. Лисаков қаласында 1 168 ағаш көшеттері отырғызылды. Жетіқара қаласында 650 ағаш көшеттері отырғызылды.
Рудный қ. №22, 26, 27 шағын аудандарының аз қабатты құрылысын газдандыру бойынша жоба (іске асыру 2019-2021 жылдар).	2019 жылы Жер жұмыстары жүргізілді, газ құбырын тарту жұмыстары 2020 жылы басталатын болады.
Рудный қ. №23, 28, 29 шағын аудандарының аз қабатты құрылысын газдандыру бойынша жоба (іске асыру 2019-2021 жылдар).	2019 жылы Жер жұмыстары жүргізілді, газ құбырын тарту жұмыстары 2020 жылы басталатын болады.

Октябрьск кентінде жылу желілерін қалпына келтіру арқылы газ қазандықтарын салу жөніндегі жоба	2019 жылы 578 метр су құбыры және 30 метр кәріз салынды, 4 құдық орнатылды, 20 ЭБЖ тіректері орнатылды, 985 метр әуе электр желілері және 41 метр қуат кабелі орнатылды, 1 блокты-модульді қазандық (БМҚ) орнатылды, екінші БМҚ үшін іргетас дайындалды.
Қостанай қаласының шекарасында Тобыл өзенінің арнасын тазарту жобасы.	КЖБИ көпірінен (ағысты бойлап төмен қарай) Гашек көшесі (оң жағалау) бойынша айналма жолдың соңына дейін түбін тереңдету жұмыстары, өзен арнасын кеңейту жөніндегі іс-шаралар, қамыс пен бұталарды тамырымен жұлу жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар учаскесінің жалпы ауданы 6,71 га құрады.

Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

2020 жылдан бастап мынадай іс-шараларды іске асыру жоспарланған:

- Қостанай қаласында Пионерская, Тобольская, 8 март, Красный кузнец және Юный боец көшелері бойынша тұрғын үйлерге төмен қысымды газ тарату желілерін салу;
- Қостанай қаласы Белинский, Жуковский, Станционная, Новая (Мира) көшелерінің шекараларындағы тұрғын үйлерді газбен жабдықтау;
- Жетіқара қаласының шығыс бөлігінде - Шортанды өзенінің сол және оң жағалауы бойынша шағын ауданның газ тарату желілерін салу;
- Қостанай қаласының шекарасындағы Тобыл өзенінің арнасын тазарту-КЖБИ көпірінен (ағысты бойлап төмен қарай) Гашек көшесі бойынша айналма жолдың соңына дейін (оң жағалау), 2 кезек;
- шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, қатты тұрмыстық қалдықтарды қазіргі заманғы кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.

11.9. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	240,4	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам	794 335	
	2016 -2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019	
Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд теңге	4,6	4,3	3,1	34,5	

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Қызылорда облысы 1938 жылы 15 қаңтарда қазіргі Түркістан облысының бір бөлігінен құрылған. Қазақстанның оңтүстік бөлігінде Тұран ойпатының шегінде, Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Шығысында және оңтүстік-шығысында Түркістан, солтүстігінде - Қарағанды, солтүстік-батысында - Ақтөбе облыстарымен, оңтүстігінде - Өзбекстан Республикасымен шекаралас.

Ресей Федерациясы жалға алған жерлерінсіз облыстың жалпы аумағы 240 414 км² құрайды.

Облыс аумағында 7 аудан, 5 кент және қала, 220 ауылдық елді мекен, 142 ауылдық округ орналасқан.

Облыстың климаты шұғыл континенталды және өте қуаң, жазы ұзақ, ыстық және құрғақ, қысы салыстырмалы түрде жылы, қысқа және қары аз. Шілденің орташа температурасы солтүстік-батыста +25,9 °С, оңтүстік-шығыста +28,2 °С, сәйкесінше қаңтарда - 9,8 °С және -3,5 °С. Солтүстік-батыста Арал теңізі жағалауындағы жауын-шашын түсу мөлшері 100 мм, оңтүстік-шығыста Қаратау тау бөктерінде 175 мм-ге дейін жетеді.

Қызылорда облысының негізгі су артериясы Сырдария, ал сулылығы бойынша Орта Азиядағы Әмудария өзенінен кейін екінші және өте ұзын болып табылады. Облыс аумағы бойынша ұзындығы 1280 км құрайды

Облыста көптеген тұзды көлдер бар: Жақсы-Қылыш, Қамыстыбас, Арыс, алайда олар жазда жиі құрғайды.

Қызылорда облысы минералдық-шикізат ресурстарының елеулі әлеуетіне ие. Мұнда мырыштың теңгерімдік қорының 15,1%-ы, қорғасынның 9,6%-ы, уранның 13,7%-ы, мұнайдың, газдың және конденсаттың 4,7%-ы, жалпы қазақстандық қорлардың жер асты суларының 3,4% шоғырланған.

Ғаламшардың ең ірі экологиялық мәселелерінің бірі Арал проблемасы болып табылады, ол өте өткір мәселеге айналып отыр. Аймақтағы әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдай экологиялық жағынан қолайсыз аудандарда тұратын халықты әлеуметтік қорғау шараларын заңнамалық шешім және құқықтық реттеуді талап етеді. Бұл ретте, Қызылорда облысының барлық аудандары мен Қызылорда қаласы экологиялық апатты аймақ деп жарияланды.

11.9.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Қызылорда облысындағы ауаны негізгі ластауыш көздері - мұнай-газ өндірісі, жылу энергетикасы, құрылыс кәсіпорындары және автокөлік құралдары болып табылады.

Аймақтағы ластауыш заттардың негізгі көлемін қамтамасыз ететін антропогендік көздер төрт топты құрайды:

- мұнай-газ өндіретін кәсіпорындар: «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК ЖШС, «Қуат АмлонМұнай БК» ЖШС және т. б. ;

- жылу және электр қуатын өндіретін кәсіпорындар: «ҚЖЭО» МКК, «Байқоңырэнерго» МУК ӨЭБ т.б.

- автокөлік: «Келешек» ЖШС, «Қыран» ЖШС, «Орта Азия транспорты» ЖШС, «ТрансАзияКонстракшн» ЖШС, «СКК-Шиелі» ЖШС, «СаятТрансСервис» ЖШС және т. б.

- жол құрылысымен айналысатын кәсіпорындар: «Дорстрой» ЖШС, «Автомобиль жолдары басқармасы» ЖШС, «Қызылорда жолдары» ЖШС, «Қыран» ЖШС және т.б.

Аталған барлық кәсіпорындар атмосфераға күкіртті ангидрид, азот диоксиді, қатты бөлшектер және көміртегі тотығы және т.б. ластауыш заттарды шығарады.

Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2019 жылы облыс бойынша атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың жалпы көлемі жылына 24,4 мың тоннаны құрады.

11.9.1-кестеде 2019 жылғы атмосфералық ауаға негізгі ластауыш заттардың шығарындылары туралы ақпарат берілген.

11.9.1 - кесте

Атмосфералық ауаға негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі

Ластауыш заттардың атауы	Шығарындылардың көлемі (мың тонна)	
	2018 жыл	2019 жыл
Күкіртті ангидрид	2,3	2,1
Азот тотықтары	4	4,9
Қатты заттар	4,2	3,8
Көміртегі тотығы	9,9	9,1

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Жылжымалы көздер атмосфералық ауаның ластануына айтарлықтай үлесін қосуда.

Статистика комитетінің ұсынған деректеріне сәйкес, Қызылорда облысында 112,4 мыңдаған жеңіл және 19,7 мың жүк автокөлік құралдары тіркелген.


Атмосфералық ауаның сапасы

«Қазгидромет» РМК Қызылорда облысының атмосфералық ауасының жағдайына Қызылорда қаласында және Қызылорда облысының Ақай және Төретам кенттерінде бақылау жүргізді. «Қазгидромет» РМК бақылаудың стационарлық желілерінің деректері бойынша 2019 жылы Қызылорда қ. атмосфералық ауасының ластану деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда төменнен жоғары АЛИ-3-ке төмендеді. 2016 жылдан 2019 жылға дейін Төретам кентінде ластану деңгейі төмен деп бағаланды.

Ақай кентінде атмосфералық ауаның ластануының жоғары деңгейі 2016 жылы белгіленген, АЛИ-9. Ең төменгі мән 2017 жылы АЛИ-2 болып белгіленді (11.9.1-сурет).

11.9.1-сурет

2016-2019 жылдардағы АЛИ



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Сондай-ақ атмосфералық ауаның жай-күйіне эпизодтық бақылау жүргізілді. Атмосфе-

ралық ауаның жай-күйі Қызылорда қаласы мен Қызылорда облысының 6 ауданындағы 5 маршруттық бекетте іріктелген ауа сынамаларын талдау және өңдеу нәтижелері бойынша (Жаңақорған, Шиелі, Қармақшы, Арал, Құланды, Ақбасты) бағаланды.

Қызылорда облысы бойынша 2019 жылы жүргізілген экспедициялық зерттеулердің нәтижелері қалқыма заттар, күкірт диоксиді, азот диоксиді және көміртегі оксиді құрамы норманың шегінде болғанын көрсетті.

2019 жылы Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаға жүргізілген маршруттық зерттеу нәтижелері азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді және өлшенген заттар мөлшері норманың шегінде болғанын көрсетті.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша, Қызылорда облысы аумағында атмосфераның жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

Елді мекендердегі атмосфералық ауаның сапасы бойынша біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Қызылорда облысын газдандыру

2004 жылы облыс аумағында алғаш рет елді мекендерді газдандыру жобаларын іске асыру басталды.

Қызылорда облысының аудан орталықтары мен елді мекендерін газбен жабдықтау «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралдық газ құбырының арнайы көзделген бұрмалары арқылы іске асырылады.

2018-2019 жылдары республикалық және облыстық бюджет есебінен 920,9 млн теңге көлемінде Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің сол жағалауын газбен жабдықтау жобасы іске асырылды. Нәтижесінде 12,5 км газ құбыры салынды және 1 блокты газ реттегіш бекет және 2 шкафты газ реттегіш бекет орнатылды. Объекті 2019 жылдың шілде айында пайдалануға берілді.


Сонымен қатар, 2018-2019 жылдары облыстық бюджет қаражаты есебінен Шиелі кентінің индустриялық аймағы 189,6 млн теңге көлемінде газдандырылды. Нәтижесінде 1 бірл. газ реттеуші бекет орнатылды және 4,1 км газ құбыры салынды.

2019 жылы Арал ауданындағы Жосалы, Жалағаш, Теренөзек және Жақсықылыш кенттерін газбен жабдықтау жұмыстары басталды. Осы мақсатта республикалық және облыстық бюджеттен 3,2 млрд теңге бөлінді. 2019 жылы 171 км газ құбыры салынды. Жобаларды аяқтау 2020 жылға жоспарлануда.

Қызылорда қаласының газ отынын тұтыну 2019 жылы 629 417,757 мың м³ (2018 жылы – 618 758,920 мың м³) құрады, 2018 жылға қарағанда газ отынын тұтыну артты (11.9.2-сурет).

11.9.2-сурет

2018-2019 жылдары газ отынын тұтыну (мың м³)




Көзі: Қызылорда облысының әкімдігі.

2019 жылы Қызылорда облысы бойынша газ өндіру көлемі 911 млн м³ құрады. Оның ішінде 95,8%-ы кәдеге жаратылды, 4,2%-ы алауларда жағылды.

2018 жылы газ өндіру 1 050 млн м³ құрады. Оның ішінде 96,51%-ы кәдеге жаратылды, 3,49% алауларда жағылды (11.9.3-сурет).

11.9.3-сурет

2018-2019 жылдары газ өндіру көлемі



Көзі: Қызылорда облысының әкімдігі.

11.9.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Облыс Арал теңізінен шығысқа қарай Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Облыс аумағының негізгі бөлігі Тұран ойпатының шегінде орналасқан (биіктігі 50-200 м).

Сырдарияның сол жағалауы бойынша-Жаңадария мен Қуаңдарияның құрғақ арналары кесіп өтетін Қызылқұм құмдарының кең кеңістіктері; оң жағалауы бойынша қыраттар (Егізқара, 288 м), құм учаскелері (Арысқұм және т.б.), сортаңды терең емес шұңқырлар кездеседі. Солтүстігінде-бұдыр құмдар алабы (Шағын Борсықтар және Арал маңы Қаракұмдары). Қызылорда облысының шеткі оңтүстік-шығысында Қаратау жотасының солтүстік-батыс сілемдері (биіктігі 1419 м дейін) кіреді.

Жалғыз ірі өзен - бұл Сырдария, ол облыстың орталық бөлігінен оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай шамамен 1 мың км ағып өтеді, қатты желімен, көптеген арналары мен бұтақтарымен және кең батпақты атырауымен өтеді. Су тасқынынан қорғау үшін өзен жағасында дамбалар салынды. 1956 жылы Сырдария бойында Қызылорда бөгеті салынды, 1958 жылы өзен егістік алқаптарды және жайылымдарды суару үшін Жаңадария арнасынан ағып өтті.

Көп тұзды көлдер (Жақсықылыш, Қамыстыбас, Арыс және т.б.), жазда жиі құрғайтын; Көпек және Теріскен көлдерінде - емдік балшық бар. Солтүстік-шығыста Сарысу өзенінің төменгі ағысы Қызылорда облысына енеді.

Ағынды суларды ағызу және суды бұру

Облыста су ресурстарын алу мен пайдалануды жүзеге асыратын 95 бастапқы су пайдаланушы бар. Оның ішінде 78 - өнеркәсіптік және 17 - ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға және көгалдандыруға арналған бас тоғанды жүзеге асырады.

11.9.2-кестеде ағызулардың нақты көлемі бойынша деректер берілген.

Су ресурстарының ластануы және ағынды сулармен ластауыш заттардың ағызулары

Ағызулардың нақты көлемдері туралы ақпарат		2018 жыл	2019 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Су бұрудың көлемі, мың м ³	592,01	1043,5
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	0,03	0,9
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Су бұрудың көлемі, мың м ³	13824,2	10421,4
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	12,4	5,2
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Су бұрудың көлемі, мың м ³	-	53 935,9
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	-	0,9
Беткі су қоймаларындағы ағызулар	Су бұрудың көлемі, мың м ³	13 642,01	-
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	0,03	-
Барлығы (жоғарыда аталған ағызулардың барлығы)	Су бұрудың көлемі, мың м ³	28 058,3	11464,9
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	0,06	6,2

Ескерту: 1. Өнеркәсіптік ағынды сулар «Байқоңырэнерго» ЖЭО МУК жылу агрегаттарын салқындату нәтижесінде пайда болды, ағызу Сырдария өзенінде жүзеге асырылады.

Шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды ағызудың жалпы көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 451,511 мың м³ құрады.

Қызылорда облысында Сырдария өзеніне өнеркәсіптік ағызуды (шартты таза) Байқоңыр қ. «Байқоңырэнерго» ЖЭО МУК жүзеге асырады, өнеркәсіптік ағызу көлемі 2018 жылмен салыстырғанда ұлғайғаны байқалады.

Қызылорда облысының беткі суларының сапасы

2019 жылы «Қазгидромет» РМК Қызылорда облысы аумағында 2 су объектісінде – Сырдария өзенінде және Арал теңізінде беткі сулардың ластануына бақылау жүргізді (11.9.3-кесте).

Қызылорда облысы аумағындағы Сырдария өзені мен Арал теңізі суының сапасы 2019 жылы Бірыңғай классификация бойынша 4-класқа жатады.

Қызылорда облысындағы беткі сулардың сапасы

Су объектілері	Судың температурасы	Сутегі көрсеткіші	Суда ерітілген оттегінің концентрациясы	ОБТ5	Түстілігі
Сырдария өзені	0– 27,2	6,3-8,0	1,21-8,03	0,60-2,0	2-279
Арал теңізі	00-25,2	6,6-7,9	3,65-7,17	0,8-1,5	2,0-66

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Сырдария өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 36,75 мг/л,

минералдану – 1509,45 мг/л, сульфаттар – 451,61 мг/л.

Арал теңізі суының сапасы 4 – класқа жатады: магний - 42,69 мг/л, минералдану - 1619,58 мг/л, сульфаттар - 464,17 мг/л. Магнийдің нақты концентрациясы судағы заттардың фондық мөлшерінен аспайды, минералдану мен сульфаттардың концентрациясы судағы заттардың фондық мөлшерінен асады.

2019 жылы Қызылорда облысында судың экстремалды ластануы бойынша деректер анықталған жоқ.

Қызылорда облысының беткі суларының сапасы бойынша біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

«Экологиялық реттеу және бақылау комитеті мен «Қазгидромет» РМК арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» бірлескен бұйрыққа сәйкес 2019 жылғы 27 мамырда жоғары немесе экстремалды жоғары ластану түзілген жағдайда бірлескен іс-қимылдарға оқыту бойынша сабақтар өткізілді.

2019 жылдың 4 қыркүйегінде Қызылорда облысы бойынша Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясынан Арал ауданы Қамыстыбас бекетінде Тоқпан көлі деп аталатын жер учаскесінде балықтың жаппай қырылу фактісі анықталғаны туралы дабыл келіп түсті. Бірлескен қаулыға сәйкес Экология департаментінің және «Қазгидромет» РМК мамандары жергілікті жерге барып, су, атмосфералық ауа және топырақ сынамаларын алды. Суды талдау нәтижелері бойынша құрғақ қалдық, сульфат және мыстың нормативтерден артуы және ерітілген оттегінің жетіспеушілігі анықталды.

Облыстың елді мекендерінің экологиялық жағдайын жақсарту және оларды суармалы сумен қамтамасыз ету үшін 2019 жылы облыстық бюджеттен 8 арнаны (Арал ауданында - Бөген ауылдық округіндегі «Көкіш» (Сағымбай) арнасы, Қаратерең ауылдық округіндегі «Баян» арнасы, Ақирек ауылдық округіндегі «Қахар» арнасы, Қазалы ауданында - Әйтеке би кентіндегі «Ақарық» арнасы, Бозкөл ауылдық округіндегі «Дөненбай» арнасы, Шиелі ауданының Майлытоғай ауылдық округіндегі «Бозарық» арнасы, Қодаманов ауылдық округіндегі «Найман арық» арнасы, Жаңақорған ауданы - Өзгент ауылдық округіндегі «Ескі өзгент» каналы), оның ішінде Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі «Аққииз» арнасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге және 1 электро сорғы сатып алуға облыстық бюджеттен 566,9 млн теңге бөлінді. Жоспарланған жұмыстар толығымен аяқталды.

Арал теңізінің экологиялық апат аймағын қалпына келтіру үшін СӨРАСС-2 жобасын жүзеге асыру басталды.

Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтаудың екінші кезеңі (СӨРАСС-2) Біріккен Ұлттар Ұйымының экологиялық бағдарламасымен бірге Дүниежүзілік банк дайындаған Арал теңізі бассейнін экологиялық сауықтыру жөніндегі ірі халықаралық бағдарламаның бір бөлігі болып табылады.

СӨРАСС-2 жобасы жүзеге асырылған СӨРАСС-1 жобасының жалғасы болып табылады және келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- Арал маңының экологиялық жаңғыруының жалғасы;
- өзеннің төменгі ағысында судың тиімділігін арттыру;
- жергілікті, ұлттық және трансшекаралық деңгейде су ресурстарын басқарудың ұйымдастырушылық әлеуетін арттыру.

Жобаның аумағы Сырдария өзені бассейнінің және Солтүстік Арал теңізінің (САТ) Қазақстандық бөлігін қамтиды.

Қазақстан Республикасы Үкіметімен СӨРАСС-2 жобасының бірінші кезеңіне енгізілген 6 компоненттің 4-ін тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, республикалық бюджет есебінен бастау жөнінде шешім қабылданды.

Бұл ретте, үш компонент (Қармақшы, Қазалы аудандарындағы қорғаныс бөгеттерін нығайту, Жалағаш ауданында Тұрымбет және Қорғанша учаскелерінде Сырдария өзенінің арнасын түзетуді және Қызылорда су торабын кешенді жөндеу) су тасқыны қатерлерінің алдын алу және жою жөніндегі 2017-2020 жылдарға арналған Жол картасының және бір компонент (Қазалы ауданында Бірлік елді мекені тұсында көпір салу) компоненті Өңірлерді дамыту бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады деп жоспарлануда.

Бұл компоненттер республикалық бюджет есебінен қаржыландыру үшін «Су тасқыны қатерлерінің алдын алу және жою жөніндегі 2017-2020 жылдарға арналған шаралар кешені» Жол картасына енгізілген.

Қазалы ауданы Бірлік елді мекенінің маңындағы көпір құрылысы компоненті бойынша 2019 жылы облыстық бюджет есебінен жобаның ТЭН-і әзірленді, жобаның құны 4,5 млрд теңгені құрайды.

СӨРАСС-2 жобасының қалған компоненттері бойынша Дүниежүзілік банкпен келіссөздер жалғасуда.

11.9.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ


Қызылорда облысымен 2019 жылы 24041,4 мың га (оның ішінде Қызылорда облысының аумағы – 22601,9 мың га, Қарағанды облысы Ұлытау ауданының 2210,8 мың га жалға алынған жерлері) пайдаланылды, оның ішінде:

- ауыл шаруашылығына белгіленген жерлер - 2701,6 мың га, (2018 ж. – 2701,6 мың га);
- елді мекен жерлері (қалалар мен ауылдық елді мекендер) – 838,3 мың га (2018 ж. – 729,0 мың га);
- өнеркәсіп жерлері және т.б. - 253 мың га, (2018 ж. – 221,1 мың га), оның ішінде:
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар 161,2 мың га (2018 ж. - 161,0 мың га, 3,6 мың га көп);
- орман қорының жерлері - 6 510,3 мың га, (2018 ж. – 6 506,7 мың га);
- су қорының жерлері – 2287,2 мың га, (2018 ж. – 2 247,5 мың га, 39,7 мың га ұлғайды);
- босалқы жерлер – 11289,8 мың га, (2018 ж. – 11483,5 мың га, 193,7 мың га азайды).

11.9.4-сурет

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің басым бөлігін 1924 мың га немесе 90%-ын жайылымдар құрайды (11.9.4-сурет).



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

11.9.5-сурет

Қызылорда облысының жер қорының санаттар бойынша бөлінуі (%)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2019 жылы Қызылорда облысында жер қорының біршама көп үлесін қор жерлері мен орман қоры алып жатыр (11.9.5-сурет). 2018 жылға қарағанда елді мекендердің үлесі артты, өсім 109,3 мың га құрады.

Қызылорда облысында қалпына келтірілген жерлердің көлемі 2019 жылы 0,711 мың га құрады.

Қызылорда облысында Қазалы және Қармақшы аудандарында елді мекендердің шекарасын белгілеу бойынша жүргізілген жұмыстар есебінен 2019 жылы елді мекендер жерлерінің көлемі 109,3 мың га артты.

Топырақтың жағдайы

2019 жылы «Қазгидромет» РМК-мен көктем және күз мезгілдерінде Қызылорда және Байқоңыр қалаларында топырақтың ауыр металдармен ластанудың жай-күйіне бақылау жүргізілді (11.9.4-кесте).

11.9.4-кесте

Қызылорда облысында ауыр металдармен топырақтың ластануы (мг/кг)

Сынамаларды іріктеу нүктелері	Хром концентрациясы	Қорғасын концентрациясы	Мырыш концентрациясы	Кадмий концентрациясы	Мыс концентрациясы
Көктемгі кезең бойынша					
Қызылорда қ.	0,12-0,80	8,90- 19,50	2,50-13,30	0,15-0,23	0,44-5,30
Байқоңыр қ.	0,05-0,27	5,50-35,20	1,30-5,30	0,08-0,19	0,10-0,46
Ақбастар к.	1,70	5,04	2,70	0,04	0,10
Құланды к.	2,00	2,54	3,00	0,04	0,10
Күзгі кезең бойынша					
Қызылорда қ.	0,3-1,8	10,4-23,7	2,8-4,3	0,08-0,13	1,4-4,4
Байқоңыр қ.	0,1-0,8	7,3-36,8	1,8-8,4	0,1-0,2	0,2-1,1
Ақбастар к.	0,1	2,2	0,4	0,004	0,1
Құланды к.	0,1	2,2	0,9	0,004	0,1

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Қызылорда облысындағы топырақ сапасы туралы біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

Жерлерді алу

Қызылорда облысының Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы 2019 жылы кәсіпкерлік мақсаттар үшін (құрылыс үшін) жер учаскелерінің мақсаты бойынша пайдаланылмауына (игерілмеуіне) байланысты оларды мәжбүрлеп алып қою үшін сотқа талап-арыз берді. Сот ауданы 7,096 га болатын 8 жер учаскесін (2018 жылы ауданы 6667,1 га болатын 6 жер учаскесін) мемлекет меншігіне қайтару туралы шешім қабылдады.

Сонымен қатар, 2019 жылы жалға беру шарттарының бір жақты тәртіппен бұзылуына байланысты және жер учаскелерін мақсаты бойынша (игерілмеген) пайдаланбаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланған меншік иелері мен жер пайдаланушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде жалпы ауданы 16207 га ауыл шаруашылығы мақсатындағы 64 жер учаскесі мемлекеттік меншікке қайтарылды (2018 жылы - 19237,7 га алаңы 71 жер учаскесі).


11.9.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

2019 жылы Қызылорда облысының аумағында жер қойнауын пайдаланушылардың жалпы саны 118 құрады, оның ішінде 92 келісімшарт пен 4 лицензия негізінде кең таралған пайда-

лы қазбаларды барлаумен және өндірумен 66 жер қойнауын пайдаланушы айналысады. 2018 жылы жер қойнауын пайдаланушылар саны – 115, оның ішінде 63-і кең таралған пайдалы қазбаларды, 89 келісім-шарт негізінде 52-сі басқа пайдалы қазбаларды барлаумен және өндірумен айналысады (11.9.6-сурет).

11.9.6-сурет

2018-2019 жылдардағы жер қорын пайдаланушылар саны



Көзі: Қызылорда облысының әкімдігі.

Қызылорда облысының кең таралған пайдалы қазбаларын барлауды немесе өндіруді жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптамалық комиссиясының 2019 жылдың қорытындысы бойынша 6 отырыс өткізілді, жер қойнауын пайдаланушылардың 30 өтінімі қаралды (25 өтінім қанағаттандырылды, 5-уі қайта қарауға қалдырылды).

Келіссөздер жүргізу және жер қойнауын пайдалану келісімшартына толықтыру жобасын талқылау бойынша жұмыс тобының 8 отырысы өткізілді. Отырыс қорытындысы бойынша келісімшарттарға қосымша жұмыс бағдарламалары келісілді.

2019 жылдың басынан бастап жер қойнауын пайдалану саласында 20 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде 9-ы – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ филиалы және 11-і веб-портал арқылы.

Облыстың минералдық-шикізат әлеуетін дамыту мақсатында 2019 жылы 15 жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын пайдалану құқығы берілді, оның ішінде: барлау бойынша – 8, өндіру бойынша – 7.

Келісімшарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша 13 қосымша келісімге қол қойылды.

Жыл басынан бері кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге 4 лицензия берілді.

Сонымен қатар, Қызылорда облысының әкімдігі жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт міндеттемелерін орындауына тұрақты негізде мониторинг жүргізуде.

2019 жылдың қорытындысы бойынша мұнай өндіру көлемі 5,6 млн тоннаны құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 87,0%-ға немесе 828,8 мың тоннаға (13%) төмендеді. Басты себеп-мұнай кен орындарының сарқылуы.

2019 жылы мұнай өндіруші компаниялар геологиялық зерттеуге қосымша 78,8 млрд теңге инвестиция салды, оның шеңберінде бұрғылау тереңдігін 3500 метрге дейін ұлғайтып, 67 мұнай-газ ұңғымасы бұрғыланды. Бұл 2019 жылы күтілетін мұнай шығынының 300 мың тоннадан астамын қысқартуға мүмкіндік берді.

Аталған саланың проблемалық мәселелерін талқылау және шешу мақсатында облыстың жер қойнауын пайдаланушылармен тұрақты негізде кеңестер өткізіледі.

Сондай-ақ, Үкімет деңгейінде мұнай экспорты көлемін ұлғайту, газға әділ баға белгілеу және жаңа кен орындарын игеру мәселесі пысықталды.

Жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша іс-шаралар нәтижесінде (геотраверстер) мұнай-газ перспективалы құрылымдарын анықтау мақсатында ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қызылорда облысының 2019-2022 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарына енгізілді.

Геологиялық зерттеулер 3 шөгінді бассейнде жүргізілетін болады: Оңтүстік Торғай, Шу-Сарысу және Сырдария. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен келесі 3 жыл ішінде 11,0 млрд теңге бөлу көзделген.

Кешенді жоспарда «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры арқылы жылына 6,0 млн тоннаға дейінгі көлемде реверстік бағытта мұнай айдау құрылысы қарастырылған.

2020 жылға жоспарланған реверс құрылысын аяқтау облыстың мұнай компанияларына мұнайды экспортқа жеткізуді 20%-дан 50-60%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Кен орындарының мұнай шығаруын арттыру мәселесін шешу үшін облыс әкімдігі мұнай компанияларымен бірлесіп, Мұнай-газ саласын дамытудың 2018-2019 жылдарға арналған жол картасын бекітті.

11.9.5. БИОӘРТҮРЛІК

Облыста ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы ауданы 192,0 мың га құрайды (11.9.5-кесте).

11.9.5-кесте

Қызылорда облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының тізбесі

Атауы	Ауданы	Орналасқан жері
Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы	160,8 мың га	Арал ауданы
Тораңғылысай мемлекеттік табиғи қорықшасы (зоологиялық)	17,9 мың га	Сырдария ауданы
Қарғалы мемлекеттік табиғи қорықшасы (зоологиялық)	13,3 мың га	Жаңақорған және Шиелі аудандары

Көзі: Қызылорда облысының әкімдігі.

«Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы - Тұран шөлдерінің солтүстік және орта ішкі аймақтық типтерінің табиғи экожүйелері қорғалған Еуразиядағы жалғыз қорық.

Қызылорда облысы әкімдігінің деректері бойынша қорық аумағында 585 құлан, 125 ақбөкен және 135 қарақұйрық мекендейді (11.9.7-сурет).

11.9.7-сурет

Ақбөкен



Көзі: ҚР ЭГТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті.

2019 жылы республикалық бюджетке жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін 140,0 млн теңге төлем түсті.

2019 жылы Халықаралық Аралды құтқару қорының зерттеулеріне сәйкес Қазақстан аумағына іргелес жатқан Арал теңізінің түбінде шамамен 183 мың га алаңда орман-мелиорациялық жұмыстар жүргізілді.

Қызылорда облысының бюджетінен бөлінген қаражат есебінен жылына 6,3 мың га орман

отырғызу жұмыстары жүргізіледі.

Облыс бойынша Кіші Арал теңізі мен жергілікті маңызы бар 207 су қоймасын қоса алғанда, балық кәсіпшілігімен айналысатын су қоймаларының жалпы ауданы 379 мың га құрайды.

Табиғи су қоймаларын пайдаланумен қатар, облыста тауарлы балық шаруашылығын (аквамәдениет) дамыту бойынша белгілі жұмыстар жүргізілуде.

Облыста тұқы және шөпті балық түрлерін (дөңмандай, ақ амур және т.б.) өсіретін 10 көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығы жұмыс істейді.

Облыста жалпы ауданы 9 млн га болатын 40 аңшылық алқап бар.

Облыс аумағында балықтың 27 түрі, сүтқоректілердің 40-тан астам түрі және құстардың 300 түрі, оның ішінде Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен құстардың 31 түрі мекендейді.

Аумақтың едәуір бөлігі өсімдіктерінен айырылған құмдарды алып жатыр. Бекітілген құмдарда жусанды-бетегелі, тұзды өсімдіктер, ал көктемде қоңыр және сұр топырақты құмайт және сортаңды топырақтарда эфемерлік. Құмдар арасындағы баурайларда жоңышқалар, жүзгіндер, бидайық түрлері өседі. Төбешік құмдар ақ сексеуілмен, жыңғылдармен, теріскенмен, бұйырғынмен, жуанмен бекітілген.

Аймақтық жоспарда негізгі орман алқаптары Қызылорда облысында – 33,6%-ы есептелген (сексеуіл).

11.9.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

2019 жылы Қызылорда қаласы мен Қызылорда облысындағы радиациялық жағдай 2018 жылымен салыстырғанда, барлық зерттеулер бойынша айтарлықтай өзгерген жоқ.

Жалпы облыс бойынша радиациялық жағдай жол берілетін нормалар шегінде болады, гигиеналық нормативтер мен «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» ережелерінің талаптарына сәйкес келеді.

Жергілікті жерлерде гамма-сәулелену деңгейін бақылауды «Қазгидромет» РМК күн сайын 2 метеорологиялық станцияда (Арал теңізі, Шиелі) және Қызылорда қ. (№3 ЛББ), Ақай к. (№1 ЛББ) және Төретап к. (№1 ЛББ) атмосфералық ауаның ластануын қадағалайтын 3 автоматты бекетте жүзеге асырды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,005-0,29 мкЗв/сағ шегінде болды. 2019 жылы орташа алғанда облыс бойынша радиациялық гамма-фон 0,13 мкЗв/сағ құрады және рұқсат етілген шектерде болды.

Қызылорда облысы аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау 2 метеорологиялық станцияда (Арал теңізі, Қызылорда) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу арқылы жүзеге асырылды. Станцияларда бес тәуліктік сынама алынды.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтік түсудің орташа тәуліктік тығыздығы 0,6-4,1 Бк/м² шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,3 Бк/м² құрады, бұл рұқсат етілген деңгейден аспайды.

Қызылорда қаласы мен Қызылорда облысы бойынша радиациялық гамма-фон (экспозициялық дозаның қуаттылығы) жол берілетін шекте (0,08-0,17 мкЗв/сағ) болды және облыс халқы үшін практикалық қауіп төндірмейді.

Қызылорда облысының радиациялық жағдайы туралы біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

Қызылорда облысының мұнай өндіруші кәсіпорындары арасында радиоактивті қалдықтар «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ және «Торғай-Петролеум» АҚ түзіледі.

Әлсіз радиоактивті қалдықтар (ӘРҚ) қабаттық суды өндіру кезінде, сондай-ақ әртүрлі технологиялық жабдықтың қабырғаларындағы табиғи радионуклидтердің шөгінділері түрінде түзіледі. Пайдалану процесінде рұқсат етілген деңгейден асып кеткен жағдайда жабдық бөлшектеледі және радиоактивті қалдықтардың уақытша қоймасына шығарылады, одан әрі арнайы қорымдарға көму үшін шығарылады. ӘРҚ-ның түзілуі кәдеге жарату процестеріне ұшырайтын сұйық фазадағы табиғи радионуклидтері жоғары резервуарлар мен

сыйымдылықтарды тазарту кезінде де орын алады.

Жүргізілген зерттеулер бойынша атмосфералық жауын-шашын, атмосфералық ауа және судың қолайсыз деңгейі табылған жоқ. Тамақ өнімдері бета-гаммаспектрометриялық әдіспен зерттеледі, радиациялық қауіпсіздік өлшемдері бойынша рұқсат етілген нормалардан асып кету анықталмады.

11.9.7. ҚАЛДЫҚТАР

ҚР ЭГТРМ деректері бойынша, 2018 жылмен (113,0 мың тонна) салыстырғанда 2019 жылы (116,0 мың тонна) түзілген өнеркәсіптік қалдықтардың үлесі 3,0 мың тоннаға артты.

Аймақтық қалдықтардың түзілу көлемінің ұлғаюы геологиялық-барлау жұмыстарының (уран өндіруші және мұнай компаниялары) қарқындылығына байланысты болып отыр.

Түзілген 116,0 мың тонна өнеркәсіптік қалдықтардан 26,1 мың тонна кәдеге жаратылды, қалған 77,5%-ы (89,9 мың тонна) өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу кәсіпорындарының өнеркәсіптік қалдықтарын уақытша сақтау алаңдарына орналастырылған.

Облыс аумағында полигондарды экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келтіру мақсатында 2015-2017 жылдары Облыс әкімдігінің қаулысымен қалада, аудандарда, кенттерде және ауылдық округтерде өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру үшін ауданы 402,27 га жер учаскелері бөлінді.

Қызылорда облысында тұтыну қалдықтарын орналастырудың 145 объектісі пайдаланылуда, оның ішінде 6-ы заңдастырылған және 139-ы заңдастырылмаған қалдық жинақтағыш.

2019 жылы Арал қаласында полигон құрылысына 1-кезеңіне 46,7 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды. Құрылысты аяқтау үшін облыстық бюджеттен 110,0 млн теңге бөлінді.

2019 жылы 122 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтар түзілді. Оның 17 мың тоннасы қайталама ресурстар ретінде өңделді (пайыздық үлесі-14%). Жыл сайын 142-145 мың тонна ТҚҚ түзіледі.

«Қызылорда қағазы», «ДаЖаЕр» ЖШС, «Август» ЖК макулатура, картон, қағаз, пластмасса, пластик қалдықтарын сұрыптайды және жинайды. Мекемелерде макулатура мен пластиктің қалдықтарын жинауға арналған экокбокстар орнатылуда.

«Эко-Н Сервис» құрамында сынабы бар пайдаланылған шамдарды залалсыздандыруды жүзеге асырады. Мұндай қалдықтарды барлық аудандарда жеке кәсіпкерлік субъектілері Шымкент және Тараз қалаларында өткізе отырып жинайды және сұрыптайды (11.9.6-кесте).

11.9.6-кесте

Құрамында сынабы бар шамдарды қоймалаумен және сұрыптаумен айналысатын кәсіпорындар

№	Кәсіпкерліктің жеке субъектілері	Аудан
1.	«Садылдаев Д» ЖК	Арал ауданы
2.	«Ж. Қарымсақов» ЖК	Қазалы ауданы
3.	«Досмұратов» ЖК	Қармақшы ауданы
4.	«Сыр арна» ЖШС, «Қасиет» ЖК, «Мақсұт» ЖК	Жалағаш ауданы
5.	«Сәулет», «Т. Ермантаев», «С. Сейтов» ӨК	Сырдария ауданы
6.	«Сазқұм» ӨК	Шиелі ауданы
7.	«Нұр-Шах» ЖШС	Жаңақорған ауданы

Көзі: Қызылорда облысының әкімдігі.

Сонымен қатар облыс халқының 65,6%-ы тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдау қызметімен қамтамасыз етілген.

«ДаЖаЕр» ЖШС қала аумағында пластик қалдықтарды орналастыру үшін 200 дана экоконтейнер орнатты. «Август» ЖК макулатура, пластик қалдықтарын жинау үшін экокбокстар орнатты.

Жалпы облыста қалдықтарды жинауға арналған 5700-ден астам контейнер орнатылды.

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес жасалған шарттың талаптары бойынша облыстық маңызы бар 13 қаланың радиусы 50 км жерлерді қашықтықтан зондтау жүзеге асырылады. Қызығушылық аймағы: өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру орындарының ғарыштық мониторингі, өндіріс және тұтыну полигондары шекараларының өзгеру динамикасының мониторингі, қалалардың белдеулеріндегі рұқсат етілмеген апатты үйінділерді анықтау болып табылады.

Осыған байланысты Геопортал іске қосылды. 2019 жылы ғарыштық мониторинг арқылы Геопорталда орналасқан ғарыштық бейнелер Қызылорда қаласының аумағында және 228 рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді 50 км радиуста анықтауға мүмкіндік берді.

Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің мамандары тікелей «Геопортал» жүйесінде көрсетілген рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерге барып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары өкілдерінің қатысуымен далалық зерттеулер жүргізді, сондай-ақ рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді суретке түсіру жұмыстарын жүргізді.

2019 жылы өткізілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша анықталған 228 рұқсат етілмеген үйінділердің 220-сы жойылды, тиісті ақпарат (кәдеге жарату бойынша) Геопорталда орналастырылды.

11.9.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Шиелі ауданының «Сейтжанов» шаруа қожалығында қуаттылығы 4,5 кВт күн электр станциясы өндіретін электр энергиясы пайдаланылады.

2019 жылы облыстың Шиелі және Жалағаш аудандарында инвесторлардың қаражаты есебінен салынған қуаттылығы 80 МВт болатын күн электр станциялары пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, «Hydroenergy company JSC» компаниясы құны 3,2 млрд теңге болатын «Жаңақорған ауданында қуаттылығы 10 МВт күн электр станциясының құрылысы» жобасын жүзеге асыруға ниет білдірді. Жылдық электр қуатын өндіру жоспары 19 млн кВт·сағ. Жоспарға сәйкес, 2020 жылы құрылыс-монтаж жұмыстары басталады.

Жоғарыда аталған жұмыстарды іске асыру Қызылорда облысының сыртқы көздерге энергияға тәуелсіз болуына, сондай-ақ «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамада белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

11.9.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы №145 бұйрығына сәйкес аймақтың басым экологиялық проблемаларын ескере отырып, 2019 жылдан 2027 жылға дейінгі кезеңге қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері белгіленді. Нысаналы көрсеткіштер облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 18 маусымдағы №325 шешімімен бекітілген.

Нысаналы көрсеткіштер компоненттер бойынша белгіленген (НК қол жеткізу индикаторлары): атмосфералық ауаның сапасы, топыраққа антропогендік әсер ету, шудың ластану деңгейі, су ресурстарын ұтымды пайдалану, жасыл желектер алаңдарын ұлғайту, жаңартылатын энергия көздерінің үлесін ұлғайту, қалдықтарды қайта өңдеу үлесін ұлғайту.

Нысаналы көрсеткіштерге кезең-кезеңмен қол жеткізу мақсатында облыс әкімі іс-шаралар жоспарын бекітті және оның орындалуына жауаптылар анықталды.

2019 жылы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде қалдықтарды қайта өңдеу үлесін ұлғайту үшін ҚОСНК қол жеткізу мақсатында жылына 60,0 мың тонна қалдықтарды сұрыптау кешені құрылысының жобасы іске асырылды. Сұрыптау кешені Қызылорда қаласының Белкөл ауылынан 3,7 км жерде орналасқан.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің кестесі және біршама толық ақпарат (<http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoj-informacii/jekologijaly-zhha-daj/>) сайтында орналасқан.

11.10. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

2019 жылғы жалпы көрсеткіштер					
	Субъектінің S, мың км ²	165,6	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам		678 199
	2016-2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд теңге	21,4	24,7	27,3	20,2

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Маңғыстау облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батысында орналасқан және 1973 жылы Маңғышлақ облысы ретінде құрылған. Маңғышлақ түбегі, Үстірт платосы, Бозашы түбегі, Өлі Құлтұқ, Қайдақ сорлары кіреді. Батыстан, солтүстік-батыстан, оңтүстік-батыстан Каспий теңізінің суларымен жуылады. Облыс аумағы 165,6 мың км² құрайды.

Маңғыстау облысының құрамына облыстық маңызы бар 2 қала (Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы), 5 аудан (Түпқараған, Қарақия, Маңғыстау, Бейнеу және 2007 жылғы 1 шілдеден бастап Мұнайлы ауданы) және аудандық маңызы бар бір қала (Форт-Шевченко қаласы) кіреді. Әкімшілік орталығы – Ақтау қаласы.

Аймақтың климаты арктикалық массалардың: иран және тұран массаларының басым ықпалымен қалыптасады. Бұл ауа массасының әсерінен климат шұғыл континенталды, өте құрғақ. Облыстың бойлығы бойынша үлкен ұзақтығы температуралық режимге едәуір әсер етеді.

Жалпы, қысы бірқалыпты суық және біршама жылы, бірақ ең суық күндері аяз -38°C жетеді. Жазы ыстық, жаздың орташа температурасы + 27°C, ең жоғарғы температурасы +47° С-қа жетеді, Жауын-шашын өте аз жауады. Жылдық орташа саны 152 мм-ден аспайды. Жауын-шашынның ең көбі жылдың жылы мезгіліне келеді.

Облысқа қатты дауыл мен жел тән. Аумақтың басым бөлігінде желдің жылдық жылдамдығы 2-6 м/сек. Жыл бойы (қыркүйек-сәуір) шығыс және оңтүстік-шығыс желдері, жазғы кезеңде солтүстік және солтүстік-батыс желдері басым.

Облыс климатының қолайсыз факторларына көктемгі және жазғы құрғақшылықтарды, қатты желдерді жатқызу керек, бұл топырақ эрозиясын тудырады. Бұл табиғи жағдайлар тепе-теңдіктің тез қалпына келуіне кедергі келтіреді.


11.10.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Маңғыстау облысында атмосфералық ауаның ластануы негізінен мұнай-газ кешеніне, химия, энергетика және өңдеу өнеркәсібіне, кендік емес материалдарды өндіруге, құрылысқа, сондай-ақ автокөлік құралдарына жататын кәсіпорындардың шығарындыларымен байланысты.

Статистика комитетінің деректері бойынша 2019 жылы Маңғыстау облысының атмосфералық ауаға шығарылатын зиянды заттар шығарылындыларының жалпы көлемі 64,5 мың тоннаны құрады.

2016-2019 жылдарғы ластауыш заттар шығарындыларының жалпы көлемі 11.10.1-суретте көрсетілген.

2016-2019 жылдарғы ластауыш заттар шығарындыларының жалпы көлемі (мың тонна)



Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Өткен жылмен салыстырғанда 2019 жылы атмосфералық ауаға ластауыш заттар шығарындыларының жалпы көлемі 1 мың тоннаға төмендеді.

Маңғыстау облысы бойынша 2018-2019 жылдардағы негізгі ластауыш заттар бойынша шығарындылар туралы деректер 11.10.1-кестеде келтірілген.

11.10.1-кесте

Негізгі ластауыш заттар бойынша шығарындылар (мың тонна)

№	Ластауыш заттар	2018	2019
1	Күкіртті ангидрид	1,3	1,0
2	Азот тотықтары	10,3	11,0
3	Қатты заттар	3,1	3,2
4	Көміртегі тотықтары	9,5	10,5
5	Көмірсутегі	10,9	9,8
6	Ұшпалы органикалық қосылыстар	21,5	28,3


Көзі: ҚР Статистика комитеті.

11.10.1-кестеде көрсетілгендей, 2019 жылы күкіртті ангидрид бойынша шығарындылар 0,3 мың тоннаға, көмірсутегі бойынша - 1,1 мың тоннаға азайды, азот тотықтары бойынша шығарындылар 0,7 мың тоннаға, көміртегі тотықтары бойынша - 1,0 мың тоннаға, ұшпалы органикалық қосылыстар бойынша - 6,7 мың тоннаға артты. Қатты заттар бойынша шығарындылар 2019 жылы 3,2 мың тоннаны құрады.

Атмосфералық ауаның сапасы

«Қазгидромет» РМК үш елді мекенде – Ақтау, Жаңаөзен қалаларында және Бейнеу кентінде атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау жүргізді (11.10.2-сурет).

2017-2019 жылдардағы Маңғыстау облысы бойынша АЛИ



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2019 жылы стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, Ақтау қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі «көтеріңкі» деп бағаланды. АЛИ-5 (көтеріңкі деңгей). Атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда «жоғары» деңгейден «көтеріңкі» деңгейге төмендеді.

РМ - 2,5 қалқыма бөлшектердің орташа концентрациясы 1,6 ШЖК_{от.} құрады, РМ-10 қалқыма бөлшектер - 1,8 ШЖК_{от.}, қалған ластауыш заттар ШЖК-дан аспады.

2019 жылы стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша Бейнеу кентінің атмосфералық ауасының ластану деңгейі «төмен» деп бағаланды. АЛИ 3 құрайды. Ластауыш заттардың орташа концентрациясы: озон - 1,2 ШЖК_{от.}, қалған ластауыш заттар ШЖК аспады.

Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауасы «төмен» деп сипатталды (АЛИ=2). Ластауыш заттардың орташа концентрациясы ШЖК аспады. Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

«Қазгидромет» РМК сондай-ақ Қошқар-Ата үйінді сақтағышында, Баутино кентінде ауаның ластануына экспедициялық бақылау жүргізді.

Жыл сайынғы есептік тізім бойынша және аңшылық кезеңінде арту мөлшерлемесі бойынша суда жүзетін құстардың саны: қаз - 40 мың, қасқалдақ - 155 мың, үйрек - 902 мыңды құрады. Шалғынды құстардың саны: құр - 13 мың, піл - 43 мың, балшықшы - 84 мың, бөдене - 19 мың, көгершін - 70 мыңнан астам.

Тұяқты жануарлар мен терісі бағалы аңдардың саны 11.11.7 және 11.11.8-суреттерде көрсетілген.

11.11.7-сурет


Павлодар облысындағы терісі бағалы аңдар саны (бірл.)



Көзі: ҚР ЭГТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті.

11.11.8-сурет

Павлодар облысындағы тұяқты жануарлардың саны (бірл.)



Көзі: ҚР ЭГТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті.

Жануарлар дүниесін қорғау саласындағы негізгі бағыт аңшылық шаруашылықтары мен жануарлар дүниесін қорғауды және аңшылық, құқық қорғау органдарымен жануарлар дүниесін қорғау және браконьерлікке қарсы күрес туралы заңды бұзуды анықтау мақсатында бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

Павлодар облысында аң аулауға берілген жерлердің жалпы ауданы 9,4 млн га құрайды. 38 аңшылық шаруашылық құрылды, оның 33-і Павлодар облысының әкімдігінің қаулысымен бекітілген 7 аңшылық субъекті. Қосымша қорда 5 аң аулауға берілген жерлер орналасқан.

Облыс аумағында 265 балық шаруашылығының су қоймалары бар, оның ішінде 201-і тұщы су қоймалары және 64-і ащы-тұзды көлдер. 36 пайдаланушыға 90 су қоймасы бекітілген (23 табиғат пайдаланушыға – 54 тұщы су қоймасы, 12 табиғат пайдаланушыға – 36 ащы-тұзды көлдер).

Биоәртүрлілікті сақтау және су қойымаларының экожүйесін өзін-өзі тазарту есебінен қалпына келтіру үшін су қоймаларын балықтандыру қарастырылған.

2018 жылы мұндай жұмыстар Сабындыкөл және Жасыбай көлдерінде жүргізілді. Балықтандыру 172 мың дана сазан шабақтарымен жүргізілді.

2019 жылы Баянауыл ауданының Біржанкөл (70 мың дана) және Торайғыр (75,4 мың дана) көлдерін балықтандыру жүргізілді.

Көгалдандыру

Жасыл аймақтарды дамыту келесі бағыттар бойынша қарастырылған:

- мемлекеттік орман қоры;
- қалалардағы орман-саябақ аймақтары;
- өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитарлық қорғау аймақтары.

Орманды қалпына келтіру жұмыстары 5 жыл ішінде МОҚ-ның орманды алқабын 1500 га-дан астамға ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2019 жылы мекемелердің мемлекеттік орман қоры аумағында 30,4 га алқапта көктемгі орман екпелері отырғызылды.

- Павлодар МБ – 10,4 га, Чернорецк орманшылығы, №34 квартал (Павлодар қ. жол бойында-Тереңкөл ө.);

- Максим-Горьковский МБ – 10 га, Качирск орман шаруашылығы, №27 орам (Омск-Павлодар көлік жолы бойында);

- Ұрылытөбе МБ – 10 га, Тастин орманшылығы, №111,114 кварталдары («Тасты» орман саяжайы).

Сонымен қатар 2019 жылдың көктемінде табиғат қорғау іс-шаралары шеңберінде Павлодар облысының әкімдігі Павлодар қаласының аумағында (ПМХЗ трассасынан Омбы көлік жолына дейінгі «Сосновый бор» саяжай массиві жағынан жол бойында) 1500 данадан астам көлемде пирамидалық терек көшеттерін отырғызу бойынша жұмыстары орындалды. «Дендро» ЖШС-мен көшеттерді отырғызу және күту туралы келісім жасалды.

Күзгі отырғызу және «Экосағат» жалпыреспубликалық акциясы барысында облыс аумағында 11,0 мың дана жасыл желек отырғызылды, оның ішінде мектеп жанындағы учаскелерде – 6 мыңнан астам, Кенжекөл ауылының аумағында (Павлодар қаласы – Семей қаласы тас жолы) – 5 мыңға жуық көшет отырғызылды.

2019 жылғы 12 қазанда қосымша 70,0 мың қарағай көшеттері (2 жылдық) отырғызылды, оның ішінде:

- 20-шы автожол бойында 35,0 мың дана (Павлодар-Омбы тас жолы, «Нефтехим ЛТД» ЖШС ауданы);

- «Қазақстан алюминийі» АҚ мен «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ арасындағы аумағында 35,0 мың дана.

2025 жылға дейін көгалдандырудың және жасыл аймақтар құрудың Аймақтық жоспары әзірленді, онда екпелердің көлемі мен түрлері айқындалған.

Табиғат қорғау іс-шаралары жоспары шеңберінде кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтарының аумақтарын жыл сайын отырғызу жүргізіледі.

11.11.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

«Қазгидромет» РМК-ның гамма сәулелену деңгейіне бақылау күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияда (Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Павлодар, Шарбақты, Екібастұз, Көктөбе) және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Павлодар, Ақсу, Екібастұз қалаларының төрт автоматты бекетінде жүргізілді.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонның орташа мәні 11.11.5-кестеде келтірілген.

11.11.5-кесте

2018-2019 жылдардағы Павлодар облысының елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонның орташа мәні

Көрсеткіштің атауы	2018	2019
Радиациялық гамма-фонның орташа мәні	0,08-0,22 мкЗв/сағ	0,03-0,27 мкЗв/сағ

Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/сағ құрады және шекті жол берілетін деңгейде болды (2018 жылы – 0,12 мкЗв/сағ). «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №155 бұйрығы) бекітілген гигиеналық нормативтерге сәйкес халық үшін тиімді доза 0,57 мкЗв/сағ аспайды.


Павлодар облысы аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануы бойынша бес тәуліктік сынама алуды көлденең планшеттер арқылы үш метеорологиялық станцияда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) өткізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 4,1 Бк/м² шегінде болды.

Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды. Ол 2018 жылға қатысты біршама өзгерді (11.11.9-сурет).

11.11.9-сурет

2017-2019 жылдары облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК <https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019> сайтында орналасқан.

Облыс аумағының Май ауданында «Ұлттық ядролық орталық» РМК-ға тиесілі екі зерттеу кешені бар»:

- «Байкал-1» зерттеу реакторлық кешені;

- «ИГР» зерттеу реакторлық кешені.

Сондай-ақ, бұл жерде мерзімі өткен иондаушы сәулелену көздері мен радиоактивті қалдықтарды қабылдау және ұзақ мерзімді сақтау алаңы орналасқан.

2018-2019 жылдары «Ұлттық ядролық орталық» РМК-ның 357 «Байкал-1» ҒЗК құрылысында ұзақ сақтауға қабылданған қатты радиоактивті қалдықтар мен иондаушы сәулелену көздері жөніндегі деректер 11.11.6-кестеде келтірілген.

11.11.6-кесте

Қатты радиоактивті қалдықтар және иондаушы сәулелену көздері

	Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	2018 жыл	2019 жыл
1.	2019 жылғы «Байкал-1» ЗРК қабылданған альфа, бета және гамма сәулелену көздерінің саны	дана	167	73
	Жалпы белсенділік	ГБк	2943,4	1 631,058
2.	2019 жылғы «Байкал-1» ЗРК қабылданған нейтрондық көздерінің саны.	дана	-	1
	Жалпы белсенділік	ГБк	-	0,179
3.	Пайдалану кезеңінде «Байкал-1» ЗРК қабылданған альфа, бета және гамма сәулелену көздерінің саны	дана	52 271	52 344
	Жалпы белсенділік	ГБк	1 821 761,998	1 730 263,325
4.	Пайдалану кезеңінде «Байкал-1» ЗРК қабылданған нейтрондық көздерінің саны	дана	206	207
	Жалпы белсенділік	ГБк	15 584,6	15 545,1
5.	2019 жылғы «Байкал-1» ЗРК 357 қабылданған қатты радиоактивті қалдықтардың саны:	тонна	0,692	0,644
	Жалпы белсенділік	ГБк	143,749	97,795
6.	Пайдалану кезеңінде «Байкал-1» ЗРК құрылысына орналасқан қатты радиоактивті қалдықтардың саны	тонна		
	- 357, 357Б, 327В құрылыста		2 555, 033	2 555,677
	- 313 ғимарат, 12 орынжай		264, 403	264,403
	ЖИЫНЫ:		2 819, 436	2 820,080
	Жалпы белсенділік	ГБк		
	- 357, 357Б, 327В құрылыста		6131,31	6 229,1
	- 313 ғимарат, 12 орынжай		1429,2	1 429,2
ЖИЫНЫ:		7560,51	7 658,3	
7.	Кәсіпорын бөлімшелерінде жұмыс істейтін жабық түрдегі көздер	дана	56	54
	Жалпы белсенділік	ГБк	658,78	634,73
8.	Кәсіпорын бөлімшелерінде жұмыс істейтін ашық түрдегі көздер	дана	567	628
	Жалпы белсенділік	ГБк	241,22	244,60

Көзі: «Ұлттық ядролық орталық» РМК.

«Байкал-1» ЗРК 101 ғимараты, 140 орынжайының №13,14 тыстарында ағымдағы белсенділігі – 881 231,3 ГБк, паспорт бойынша белсенділігі – 1 297 590 ГБк болатын, ҚР ҰЯО РМК мен ЯТҚ ҒТО арасында 2013 жылғы 10 ақпанда келіп түскен №52-02/13 шарт бойынша ИСАК – 24 дана (Cs137) қосымша уақытша жауапты сақталуда

11.11.7. ҚАЛДЫҚТАР

2019 жылдың қорытындысы бойынша Павлодар облысында тұрмыстық қатты қалдықтарды (бұдан әрі – ТҚҚ) орналастыру үшін 336 объект бар, оның ішінде Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалаларында, сондай-ақ Баянауыл ауданында орналасқан 4 полигон қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаты бар (полигондар жеке компанияларға берілген).

Қалдықтарды жинау объектілеріне жыл сайын 650 мың тоннаға жуық қалдық шығарылады (оның ішінде 3 қала бойынша – 397 мың тонна (61%), аудандар бойынша - 253 мың тонна (39%). Бұл ретте 2017 жылы өңдеу үлесі 2,7%-ды, 2018 жылы - 8%-ды, 2019 жылы - 15%-ды (97 мың тонна) құрады

Облыс қалаларында қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жүйесін дамыту үшін ТҚҚ қабылдау және қоймалау объектілеріне қызмет көрсететін жеке компаниялар белгілі бір жұмыстар жүргізуде

Павлодар қаласында «Спецмашин» ЖШС қоқыс қаптарын шығару үшін қолданылатын пластикалық қалдықтарды түйіршіктерге өңдейді, сондай-ақ кәсіпорынмен пластиктен тротуарлық тақтайша мен бордюрлер шығарылады

Екібастұз қаласында «Экибастузкоммунсервис» ЖШС қоқыс сұрыптау кешенін пайдалануға енгізді. Сұрыптау желісі шикізатты (пластик, қағаз, шыны) сұрыптауға және престоуге мүмкіндік береді. Өңдеу қуаттылығы жылына 40 мың тоннаға дейін.

Ақсу қаласында «Виктория» ЖШС қоқыс сұрыптайтын лентамен полигонда қоқысты сұрыптайды (МСЛ-15000), кейіннен «Спецмашин» ЖШС қайта өңдеуге жөнелтеді.

Сондай-ақ қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату бойынша 10 кәсіпорын бар.

Анықтама: «Спецмашин» ЖШС, «Завод Гофротара» ЖШС, «ЭлектроТрансРеелто» ЖШС, «Полимерпласт» ЖШС, «InterRubberRecycling» ЖШС, «Адал ЛогистикКОМ» ЖШС, «Kazecorpl» ЖШС, «Тандем-ПВ» ЖШС, «Попов» ЖК, «Пик» ЖК.

Қалдықтардың түзілу көлемін азайту үшін үш қалада құрамында сынабы бар шамдарды жинау үшін 200 дана (Павлодар – 160, Екібастұз – 30, Ақсу – 10), пластик қалдықтарды жинау үшін 586 дана (Павлодар – 400, Екібастұз – 140, Ақсу – 40, Шарбақты өзені – 6), электронды қалдықтарды жинау үшін 20 дана (Павлодар) контейнер орнатылды.

Облыстың мемлекеттік, білім беру және медициналық мекемелерінде (мектептер, колледждер) 2000 данадан астам қоқыс жинауға арналған контейнерлер орнатылған.

Сонымен қатар, 2019 жылы Екібастұз қаласының аумағында 2020 жылы 1000 контейнерге жеткізумен 200 жасырын еуроконтейнер орнатылды

Облыстың аудан орталықтары арасында ТҚҚ саласына бизнесті тартудағы оң мысал Тереңкөл ауданы болып табылады, онда аудан орталығындағы қоқыс тастайтын жер «Тереңкөл – Тазалық» ЖШС сенімді басқаруына берілді. Кәсіпорын қоқыс тастайтын жерде пластик бөтелкелерге арналған контейнерлер мен қолмен пресс орнатылды, шыны ыдыстар мен макулатура жиналады. Сұрыптау желісін енгізу және қайта өңдеуді және кәдеге жаратуды ұйымдастыру мақсатында тікелей объектіде ТҚҚ объектісіне электр беру желісін салу жобасы әзірленді. Жобаны жүзеге асыру 2020 жылы жоспарлануда

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында тұтыну және өндіріс қалдықтарын басқару бойынша іс-шаралар жүргізілді

Нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін халық арасында тұрмыстық қоқысты бөлек жинауды енгізу, полигондар жанынан сұрыптау желілерін орнату жөніндегі бірқатар шаралар көзделеді, бұл қайталама шикізат нарығын дамытуға және орналастырылатын қалдықтардың көлемін қысқартуға мүмкіндік береді.

Павлодар қаласында 3-ЖЭО ауданында сұрыптау кешенінің қуаттылығын кеңейту

жөніндегі жұмыс жалғастырылады, Екібастұз қаласында - қуаттылығы жылына 50 мың тоннаға дейін қоқыс сұрыптау желісі, Ақсу - ТҚҚ полигонына электр беру желісінің құрылысы пайдалануға беріледі.

«Виктория» ЖШС өнімділігі жылына 15 мың тонна қоқыс сұрыптау желісі, макулатура мен ПЭТ-бөтелкелеріне арналған пресс сатып алынды.


Үш қалада сынап шамдарын - 200 дана, пластик қалдықтарды - 400 дана, электрондық қалдықтарды - 20 дана жинауға арналған контейнерлер орнатылды.

11.11.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Жеке қажеттіліктерін қамтамасыз үшін Успен ауданының «Галицкое» ЖШС әрқайсысының қуаттылығы 1 МВт «NEGMicon 1000/60» типті екі неміс жел энергия қондырғысын сатып алды. Бір қондырғы демонтаждалған, жұмысты іске қосу 2020 жылғы көктемге жоспарлануда. 2018 жылы бір жел энергия қондырғысы 180 мың кВт · сағ, 2019 жылы - 2,8 млн кВт · сағ электр энергиясын өндірді (11.11.10-сурет).

11.11.10-сурет

2018-2019 жылдары «Галицкое» ЖШС-нің электр энергиясын өндіруі



Көзі: Павлодар облысының әкімдігі.

«KSP Steel» ЖШС GSHP-130 маркалы жылу сорғыш қондырғысының жобасын енгізу бойынша жұмыс істеуде, ол шаруашылық ауыз суын жылытатын екі электр қазанын ауыстырады. Жылу сорғысының жұмысы үшін төмен потенциалды жылу көзі қажет, осы жобада жылу көзі болып құбыр жүргізудің өндіріс пештерін суыту желісін қайтарылған су қолданылады. Жобаның сомасы 10,7 млн теңге. Құбырилемдейтін өндірісте жылу сорғыш қондырғысын монтаждау бойынша жұмыс құжаттамасын жобалау және әзірлеу кезеңдері аяқталды. Жылу алмастырғышты сатып алу бойынша тендер өткізілді. Қазіргі уақытта монтаждау жұмыстары өтуде.

2019 жылы «Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығындардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» бағдарламасы аясында, шалғайдағы мал шаруашылығы учаскелерінде және орталықтандырылған электрмен жабдықтауға қосылу мүмкіндігі жоқ облыстың шаруа қожалықтарында 721 бірлік күн панелі орнатылды.

11.11.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 24-бабына сәйкес Павлодар облысының мәслихаты 2015 жылдың 10 желтоқсанындағы №403/46 шешімімен

2015-2024 жылдарға Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекітті. Құжатқа сәйкес Павлодар, Екібастұз және Ақсу қалаларында атмосфералық ауаның ластануын азайту (азот диоксиді, көміртегі оксиді, формальдегид, ауадығы қалқыма заттар, С12-С19 сутегі, бензапирен, органикалық емес нашар еритін фторидтер, күкірт диоксиді) жоспарлануда. Сонымен қатар Баянауыл ауданындағы Құндыкөл, Егіндібұлақ, Торайғыр, Ақсан ауылдарда радон қауіптілігін азайту жоспарланды. Ертіс өзенінің мыспен, темірмен, мұнай өнімдерімен және ОБТ-мен ластауын азайту қарастырылды.

Нысаналы көрсеткіштер 10 жыл мерзімге дайындалды. Павлодар, Екібастұз және Ақсу қалаларының атмосфералық ауасының негізгі ластауыш заттарын 1 ШЖК_{м.р.} дейін, Ертіс өзенінде 1 ШЖК_{рхб} және Баянауыл ауданында радон қауіптілігін 200 БК/м³-тан аз мөлшерге дейінгі нысаналы көрсеткіштерге 2024 жылға дейін жету қарастырылуда.

Қоршаған ортаның сапасының нысаналы көрсеткіштер кестесі мен біршама толық ақпарат (<http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoy-informacii/jekologijaly-zha-daj/>) және (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V15P0004882>) сайттарында орналастырылған.

2017 жылы ҚОСНК мониторингінің 1-ші кезеңі өткізілді, бақылау нүктелерінде атмосфералық ауа, су, радон өлшеулері орындалды.

2020 жылы ҚОСНК мониторингінің 2-ші кезеңі жоспарланып отыр (14,845 млн теңге көлемінде қаражат қарастырылды, конкурстық рәсімдер жүргізілуде).

Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан табиғат қорғау іс-шараларының тиімділігіне бағалау жүргізу үшін жұмыс қорытындысы бойынша есеп құрамында ҚОСНК қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар кешені әзірленді және 2015 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңге өзектендірілді.


Қабылданған нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу және аймақтың өткір тұрған проблемаларын шешу мақсатында Павлодар облысының әкімдігі мүдделі органдармен және жұртшылықпен бірлесіп Павлодар облысындағы экологиялық жағдайды жақсарту бойынша іс-қимыл жоспарын (жоспар) әзірледі.

Жоспарды облыстың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі экологиялық кеңесі, облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі комиссиясы, Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы мен аймақтық ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен өткен отырыс барысында облыстық Қоғамдық кеңеспен мақұлданды.

Жоспар 9 блокты қамтиды: атмосфералық ауаны қорғау; «Жасыл белдеуді» дамыту, көгалдандыру және абаттандыру; Биоәртүрлілік; Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; Тұтыну және өндіріс қалдықтарын басқару; Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану; Ғылыми-зерттеу және іздестіру жұмыстары; Қоршаған орта жай-күйінің мониторингі; Ақпараттық жұмыс.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат бөлімнің кіші бөлімдерінде көрсетілген.

11.12. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері			
	Субъектінің S, мың км ²	98,0	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам	
2016 - 2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019
Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд теңге	6,5	2,5	2,8	3,9

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстанның солтүстігінде орналасқан, Батыс Сібір жазығының оңтүстік бөлігін және Қазақ тауының бір бөлігін (Сары-Арқа) алып жатыр. Облыс 1936 жылы 29 шілдеде құрылды. Әкімшілік орталығы - Петропавл қаласы. Солтүстігінде Ресей Федерациясының Қорған, Түмен және Омбы облыстарымен шекаралас, шығысында Қазақстан Республикасының Павлодар облысымен, оңтүстігінде Ақмола және батысында - Қазақстан Республикасының Қостанай облысымен шекаралас.

Аймақ аумағында көптеген көркем ландшафтар, тау тізбектері мен орман алқаптары, ботаникалық қорықшалар мен реликтік қарағай борлары, Шалқар көлі және Имантау табиғи аймақтары. Жүздеген археологиялық, тарихи және сәулет ескерткіштері мемлекеттің қорғауында. Ең қызықты археологиялық орындар Есіл, Шағалалы және Иманбұрлық өзендерінің алқаптарында орналасқан.

Солтүстік Қазақстан облысы 13 ауданнан, бір облыстық маңызы бар қаладан және төрт аудандық бағыныстағы шағын қаладан тұрады. Облыс құрамына 190 ауылдық (селолық) округтер мен 638 ауылдық елді мекендер кіреді.

11.12.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Солтүстік Қазақстан облысында атмосфералық ауаға ластауыш заттар түсімінің негізгі көзі энергетика объектілері, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен автокөліктер болып табылады.


Облыс орталығы - Петропавл қаласы СҚО әуе бассейнін ластауға ең көп үлес қосады. Мұнда облыстың стационарлық көздерден жалпы ластауыш заттар шығарындыларының 47,9%-ға жуығын беретін кәсіпорын - «СевКазЭнерго» АҚ (2-ЖЭО) орналасқан.

Атмосфералық ауаның ластануы

ҚР Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2019 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы ластауыш заттардың стационарлық шығарындылары 13,8 мың бірлікті құрады.

Стационарлық көздерден атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларының жалпы көлемі 74,7 мың тоннаны құрады. 2018 жылмен салыстырғанда шығарындылардың шамалы төмендеуі байқалды (0,81 мың тоннаға). 2017-2019 жылдары шығарындылардың жыл сайынғы төмендеуі байқалады (11.12.1-сурет).

11.12.1 - сурет
2017-2019 жылдардағы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға шығарындылардың жалпы көлемі (мың т)



Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Негізгі ластауыш заттардың шығарындылары 11.12.1-кестеде көрсетілген.

11.12.1 - кесте

Атмосфералық ауаның негізгі ластауыштар бойынша шығарындылар көлемі (мың тонна)

Ластауыш заттың атауы	2018 жыл	2019 жыл
Күкіртті ангидрид	25,1	26,8
Азот тотықтары	6,6	8,2
Қатты заттар	25,6	23,2
Көміртегі тотығы	13,6	13,8

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Солтүстік Қазақстан облысында ауаға ластауыш заттардың шығарындылары біршама азайды.

Атмосфералық ауаның сапасы

Солтүстік Қазақстан облысындағы атмосфералық ауаның жағдайын бақылау Петропавл қ. «Қазгидромет» РМК төрт стационарлық бекетінде жүргізілді. Бақылау деректеріне сәйкес 2019 жылы Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2018 жылғы жоғары деңгейден «төмен» деңгейге өзгерді. Атмосфераның ластану индексі (АЛИ) – 3 (төмен деңгей), стандартты индекс (СИ) – 6 (жоғары деңгейі), фенол бойынша ең көп қайталану пайызы (ЕКҚ) – 1% (көтеріңкі деңгейі).

Ластауыш заттардың орташа шоғырлары: фенол - 1,1 ШЖК_{от.}, басқа ластауыш заттардың шоғырлары ШЖК-дан аспады.

Тұрақты бақылау пункттерінен басқа, «Қазгидромет» РМК Солтүстік Қазақстан облысындағы ауаның ластануына 4 пункт бойынша экспедициялық бақылау жүргізді: Тайынша, Саумалкөл, Булаев кенттері және Бескөл ауылында (№1 нүкте-Тайынша к. (Тайынша ауданы), №2 нүкте-Саумалкөл к. (Айыртау ауданы), №3 нүкте-Булаев к. (М. Жұмабаев ауданы), №4 нүкте-Бескөл ауылы (Қызылжар ауданы) жүргізілді.

Қалқыма заттардың (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің шоғырлары өлшенді.

Барлық ластауыш заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген нормадан аспады.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

2016 жылы Петропавл қаласында ЖЛ 2563 және ЭЖЛ 477 жағдайы тіркелді, 2017 жылы олардың саны айтарлықтай төмендеді.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша 2018-2019 жылдары атмосфералық ауаның ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелген жоқ (11.12.2 - кесте).

11.12.2 - кесте

2016-2019 жылдардағы Петропавл қаласындағы ЖЛ және ЭЖЛ жағдайларының саны

Критерийлер	2016	2017	2018	2019
ЖЛ	2563	11	-	-
ЭЖЛ	477	1	-	-

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Қысқы кезеңде күкіртсутектің шоғырлануын төмендету мақсатында ағынды су жинақтағышта ұнғымаларды бұрғылау бойынша жинақтағыштан күкіртсутегін кезеңмен шыға-

ру, жылдың жылы мезгілінің келуімен мұздың еруі кезінде судың тасуына жол бермеу үшін жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ, «Биопруд» жинақтағышындағы су деңгейі Петропавлдан едәуір қашықтықта орналасқан келесі «Горькое» жинақтағыш-тоғанға жинақталған ағынды суларды айдау есебінен төмендеді, бұл «Биопруд» жинақтағышында шіру үдерістері мен төменгі тұнбаның түзілуін айтарлықтай азайтты.

Аудан орталықтарында кәріз-тазарту станциясын жаңғырту мәселесін шешу үшін Ғ. Мүсірепов ауданындағы Новошим ауылында кәріз желілері мен тазарту құрылыстарын салу бойынша жобаны іске асыру басталды. Шарт бойынша жобаның құны 3,4 млрд теңгені құрайды. 2019 жылы республикалық бюджеттен 1 млрд теңге игерілді.

Аймақтың газдандырылуы

Солтүстік Қазақстан облысында тұрмыстық және өндірістік қажеттілік үшін сұйытылған көмірсутегі газы қолданылады. Оның негізгі жеткізушілері аккредиттелген ұйымдар - жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (ЖШС): «Рока», «Горгаз-сервис», «Райгаз», «Алыс газ», «Альнур газ», «Облгаз», «Данияр-Бидай».

Негізгі газды жеткізу «СНПС-Актобемұнайгаз» ЖШС (Ақтөбе қ.), «ПМХЗ» ЖШС (Павлодар қ.) жүзеге асырады.

Солтүстік Қазақстан облысы 2019 жылы 56,3 мың тонна сұйытылған мұнай газын тұтынған, бұл 2018 жылға қарағанда 13%-ға көп (50 мың тонна). Сұйытылған газды тұтынудың артуы автокөлік пен тұрғын үйлерді газға көшіруге байланысты. Мәселен, 2019 жылы газбаллон жабдығы 1,7 мың автокөлік бірлігіне орнатылды, бұл ретте облыста газ тапшылығы тіркелген жоқ.

11.12.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Облыстың су ресурстары Есіл өзенінің Аққанбұрлық және Иманбұрлық, Сілеті, Шағалалы (Чаглинка), Қамысақты, Ащысу, Қарасу өзендерімен, сондай-ақ 2328 көлмен қамтылған. Солтүстік Қазақстанның көлділігі Қазақстан Республикасының аумағында ең жоғары көрсеткіш болып табылады және орта есеппен 4,6%-ды құрайды.

Сумен жабдықтаудың негізгі көзі болып жалпы ұзындығы 2450 км алып жатқан оның ішінде облыс аумағында 690 км Есіл өзені табылады. Есіл өзені бастауын Қазақ ұсақ шоқылығының Нияз тау беткейлерінен алады және 775 км жол бойынша Көкшетау қыраттары мен Ұлытау тауының сілемдерінен ағатын ірі салаларды қабылдай отырып, солтүстік-батысқа қарай ағады. Өзеннің жоғарғы жағы негізінде жыра және жартасты. Нұр-Сұлтаннан төмендегенде алқап кеңейеді, Атбасардан соң бағыт оңтүстік батысқа ауысады. Сергеевскдан төмен өзен Батыс-Сібір жазықтығына шығады және Есіл жазықтығы бойынша кең салада ағады, төменгі жақтауларда батпақ арасымен ағып Усть-Ишим ауылының маңында Ертіс өзеніне құйылады.

Солтүстік Қазақстанда су айналымының ауданы 4 525 км² асатын 2 328 көлдер бар. Көлдердің басым тереңдігі 1,5-3,0 метрді құрайды. Олардың ішінде 395 су қоймасы жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су қоймаларының тізіміне енгізілген.

Беткі сулардың сапасы

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында беткі сулардың ластануын бақылау Есіл өзені және Сергеевское су қоймасында жүргізілді.

Бірыңғай классификация бойынша Есіл өзенінің су сапасы 4 класқа жатады, Сергеевское су қоймасы – 4 класқа жатады. Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Ағынды суларды ағызу

Облыс бойынша ағынды суларды ағызудың жалпы көлемі 2019 жылы 9 354,39 мың м³ құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 0,84%-ға аз (2018 жылы 9 433,62 мың м³ құрады) (11.12.3 - кесте).

2019 жылы өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды ағызудың нақты көлемі 2018 жылға қарағанда төмендеді.

Өнеркәсіп және шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды ағызудың нақты көлемі

Ағызудың нақты көлемі туралы ақпарат		2018 ж.	2019 ж.
Өнеркәсіптік ағызудың	Су бұру көлемі, мың м ³	8624,9	8398,5
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	8,23	7,9
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Су бұру көлемі, мың м ³	803,4	801,98
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	0,95	0,9
Апатты және рұқсат етілмеген ағызудың	Су бұру көлемі, мың м ³	5,3	153,9
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	0,01	0,25
Барлығы (жоғарыда баяндалған ағызудың)	Су бұру көлемі, мың м ³	9433,6	9354,4
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	9,19	9,07

Көзі: Солтүстік Қазақстан облысы бойынша экология департаменті.

11.12.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Солтүстік Қазақстан облысы жер қоры жер балансының деректері бойынша 2019 жылғы 1 қарашада 9799,3 мың га құрайды, олардың ішінен ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жер 8394,3 мың га.

Солтүстік Қазақстан облысының жер қоры жердің барлық санаттарымен ұсынылған (11.12.4 - кесте).

11.12.4 - кесте

Солтүстік Қазақстан облысының жер қоры (мың га)


Жер санаттары	Ауданы	
	2018 жыл	2019 жыл
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	7 154,8	7 198,6
Елді мекендердің жерлері	983,4	989,4
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер	69,6	72,1
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	134,9	134,9
Орман қоры жерлері	549,61	549,57
Су қоры жерлері	142,4	142,4
Босалқы жерлер	769,6	717,3
Павлодар облысынан жалға алынған жерлер	5,0	5,0

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2019 жылы жер қорының құрылымында ауыл шаруашылығы жерлері санының 73 -тен 73,4%-ға біршама өсуі байқалады: 96,4 мың га (босалқы жерлер – 95,7 мың га, елді мекендерден – 0,7 мың га) ұлғаю және 52,6 мың га (босалқы жерлер – 52,0 мың га; өнеркәсіпте – 0,4 мың га; елді мекендер – 0,2 мың га) азаю орын алды. Бұл ретте егістік алқабы 8,9 мың га ұлғайды және 4926,9 мың га құрады, сондай-ақ жайылымдар ауданы – 32,8 мың га және 1963,2 мың га құрады (11.12.2-сурет).

Жерді санаттар бойынша бөлу

11.12.2 - сурет



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Солтүстік Қазақстан облысында 638 елді мекен бар. Жер ауданы 2018 жылмен салыстырғанда жер-шаруашылық орналастыру материалдарына сәйкес шекараларды нақтылауға байланысты және жалға беру мерзімінің аяқталуына байланысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден қайтару есебінен 6,0 мың га ұлғайды (11.12.2-сурет).

2019 жылы Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысында өзгерістер болды, 29 әкімшілік-аумақтық бірлік таратылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің №325, 326 және мәслихаттың 2018 жылғы 27 қарашадағы №26/3, 26/4 шешімі, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің №173 қаулысы және мәслихаттың 2019 жылғы 21 маусымдағы № 34/7 шешімі).

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер 72,1 мың га жерді алып жатыр және ол негізінен объектілерді орналастыруға және өнеркәсіп пен халық шаруашылығының басқа да салаларын дамытуға қызмет етеді. 2019 жылы осы санаттағы жерлерді қорғаныс мұқтаждары үшін және жер қойнауын пайдалану мақсаттарында қамтамасыз ету есебінен 2,5 мың га ұлғайтылды.

2019 жылдың басында бүлінген жерлердің ауданы 3933 га құрады, олардың ішінен - 3701 га өңделген. 2019 жыл ішінде бүлінген жерлерге қайта өңдеу жүргізілмеген және жыл соңында бүлінген және өңделген жерлердің алаңы өзгеріссіз қалды.

Топырақтың ластану жағдайы

«Қазгидромет» РМК-мен көктемгі және күзгі мезгілдерде Петропавл қ. ауыр металдармен топырақпен ластануына бақылау жүргізілді.

Петропавл қаласының әртүрлі аудандарында көктемде алынған топырақ сынамаларында ШЖК-дан асатын мыс концентрациясы, көктемде - 3,4-5,4 ШЖК, күзгі кезеңде - 3,38-5,3 ШЖК байқалды. Қаланың әр түрлі нүктелерінде алынған топырақ сынамаларындағы қалған ауыр металдардың шоғырлары ШЖК-дан аспады (11.12.5-кесте).

2018-2019 жылдары Петропавл қаласында көктемгі және күзгі кезеңдерде ауыр металдар концентрациясының артуы

Металл	Көктемгі кезең		Күзгі кезең	
	2018	2019	2018	2019
Мыс	3,77-6,95 ШЖК	3,4-5,4 ШЖК	2,8-4,9 ШЖК	3,38-5,3 ШЖК
Кадмий	-	-	1,1-2,3 ШЖК	-
Хром	-	-	1,7-1,9 ШЖК	-

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

Жерлерді алу

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының деректері бойынша жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша 2015 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жалпы алаңы 658,9 мың га жер учаскелерін жалдау туралы шарттар бұзылды.

2019 жылы сот тәртібімен ауданы 7 554,6316 га 25 учаске мәжбүрлеп алынды, оның ішінде:

- Елді мекендер жерлеріндегі коммерциялық мақсаттарға арналған 17 учаске;
- Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі 8 учаске.

Алынған жерлер саны 2018 жылмен салыстырғанда артты (11.12.6 - кесте).

2018-2019 жылдардағы Солтүстік Қазақстан облысының санаттар бойынша алынған жерлері

Мақсаты	Учаскелер саны (бірл.)		Ауданы (га)	
	2018	2019	2018	2019
Елді мекендер жерлеріндегі коммерциялық мақсаттар үшін	7	17	12,17	26,63
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	6	8	3523 (егістік - 405, жайылым - 3 118)	7528 (егістік - 946, жайылым - 6 582)
Барлығы	13	25	3535,17	7554,63

Көзі: Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.

Пайдаланылмаған жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою, сондай-ақ жер заңнамасын бұза отырып пайдаланылатындар ҚР ЖК 92-93-баптарына сәйкес және ҚР ЖК 94-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

11.12.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 59 келісімшарт тіркелген, оның ішінде 4 келісім-

2018-2019 жылдардағы Солтүстік Қазақстан облысының жер қойнауын пайдалану туралы ақпарат

Көрсеткіштің атауы	2018 жыл	2019 жыл
Жер қойнауын пайдаланушылардың саны	59	59
Минералды шикізат өндірілді, мың т;	118,411	-
Жер асты сулары өндірілді, мың т;	5000	4 500

Көзі: «Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы» РММ, «Солтүстік Қазақстан облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ.

2018 жылдың наурызында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша экология департаменті Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ПД-мен және Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен бірлесіп «2018-2019 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысында заңсыз жер қойнауын пайдаланудың жолын кесу бойынша бірлескен іс-шаралар жоспарын» әзірлеп, бекітті.


Кешенді жоспарды іске асыру аясында 2019 жылы облыстың әкімшілік шекараларында кең таралған пайдалы қазбаларды заңсыз өндірудің 6 фактісі анықталды. ҚР ӘҚБтК-нің 139-бабы бойынша жалпы сомасы 1 136 250 теңге (2018 жылы – 481 000 теңге) әкімшілік айыппұл салынды, жалпы сомасы 8 406 991 теңге (2018 жылы-743 378 теңге) талап-арыз материалдары ұсынылды.

11.12.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қорының жерлері 689,6 мың га құрайды, оның ішінде орман алқабы – 540,4 мың га, 2018 жылмен салыстырғанда ұлғайды.

11.12.3 – сурет

2018-2019 жылдардағы Солтүстік Қазақстан облысының орман қоры



Көзі: Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.

Солтүстік Қазақстан облысында жалпы ауданы 549,58 мың га 12 мемлекеттік орман шаруашылығы бар, орманмен қамтылған аумағы – 437,7 мың га, оның ішінде 12 табиғат ескерткіші (11.12.8 - кесте).

Солтүстік Қазақстан облысының табиғи ескерткіштер **11.12.8 - кесте**

№	Орман шаруашылығы	Ауданы, га
1	Күміс бор	83
2	Қарағай орманы	36
3	Жаңажол боры	9
4	«Бүркітгау» және «Қайнар көз» шоқысы	3
5	«Казачий» Имантау көлінің аралы	36
«Көкшетау» МҰТП РММ:		
6	«Шолғыншы» төбесі	3,1
7	«Қазан» жартас шөгінділері	3,3
8	«Көне алап»	2
9	«Қостау» шоқысы	10,5
10	«Сүйір шоқы»	3
11	«Үңгірлі сарқырама»	0,5
12	«Айыртау шоқысы»	2

Көзі: Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.

«Көкшетау» МҰТП РММ бойынша жалпы ауданы 134,5 мың га 3 филиал - Арықбалық, Айыртау, Шалқар, орманмен қамтылғаны - 97,4 мың га, оның ішінде табиғи ескерткіштерде бар.

2019 жылы облыс аумағында 1680 га алқапта (2018 жылы - 1423 га) ормандарды толықтыру жүргізілді, барлық алқапта (1680 га) жұмыстарды Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы жүргізді (11.12.9 - кесте).

11.12.9 - кесте

2018-2019 жылдары Солтүстік Қазақстан облысының ормандарын толықтыру

Қызметі	Ауданы (га)	
	2018	2019
<i>Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану басқармасы</i>		
Орман дақылдарын отырғызу	721	724
«Көкшетау» МҰТП РММ	22	22
Барлығы «Көкшетау» МҰТП РММ	743	740
Орманның табиғи жаңаруына жәрдемдесу бойынша шаралар жүргізілді	680	940

Көзі: Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.

Жас жануарлар орманды алқапқа ауыстырылды - 6645 га (2018 ж. - 6515 га), оның ішінде Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы және «Көкшетау» МҰТП РММ. Ауданның көп бөлігінде (4482 га) ағаш кесу учаскелеріндегі жас ағаштар бағалы ағаш екпелері санатына қосылды (11.12.10 - кесте).

**2019 жылғы Солтүстік Қазақстан облысының орманды аймағына
жас жануарларды ауыстыру**

Қызметі	Ауданы (га)
<i>Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану басқармасы</i>	
Орман дақылдарын аудару	769
Кесілген ағаштардың жас ағаштарының бағалы ағаш екпелері санына енгізілді	4482
Орманның табиғи қалпына келуіне ықпал ету шараларын жүргізу кезінде	940
«Көкшетау» МҰТП РММ	
Орман дақылдарын аудару	30
Ағаш кесу учаскелерін аудару	424

Көзі: Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.

Орман өрттері

2019 жылы Солтүстік Қазақстан облысының аумағында мемлекеттік орман қоры жерлерінде жалпы ауданы 62,289 га-ға 25 орман өрті тіркелді (орманды алқап – 61,889 га), шығын мөлшері 3305,398 мың теңгені құрады. Орман өрттерінің себептері:


- 13 жағдай - анықталмаған себептер;
- 2 жағдай - найзағайдың түсуінен
- 4 жағдай - тұрғындардың кінәсінен;
- 4 жағдай - басқа ұйымдар мен кәсіпорындардың кінәсінен
- 2 жағдай - ауыл шаруашылық құлдырау.

Ормандарды пайдалану

2019 жылы облыс бойынша жалпы қоры 496,1 мың м³ 5254,1 га алқапта сүрек кесілген (2018 жылы – жалпы қоры 521,7 мың м³ 8586 га), оның ішінде ең көп санын басты мақсатта пайдалану үшін кесу және өзге де кесу құрайды (11.12.4-сурет).

11.12.4 - сурет

2019 жылы кесілген сүрек (ағаш) саны



Көзі: Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.

Жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылығы

Облыс аумағында аң аулау түрлерінен жануарлардың 4 түрі тұрақты мекендейді. Аңшылық алқаптарда мемлекеттік аңшылық қорын қорғау және ұтымды пайдалану жөнінде қабылданып жатқан шаралар нәтижесінде аңшылық жануарлар түрлерінің саны тұрақты болып қала береді.


Сирек кездесетін және Қызыл кітапқа енгізілген жануарлардың ішінде орман сусары тұрақты мекендейді.

Қызыл кітапқа енгізілген құстардың ішінде облыста келесілер ұя салады: безгелдек (оңтүстік аймақтарда), ақбас тырна мен сұр тырна, сұңқылдақ аққу. Облыстың аңшылық алқаптарында суда жүзетін құстардың көктемгі ұшуы кезінде – сұр және ақ қаз, қызылжемсаулы қараша қаз, шиқылдақ қаз, ақ құйрық суббүркіт, бүркіт, сирек кездесетіндер: аққұтан, ақбас үйрек, турпан, балықшы түйғын. Соңғы жылдары сукұзғындар мен бірқазандар ұя салады.

Облыс аумағында тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері жоқ. ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлардың саны туралы деректер 11.12.5-суретте көрсетілген.

11.12.5 - сурет

2019 жылғы Солтүстік Қазақстан облысы аумағында ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлар түрлерінің санын есепке алу деректері (дана)



Көзі: Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жабайы жануарларды, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін сақтау мақсатында инспекция қызметкерлері жануарлар дүниесін заңсыз пайдалануға байланысты табиғат қорғау заңнамасын бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу бойынша рейдтік іс-шараларды тұрақты түрде жүргізеді. Рейдтік іс-шаралар полиция қызметкерлерін, қорықшылық қызметтерді, аңшылық шаруашылығы субъектілерін және өзге де табиғат қорғау ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктерді тарта отырып жүргізіледі.

11.12.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

2019 жылы кедендік және шекаралық қызметтердің облыс аумағы арқылы транзитпен өтетін жүктерді радиациялық бақылау барысында радиациялық фоннан асып кету жағдайлары анықталған жоқ.

2018-2019 жылдары жер қойнауынан құрамында радионуклидтер бар рудалардың жыныстарын, оның ішінде төменрадиоактивті қалдықтарды алу жүзеге асырылған жоқ.

Солтүстік Қазақстан облысында пайдаланылған уран кен орындарының проблемасы сол күйінде қалып отыр. Облыс аумағында осындай бес кен орны бар:

- Айыртау ауданында – Грачевское (тоқтатылды), Косачинное (тоқтатылды) және Дергачевское (таратылды);

- Ғ. Мүсірепов ауданында – Шоқпақ (тоқтатылды) және Аққан-Бұрлық (таратылды).

Бүгінгі күнге дейін бұрынғы кен орындарының құқықтық мәртебесі туралы, олардың әрі қарай мазмұнын анықтау және сақталуын қамтамасыз ету мәселесі шешілген жоқ.

Жоғарыда көрсетілген кен орындарында күзеттің болмауы салдарынан шахталар мен қайыпты учаскелердің қорғаныс қоршаулары тазартылды, консервацияланған ғимараттар ішінара қирады немесе құрылыс материалдарына бөлшектелді, жер асты коммуникациялары бөлшектелді және ашылды (түсті металдардың сынықтарын алу мақсатында).

2019 жылдың соңында СҚО әкімдігінің индустриялық-инновациялық даму басқармасы «Облыстың жұмыс істемейтін уран кеніштері мен кен орындарының өнеркәсіптік алаңдарының объектілерінде қорғаныс жабындары мен қоршауларын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары» әзірленіп, келісілді. Жоспарға сәйкес, бұрынғы уран кен орындарының ластанған учаскелерін оқшаулау бойынша жұмыстарды аяқтау 2020 жылға жоспарланған. Аталған объектілерді одан әрі ұстау Айыртау ауданы мен Ғ.Мүсірепов ауданының әкімдіктеріне жүктелген.

Жергілікті жердегі гамма-сәулелену деңгейін бақылауды «Қазгидромет» РМК күн сайын үш метеорологиялық станцияда (Булаев, Петропавл, Сергеевка) жүзеге асырды.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша облыстың елді мекендеріндегі атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәні 2018 жылдан бері өзгерген жоқ және 0,09-0,18 мкЗв/сағ шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонының орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ құрады және шекті деңгейде болды.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивтік ластануын бақылауды «Қазгидромет» РМК екі метеорологиялық станцияда (Петропавл, Сергеевка) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу жолымен жүзеге асырды. Станцияларда бес тәуліктік сынама алынды.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсуінің орташа тәуліктік тығыздығы 0,6–4,0 Бк/м² шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсудің орташа тығыздық мәні 1,4 Бк/м² құрады және шекті деңгейден аспайды.

Бекітілген «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық стандарттарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 155 бұйрығы) тұрғындар үшін тиімді доза 0,57 мкЗв/сағ аспайды, рұқсат етілген радиоактивті түсу - 1,1 Бк / м² артық емес.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2018>) сайтында орналастырылған.

11.12.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар

Экология департаментінің деректеріне сәйкес Солтүстік Қазақстан облысында 2019 жылы 74,6 мың тонна тұрмыстық қалдықтардың түлуі тіркелді, облыста қалдықтарды қайта өңдеу үлесі 10,1%-ды құрады (2018 жылы – 7,6 %).

Облыс аумағында тиісті құжаттары бар 17 қолданыстағы ТҚҚ полигоны бар. Петропавл қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінде тұрмыстық қатты және қайыпты емес өнеркәсіптік қалдықтарды жинауға және оқшаулауға арналған қолданыстағы тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны орналасқан (11.12.11-кесте).

11.12.11 - кесте

Петропавл қаласындағы қолданыстағы ТҚҚ полигонының сипаттамасы

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі
Ауданы	27,979 га
Жобалық қуаттылығы	1 488 671 т
2020 жылдың 1 қаңтарына жинақталған қалдықтардың көлемі	1 124 704 т немесе полигонның жобалық қуаттылығының 75,5%

ТҚҚ полигонын толтыру қалдығы	363 967 т
Қабылданатын және орналастырылатын қалдықтардың жыл сайынғы көлемі	53 000 т
Күнделікті көлем	150 т
Қолданылу мерзімі	2023 жыл

Көзі: Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.

ТҚҚ полигонының жұмыс картасында қалдықтарды итеру әдісімен жүзеге асырылады. Полигонға келіп түсетін барлық қалдықтарды тіркеу бақылау-өткізу пунктінде жүргізіледі. Полигонға қабылданатын қалдықтарды есепке алу салмағына қарай тоннамен жүргізіледі. ТҚҚ қабылдаудың есеп журналдары жүргізіледі. Судың, ауаның, топырақ пен өсімдік сынамасы алынып, қоршаған ортаның өндірістік мониторингі жүргізіледі. Жыл сайын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес аумақты көгалдандыру жүргізіледі, жылына 20 көшет көлемінде жасыл екпелер отырғызылады.

Облыста қалдықтарды жинаумен, сұрыптаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын 20 кәсіпорын, оның ішінде 12 кәсіпорын ТҚҚ, сондай-ақ 8 кәсіпорын өнеркәсіп және медицина қалдықтарын кәдеге жарату бойынша.

Петропавл қаласында және облыстың бірқатар аудандарында тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинау бойынша инфрақұрылым дамуда:

- пластикті, макулатураны, шыныны, қаңылтыр банкаларын жинау үшін қаланың контейнерлік алаңдарында, жеке кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерде 800 контейнер орнатылды – 170;

- макулатура жинау үшін 9 мектепте жинақтағыш контейнер орнатылған, басқа мекемелерде 800 экокбкс орнатылған.

- өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан электрондық және электр жабдықтарын жинау үшін сауда орталықтары мен автожанармай құю станцияларына жақын 13 контейнер орнатылды;

- пайдаланылған құрамында сынабы бар шамдарды жинау үшін 30 арнайы контейнерлер орнатылған («СК Утилизация» ЖШС қызмет көрсетеді). Облыс аудандарына осындай 49 контейнер қойылды.

Қалада қайталама шикізатты қабылдайтын 9 стационарлық пункт ұйымдастырылған және жұмыс істейді, оның ішінде 6-ы 2019 жылы ұйымдастырылған.

Айыртау, Ақжар, Мамлют, Қызылжар аудандарының аудан орталықтарында кәсіпкерлер қайталама шикізатты жинауды жүзеге асырады, Қызылжар ауданы Бескөл ауылында ТҚҚ бөлек жинау үшін 16 контейнер және Ақжар ауданы Талшық ауылында 20 контейнер орнатылды.

2019 жылы «Green Park Kokshetau» ЖШС жобалық қуаты жылына 3000 тонна болатын ПЭТ ыдысты шикізатқа (флекс) қайта өңдеу желісі іске қосылды.

Өнеркәсіп қалдықтары

2019 жылы деректерге сәйкес 1 400,0 мың тонна өнеркәсіптік қалдықтар түзілді, 2018 жылы қалдықтардың осы түрінің түзілуі 1 150,0 мың тоннаны құрады. Тиісінше, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өнеркәсіптік қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі 250 мың тоннаға артты. Қалдықтардың пайда болу көлемінің ұлғаюы «СевКазЭнерго» АҚ-да өнеркәсіптік қалдықтардың пайда болуының 98,799 мың тоннаға (көмірді тұтынудың 226,266 мың тоннаға өсуі есебінен), «Әулие Голд Майнинг» ЖШС-де 100 мың тонна көлемінде аршу жынысының пайда болуымен және басқа табиғат пайдаланушылардың қызметінен 51,201 мың тонна көлемінде өнеркәсіптік қалдықтардың пайда болуымен байланысты.

11.12.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Облыста жалпы қуаттылығы 60 МВт жаңартылатын энергия өндіретін 154 объекті бар (11.12.12-кесте).

Жаңартылатын энергия нысандары

Объектілер	Қуаттылығы
Сергеевская ГЭС	2,26 МВт
«Зенченко и К» КС 4 жел қондырғысы	3,5 МВт
«Иван Зенченко» ЖШС 2 жел қондырғысы	2 МВт
105 биобойлерлер	52 МВт

Көзі: Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.

Барлығы 2019 жылы жаңартылатын энергия көздерімен электр энергиясын өндіру 21,5 млн кВт·сағ құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 4%-ға көп (20,7 млн кВт·сағ).

2019 жылы «Иван Зенченко» ЖШС (Новоникольское а.) жалпы қуаттылығы 2 МВт болатын 2 жел генераторы пайдалануға берілді. 2020-2021 жылдары «ENERGO TRUST» ЖШС (Алматы қ.) Айыртау ауданында (Саумалкөл а.) қуаттылығы 50 МВт жел электр станциясын салу жоспарлануда.

11.12.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚР 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-бабы 3-тармақшасына, ҚР 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 7-бабы, 4-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының №24/4 шешімімен Солтүстік Қазақстан облысы шегіндегі қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері бекітілді.

Солтүстік Қазақстан облысы шегінде 2018-2027 жылдарға арналған нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында «Қазгидромет» РМК атмосфераға азот диоксиді, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді және күкіртсутегі шығарындыларына бақылау жүргізеді.


Нысаналы көрсеткіштер атмосфералық ауа бойынша 4 көрсеткіш бойынша белгіленді. Келесі нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізілді: 3 ластауыш зат (азот диоксиді, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді) бойынша концентрациялар норма шегінде болды, күкірт сутегі бойынша ластану деңгейі төмендеді және нысаналы көрсеткіш шегінде болды.

Атмосфералық ауадағы ластауыш заттардың деңгейі 3 ластауыш зат (азот диоксиді, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді) бойынша «СевКазЭнерго» АҚ және басқа да ірі кәсіпорындардың табиғат қорғау іс-шараларын орындау нәтижесінде, сондай-ақ қоғамдық көлікті газ отынына ауыстыруға байланысты норма шегінде қалады: 2019 жылы - 27 бірлік, жалпы - 1,7 мың бірл. автокөлік құралдары.

Қысқы кезеңде күкіртсутегінің концентрациясын төмендету мақсатында жинақтауыштан күкіртсутекті кезең-кезеңмен шығару үшін ағынды су жинақтағышта ұңғымаларды бұрғылау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің кестесі және біршама толық ақпарат (<http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoinformacii/jekologijalyzha-daj/>) және (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V18S0004905>) сайттарында орналасқан.

11.13. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	117,3	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам	1 983 969	
	2016–2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019	
Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд теңге	5,7	9,3	7,01	20,5	

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Түркістан облысының аумағы 117,3 мың км² құрайды. 2019 жылы облыс халқының саны 1 983 969 адамды құрады. Әкімшілік орталығы – Түркістан қаласы. Облыс Өзбекстан Республикасы мен Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-батыс облыстары арасындағы өте қолайлы көлік (теміржол және автомобиль) қиылысында орналасқан. Облыс құрамында 15 аудан, 13 қала және кенттер, 239 ауылдық округ, 691 ауылды елді мекен.

Облыс аумағының жер бедері негізінен тегіс. Солтүстікте Бетпақдала сазды шөлі оңтүстік-батысында - Қызылқұм құмдары мен Шардара даласы, қиыр оңтүстігінде - Мырзашөл даласы орналасқан. Облыстың орталық бөлігінде - Қаратау ауданы (Бессаз тауы - 2176 м), оңтүстік-шығысында - Талас Алатау, Қаржантау, Өгем жотасы (Сайрам тауы – 4 238 м). Облыстың оңтүстік - шығысындағы таулы аймақта «Ақсу-Жабағылы» мемлекеттік табиғи қорығы, Сайрам-Өгем ұлттық паркі бар. Қаратау тауында Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы орналасқан.

Облыстың ірі өзені - Сырдария (жалпы ұзындығы 2 219 км, Қазақстан шегінде - 1 400 км).

Облыстың климаты - шұғыл континенталды, қысы - жылы, қысқа, жылымықтармен, жазы - аптап және ұзақ. Солтүстігіндегі қаңтар айының орташа температурасы -12°С, оңтүстігінде -2, -4°С, шілде +26, +29°С. Солтүстікте жылдық жауын - шашын мөлшері - 150 мм, биік тауларда - 800 мм дейін.

Түркістан облысы едәуір өндірістік-экономикалық әлеуетке ие. Кәсіпорындардың өндіріс жылдамдығы, жаңа қуаттарды іске қосу, технологиялық үдерісті жаңғырту, өнеркәсіптік секторының тұрақты дамуына үлесін қосты. Сонымен қатар облыс аграрлық, қарқынды дамып келе жатқан аймақ болып табылады. Аймақ барит, көмір, темір және полиметалл кендері, бентонит балшықтары, вермикулит, тальк, әктас, гранит, мәрмәр, гипс, кварц құмдары сияқты пайдалы қазбаларға бай. Уран қоры бойынша облыс бірінші орынды, фосфориттер мен темір рудалары – Қазақстанда үшінші орынды иеленеді.

Арал теңізі аймағының экологиялық дағдарыс алдындағы аймағына Арыс (оның ішінде Арыс қ.), Отырар, Созақ, Шардара аудандары және Түркістан қ. кіреді.

11.13.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

2019 жылы Түркістан облысы бойынша атмосфераға шығарылатын ластауыш заттар шығарындыларының стационарлық көздері – 9910 бірлікті, 2018 жылы - 9886 бірлікті құрады.

Түркістан облысы аумағында атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері болып келесілер табылады:

- мақта өңдеу кәсіпорындары: «Қазақстан Мақтасы» АҚ, «Ұзын ата - Мақта» ЖШС, «Умид-Агро» ЖШС;
- мұнай айдау кәсіпорындарының объектілері: «КазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалының Шымкент мұнай құбырлары басқармасы;
- табиғи газды тасымалдау: «Оңтүстік» магистралдық газ құбырлары басқармасының филиалы, «Интергаз Орталық Азия» АҚ және «Азия газ құбырлары» ЖШС;
- мұнай барлау кәсіпорындары:

- геологиялық барлау кәсіпорындарының бұрғылау қондырғылары: «Маңғышлақ-мұнай» ЖШС, «Волковгеология» АҚ-ның 5-ГБЭ, 7-ГБЭ, уран өндіру кәсіпорындары «Катко» БК» ЖШС, «Ыңқай»БК» ЖШС, «Қаратау» ЖШС, «Апшақ» ЖШС, «Заречное» ҚРК БК» АҚ, «Орталық» өндіруші кәсіпорны» ЖШС, «Степное РУ» ЖШС, «Тау-химиялық компаниясы» БК» ЖШС, «Таукент тау-химиялық кәсіпорны» ЖШС;

- жылу өндіруші қазандық кәсіпорындары: «Жылу» МКК, «Таукент Энерго Сервис» ЖШС;
- «Кентау-Сервис» ЖШС (5-ЖЭО) қазандық турбиналық қондырғылары;
- құрылыс-жол кәсіпорындары.

Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2019 жылы Түркістан облысы бойынша атмосфераға тұрақты көздерден шығарылған ластауыш заттардың жалпы көлемі 33,480 мың тоннаны, 2018 жылы - 30,05 мың тоннаны құрады. Түркістан облысының кәсіпорындары шығаратын негізгі ластауыш заттар - көміртегі оксиді, қатты заттар, күкірт диоксиді және азот тотықтары. 11.13.1-кестеде негізгі ластауыш заттардың шығарындылары келтірілген.

11.13.1 - кесте

Негізгі ластауыш заттар бойынша шығарындылар

Ластауыш заттың атауы	Шығарындылар көлемі (мың т)	
	2018 жыл	2019 жыл
Күкіртті ангидрид	3,0	3,0
Азот тотықтары	2,3	3,1
Қатты заттар	9,6	9,7
Көміртегі тотығы	8,5	8,5

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

2019 жылы атмосфералық ауаға ластауыш заттар шығарындыларының артуы 2018 жылмен салыстырғанда аумақтың ерте жылынуына байланысты табиғат пайдаланушылардың құрылыс, кен орындарын байыту және жер қойнауларын пайдалану саласындағы белсенді қызметінің басталуымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, Түркістан облысы бойынша экология департаментінің деректеріне сәйкес атмосфералық ауаның негізгі ластауыштарына стационарлық көздерден басқа, жеке және заңды тұлғалар пайдаланатын жылжымалы автокөлік құралдары жатады.

Түркістан облысында пайдаланылатын жылжымалы автокөлік құралдарының шығатын газдарымен атмосфераға ластауыш заттардың жылдық шығарындылары 2019 жылы 2,3 мың тоннаны құрады.

2019 жылғы Статистика комитетінің деректеріне сәйкес Түркістан облысында тіркелген автокөлік құралдарының жалпы саны 133,6 мың бірлікті құрайды, оның ішінде: жүк – 53,4 мың бірлік және жеңіл – 60,2 мың бірлік.


Атмосфералық ауаның сапасы

«Қазгидромет» РМК 2019 жылы Түркістан облысының Түркістан және Кентау қалаларының атмосфералық ауа жағдайына тұрақты бақылау жүргізеді. «Қазгидромет» РМК-ның деректеріне сәйкес Түркістан қаласының атмосфералық ауасы ластанудың «көтеріңкі» АЛИ=5 деңгейімен, Кентау қаласының атмосфералық ауасы ластанудың «төмен» АЛИ=2 деңгейімен сипатталады,

Ластауыш заттардың орташа концентрациясы ШЖК-дан аспады. 2018 жылмен салыстырғанда Түркістан қаласында атмосфералық ауаның сапасы өзгерген жоқ, Кентау қаласындағы «көтеріңкіден» «төменге» дейін өзгерді. 11.13.1-суретте Түркістан және Кентау қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің динамикасы көрсетілген.

Түркістан облысында атмосфералық ауаның жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары байқалған жоқ. Түркістан облысының атмосфералық ауасының ластануы туралы біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның <https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

2017-2019 жылдары Түркістан және Кентау қалаларындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Аймақтың газдандырылуы

Түркістан облысының елді мекендерін газдандыру мақсатында 2019 жылы республикалық және облыстық бюджеттен 54 объектінің құрылысына 19,3 млрд теңге бөлінді.

Нәтижесінде Түркістан облысында 2020 жылдың 1 қаңтарына 412 елді мекен (48,9%) 1 152 672 тұрғыны бар (58,3%) табиғи газға қол жеткізді.

2019 жылы облысты газдандыру бойынша іс-шараларды жүйелі жүргізу мақсатында жалпы сметалық құны 17,08 млрд теңге болатын қосымша 46 ЖСҚ (56 елді мекен) дайындалды.

Түркістан облысы бойынша табиғи газ саласында 2019-2021 жылдар аралығында 3 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді, 92 елді мекенді немесе 487 511 адамды табиғи газбен қосымша қамтамасыз ету үшін 47,4 млрд теңге қажет.

Нәтижесінде, 2025 жылға дейін Түркістан облысында 802 елді мекенді (95%) немесе 1 951,5 адамды - халықтың 99,8%-ын табиғи газбен қамтамасыз ету жоспарлануда.

11.13.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Түркістан облысында жалпы ұзындығы 2200 км астам 118 шағын өзен, 25 көл және 110 млн м³ көлеміндегі 30 су сақтағышы бар.

Облыстағы ең ірі өзен – Сырдария өзені, (жалпы ұзындығы 2219 км, Қазақстан шегінде – 1400 км) Күркелес (98 км), Келес (241 км), Арыс (378 км), Бөген (164 км) және басқа да біршама ұсақ, Қаратау жотасының оңтүстік беткейінен, сондай-ақ Шу (1186 км, Қазақстан шегінде – 800 км) өзенінен құйылатын өзендер сағалары бар өзені. Көптеген шағын, негізінен тұзды көлдер бар. Оның ішінде ең ірісі Ақжайқын (48,2 км²), Ақжар (7,2 км²), Қалдыкөл және тағы басқалар.

Ең ірі су сақтағыштар 11.13.2-кестеде келтірілген.

11.13.2-кесте

Түркістан облысындағы біршама ірі су сақтағыштар

№	Су сақтағышы	Ауданы	Көлемі
1	Шардара	4517 млн м ²	5200 млн м ³
2	Көксарай	493,58 млн м ²	3000 млн м ³
3	Бөген	321,45 млн м ²	370 млн м ³
4	Қошқорған	29,29 млн м ²	37,30 млн м ³

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ағынды суларды ағызу

2019 жылы Түркістан облысында су бұрудың жалпы көлемі 51206,26 мың м³ құрады (11.13.3-кесте).

11.13.3-кесте

Су ресурстары мен ағызулардың лаस्ताуыш заттары бар ағынды сулармен ластануы

Ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат		2019 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Су бұру көлемі, мың м ³	33000
	Лаस्ताуыш заттардың көлемі, мың тонна	19,4
Шаруашылық- тұрмыстық ағынды сулар	Су бұру көлемі, мың м ³	17800
	Лаस्ताуыш заттардың көлемі, мың тонна	10,4
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Су бұру көлемі, мың м ³	406,02
	Лаस्ताуыш заттардың көлемі, мың тонна	9,7
Барлығы (жоғарыда баяндалған ағызулар)	Су бұру көлемі, мың м ³	51206,02
	Лаस्ताуыш заттардың көлемі, мың тонна	39,5

Көзі: Түркістан облысы бойынша экология департаменті.

Түркістан облысының аумағындағы беткі сулардың сапасы

Түркістан облысының аумағында беткі сулардың ластануын бақылауды «Қазгидромет» РМК 8 су объектісінде (Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Ақсу, Бөген, Қаттыбөген өзендері және Шардара су сақтағышында) жүргізді.

2019 жылы Түркістан облысының аумағындағы су объектілері Су сапасының бірыңғай классификациясы бойынша келесідей тәртіпте бағаланады: 1-класс Ақсу және Бөген өзендері; 4-класс - Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Қаттыбөген өзендері; 5-класс - Шардара су сақтағышы (11.13.4 - кесте).

11.13.4-кесте

«Су объектілеріндегі су сапасының бірыңғай классификациясы» бойынша беткі сулардың сапа классификациясы

Су объектісінің атауы (облыс әкімдігі бөлінісінде)	Су сапасының класы		Физика-химиялық заттардың атауы	Өлшем бірлігі	Физика-химиялық заттардың құрамы
	2018 ж.	2019 ж.			
Бөген өз.	-	1 класс	-	-	-
Ақсу өз.	-	1 класс	-	-	-
Келес өз.	-	4 класс	Магний	мг/дм ³	65,5
			Сульфаттар	мг/дм ³	584,9
			Кадмий	мг/дм ³	0,002
			Фенолдар***	мг/дм ³	0,002
Бадам өз.	-	4 класс	Магний	мг/дм ³	38,95
			Фенолдар***	мг/дм ³	0,0013
Арыс өз.	-	4 класс	Магний	мг/дм ³	41,8
			Фенолдар***	мг/дм ³	0,0012

Қаттыбөген өз.	-	4 класс	Қалқыма заттар	мг/ дм ³	19,6
Сырдария өз.	-	4 класс	Магний	мг/ дм ³	60,4
			Сульфаттар	мг/ дм ³	495,1
			Кадмий	мг/ дм ³	0,002
			Фенолдар***	мг/ дм ³	0,002
Шардара су сақтағышы	-	5 класс	Қалқыма заттар	мг/ дм ³	26,7

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша беткі сулардың сапасын бақылау нәтижелері туралы біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

11.13.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Түркістан облысы солтүстікте Жамбыл, солтүстік-шығысында - Қарағанды, батыста - Қызылорда облыстарымен, оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында Өзбекстан Республикасымен шектеседі.

2019 жылдың 1 қарашадағы жағдайы бойынша Түркістан облысының ауданы 11 608,6 мың га құрайды. 11.13.5-кестеде және 11.13.2-суретте Түркістан облысының 2018-2019 жылдардағы жер балансының деректері көрсетілген.

11.13.5-кесте

2018-2019 жылдардағы Түркістан облысының жер балансы динамикасы

№ р/с	Жер санаттарының атауы	2018	2019	Айырмашылығы (+; -)
I	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	4114,3	4209,6	+ 95,3
	Оның ішінде:			
	Барлық ауыл шаруашылығы алқаптары	3994,9	4092,5	+ 97,6
	Оның ішінде:			
	егістік	863,4	857,2	- 6,2
	Оның ішінде:			
	суармалы егістік	413,1	417,5	+ 4,4
	көп жылдық екпелер	28,4	28,0	- 0,4
	тыңайған жерлер	101,2	107,8	- 6,6
	шабындықтар	69,5	69,3	- 0,2
	жайылым	2932,4	3030,2	+ 97,8
	Оның ішінде:			
	Шаруа қожалықтары			
	саны	77714	79987	+ 2273
	жалпы ауданы	2187,2	2261,3	+ 74,1


	егістік	547,8	536,1	- 11,7
	о.і. суармалы	333,1	336,1	+ 3,0
	<i>Мемлекеттік емес ауылшаруашылық заңды тұлғаларының жерлері</i>			
	саны	3686	3762	+ 76
	жалпы ауданы	1848,8	1870,7	+ 21,9
	егістік	299,9	305,5	+ 5,6
	о.і. суармалы	78,5	80,0	+ 1,5
	<i>Мемлекеттік заңды тұлғалардың жерлері</i>			
	саны	142	165	+ 23
	жалпы ауданы	77,6	76,9	-2,3
	егістік	15,6	15,5	-0,1
	о.і. суармалысы	1,4	1,4	0
II	Елді мекендердің жерлері			
	саны	841	841	0
	ауданы	785,5	788,1	+ 2,6
III	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де а/ш мақсатындағы емес жерлер	99,7	101,7	+ 2,0
IV	Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың жерлері	430,9	430,9	0
V	Орман қоры жері	3010,3	3010,3	0
VI	Су қоры жерлері	133,4	134,5	+ 1,1
VII	Босалқы жерлер	3035,4	2934,4	- 101,0
	<i>Барлығы а/ш алқаптары</i>	2692,0	2590,2	- 101,8
	оның ішінде:			
	егістік	-	-	-
	тыңайған жерлер	19,1	15,5	-3,6
	көп жылдық екпелер	0,1	0,1	0
	шабындықтар	14,7	14,9	+ 0,2
жайылым	2658,0	2559,7	- 98,3	
VIII	Облыс бойынша жерлер жиыны	11609,5	11609,5	-
	<i>Барлығы облыс бойынша а/ш алқаптары</i>	2692,0	2590,2	- 101,8
	оның ішінде:			
	егістік	908,4	907,8	+0,6
	тыңайған жерлер	448,8	453,5	+4,7
	көп жылдық екпелер	126,6	129,2	+3,4
	шабындықтар	38,6	38,1	- 0,5
	жайылым	95,3	95,2	- 0,1
оның ішінде:	8868,0	8871,3	+3,3	

IX	Сонымен қатар, Өзбекстан Республикасынан жалға алынған жерлер	0,9	0,9	0
----	---	-----	-----	---

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

11.13.2-сурет

2019 жылға Түркістан облысының жер балансы (%)



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Жерлерді алу

Түркістан облысының Жер инспекциясы басқармасымен 2019 жылы сот органдарына ҚР Жер кодексін, ҚР Кәсіпкерлік кодексін, сондай-ақ ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін бұза отырып пайдаланылатын және заңсыз (конкурстық, аукционсыз) берілген 23295,7 га жерді мемлекет меншігіне мәжбүрлеп алып қою туралы 364 талап-арыз жолданды.

Оның ішінде: 17438 га жерді мемлекет меншігіне мәжбүрлеп алып қою туралы 131 талап-арызы қанағаттандырылды; 5867 га жерге 233 талап-арыз сот органдарында қаралуда (оның ішінде 19 талап-арыз – соттың апелляциялық және кассациялық сатыларында).

2018 жылмен салыстырғанда 13 176,7 га артық. Оның ішінде: 22416,3 га, қала, аудан әкімдері аукционсыз, конкурстық берілген 98 жер учаскесі, Хаттамалармен, жалған аукциондармен берілген ауданы 9,9 га болатын 33 жер учаскесі (Түркістан қаласы), жалған шешімдермен ауданы 9,9 га болатын 93 жер учаскесі, 2,7 га болатын 4 жер учаскесі заңсыз алынды, сот тәртібімен 3 га болатын шекті нормалардан төмен 2 жер учаскесі қайтарылды.

Сонымен қатар, 2019 жылы 179 жер учаскесіне тексеру жүргізіліп, 113 жеке және заңды тұлғаларға қатысты әкімшілік іс қозғалды (ауданы 868,5 га), құқық бұзушыларға 9,26 млн теңге сомасында әкімшілік айыппұл салынды, жер заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы 113 ұйғарым берілді.

2018 жылмен салыстырғанда тексерулер саны 6%-ға артты. Оның ішінде: 23 өз бетімен басып алған жер (354 га), мақсатсыз пайдаланатын 51 коммерциялық жер (49,5 га), 25 мақсатсыз пайдаланатын жер (262,3 га), жеке тұлғалардың өтініштері бойынша 29 бұзушылық.

11.13.6-кестеде жерлерді алу бойынша деректер келтірілген.

Түркістан облысындағы жерлерді алу

№	Қалалардың, аудандардың атауы	Сотқа берілген талап-арыздар		Қанағаттанды- рылғаны		Қарастырылған талап-арыздар	
		саны	га	саны	га	саны	га
1	Шардара	111	9009,5	16	7500,1	95	1509,4
2	Түркістан	130	518,3	59	9,4	71	508,8
3	Кентау	7	2934,7	4	682,7	3	2252
4	Сайрам ауданы	47	74,7	19	65,5	28	9,2
5	Түлкібас ауданы	28	4127,4	15	2812,9	13	1314,5
6	Сарыағаш ауданы	11	761	5	752,5	6	8,45
7	Бәйдібек ауданы	10	102,5			10	102,5
8	Келес ауданы	8	7,81	6	7,4	2	0,41
9	Ордабасы ауданы	4	320,63	1	160	3	160,6
10	Отырар ауданы	3	5444,5	3	5444,51		
11	Жетісай ауданы	3	3,141	2	3	1	0,14
12	Төле би ауданы	1	0,16			1	0,16
13	Мақтаарал ауданы	1	0,0084	1	0,0084		
Барлығы:		364	23295,7	131	17438	233	5867

Көзі: Түркістан облысының әкімдігі.

11.13.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ


Түркістан облысында жалпыға кең таралған пайдалы қазбалардан тас, құм-қиыршықтас қоспасы, құм, саздақ, гипс, ас тұзы, әк және т. б. сияқты пайдалы қазбалар өндіріледі.

2019 жылдың қорытындысы бойынша облыс аумағында жалпыға кең таралған пайдалы қазбаларды пайдалануға 122 келісімшарт тіркелген, оның ішінде барлауға - 9, өндіруге - 111 және барлаумен, өндірумен байланысты емес жерасты құрылысына - 2 (төмен радиоктивті қалдықтарды сақтау). 2018 жылы жер қойнауын пайдалану саласында 169 келісімшарт тіркелген, оның ішінде жалпыға кең таралған пайдалы қазбалар бойынша 131 келісімшарт және барлауға немесе өндіруге байланысты емес төмен радиоктивті қалдықтарды көму бекеттерін (жерасты құрылыстарын) салуға және пайдалануға екі келісімшарт Түркістан облысының әкімдігімен берілген. Қатты пайдалы қазбалар бойынша 38 келісімшарт ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен берілген (11.13.3-сурет).

Облыс аумағында кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге арналған 7 келісімшарт пен 15 қосымша келісімге қол қойылды.

2019 жылы су қорғау белдеуінде орналасуына байланысты 9 келісімшарт бойынша іс-қимыл тоқтатылды.

2018-2019 жылдардағы кең таралған пайдалы қазбаларды пайдалануға арналған тіркелген келісімшарттар динамикасы



Көзі: Түркістан облысының әкімдігі.

11.13.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Облыстың жер бедері негізінен жазықтықты. Оңтүстік-батыстан - Қызылқұм құмдары және Шардара даласы, оңтүстіктің қиыр шеті-Мырзашөл даласы. Облыстың орта бөлігі-Қаратау жотасы (Бессаз тауы - 2176 м), оңтүстік-шығысында Талас Алатауы, Қаржантау, Өгем жоталары (Сайрам шоқысы - 4238 м). Жазық бөлігінде жусан-дәнді өсімдіктер мен сұр және сұр-қоңыр топырақ басым. Сырдария мен Шу алқаптарында құмды сексеуіл, қамыс батпақты. Тау бөктерінде-дала өсімдікті таулы қоңыр топырақты. Таулы беткейлерде-ағаш-бұта, арша, жабайы алма, өрік, биік таулы аймақтарда - альпілік шалғындар. Облыстың оңтүстік-шығысында таулы жерде Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы, Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орналасқан.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы ауданы 304,6 мың га құрайды. Бұдан басқа, өңірдің эндемикасын сақтау бойынша ботаникалық қорықшалар бар – жалпы ауданы 76,5 мың га цитвар жусан. Сондай-ақ жалпы ауданы 6662 мың га болатын қорық аймағы ұйымдастырылды (11.13.7-кесте).

11.13.7-кесте

Облыс бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

№	ЕҚТА атауы	Ауданы мың га
1	Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы	121,252
2	Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы	34,3
3	Сайрам-Өгем мемлекеттік табиғи қорығы	149,037
4	Ақдала мемлекеттік табиғи қорықшасы (ботаникалық)	2
5	Дария маңы мемлекеттік табиғи қорықшасы (ботаникалық)	8,4
6	Жамбыл мемлекеттік табиғи қорықшасы (ботаникалық)	8,6
7	Боралдай мемлекеттік табиғи қорықшасы (кешенді)	28,140

8	Тимур мемлекеттік табиғи қорықшасы (ботаникалық)	4
9	Арыс және Қаратау мемлекеттік қорық аймағы	404
10	Оңтүстік-Қазақстандық мемлекеттік қорық аймағы	6258

Көзі: Түркістан облысының әкімдігі.

Облыста өсімдіктердің 1700 түрі өседі, оның 122 түрі Қызыл кітапқа енген, ал 68 түрі эндемик болып табылады, яғни тек Түркістан облысында өседі.

Мемлекеттік орман қоры жерлері облыс аумағының 36%-ын алып жатыр және жеті мемлекеттік мекемеге бағынысты: облыстық әкімдіктің, Ақсу-Жабағылы, Қаратау мемлекеттік табиғи қорықтарының, Сайрам-Өгем ұлттық табиғи паркінің және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының Акционерлік қоғамының және басқа ведомстволардың қарауында жатады.

Түркістан облысы әкімдігі орман мекемелерінің мемлекеттік орман қорының ауданы 3131,3 мың га құрайды, оның ішінде орманмен көмкерілген жерлер 1615,3 мың га. Облыстың орман құраушы сүрек тұқымдылары сексеуілдер болып табылады, олар орманмен қамтылған және ормансыз жерлердің жалпы алқаптарының ең үлкен (65%) салмақтық үлесін құрайды.

11.13.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Түркістан облысының аумағында 2019 жылдың соңында барлығы 16 өнеркәсіптік кәсіпорындар мен кеніштер есепте тұр.

Уранды өнеркәсіптік өндірумен айналысатын объектілерде ерекше тәртіп бойынша 9 тексеру жүргізілді, жалпы сомасы 1628625 теңгеге 18 айыппұл салынды, 9 ұйғарым берілді.

Облыс аумағында уран кенін өнеркәсіптік өндіруді «Қазатомпром» ҰАК кәсіпорындары жүргізуде: «Казатомпром-Sauran» ЖШС, «Казатомпром-Sauran» ЖШС-нің филиалы «Степное-РУ» ЖШС, «КАТКО» БК ЖШС, «ОТХК» БК ЖШС, «Орталық» ЖШС, «Аппақ» ЖШС, «Русбурмаш-Казахстан» ЖШС, «Зерде - жоғары технологиялар институты» ЖШС, «СКК» ЖШС филиалы «Орталықтандырылған автотасымалдау базасы», «Оңтүстік ВГ» №5 филиалы «Волковгеология» АҚ, «Оңтүстік ВГ» №7 филиалы «Волковгеология» АҚ, «Қаратау» ЖШС, «Ақбастау» АҚ, «Инкай» БК ЖШС, «Заречное» ҚРҚ БК АҚ («Заречное БК» автотасымалдау базасы, «Заречное» АҚ ҰСҚ кеніші).

Түркістан облысы ТҚК КБКК аумақтық басқармаларының мамандары ҚР ДСМ ТКБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалының радиологиялық зертханасының мамандарымен бірлесіп Түркістан облысының барлық аумағында, оның ішінде уран өндіруші кәсіпорындарда сыртқы орта объектілерін зерттеумен айналысады. Зерттеулер мен өлшемдер жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша 2019 жылға арналған жұмыс жоспарына, сондай-ақ объектілерді прокуратура, кедендік бақылау және Түркістан облысы ТЖД АО жөніндегі мамандармен бірлесіп жүргізу барысында атқарылды.

2018 және 2019 жылдары зерттелген сынамалар саны 11.13.8-кестеде және 11.13.4-суретте келтірілген.

11.13.8-кесте

2018-2019 жылдардағы зерттелген сынамалардың саны


№ р/с	Сынамалардың атауы	Сынамалар мен зерттеулер саны			
		2018		2019	
		сынамалар	зерттеулер	сынамалар	зерттеулер
1	Ауыз су, техникалық су және басқалар	57	169	176	482
2	Азық-түлік өнімдері	3	6	57	90

3	Топырақ	629	1887	800	1806
4	Өсімдіктер	10	20	-	-
5	Басқалары (бұрғылау шламы)	7	14	-	-
6	Құрылыс материалдары	-	-	3	15
Барлығы сынамалар мен зерттеулер		706	2096	1036	2393

Көзі: Түркістан облысының әкімдігі.

11.13.4-сурет

2018-2019 жылдардағы зерттелген сынамалардың саны



Көзі: Түркістан облысының әкімдігі.

Дозиметрлік бақылау

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі «Қоғамдық радиациялық қауіпсіздік туралы» №219-1 заңының 11-бабына, ҚР ҰЭМ №155, 260, 261, ҚР ДСМ №97 бекіткен санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге, сондай-ақ 2019 жылға арналған жұмыс жоспарына, сондай-ақ 2018 жылдың жұмыс жоспарына сәйкес радиологиялық зертхана қызметкерлері мен аудандық және қалалық мамандармен үнемі тұрғын үй аумағында, қоғамдық, өндірістік ғимараттарда, құрылыс жұмыстары үшін берілген учаскелерінде, пайдаланудағы нысандарда, пайдалануға берілетін нысандарда, ғимараттар мен пайдалануға берілетін ғимараттар мен орынжайларда дозиметрлік бақылау жүргізіледі. 2018-2019 жылдарға арналған дозиметрлік бақылаудың барлық түрлері 11.13.9-кестеде көрсетілген.

11.13.9-кесте

Дозиметрлік бақылау түрлері бойынша ақпарат

№ р/с	Өлшем түрлері	Өлшемдердің саны			
		2018 жыл	ШД жоғары	2019 жыл	ШД жоғары
1	Тұрғын үй аумағындағы және елді мекендердегі ЭДМ	7308	-	16797	495
2	Құрылысқа арналған жер учаскелеріндегі ЭДМ	57702	-	120602	-
3	Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардағы ЭДМ	37250	-	61035	29

4	Тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы радон деңгейі	1916	-	3757	-
5	Жұмыс аймағындағы ауаның радон деңгейі	190	-	562	-
6	Елді мекендер аумақтарындағы радон ағынының тығыздығы	24	-	200	-
7	Құрылысқа арналған жер учаскелеріндегі радон ағынының тығыздығы	-	-	654	-
8	Рентген кабинеттерін сараптау	8671	-	12472	-
9	Металл сынықтарын сараптау	17982	-	12918	-
10	«А» тобындағы ИТК	132	-	1222	1
ЖИЫНЫ		131151	-	230219	525

Көзі: Түркістан облысының әкімдігі.

2019 жылы «Геофизик» ЖШС-де ИТК-ны пайдалануда арту анықталды. Жұмыс Түркістан облысы бойынша ҰҚҚД мамандарымен бірлесіп жүргізілді. 29 өлшеу 111 мкЗв/сағатқа дейін артуды көрсетті. Кентау қаласындағы көп қабатты үйдің аумағында ТЖ радиоактивтік ластану анықталған жағдайда Төтенше жағдайлар департаментімен, Экология департаментімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментімен бірлесіп өлшеу жүргізілді. Гараждардың жанындағы көп қабатты үйдің аумағын тексеру кезінде 420 өлшем көрсеткішінің 0,6-дан 231 мкЗв/сағ дейін артқаны анықталды. Созақ ауданында жеке құрылыс аумағында 20 өлшеу 1,0 мкЗв/сағ дейін көрсетті. Осы ауданда «Орталық» ЖП ауданында 5 өлшеу 0,65 мкЗв/сағ құрады. Созақ ауданында «Казатомпром-Sauran» ЖШС СҚА аумағында «Степное РУ» филиалы аумағында 50 өлшеу 3,5 мкЗв/сағ артты.

Өндірістік мониторинг жүргізу кезінде Созақ ауданындағы «Казатомпром» ҰАК кәсіпорындарының жанында орналасқан елді мекендер аумағындағы топырақ бетінен радон ағынының тығыздығына өлшеу жүргізілді: Жуантөбе, Тасты, Шу, Қыземшек, Шолаққорған, Таукент, Ынтымақ, Созақ, Қарақұрт, Тайқоңыр, Бақырлы, Жартытөбе, сондай-ақ Отырар ауданындағы: Жангелді, Шәуілдір, Темір, Көксарай кәсіпорындарына жақын орналасқан елді мекендер аумағындағы топырақ бетінен радон ағынының тығыздығын өлшеу жүргізілді. Тұрғын үй құрылысы аумағындағы радонды өлшеу нәтижелері 5-26 мБк/м², орынжайлардың ауасында-10-32 Бк/м³, жұмыс аймағының ауасында-10-1100 Бк/м³. Жұмыс аймағында өлшеулер кәсіпорындарында бекітілген радонның бақылау деңгейлерімен салыстырылды. Шекті жол берілетін деңгейден арту анықталмады.

«Қазгидромет» РМК мониторингінің деректеріне сәйкес Түркістан облысының елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,01 – 0,31 мкЗв/сағ шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ құрады және шекті жол берілетін деңгейде болды.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсуінің орташа тәуліктік тығыздығы 0,8 – 2,2 Бк/м² шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,4 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналасқан.

11.13.7. ҚАЛДЫҚТАР

Түркістан облысында өндірістік қалдықтар негізінен, Кентау қалалары және Созақ ауданының аумағында орналасқан және өндірістің тау-кен өндіру, уран өндіру, мұнай химиялық және энергетикалық салаларындағы өндірістік қалдықтарынан тұрады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша қатты қалдықтардың (тұрмыстық қалдықтардың) көлемі - 128081 тоннаны құрады.

Облыс орталығы - Түркістан қаласында тұрмыстық қалдықтарды шығарумен және жинаумен «Түркістан Жарық-Газалық» ЖШС, облыстың басқа аудандары мен қалаларында бұл қызмет түрімен 22 ұйым айналысады.

Аталған кәсіпорындар аудандар мен қалалардың аумағында орналасқан жеке және заңды тұлға-абоненттермен жұмыс істейді. Қалдықтарды жинау және кәдеге жарату бекітілген кестелерге сәйкес тұрақты негізде жүргізіледі.

2019 жылы облыс тұрғындарының 91,2%-ы қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметтерімен қамтамасыз етілді, 2020 жылға қарай бұл көрсеткішті 95% - ға дейін арттыру жоспарлануда.

Шарт негізінде тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау, бөлек жинау жұмыстарымен айналысатын кәсіпорындар: Шардара ауданында «Шаяхмет Сәрсен» ЖК және «Автомелиос» ЖШС, Қазығұрт ауданында Big Dale» ЖШС, Төле би ауданында «Сахова» ЖК және «KazPromVtor» ЖШС, Мақтаарал ауданында «Ынтымақ - 2016» ЖШС, Арыс қаласында - «Дарбишев» ЖК, «Сервис-Сервис-Арыс» ЖШС, «FERRUM-LTD» ЖШС, «DELTA-MET» ЖШС. Аталған кәсіпорындармен қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және бөлек жинау бойынша жұмыстарға шарттар жасалды.

Облыста қалдықтарды қайта өңдеу саласында Ордабасы ауданының Бадам өнеркәсіптік аймағында пластмассалар мен ПЭТ-қалдықтарды қайта өңдеу бойынша «GREEN Technology Industries» ЖШС зауытының құрылысы жүргізілді. Зауыт полиэтилен пакеттерінен ұнтақтар мен штапельді талшықтар өндірумен айналысады.

ПЭТ-қалдықтар өндірісінің бірінші кезеңі: қуаттылығы 15 мың тонна ПЭТ-қабыршақтарды ұсақтау және өндіру 2018 жылғы шілдеде іске қосылды, нәтижесінде ПЭТ-флекс өндірісінің көлемі 711 тоннаға жетті. 2019 жылы өндіріс көлемі 1515 тоннаны құрады. Екінші кезең - химиялық талшық өндірісі - 2019 жылдың екінші тоқсанына жоспарланған.

Зауыттың екінші кезеңі іске қосылған жағдайда синтетикалық талшық пен холлофайбер өндірісі үшін полиэтиленнің химиялық қалдықтары қайта өңделетін болады. Өндіріс үшін қажетті шикізат (полиэтилен қалдықтары) облыс аумағынан және басқа аймақтардан тасымалданатын болады.

Сонымен қатар, Түркістанда «Ақметов» ЖК тұрғындардан және полигоннан тыс жерлерде полиэтилен мен картонның түрлі қалдықтарын жинап, қайта өңдеу арқылы пластикалық құбырларға арналған шикізат өндіреді. Кентау қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының аумағында «Бөлегенов» ЖК макулатураны (пластик, полиэтилен қалдықтары және қағаз бұйымдары) сұрыптайды, оларды қалалық зауыт аумағында пластикалық құбырлар жасау үшін жартылай шикізатты пластик түйіршіктерге өңдейді («Статус Эверест» ЖШС).

11.13.8. ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Облыста ішкі көздерден электр энергиясын өндіруді ұлғайту үшін жаңартылатын энергия көздерін дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарына» (2017 жылғы 24 ақпандағы №68 бұйрық) сәйкес облыста жалпы қуаттылығы 107,25 МВт болатын ЖЭК-тің 11 жобасын іске асыру жоспарлануда.

2014-2019 жылдар ішінде жалпы қуаттылығы 29 МВт болатын 6 жоба іске асырылды (11.13.10-кесте).

2014-2019 жылдары жүзеге асырылған жобалар

№	Жобаның атауы	Қуаттылығы
<i>Шағын гидроэлектростанциялар</i>		
1	Сарыағаш ауданында «Рысжан» (2014 ж.) («Келесгидроқұрылыс» ЖШС)	2 МВт
2	Сайрам ауданында «Манкент» (2017 ж.) («Ақсу-Энерго» ЖШС);	2,5 МВт
3	Қазығұрт ауданында «Достық» (2017 ж.) («Salem Consulting» ЖШС);	1 МВт
4	Төле би ауданында «Кеңес» (2019 ж.)	2,5 МВт
<i>Күн электр станциялары</i>		
5	Сайрам ауданында «Ақбай» (2015 ж.) («Ақсу-Энерго» ЖШС).	1 МВт
6	Сарыағаш ауданында «Жылға» (2019 ж.) КЭС республикада темір жол көлігі саласында толық пайдаланылатын алғашқы жоба болып табылады.	20 МВт

Көзі: Түркістан облысының әкімдігі.

Сондай-ақ, 2019 жылы 23 қыркүйекте ҚР Энергетика министрлігі өткізген аукциондық сауда қорытындысы бойынша облыста жалпы қуаттылығы 117,0 МВт болатын 5 күн электр станциясын салу жоспарлануда:

1. Кентау қаласындағы қуаттылығы 50 МВт болатын күн электр станциясы («KZT Solar» ЖШС);
2. Кентау қаласындағы қуаттылығы 10 МВт болатын күн электр станциясы («KZT Solar» ЖШС);
3. Кентау қаласындағы қуаттылығы 50 МВт болатын күн электр станциясы («NEVEL KAZAKHSTAN» ЖШС).
4. Арыс қаласындағы қуаттылығы 5 МВт болатын күн электр станциясы («URBASOLAR SAS» ЖШС).
5. Отырар ауданындағы қуаттылығы 2 МВт болатын күн электр станциясы («DALASOLAR» ЖШС).

2019 жылы инвесторлармен жобалық құжаттамалар дайындалуда.

2019 жылғы қарашада ҚР Энергетика министрлігі Отырар ауданы Шәуілдір ауылында қуаттылығы 50 мВт болатын күн электр станциясының құрылысы бойынша аукцион өткізді, 12,49 теңге баға бойынша сауда жеңімпазы болып «ArmWind» ЖШС (Италия) танылды.

Сонымен қатар шетелдік инвесторлар (ҚХР) Бәйдібек ауданында және Түркістан қаласының маңында жалпы қуаттылығы 100 МВт болатын жел-электр станциясын салу мүмкіндігін қарастыруда.

11.13.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аймақтың экологиялық проблемаларын шешу үшін Түркістан облысының 2019-2023 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері айқындалды және Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 маусымдағы № 38/409-VI кезекті сессиясында бекітілді, нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5118 болып тіркелді.

Түркістан облысының 2019-2023 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінде келесі бөлімдер бойынша нысаналы көрсеткіштер айқындалған: «Атмосфералық ауа», «Почва», «Жер асты суларының сапасы», «Елді мекендерді көгалданды-

ру», «Коммуналдық қалдықтар», «Радиациялық жағдай», «Қоныстану аумақтарындағы физикалық факторлар – Түркістан және Кентау қалаларындағы шу және электромагниттік сәулелену».

Осы нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында облыс әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы №1-840-н/к өкімімен «Түркістан облысының 2019-2023 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы» Іс-шаралар жоспары бекітілді. Іс-шаралар жоспарында көрсетілген Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері жоспарда белгіленген мерзімде, яғни, 2019-2023 жылдар ішінде іске асырылатын және қол жеткізілетін болады.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің кестесі және біршама толық ақпарат (<http://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoy-informacii/jekologijalyzha-daj/>) және (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V15P0004882>) сайттарында орналасқан.

11.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

	2019 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	283,2	Халық саны, 2020 жылдың басына, адам		1 378 527
	2016 - 2019 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019
	ҚОҚ жұмсалған шығындары, млрд теңге	21,4	24,7	26,5	30,1

Көзі: ҚР Статистика комитеті.

Шығыс Қазақстан облысы 1932 жылы құрылған. Шығыс Қазақстан облысы Қазақстанның шығыс жағында, Қытай мен Ресей шекараларында орналасқан.

Шығыс Қазақстан облысының Еуразияның орталық жағында орналасуы және оның территориясында Алтай тауларының орналасуы – оның басты климаттық сипаттамаларын анықтады. Жалпы – бұл үлкен маусымдық және тәуліктік температура айырмашылығы бар шұғыл континенталды климат.

ШҚО аумағы су ресурстарына бай, мұнда жалпы ұзындығы 10 мың км асатын 800-ден астам өзен ағады. Басты су артериясы-көп сулы салалары бар Ертіс өзені. Көлемі 1 га асатын мыңдаған көл бар. Олар аумақта біркелкі орналаспаған, көлдердің басты саны облыстың солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігінде шоғырланған. Зайсан, Марқакөл, Бұқтырма, Үлмес, Қаракөл, Тұранкөл, Дұбығалы, Керімкөл және Шығыс Қазақстан мен Алматы облыстарының шекарасында орналасқан Алакөл мен Сасықкөл көлдері Шығыс Қазақстанның ең ірі көлдері болып саналады.

Табиғи-климаттық жағынан Шығыс Қазақстан бірегей аймақ болып табылады. Онда дала, шөл және таулы-тайга ландшафттары іргелес орналасқан. Облыс аумағының солтүстік және шығыс бөліктерін батыс, орталық және Оңтүстік Алтайдың тау бөктері мен жоталары алып жатыр, олардың жер қойнауында түсті, бағалы және сирек кездесетін металдардың бай қоры бар. Алтай тауларының оңтүстігінде Сауыр-Тарбағатай жотасымен оңтүстік жағынан шектелген қуаң Зайсан қазаншұңқыры созылып жатыр. Облыстың барлық оңтүстік-батыс және батыс бөлігінде Қазақтың ұсақ шоқысы бар. Орталық бөлігінде Қалба тауларының төбелі жазықтары басым. Облыс аумағының 7,1%-ын орманды алқап алып жатыр. Негізінен орман алқаптары Алтай тауларының жоталарында орналасқан. Мұнда жасыл қылқанды орман басым.

Шығыс Қазақстан Республикасының ең индустриалды аймақтарының бірі болып табылады. Пайдалы кен орындарының болуы облыс экономикасының өсуіне жағдай жасайды. Негізгі сала - түсті металлургия болып табылады, бұл облыстың өнеркәсіптік әлеуетінің шамамен 60%-ын құрайды. Облыста минералды-шикізат ресурстарының едәуір қорлары бар және оның негізгі байлығы - мырыш, қорғасын, мыс, сирек кездесетін және асыл металдар бар полиметалл кендері. Облыс экономикасының негізгі бағыттарына келесілер жатады: машина жасау және металл өңдеу, жылу энергетикалық, ағаш өңдеу, орман, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдары. Аймақта алтынның, сирек және жерде сирек кездесетін металдардың, цемент өндіруге арналған шикізаттың, шыны шлактардың, сланец пен цеолит шоғырларының едәуір қоры бар. Түсті металлургия Кенді Алтайдың полиметалл кен орындары негізінде дамыған.

Облыс экономикасының негізгі бағыттарына машина жасау және металл өңдеу, жылу энергетикасы, ағаш өңдеу, орман, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру жатады.

Ауыл шаруашылығында суарылмайтын астық шаруашылығы басым. Күнбағыс дақылдары, картоп, көкөніс шаруашылығы, жеміс шаруашылығы, сүт-ет және ет-жүнді мал шаруашылығы (ірі қара мал, қой, ешкі, шошқа, жылқы), ара шаруашылығы, балық аулау, аң терісі.

Ертіс өзенінде Өскемен, Үлбі және Бұқтырма ГЭС-і орналасқан.

11.14.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауасының ластануы тау-кен өндіру өнеркәсібі, жылу энергетикасы, түсті металлургия онымен байланысты энергетика машина жасау зауытының, құрылыс индустриясы және басқа да негізгі салалары болып табылатын кәсіпорындарының шығарындыларымен шартталған. Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2019 жылы стационарлық көздер саны 19 670 бірлікті құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 1120-ге аз (22 353 бірлік). Олардың ішінде негізгі ластауыштар болып табылатындар: «Казцинк» ЖШС, «УК «ТМК» АҚ, «УМЗ» АҚ, «Востокцветмет» ЖШС, «СекисовскоеТКӨ»БЖЗҚ, «АлтайКенБайыту» ЖШС, «Сайкан» ЖШС, энергетикада – «УКТЭЦ» ЖШС, «Согринская ЖЭО» ЖШС, «Риддер ЖЭО» АҚ, «Жылукоммуналэнерго» МКК, көлік құрастыруда - «Востокмашзавод» АҚ, құрылыс индустриясында - «Бұқтырма цемент компаниясы» ЖШС, «Семей цемент зауыты» ЖШС, коммуналдық кәсіпорындары «Өскемен Водоканал» ШЖҚ МКК және «Семей Водоканал» ШЖҚ МКК.

2019 жылы тұрақты көздерден атмосфералық ауаға шығарындылардың жалпы көлемі Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2018 жылмен салыстырғанда (130,7 мың тонна) азайды және 128,7 мың тоннаны құрады.

Шығыс Қазақстан облысындағы негізгі ластауыш заттар көміртегі тотығы, күкіртті ангидрид, азот тотығы және қатты заттар болып табылады.

Негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі 11.14.1-кестеде келтірілген.

11.14.1-кесте

Негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі

Ластауыш заттардың атауы	Шығарындылардың көлемі, (мың тонна)	
	2018 жыл	2019 жыл
Күкіртті ангидрид	41,6	41,8
Азот тотықтары	17,1	18,0
Қатты заттар	30,2	29,7
Көміртегі тотығы	33,6	32,5


Көзі: ҚР Статистика комитеті.

11.14.1 – сурет

2015-2019 жылдардағы Шығыс Қазақстан облысындағы автокөлік құралдары санының динамикасы (мың дана)

Шығарындылардың стационарлық көздерінен басқа, автокөлік құралдарының эмиссиялары атмосфералық ауаның ластануына айтарлықтай үлес қосады.

Жеңіл автомобильдердің ең көп саны 2015 жылы тіркелген, 2016 жылдан 2019 жылға дейін олардың саны төмендеуде. 2015-2018 жылдар аралығында жүк автомобильдерінің саны іс жүзінде өзгерген жоқ, бірақ 2019 жылы олардың санының айтарлықтай төмендеуі байқалады. Тіркемелер саны 2018 жылға қарай біртіндеп төмендейді, ал 2019 жылы артады. 2015-2019 жылдары автобустар мен мотоциклдер саны өзгерген жоқ (11.14.1-сурет).



Көзі: ҚР Ішкі істер министрлігі.

Атмосфералық ауаны автокөліктің теріс әсерінен қорғау үшін, сондай-ақ шығарындыларды азайту мақсатында жыл сайын Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған атмосфералық ауаның жай-күйін жақсарту бойынша іс-шаралар өткізеді. Көлік құралдары жүргізушілерінің экологиялық заңнама талаптарын сақтауын бақылау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

ІД теңгерімінде полицияның барлық аумақтық бөлімшелері бойынша бөлінген 32 көп компонентті «Автотест-01.04 П» газ талдағышы бар, облыстың қала сыртындағы жолдарында «Рубеж» бөгегіш жүйесінің стационарлық бақылау бекеттері орнатылған. 2019 жылы полиция қызметкерлері жол қозғалысын күнделікті қадағалау барысында және рейдтік іс-шараларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 334-бабы бойынша 1124 әкімшілік құқық бұзушылықты (шығарындыларда ластанушы заттардың болуы нормативтерден асып кететін автокөлік құралдарын пайдалану) анықтады.

Атмосфералық ауаның сапасы

Шығыс Қазақстан облысы бойынша атмосфералық ауаның жай-күйін бақылауды «Қазгидромет» РМК 17 бақылау бекетінде жүргізеді, олардың саны 2018 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Өскемен (АЛИ-7) және Семей (АЛИ-5) қалаларында атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ және тиісінше «жоғары» және «көтеріңкі» деңгейге жатады. Алтай қ. (АЛИ-1), Риддер қ. (АЛИ-4) және Глубокое к. (АЛИ-4) атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда «жоғары» деңгейден «төмен» деңгейге ауысты (11.14.2-кесте).

11.14.2-кесте

2018-2019 жылдардағы Шығыс Қазақстан облысы елді мекендерінің ластану деңгейі

Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны	2018 жылғы ластану деңгейі (АЛИ)	2019 жылғы ластану деңгейі (АЛИ)
Өскемен қ.	7	жоғары (АЛИ-9)	жоғары (АЛИ-7)
Риддер қ.	3	көтеріңкі (АЛИ -5)	төмен (АЛИ-4)
Семей қ.	4	көтеріңкі (АЛИ-5)	көтеріңкі (АЛИ-5)
Алтай қ.	1	-	төмен (АЛИ-1)
Глубокое к.	2	көтеріңкі (АЛИ -5)	төмен (АЛИ-4)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауасының ластануы бойынша біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2019>) сайтында орналастырылған.

2019 жылдың басынан бастап Өскемен қаласында «Қазгидромет» РМК жоғары ластанудың 2 (ЖЛ) жағдайы тіркелді.

«Қазгидромет» РМК күкіртсутегімен жоғары ластануды тіркеу кезеңінде Өскемен қаласында ШҚО бойынша экология департаментінің сынақ зертханасы шұғыл атмосфералық ауаның ластануын бақылау бекеті (ЛББ) орналасқан жерге барып, автоматты станцияларға тікелей жақын жерде атмосфералық ауаны өлшеді. Экология департаменті атмосфералық ауадағы күкіртсутекті «ГАНК-4» меншікті газ анализаторымен қосымша өлшеулер жүргізді.

Күкіртсутегінің жоғары концентрациясы негізінен қоныстану аймағында, көп қабатты тұрғын үйге тікелей жақын жерде және балалар әлеуметтік медициналық мекемесінің аумағында шығарындылар көздерінен едәуір қашықтықта тіркеледі. Қалған 6 станцияда, оның ішінде ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтарында күкірт сутегі мүлдем тіркелмейді.

ЖЛ деректері бойынша зертханалық-талдамалық бақылау бөлімінің (ЗТББ) мамандары ірі кәсіпорындардың СҚА шекарасында атмосфералық ауаның мониторингін жүзеге асырады: 2017 жылы - 29 тексеру, 2018 жылы - 68 тексеру, 2019 жылы - 30 тексеру.

«Қазгидромет» РМК филиалының деректерін талдау қаланың атмосфералық ауасындағы қоспалардың негізгі жинақталуы қолайсыз метеожағдайлар кезеңінде және жылдың суық мезгілінде болатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ластанудың нақты көзін анықтау және шараларды қолдану үшін желдердің раушанын ескере отырып, АЛИ және ЛББ салынған карта құру жолымен атмосфералық ауаның ластану көздерін (ШЖК_{о.т.}, ШЖК_{м.р.}, ЖЛ және ЭЖЛ көрсеткіштері бойынша) анықтау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Аймақтың газдандырылуы

Бекітілген Жол картасына сәйкес ШҚО оңтүстік аймақтарын газдандыру мәселесі бойынша жұмыс тобы құрылды.

2020 жылдың басында Зайсан қаласында орталықтандырылған газбен жабдықтау жүйесіне 5035 үйден 3678 тұрғын үй, 88 коммерциялық ұйым, 22 бюджеттік мекемелер қосылған.

2018 жылы Зайсан ауданының 9 елді мекенінің Қарабұлақ, Кеңсай, Қайнар, Айнабұлақ, Жамбыл, Көгедай, Шалқар, Қаратал, Үлкен-Қаратал ішкі газ құбырларының құрылысы аяқталды. Тұрғын үйлерді орталықтандырылған газбен жабдықтау жүйесіне қосу жұмыстары жүргізілуде.

Зайсан ауданының газбен жабдықтау объектілерін жөндеуге және пайдалануға арналған жыл сайынғы шығындар 227 млн теңгені құрайды. 2019 жылға 40 млн теңге бөлінген.

2019 жылдың соңына Зайсан ауданының 8 ауылдық елді мекеніне (АЕМ) (Дайыр а., Көкжыра а., Қуаныш а., Біржан а., Сарытерек а., Жарсу а., Бақасу а., Саржыра а.) 28 млн теңге сомасына магистралдық жеткізу желілерінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленді және 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №06-0166/18 мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды.

Сондай-ақ, Зайсан ауданының 8 АЕМ (Дайыр ауылы, Көкжыра ауылы, Қуаныш ауылы, Біржан ауылы, Сарытерек ауылы, Жарсу ауылы, Бақасу ауылы, Саржыра ауылы) кентішілік газ құбырларын салуға 61,6 млн теңге сомасына және 2019 жылғы 10 қаңтарда жобалық-сметалық құжаттама әзірленді, мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынды (кентішілік газбен жабдықтау желілерінің ҚМЖ құны - 1,4 млрд теңге).

Облыстың оңтүстік аймақтарын Сарыбұлақ кен орнынан газбен жабдықтау үшін АГТС және 60 ауылдық елді мекенге апаратын магистралдық желілер салу көзделіп отыр.

Жоба инфрақұрылымды (АГТС, АЕМ-ге дейінгі магистралдық газ құбырлары және кентішілік тарату желілері) 4 бағыт бойынша дамытуды көздейді:

- 1) Зайсан ауданында 8 АЕМ қамтылған (10,0 мың адам);
- 2) Тарбағатай ауданында 24 АЕМ қамтылған (34,8 мың адам);
- 3) Үржар ауданында 14 АЕМ қамтылған (29,8 мың адам);
- 4) Күршім ауданында 14 АЕМ қамтылған (20,714 мың адам).

Осы АЕМ халқының жалпы саны 95,314 мың адамды құрайды, газдандыру үшін жоспарланған үй құрылыстарының саны - 23,9 мың.

4 бағыт бойынша газ тұтынудың болжамды жылдық көлемі 47,7 млн м³ құрайды.

Жоғарыда аталған аудандардың елді мекендеріне жеткізуші және орамшілік газ құбырларын салу құны жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу қорытындылары бойынша айқындалатын болады.

11.14.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының су ресурстарымен неғұрлым қамтамасыз етілген және бай аймағына жатады, бұл оның табиғи-климаттық жағдайларымен айқындалған. Облыстың су қорына өзендер, көлдер, батпақтар, тоғандар мен су қоймалары, жер асты сулары мен мұздықтар кіреді.

ШҚО басты су артериясы Ертіс өзені болып табылады, оның суы мол - Үлбі, Оба,

Қарақаба, Қалжыр, Күршім, Нарым, Бұқтырма және т.б. тау өзендері. Ертіс өзені мен оның салаларының су ресурстары өнеркәсіптің, тұрғын үй-коммуналдық сектордың, балық және ауыл шаруашылығының қажеттіліктеріне пайдаланылады: тұрақты суару, лимандар мен шабындықтар шығанағы, ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, жайылымдарды суландыру. Өзеннің су ресурстары электр энергиясын өндіру және тасымалдау үшін де қолданылады. Ертіс өзенін қолдау және өзен жайылмасының флорасы мен фаунасының экологиялық мекендеу ортасының биологиялық өнімділігін сақтау мақсатында жыл сайын Шұлбі су сақтағышы арқылы табиғат қорғау мақсатында су жіберу жүргізіледі.

Облыс аумағында ірі көлдер бар: Зайсан, Марқакөл, Алакөл, Сасықкөл, сондай-ақ көптеген ұсақ көлдер мен су сақтағыштары, олардың ішіндегі ең ірісі Бұқтырма (Бұқтырма) су сақтағышы болып табылады.

Ағынды суларды ағызу

Облыс бойынша ағынды суларды ағызудың жалпы көлемі 2019 жылы 158 985,3 мың м³ құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 9,6%-ға көп (2018 жылы 145 002,99 мың м³ құрады) (11.14.3-кесте).

2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды ағызудың нақты көлемі ұлғайды.

11.14.3-кесте

Ағынды сулармен су ресурстарының ластануы және ластауыш заттар ағызулары

Ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат		2018 жыл	2019 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Су бұру көлемі, мың м ³	104606,45	111086,24
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	13,56	17,3
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Су бұру көлемі, мың м ³	33075,6	47899,014
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	8,87	8,45
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Су бұру көлемі, мың м ³	21,79	0
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	0,016	0
Барлығы (жоғарыда келтірілген барлық ағызулар)	Су бұру көлемі, мың м ³	145002,99	158985,3
	Ластауыш заттардың көлемі, мың тонна	22,4	25,7

Көзі: Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті.

Су ресурстарының сапасы

«Қазгидромет» РМК Шығыс Қазақстан облысының аумағында 13 су объектісінде беткі сулардың ластануына бақылау жүргізілді (Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел, Аягөз өзендері, Марқакөл көлі, Бұқтырма және Өскемен су сақтағыштары).

Шығыс Қазақстан облысының зерттелген су объектілеріндегі судың сапасы 2019 жылы Бірыңғай классификация бойынша бағаланады (11.14.4-кесте).

11.14.4-кесте

2019 жылғы Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілері суының сапасы

Класс	Су объектісі
1 класс	Қара Ертіс өзені, Өскемен су сақтағышы
2 класс	Үлбі өзені, Бұқтырма су сақтағышы

3 класс	Брекса, Глубочанка, Красноярка, Емел өзендері
4 класс	Ертіс, Бұқтырма, Тихая, Аягөз өзендері
5 класс	Оба өзені
нормаланбайды (>5 класс)	Марқакөл көлі

Көзі: Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті.

«Қазгидромет» РМК бақылаулары бойынша 2019 жылы Шығыс Қазақстан облысы аумағында ЭЖЛ жағдайларының болмауымен ЖЛ-ның 34 жағдайы тіркелді (11.14.5-кесте).

11.14.5-кесте

**2018–2019 жылдардағы Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы
ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлар саны**


Су объектісі	Жоғары ластану жағдайы		Экстремалды жоғары ластану жағдайы	
	2018 жыл	2019 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Брекса өз.	12	2	–	–
Тихая өз.	10	10	–	–
Үлбі өз.	19	8	3	–
Глубочанка өз.	14	12	1	–
Красноярка өз.	13	2	1	–

Көзі: Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті.

Шығыс Қазақстан облысындағы ЖЛ және ЭЖЛ өзен жағдайларының негізгі себептері, тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындарының және тарихи ластану жоғары техногендік жүктемесі (тау жыныстарының үйінділері, үйінді сақтағыштары) болып табылады.

11.14.2-сурет

2018–2019 жылдардағы Шығыс Қазақстан облысы өзендеріндегі ЖЛ жағдайлар саны



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2018 жылдан бастап Брекса, Үлбі, Красноярка өзендерінде ЖЛ жағдайларының саны едәуір азайды, Глубочанка өзенінде олардың саны екі бірлікке өзгерді. Тихая өзенде олардың саны 2019 жылы өзгерген жоқ (11.14.2-сурет).

Красноярск, Глубочанка, Үлбі өзендері химиялық көрсеткіштер бойынша ең ластанған

болып қала береді. Бұл өзендердің су ластануының жоғары индексі соңғы бірнеше жыл бойы сақталуда. Негізгі ластанушы заттар-мырыш, марганец, мыс, кадмий, темір. Бұл өзендердегі су сапасының сипаттамасы «жоғары» және «төтенше жоғары» ластану деңгейінің көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

Брекса (Филипповка), Тихая, Үлбі (Тишин кеніші ауданында) өзендерінің ластануы қазіргі уақытта мемлекет меншігіндегі тау жыныстарының тарихи ластануымен қатар техногендік ластанумен – «Казцинк» ЖШС төгінділерімен де байланысты.

Красноярка, Глубочанка өзендері (Риддер қ., Тишинский шахтасы ауданында) қолданыстағы «Востокцветмет» ЖШС тау кен байыту кешенінің ықпалында. Өзеннің ластануының негізгі көзі Ертіс кенішінің шахта сулары, Ертіс кенішінің шлам жинақтағышының дренаждары, мемлекет меншігіндегі «Капитальный» шахтасынан шығып Красноярка өзеніндегі Березовский үйінді сақтағышының дренажына, кейін Красноярка өзеніне келіп құятын Ертіс кенішінің шахта сулары болып табылады. Глубочанка өзені негізінен, Гребенюшенск бұлағы алқабындағы тарихи ластанған үйіндімен ластанады.

ЖЛ тіркелген жағдайлары бойынша «Казцинк» РТБК ЖШС және «Востокцветмет» ЖШС жоспардан тыс, тақырыптық тексерулер жүргізілді.

ЖЛ және ЭЖЛ фактілері бойынша қабылданған шаралар туралы біршама толық ақпарат «Су ресурстары» 3-бөлімінде берілген.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК-ның (<https://kazhydromet.kz/ru/bulleten/okrsreda?year=2018>) сайтында орналастырылған.

2005-2019 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі 178 қаулы шығарылды, оның ішінде Өскемен, Семей, Алтай, Риддер, Шемонаиха қалаларында, Бұқтырма, Өскемен және Шүлбі су сақтағыштары жағалауында, Алакөл көлі және т.б. Белгіленген су қорғау аймақтарының жиынтық ұзындығы - 2932 км, ауданы - 119530 га. белгіленген су қорғау белдеулерінің жиынтық ұзындығы - 3655 км, ауданы - 23351 га.

Ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында және елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту үшін 2019 жылы облыстың 17 елді мекені үшін бұрын басталған жер асты суларын іздестіру-барлау жұмыстары (ІБЖ) аяқталды және Таврия кен орнына пысықтап барлау жүргізілді. Сондай-ақ, 2019 жылы 61 ауылдық елді мекенде және 2 қосымша барлау объектісіне ІБЖ орындау үшін жобалық-сметалық құжаттама жасалды.

Су тасқыны қатерлерінің алдын алу және жою мақсатында «2017-2020 жылдарға арналған су тасқыны қатерлерінің алдын алу және жою жөніндегі шаралар кешені» жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) әзірленді және бекітілді.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Жол картасына 80 іс-шара енді, оның ішінде:

- 2017 жылға-облыстың 10 ауданында 21 іс-шара (толық көлемде орындалды);
- 2018 жылға-облыстың 7 ауданында 22 іс-шара (толық көлемде орындалды);
- 2019 жылға-облыстың 5 ауданында 15 іс-шара (оның ішінде 7 іс-шара облыстың 4 ауданында толық көлемде орындалды, қалған 8 іс-шара 2020 жылға ауыстырылды).

11.14.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Шығыс Қазақстан облысының аумағы 18 әкімшілік-аумақтық бірлікке бөлінген.

Облыста жердің барлық жеті санаты бар. 2019 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ШҚО 28346,8 мың га пайдаланды (облыс аумағы – 28322,6; Қарағанды облысынан жалға алынатын жерлер – 26,5 мың га; Алматы облысынан жалға берілген жерлер – 2,3 мың га), оның ішінде:


- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер - 11070,8 мың га (2018 жылы - 10 927,9 мың га);
- елді мекен жерлері - 2 953,1 мың га (2018 жылы 2 953,4 мың га);
- өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер - 144,8 мың га (2018 жылы 140,4 мың га);
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері - 1 542,1 мың га немесе (2018 жылы 1 542,2 мың га);
- орман қорының жерлері - 2153,9 мың га (2018 жылы 2 152,5 мың га);
- су қорының жері - 571,2 мың га (2018 жылы 571,2 мың га);

- босалқы жерлер - 9910,9 мың га (2017 жылы 10 059,2 мың га).

2019 жылы жер қорының құрылымында ауыл шаруашылығы жерлері санының 38-ден 39%-ға дейін біршама өсуі және босалқы жерлер пайызының - 35,5-тен 35%-ға дейін біршама азаюы байқалады (11.14.3-сурет).

11.14.3-сурет

Санаттар бойынша жерлердің бөлінуі




Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Шығыс Қазақстан облысының жер қорының құрылымында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 11 070,8 мың га құрайды. 2018 жылмен салыстырғанда бұл санаттағы жерлер шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылықты қалыптастыру жер учаскелерін ұсынумен 142,9 мың га ұлғайды (11.14.4-сурет).

11.14.4-сурет

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Елді мекендердің жер көлемі 2953,1 мың га құрады, Елді мекендердің саны – 736, 2018 жылмен салыстырғанда шаруа қожалықтарын жою есебінен 0,3 мың га азайды.

Шығыс Қазақстан облысының жер ресурстарының жай-күйіне ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі, жылу энергетикасы кәсіпорындары басым әсер етеді. 2019 жылы бүлінген ауыл шаруашылығы жерлерінің саны өсті (11.14.6-кесте).

11.14.6-кесте

Шығыс Қазақстан облысындағы бүлінген жерлердің көлемі

Жерлердің санаттары	2018 жылға мың га	2019 жылға мың га
1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	0,3	0,3
2. Елді мекен жерлері	2,8	2,8
3.Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер	6,0	6,1
4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	-	-
5. Орман қорының жерлері	-	-
6. Су қорының жерлері	-	-
7. Босалқы жерлер	3,6	3,6
Жалпы жер қоры	12,7	12,8

Көзі: Шығыс Қазақстан облысының аудандары мен қалаларының әкімдіктері.

Бүлінген жерлер негізінен аймақтағы тау-кен өндірудің ашық кеніштерімен ұсынылған.


Жерлерді алу

2019 жылы Шығыс Қазақстан облысының аумағында 419,5 мың га пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер анықталды, оның ішінде 173,8 мың га мемлекеттік меншікке қайтарылды, 0,309 мың га жерді пайдалануға кірісті.

Соңғы 8 жылдағы қайтару динамикасы 11.14.5-суретте көрсетілген.

11.14.5-сурет

2012-2019 жылдардағы қайтарылған жерлердің динамикасы (мың га)



Көзі: Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі.

Топырақтың ластануы

